Жұма құтпалары мен
насихаттар жинағы

АЛЛАһ ЕЛШІСІНІҢ САХАБАЛАРЫ



«Аллаһқа берген
сертіне адал ерлер»

Шейх Абу Ислам Салих Тоһə

АЛЛАһ ЕЛШІСІНІҢ ﷺ САХАБАЛАРЫ

«Аллаһқа берген сертіне адал ерлер»

●

Шейх Абу Ислам Салих Тоһə

Жұма құтпалары мен насихаттар жинағы

Қазақ тіліне аударған — шейх Хәйсам Сархан басшылығындағы
«Сүннет» колледжі және «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы
2026

Бұл кітап — шейх Абу Ислам Солих ибн Тоһə Абд-ул-Уəхидтің Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының өмірбаяны жайында айтқан жұма құтпаларының жинағы. Бұл уағыздар, оның басқа да барлық уағыздары секілді, сенімді (сахих) хадистерге негізделуімен ерекшеленеді. Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) бұл тақырыпты зерттеудің маңыздылығын көркем түрде түсіндіріп, былай деген: «...Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, жүректері тұрғысынан бұл үмметтің ең тақуалары, ең терең білім иелері және өздерін пайдасыз нəрселермен бəрінен де аз мазалағандар еді. Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына серік болу және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың қадір-қасиетін мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінез-құлқы мен діндерін ұстаныңдар, өйткені олар анық тура жолда болды».

Бүгінгі таңда адамдар мұндай уағыздарға өте мұқтаж. Көптеген адамдардың бұл уағыздарға тікелей қатысуға мүмкіндігі болмағанына қарамастан, Аллаһқа шүкір, адамдар игілікке кенелсін деген ниетпен олар осы кітаптың беттеріне жинақталды.

Кітап мұсылман сеніміне (ақидасына), ислам тарихына және Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сəлемі болсын) өмірбаянына қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымына арналған.

تمت الترجمة باللغة القازاقية بإشراف
د. هيثم سرحان
(غفر الله له)

http://www.alsarhaan.com

Автордың кіріспесі

Барлық мақтау біз Оны мадақтап, Одан көмек әрі кешірім тілейтін Аллаһқа тән. Біз нәпсілеріміздің және жаман амалдарымыздың кесірінен Аллаһтан пана іздейміз. Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Ол адастырған (тура жолдан тайдырған) адамды ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне және Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін.

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ حَقَّ تُقَاتِهِۦ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُم مُّسۡلِمُونَ ١٠٢﴾

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер» («Әли Имран» сүресі, 102-аят).

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ ٱتَّقُواْ رَبَّكُمُ ٱلَّذِى خَلَقَكُم مِّن نَّفۡسٍ وَٰحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنۡهَا زَوۡجَهَا وَبَثَّ مِنۡهُمَا رِجَالٗا كَثِيرٗا وَنِسَآءٗۚ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ ٱلَّذِى تَسَآءَلُونَ بِهِۦ وَٱلۡأَرۡحَامَۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ عَلَيۡكُمۡ رَقِيبٗا ١﴾

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атынан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Күмәнсіз, Аллаһ сендерді бақылаушы» («ән-Нисә» сүресі, 1-аят).

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَقُولُواْ قَوۡلٗا سَدِيدٗا ٧٠ يُصۡلِحۡ لَكُمۡ أَعۡمَـٰلَكُمۡ وَيَغۡفِرۡ لَكُمۡ ذُنُوبَكُمۡۗ وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ فَقَدۡ فَازَ فَوۡزًا عَظِيمًا ٧١﴾

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер. Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды. Сон-

дай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне бойұсынса, әрине ұлы табысқа ие болады» («әл-Әхзәб» сүресі, 70–71 аяттар)**.**

Кейін:

Ақиқатында, сөздердің ең абзалы — Аллаһтың Кітабы, басшылықтың ең жақсысы — Пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ басшылығы. Істердің ең жаманы — (дінге енгізілген) жаңалықтар, әрбір жаңалық — бидғат, әрбір бидғат — адасушылық, ал әрбір адасушылық Отта (Тозақта).

Адамдардың ең абзалы — Пайғамбырымыз Мухаммад ﷺ туралы сөзімізді аяқтағаннан кейін, біз пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі ең жақсы адамдар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары туралы айта бастадық. Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең жақсы жүрек деп тапты, содан кейін Оны Өзі үшін таңдап алып, Өз жолдауымен (елші етіп) жіберді! Кейін Аллаһ Тағала Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, Оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының ішіндегі ең жақсы жүректер деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарының діні үшін күресетін көмекшілері етті. Мұсылмандар (яғни сахабалар — ред. ескертпесі) жақсы деп санаған нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы болып табылады. Ал олар жаман деп санаған нәрсе Аллаһтың алдында да жаман болып табылады*»[1].

Сахабалар Аллаһ Елшісінен ﷺ кейінгі ең ізгі адамдар болып табылады, Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

— Олар шынайы мүминдер. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ ٱللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ ءَايَٰتُهُۥ زَادَتْهُمْ إِيمَٰنًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ ۝٢ ٱلَّذِينَ يُقِيمُونَ ٱلصَّلَوٰةَ وَمِمَّا رَزَقْنَٰهُمْ يُنفِقُونَ ۝٣ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُؤْمِنُونَ حَقًّا ۚ لَّهُمْ دَرَجَٰتٌ عِندَ رَبِّهِمْ وَمَغْفِرَةٌ وَرِزْقٌ كَرِيمٌ ۝٤﴾

«**Сөзсіз мүминдер Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады. Сондай-ақ олар намазды толық орындап, оларға берген несібеміздің тиісті орынға жұмсайды. Міне солар — шынайы мүминдер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар**» («әл-Әнфәл» сүресі, 2–4 аяттар)**.**

— Олар шыншылдар. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми 1/177, «әл-Муғжәм әл-әусәт» ат-Тәбәрани 4/85, «әл-Муғжәм әл-кәбир» 9/112, «Муснад» имам Ахмад 1/379. Хадистің иснады жақсы.

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾﴾

«Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар; Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа, Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хәшр» сүресі, 8-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمْ يَرْتَابُوا۟ وَجَٰهَدُوا۟ بِأَمْوَٰلِهِمْ وَأَنفُسِهِمْ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿١٥﴾﴾

«Шын мәнінде сондай Аллаһқа, Елшісіне иман келтірген мүминдер, сосын күдіктенбей; Аллаһ жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хужурат» сүресі, 15-аят).

— Олар — нағыз ерлер болып. Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

﴿مِّنَ ٱلْمُؤْمِنِينَ رِجَالٌ صَدَقُوا۟ مَا عَٰهَدُوا۟ ٱللَّهَ عَلَيْهِ ۖ فَمِنْهُم مَّن قَضَىٰ نَحْبَهُۥ وَمِنْهُم مَّن يَنتَظِرُ ۖ وَمَا بَدَّلُوا۟ تَبْدِيلًا ﴿٢٣﴾﴾

«Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فِى بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرْفَعَ وَيُذْكَرَ فِيهَا ٱسْمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلْغُدُوِّ وَٱلْءَاصَالِ ﴿٣٦﴾ رِجَالٌ لَّا تُلْهِيهِمْ تِجَٰرَةٌ وَلَا بَيْعٌ عَن ذِكْرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوْمًا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلْقُلُوبُ وَٱلْأَبْصَٰرُ ﴿٣٧﴾﴾

«(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орын Дәудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады» («ән-Нур» сүресі, 36–37-аят).

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِىَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және оларға жақсылықта ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһқа разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Сахабаларды жақсы көру — бұл дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

Бұл сөздерді Иорданиядағы Амман қаласындағы Ибраһим әл-Хәжж мешітінің имамы әрі құтпашысы Солих ибн Тоһә Абд-ул-Уәхид Абу Ислам жазған.

Сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) қадір-қасиеті

Барлық мақтау біз Оны мадақтап, Одан көмек әрі кешірім тілейтін Аллаһқа тән. Біз нәпсілеріміздің және жаман амалдарымыздың кесірінен Аллаһтан пана іздейміз. Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Ол адастырған (тура жолдан тайдырған) адамды ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне және Мухаммад — Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін.

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ حَقَّ تُقَاتِهِۦ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُم مُّسْلِمُونَ ١٠٢﴾

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер» («Әли Имран» сүресі, 102-аят).

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ ٱتَّقُواْ رَبَّكُمُ ٱلَّذِى خَلَقَكُم مِّن نَّفْسٍ وَٰحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنْهَا زَوْجَهَا وَبَثَّ مِنْهُمَا رِجَالًا كَثِيرًا وَنِسَآءً ۚ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ ٱلَّذِى تَسَآءَلُونَ بِهِۦ وَٱلْأَرْحَامَ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ عَلَيْكُمْ رَقِيبًا ١﴾

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атынан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Күмәнсіз, Аллаһ сендерді бақылаушы» («ән-Нисә» сүресі, 1-аят).

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَقُولُواْ قَوْلًا سَدِيدًا ۝٧٠ يُصْلِحْ لَكُمْ أَعْمَـٰلَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْۗ وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ فَقَدْ فَازَ فَوْزًا عَظِيمًا ۝٧١﴾

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер. Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бойұсынса, әрине ұлы табысқа ие болады» («әл-Әхзәб» сүресі, 70–71 аяттар).

Кейін:

Ақиқатында, сөздердің ең абзалы — Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы басшылық — Пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ басшылығы. Ең жаман істер — (дінге еңгізілген) жаңалықтар, ал әрбір жаңалық — бидғат, әрбір бидғат — адасушылық, ал әрбір адасушылық Отта.

Құрметті достарым, Аллаһтың құлдары! Бүгінгі күннің тақырыбы, Аллаһ Тағаланың қалауымен «Аллаһпен жасасқан серттеріне адал ерлер» болады.

Уа, Аллаһтың құлдары, сіздер бұл ерлерді танисыздар ма? Олар — Пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — нағыз ерлер және шыншылдар.

Олар Аллаһ Тағала Өз Кітабында сипаттағандай шынайы ерлер болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَمَّا رَءَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلْأَحْزَابَ قَالُواْ هَـٰذَا مَا وَعَدَنَا ٱللَّهُ وَرَسُولُهُۥ وَصَدَقَ ٱللَّهُ وَرَسُولُهُۥۖ وَمَا زَادَهُمْ إِلَّآ إِيمَـٰنًا وَتَسْلِيمًا ۝٢٢ مِّنَ ٱلْمُؤْمِنِينَ رِجَالٌ صَدَقُواْ مَا عَـٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيْهِۖ فَمِنْهُم مَّن قَضَىٰ نَحْبَهُۥ وَمِنْهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبْدِيلًا ۝٢٣﴾

«Мүминдер жау топтарын көрген сәтте: «Міне бізге Аллаһтың да, Елшісінің де уәде еткен нәрсесі. Аллаһ та, Елшісі де рас айтқан», — десті. Сондай-ақ олардың сенімдерін, бойұсынуларын одан ары арттыра түсті. Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 22–23 — аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فِى بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرْفَعَ وَيُذْكَرَ فِيهَا ٱسْمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلْغُدُوِّ وَٱلْـَٔاصَالِ ۝٣٦ رِجَالٌ لَّا تُلْهِيهِمْ تِجَـٰرَةٌ وَلَا بَيْعٌ عَن ذِكْرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوْمًا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلْقُلُوبُ وَٱلْأَبْصَـٰرُ ۝٣٧﴾

«(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді.

Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады» («ән-Нур» сүресі, 36–37-аят).

Мухаммад Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында сипаттағандай шыншылдар болып табылады. Аса Жоғары Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمْ يَرْتَابُوا۟ وَجَٰهَدُوا۟ بِأَمْوَٰلِهِمْ وَأَنفُسِهِمْ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿١٥﴾﴾

«Шын мәнінде сондай Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірген мүминдер, сосын күдіктенбей Аллаһ жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хужурат» сүресі, 15-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾﴾

«Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар; Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа және Оның Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хәшр» сүресі, 8-аят).

Аллаһтың құлдары! Шыншыл болған ерлер — бұл Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар Аллаһқа, Аллаһтың Елшісіне ﷺ, өз-өздеріне және адамдарға қатысты шыншыл болды.

Мухаммад Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары ислам дінін ұлықтады, ал Аллаһ оларды ислам арқылы ұлы етті. Мухаммадтың ﷺ сахабалары жүректерінде исламды алып жүрді, ол арқылы адамдардың жүректерін және тұтас елдерді бағындырды:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِىَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһқа разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («ат-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Аллаһтың құлдары! Мені Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары туралы айтуға итермелеген нәрсе — келесі:

Біріншіден: Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары — пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі адамдардың ең жақсылары.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿كُنتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِٱلْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ ٱلْمُنكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِٱللَّهِ ۗ وَلَوْ ءَامَنَ أَهْلُ ٱلْكِتَٰبِ لَكَانَ خَيْرًا لَّهُم ۚ مِّنْهُمُ ٱلْمُؤْمِنُونَ وَأَكْثَرُهُمُ ٱلْفَٰسِقُونَ ﴿١١٠﴾﴾

«**Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаһқа иман келтірген хайырлы бір үммет болып, шығарылдыңдар. Ал егер кітап иелері иман келтірсе еді, әлбетте олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар. (Бірақ) Олардың көбі — пасықтар**» («Әли Имран» сүресі, 110-аят). Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Бұл — Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге Меккеден Мәдинаға қоныс аударғандар*», — деген.

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Бұл аят жалпылама болып табылады және өз дәрежелеріне қарай барлық ұрпақтарға қатысты деген пікір дұрыс болаып табылады. Ең жақсы ұрпақ — оларға Аллаһтың Елшісі ﷺ жіберілген адамдар, содан кейін олардан кейін келгендер, кейін олардан кейінгілер*»[1].

Біздің Елшіміз ﷺ былай деген: «***Адамдардың ең жақсылары — менің замандастарым, содан кейін олардың артынан келетіндер, содан кейін олардың артынан келетіндер. Кейін куәліктері анттарынан, ал анттары куәліктерінен бұрын жүретін адамдар пайда болады***» (Әл-Бухари, 2509).

Аллаһтың құлдары! Біз Адам ұрпағының мырзасы — Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ туралы айтып біткеннен кейін, пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі адамдардың ең жақсылары — Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары туралы айтуды бастауымыз қажет. Бұл — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына серік болу үшін, сондай-ақ Оның дініне көмектесу үшін таңдап алған адамдар. Олар оған көмектескен, оны құрметтеген әрі жақсы көрген, оның соңынан ерген және оған жәрдем көрсеткен көркем сахабалар болды. Пайғамбарымыз ﷺ олар үшін балалары мен ата-аналарынан, тіпті өз жандарынан да сүйіктірек еді.

Бірде Умар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ: «*Уа, Аллаһтың Елшісі, өзімнен кейін бұл дүниеде сізді бәрінен де қатты жақсы көремін*», — деген еді, сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Жоқ, жаным Оның қолында болған Аллаһпен ант етемін, мені өзіңнен де артық жақсы көрмейінше иманың толық болмайды***», — деді. Содан кейін Умар (Ал-

[1] «Тәфсир ибн Кәсир», 2/83.

лаһ оған разы болсын): «*Аллаһпен ант етемін, қазір сіз мен үшін өзімнен де сүйіктірексіз*», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «***Міне, енді Умар (иманың толық болды)***», — деді (Әл-Бухари, 6257).

Олай болмағанда ше? Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына: «***Ешқайсыларың мені баласынан, ата-анасынан және жалпы барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше иман келтірген болмайды***», — деген еді[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең жақсы жүрек деп тапты, кейін Оны Өзі үшін таңдап алып, Өз елшілігімен жіберді! Кейін Аллаһ Тағала Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының ішіндегі ең жақсы жүректер деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарының ﷺ діні үшін күресетін көмекшілері етті. Мұсылмандар жақсы деп санаған нәрсе Аллаһтың алдында да жақсы болып табылады. Ал олар жаман деп санаған нәрсе Аллаһтың алдында да жаман болып табылады*»[2].

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендердің араларыңда кімде-кім біреудің соңынан ергісі келсе, қайтыс болғандардың соңынан ерсін, өйткені тірі адам бүліктен (фитнадан) қауыпсіздікте емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, жүректерімен бұл үмметтің ең тақуалары, ең терең білім иелері және өздерін пайдасыз нәрселермен бәрінен де аз мазалағандар еді. Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ серік болу және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың қадір-қасиетін мойындаңдар, іздерінен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінез-құлқы мен дінін ұстаныңдар, өйткені олар анық тура жолда болды*»[3].

Екіншіден: сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) жолы — құтылу жолы.

Бұл — осы дүниенің және Ақыреттің бақыты қамтылған ақиқат жолы. Бұл — Аллаһ Тағала Өз Кітабында бізге соңынан еруді бұйырған мүминдердің жолы. Ал Пайғамбарымыз ﷺ өз Сүннетінде бізге осы жолға ілесіп, оны азу тістермен ұстануды бұйырды.

---

1 Әл-Бухари, 14; Аллаһтың Елшісіне ﷺ деген махаббат иманнан екендігі жайлы тарау.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми, 1/77; «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрәни 4/85; «әл-Муғжәм әл-кәбир», 9/112, «Муснад» имам Ахмад, 1/379. Хадистің иснады жақсы.

3 «Хилият әл-әулия», 1/305–306, сондай-ақ әл-Бәғауи бұл хабарды Ибн Мәсғудтан жеткізген (1/214).

Аллаһтың құлдары! Раббымыздың Кітабындағы, сондай-ақ Пайғамбарымыздың ﷺ Сүннетіндегі дәлелдер бізге сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) жолымен жүруді бұйрады.

Раббымыздың Кітабындағы дәлелдер:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят). Аллаһ Тағала разы болғандардың қатарында болу үшін, Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабаларына көркем түрде ергендердің соңынан еретіндерден болыңыз.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ٱتَّبِعُوا۟ مَن لَّا يَسْـَٔلُكُمْ أَجْرًا وَهُم مُّهْتَدُونَ ﴿٢١﴾﴾

«**Сендерден ақы сұрамайтын кісілерге еріңдер. Олар тура жолда**» («Ясин» сүресі, 21-аят). Сахабалар бұл дінге шақырулары үшін ешкімнен сыйлық (ақы) сұрамады. Олар тура жолмен жүргізілген еді, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

﴿وَٱذْكُرُوا۟ نِعْمَتَ ٱللَّهِ عَلَيْكُمْ إِذْ كُنتُمْ أَعْدَآءً فَأَلَّفَ بَيْنَ قُلُوبِكُمْ فَأَصْبَحْتُم بِنِعْمَتِهِۦٓ إِخْوَٰنًا وَكُنتُمْ عَلَىٰ شَفَا حُفْرَةٍ مِّنَ ٱلنَّارِ فَأَنقَذَكُم مِّنْهَا ۗ كَذَٰلِكَ يُبَيِّنُ ٱللَّهُ لَكُمْ ءَايَٰتِهِۦ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ ﴿١٠٣﴾﴾

«**Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді**» («Әли Имран» сүресі, 103-аят).

﴿قُلْ هَٰذِهِۦ سَبِيلِىٓ أَدْعُوٓا۟ إِلَى ٱللَّهِ ۚ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا۠ وَمَنِ ٱتَّبَعَنِى ۖ وَسُبْحَٰنَ ٱللَّهِ وَمَآ أَنَا۠ مِنَ ٱلْمُشْرِكِينَ ﴿١٠٨﴾﴾

«**Менің жолым осы. Аллаһ жаққа шақырамын. Мен және маған ергендер, ашық дәлел үстінде. Аллаһты пәктеймін. Сондай-ақ серік қосушылардан емеспін», — деп айт**» («Юсуф» сүресі, 108-аят).

Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ жолына ерді және адамдарды исламға шақырды, ал олардың соңынан еру біздің міндетіміз болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَكُونُواْ مَعَ ٱلصَّـٰدِقِينَ ١١٩﴾

«**Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар**» («ат-Тәуба» сүресі, 119-аят).

Сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) шыншылдардың имамдары екендігінде ешбір күмән жоқ. Біздің олармен бірге, яғни олардың жолында болуымыз міндетті болып табылады және бұда еш күмән жоқ. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يَعْتَصِم بِٱللَّهِ فَقَدْ هُدِىَ إِلَىٰ صِرَٰطٍ مُّسْتَقِيمٍ ١٠١﴾

«**Және кім Аллаһтың жолын ұстанса, әрине тура жолға түсірілді**» («Әли Имран» сүресі, 101-аят).

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аяттағы дәлел мынада: Аллаһ Тағала Өзіне берік ұстанғандардың ақиқат үстінде екендігін хабарлады. Біз: «Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Аллаһ түсірген жолды ұстанды, олар тура жолмен жүргізілді және олардың соңынан еру міндетті болып табылады», — деп айтамыз*»[1].

Сондай-ақ Аллаһ Тағала мүминдердің жолынан, яғни сахабалардың жолынан басқа жолмен ергендерден сақтандырып былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعْدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلْهُدَىٰ وَيَتَّبِعْ غَيْرَ سَبِيلِ ٱلْمُؤْمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصْلِهِۦ جَهَنَّمَ ۖ وَسَآءَتْ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа тастаймыз. Ол нендей жаман орын!**» («ан-Ниса» сүресі, 115-аят).

Бұл жердегі дәлел — аят мүминдердің жолына қайшы келуді адасушылық жолына бұрылудың себебі етті және оның соңынан ерген адамның Тозақта болатынына нұсқады, сондай-ақ бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ соңынан еру исламның ең ұлы негіздерінен екендігін және мүмин адамның мүминдердің жолымен жүруге міндетті екендігін көрсетеді.

Мүминдердің жолы — бұл сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) сөздері мен амалдары, бұған Аллаһ Тағаланың: «**Елші және мүминдер оған Раббысынан түсірілгенге иман келтірді**», — деген сөздері нұсқайды. Бұл кезде мүминдер тек сахабалар ғана болған[2].

---

1 Қараңыз: «Иғләм әл-мууәқиғин ғән Рабби әл-ғәләмин», 4/134.

2 Бұл жайлы ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) айтқан.

Бұл Аллаһ Тағаланың шариғатын түсінуде сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) жолымен жүру — міндетті (уәжіп) екендігін, ал оларға қайшы келу адасушылық болып табылатындығын көрсетеді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ٱهۡدِنَا ٱلصِّرَٰطَ ٱلۡمُسۡتَقِيمَ ٦ صِرَٰطَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمۡتَ عَلَيۡهِمۡ غَيۡرِ ٱلۡمَغۡضُوبِ عَلَيۡهِمۡ وَلَا ٱلضَّآلِّينَ ٧﴾

«**Бізді тура жолға сала гөр! Нығметке бөленгендеріңнің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!**» («әл-Фәтиха» сүресі, 6–7 аяттар).

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Тура жол — бұл осы үмметке дейінгі пайғамбарлардың, сондай-ақ олардың ішіндегі шыншылдардың, шәһидтердің және салиқалылардың жолы. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:*

﴿وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَٱلرَّسُولَ فَأُوْلَٰٓئِكَ مَعَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِم مِّنَ ٱلنَّبِيِّـۧنَ وَٱلصِّدِّيقِينَ وَٱلشُّهَدَآءِ وَٱلصَّٰلِحِينَۚ وَحَسُنَ أُوْلَٰٓئِكَ رَفِيقٗا ٦٩﴾

«**Ал кім Аллаһқа, пайғамбарға бойұсынса, солар Аллаһ Тағала нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас!**» («ән-Нисә» сүресі, 69-аят). *Олар — Аллаһ игілікке бөлегендердің қатарынан, әрі олардың жолы Аллаһтың ашуы мен адасуға алып келетін себептерден алыс. Осылайша, бұл — ешқандай қисықтығы мен бұрмалануы жоқ кемел тура жол, ал тура жолмен жүру әрбір мұсылман үшін міндетті болып табылады».*

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَنَّ هَٰذَا صِرَٰطِي مُسۡتَقِيمٗا فَٱتَّبِعُوهُۖ وَلَا تَتَّبِعُواْ ٱلسُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمۡ عَن سَبِيلِهِۦۚ ذَٰلِكُمۡ وَصَّىٰكُم بِهِۦ لَعَلَّكُمۡ تَتَّقُونَ ١٥٣﴾

«**Күдіксіз Менің тура жолым осы. Енді соған еріңдер. Басқа жолдарға түспеңдер, сонда (олар) сендерді Аллаһтың жолынан айырады. Сендерге бұны Аллаһ нұсқады. Сақтанарсыңдар**» («әл-Әнғам» сүресі, 153-аят).

Сүннеттен болған дәлелдер:

Абу Муса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай хабарлаған: «*Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге ақшам (мағриб) намазын оқыдық, кейін біз: «Құптан (иша) намазын оқығанша осы жерде отыра тұрсақ қой», — дедік. Біз осылайша отырдық, кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ шығып: «**Әлі осы жерде отырсыңдар ма?**», — деді. Біз: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз сізбен бірге намаз оқыдық, кейін: «Сізбен бірге құптан намазын оқығанша отыра тұрамыз», — дедік», — деп жауап бердік Ол ﷺ: «**Сендер дұрыс әрі**

***жақсы іс істеңіздер»**, — деді. Ол жиі істейтіндей аспанға назарын аударып: «**Жұлдыздар — аспанның қорғаушылары, ал жұлдыздар жоғалғанда, аспанға уәде етілген нәрсе келеді. Мен — сахабаларымның қорғаушысымын, ал мен кеткенде, сахабаларыма уәде етілген нәрсе келеді. Ал менің сахабаларым — үмметімнің қорғаушылары, олар кеткенде, үмметіме уәде етілген нәрсе келеді**», — деді»* (Муслим, 2531).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ өз сахабаларының ислам үмметіндегі өздерінен кейінгілерге қатысты орнын, өзінің оларға қатысты орны секілді және жұлдыздардың аспанға қатысты орны секілді етіп бекітті.

Имам ән-Нәуәуи былай деген: «*Хадистің мағынасы мынада: жұлдыздар бар болған уақытта аспан да бар болады. Ал жұлдыздар жоғалып, шашыраған кезде аспан да құлап, жиырылады, жарылады және жоқ болады. Пайғамбарымыздың ﷺ: «**Мен — сахабаларымның қорғаушысымын, ал мен кеткенде, сахабаларыма уәде етілген нәрсе келеді**», — деген сөздері, яғни бүліктер (фитналар), соғыстар, арабтардың арасынан діннен шыққандардың діннен қайтуы, жүректердің қайшылығы және оның өздерін анық сақтандырған осы тәрізді нәрселер туралы. Бұлардың барлығы орын алды.*

*Пайғамбарымыздың ﷺ: «**Ал менің сахабаларым — үмметімнің қорғаушылары, ал олар кеткенде, үмметіме уәде етілген нәрсе келеді**», — деген сөздері, яғни дінде бидғаттардың (жаңалықтардың), адасушылықтар мен бүліктердің пайда болуы; шайтанның мүйізінің шығуы, римдіктер мен басқалардың үстінен жеңіске жету, Мәдина мен Меккеге шабуыл жасалуы және осы тәрізді нәрселер туралы. Бұның барлығы — Пайғамбардың ﷺ мұғжизаларынан*»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) артықшылықтарына нұсқайды, сондай-ақ олардың бұл үмметтегі жоғары мәртебесінің түсіндірмесін қамтиды, әрі олардың бұл үмметтегі орны аспандағы жұлдыздардың орны секілді екендігін көрсетеді. Жұлдыздар жер тұрғындары үшін шөлдер мен теңіздердің қараңғылығында жол табатын жол көрсетуші шамшырақ болып табылады. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

﴿وَهُوَ ٱلَّذِى جَعَلَ لَكُمُ ٱلنُّجُومَ لِتَهْتَدُواْ بِهَا فِى ظُلُمَٰتِ ٱلْبَرِّ وَٱلْبَحْرِ ۗ قَدْ فَصَّلْنَا ٱلْءَايَٰتِ لِقَوْمٍ يَعْلَمُونَ ﴿٩٧﴾﴾

«**Ол — құрылық және теңіздің қараңғылықтарында сол арқылы жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратты. Расында, біз аяттарымызды білетін елге ашық түсіндірдік**» («әл-Әнғәм» сүресі, 97-аят). Дәл сол секілді

[1] «Шарх ән-Нәуәуи ғалә Сахих Муслим» 16/83.

адамдар нәпсі қалаулары мен күмән-күдіктердің қараңғылығынан құтылу үшін сахабалардың жолына ереді. Ал кім олардың түсінігінен теріс бұрылса, ол өзін үсті-үстіне қараңғылық орнаған түнекке итереді.

Ғирбәд ибн Сәрия (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге насихат айтты, әрі одан жүректеріміз қорқыныш сезініп, көздеріміздің жас ағуы бастады. Сонда біз: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл қоштасып жатқан адамның насихатына ұқсайды екен, бізге өсиет қалдырыңызшы!», — дедік. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «**Сендерге өсиет айтайын: «Құдіретті әрі аса Ұлы Аллаһтан қорқыңдар, сондай-ақ, сендерге бір құл басшылық жасаса да, оны тыңдап, оған бойұсыныңдар. Ақиқатында, араларыңнан кім жеткілікті ұзақ өмір сүрсе, көптеген бүліктерді көреді, сондықтан сендерге менің Сүннетімді және тура жолмен жетектелген салиқалы халифалардың сүннетін ұстану керек. Бұдан ешбір нәрседе ауытқымаңдар және дінге еңгізілген жаңалықтардан (бидғаттардан) толықтай сақтаныңдар, өйткені әрбір бидғат — адасушылық!**»*»[1].

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабалардың сүннетін өзінің сүннетіне байланыстырды және өзінің Сүннетіне еруді бұйырғанындай, оларға да еруді бұйырды. Ол бұл мәселеде барынша табанды болғаны соншалық, оған азу тістермен жабысуды бұйырды. Бұл олардың пәтуаларына және Аллаһ Елшісінен ﷺ жетпеген мәселелерде үммет үшін сүннет еткен нәрселеріне қатысты, әйтпесе ол оның өз Сүннеті болар еді*»[2].

Аллаһтың құлдары! Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) — түсіну, амал ету және дағуат мәселесінде адамдардың ішінде өздерінің Елшісіне ﷺ және оның Сүннетіне ең лайықтылары болды. Сондықтан олардан кейін келгендер үшін Аллаһтың Елшісімен ﷺ және Аллаһтың дінімен байланыста болу үшін олардың жолын ұстану міндетті болып табылады. Керісінше жағдайда, адам жердің бетінде тұрған және ешқандай тамыры жоқ жаман ағашқа ұқсайтын болады.

Пайғамбарымыз ﷺ бөліну туралы хадисте: «***Расында, бұл үммет жетпіс үш топқа бөлінеді, әрі бір топтан басқа барлығы Тозақта***

---

1 Сунан Абу Дауд, 4607; Ибн Мәжаһ, 42; Сунан әд-Дәрими, 1/57; «Мустәдрак» әл-Хәким, 1/176–177; «Муснад» имам Ахмад, 4/126. Шейх әл-Әлбәни (Аллаһ оны рахымына бөлесін) хадисті сенімді деп атаған. Қараңыз, Абу Даудқа және Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелер. Бұл «әл-Ируәғ», 2455 және «әл-Мишкәтта», 165 бар.

2 «Иғләм әл-муәқығин» 4/140.

болады, бұл — мен және менің сахабаларым болған нәрсені ұстанғандар», — деген[1].

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін етсін) былай деген: «*Хадис бұл үмметте Пайғамбарымыздан ﷺ кейін бөліну орын алатынын және оның ішінде жетпіс үш топ болатынын түсіндіреді. Сондай-ақ осы топтарға ұқсаған ағымдардың Тозақта болатынын, әрі олардың барлығы өздерін исламға телігендеріне қарамастан, тек бір ғана топтың құтылатынын көрсетеді. Бұл — Аллаһтың Елшісі ﷺ және оның сахабалары болған нәрсені ұстанғандар. Бұл сізге ақиқат пен адасушылықтың арасындағы төреші — сахабалар болған нәрсеге еру екендігін көрсетеді, өйткені әрбір адасқан топ өзін Сүннетке телиді және одан бас тартуға батылы бармайды. Пайғамбарлық заманында сахабалар болған нәрсеге, сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды қалдырған нәрсеге еру — бұл жетістікке жетудің және тура жолмен жүрудің себебі болып табылады. Бұған қайшы келу — сахабалардың жолына қайшы келгендіктері себепті өздеріне қауіп төнген, құрдымға кеткен топтардың жолдарының бірі. Бұл ағымдарды құрдымға және қауіп астына алып келетін сипат — олардың сахабалардың жолына қайшы келулерінде. Өйткені хадисте айтылғандай, тек бір ғана сипатпен сипатталғандар ғана құтылады, ал ол — пайғамбарлық жолға немесе сахабалар болған мүминдерге еру. Және бұл сахабалардың жолымен жүрудің әрі олар Аллаһтың Кітабы мен Оның Пайғамбарының ﷺ Сүннетінен қабылдап алған өздері болған нәрсеге ерудің міндетті екендігін көрсетеді. Әрі бұны тәрк ету себепті құрдымға кеткендер құрыды, ал бұған еру себепті бақытқа жеткендер табысқа жетті — бұл дінді ұстанудың барлық мәселесінде олардың сөздеріне, амалдарына және ұстанымдарына еру*».

Үшіншіден: сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) барлық игі амалдарда бізге ең жоғары үлгі көрсеткендігі, және біз міндетті түрде олардың жолын ұстануымыз керек

Олардың Аллаһтың Елшісіне ﷺ деген сүйіспеншілігі

Ухуд шайқасы болған күні әкесі, бауыры және күйеуі өлтірілген ұлы әйел сахаба болған. Оған бұл туралы хабарланғанда, ол: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қалай?*», — деп сұрады. Оған: «Ол сен қалағандай аман-есендікте», — деп жауап берілді. Сонда ол: «*Маған оны көрсетіңдерші*», —деп жауап берді.

[1] Әт-Тирмизи, 2641; әл-Хәким «Мустадрақ», 1/218. Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиде» және «Силсилә әс-сахихада», 1348 хадисті сенімді деп атаған.

Сахаба әйел оны көрген кезде: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Сізден кейін (сіз аман болсаңыз) кез келген қайғы-қасірет түкке тұрғысыз (болмашы нәрсе)*», — деді[1].

Сондай-ақ құрайыштықтар тұтқынға алып, өлім жазасына кесу үшін ұстаған ұлы сахаба болған. Абу Суфиян оған: «Уа, Зәйд! Сенен Аллаһтың атын атап сұрап тұрмын! Қазір сенің орныңда Мухаммад болып, оның басы шабылғанын, ал сен өз отбасыңның қасында отырғаныңды қалар едің бе?», — деп сұрады. Зәйд (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһпен ант етемін! Мен өз отбасымның қасында болып, Мухаммадтың оған ауырсыну тудыратын бір тікен қадалатын жерде болуын қаламаймын!*», — деді. Сонда Абу Суфиян: «Мен адамдардың ішінен ешкімнің біреуді Мухаммадтың сахабалары Мухаммадты сүйгендей сүйгенін көрген емеспін», — деді[2].

Ал бұл сахаба туралы былай деп айтылған:

«*Құрайыштар бір мұсылманды тұтқынға алды,*

Ал ол жендетке қарай қорықпастан барды.

Ол одан: «Пайғамбар сен үшін өлімнен төлем болса,

Амандықта болуды қалар ма едің?», — деп сұрады.

Ол: «Жоқ, тіпті Мухаммадтың мұрнынан қан ақса да,

Мен қандай да бір жамандықтан құтылмас едім», — деп жауап берді».

Ухуд шайқасы күні өз садағынан дұшпандарға қарай оқ атқан Абу Талха деген сахаба болған (Аллаһ оған разы болсын). Пайғамбарымыз ﷺ (мойнын созып дұшпандарға) қараған кезде, Абу Талхә оған: «*Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Әкем мен анам сіз үшін құрбан болсын! (Оларға қарай) қарамаңыз, әйтпесе сізге оқ тиіп қалар. Бұл оқ сізге емес, маған тигені жақсырақ!*», — деді (Әл-Бухари, 3600; Муслим, 1811).

Бұл неткен сүйіспеншілік? Аллаһ Тағала бұл адамдарды Өзінің Пайғамбарына сахаба болулары әрі Оның дініне көмектесулері үшін таңдады.

---

1 «Тарих әт-Тобари» 2/74, «әс-Сияр ән-нәбәуия» Ибн Хишәм 2/99.

2 «Тарих әт-Тобари» 2/79, «әс-Сияр ән-нәбәуия» Ибн Хишәм 3/160.

Олардың Аллаһқа және Оның Елшісіне ﷺ жауап беруі, сондай-ақ олардың батылдығы, жанқиярлығы мен жомарттығы

Пайғамбарымыз ﷺ Бадр шайқасының алдында, дұшпанмен кенеттен әрі бұған ешқандай дайындықсыз жолыққан кезде, өз сахабаларымен ақылдасып: «***Уа, адамдар! Маған ақыл-кеңес беріңдер!***», — деді. Абу Бакр әс-Сыддық тұрып сөз сөйледі және оның сөзі көркем болды. Кейін Умар ибн әл-Хаттаб тұрып сөз сөйледі және оның да сөзі көркем болды. Содан соң Миқдәд ибн Ғәмр тұрып: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Аллаһ сізге қалай нұсқаса, солай істеңіз, ал біз — сізбен біргеміз! Аллаһпен ант етемін! Біз сізге Исраил ұрпақтарының Мусаға: «Сен өзіңнің Раббыңмен барып, екеуің соғысыңдар! Ал біз осы жерде отырамыз», — деп айтқанын айтпаймыз. Керісінше, сіз Раббыңызбен екеуіңіз соғысыңыз, ал біз сендермен бірге соғысамыз. Әрі сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Егер бізді Бәроқ әл-Ғимәдқа (ауд.ескертпесі — Йемендегі жер атауы) қарай бұрсаңыз да, сіз оған жеткенге дейін сізбен бірге шайқасамыз!*», — деді. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «***Игілік!***», — деді де, ол үшін дұға қылды.

Содан кейін Пайғамбар ﷺ ансарларға қарап: «***Уа, адамдар! Маған кеңес беріңдер,*** », — деді. Пайғамбар ﷺ бұл сөздерді айтқан кезде, Сәғд ибн Муғәз оған: «*Аллаһпен ант етемін! Бізден (ансарлардан) сұрап тұрғандайсыз, уа Аллаһтың Елшісі!*», — деді. Ол: «***Иә***», — деп жауап берді. Сонда Сәғд былай деді: «*Біз сізге иман келтірдік, сізге сендік және сіздің әкелген нәрсеңнің ақиқат екендігіне куәлік бердік. Сізге бойұсынуға серт бердік. Уа, Аллаһтың Елшісі! Қалаған нәрсеңізді істеңіз, ал біз — сізбен біргеміз. Әрі сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін, егер сіз мына теңізді кешіп өтуді ұйғарсаңыз, біз сізбен бірге өтеміз және арамыздан ешбір адам бас тартпайды. Біз ертең бізбен бірге дұшпанымызды қарсы алуыңызға қарсы емеспіз. Біз — соғыста төзімдіміз, шайқаста адалмыз. Әрі, бәлкім, Аллаһ бізден сізді қуантатын нәрсені көрсетер. Бізді Аллаһтың берекесімен бастай беріңіз!*». Сәғдтың сөздері Пайғамбарымызды ﷺ қуантты және жігерлендірді. Содан соң ол ﷺ: «***Барып, Аллаһ Тағаланың маған екі топтың бірін уәде еткенін сүйіншілендер. Аллаһпен ант етемін, мен дәл қазір дұшпандардың арасындағы адамдардың өлімін көріп тұрғандаймын!***», — деп дауыстады[1].

Ақиқатында, олар — ерлер! Олар — шыншылдар! Аллаһ оларды Өзінің Пайғамбарына ﷺ сахаба болулары үшін және бұл дінді Өзінің Пай-

[1] «Тәрих әт-Табари» 2/26; «әс-Сияр ән-нәбәуия», Ибн Хишәм 3/162; «Тафсир ибн Кәсир», 2/289–290, «әс-Сияр ән-нәбәуия әс-сахиха», әл-Ғәмри, 358–359 беттер.

ғамбарынан ﷺ кейін жеткізулері (дін жалауын көтеріп жүрулері) үшін таңдап алды. Аллаһпен ант етемін, олар өз Пайғамбарынан ﷺ кейін аманатты орындады, әрі құлдардың жүректері мен қалалар ашылды. Ал содан соң, олардан кейін біз келдік, сөйтіп жүректер мен қалалар құрдымға ұшырады! Ақиқатында, біз Аллаһқа тиесіліміз және Оған қайтамыз.

Олардың Аллаһ Тағаланың жолында (мал-мүлік) жұмсауы

Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын) өз мүлкінің жартысын Аллаһтың Елшісіне ﷺ алып келген еді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «***Отбасыңа не қалдырдың?***», — деп сұрады. Умар: «*Дәл осындай мөлшердегі мүлік қалдырдым, уа, Аллаһтың Елшісі!*», — деп жауап берді.

Ал Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) өз мүлкін түгелдей алып келген еді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «***Отбасыңа не қалдырдың?***», — деп сұрады. Абу Бакр: «*Мен оларға Аллаһты және Оның Елшісін қалдырдым*», — деп жауап берді[1].

Усман ибн Ғәффән (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ қиындық сағатында жорыққа әскер дайындап жатқанда, киіміне мың динар салып келіп, оларды Пайғамбардың ﷺ етегіне төкті. Сонда Пайғамбар ﷺ бұған қарап тұрып: «***Бұл күннен кейін не істесе де, бұл Ибн Ғәффәнға зиян тигізбейді***», — деп, бірнеше рет қайталады[2].

Абу Талхә әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Тағаланың:

﴿لَن تَنَالُواْ ٱلۡبِرَّ حَتَّىٰ تُنفِقُواْ مِمَّا تُحِبُّونَۚ وَمَا تُنفِقُواْ مِن شَيۡءٖ فَإِنَّ ٱللَّهَ بِهِۦ عَلِيمٞ ٩٢﴾

«**Сүйген нәрселеріңді Аллаһтың жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де, Аллаһ оны толық біледі**» («Әли Имран» сүресі, 92-аят) деген сөздерін естігенде, тұрып: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Аса Жоғары Аллаһ Тағала:* «**Сүйген нәрселеріңді Аллаһтың жо-**

---

1 «Сунан әт-Тирмизи», 3675; Абу Дауд, 1679; әл-Бәйхәқи «Сунан әл-Кубра», 4/180; «Муснад әл-Баззар», 1/263; «әс-Сунна» Ибн Абу Ғасым, 2/579; оған шейх әл-Әлбәни (Аллаһ оны рахымына бөлесін) тәхқиқ жасаған. Сондай-ақ шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи уә Аби Даудқа» жазған ескертпеде жақсы деп атаған.

2 Әт-Тирмизи, 3701; «әл-Муғжәм әл-әусәт», 6/236, 9/94; «әл-Муғжәм әл-кәбир», 18/231; «Муснад» әр-Руяни, 2/507; «Муснад» имам Ахмад, 5/63. Шейх әл-Әлбәни (Аллаһ оны рахымына бөлесін) хадисті «Сунан әт-Тирмизиде» жақсы деп атаған, «әл-Мишкәт», № 6064.

лында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар…», — *деді. Менің иелігімдегі нәрселердің ең сүйіктісі — Байруха (бағы), сондықтан ол Аллаһтың жолындағы садақам болсын. Мен ол арқылы игілікке қол жеткізуді әрі оны Аллаһтың қасында өзіме қор (жинақ) етуді үміт етемін. Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны Аллаһ сізге қалай нұсқаса, солай қолданыңыз*», — деді (Әл-Бухари, 1392).

Аллаһ Тағала Кәғб ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) тәубесін қабыл еткенде, ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп, оның алдына отырып: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Расында, мен (Аллаһтың алдында) тәубе етіп, Аллаһ пен Оның Елшісі үшін бүкіл мүлкімді садақа ретінде таратқым келеді*», — деді (Әл-Бухари, 4156).

Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының кім болғанын білдіңіздер ме? Олардың барлық нәрседегі ең жоғары мәртебесі жайлы білдіңіздер ме? Біз қазір зекетті де төлемейміз, ал олар бүкіл мүлкін Аллаһ жолында беріп, жақсы көрген нәрселерінен жұмсайтын еді.

Олардың жаңқиярлығы және Аллаһ жолында шәһид болуға ұмтылуы

Пайғамбарымызға ﷺ келіп, оған иман келтірген және оның соңынан ерген бір бәдәуи адам болған. Шайқас болған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ олжа алып, оларды бөлді және оған да үлес берді. Бәдәуи келіп: «*Бұл не, уа, Аллаһтың Елшісі!?*», — деп сұрады. Ол: «***Бұл менің саған бөлген үлесім***», — деп жауап берді. (Бәдәуи): «*Мен сізге бұл үшін емес, садақ оғы мына жеріме тисін деп ердім*», — деп, өз тамағына көрсетті де: «…*Мен қаза тауып, Жәннатқа кіре алар едім!*», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Егер сен Аллаһқа қатысты шыншыл болсаң, Аллаһ та саған қатысты шыншыл болады***», — деді. Көп ұзамай олар дұшпандармен шайқасқа аттанды, сонда адамдар бұл (бәдәуиді) дәл өзі көрсеткен жеріне оқ тиген күйде Пайғамбарымызға ﷺ алып келді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бұл сол адам ба?***», — деп сұрады. Олар: «*Иә*», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ол Аллаһпен шыншыл болды, әрі Аллаһ онымен шыншыл болды!***», — деді. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ оны өз шапанына орап, алға шықты да, оған жаназа намазын оқыды, әрі оның намазы кезінде Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Мына құлың Сенің***

жолында һижра қылды, кейін шәһид болып қаза тапты, мен бұған куәлік етемін!», — деп айтқаны естілді[1].

Ал бұл — Бадр күні Пайғамбарымыз ﷺ өз сахабаларына: «***Кеңдігі аспандар мен жердей болған Жәннатқа асығыңдар!***», — деген кездегі Ғумәйр ибн әл-Хумәм. Ғумәйр: «*Бәрекелді, бәрекелді (тамаша, тамаша)!*», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Сені: «Бәрекелді, бәрекелді», — деп айтуға не мәжбүр етті!?», — деп сұрады. Ғумәйр: «*Аллаһпен ант етемін, уа, Аллаһтың Елшісі, тек оның тұрғындарының бірі болудан үміт еткенім үшін ғана!*», —деп жауап берді, (бұған Пайғамбарымыз ﷺ): «***Расында, сен оның тұрғындарының арасындасың!***», — деді. Сонда Ғумәйр өзінің қорамсағынан құрмаларды шығарып, оларды жей бастады да, көп ұзамай: «*Ақиқатында, егер мен мына құрмаларымды жеп тауысқанша өмір сүрсем, бұл өте ұзақ өмір болады!*», — деді де, өзінде болған құрмаларды лақтырып жіберді, кейін шайқасқа ұмтылып, қаза тапқанға дейін соғысты (Муслим, 1901).

Аллаһтың құлдары! Ардақты сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) — адамзатты пұттарға табыну бұғауынан құтқара отырып, ислам нұрын жер шарының барлық тарапына алып барған лайықты жандар және тура жолға шақырушылар. Олар бүкіл адамзат үшін ақиқаттың, жақсылық пен әділдіктің берік негіздерін қалады, Аллаһтың Сөзін жер бетінде үстем болатындай етіп таратты, әрі олар арқылы ислам дінінің жалауы бүкіл әлемде желбіреді. Олар бұл жолда бар күш-жігерлерін жұмсады, Аллаһтың Сөзін жеткізу және оны тарату үшін күндіз-түні тынбай еңбек етті. Аллаһ Тағала олар жайлы былай:

﴿فَمَا وَهَنُواْ لِمَآ أَصَابَهُمۡ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ وَمَا ضَعُفُواْ وَمَا ٱسۡتَكَانُواْۗ وَٱللَّهُ يُحِبُّ ٱلصَّٰبِرِينَ ١٤٦﴾

«**Сонда олар бастарына келгенге босамады да, осалдамады. Сондай-ақ именбеді. Аллаһ сабырлыларды жақсы көреді**», — деген («Әли Имран» сүресі, 146-аят).

Олар жұмсақтыққа немесе демалысқа бой алдырмады. Дүние тіршілігі оларды өзінің сәнімен алдаған жоқ. Олар құлдарды құлдарға табынудан құлдардың Раббысына табынуға шығару үшін барлық қымбат әрі арзан нәрселерін құрбан етті[2].

---

1 «Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», 3/688, «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», 4/15; «Мусәннәф Абдурааззақ», 3/546, «Сунан әл-Кубра» ән-Нәсәи, 1/634, ән-Нәсәи «әл-Мужтәбә», 1953. Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ән-Нәсәи» мен «Әхкәм әл-жәнәизге» жазған ескертпелерінде сенімді деп атаған.

2 «Ақыда әһли әс-сунна уә әл-жәмәғә фи әс-сахаба», 1/10.

Төртіншіден: сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттайтын, сондай-ақ оларға тіл тигізіп, оларға тәкфир шығаратын және осы амалдары арқылы Аллаһ Тағалаға жақындамақшы болатын, жиіркеніштi шиғалар, харижилер және басқалары секілді адасқан топтар бар:

«Аллаһ оларды жоқ қылсын! Олар ақиқаттан қаншалықты алыс!», «Олардың ауыздарынан шығатын сөз өте ауыр, әрі олар тек өтірікті ғана айтады».

Аллаһтың құлдары! Бұл тарауымызда біз сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) қорғауды қаладық, әрі бұл әрбір мұсылман үшін міндетті болып табылады. Сондай-ақ сахабаларды балағаттайтын адамның жүрегі ауру, әрі ол адасқан бидғатшы екендігін түсіндіруді қаладық.

Раббымыздың Кітабында, Пайғамбарымыздың ﷺ Сүннетінде, сонымен қатар салиқалы сәләфтарымыздың сөздерінде сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттауға тыйым салынғандығына қатысты дәлелдер келген.

Раббымыздың Кітабынан келесі дәлелдерді келтіруге болады:

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾ وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلْإِيمَٰنَ مِن قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِى صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُوا۟ وَيُؤْثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ ۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِۦ فَأُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ﴿٩﴾ وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلْإِيمَٰنِ وَلَا تَجْعَلْ فِى قُلُوبِنَا غِلًّا لِّلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ ﴿١٠﴾﴾

«**Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар; Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа және Оның Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар. Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де беріледі. Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра, оларды өздерінен артық көреді. Әрі біреу сараңдықтан сақтанса, солар — құтылушылар. Сондай олардан кейін келгендерге де бұл олжадан беріледі. Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай көр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір кірбеңдік қылма. Раббымыз! Расында, Сен — өте Жұмсақ, ерекше Мейірімдісің», — дейді**» («әл-Хәшр» сүресі, 8–10 — аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

Аллаһтың құлдары! Бізге бұл екі аяттан сахабаларды балағаттайтындар олардың соңынан қатаң түрде ергендерден еместігі, керісінше, сахабаларды балағаттайтындардың жүректері ауру әрі олар бидғатшылар екендігі анық болды.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ ٱلَّذِينَ يُؤۡذُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ لَعَنَهُمُ ٱللَّهُ فِي ٱلدُّنۡيَا وَٱلۡأٓخِرَةِ وَأَعَدَّ لَهُمۡ عَذَابٗا مُّهِينٗا ٥٧﴾

«**Расында Аллаһқа және Оның Елшісін ренжіткендерге дүние де, ақыретте де Аллаһ қарғыс ұшыратып, оларға қорлаушы азап дайындады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 57-аят)**.**

Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына тіл тигізетіндер Аллаһ Елшісіне ﷺ де тіл тигізеді. Ал Аллаһтың Елшісіне ﷺ тіл тигізген адам Аллаһқа да тіл тигізген болады. Кімде-кім Аллаһқа тіл тигізсе — ол лағнеттелген, яғни Аллаһтың мейірімінен алыстатылған болып саналады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ يُؤۡذُونَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ وَٱلۡمُؤۡمِنَٰتِ بِغَيۡرِ مَا ٱكۡتَسَبُواْ فَقَدِ ٱحۡتَمَلُواْ بُهۡتَٰنٗا وَإِثۡمٗا مُّبِينٗا ٥٨﴾

«**Сондай мүмин ер, мүмин әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар жала жауып, ашық күнә жүктеп алды**» («әл-Әхзәб» сүресі, 58-аят)**.**

Бұл аятта сахабаларға (Аллаһ оларға разы болсын) тіл тигізуге тыйым салынғандығына дәлел: олардың Мүминдердің алдында (басында) болуы.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿وَلَا تَجَسَّسُواْ وَلَا يَغۡتَب بَّعۡضُكُم بَعۡضًاۚ أَيُحِبُّ أَحَدُكُمۡ أَن يَأۡكُلَ لَحۡمَ أَخِيهِ مَيۡتٗا فَكَرِهۡتُمُوهُۚ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَۚ إِنَّ ٱللَّهَ تَوَّابٞ رَّحِيمٞ ١٢﴾

«**Сыр тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көреді ме? Әрине оны жек көресіңдер. Расында, Аллаһ тәубені тым қабыл етуші, ерекше Мейірімді**» («әл-Хужурат» сүресі, 12-аят)**.**

Егер ғайбат айту кез келген мұсылманға қатысты тыйым салынған болса, онда сахабаларға қатысты бұдан да бетер тыйым салынған.

Біздің Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетінде келген дәлелдер:

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің сахабаларымды ұрыспаңдар (оларға тіл тигізбеңдер). Жаным Оның Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер сендердің біреуің Аллаһтың жолында Ухуд тауындай алтын жұмсаса да, бұл олардың бірінің жұмсаған бір муддына да, оның жартысына да тең келмейді***» (Әл-Бухари, 3470; Муслим, 2540).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларыма тіл тигізген адамға Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағнеті болсын***», — деген[1].

Уа, шиғалар, рафидилер мен харижилер және сахабаларды балағаттайтындар! бұл қатерлі ескерту мен лағнетке, Аллаһтың мейірімінен алыстатылуға қуана беріңдер!

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұсылманды балағаттау — пасықтық, ал онымен соғысу — күпірлік***», — деген (Әл-Бухари, 48; Муслим, 64). Егер бұл қатерлі ескерту кез келген мұсылманды балағаттауға қатысты болса, онда мұсылмандардың ең жақсыларын және Оның тақуа құлдарының ішіндегі ең игілерін, яғни сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттайтын адамның жағдайы қандай болмақ?!

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Егер менің сахабаларым жайлы айтылса, онда үнсіздік сақтаңдар. Егер жұлдыздар жайлы айтылса, үнсіздік сақтаңдар. Егер тағдыр жайлы айтылса, үнсіздік сақтаңдар***»[2]. Бұл сөздер тілдеріңді олардың арасындағы келіспеушіліктерден тыйыңдар деген мағынада айтылған.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларыма, содан кейін олардан кейінгілерге, содан кейін олардан кейінгілерге жақсы қарымқатынас жасаңдар***», — деген[3].

---

1 Осы нұсқада Әт-Тәбәрани «Муғжәм әл-кәбирде» келтірген, 12/142. Сондай-ақ хадис «Мусаннәф ибн Абу Шәйбада», 6/405, әт-Тәбәранидің «әл-Муғжәм әл-әусәтында», 2/236 және «Муснад әл-Жәғдта» (296 бет) келтірілген. Олардың барлығы: «…***кейін, менің сахабаларыма тіл тигізген адамда Аллаһтың лағнеті болады***», — деген сөздермен келген. Қараңыз, «әс-Силсилә әс-сахиха, 2340, «Сахих әл-жәмиғ», 6285.

2 «Әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, 2/96; 10/198. «Әт-Тәхмид» Ибн Абдил-Барр 6/68. Сондай-ақ бұл хадисті Ибн Хиббән «әл-Мәжрухинде» келтірген, 3/115. Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғта» сенімді деп атаған, 3595.

3 Хадисті Абу Яғлә өзінің «Муснадында», 1/133, Ибн Хиббән өзінің «Сахихында» 12/399 келтірген; «Муснад әл-Хәриси би-зәуәид әл-Хәйсәми», 2/635. Шейх әл-Әлбәни «әс-Силсилә әс-сахиха» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 430.

Аллаһтың құлдары! Сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттауға тыйым салынғандығын көрсететін хадистер өте көп. Әрі әрбір мұсылман үшін бұған түсіп қалудан сақтану міндетті болып табылады. Сондай-ақ оған бұның харам екендігіне және бұның үлкен күнәлардың қатарынан екендігіне сенімде болуы міндетті. Бұған өз жандарын шайтанның билігіне берген және оның Аллаһ Тағалаға бойұсынбаушылықтан тұратын барлық әмірлеріне ерген, шектен шыққан рафилерден басқа ешкім түспеген.

Айтылған сөздердің қорытындысы — Сүннет сахабаларды балағаттау күнәлар мен қылмыстардың ең үлкені екендігін және бұнымен сыналған адам өздерін жақсылық жасап жатырмыз деп ойласа да, осы дүниеде жасаған амалдары зая кеткендердің қатарынан екендігін көрсетеді.

Аллаһ құтылған топты, яғни әһлу әс-суннә уә әл-жәмәғаны сахабаларды құрметтеуге, олардың құқықтарын білуге және оларды өздеріне лайықты түрде жақсылықпен еске алуға бағыттады. Олар [әһлу әс-сунна] Құран мен Сүннет олардан кейінгі адамдардың құқықтарынан олар үшін міндетті болатын нәрселерге нұсқайтынына сене отырып, Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалар туралы өсиетін сақтады, әрі Аллаһ олардың тірілерін қорғады және қайтыс болғандарын кешірді[1].

Сәләфтардың сөздерінен болған дәлелдер:

Әһлу әс-суннаның имамы Ахмад ибн Хәнбәл (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Анық әрі белгілі дәлелдерден — Аллаһ Елшісінің ﷺ барлық сахабаларының игі қасиеттерін еске алу, сондай-ақ олардың кемшіліктері мен араларында болған келіспеушіліктерді еске алудан тыйылу. Кімде-кім Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын немесе олардың бірін балағаттаса, оларды кемсітсе немесе қорласа, олардың кемшіліктерін әшкерелесе, олардың біреуін балағаттаса — ол жаман әрі қарсы келуші бидғатшы-рафиди, Аллаһ одан ешқандай құлшылықты қабыл етпейді. Керісінше, оларды жақсы көру — Сүннет, олар үшін дұға ету — Аллаһқа жақындау, олардың соңынан еру — жақындау құралы, ал олардың ізімен жүру — абырой. Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары — адамдардың ең жақсылары, әрі ешкімге олардың кемшіліктерін еске алуға және оларды айыптай отырып немесе кемшіліктерін еске ала отырып, олардың біреуін қаралауға рұқсат етілмейді*»[2].

Имам ат-Тәхәуи өзінің (яғни әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның) сенімі туралы былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз,*

---

1 «Ақида әһли әс-сунна уә әл-жәмәға фи әс-сахабат әл-кирам», 1/844.

2 «Әс-Сунна» имам Ахмад, 78-бет.

әрі олардың ешбірін жақсы көруде кемшілік жібермейміз және олардың ешбірінен бас тартпаймыз. Біз оларды жек көретіндерді және олар туралы бұрыс (жаман) сөз айтатындарды жек көреміз. Біз оларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық»[1].

Уа, Аллаһ! Бізді Жәннатта сахабалармен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге жинай гөр.

1 «Шарх әл-ақида ат-тәхәуия», 467-бет.

1. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның Абу Бакрға (Аллаһ оған разы болсын) қатысты сенімі

Уа бауырлар, Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فِي بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرۡفَعَ وَيُذۡكَرَ فِيهَا ٱسۡمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلۡغُدُوِّ وَٱلۡأٓصَالِ ٣٦ رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. Өздерін сауда-саттық Аллаһтың зікірінен, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар — жүректер мен көздердің теңселетін күнінен қорқады» («ән-Нур» сүресі, 36–37 — аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, Аллаһ Елшісінің ﷺ халифасы, осы ұлы үмметтің ең шыншылы — Абу Бакр ас-Сыддық (туралы болады.

Уа, Аллаһтың құлдары! Сіздер бұл кісі жайлы білесіздер ме?

Ол — Абдуллаһ ибн Усман ибн Амир ибн Амр ибн Кәғб ибн Сәғд ибн Тәйм ибн Муррах ибн Кәғб ибн Луәй ибн Ғолиб әл-Қурайши ат-Тәмими, әрі оның шежіресі Пайғамбарымыздың ﷺ шежіресімен Муррах ибн Кәғбта түйіседі.

Оның әкесі — Абу Кухафа Усман ибн Амир ибн Амр.

Оның анасы — Умм әл-Хайр Сәлма бинт Сәхр ибн Әмир, әкесінің немере ағасының қызы.

Оның куниясы — Абу Бакр.

Ол «піл жылынан» кейін екі жыл және алты ай өткенде туыған.

Ол еркектердің ішінен бірінші болып иман келтірген адам. Оның әкесі, анасы, әйелі және балалары исламды қабылдаған, Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

Аллаһтың құлдары! Бұл тарау, Аллаһ қаласа, Абу Бакр туралы және әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның Абу Бакр ас-Сыддыққа қатысты сенімі туралы ғана болады.

Мұсылман адам пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі адамдардың ең жақсысы — Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) екендігіне, әрі ол бұл үмметтің Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсысы екендігіне ешбір күмәнсіз берік сенуі керек.

Аллаһтың құлдары! Құранда, Сүннетте және мұсылмандардың бірауыздылығында (ижмәғта) Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) бұл үмметтің Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсысы екендігіне дәлелдер келген. Кімде-кім бұдан басқа нәрсеге сенсе, ол бидғатшы, адасушы және рафиди болып табылады.

Раббымыздың Кітабынан ас-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығына қатысты дәлелдер:

1) Ол — Пайғамбарымыздың ﷺ үңгірдегі серігі.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِلَّا تَنصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ ٱللَّهُ إِذْ أَخْرَجَهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ثَانِىَ ٱثْنَيْنِ إِذْ هُمَا فِى ٱلْغَارِ إِذْ يَقُولُ لِصَٰحِبِهِۦ لَا تَحْزَنْ إِنَّ ٱللَّهَ مَعَنَا ۖ فَأَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُۥ بِجُنُودٍ لَّمْ تَرَوْهَا وَجَعَلَ كَلِمَةَ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ٱلسُّفْلَىٰ ۗ وَكَلِمَةُ ٱللَّهِ هِىَ ٱلْعُلْيَا ۗ وَٱللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿٤٠﴾﴾

«**Егер сендер Пайғамбарға жәрдем етпесеңдер де оны, кәпірлер Меккеден шығарған кезде үңгірдегі екінің бірі болған сәтте, Аллаһ оған жәрдем етті. Сол уақытта (Мухаммад) жолдасына (Абу Бакрға): «Мұңайма! Расында Аллаһ бізбен бірге», — дегенде, Аллаһ оған тоқтау салды. Сондай-ақ оны, сендер көрмейтін әскермен қолдады. Сөйтіп кәпірлердің сөзін төмендетті. Аллаһтың сөзі — жоғары. Аллаһ — өте Үстем, Хикмет Иесі»** («әт-Тәуба» сүресі, 40-аят).

Аллаһтың құлдары! Мұсылмандар аятта аталған серік Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) екендігіне бірауыздан келіскен[1].

Суфиян ибн Ғуйәйнә былай деген: «*Аллаһ Тағала Аллаһ Елшісіне ﷺ қатысты Абу Бакрдан басқа барлық мұсылмандарды сөгіс білдірді. Бұл сөгіс оған қатысты болған жоқ, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:*

﴿إِلَّا تَنصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ ٱللَّهُ إِذْ أَخْرَجَهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ثَانِىَ ٱثْنَيْنِ إِذْ هُمَا فِى ٱلْغَارِ إِذْ يَقُولُ لِصَٰحِبِهِۦ لَا تَحْزَنْ إِنَّ ٱللَّهَ مَعَنَا ۖ﴾

«**Егер сендер Пайғамбарға жәрдем етпесеңдер де оны, кәпірлер Меккеден шығарған кезде үңгірдегі екінің бірі болған сәтте, Аллаһ оған жәрдем етті. Сол уақытта (Мухаммад) жолдасына (Абу Бакрға): «Мұңайма! Расында Аллаһ бізбен бірге», — дегенде, Аллаһ оған тоқтау салды»** («әт-Тәуба» сүресі, 40-аят)»[2].

Ибн Жәрир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағаланың: «***Екінің бірі болған сәтте***», — деген сөздерімен Аллаһтың Елшісі ﷺ мен Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) меңзелген. Өйткені құрайыштықтар Аллаһ Елшісін ﷺ өлтірмекші болғанда, олар құрайыштықтардан қашып, үңгірге тығылған еді. Аллаһ Тағаланың «***Үңгірдегі***», — деген сөзі — Аллаһтың Елшісі ﷺ мен Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) үңгірде болған кезді білдіреді. Аллаһ Тағаланың: «***Сол уақытта (Мухаммад) жолдасына (Абу Бакрға) былай деді…***», — деген сөздері, яғни Аллаһ Елшісі ﷺ өзінің жолдасы Абу Бакрға (Аллаһ оған разы болсын): «***Мұңайма***», — деген кезді білдіреді. Өйткені ол қуғыншылардың олардың тығылып жатқан жерді біліп қоюынан қорықты және бұл оны мазалады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «***Мұңайма, расында***

[1] «Әл-Исаба», 2/335, «Тухфәт әл-Әхуәзи», 10/154.

[2] «Әд-Дурр әл-мансур» әс-Суюты, 4/199.

***Аллаһ бізбен бірге, Аллаһ бізге жәрдем береді, мүшриктер біз туралы білмейді және бізге шабуыл жасамайды»**, — деген еді»*[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл аят Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығын анық көрсетеді, өйткені Аллаһ оны Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге екі адамның бірі етіп: «**Ол үңгірде болған екі адамның бірі еді**», — деді. Әрі бұл әс-Сыддықтың ең жоғарғы дәрежеге жеткендігі себебінен ғана.

2) Ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ айтқандарының барлығын шындық деп мойындаған ең шыншыл (Әс-Сыддық)

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِى جَآءَ بِٱلصِّدْقِ وَصَدَّقَ بِهِۦٓ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُتَّقُونَ ﴿٣٣﴾﴾

«**Сондай шындықты әкелген және оны мойындаған, міне солар — тақуалар**» («аз-Зумар» сүресі, 33-аят).

Ибн Жәрир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзінің иснадымен Алиге (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта Аллаһ Тағаланың: «**Сондай шындықты әкелген**», — деген сөздерінде Мухаммад ﷺ жайлы, ал «… **және оны мойындаған**», — деген сөздерде Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) жайлы айтылғанын жеткізген. Олай болмағанда ше? Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ қатысты ұраны әрдайым: «*Егер Мухаммад мұны айтқан болса, демек ол шындықты айтты*», — деген сөз болатын.

3) Ол — ізгі (салиқалы).

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِن تَتُوبَآ إِلَى ٱللَّهِ فَقَدْ صَغَتْ قُلُوبُكُمَا ۖ وَإِن تَظَٰهَرَا عَلَيْهِ فَإِنَّ ٱللَّهَ هُوَ مَوْلَىٰهُ وَجِبْرِيلُ وَصَٰلِحُ ٱلْمُؤْمِنِينَ ۖ وَٱلْمَلَٰٓئِكَةُ بَعْدَ ذَٰلِكَ ظَهِيرٌ ﴿٤﴾﴾

«**Егер екеуің Аллаһқа тәубе етсеңдер жақсы. Расында жүректерің ауытқыды. Егер екеуің Пайғамбарға қарсы бір-біріңе болыссаңдар, оның иесі Аллаһ және Жәбірейіл де, игі мүминдер де, тағы олардан кейін періштелер де оған болысады**» («әт-Тәхрим» сүресі, 4-аят).

Аллаһтың құлдары! Тәпсіршілердің көбісі (олардың ішінде АбдуЛлаһ ибн Аббас, Ибн Мәсғуд, АбдуЛлаһ ибн Умар, Мужәһид, әд-Дәххақ) мүминдердің ізгілері деп Абу Бакр мен Умар (Аллаһ оларға разы болсын) меңзелген деп есептеген[2].

---

1 «Жәмиғ әл-баян», 10/136.

2 «Жәмиғ әл-баян» 28/162–163. Ибн Кәсир 7/56.

4) Ол сый-сияпаттан тек Аллаһтың құзырындағы нәрсені ғана қалады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَأَمَّا مَنْ أَعْطَىٰ وَٱتَّقَىٰ ۝٥ وَصَدَّقَ بِٱلْحُسْنَىٰ ۝٦ فَسَنُيَسِّرُهُۥ لِلْيُسْرَىٰ ۝٧﴾

«**Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) (садақа) берсе, тақуалық қылса, Жақсылықты дұрыс деп білсе, оның жолын жеңілдетеміз**» («әл-Ләйл» сүресі, 5–7 — аяттар).

Аллаһтың құлдары! Ибн Жәрир ат-Тобари (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл аяттың Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) туралы түскенін атап өткен.

Ол өзінің иснадымен Ғәмир ибн Абдуллах ибн әз-Зубайрға жеткен риуаятты келтірді, онда ол былай деген: «*Абу Бакр Меккеде болғанда құлдарын Исламды қабылдағандары үшін азат ететін. Бірде оның әкесі оған: «Уа, балам! Мен сенің әлсіз адамдарды азат етіп жатқаныңды көрдім. Егер сен күшті ерлерді азат еткеніңде, олар (қажетті уақытта) қасыңда тұрып, сені қорғай алар еді», — деді. Абу Бакр: «Әке, мен тек Аллаһтың құзырындағы нәрсені ғана қалаймын», — деп жауап берді*».

Ол: «*Маған үйімнің тұрғындарынан болған кейбір адамдар:*

﴿فَأَمَّا مَنْ أَعْطَىٰ وَٱتَّقَىٰ ۝٥ وَصَدَّقَ بِٱلْحُسْنَىٰ ۝٦ فَسَنُيَسِّرُهُۥ لِلْيُسْرَىٰ ۝٧﴾

«**Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) (садақа) берсе, тақуалық қылса, Жақсылықты дұрыс деп білсе, оның жолын жеңілдетеміз**»*, — деген аяттың мен жайлы түсірілгенін айтқан*», — деген[1].

5) Ол ең тақуа болып табылады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَسَيُجَنَّبُهَا ٱلْأَتْقَى ۝١٧ ٱلَّذِى يُؤْتِى مَالَهُۥ يَتَزَكَّىٰ ۝١٨ وَمَا لِأَحَدٍ عِندَهُۥ مِن نِّعْمَةٍ تُجْزَىٰٓ ۝١٩ إِلَّا ٱبْتِغَآءَ وَجْهِ رَبِّهِ ٱلْأَعْلَىٰ ۝٢٠ وَلَسَوْفَ يَرْضَىٰ ۝٢١﴾

«**Тақуа болған одан ұзақтастырылады. Сондай малын сарып қылып тазарғандар. Оның онда ешкімге берер еселі сыйлығы жоқ. Бірақ ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. Сондай-ақ ол таяуда разы болады**» («әл-Ләйл» сүресі, 17–21 аяттар). Бұл аяттарға қатысты Құран тәпсіршілерінің көбісі олардың Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) туралы түскенін айтқан.

[1] «Тәфсир ат-Тобари», 30/221; «Тәфсир Ибн Кәсир», 4/521; «Жәмиғ әл-баян», 30/221.

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Бірнеше Құран тәпсіршілері бұл аяттардың Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) туралы түскенін атап өткен, тіпті кейбіреулері бұл мәселеде ғалымдар арасында бірауыздылық (ижмәғ) бар екендігін де айтқан. Әрі оның бұл аятқа кіретініне және осы сөздер жалпы (мүминдердің сипаттары) болған күннің өзінде де, оның жалпы үммет ішінде ең лайықтысы екендігіне еш күмән жоқ. Ол үмметтің алдыңғы қатарында болды және олардан осы, сондай-ақ басқа да мақтаулы қасиеттердің барлығында озды. Ол шыншыл, тақуа және жомарт болып, өз Раббысына бойұсыну белгісі ретінде садақа беріп, өз мүлкін жұмсайтын, Аллаһ Елшісіне ﷺ қолдау көрсететін*.

Ол Раббысының Ардақты Дидарын қалап, қаншама динар мен дирхам таратты?! Әрі ол көмектескен адамдардың ешбірінің алғысына мұқтаж емес еді. Сонымен қатар, оның тақуалығы мен игілігі басқа тайпалардың басшылары мен көсемдеріне үлгі етіп көрсетілетін.

Сондықтан Сәқиф тайпасының басшысы Ғуруа ибн Мәсғуд Худайбиядағы бітімгершілік күні Абу Бакрға: «Аллаһпен ант етемін, егер сенің маған кезінде жасаған жақсылығың болмағанда, мен саған жауап қайтарар едім», — деді. Абу Бакр Ғуруаға ауыр сөздер айтқан еді. Егер оның араб басшылары мен тайпа көсемдері арасындағы орны осындай болса, онда қалғандары туралы не айтуға болады?

6) Ол Аллаһтың Кітабын өмірде жүзеге асыратын еді.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ мені ақтайтын (аятты) түсіргеннен кейін, Мистәх ибн Усәсәға туыстығы әрі кедейлігі себебінен көмек көрсетіп жатқан Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһпен ант етемін, Мистәхтың Айша туралы айтқандарынан кейін оған ешқашан ештеңе бермеймін!», — деді. Сонда Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:*

﴿وَلَا يَأْتَلِ أُوْلُواْ ٱلْفَضْلِ مِنكُمْ وَٱلسَّعَةِ أَن يُؤْتُوٓاْ أُوْلِى ٱلْقُرْبَىٰ وَٱلْمَسَٰكِينَ وَٱلْمُهَٰجِرِينَ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۖ وَلْيَعْفُواْ وَلْيَصْفَحُوٓاْ ۗ أَلَا تُحِبُّونَ أَن يَغْفِرَ ٱللَّهُ لَكُمْ ۗ وَٱللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ ﴿٢٢﴾﴾

«**Сендерден кеңшілік, молшылыққа ие болғандар жақындарына, міскіндерге, муһәжирлерге Аллаһ жолында бермеуге ант етпесін. Оларды ғафу етіп, кешірсін. Аллаһтың сендерді жарылқауын жақсы көрмейсіңдер ме? Аллаһ — аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді**» («ән-Нур» сүресі, 22-аят). *(Бұл сөздерді естігенде) Абу Бакр: «Иә, Аллаһпен ант етемін, әрине, мен Аллаһтың мені кешіргенін қалаймын!» — деді де, Мистәхқа бұрынғыдай көмектесе бастады әрі: «Аллаһпен ант етемін, оған көмектесуді ешқашан тоқтатпаймын», — деді*» (Әл-Бухари, 3910; Муслим, 2770).

Уа, Аллаһтың құлдары! Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Кітабына қалай бойұсынғанына қараңыздаршы! Иә, Аллаһпен ант етемін! Аллаһ Өз Пайғамбарына сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған адамдар осылар, ал олардың ең жақсысы — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын).

Пайғамбарымыздың ﷺ Сүннетінде келген Абу Бакрдың Пайғамбарымыздан ﷺ кейін бұл үмметтегі ең жақсы адам екендігіне қатысты дәлелдер

1) Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымызбен ﷺ бірге Аллаһпен ерекше байланыста болды.

Аллаһ Тағаланың: «**…Расында, Аллаһ бізбен бірге**», — деген сөздері, Аллаһ Өзінің олармен бірге екендігін айтқан кезде, Пайғамбардың ﷺ қасында тек ас-Сыддықтың ғана болғанын анық көрсетеді. Әрі адамдардың ішінен басқа ешкім бұл сипатпен сипатталмаған. Бұл аят Пәк Аллаһ Тағаланың олармен бірге Өзінің қорғауымен, жәрдемімен және жаулары на қарсы қолдауымен болғанын көрсетеді[1].

Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз үңгірде тығылып отырғанда, мен төбеміздің мүшриктердің аяқтарын көрдім де: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер олардың біреуі аяғының астына қарайтын болса, бізді міндетті түрде көреді», — дедім. (Бұған жауап ретінде Пайғамбарымыз ﷺ) маған: «**Абу Бакр, үшіншісі Аллаһ болған екеу туралы не ойлайсың?**», — деді*» (Әл-Бухари, 4386; Муслим, 2381).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы әрі айқын артықшылығына нұсқау бар. Әрі бұл артықшылық — оның (Аллаһ оған разы болсын) үшіншісі Әлемдердің Раббысы болған екеудің бірі болуында.

2) Ол өзін және өз мүлкін Аллаһ Елшісіне ﷺ толығымен арнады.

Абу Сәғид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткен риуаятта былай деп айтылған: «*Бірде Пайғамбарымыз ﷺ (мешітке жиналған) адамдарға уағыз айтып, былай деді: «**Расында, Аллаһ Өз құлдарының біріне осы дүние мен Өз құзырындағы нәрсенің арасында таңдау мүмкіндігін берді, сонда (бұл құл) Аллаһтың құзырындағы нәрсені таңдады**». (Бұл сөздерді естігенде) Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) жылап*

[1] «Минхәж әс-сунна», 4/242.

*жіберді, ал біз оның Аллаһ Елшісінің ﷺ Аллаһ Тағала Өз құлдарының біріне таңдау мүмкіндігін бергені туралы хабарлағанына жылағанына таңғалдық. Негізінде таңдау берілген құл Аллаһтың Елшісі ﷺ еді, ал Абу Бакр арамыздағы ең білімді адам болатын. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Расында, адамдардың ішінде маған серік болған және мүлкімен де ең көп жақсылық жасаған — Абу Бакр. Егер мен өз үмметімнен біреуді ең жақын дос (хәлил) ретінде таңдар болсам, міндетті түрде Абу Бакрды таңдар едім, алайда исламдағы бауырластық пен сүйіспеншілік бұдан артық! Мешітте Абу Бакрдың есігенен басқа ешбір жабылмаған есік қалмасын!**», — деді»* (әл-Бухари, 454).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) сахабалардың ішінде Аллаһтың Елшісі ﷺ және оның айтқан сөздері туралы ең білімдісі болғандығына нұсқау бар. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) таңдау берілген құл деп Аллаһтың Елшісі ﷺ меңзелгенін түсініп, онымен қоштасатынына әрі уәхидің тоқтайтынына қатты мұңайып, жылап жіберді.

Сондай-ақ хадисте Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) басқа да артықшылығына нұсқау бар, ол Пайғамбарымыздың ﷺ егер адамдардан біреуді ең жақын дос (хәлил) тұтатын болса, басқа біреуді емес, тек Абу Бакрды таңдайтынын түсіндіруімен көрініс тапты. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кім бізге көмектескен болса, біз оған міндетті түрде қайтарымын бердік, тек әс-Сыддықтан басқа. Оның біз үшін жасаған барлық нәрсесіне Аллаһ Тағала Қиямет күні есептеседі (қайтарымын береді). Әрі ешбір мүлік маған Абу Бакрдың мүлкі бергендей пайда әкелген емес. Егер мен өз үмметімнен біреуді ең жақын дос (хәлил) тұтатын болсам, міндетті түрде Абу Бакрды таңдар едім. Алайда сендердің жолдастарың — Аллаһтың ең сүйіктісі (хәлилі)***»[1].

3) Абу Бакр — адамдардың ішінде Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін ең сүйіктісі еді.

Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ оны Зәт әс-Сәләсилге аттанатын жасақтың басшысы етіп тағайындағанын жеткізді. Әмр ибн әл-Ғәс былай деген: «*Мен Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «Адамдардың ішінде кімді бәрінен артық жақсы көресіз?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Айшаны**», — деп жауап берді. Мен: «Ал еркектерден ше?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Оның әкесін**», — деп жауап*

[1] Әт-Тирмизи, 3661. Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизидегі» хадиске қатысты былай деген: «Бұл хадис әлсіз, тек: «***Әрі ешбір мүлік маған Абу Бакрдың мүлкі бергендей пайда әкелген емес***», — деген сөздер ғана «Мушкилят әл-фәкрде» сенімді болып табылады, 13.

*берді. Мен: «Ал одан кейін кімді?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Умарды**», — деп жауап беріп, тағы бірнеше адамды атады*» (Әл-Бухари 3462, Муслим 2384).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакрдың, Умардың және Аишаның (Аллаһ оларға разы болсын) ұлы артықшылығына анық нұсқау бар әрі бұл әһлу әс-сунна үшін Абу Бакрдың, содан кейін Умардың басқа сахабалардан (Аллаһ олардың барлығына разы болсын) артықшылығын бекітуде анық дәлел болып табылады[1].

4) Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакрдың иманының шынайылығы мен сенімнің күшіне қатысты куәлік еткен.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естіген: «***Бірде) бақташы өз қойларымен бірге болғанда, оларға қасқыр шауып, бір қойды алып қашты. Адам оның соңынан қуды. Ол қойын тартып алған кезде, қасқыр: «Сен оны менен құтқардың, бірақ жабайы аңдар (пайда болатын) және олар үшін менен басқа бақташы болмайтын (сол) күні оны кім құтқарады?», — деді. Сондай-ақ бір адам сиырды айдап бара жатып, оның үстіне мінді, ал ол бұрылып: «Ақиқатында, мен бұл үшін жаратылмадым, мен жер жырту үшін жаратылдым», — деді***».

Адамдар (таңғалып): «*Аллаһ Пәк! (Субхан-Аллаһ)*», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен бұған сенемін. Әрі Абу Бакр мен Умар да бұған сенеді***», — деді (Әл-Бухари, 3464; Муслим, 2388).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакр мен Умардың артықшылығына анық нұсқау бар, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ олардың бұған сенетінін хабарлады, әрі олар Пайғамбарымыздың ﷺ бұл сөздеріне таңғалғандардың қатарынан болмады.

Имам ән-Нәуәуи Пайғамбарымыздың ﷺ «***Мен бұған сенемін. Әрі Абу Бакр мен Умар да бұған сенеді***», — деген сөздері туралы былай деген: «*Ғалымдар: «Ол мұны олардың иманының шынайылығы, сенімдерінің күші, Аллаһтың билігінің ұлылығы мен Оның құдіретінің кемелдігі туралы танымдарының толықтығы жайлы өзінің білімі себебінен оларға сенімді болғандықтан айтты, әрі мұнда Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) анық артықшылығына нұсқау бар», — деді*»[2].

5) Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) шыншылдығына қатысты куәлік етті

Сыддықия (шыншылдық) — бұл пайғамбарлардан кейінгі және шәһидтерден жоғары тұратын дәреже.

---

1 Қараңыз, Шарх ән-Нәуәуи «Сахих Муслим» 15/153–154.

2 «Шарх ән-Нәуәуи», 15/156.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَٱلرَّسُولَ فَأُوْلَٰٓئِكَ مَعَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِم مِّنَ ٱلنَّبِيِّـۧنَ وَٱلصِّدِّيقِينَ وَٱلشُّهَدَآءِ وَٱلصَّٰلِحِينَۚ وَحَسُنَ أُوْلَٰٓئِكَ رَفِيقٗا ٦٩﴾

«**Ал кім Аллаһқа, пайғамбарға бойұсынса, солар — Аллаһ Тағала нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас!**» («ән-Нисә» сүресі, 69-аят).

Олай болмағанда ше? Егер Ухуд оған көтерілген Пайғамбарымыз ﷺ, сондай-ақ Абу Бакр, Умар және Усман себебінен сілкінген болса, бұған қалай күмәндануға болады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ **Ухуд тауына**: «***Қозғалма Ухуд! Өйткені үстіңде Пайғамбар, ең шыншыл (әс-Сыддық) және екі шәһид тұр!***», — деді (әл-Бухари 3472).

Бұл хадис Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылығына нұсқайды, ал бұл — (оның) «шыншыл» (әс-Сыддық) деп сипаттылуы. Пайғамбарымыз ﷺ оны осы ардақты атымен атады.

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Тағала Абу Бакрдың атын көктен «الصديق» [ас-сыддық] деп түсіргеніне ант еткен[1].

6) Абу Бакр әс-Сыддық ашуланса Аллаһтың Елшісі ﷺ де ашуланушы еді, әрі ол ﷺ сахабаларды оған тіпті сөзбен де ренжітуден сақтандыратын.

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде мен Пайғамбарымыздың ﷺ қасында отырғанда, Абу Бакр киімінің етегін (тізесі көрінетіндей етіп) көтеріп ұстап келді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сендердің жолдастарың біреумен тартысып қалған екен**», — деді. (Абу Бакр жиналғандарға сәлем беріп) былай деді: «Менің (Умар) Ибн аль-Хаттабпен арамда келіспеушілік болып, мен (оған дөрекі сөйлеп қойдым), кейін бұған өкініп, одан мені кешіруін сұрадым, бірақ ол бас тартты, сондықтан мен сізге келдім!». (Мұны естіген Пайғамбарымыз ﷺ) үш рет: «**Аллаһ сені кешірсін, уа Абу Бакр!**», — деді. Кейін Умар (болған іске) өкініп, Абу Бакрдың үйіне келіп: «Абу Бакр үйде ме?», — деп сұрады. (Оған): «Жоқ», — деп жауап берілді. Сонда ол Пайғамбарымызға ﷺ келіп, сәлем берді. Ал Пайғамбардың ﷺ жүзінде риза болмау белгісі пайда болғаны соншалық, Абу Бакр (Умарды) аяп, тізерлеп тұрып: «Мен (оған қарағанда көбірек) әділетсіздік таныттым!», — деп екі рет қайталады. Сонда*

[1] Әт-Тәбәрани «әл-Муғжәм әл-кәбир», 1/55; әл-Хәйсәми «Мәжмәғ әз-зәуәйд», 9/41; Абу Бакр әш-Шәйбәни «әл-Әхәд уә әл-мәсәни», 1/70; әл-Бухари «әт-Тәрих әл-кәбир», 1/99; Хәфиз ибн Хәжар хадис жайлы «Фатх әл-Бәриде»: «Оның жеткізушілері сенімді», — деген, 7/9.

*Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ақиқатында, Аллаһ мені жібергенде, сендер: «Сен өтірік айтып жатырсың!», — дедіңдер, ал Абу Бакр: «Ол шындықты айтып жатыр!», — деді, әрі ол маған қолдау көрсетіп, мен үшін мүлкін аямады!**», — деді. Кейін (Пайғамбарымыз ﷺ): **«Сендер менің досымды ренжітуді тоқтатпайсыңдар ма?!**», — деп екі рет айтты, осыдан кейін Абу Бакрды ешкім ренжітпейтін болды»* (әл-Бухари, 3461).

Аллаһтың құлдары! Хәфиз Ибн Хәжар «әл-Фәтх» еңбегінде былай деген: «*Бұл хадистің пайдаларынан — Абу Бакрдың барлық сахабалардан (Аллаһ оларға разы болсын) артықшылығы, бұл артықшылық — дәрежесі төмен адамның өзінен дәрежесі жоғары адамды ренжітпеу керектігімен көрініс табады*»[1].

7) Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдың Жәннатта болатынына куәлік етті.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Абу Бакр Жәннатта, Умар Жәннатта, Усман Жәннатта, Али Жәннатта, Талхә ибн Убәйдуллаһ Жәннатта, Зубәйр ибн әл-Әууәм Жәннатта, Абдур-Рахман ибн Ғәуф Жәннатта, Сәғд ибн Абу Уәққас Жәннатта, Сағид ибн Зәйд Жәннатта және Абу Убәйда ибн аль-Жәррах Жәннатта***»[2].

Абу Муса әл-Әшғәридің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*(Бірде) мен үйімде дәрет алдым, содан кейін сыртқа шығып, (өзіме): «Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ ажырамаймын және (оған қызмет ету үшін) міндетті түрде күні бойы онымен бірге боламын!», — дедім*».

(Бұл хадисті жеткізуші былай деген): «*Осыдан кейін ол мешітке келіп, Пайғамбарымыз ﷺ туралы сұрады, ал (адамдар оған): «Ол анау жаққа кетті», — деді*».

Абу Муса (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Содан кейін мен оның соңынан (адамдардан) сұрастыра отырып жүрдім, (соңында оның) Арис құдығы (деп аталатын жерде) екендігін білдім. Мен құрма ағашының бұтақтарынан жасалған қақпаның қасына барып отырдым, (және сол жерде) Аллаһтың Елшісі ﷺ өз әжетін өтеп, дәрет алғанша (күттім). Осыдан кейін мен оған қарай жүрдім және оның киімін тізесіне дейін көтеріп, аяқтарын құдыққа салбыратып, Арис құдығы жиегінің ортасында отырғанын көрдім. Мен Пайғамбарымызға ﷺ сәлем бердім де,*

---

1 «Фатх әл-Бәри», 6/26.

2 Ибн Хиббән «әс-Сахих» 15/463; әт-Тирмизи, 3747; «Муснад» әл-Баззар 3/231; «Муснад» имам Ахмад, 1/193; «Муснад» Абу Яғлә 2/147. Олардың барлығы Абдур-Рахман ибн Ғәуфтың (Аллаһ оған разы болсын) хадисін риуаят еткен. Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деп атаған, «Сунан әт-Тирмизи» және «әл-Мишкәт», 6110, 6111; «әр-Рауд», 425; «Тәхриж әт-Тәхәуия», 728.

*кейін шегініп, қақпаның қасына барып отырдым және (ішімнен): «Ақиқатында, бүгін мен Аллаһ Елшісінің ﷺ қақпашысы боламын», — дедім. (Бірнеше уақыттан соң сол жерге) Абу Бакр келіп, қақпаны қақты. Мен: «Бұл кім?», — деп сұрадым. Ол: «Абу Бакр», — деп жауап берді. Мен: «Күте тұр», — дедім де, өзім (Пайғамбарымызға ﷺ) барып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Абу Бакр кіруге рұқсат сұрап тұр», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны кіргіз де, Жәннатпен сүйіншіле!**», — деп бұйырды. Мен сыртқа шығып, Абу Бакрға: «Кір, Аллаһ Елшісі ﷺ сені Жәннатпен сүйіншілеп жатыр!», — дедім. Сонда Абу Бакр кіріп, Пайғамбарымыз ﷺ секілді, киімін тізесіне дейін көтеріп, аяқтарын құдыққа салбыратып, Аллаһ Елшісінің ﷺ оң жағындағы жиекке отырды. Ал мен (өз орнымa) қайтып келіп, (сол жерге) отырдым. Менімен бірге қосылғысы келген бауырыммен болса, ол дәрет алып жатқан уақытта ажырасқан едім, мен (ішімнен): «Егер Аллаһ біреуге игілік қаласа, оны осы жерге алып келеді», — дедім, дәл осы сәтте біреу қақпаны қақты. Мен: «Бұл кім?», — деп сұрадым. (Келген адам): «Умар ибн әл-Хаттаб», — деп жауап берді. Мен: «Күте тұр», — дедім де, өзім Аллаһ Елшісіне ﷺ барып, сәлем беріп: «Умар ибн әл-Хаттаб кіруге рұқсат сұрап тұр», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны кіргіз және Жәннатпен сүйіншіле!**», — деп бұйырды. Сонда мен (қақпаға) барып, (Умарға): «Кір, Аллаһ Елшісі ﷺ сені Жәннатпен сүйіншіледі!», — дедім. (Умар) кірді де, аяқтарын құдыққа салбыратып, Аллаһ Елшісінің ﷺ сол жағындағы жиекке отырды, ал мен (өз орнымa) қайтып келіп, (сол жерге) отырдым және (тағы да ішімнен): «Егер Аллаһ біреуге игілік қаласа, оны осы жерге алып келеді», — дедім. (Бірнеше уақыттан соң) тағы бір адам келіп, қақпаны қақты. Мен: «Бұл кім?», — деп сұрадым. (Келген адам): «Усман ибн Ғаффан», — деп жауап берді. Мен: «Күте тұр», — дедім де, өзім Аллаһ Елшісіне ﷺ барып, оған (Усманның келгенін) хабарладым. Ол: «**Оны кіргіз және оны басына бір қиындық келгеннен кейін Жәннатта болатынымен сүйіншіле!**», — деп бұйырды. Содан кейін мен оған қайтып барып: «Кір, Аллаһ Елшісі ﷺ сені басыңа қиындық келгеннен кейін (кіретін) Жәннатпен сүйіншіледі!», — дедім. Әрі (Усман) кірді, бірақ бұл жиекте (орын қалмағаның) көріп, қарсы бетке (Пайғамбарға ﷺ қарама-қарсы) отырды».* Шәрик былай деген: «*Сәғид ибн әл-Мусәйб: «Мен мұны олардың қабірлерінің орналасуы деп түсіндім», — деді*» (әл-Бухари, 3471; Муслим, 2403).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте үш сахабаның: Абу Бакрдың, Умардың және Усманның артықшылығына нұсқау бар, әрі ол Абу Бакрдың олардың ішіндегі ең лайықтысы екендігін көрсетеді, өйткені ол Жәннатпен бірінші болып сүйіншіленді және Аллаһ Елшісінің ﷺ оң жағында отырды.

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ Жәннат есіктері туралы айтқан кезде: «***(Көп) намаз оқыған адам намаз есігінен шақырылады. Жиһадқа қатысқан адам жиһад есігінен шақырылады, көп садақа берген адам садақа есігінен шақырылады, ал көп ораза ұстаған адам «әр-Райян» есігінен шақырылады***», — деді. Сол кезде Абу Бакр: «*Аллаһпен ант етемін, бұл есіктердің кез келгенінен шақырылатындар ештеңеге мұқтаж болмайды. Бірақ, уа, Аллаһтың Елшісі, осы есіктердің барлығынан бірдей шақырылатын адамдар болады ма?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Иә, әрі мен сенің солардың бірі болуыңды үміт етемін***», — деп жауап берді (Әл-Бухари 3466).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылығына нұсқайды және өзінде Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Иә, әрі мен сенің солардың бірі болуыңды үміт етемін***», — деген сөздерін қамтиды. Пайғамбарымыздың ﷺ үміті әрдайым орындалады. Мұнда Пайғамбарымыздан ﷺ кейін Абу Бакрдың артықшылығына анық дәлел бар. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «ән-Нуния» еңбегінде Жәннат есіктері туралы былай деген:

«Адам оның барлық есіктерінен шақырылады,

Өйткені ол иман киімдерінде болады.

Солардың ішінде — Абу Бакр, ол — шыншыл,

Әрі бұл — Құранмен бірге қайта тірілетін халифа».

8) Абу Бакр ас-Сыддық — игілікте алға озушы.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бүгін араларыңыздан кім ораза ұстап жатыр?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деп жауап берді. (Пайғамбарымыз ﷺ): «**Ал бүгін араларыңыздан кім жаназаға қатысты?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деп жауап берді. (Пайғамбарымыз ﷺ): «**Бүгін араларыңыздан кім кедейді тамақтандырды?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деп жауап берді. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бүгін араларыңыздан кім аурудың хәлін білді?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Осының барлығын жасаған кез келген адам міндетті түрде Жәннатқа кіреді**», — деді*» (Муслим, 1028).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) анық артықшылығына нұсқау бар, әрі ол адамдарды Жәннатқа жақындататын және Тозақтан алыстататын игіліктерді жасауда алға озушы еді.

9) Абу Бакр әс-Сыддық — сахабалар оның игілігі мен артықшылығына куәлік еткен адам.

Ибн Умар (Аллаһ оларға разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде біз адамдардың қайсысы жақсырақ екендігін салыстыратынбыз. Біз Абу Бакрды ең жақсы деп санайтынбыз, содан кейін Умар ибн әл-Хаттабты, кейін Усман ибн Ғаффанды (Аллаһ оларға разы болсын)*» (әл-Бухари, 3455).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис Абу Бакрдың артықшылығы Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде бекітілгенін, сондай-ақ оның Пайғамбардан ﷺ кейінгі адамдардың ең жақсысы екендігін көрсетеді.

Хәфиз Ибн Хәжар «әл-Фәтх» еңбегінде былай деген: «*Оның: «Пайғамбардың ﷺ көзі тірісінде біз адамдардың қайсысы жақсырақ екенін салыстыратынбыз», — деген сөздері: «Пәлен кісі пәленшеден жақсырақ», — деп айтатынбыз дегенді білдіреді. Убайдуллаһ ибн Умардың халифа Усманның артықшылықтары туралы (нұсқасында): «Біз Абу Бакрға, содан кейін Умарға, кейін Усманға ешкімді теңемейтінбіз. Кейін Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын қалдыратынбыз және олардың арасындағы артықшылық туралы таласпайтынбыз», — делінген. Оның: «Біз Абу Бакрға ешкімді теңемейтінбіз», — деген сөздері, яғни біреуді оған ұқсас деп санамайтынбыз дегенді білдіреді. Сондай-ақ Абу Даудта Ибн Умардан: «Пайғамбарымыз ﷺ әлі тірі болған кезде біз: «Бұл үмметте Пайғамбарымыздан ﷺ кейінгі ең жақсы адам — Абу Бакр, содан кейін Умар, содан кейін Усман», — деп айтатынбыз», — деп жеткізіледі. Әт-Тәбәрани бұл риуаятқа: «Әрі Аллаһтың Елшісі ﷺ мұны еститін және айыптамайтын», — деп қосты*»[1].

Аллаһтың құлдары! Хадис Абу Бакрдың Пайғамбардан ﷺ кейінгі жаратылыстардың ең жақсысы екендігіне нұсқайды, әрі бұл әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның мәзһабы болып табылады.

Аллаһтың құлдары! Мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оларға разы болсын) да бұл туралы куәлік еткен. Мухаммад ибн әл-Хәнәфиядан оның былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Мен әкемнен: «Аллаһ Елшісінен ﷺ кейінгі адамдардың ең жақсысы кім?», — деп сұрадым. Ол: «Абу Бакр», — деп жауап берді. Мен: «Ал одан кейін кім?», — деп сұрадым. Ол: «Одан кейін Умар», — деп жауап берді. Мен оның: «Усман», — деп айтуынан қорқып: «Ал одан кейін сіз бе?», — дедім. Ол: «Мен — тек мұсылмандардың бірімін», — деп жауап берді*» (әл-Бухари, 3468).

Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын): «*Абу Бакр — біздің мырзамыз және ол біздің мырзамызды азат етті*», — деп Биләлді меңзеді.

---

1 «Фәтх әл-Бәри», 7/16.

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оларға разы болсын): «*Бұл үмметте оның Пайғамбарынан кейінгі ең жақсысы — Абу Бакр, ал Абу Бакрден кейінгі ең жақсысы Умар, егер қаласаң, үшіншісін де атаймын*», — деген[1].

Аллаһтың құлдары! Құран мен Сүннеттен алынған дәлелдер әс-Сыддықтың — пайғамбарлардан кейінгі адамдардың ең жақсысы, әрі бұл үмметте оның Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсысы екендігін көрсетеді.

Осы дәлелдерден кейін сорақы бидғатшы-рафиди Абу Бакр әс-Сыддықты (Аллаһ оларға разы болсын) қалайша балағаттай алады?

Үшіншіден: сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) және олардан кейінгі мұсылмандар — сәләфтар мен халәфтар — пайғамбарлардан (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейінгі сахабалардың және адамдардың ең жақсысы — Абу Бакр, кейін Умар, содан кейін Усман, содан кейін Али, кейін Жәннатпен сүйіншіленген ондықтан қалғандар, содан кейін Бадр шайқасына қатысқандардың қалғандары, кейін Ухуд шайқасына қатысқандардың қалғандары, содан кейін ағаш түбінде серт бергендердің қалғандары, кейін сахабалардың қалғандары екендігіне бірауыздан келіскен. Ақиқат жолымен жүргендер бұған бірауыздан келіскен, ал Абу Бакр — бұл үмметте өзінің Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсысы, әрі бұл туралы адасқандардан басқа ешкім таласпайды[2].

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарлардан кейінгі адамдардың ең жақсысы — Абу Бакр әс-Сыддық екендігі туралы бірауызды пікірді (ижмәғты) білім иелерінің ішінен бір топ (ғалымдар) жеткізген, олардың қатарында:

— Имам әш-Шәфиғи (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін). Әл-Бәйхәқиден өз иснадымен имам әш-Шәфиғиден келесі сөздер жеткізіледі: «*Сахабалар мен табиғиндерден ешкім Абу Бакр мен Умардың басқа сахабалардан артықшылығы мен үстемдігі туралы таласапаған…*»[3].

— Хәфиз Ибн Хәжар (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін етсін) былай деген: «*Әл-Бәйхәқи «әл-Иғтиқад» еңбегінде Абу Саур арқылы әш-Шафиғиге дейін жететін иснадпен келесі сөздерді жеткізген: «Сахабалар мен табиғиндер Абу Бакрдың, содан кейін Умардың, содан кейін Усманның, содан кейін Алидің үстемдігіне бірауыздан келіскен»*»[4].

---

1 «Муснад» имам Ахмад, 1/110; «Фәдоил әс-сахаба» имам Ахмад, 180, хадистің иснады сенімді.

2 Қараңыз, «Ләуәми әл-әнуәр әл-бәхиия» әс-Сәфәрани, 2/314.

3 «Китәб әл-иғтиқад», 192-бет.

4 «Фәтх әл-Бәри», 7/17.

— Ән-Нәуәуи (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Әһлу әс-сунна олардың, яғни сахабалардың ең жақсысы — Абу Бакр, одан кейін Умар екендігіне бірауыздан келіскен*»[1].

— Шейхул-ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Әһлу әс-сунна уә әл-жәмаға Али ибн Абу Талибтан жеткен: «Бұл үмметте өзінің Пайғамбарынан кейінгі ең жақсылары — Абу Бакр, ал содан кейін Умар», — деген сөздерінде бірауыздан келіскен*»[2].

— Имам Абу Ханифа (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Біз бұл үмметте оның (яғни үмметтің) Пайғамбары — Мухаммад-тан ﷺ кейінгі ең жақсылары — Абу Бакр, кейін Умар, содан кейін Усман, содан кейін Али (Аллаһ оларға разы болсын) екендігіне келісеміз*»[3].

— Имам Ахмад (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Үмметте Пайғамбарымыздан ﷺ кейінгі ең жақсы адам — Абу Бакр, Абу Бакрден кейін — Умар, Умардан кейін — Усман, ал Усманнан кейін — Али. Әрі олар тура жолмен жүргізілген ізгі халифалар*»[4]. Сондай-ақ ол: «*Бұл үмметте өзінің Пайғамбарынан кейінгі ең жақсысы — Абу Бакр әс-Сыддық*», — деген[5].

— Ибн Құдама әл-Мәқдиси (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Әрі оның ﷺ үмметіндегі ең жақсы адам — Абу Бакр ас-Сыддық, содан кейін Умар аль-Фарук, кейін Усман Зун-нурайн, содан кейін Али әл-Муртада (Аллаһ оларға разы болсын)*»[6].

— Имам әз-Зәһәби (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Бұл үмметтегі ең жақсы адам және Аллаһ Елшісінің ﷺ халифасы, үңгірдегі дос әрі сахабалардың ең шыншылы — Абдуллаһ ибн Абу Құхафа Усман әл-Қурайши әт-Тәмими*»[7].

— Хәфиз Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Сахабалардың ең жақсылары, тіпті пайғамбарлардан (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) кейінгі жаратылыстардың ең жақсылары: Абу Бакр, одан кейін Умар ибн әл-Хаттаб, одан кейін Усман ибн Ғаффән, одан кейін Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оларға разы болсын)*»[8].

---

1 «Шарх ән-Нәуәуи ғалә Муслим», 15/418.

2 «Әл-Уасыйя әл-кубра», 32-бет.

3 «Әл-Фиқһ әл-Әкбар», 108-бет.

4 «Тәбәқот әл-хәнәбилә», 1/30.

5 «Мәнәқыб әл-имам Ахмад ли-Ибн әл-Жәузи», 1/160.

6 «Лумғат әл-иғтиқад», 25-бет.

7 «Тәзкират әл-хуффәз», 1/2.

8 «Әл-бәғис әл-хәсис», 183-бет.

Аллаһтың құлдары! Бұл — Абу Бакр әс-Сыддыққа қатысты әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғанының сенімі: «Бұл — пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі Аллаһ Тағаланың алдында дәрежесі бойынша жаратылыстардың ең жақсысы, ең құрметтісі әрі ең ұлысы Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) екендігіне сену және бұны білу». Бұл — шынайы мәзһаб, әрі әрбір мұсылман үшін бұл сенімде болу және оны ұстану міндетті болып табылады.

Раббымыз, бізді және бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре гөр, әрі жүректерімізге иман келтіргендерге деген жеккөрушілікті ұялатпа. Раббымыз, ақиқатында, Сен — Мейірімдісің және ерекше Рахымдысың.

2. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың Құлдары! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Уа, Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарының сахабалары болып, Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Бұл дүниенің де, Мәңгілік дүниенің де бақыты олардың мәнһәжін (жолын) ұстануда.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Аллаһтың құлдары! Мұсылман адам пайғамбарлар мен елшілерден кейінгі адамдардың ең жақсысы — Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын)

екендігіне, әрі ол бұл үмметте Пайғамбардан ﷺ кейінгі ең жақсы адам екендігіне еш күмәнсіз, берік сенуі тиіс.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) туралы болады және ол екі тарауды қамтиды:

1) Исламды қабылдағанға дейінгі және одан кейінгі Меккедегі Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын).

2) Оның (Аллаһ оған разы болсын) Меккеден Мәдинаға һижра жасауы (көшуі).

АБУ БАКРДЫҢ МЕККЕДЕГІ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАННАН БҰРЫНҒЫ КЕЗІ

Абу Бакр әс-Сыддық надандық (жәһилия) дәуірінде құрайыштықтардың абыройлы әрі құрметті адамдарының, олардың басшыларының бірі болған. Құрайыштықтардың басшыларының бастарына қайғы-қасірет түскенде олар оған арқа сүйейтін. Ол Меккеде басқа ешкім көрсетпеген қонақжайлылық танытатын. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) арабтардың шежіресі мен тарихын жақсы білетіндердің қатарынан еді. Оның бұл салада айрықша қабілеті бар болатын. Оның тегі құрайыштардың арасында ең таза тектерден бірі. Ол құрайыш тайпасының тарихын және ондағы жақсылық пен жамандықты олардың ішінде ең жақсы білетін адам болды. Ол саудагер, көркем мінез иесі болды және адамдар арасында осы қасиетімен танылған еді. Адамдар оны жақсы көретін, әрі оның білімі, саудасы және жағымды қарым-қатынасы себепті өз халқының адамдары оған келіп, көптеген мәселелер бойынша кеңесетін.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, Абу Бакр құрайыштардың ішінде олардың шежіресін ең жақсы біледі***», — деген (Муслим, 2490).

Кара тайпасының басшысы Ибн Дағина Абу Бакрды сипаттап, былай деген: «***Расында, сен секілді (адам) кетпеуі де, қуылмауы да тиіс, өйткені сен міскіндерді мүлікпен қамтамасыз етесің, туыстық қатынастарды сақтайсың, (әлсіздердің) жүгін көтеруге көмектесесің, адамдарға қонақжайлылық көрсетесің және адамдарға тағдырдың ауыртпалықтарын көтеруге жәрдемдесесің…***» (Әл-Бухари, 2175).

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр әс-Сыддық надандық дәуірінде де мас қылатын ішімдіктер ішпеген.

Одан бұл туралы сұрағанда, ол: «*Мен өз арымды қорғадым, өз қадірімді сақтадым. Расында, мас қылатын ішімдік ішкен адам өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін жоғалтады*», — деген[1]. Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Ақиқатында, мас қылатын ішімдік — барлық жамандықтың анасы, әрі оны ішкен адам өзінің анасымен, қарындасымен, қызымен, әкесі немесе анасы жағынан болған тәтелерімен зина жасап қоюы мүмкін.

Уа, Аллаһтың құлдары! Абу Бакр әс-Сыддық ешқашан пұттарға сәжде қылмаған. Ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ кейбір сахабаларының арасында: «*Мен пұтқа ешқашан сәжде қылған емеспін*», — деген[2].

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр әс-Сыддық Исламға дейінгі құрайыш қоғамында көптеген жоғары құндылықтарға, сондай-ақ мақтаулы мінез-құлық пен ізгі сипаттарға ие болды. Мекке тұрғындары оның көркем мінездегі, сенімділіктегі және басқаларға үлгі болудағы өзгелердің барлығынан артықшылығына куәлік еткен.

ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАННАН КЕЙІНГІ МЕККЕДЕГІ АБУ БАКР ӘС-СЫДДЫҚ

Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккеде жіберіліп, адамдарды Исламға жасырын түрде шақыра бастады. Ер адамдардың арасынан Пайғамбарымызға ﷺ ең бірінші болып иман келтірген — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) еді.

Ғәммар ибн Ясир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісін ﷺ (Меккеде) көрдім және онымен бірге бес құл, екі әйел және Абу Бакрдан басқа ешкім болмаған еді*» (әл-Бухари, 3857).

Ибн Хәжар (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Хадисте Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Исламды ерте қабылдағанына*

1 «Әр-Рияд ән-надыра», 2/146; «Тәрих әл-хуләфә» әс-Суюты, 49.

2 «Әт-Тәрих әл-Исләми», Махмуд Шәкир.

нұсқау бар, өйткені Ғәммар Пайғамбарымызбен ﷺ бірге одан басқа ер адамдардың бірін де атаған жоқ. Ғалымдардың көпшілігі Абу Бакр — ер адамдардың ішінен Исламды бірінші болып қабылдаған адам деген пікірде келіскен»[1].

Ғәмр ибн Ғәбәсә әс-Суләми былай деген: «*Надандық дәуірінде мен адамдар адасып жүр және ешқандай пайдалы нәрсе жасап жатқан жоқ деп есептейтінмін, өйткені олар пұттарға табынатын еді. (Бірақ бірде) мен Меккедегі бір адамның (таңғаларлық әрі маңызды нәрсе) айтып жатқанын естідім. Сонда мен түйеме мініп, оған келдім. Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарға көрінбей жүр еді, өйткені оның тайпаластары оған қарсы (зұлымдық жасауға) батылдары барған еді. Мен оны (Меккеде табу үшін, бір құрайыштықтан) сыпайылап сұрастырдым, ал оның алдына келгенімде: «Сен кімсің?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Мен — пайғамбармын**», — деп жауап бердім. Мен: «Пайғамбар деген кім?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мені Аллаһ жіберді**», — деді. Мен: «Ол сені немен жіберді?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Ол мені (адамдарға) туыстық қатынастарды ұстануды, пұттарды бұзуды және тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік қоспауды (жеткізуім үшін) жіберді**», — деп жауап берді. Мен: «Саған осы істе кімдер қолдау көрсетіп жатыр?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Азат адам мен құл**», — деп жауап берді. Өйткені ол кезде онымен бірге Абу Бакр мен Биләл ғана болған еді (Аллаһ Тағала олардың екеуіне де разы болсын). Әрі бұл — Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Исламды ерте қабылдағанына дәлел болып табылады*» (Муслим, 832).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Исламды алғаш болып ашық ұстанғандар бесеу еді — Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Ғәммар және оның анасы Сумәйя, Сухәйб, Биләл және аль-Миқдәд*»[2].

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Аллаһ мені жіберді, ал сендер:* «*Сен өтірік айтасың!», — деген едіңдер. Ал Абу Бакр болса: «Ол шындықты айтып жатыр!», — деп айтты, әрі маған қолдау көрсетіп, мен үшін өзінің жанын да, мүлкін де аямады***»[3].

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы хадистен Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) — адамдардың ішінен Исламды ең бірінші

1 «Фәтх әл-Бәри», 7/170.

2 «Әл-Бәйхәқи», 8/209, Ибн Хиббән, 15/558; «Муснад» имам Ахмад, 1/404; «Сунан ибн Мәжаһ», 150. Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әс-сират ән-нәбәуия» және «Сунан ибн Мәжаһ» еңбектерінде жақсы деп атаған.

3 Жоғарыда келтірілген.

болып қабылдаған деген қорытынды шығарған[1]. Бұл дәлелдер Абу Бакрдың — иман келтірген азат ерлердің ең алғашқысы екендігін көрсетеді.

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағаннан кейін, Меккедегі адамдарды Исламға шақыра бастады және оның себебінен көптеген адамдар иман келтірді. Ол (Аллаһ оған разы болсын) өзінің мүлкін Аллаһ жолында жұмсап, азаптауға ұшыраған құлдарды азат етуші еді. Олардың қатарында — Биләл және Ғәмир ибн Фухәйра (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) болды.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың жолында азапталғандардан жеті адамды азат етті. Олардың ішінде — Биләл және Ғәмир ибн Фухәйра болған*»[2].

Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Абу Бакр — біздің мырзамыз және ол біздің мырзамызды азат еткен*», — деп, Биләлді меңзеген[3].!!!

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын): «*Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ қырық мың жұмсады*», — деген[4].

Олай бомағанда ше? Ол — күндердің бір күнінде Аллаһ Елшісіне ﷺ өзінің барлық мүлкімен келген адам. Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «***Отбасыңа не қалдырдың?***», — деп сұрағанда, ол: «*Мен оларға Аллаһты және Оның Елшісін қалдырдым*», — деп жауап берді[5].

Сол себепті Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Маған Абу Бакрдың мүлкі пайда бергендей ешқандай мүлік ешқашан пайда берген емес***», — деген[6].

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Менің үмметімнің ішіндегі үмметіме ең мейірімдісі — Абу Бакр***», — деген[7].

Оның адамдарды Аллаһтың жазасынан құтылуы үшін Исламға шақыруы және кәпір құрайыштар тарапынан азапталғандарды азат ету

---

1 Қараңыз, «әс-Сира ән-Нәбәуия», Ибн Кәсир, 1/434.

2 «Әл-Мустәдрак», әл-Хәким, 3/321.

3 Жоғарыда келтірілді.

4 «Сахих» Ибн Хиббән, 15/274; «Мәуәрид әд-дәмән», 532-бет; Шейх әл-Әлбәни хадисті өзінің «әс-Сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 2718.

5 Абу Дауд, 1678; «әс-Сунан әл-кубра», әл-Бәйхәқи, 180/4; «Сунан» әд-Дәрими, 1/480; «әс-Сунна» Ибн Абу Ғасым, 2/579; «Мустәдрак әл-Хәким», 1/574; Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Абу Даудқа» жазған ескертпесінде жақсы деп атаған.

6 Жоғарыда келтірілді.

7 Әт-Тирмизи, 3790; Ибн Мәжаһ, 154; «Муснад», имам Ахмад, 3/281; «әс-Сунна» Ибн Абу Ғасым, 2/582; «Мустәдрак әл-Хәким», 3/477; Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» және «Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпелерінде сенімді деп атаған.

үшін Аллаһ жолында мүлкін жұмсауы — оның бойындағы мейірімділігінің көрінісі еді.

Сондықтан Аллаһ Тағала оны сипаттап, былай деген:

﴿وَسَيُجَنَّبُهَا ٱلْأَتْقَى ﴿١٧﴾ ٱلَّذِى يُؤْتِى مَالَهُۥ يَتَزَكَّىٰ ﴿١٨﴾ وَمَا لِأَحَدٍ عِندَهُۥ مِن نِّعْمَةٍ تُجْزَىٰٓ ﴿١٩﴾ إِلَّا ٱبْتِغَآءَ وَجْهِ رَبِّهِ ٱلْأَعْلَىٰ ﴿٢٠﴾ وَلَسَوْفَ يَرْضَىٰ ﴿٢١﴾﴾

«**Тақуа болған одан ұзақтастырылады. Сондай малын сарп қылып тазарғандар. Оның онда ешкімге берер еселі сыйлығы жоқ. Бірақ ұлы Раббының ризалығын ғана іздейді. Сондай-ақ ол таяуда разы болады**» («әл-Ләйл» сүресі, 17–21 аяттар).

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр әс-Сыддық Исламды қабылдағаннан кейін Меккеде Аллаһ Елшісін ﷺ қорғады және бар күш-жігерімен одан зиянды қайтарып отыруға тырысты.

Ғуруа ибн әз-Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын) бірде Әмр ибн әл-Ғәстан: «*Маған көпқұдайшылдардың Пайғамбарға ﷺ жасаған ең жаман нәрсесі туралы айтып берші*», — деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: «*(Бірде) Пайғамбарымыз ﷺ Қағбаның һижрасында*[1] *намаз оқып жатқанда, Ғуқба ибн Абу Муғайт (оған артынан) жақындап келіп, киімін мойнына салып, қатты қылқындыра бастады. (Бұны көрген) Абу Бакр оған қарай ұмтылып, оны иығынан ұстап, Пайғамбардан ﷺ итеріп тастады да: «Сендер адамды ол: «Менің Раббым — Аллаһ!», — дегені үшін өлтіресіңдер ме?!», — деп айқалады*». (әл-Бухари, 3643).

Али (Аллаһ оған разы болсын) өзінің құтбасында: «*Уа, адамдар! Адамдардың ішіндегі ең батылы кім?*», — деп сұрады. Олар: «*Сенсің*», — деп жауап берді. Ол: «*Маған келсек, мен кіммен шайқассам да, оны жеңетінмін. Дегенмен ең батыл адам — Абу Бакр. Мен құрайыштықар Аллаһтың Елшісін ﷺ ұстап алып, біреуі оны итеріп, ұрып жатқанын, ал екіншісі оны теңселіп, жерге құлатып: «Біздің құдайларымызды бір ғана құдайға айналдырған сенсің бе?», — деп жатқанын көрдім. Аллаһпен ант етемін, Абу Бакрден басқа бізден ешкім оны құтқаруға батпады. Ал Абу Бакр болса, олардың бірін ұрып, екіншісін итеріп: «Сендер адамды «Менің Раббым — Аллаһ!», — дегені үшін өлтіресіңдер ме?!», — деп айқайлады*», — деді. Содан соң Али жылап жіберіп: «*Сендерден Аллаһтың атын атап сұраймын, кім артық: перғауын қауымынан болған мүмин бе, әлде Абу Бакр ма?*», — деп сұрады. Адамдар үнсіз қалды. Содан соң Али: «*Ал-*

[1] Хижр — бұл Қағбаға жанасып орналасқан жартылай шеңбер түріндегі аласа қабырға. Ол Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) уақытында ғимараттың құрамына кіргендіктен, Қағбаның бөлігі болып есептеледі.

лаһпен ант етемін! Абу Бакрдің бір сағаты одан артық. Ол өз иманын жасырды, ал Абу Бакр өзінің иманын ашық ұстанды», — деді[1].

Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағаннан кейін өзінің ішкен-жегеніне қатысты Аллаһтан қорыққан.

Аллаһтың құлдары! Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) тек хәләл болған нәрсені ғана жейтіні — оның тақуалығының белгісі болған.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Бакрдың бір жас жігіті, яғни оған тамақ алып келетін құлы бар еді, әрі Абу Бакр оның алып келген нәрсесімен тамақтанатын. Бірде (бұл құл) оған бір нәрсе алып келді және Абу Бакр оны жеді. Содан соң құл оған: «Бұның не екенін білесіз бе?», —деді. Абу Бакр: «Бұл не?», — деп сұрады. Ол: «Надандық дәуірінде мен бір адамға бал ашқан едім, (дегенмен) мен жаман сәуегей едім және оны тек алдайтынмын, ал (бүгін) ол маған жолығып, маған сіз жеген нәрсені берді», — деді. (Бұны естіген) Абу Бакр қолын аузына тығып, ішіндегі барлық нәрсені құсып тастады*» (әл-Бухари, 3629).

Зәйд ибн Әрқәм былай деген: «*Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) өған жұмыс істейтін құлы бар еді. Түндердің бірінде ол тамақ алып келді де, Абу Бакр одан бір үзім алды. Содан соң құл оған: «Сіз әр түні менен тамақ туралы сұрайтын едіңіз, бұл түні неліктен сұрамадыңыз?», — деді. Абу Бакр: «Мен бұны аштықтан істедім. Бұл тамақты қайдан алып келдің?», — деп сұрады. Құл: «Надандық дәуірінде мен тайпалардың бірінің қасынан өтіп бара жатып, оларға дем салған (руқия оқыған) едім. Олар маған (осы үшін сыйақы беруге) уәде берген болатын, ал бүгін олардың қасынан өтіп бара жатқанымда, оларда той болып жатты, содан олар маған (сыйақыны) берді», — деп жауап берді. Абу Бакр: «Расында, сен менің құрдымға ұшырауымды қаладың», — деді де, қолын тамағына тығып, құсуға тырысты, бірақ оның жегені шықпады. Оған: «Расында, бұл тек судың көмегімен ғана шығады», — деп айтылды. Содан соң ол бір шара су алып келуді бұйырды да, оны іше бастады, кейін ол шыққанша оны құсып тастады. Оған: «Аллаһ сені рахымына бөлесін! Бұның барлығы бір үзім үшін болды ма?», — деген сұрақ қойылды. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһпен ант етемін! Егер оның жанымммен бірге шығуанан басқа жолы болмаса, мен оны сонда да шығарар едім», — деп жауап берді*»[2].

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», әл-Хәйсәми, 9/47; «Муснад әл-Баззар», 3/15; «Фәтх әл-Бари», 7/169.

2 «Сәфуат әс-сафуа», 1/252; «әр-Рияд ән-надыра», 2/141; «әл-Хилия», Абу Нәғим, 1/31, оның иснадындағы адамдар — сенімді.

Аллаһ Ұлы! Уа, бұл үмметтің ең шыншылы! Аллаһпен ант етемін, бұл — нағыз тақуалық! Бұл — Аллаһтан шынайы қорқу! Нағыз иманның көрінісі! Сенің бұл үмметте оның Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсы адам екендігіңе куәлік беремін!

Аллаһтың құлдары! Түнде де, күндізде де харам нәрсені жеп жүргендер және өз денелері мен балаларының денесін хараммен өсіргендер Аллаһтан қорықсын!

Аллаһ сәләф әйелдерді рахымына бөлесін. Олардың бірінің күйеуі базарға шығып бара жатқанда, олар оның иығынан ұстап: «*Уа пәленнің әкесі! Бізге қатысты Аллаһтан қорық, бізге харам мүлік алып келме. Ақиқатында, біз бұл дүниенің аштығына шыдаймыз, бірақ Қайта тірілу күніндегі Тозақ отына шыдай алмаймыз*», — деуші еді.

Аллаһтың құлдары! Меккелік кәпірлер Меккедегі мұсылмандарға қысым көрсеткенде, Абу Бакр өзінің үйінде мешіт салып, онда намаз оқып, Құран оқып, жылайтын еді.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) һижра туралы ұзақ хадисте былай деген: «*Ол өзінің үйінің ауласында мешіт салып, осы (мешітте) намаз оқи бастады және Құран оқитын еді. Ал (көпқұдайшылдардың) әйелдері мен балалары оған таңғалып, оның айналасына жиналатын. Абу Бакр жиі жылайтын және Құран оқыған кезде көз жасын ұстай алмайтын еді*» (Әл-Бухари, 476).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ құрайыштықтарға әл-Исра мен әл-Миғрәж сапарлары туралы хабарлағанда, бұл көптеген адамдар үшін сенуге қиын нәрседей болды. Олар Абу Бакрге келіп, Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанын айтып берді. Сонда Абу Бакр: «*Мен оның шыншыл екендігіне куәлік беремін*», — деді. Олар: «Сен оның бір түннің ішінде Шамға жетіп, кейін Меккеге оралғанына сенесің бе?», — деп сұрады. Ол: «*Иә, ақиқатында, мен оны бұдан да таңғаларлық нәрседе шыншыл деп есептеймін — мен оған көктен хабарлар түсетініне сенемін*», — деп жауап берді.

Аллаһ ұлы! Ақиқатында, ол — шыншыл (сыддық). Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ қатысты ұраны әрдайым: «*Егер Мухаммад мұны айтқан болса, онда ол шындықты айтты*», — болатын. Бұл — Исламды қабылдағанға дейінгі және қабылдағаннан кейінгі Меккедегі Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын). Ол: «***Надандық дәуіріндегі жақсыларың — егер дінді түсінсе, Исламда да ең жақсыларың (болып қалады)***», — деп айтқан Аллаһтың Елшісіне ﷺ иман келтірді[1].

[1] «Муснад» имам Ахмад, 2/485; «әл-Баян уә әт-тәғриф», 2/39, «әл-Фирдауыс би-мәғсур әл-хытаб», 2/173. Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте» сенімді деп ата-

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен ата-анамды білгелі олар әрдайым осы дінді ұстанатын еді және Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге таңертең және кеште кірмей кеткен бірде-бір күн болған емес. Мұсылмандар сынақтарға ұшырай бастағаннан кейін, Абу Бакр Эфиопияға көшуді (һижра жасауды) шешті. Ол Барқ әл-Ғимадқа жеткен кезде оны қара (тайпасының) көсемі Ибн әд-Дағина жолықтырып, одан: «Уа Абу Бакр! Қайда (бара жатырсың)?», — деп сұрады. Абу Бакр: «Менің тайпаластырып мені қуып шықты, енді мен Раббыма құлшылық етіп, жер бетінде кезіп жүргім келеді», — деп жауап берді. Ибн әд-Дағина: «Расында, сен секілді (адам) кетпеуі де, қуылмауы да тиіс, өйткені сен жоқ-жітіктерге мүлкіңнен бересің, туыстық қатынастарды сақтайсың, (әлсіздердің) ауыртпалығын көтерісуге көмектесесің, адамдарға қонақжайлылық көрсетесің және тағдырдың қиыншылықтарын көтеруге жәрдемдесесің, сол себепті мен сені өзімнің қорғауыма аламын. Кері қайт та, өз қалаңда Раббыңа құлшылық ет», — деді. Сонда Абу Бакр қайта оралды, онымен бірге Ибн әд-Дағина да келді. Ол құрайыштардың (барлық) беделді адамдарын аралап шығып, олардың (әрқайсысына): «Ақиқатында, Абу Бакр секілді (адам) (өз қаласын) тастап кетпеуі де, қуылмауы да тиіс! Сендер жоқ-жітіктерге беретін, туыстық қатынастарды ұстанатын, (әлсіздердің) ауыртпалығын көтерісуге көмектесетін, адамдарға қонақжайлылық көрсететін және адамдарға тағдырдың қиындықтарын көтеруге жәрдемдесетін адамды қууды шештіңдер ме)?», — деді. Құрайыштықтар Ибн әд-Дағинаның қорғауын кері қайтармады, бірақ оған: «Абу Бакрға Раббысына өзінің үйінде құлшылық етуді бұйыр. Ол сонда намаз оқып, қалағанын жасай алады, бірақ бұнымен бізге тиіспесін және бұны ашық түрде жасамасын, өйткені біз оның әйелдеріміз бен балаларымызды азғыруынан қорқамыз!», — деді.*

Ибн әд-Дағина бұны Абу Бакрға жеткізді және Абу Бакр (белгілі бір уақыт бойы) басқа ешбір жерде ашық түрде намаз және Құран оқымай, өз Раббысына өзінің үйінде құлшылық етті. Содан кейін Абу Бакрға мешіт салу ойы келді. Ол оны өзінің үйінің ауласында салып, (осы мешітте) намаз және Құран оқыды. Ал көпқұдайшылдардың әйелдері мен балаларына келсек, олар оған таңғалып, оның айналасына жиналатын еді. Абу Бакр жиі жылайтын және Құран оқыған кезде көз жасын тыя алмайтын, осының барлығы көпқұдайшылдардың ішіндегі құрайыш мырзаларын үрейлендірді және олар Ибн әд-Дағинаға адам жіберді.

Ибн әд-Дағина оларға келген кезде, олар: «Абу Бакр өз Раббысына өзінің үйінде құлшылық етеді деген шартпен біз сенің оның қорғаушысы

ған, № 3262.

екеніңді мойындауға келіскен едік, бірақ ол (бұл шартты) бұзып, өзінің үйінің ауласында мешіт салып, осы мешітте ашық түрде намаз және Құран оқи бастады! Біз оның әйелдеріміз бен балаларымызды азғыруынан қорқамыз, (сондықтан) оған (мұны істеуді) тоқтатуды бұйыр! Егер ол өзінің үйінде өз Раббысына құлшылық етумен шектелуге келіссе, оны істей берсін, ал егер ол (ашық құлшылық етуден басқа ештеңеге) келіспесе, онда одан сенің қорғауыңнан бас тартуын сұра, өйткені біз саған қатысты опасыздық жасағымыз келмейді, бірақ Абу Бакрдың осының барлығын ашық түрде жасауымен де келісе алмаймыз!», — деді.

*(Осыдан кейін) Ибн әд-Дағина Абу Бакрға келіп: «Саған мен олармен сен жайлы қандай шарттарға келіскенім мәлім, сол себепті сен не (барлық шарттарды сақтауың) керек, не болмаса менің қорғауымнан бас тартуың керек, өйткені, ақиқатында, мен арабтардың адамдармен жасасқан қорғау шартымның бұзылғаны туралы естігенін қаламаймын!», — деді. Бұған Абу Бакр: «Ақиқатында, мен сені маған қамқорлық жасауға қатысты міндеттемелерден босатамын және маған Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың қамқорлығы жеткілікті екендігін мәлімдеймін!», — деді. Ол кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккеде болатын және ол мұсылмандарға: «**Расында, мен түсімде сендер көшетін жерді көрдім: онда құрма ағаштары өседі және ол екі тасты алқаптың арасында орналасқан**», — деп айтқан еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ осыны айтқаннан кейін кейбір адамдар Мәдинаға көшті. Ал бұдан да бұрын Эфиопияға көшкендерге келсек, олардың басым бөлігі бірден Мәдинаға көшті. Абу Бакр да Мәдинаға көшуді шешкен еді, бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Асықпа, өйткені маған да көшуге рұқсат беріледі деп үміттенемін**», — деді. Абу Бакр: «Менің әкем сіз үшін өтем болсын! Сіз шынымен де бұған үміттенесіз бе?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Иә**», — деп жауап берді, ал Абу Бакр Аллаһ Елшісіне ﷺ серік болу үшін кідірді және төрт ай бойы өзінің екі түйесін акация жапырақтарымен семіртті».* Яғни Мәдинаға һижра жасауға дайындалды (Әл-Бухари, 2175).

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге Меккеден Мәдинаға һижра жасады.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде біз күннің ортасында Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) үйінде отырғанымызда, біреу оған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ жүзін жауып келе жатыр! Ол мұндай уақытта бізге келмейтін еді!», — деді. Абу Бакр: «Әкем мен анам ол үшін өтем болсын! Аллаһпен ант етемін, мұндай сағатта оны мұнда тек (маңызды) іс қана алып келуі мүмкін!», — деді. Ал (біршама уақыттан кейін) Аллаһтың Елшісі ﷺ (үйге) жақындап, кіруге рұқсат сұрады. Оны үйге кіргізді, ал Пайғамбарымыз ﷺ кіргеннен кейін Абу Бакрға:*

*«**Мұнда жиналған адамдардың барлығына шығуды бұйыр**», — деді. Абу Бакр: «Әкем сіз үшін өтем болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Мұнда сіздің отбасыңыздан басқа ешкім жоқ», — деді. (Кейін Пайғамбарымыз ﷺ): «**Маған һижра жасауға рұқсат берілді**», — деді. Абу Бакр: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әкем сіз үшін өтем болсын! Мен сізге серік боламын ба?», — деп айқайлап жіберді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Иә**», — деп жауап берді. Абу Бакр: «Әкем сіз үшін өтем болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Осы екі түйенің бірін өзіңе ал!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Мен оны ақшаға аламын**», — деді. Біз олардың азығын тері дорбаға салып, (жолға) жылдам жинадық, ал Абу Бакрдың қызы Әсма өзінің белдігінен бір үзім жыртып алып, осы тері дорбаны байлады, осыған байланысты оны (кейін) «екі белдік иесі» деп атайтын болды»* (Әл-Бухари, 3692).

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге үңгірде болды.

Абу Бакр былай деген: «*Біз үңгірде жасырынып жатқанымызда, мен көпқұдайшылдардың аяқтарын дәл төбеміздің көрдім де: «Уа Аллаһтың Елшісі! Егер олардың біреуі аяғының астына қараса, бізді міндетті түрде көреді!», — дедім. (Бұған жауап ретінде Пайғамбарымыз ﷺ): «**Абу Бакр, үшіншісі Аллаһ болған екі адам туралы не ойлайсың?**», — деді*» (Аль-Бухари, 4386; Муслим, 2381).

Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِلَّا تَنصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ ٱللَّهُ إِذْ أَخْرَجَهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ثَانِىَ ٱثْنَيْنِ إِذْ هُمَا فِى ٱلْغَارِ إِذْ يَقُولُ لِصَٰحِبِهِۦ لَا تَحْزَنْ إِنَّ ٱللَّهَ مَعَنَا ۖ فَأَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُۥ بِجُنُودٍ لَّمْ تَرَوْهَا وَجَعَلَ كَلِمَةَ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ٱلسُّفْلَىٰ ۗ وَكَلِمَةُ ٱللَّهِ هِىَ ٱلْعُلْيَا ۗ وَٱللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿٤٠﴾﴾

«**Егер сендер Пайғамбарымызға жәрдем етпесеңдер де оны, кәпірлер Меккеден шығарған кезде үңгірдегі екінің бірі болған сәтте, оған Аллаһ жәрдем етті. Сол уақытта (Мухаммад) жолдасына (Абу Бакрға): «Мұңайма! Расында Аллаһ бізбен бірге», — дегенде, Аллаһ оған тоқтау салды. Сондай-ақ оны, сендер көрмейтін әскерлермен қолдады. Сөйтіп кәпірлердің сөзін төмендетті. Аллаһтың сөзі жоғары. Аллаһ өте Үстем, Хикмет Иесі**» («ат-Тәуба» сүресі, 40-аят).

Әзиб Абу Бакрдан: «*Маған өзің мен Аллаһ Елшісінің ﷺ Меккеден шыққан кездегі және көпқұдайшылдар сендерді арттарыңнан қуған кездегі әрекеттерің туралы айтып берші?*», — деп сұраған еді.

Абу Бакр былай жауап берді: «*Біз Меккеден шығып, түні бойы және келесі күні түске дейін, қатты ыстық басталғанша жүрдік. Мен көлеңке іздеп айналаға көз салып, кенет бір жартасты көрдім де, оның астынан*

*кішкентай көлеңке таптым. Кейін мен Пайғамбарымыз ﷺ ұйықтауы үшін жерді тегістеп, тері (немесе құрғақ шөп) төседім. Кейін мен оған: «Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Жата тұрыңыз», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ жатты, ал мен артымыздан біреу келе жатқан жоқ па деп жанжағымызды қарау үшін шығып кеттім. Кенет біз қалаған нәрсені (жартас көлеңкесінде демалуды) қалап, өзінің қойларын жартасқа қарай айдап бара жатқан қойшыны көрдім. Мен одан: «Уа, бала! Сен кімге тиесілісің?!», — деп сұрадым. Қойшы бала: «(Мен) құрайыштықтардан болған бір адамға (тиесілімін)», — деп жауап берді. Ол оның есімін атады, ал мен оны таныдым. Мен: «Қойларыңда сүт бар ма?», — деп сұрадым. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Мен: «Бізге оларды сауып бересің бе?», — деп сұрадым. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Менің бұйрығымнан соң, бала қойлардың бірінің аяғын байлады. Кейін мен оған желінді шаңнан тазартуды, кейін алақанындағы шаңды қағуды бұйырдым. Ол алақанын бір-біріне соғып шаңды қақты да, кішкене сүт сауды. Менде Аллаһ Елшісіне ﷺ арналған суы бар, аузы азғантай матамен жабылған саба бар еді. Мен осы сабадағы суды сүтке суысын деп құйдым. Оны Пайғамбарға ﷺ алып келгенімде, оның оянып қойғанын көрдім. Мен оған: «Іші-ңіз, уа Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Ол оны менің көңілім толғанша ішті. Содан соң мен: «Уа Аллаһтың Елшісі! Жолға шығатын уақыт болды ма?», — деп сұрадым. Ол: «**Иә**», — деп жауап берді. Біз жолға шықтық, ал адамдар (құрайыштықтар) бізді іздеді, бірақ бізді атымен шауып келе жатқан Сурәқа ибн Мәлик ибн Жуғшумнан басқа ешкім таппады. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл — артымыздан қуып жеткен іздеуші», — дедім. Сонда ол ﷺ: «**Мұңайма, өйткені Аллаһ бізбен бірге**», — деді»* (әл-Бухари, 3452).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ мен Абу Бакр Мәдинаға келді.

Бәро ибн Әзиб (Аллаһ оған разы болсын) олардың келуіне куә болып: «***Мен Мәдина тұрғындарының Аллаһ Елшісіне ﷺ қуанғанындай бірде-бір нәрсеге қуанғанын көрген емеспін***», — деген (әл-Бухари, 3710).

Осылайша, Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) және Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келді.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өзіңнің дініңе көркем түрде қайтара көр.

3. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Уа, Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына сахаба болу үшін және Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар. Бұл дүниенің де, Ақыреттің де бақыты — оларға ертуде және олардың мәнһәжін (жолын) ұстануда.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ақиқатында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін жүректердің ең жақсысы ретінде тапты, содан соң оны Өзі үшін таңдап, Өз жолдауымен жіберді! Кейін Аллаһ Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдардың жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының жүректерінің ең жақсысы ретінде тапты да, оларды Өз Пайғамбарының діні үшін соғысатын көмекшілері етті*»[1].

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», әл-Хәйсәми, 1/177; «әл-Муғжәм әл-Әусәт», әт-Тәбәрани, 4/85; «әл-Муғжәм әл-кәбир», 9/112; «Муснад», имам Ахмад, 1/379. Хадистің иснады жақсы.

Ақиқатында, осы үмметте оның Пайғамбары Мухаммадтан ﷺ кейінгі ең жақсы адам — Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгімеміз, Аллаһ қаласа, екі тақырып төңірегінде болады:

1) Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғанға дейінгі Мәдинадағы Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын).

2) Абу Бакрдың Аллаһ Елшісінен ﷺ кейінгі халифа екендігіне нұсқайтын Құран мен Сүннет мәтіндері.

Аллаһтың құлдары! Бұл — Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғанға дейінгі Мәдинадағы, барлық ізгі істер қақпаларында бізге ең жақсы үлгі көрсеткен Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ Тағала оған разы болсын).

Бірінші: Абу Бакрдың Аллаһқа деген иманының ұлылығы

Абу Бакрдан бірде Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Араларыңда кім түс көрді?***», — деп сұрағаны жеткізіледі. Бір адам: «*Мен көрдім. Түсімде аспаннан таразы түсіп, сіз бен Абу Бакр тартылғанда, сіз басып кеткеніңізді көрдім. Кейін Абу Бакр мен Умар тартылып, Абу Бакр басып кетті. Кейін Умар мен Усман тартылып, Умар басып кетті, ал содан кейін таразы қайта жоғары көтеріліп кетті*», — деді. Ал сахабалар Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзінен оның бұны естігенге риза болмағанын көрді[1].

Сондай-ақ басқа бір риуаятта оның былай дегені жеткізіледі: «*Бұл адамның айтқаны Аллаһтың Елшісіне ﷺ ауыр тиді, және ол ﷺ:* «***Пайғамбар мұрагерлерінің билігі болады, содан кейін Аллаһ билікті қалаған адамына береді***», *— деді*»[2].

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакрдың Умар ибн әл-Хаттабтан және басқа сахабалардан артықшылығына нұсқау бар.

Абу Бакр ибн Ғайәш былай деген: «*Абу Бакр олардан көп намаз оқумен немесе көп ораза ұстауымен озбады, ол олардан жүрегінде берік ор-*

---

1 Әт-Тирмизи, 2287; Абу Дауд, 4634; «әс-Сунан әл-Кубра», ән-Нәсәи, 5/43; «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, 3/74; Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан» әт-Тирмизи мен Абу Даудта, сондай-ақ «әл-Мишкәтта» сенімді деп атаған, 6057.

2 Абу Дауд, 4635; «Муснад» имам Ахмад, 5/44; «Муснад әл-Бәззәр», 9/108; «Мусәннаф» ибн Абу Шәйба, 6/176; «Мәжмәғ әз-зәуәид», 5/178; «әс-Сунна», Ибн Абу Ғасым, 2/536. Шейх әл-Әлбәни «Абу Дауд» пен ибн Абу Ғасымның «әс-Суннасына» жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

ныққан нәрсенің себебінен озды»[1]. Сол себепті: «***Егер Абу Бакрдың иманы жер бетіндегі адамдардың иманымен тартылатын болса, онда Абу Бакрдың иманы басып кетер еді***», — деп айтылған. Адамдар (таңғалып): «Аллаһ Пәк! (СубханаЛлаһ)», — деген кезде, (Пайғамбарымыз ﷺ): «***Мен бұған сенемін. Абу Бакр мен Умар да бұған сенеді***», — деді (Әл-Бухари, 3464; Муслим, 2388).

Екінші: Абу Бакрдың Аллаһ Елшісінің ﷺ құпияларын қалай сақтағаны

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) өзінің қызы Хәфсәнің жесір қалғанынан кейінгі болған жағдайды айтып бергенін жеткізген. Хәфсә Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы болған әрі Мәдинада қайтыс болған Хунәйс ибн Хузәфә әс-Сәхмидің әйелі еді. Умар ибн әл-Хаттаб былай деген: «*Мен Усман ибн Ғаффанға (Аллаһ оған разы болсын) келіп, оған Хәфсәні (әйелдікке) ұсындым, бірақ ол: «Мен бұл туралы ойланып көремін», — деді. Мен (бірнеше) түн (күттім, ал кейін) ол (маған жолығып): «Қазір үйленбеймін деп ойлаймын», — деді.*

(Біршама уақыттан кейін) мен Абу Бакр ас-Сыддыққа (Аллаһ оған разы болсын) жолығып, (оған): «Егер қаласаң, Хәфсә бинт Умарды саған тұрмысқа беремін», — дедім, (бірақ) Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) маған жауап бермей, үндемеді қалды. Мен оған Усманға қарағанда қаттырақ. Осылайша бірнеше түн өтті, кейін оған Аллаһтың Елшісі ﷺ құда түсті және мен оны Оған тұрмысқа бердім. Содан соң Абу Бакр менімен жолығып: «Сен маған Хәфсәні ұсынып, ал мен саған ештеңе жауап бермегеннен кейін, маған ренжіген боларсың?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Ол: «Расында, сенің ұсынысыңа жауап беруіме тек Аллаһ Елшісінің ﷺ ол туралы айтқанын білуім ғана бөгет болды. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ құпиясын аша алмадым. Егер Аллаһтың Елшісі ﷺ одан бас тартқанда, мен (қызыңды) міндетті түрде өзім алар едім!», — деді» (Әл-Бухари, 3783).

[1] «Нәуәдир әл-усул фи әхәдис әр-русул», 3/55.

Үшінші: Абу Бакрдың құпталған істерге бұйырып, тыйым салынған істерден тыйуы

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ менің қасыма кірді. Ал ол кезде менің жанымда Буғас туралы ән айтып отырған екі бойжеткен қыз бар еді. Ол төсекке жатып, теріс қарады. (Арада біршама уақыт өткенде бөлмеме) Абу Бакр кіріп, маған қатты дауыспен: «Пайғамбарымыздың ﷺ қасында шайтанның сыбызғысы қалайша естіліп тұр?», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оған бұрылып: «**Оларды тиіспе (қалдыр)**», — деді. Абу Бакр (бірдеңеге) алаңдап қалғанда мен қыздарға (олардың кетуін білдіретін) белгі бердім және олар шығып кетті. Бұл мейрам күні еді*». Басқа риуаятта Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакрға: «***Уа, Абу Бакр! Оларға тиіспе, өйткені бұл — мейрам күні***», — деген. Сондай-ақ басқа бір риуаятта Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Уа, Абу Бакр! Әр халықтың өз мейрамы бар, ал бұл біздің мейрамымыз***», — деген (Әл-Бухари, 3716; Муслим, 892).

Төртінші: оның дұғаға деген ұмтылысы

Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «*Маған намазымда Аллаһқа жалбарынатын дұға сөздерін үйретіңізші*», — деді. (Сонда Пайғамбарымыз ﷺ): ««***Уа, Аллаһ! Расында, мен өзіме көптеген әділетсіздік жасадым, ал менің күнәларымды Өзіңнен басқа ешкім кешірмейді! Маған кешіріміңді нәсіп етіп, кешіре гөр әрі мені рахымыңа бөлей гөр! Расында, Сен — Кешірімді, Рахымдысың!», — деп айт***», — деді (Әл-Бухари, 799, Муслим, 2705).

Сондай-ақ Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын): «*Уа Аллаһтың Елшісі! Маған таңертең және кешке қандай сөздерді айтуым керектігін айтыңызшы!*», — деген еді. (Сонда Пайғамбарымыз ﷺ): ***«Уа,, Аллаһ! Көктер мен жердің Жаратушысы, көмес пен айқынды Білуші, барлық нәрсенің Раббысы әрі Иесі! Мен Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік беремін және өзімнің нәпсімнің жамандығынан, (сондай-ақ) шайтанның жамандығынан әрі оның серік қосуынан Сенің қорғауыңа жүгінемін», — деп айт***», — деді. (Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ): «***(Осы сөздерді) таңертең, кешке және төсекке жатар кезде айт***», — деді[1].

[1] Абу Дауд, 5067; Әт-Тирмизи, 3392; «Муснад» имам Ахмад, 1/10; «Сахих» ибн Хиббән, 3/242; «Мустәдрак әл-Хәким», 1/694; Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Абу Дауд уә әт-

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен ﷺ кейін Аллаһ Тағалының келесі бұйрықтарына бойұсынып, дұға етуге басқа адамдардан көбірек ұмтылатын еді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمُ ٱدْعُونِيٓ أَسْتَجِبْ لَكُمْۚ﴾

«**Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, Мен сендерге жауап беремін», — деді**» («әл-Ғофир» сүресі, 40-аят).

﴿وَسْـَٔلُواْ ٱللَّهَ مِن فَضْلِهِۦٓۚ﴾

«**Аллаһтан оның кеңшілігінен сұраңдар**» («ән-Нисә» сүресі, 32-аят).

Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) өзінің дұғасында: «*Уа, Аллаһ! Өмірімнің соңын оның ең қайырлы кезеңі, соңғы амалдарымды олардың ең жақсылары және Өзіңмен кездесетін күнді ең қайырлы күн ете гөр*», — дейтін[1].

Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) адамдардың біреуі оны мақтағанын естігенде: «*Уа, Аллаһ! Сен мен туралы өзімнен жақсы білесің, ал мен өзім туралы олардан жақсы білемін. Уа, Аллаһ! Мені олар ойлағаннан жақсырақ ете көр, олар білмейтін нәрселерім үшін мені кешіре гөр және олардың айтқандары үшін мені жазалай көрме*», — деп айтатын[2].

Бесінші: Абу Бакрдың ізгі істерді жасауға деген ұмтылысы

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бүгін араларыңда кім ораза ұстап жатыр?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ал бүгін араларыңда кім жаназа намазына қатысты?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ал бүгін араларыңда кім кедей адамды тамақтандырды?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бүгін араларыңда кім ауру адамды зиярат етті?**», — деп сұрады. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Мен», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Осының***

Тирмизиге» жазған ескертпелері мен «әс-Силсилә әс-сахихида» сенімді деп атаған, 2753.

[1] «Мусаннәф Ибн аби Шәйба», 6/65; «Кәнз әл-ғаммәл», 5030.

[2] «Тәхзиб әл-әсмәғи», 2/480; «Әсәд әл-ғабах», 2/324.

барлығын жасайтын кез келген адам міндетті түрде Жәннатқа кіреді», — деді (Муслим, 1028).

Алтыншы: оның дүние-мүлкін Аллаһ Тағаланың жолында жұмсауы

Умар әл-Фәруқ Аллаһтың Елшісіне ﷺ мүлкінің жартысын алып келген еді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «***Отбасыңа не қалдырдың?***», — деп сұрады. Умар: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен оларға дәл осындай мүлік қалдырдым*», — деп жауап берді. Ал Абу Бакр бүкіл мүлкін алып келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Сен отбасыңа не қалдырдың?***», — деп сұрады. Абу Бакр: «*Мен оларға Аллаһты және Оның Елшісін қалдырдым*», — деп жауап берді[1].

АБУ БАКРДЫҢ (АЛЛАһ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) АЛЛАҺТЫҢ ЕЛШІСІНЕН ﷺ КЕЙІНГІ ХАЛИФА ЕКЕНДІГІН КӨРСЕТЕТІН ҚҰРАН МЕН СҮННЕТ МӘТІНДЕРІ

Бірінші: әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) халифа екендігін көрсететін Құран аяттары

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың Кітабында Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) осы үмметтегі басқа адамдарға қарағанда, әуелгілер мен соңғылардың мырзасы Мухаммадтың ﷺ мұрагері (халифасы) болуға ең лайықты екендігін көрсететін аяттар келген.

---

[1] «Сунан әт-Тирмизи», 3675; Абу Дауд, 1679; «Сунан әл-Кубрә» әл-Бәйхәқи, 4/180; «Муснад әл-Бәззәр», 1/263; «әс-Сунна» ибн Абу Ғасым, 2579; Шейх әл-Әлбәни тәхқиқ жасаған, сондай-ақ ол хадисті «Сунан әт-Тирмизи уә Абу Даудқа» жазған ескертпелерінде сенімді деп атаған.

1. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ٱهۡدِنَا ٱلصِّرَٰطَ ٱلۡمُسۡتَقِيمَ ۝٦ صِرَٰطَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمۡتَ عَلَيۡهِمۡ غَيۡرِ ٱلۡمَغۡضُوبِ عَلَيۡهِمۡ وَلَا ٱلضَّآلِّينَ ۝٧﴾

«Бізді тура жолға сала гөр! Нығметке бөленгендеріңнің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!» («әл-Фәтиха» сүресі, 6–7 — аяттар)**.**

Аллаһтың құлдары! Бұл аяттағы дәлел: Абу Бакр — Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың жолына түсіруді сұрауды бұйырған және жолдарын ұстануды бұйырған адамдардың қатарына жатады. Олар — Аллаһ Тағаланың нығметіне бөленгендер. Аллаһ Тағала олардың арасынан шыншылдарды атап, былай деген:

﴿وَمَن يُطِعِ ٱللَّهَ وَٱلرَّسُولَ فَأُوْلَٰٓئِكَ مَعَ ٱلَّذِينَ أَنۡعَمَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِم مِّنَ ٱلنَّبِيِّـۧنَ وَٱلصِّدِّيقِينَ وَٱلشُّهَدَآءِ وَٱلصَّٰلِحِينَۚ وَحَسُنَ أُوْلَٰٓئِكَ رَفِيقٗا ۝٦٩﴾

«Ал кім Аллаһқа, пайғамбарға бойұсынса, солар Аллаһ Тағала нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шәһидтер және игілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас!» («ән-Нисә» сүресі, 69-аят)**.**

Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) шыншылдардан екендігін хабарлады, ал бұл Абу Бакрдың солардың бірі, тіпті олардың ең алғашқысы екендігіне нұсқайды (әл-Бухари, 2/2293)**.**

Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) жолы тура жол болып табылатын адамдардың қатарынан болғандықтан, ақыл иесінде оның Пайғамбарымыздың ﷺ халифасы болуға осы үмметтегі Аллаһтың басқа жаратылыстарына қарағанда көбірек хақысы бар екендігіне еш күмән қалмайды.

2. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ مَن يَرۡتَدَّ مِنكُمۡ عَن دِينِهِۦ فَسَوۡفَ يَأۡتِي ٱللَّهُ بِقَوۡمٖ يُحِبُّهُمۡ وَيُحِبُّونَهُۥٓ أَذِلَّةٍ عَلَى ٱلۡمُؤۡمِنِينَ أَعِزَّةٍ عَلَى ٱلۡكَٰفِرِينَ يُجَٰهِدُونَ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ وَلَا يَخَافُونَ لَوۡمَةَ لَآئِمٖۚ ذَٰلِكَ فَضۡلُ ٱللَّهِ يُؤۡتِيهِ مَن يَشَآءُۚ وَٱللَّهُ وَٰسِعٌ عَلِيمٌ ۝٥٤﴾

«Әй, иман келтіргендер! Сендерден кім дінінен шықса, Аллаһ жедел бір қауым әкеледі; Аллаһ оларды жақсы көреді және олар да Аллаһтың жақсы көреді. (Олар) мүминдерге қарсы жұмсақ, кәпірлерге қарсы қатал, Аллаһ жолында соғысады. Олар сөгіс білдіретіндердің сөгісінен қорықпайды. Бұл — Аллаһтың қалағанына беретін ілтипаты. Аллаһ өте Кең, аса Білуші» («әл-Мәида» сүресі, 54-аят)**.**

Аллаһтың құлдары! Осы ардақты аятта аталған сипаттамаға басқаларға қарағанда Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) және

оның кәпірлермен соғысқан сахабалардан болған әскері лайықты, әрі Аллаһ оларды ең кәміл қасиеттерді атап мақтады.

Аллаһтың құлдары! Бұл аят Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) халифа болуға лайық екендігін көрсетеді, өйткені оның басқаруы тұсында аятта аталған жағдай — Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін көптеген арабтардың діннен бас тартуы орын алды. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) және ардақты сахабалар Аллаһ Тағала хабарлағандай, араб тайпаларға Исламға қайта оралғанға дейін оларға қарсы жиһад жүргізді. Бұл — Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыздың орын алғанға дейін хабарлаған ғайып нәрселерінің бірі.

3. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِلَّا تَنصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ ٱللَّهُ إِذْ أَخْرَجَهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ثَانِىَ ٱثْنَيْنِ إِذْ هُمَا فِى ٱلْغَارِ إِذْ يَقُولُ لِصَٰحِبِهِۦ لَا تَحْزَنْ إِنَّ ٱللَّهَ مَعَنَا ۖ فَأَنزَلَ ٱللَّهُ سَكِينَتَهُۥ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُۥ بِجُنُودٍ لَّمْ تَرَوْهَا وَجَعَلَ كَلِمَةَ ٱلَّذِينَ كَفَرُوا۟ ٱلسُّفْلَىٰ ۗ وَكَلِمَةُ ٱللَّهِ هِىَ ٱلْعُلْيَا ۗ وَٱللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ ﴿٤٠﴾﴾

«**Егер сендер Пайғамбарымызға жәрдем етпесеңдер де оны, кәпірлер Меккеден шығарған кезде; үңгірдегі екінің бірі болған сәтте, оған Аллаһ жәрдем етті. Сол уақытта (Мухаммад) жолдасына (Абу Бакрға): «Мұңайма! Расында Аллаһ бізбен бірге», — дегенде, Аллаһ оған тоқтау салды. Сондай-ақ оны, сендер көрмейтін әскерлермен қолдады. Сөйтіп кәпірлердің сөзін төмендетті. Аллаһтың сөзі жоғары. Аллаһ — өте Үстем, Хикмет Иесі**» («әт-Тәуба» сүресі, 40-аят).

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ әл-Қуртуби былай деген: «*Кейбір ғұламалар Аллаһ Тағаланың «Ол үңгірде болған екі адамның бірі еді», — деген сөздері туралы: «Бұл аят Абу Бакрдың Аллаһ Елшісінің ﷺ мұрагері (халифасы) екенін көрсетеді, өйткені халифа тек екінші болады», — деген. Мен шейхіміз Абд-әл-Әббас Ахмад ибн Умардың: «Расында, әс-Сыддық) екі адамның екіншісі деп аталуға лайықты еді, өйткені ол Пайғамбардан ﷺ кейін билеуші болды, ал Пайғамбар ﷺ алғашқы билеуші еді», — деп айтқанын естідім*»[1].

4. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ مِنكُمْ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ لَيَسْتَخْلِفَنَّهُمْ فِى ٱلْأَرْضِ كَمَا ٱسْتَخْلَفَ ٱلَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ وَلَيُمَكِّنَنَّ لَهُمْ دِينَهُمُ ٱلَّذِى ٱرْتَضَىٰ لَهُمْ وَلَيُبَدِّلَنَّهُم مِّنۢ بَعْدِ خَوْفِهِمْ أَمْنًا ۚ يَعْبُدُونَنِى لَا يُشْرِكُونَ بِى شَيْـًٔا ۚ وَمَن كَفَرَ بَعْدَ ذَٰلِكَ فَأُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْفَٰسِقُونَ ﴿٥٥﴾﴾

[1] «Әл-Жәмиғ лил-әхкәм әл-Қуран», 8/147–148.

«**Аллаһ сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге, өздерінен бұрынғы өткендердей жер жүзіне мұрагер қылуды уәде етті. Сондай-ақ олар үшін өзі разы болған дінін нығайтып, қауіп-қатерден кейін бейбітшілікке айналдырады. Олар Маған құлшылық қылады. Маған еш нәрсені серік қоспайды. Кім бұдан кейін қарсы келсе, міне солар — пасықтар**» («ән-Нур» сүресі, 55-аят).

Хәфиз Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесі) былай деген: «*Сәләфтардың кейбірі: «Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) билігі (халифалығы) — олардың Аллаһтың Кітабымен (бекітілген) құқығы», — деп, кейін осы аятты оқыды*»[1].

5. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾﴾

«**Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа, Оның Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар**» (әл-Хәшр» сүресі, 8-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл аяттағы Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) билігіне келтірілген дәлел: Аллаһ Тағала оларды «шыншылдар» деп атады, ал Раббымыз шыншылдығына куәлік берген адам өтірікке бой алдырмайды және өтірік ешқашан оның мінезі болмайды. Шыншылдықпен сипатталған бұл адамдар ас-Сыддықты (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ орынбасары (халифасы) деп атауда бірауыздан келісті. Осылайша, бұл аят оның билігінің бекітілгенін көрсетеді.

Екінші: Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) халифа екенін көрсететін хадистер

Аллаһтың құлдары! Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) халифалығына нұсқайтын пайғамбарлық хадистерге келер болсақ, олар өте көп, кеңінен танымал және көптеген жолдармен жеткен, ал олардағы дәлел не ашық баяндау, не нұсқау тұрғысынан айқын болып табылады. Олардың белгілі болуы мен көптеген тізбектер арқылы жеткізілуі себепті, бұл мәселе бидғатшылар оны теріске шығара алмайтындай дәрежеде дінде жалпыға мәлім болып табылады. Бұны дәлелдейтін кейбір хадистерді келтірейік:

1 «Тәфсир ибн Кәсир», 5/121.

1. Жубәйр ибн Мутғимнің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*(Бірде) Пайғамбарымызға ﷺ бір әйел келіп, онымен бір нәрсе туралы сөйлесті, ал ол (Пайғамбарымыз ﷺ) оған (кейін) өзіне қайта оралуды бұйырды. Әйел: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер мен келіп, сізді таппасам (не істеуім керек)?», — деп, өлімді меңзегендей сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Егер мені таппасаң, Абу Бакрға бар**», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 3459; Муслим, 2386).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Абу Бакр әс-Сыддықтың — Пайғамбарымыздың ﷺ орынбасары (халифасы) екендігіне айқын нұсқау бар. Ибн Хәзм: «*Бұл — Абу Бакрдың халифа екендігіне айқын нұсқау*», — деген[1].

2. Абу Муләйкадан оның былай дегені жеткізіледі: «*Мен Айша анамыздың: «Аллаһ Елшісінің ﷺ орнына біреуді қою керек болғанда, оның орнын кім басатын еді?», — деп сұралғанын естідім. Ол: «Абу Бакр», — деп жауап берді. Кейін: «Ал Абу Бакрден кейін кім?», — деген сұрақ қойылды. Ол: «Умар», — деп дауап берді. Кейін одан: «Ал Умардан кейін кім?», — деп сұралды. Ол: «Абу Убәйда ибн әл-Жәррах», — деп жауап берді де, осымен сөзін аяқтады*» (Муслим, 2385).

Ән-Нәуәуи былай деген: «*Бұл — әһлу әс-сунна үшін халифалық мәселесінде сахабалардың бірауызды келісімі (ижмәғы) бойынша алдымен Абу Бакрдың, кейін Умардың артықшылығына дәлел. Сонымен қатар мұнда әхлу әс-сунна үшін Абу Бакрдың орынбасарлығы (халифалығы) Пайғамбарымыздың ﷺ оның халифа болуы керектігі туралы тікелей нұсқауымен бекітілмегендігіне де дәлел бар. Дегенмен, сахабалар оның үстемдігі мен артықшылығы себепті орынбасарлыққа ең лайықты екендігіне бірауыздан келісті. Егер мұнда оған немесе өзге біреуге қатысты тікелей нұсқау болғанда, ансарлар мен басқа адамдар арасында келіспеушілік туындамас еді, өйткені (шариғат) мәтінін жатқа білетін адам міндетті түрде соны көрсетер еді, ал олар соған жүгінер еді. Алайда, олар басында бір-бірімен тартысты, әрі бұл жөнінде мәтін болмады. Кейін олар Абу Бакр жайлы келісіп, мәселе шешімін тапты. Ал шығалардың Алиге нұсқайтын мәтіндерден және оған қатысты өсиеттен келтіретін дәлелдеріне келсек, бұл — өтірік әрі мұсылмандардың бірауызды пікірі бойынша мұның ешқандай негізі жоқ. Мұсылмандар Алидің заманынан бері мұның өтірік екендігіне келіскен, әрі оларды бірінші болып жоққа шығарған Алидің (Аллаһ оған разы болсын) өзі. Ол: «Бізде осы қағаздардағыдан басқа ештеңе жоқ», — деген болатын. Егер оның қолында шариғат мәтіні болса, ол оны міндетті түрде айтар еді. Ал оның бұл туралы қайсыбір күні*

[1] «Әл-фәсл фи әл-миләл уә әл-әхуа уә ән-нихәл», 4/108.

айтқаны немесе біреудің одан мұны жеткізгені туралы ешқандай дерек келмеген»[1].

3. Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз Пайғамбарымыздың ﷺ қасында отырған кезімізде ол ﷺ: «**Расында, араларыңда қанша уақыт қалатынымды білмеймін. Менен кейін болатындарға еріңдер**», — деп, Абу Бакр мен Умарға нұсқады. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «**Әрі Ғаммардың жолын, сондай-ақ Ибн Мәсғудтың сендерге айтқандарын ұстаныңдар және одан (ол хабарлаған нәрсені) қабылдаңдар**», — деді»*[2].

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыздың ﷺ: «…***Менен кейін болатындарға еріңдер***», — деген сөздері, яғни өзінен кейін болатын екі халифаны, ал олар — Абу Бакр мен Умарды білдіреді. Пайғамбарымыз ﷺ олардың жақсы беделі мен жандарының әрі ниеттерінің ықыластылығы себепті олардың соңынан еруге шақырды. Бұл хадисте кімнің халифа болатындығына нұсқау бар[3].

4. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ ауырған кезінде маған: «**Мен өсиетімді жазуым үшін Абу Бакрды және бауырыңды шақыр! Ақиқатында, мен дәмеленушінің дәмеленіп: «Мен лайықтырақпын», — деп айтуынан қорқамын, ал Аллаһ пен мүминдер Абу Бакрдан басқа ешкімді қабылдамайды**», — деді»* (Муслим, 2387).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығына анық нұсқайды, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ өзінің «Жоғарғы қоғаммен» кездескеннен кейін болашақта не болатынын, сондай-ақ мұсылмандардың Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) басқа ешкімнің билігін қабылдамайтынын хабарлады. Хадисте келіспеушіліктердің болатындығына нұсқау бар. Әрі барлық нәрсе Пайғамбарымыз ﷺ хабарлағандай орын алды. Кейін мүминдер Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) билігіне қатысты толықтай келісті[4].

5. Абу Муса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ ауырып, оның ауруы асқынған кезде, ол: «**Абу Бакрға айтыңдар, ол адамдардың намаздағы имамы болсын!**», — деді. Айша анамыз: «Расында, ол — жүрегі жұмсақ адам, егер ол (намазда) сіздің орныңызға тұрса, адамдармен намаз оқи алмайды», — деді. Сонда Пай-*

---

1 «Шарх ән-Нәуәуи», 15/154–155.

2 «Муснад» имам Ахмад, 5/385; Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада» сенімді деп атаған, 1233.

3 Қараңыз, «Фәйд әл-қодир» әл-Мунәуи, 2/56; «Тухфәт әл-әхуәзи», 10/147.

4 «Ақида әһли әс-сунна уә әл-жәмәға фи әс-сахаба», 2/542.

*ғамбарымыз ﷺ қайтадан: «**Абу Бакрға айтыңдар, ол адамдардың намаздағы имамы болсын!**», — деді. Айша (анамыз) өз сөзін қайталады. Сонда (Пайғамбарымыз ﷺ): «**Абу Бакрға айтыңдар, ол адамдардың намаздағы имамы болсын! Расында, сендер Юсуф туралы оқиғадағы әйелдер секілдісіңдер!**», — деді. Кейін Абу Бакрға хабаршы келді және ол Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде адамдарға имам болып, намазды басқарды»* (әл-Бухари, 678; Муслим, 420).

Аллаһтың құлдары! Хәфиз Ибн Кәсир «әл-Бидәя уә ән-нихәя» еңбегінде былай деген: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ Абу Бакрды намазда барлық сахабаларға имам етіп тағайындаған, ал бұл Исламның ең ұлы тіректерінің бірі болып табылатын амал*».

Абу әл-Хәсан әл-Әшғәри былай деген: «*Оның өзгелерден артықшылығы — бұл діндегі жалпыға белгілі мәселе. Оған артықшылық берілуі — оның сахабалардың ішіндегі ең білімдісі және олардың ішіндегі ең жақсы Құран оқушысы болғандығына дәлел*».

6. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, барлық адамдардың ішінде маған өзінің достығымен де, дүние-мүлкімен де ең көп жақсылық жасаған — Абу Бакр. Егер мен өз ұмметімнен ең жақын дос таңдайтын болсам, міндетті түрде Абу Бакрды таңдар едім, алайда Исламдағы бауырластық пен сүйіспеншілік бұдан артық! Ендеше, мешітте Абу Бакрдың есігінен басқа ешбір жабылмаған есік қалмасын!***». (әл-Бухари, 3654).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыздың ﷺ Абу Бакрдың есігінен басқа барлық есіктерді жабу туралы бұйрығында — оның Пайғамбар ﷺ қайтыс болғаннан кейін үмметке жүргізетін ең бірінші адам болатындығына қатаң нұсқау бар.

7. Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болған кезде ансарлар: «Біздің бір билеуші болсын, сендерде де бір билеуші болсын», — деді. Кейін оларға Умар (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «Әй, ансарлар! Аллаһ Елшісінің ﷺ Абу Бакрға адамдарға имам болуды бұйырғанын білмейсіңдер ме? Ендеше қайсыларың өзін Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) жоғары қоюды дұрыс деп санайды?», — деді. Сонда ансарлар: «Өзімізді Абу Бакрдан жоғары қоюдан Аллаһқа жүгінеміз», — деген еді*»[1].

8. Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған кезде, біз өз жағдайымызға қарап, Пайғамбарымыздың ﷺ намазда Абу Бакрға артықшылық бергенін көрдік. Содан соң біз де Аллаһ-*

[1] «Сунан әл-Бәйхәқи әл-Кубра», 8/152; «Мустәдрақ әл-Хәким», 3/70; Онда хадис сенімді деп аталған.

тың Елшісі ﷺ дініміз үшін кімге разы болса, дүниеміз үшін де соған разы болып, Абу Бакрды билеуші етіп тағайындадық»[1].

Аллаһтың құлдары! Абу әл-Хасан әл-Әшғәри Аллаһ Елшісінің ﷺ Абу Бакрды намазда имам етіп қойғанына қатысты: «*Оның Абу Бакрды намазда имам етіп қойғаны — Ислам дінінде жалпыға мәлім мәселе*», — деген ескертпе жасады. Сонымен қатар ол былай деген: «*Оның алға шығарылуы — сахабалардың ішіндегі ең білімдісі әрі Құранды ең жақсы оқитындығына дәлел, өйткені ғұламалар бірауызды келіскен риуаятта Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «**Адамдарға Аллаһтың Кітабын басқалардан көбірек оқитын (білетін) адам имам болуы керек. Егер олар оқуда тең болса, Сүннетті ең жақсы білетіні. Егер олар Сүннетті білуде де тең болса, жасы үлкенірек болғаны. Ал егер жас жағынан да тең болса, Исламды бұрын қабылдағаны**»».*

Ибн Кәсир былай деген: «*Бұл сөздерді әл-Әшғәри келтірген және бұл сөздерді алтынмен жазу қажет. Жоғарыда аталған сипаттардың барлығы Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) бойында жиналған*»[2].

Аллаһтың құлдары! Әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның алдыңғы және кейінгі буындары Пайғамбарымыздан ﷺ кейін билікке Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзінің артықшылығы, ізгі амалдар жасауға ұмтылысы себепті, әрі Пайғамбарымыз ﷺ оны барлық сахабалардың алдына намазға имам етіп қойғаны үшін басқа адамдарға қарағанда лайықтырақ болғандығына бір ауыздан келіскен. Сахабалар Пайғамбарымыздың ﷺ неліктен оны намазда имам етіп қойғанын түсінді және оны билеуші етіп тағайындауда әрі соңынан еруде басқалардан артық көруге бірауыздан келісті. Олардың ешқайсысы бұған қарсылық білдірген жоқ, әрі Аллаһ Тағала оларды адасушылық үстінде жинамайды. Олар оған бойұсынып ант берді, оның бұйрықтарына бағынды және ешкім оның билеуші болып тағайындалуына қарсы шықпады.

Аллаһтың құлдары! Бір топ құрметті білім иелері сахабалардың және олардан кейінгі әһлу әс-сунна уә әл-жәмәға өкілдерінің Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) халифа болуға басқалардан лайықтырақ болғанына қатысты бірауызды келісімін жеткізді. Ғұламалардың кейбір сөздерін келтірейік:

1. Хатыб әл-Бәғдәди (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Муһәжирлер мен ансарлар Абу Бакрдың билігіне қатысты бірауызды*

---

1 «Әс-Сунна» әл-Хәлләлә, 1/274; «әр-Рияд ән-надыра», 2/177.

2 «Әл-бидәя уә ән-нихәя», 5/265.

келіскен және оны: «Уа, Аллаһ Елшісінің ﷺ халифы!», — деп атаған, әрі одан кейінгі халифтардың ешқайсысын бұлай атаған жоқ».

2. Абу әл-Хасан әл-Әшғәри былай деген: «*Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ муһәжирлерді, ансарларды және Исламды алғашқы болып қабылдағандарды мақтады. Аллаһ мақтаған әрі дәріптеген осы адамдар Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) билігіне қатысты бірауызды келісті және оны Аллаһ Елшісінің ﷺ орынбасары (халифы) деп атады, оған ант берді, бойұсына бастады әрі оның артықшылығын мойындады*»[1].

3. Абдул-Мәлик әл-Жуәйни былай деген: «*Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) билігіне келер болсақ, бұл сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) бірауызды келісімімен расталған, әрі расында, олар оған толықтай бағынған*»[2].

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ҚАЙТЫС БОЛҒАН КЕЗІНДЕГІ АБУ БАКР ӘС-СЫДДЫҚ

Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Абу Бакр дүйсенбі күні адамдармен бірге таң намазын оқып жатқанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ кенеттен пайда болып, Айша анамыздың бөлмесінің шымылдығын көтерді де, олар сапқа тұрған кезде оларға қарап, күлімсіregені жеткізіледі. Сонда Абу Бакр Аллаһтың Елшісі ﷺ намазға шыққысы келді деп ойлап, сапқа тұру үшін артқа қарай шегіне бастады.

Әнас былай деген: «*Мұсылмандар Аллаһ Елшісін ﷺ көргенде, қуанғандарынан намазды тоқтата жаздады. Алайда ол оларға намазды аяқтауларын білдіртіп, кейін бөлмеге кіріп, шымылдықты түсірді*» (Әл-Бухари, 4448).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ осы күні қайтыс болды, содан соң Абу Бакр келді, ал Умар адамдармен сөйлесіп тұрған еді. Ол ешкімге қарамастан, Айша анамыздың үйінде үсті жабулы жатқан Аллаһтың Елшісіне ﷺ кірді. Абу Бакр оның жүзін ашып, сүйді де: «*Ата-*

1 «Тарих әл-Бағдәд», 10/130–131.

2 «Китәб әл-иршәд, 361-бет.

анам сіз үшін өтем болсын! Сіз тірі кезіңізде де, қайтыс болғаныңызда да игіліктесіз. Жаным Оның қолында болған Аллаһпен ант етемін! Аллаһ өлімді сізге екі мәрте таттырмайды», — деді. Кейін Абу Бакр сыртқа шықты, ал Умар адамдармен сөйлесіп жатқан болатын. Абу Бакр: «*Уа, Умар! Отыр*», — деді. Алайда Умар отырудан бас тартты. (Бірақ) Абу Бакр сөз бастаған кезде, Умар отырды.

Барлық адамдар Абу Бакрға қарай бұрылды. Ол Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтады да: «Араларыңда кім Мухаммадқа ﷺ құлшылық етсе, Мухаммадтың қайтыс болғанын білсін! Ал кімде-кім Аллаһқа құлшылық етсе, расында, Аллаһ — Тірі, ешқашан өлмейтінін есте сақтасын!», — деді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ ﴿٣٠﴾﴾

«**Расында, сен де өлесің. Олар да өледі**» («әз-Зумәр» сүресі, 30-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِن قَبْلِهِ ٱلرُّسُلُ ۚ أَفَإِيْن مَّاتَ أَوْ قُتِلَ ٱنقَلَبْتُمْ عَلَىٰٓ أَعْقَٰبِكُمْ ۚ وَمَن يَنقَلِبْ عَلَىٰ عَقِبَيْهِ فَلَن يَضُرَّ ٱللَّهَ شَيْـًٔا ۗ وَسَيَجْزِى ٱللَّهُ ٱلشَّٰكِرِينَ ﴿١٤٤﴾ وَمَا كَانَ لِنَفْسٍ أَن تَمُوتَ إِلَّا بِإِذْنِ ٱللَّهِ كِتَٰبًا مُّؤَجَّلًا ۗ وَمَن يُرِدْ ثَوَابَ ٱلدُّنْيَا نُؤْتِهِۦ مِنْهَا وَمَن يُرِدْ ثَوَابَ ٱلْءَاخِرَةِ نُؤْتِهِۦ مِنْهَا ۚ وَسَنَجْزِى ٱلشَّٰكِرِينَ ﴿١٤٥﴾﴾

«**Мухаммад тек елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ол өлсе не өлтірілсе, арттарыңа қайтасыңдар ма? Кім кері қайтса, Аллаһқа ешқандай зиян келтіре алмайды. Сондай-ақ Аллаһ шүкір етушілерді сыйлайды. Аллаһтың бұйрығы болмайынша ешкім өлмейді, ол жазулы бір мерзім. Кім дүниенің пайдасын тілесе, оған одан береміз. Ал кім ақырет пайдасын қаласа, оған одан береміз. Сондай-ақ шүкірлік етушілерді сыйлаймыз**» («Әли Имран» сүресі, 144–145 — аяттар).

Абу Бакр бұл сөздерді айтқанда, адамдар дауыстап жылап жіберді (Әл-Бухари, 3668).

Аллаһтың құлдары! Адамдар әс-Сыддықтың құтпасынан кейін Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болғанына көз жеткізген соң, ансарлар Бану Сағид тайпасының шатырының астында Сағд ибн Ғибәдтің қасына жиналды. Сонымен бірге ол жерге өзара кеңесіп, тартысқаннан кейін мұһажирлер де келді. Сонда ансарлар: «*Біздең бір билеуші болсын, сендерден де бір билеуші болсын*», — деді. Алайда Абу Бакр: «*Құрайыштықтар билеушілер болып табылады*», — деді.

Сонда Умар: «*Әй, ансарлар қауымы! Аллаһ Елшісінің ﷺ Абу Бакрға адамдарның намаздарындағы имам болуын бұйырғанын білмейсіңдер ме?*

Ендеше қайсыларың өзін Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) жоғары қоюды дұрыс деп санайды?», — деді. Бұған Ансарлар: «*Аллаһқа өзімізді Абу Бакрдан жоғары қоюдан жүгінеміз*», — деп жауап берді[1].

Умар Абу Бакрдың қолынан ұстап: «*Бұл үш сипат кімнің бойында бар?* «**Үңгірде болған екі адамның бірі…**», — *бұл екеуі кім?* «**…жолдасына айтты…**», — оның жолдасы кім еді? «**Расында, Аллаһ — бізбен бірге**», — *кіммен бірге?*», — *деді*».

Содан кейін Умар онымен қол алысып, оған ант беріп, басқаларға да: «*Оған ант беріңдер!*», — деді және адамдар бұны істеді[2].

Уа Аллаһ! Мұсылмандарды Өзінің дініне ең жақсы түрде қайтара гөр!

1 «Сунан әл-Бәйхәқи әл-Кубра», 8/152; «Мустәдрак әл-Хәким», 3/70; Онда хадис сенімді деп аталған.

2 «Фәтх әл-бәри», 7/139.

4. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыз Өзінің Кітабында:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**», — деген («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өзінің Пайғамбарына жолдас болу әрі Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعۡدِهِمۡ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغۡفِرۡ لَنَا وَلِإِخۡوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلۡإِيمَٰنِ وَلَا تَجۡعَلۡ فِي قُلُوبِنَا غِلّٗا لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٞ رَّحِيمٌ ١٠﴾

«**Сондай олардан кейін (яғн сахабалардан кейін) келгендерге де (бұл олжадан беріледі). Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай көр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір кірбеңдік қылма. Раббымыз, күмәнсіз, Сен — тым Жұмсақ, ерекше Мейірімдісің**» («әл-Хәшр» сүресі, 10-аят).

Аллаһтың құлдары! Осы үмметтегі оның Пайғамбары Мухаммадтан ﷺ кейінгі ең игі адам — Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын). Ол

туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Егер мен өз ұмметімнен ең жақын дос таңдайтын болсам, міндетті түрде Абу Бакрды таңдар едім. Алайда сендердің жолдастарың — Аллаһтың сүйіктісі (халилі)***»[1].

Сонымен қатар Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакр туралы: «***Ешбір дүние мүлік маған Абу Бакрдың дүние-мүлкіндей пайда әкелген емес***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ күндердің бір күнінде ол туралы Умарға былай деген: «***Расында, Аллаһ Тағала мені жібергенде, сендер: «Сен өтірік айтасың!», — дедіңдер. Ал Абу Бакр: «Ол шындықты айтады», — деді, әрі ол маған қолдау көрсетіп, маған дүние-мүлкін аямады. Менің досымды ренжітуді тоқтатпайсыңдар ма?!***» (Әл-Бухари, 3661).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырып, Аллаһ қаласа, Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) туралы болады және мұнда екі нәрсе жайлы айтылады:

1) Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) жиһадтағы шайқас майдандарында;

2) Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) осы ұмметке айтқан насихаттары.

Бірінші тақырып: Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) жиһадтағы шайқас майдандарында

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Сира ғұламалары Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісі ﷺ қатысқан бірде-бір әскери жорықты қалдырмағанына қатысты еш келіспеушілік танытпайды*»[2].

Аллаһтың құлдары! Мухаммад ﷺ алып келген осы ұлы діннің жеңісі үшін оның өз жанымен, дүние-мүлкімен, ақыл-парасатымен және тілімен қалай жиһад жүргізгенін көру үшін Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге шайқасқан ас-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) өміріне бірге бойлайық.

---

1 Әт-Тирмизи, 3661. Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиде» бұл хадиске қатысты былай деген: «Бұл хадис әлсіз, тек: «***Әрі ешбір мүлік маған Абу Бакрдың мүлкі бергендей пайда әкелген емес***», деген сөздер ғана «Мушкиләт әл-фәкрде» сенімді болып табылады, 13.

2 «Әсәд әл-ғаба», 3/318.

Бадр шайқасындағы Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

1) Әскери кеңесте ол (Аллаһ оған разы болсын) әрдайым бірінші болған.

Пайғамбарымызға ﷺ Абу Суфиян бастаған керуеннің аман құтылғаны және Мекке басшыларының Пайғамбарымызбен ﷺ шайқасуға табанды түрде ұмтылып жатқаны туралы хабар жеткенде, Пайғамбарымыз ﷺ сахабалармен кеңесе бастады. Сонда Абу Бакр әс-Сыддық орнынан тұрып, сөз сөйледі және оның сөзі өте көркем болды. Кейін Умар ибн әл-Хаттаб орнынан тұрып, сөз сөйледі және оның да сөзі көркем болды[1].

2) Шайқас майданында ол (Аллаһ оған разы болсын) әрдайым Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында болған.

Аллаһтың құлдары! Барлық себептер жасалғаннан кейін, Аллаһтың Елшісі ﷺ Өз Раббысына бет бұрып, Одан өзіне уәде етілген жеңісті сұрап, дұға жасады. Ол өзінің дұғасында: «***Уа, Аллаһ! Маған уәде еткеніңді орындай гөр! Уа, Аллаһ! Маған уәде еткеніңді бер! Уа, Аллаһ! Егер Сен мұсылмандардың осы тобын құрдымға ұшыратсаң, Жер бетінде Саған ешкім ғибадат етпейтін болады!***», — деген еді. Ол иығынан шапаны түсіп кеткенге дейін қолдарын жайып, Өз Раббысынан көмек сұрап дұға етуді жалғастыра берді. Сонда оған Абу Бакр жақындап, шапанын алып, иығына жапты, содан соң оны артынан құшақтап: «*Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Раббыңа дұға еткеніңіз жеткілікті, өйткені Ол сізге уәде еткенін міндетті түрде орындайды*», — деді (Муслим, 1763). Сонда Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ мына аятты түсірді:

﴿إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَٱسْتَجَابَ لَكُمْ أَنِّى مُمِدُّكُم بِأَلْفٍ مِّنَ ٱلْمَلَٰٓئِكَةِ مُرْدِفِينَ ۝٩﴾

«**Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынуда едіңдер. Сонда Ол: «Расында, сендерге ерген мың періштемен көмек етемін», — деп дұғаларыңды қабыл етті», — деді**» («әл-Әнфәл» сүресі, 9-аят).

Аллаһтың құлдары! Сонымен қатар Ибн Аббастан (Аллаһ оларға разы болсын) жеткен риуаятта, Аллаһтың Елшісі ﷺ Бадр шайқасы болған күні былай деген: «***Уа, Аллаһ! Өзіңнің уәдеңді орындауыңды сұраймын! Уа, Аллаһ! Егер Сен қаласаң, осы күннен кейін Саған ешкім ғибадат етпейтін болады***». Сонда Абу Бакр оның қолынан ұстап: «*Жеткілікті*», — деді. Содан соң Пайғамбар ﷺ сыртқа шығып:

﴿سَيُهْزَمُ ٱلْجَمْعُ وَيُوَلُّونَ ٱلدُّبُرَ ۝٤٥﴾

[1] Жоғарыда келтірілген.

«**Ол топ, таяуда жеңіліске ұшырап, арттарына бұрылып қашады**», — деп айтып бара жатты («әл-Қамар» сүресі, 45-аят). (Әл-Бухари, 2758).

3. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) және тұтқындар.

Ибн Аббас (Аллаһ оларға разы болсын) былай деген: «*… (Мұсылмандар) тұтқындарды қолға түсірген кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакр мен Умардан: «**Бұл тұтқындар туралы не ойлайсыңдар?**», — деп сұрады. Абу Бакр: «Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Олар — (біздің туыстарымыз) әрі руластарымыз, меніңше, олардан төлемақы алғаныңыз (дұрысырақ), бұл бізге кәпірлерге қарсы (күресте) қуат береді. (Оның үстіне), мүмкін (кейіннен) Аллаһ оларды Исламға әкелетін шығар», — деді. (Осыдан кейін) Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ал сен не ойлайсың, әй, Ибн әл-Хаттаб?**», — деп сұрады.*

Умар: «: Жоқ, уа Аллаһтың Елшісі! Мен Абу Бакр секілді ойламаймын! Меніңше, бізге олардың басын шабуға рұқсат беруге, Алиге Ғакилдің, ал маған пәленшенің басын шабуға рұқсат бергеніңіз дұрысырақ, өйткені бұл тұтқындар — (кәпірлердің) көсемдері әрі (Меккенің) беделді адамдары!», — деп жауап берді. Умар: «Аллаһтың Елшісіне ﷺ Абу Бакрдың айтқаны ұнап, менің айтқаным ұнамады…», — деген еді» (Муслим, 1763).

Аллаһтың құлдары! Сонда Умардың (Аллаһ оған разы болсын) пікірін растайтын уахи түсті. Ал хадистен түсінілетіні — Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) мәселелерді шешуде әрдайым алдыңғы қатарда болған.

Екінші: Ухуд шайқасындағы әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Мергендер тауды тастап кеткеннен кейін мұсылмандардың басына түскен жағдай орын алып, олар жан-жаққа бытырап кеткен кезде, Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында қалғандардың ішінде Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) пен кейбір сахабалар бар еді.

Аллаһтың құлдары! Әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) дәрежесі Ухуд шайқасынан айқын көрінеді. Абу Суфиян: «Араларыңда Мухаммад бар ма?», — деп сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жауап бермеңдер***», —деді.

Содан кейін ол Абу Бакрды меңзеп: «Араларыңда Абу Кухафа бар ма?», — деп сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ тағы да: «***Жауап бермеңдер***», — деді. Сосын ол: «Араларыңда Ибн әл-Хаттаб бар ма?», — деп сұрады.

Сонда Абу Суфиян: «Расында, олар өлді, егер олар тірі болғанда жауап берер еді», — деді. Бұл сөздер айтылғанда, Умар өзін ұстай алмай: «***Әй, Аллаһтың жауы! Сен өтірік айттың! Аллаһ сені қайғыруға душар ететін нәрсені тірі қалдырды!***», — деген еді (әл-Бухари, 3817).

Аллаһтың құлдары! Бұл осы үмметтің Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсы адамдары Абу Бакр мен Умар (Аллаһ оларға разы болсын) екендігіне, әрі олардың өз Пайғамбарынан ﷺ кейінгі Исламның тірегі екендігіне нұсқайды.

Үшінші: Худайбия келісіміндегі Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын)

1. Кеңес кезінде

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ өз сахабаларымен бірге умра рәсімдерін орындау үшін Мәдинадан Меккеге қарай жол жүрді. Жолда Аллаһтың Елшісіне ﷺ Мекке тұрғындарының Қағбаға барар жолды бөгеу үшін оған қарсы көптеген әскер жинағаны туралы хабар жетті! Сонда Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларға: «***Әй, адамдар! Маған кеңес беріңдер***», — деді. Бұған Абу Бакр: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз (Мәдинадан) ешкімді өлтіруді де, ешкіммен шайқасуды да қаламай, тек Қағбаға жетуді көздеп шықтыңыз. Жолыңызды жалғастыра беріңіз, ал біз жолды бөгегендермен өзіміз шайқасамыз!*», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһтың атымен жолдарыңды (әрі қарай) жалғастырыңдар!***», — деді (әл-Бухари, 3944).

2. Келіссөздер кезінде

Аллаһтың құлдары! Құрайыштықтардың делегациялары Пайғамбарымызбен ﷺ келіссөз жүргізу үшін келіп жатты. Осы делегациялардың арасында Аллаһтың Елшісіне ﷺ: «Әй, Мухаммад! Сен өз отбасыңмен (руластарыңмен) соғысу үшін келдің бе?! Ақиқатында, егер сен оларды қырып салсаң, өзіңе дейін өз тайпаластарын жойған бір адамды көрдің бе?! Ал егер істің беті басқаша бұрылатын болса, — яғни сен жеңіліс табатын болсаң, — онда, Аллаһпен ант етемін, мен сенің айналаңнан сенен қашып, сені жалғыз тастап кететін сұрыпталған тобырды көріп тұрмын!», — деген Ғуруа ибн Мәсғуд әс-Сақафи де бар еді. Сонда Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Ғуруа ибн Мәсғудқа: «*Ләттың делиткісің сор! Біз одан қашып, оны жалғыз тастап кетеді деп ойлайсың ба?*», — деді.

Ғуруа: «Бұл кім?», — деп сұрады. Оған: «Бұл — Абу Бакр», — деп жауап берілді.

Ғуруа: «Аллаһпен ант етемін! Егер сенің маған (кезінде) жасаған, қайтарымын бере қоймаған жақсылығың болмағанда, саған жауап қайтарар едім…», — деді.

3. Оның бейбіт келісіміне деген көзқарасы

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ Худәйбия бейбіт келісімінде құрайыштықтардың кейбір әділетсіз шарттарымен келіскен еді. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбарға ﷺ жақындап: «Сіз Аллаһтың шынайы Пайғамбары емессіз бе?», — деп сұрадым. Ол: «**Әрине, (шынайы Пайғамбарымын)!**», — деді. Сонда мен: «Біздікі дұрыс, ал дұшпандарымыз адасуда емес пе?», — деп сұрадым. Ол: «**Әрине (біздікі дұрыс)**», — деп жауап берді. Мен: «Онда неге біз өзіміздің дінімізге қатысты мәселеде төмендеуіміз (көнуіміз) керек?!», — дедім. (Бұған Пайғамбарымыз ﷺ): «Ақиқатында, мен — Аллаһтың Елшісімін және Мен Оған қарсы келе алмаймын, ал Ол маған жәрдем береді», — деп жауап берді. Мен: «Сіз бізге Қағбаға барып, оны тауаф жасаймыз деп айтпап па едіңіз?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Иә, бірақ мен саған осы жылы барамыз деп айттым ба?**», — деп сұрады. Мен: «Жоқ», — деп жауап бердім. Сонда ол ﷺ: «**Сен оған барып, оны тауаф етесің**», — деді».*

(Осыдан кейін) мен Абу Бакрға келіп, (одан): «Әй, Абу Бакр! Ол Аллаһтың шынайы Пайғамбары емес пе?», — деп сұрадым. Ол: «Әрине, (шынайы Пайғамбары)!», — деді. Мен: «Біздікі дұрыс, ал дұшпандарымыз адасуда емес пе?», — деп сұрадым. Ол: «Әрине, (біздікі дұрыс)!», — деді. (Сонда) мен: «Онда неге біз өзіміздің дінімізге қатысты мәселеде төмендеуіміз (көнуіміз) керек?!», — деп сұрадым. Сонда Абу Бакр: «Әй, адам! Расында, ол — Аллаһтың Елшісі ﷺ және ол Өзін қолдайтын Раббысына қарсы келе алмайды. Оның үзеңгісінен бекем ұста (яғни оның сөздері мен істеріне ілес және оған қарсы шықпа), өйткені, Аллаһпен ант етемін, ол — ақиқатта!», — деді. Мен: «Ол бізге Қағбаға барып, оны тауаф етеміз деп айтпады ма?», — деп сұрадым. Ол: «Иә, бірақ ол саған оған (дәл) осы жылы барасың деп айтты ма?», — деп сұрады. Мен: «Жоқ», — деп жауап бердім. Сонда ол: «(Ендеше) сен оған барып, оны тауаф ететініңді (біл)», — деді» (Әл-Бухари, 2581).

Қараңыздар, Абу Бакр Аллаһ Елшісінің ﷺ айтқан сөздерін тура сол қалпында қайталап айтты, әрі бізге оның Аллаһ Елшісінің ﷺ Умар ибн әл-Хаттабқа не айтқанын естімегені де, білмегені де мәлім. Егер бұл бір нәрсеге нұсқайтын болса, ол тек Абу Бакрдың сахабалардың ішіндегі ең кәмілі, Аллаһ Елшісінің ﷺ жағдайын ең жақсы білетіні, діни мәселелерде ең терең білімдісі, Аллаһ Тағаланың бұйрықтарына ең бойұсынушысы әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ шындығын бәрінен де артық растаушысы болғандығына нұсқайды. Оның жүрегі Аллаһ Елшісінің ﷺ жүрегімен үндес еді.

Сондықтан да бұл кісі осы ең ұлы үмметтің Шыншылы (әс-Сыддық) деп аталуға әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ жүрегі үшін ерлердің ішіндегі ең сүйіктісі болуға әбден лайық еді.

Төртінші: Табук шайқасындағы әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Табук шайқасында әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздан ﷺ мұсылмандар үшін дұға етуін сұрады. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз Табукке қатты ыстықта жолға шықтық. Біз белгілі бір жерге жеткенде, мойнымыз үзіліп кетердей қатты шөлге ұшырадық. Тіпті бір кісі өзінің түйесін бауыздап, оның ішек-қарнын сығып, соны ішіп, қалған қалдықтарымен ішін байлаған еді. Сонда Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Аллаһ сіздің кез келген дұғаңызға игілікпен жауап береді! Ендеше Аллаһқа дұға етіңізші!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен осыны қалайсың ба?**», — деп сұрады. Абу Бакр: «Иә», — деп жауап берді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ екі қолын жоғары көтерді де, аспанды бұлт торлап, яғни су төгуге дайындалып, сіркіреп жаңбыр жауғанша қолдарын төмен түсірмеді. Содан соң нөсер жаңбыр жауып, олар өздерінде бар барлық ыдыстарын толтырып алды. Сосын біз алға қарай жүріп, жаңбырдың тек әскер тұрған жерде ғана жауғанын көрдік*»[1].

Абу Бакр ас-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейінгі жиһад майдандарында

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Бакрға әс-Сақыфта ант беріліп, келесі күн басталғанда, ол мінберге отырды. Сонда Умар ибн әл-Хаттаб орнынан тұрып, Аллаһты Өзіне лайықты түрде дәріптеп, мадақтады да, былай деді: «Әй, адамдар, кеше мен сендерге кейбір сөздерді айтқан едім. Алайда мен оларды Аллаһтың Кітабынан алған жоқпын және бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ маған тапсырған өсиеті де емес еді. Алайда мен Аллаһ Елшісі ﷺ біздің істерімізді реттеп береді деп ойладым.*

[1] «Сахиха», ибн Хиббән, 3/223; «Сахиха» Ибн Хузәйма, 1/53; «Әл-Мустәдрәк», 1/263; «Мәжмәғ әз-зәуәид», 6/195–195; «әс-Сунна» әл-Бәйхәқи, 9/357.

Расында, Аллаһ сендерге Өзінің Кітабын қалдырды, ол арқылы Аллаһ пен Оның Елшісі ﷺ (адамдарды) тура жолға бастайтын еді. Егер сендер оны бекем ұстансаңдар, Ол сендерді оны тура жолмен жүргізгендей бастайды. Расында, Аллаһ сендерді араларыңдағы ең қайырлы адамның — Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы, үңгірде болған екі адамның екіншісінің басқаруына жинады. Тұрыңдар да, оған ант беріңдер».

Сонда адамдар әс-Сақыфтағы анттан кейін Абу Бакрға жалпы ант берді. Содан кейін Абу Бакр сөйлей бастады. Ол Аллаһты лайықты түрде мақтап-мадақтады, кейін былай деді: «Сонымен: әй, адамдар! Ақиқатында, мен сендерге басшы болып сайландым, бірақ мен сендердің ең жақсыларың емеспін. — Бұл оның кішіпейілділігінің көрінісі еді *— Егер мен жақсы іс істесем, маған көмектесіңдер, ал егер жаман іс істесем, мені түзеңіздер. Шыншылдық — бұл аманат, ал өтірік айту — қиянат. Сендердің араларыңдағы әлсіз адам, Аллаһ қаласа, өзінің хақысы қайтарылғанша менің алдымда күшті. Ал сендердің араларыңдағы күшті адам, Аллаһ қаласа, одан (басқаның) хақысы алынғанша менің алдымда әлсіз. Қайсыбір халық Аллаһ жолындағы жиһәдті тәрк етсе, Аллаһ оларды міндетті түрде қорлайды, және қайсыбір халықта бұзақылық таралатын болса, Аллаһ олардың барлығына міндетті түрде бақытсыздық (бәле) жібереді. Мен Аллаһқа және Оның Елшісіне бойұсынғанша маған бойұсыныңдар, ал егер мен Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы келсем, онда сендердің маған бойұсынуларың міндетті емес. Намазға тұрыңдар, Аллаһ сендерді рахымына бөлесін»»*[1].

Абу Бакр ас-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) халиф болғаннан кейін барлық мәселелерде Пайғамбарға ﷺ ілесуге ұмтылуы

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр халиф болғаннан кейін барлық мәселелерде Пайғамбарымызға ﷺ ілесуге ұмтыла бастады, сондықтан ол: «*Әй, адамдар! Расында, мен жаңалық еңгізуші емес, артынан ілесушімін*», — деген[2].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «…*Мен Аллаһ Елшісі ﷺ істеген нәрселердің ешқайсысын қалдырмаймын. Ақиқатында, егер мен*

[1] «Әс-Сиқат», 2/156; «Тәрих әт-Тобари», 2/237; «әс-Сира ән-нәбәуия» Ибн Хишәм, 6/82; «әл-Бидәя уә ән-нихәя», 6/305–306. Ибн Кәсир оның иснадын сенімді деп атаған.

[2] «Әс-сәфуәт әс-сафуә», 1/260; «әт-Тәбәқот әл-кубра», 3/183; «Тәрих әт-Тобари», 2/245;

оның ісінен бір нәрсені қалдырсам, тура жолдан адасамын деп қорқамын», — деген (әл-Бухари, 3093; Муслим, 1759).

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ Елшісінің ﷺ істегенін көрген бірде-бір істі өзім де істемей қалдырмаймын»*, — деген (әл-Бухари, 6726).

Аллаһтың құлдары! Сондықтан Фатыма (Аллаһ оған разы болсын) Абу Бакрға өзінің әкесінің (яғни Пайғамбардың ﷺ) мұрасынан тиесілі үлесін беруді өтініп хат жіберген кезде, ол: «*Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «**Расында, біз — Пайғамбарлар, артымыздан мирас қалдырмаймыз. Біз қалдырған нәрсе — садақа, әрі бұл мүліктің (түскен табыстың бір бөлігі) Мухаммадтың отбасын асырауға (жаратылады)**». Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ Елшісінің ﷺ көзі тірісінде бекіткен садақасының (жұмсалу тәртібін) ешқашан өзгертпеймін және оны міндетті түрде Аллаһ Елшісі ﷺ жұмсағандай жұмсаймын»*, — деп жауап берді. (Осылайша), Абу Бакр Фатимаға үлес беруден бас тартты. (әл-Бухари 4240, Муслим, 1759).

Аллаһтың құлдары! Сахабалардың кейбіреулері Абу Бакрға (Аллаһ оған разы болсын) Усаманың әскерін ұстай тұруды және оны жорыққа жібермеуді ұсынғанда, Абу Бакр оларға: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ жасақтаған әскерді тоқтатып қоймақпын ба? Мен ұлы іске батыл қадам жасадым! Жаным Қолында болған Аллаһтың атымен ант етемін! Маған Аллаһтың Елшісі ﷺ жіберген әскерді тоқтатып қойғанша, арабтардың барлығының қарсы шыққаны артығырақ»*, — деген еді.

Сондай-ақ басқа риуаятта оның былай дегені жеткізіледі: «*Абу Бакрдың жаны Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер мені жыртқыш аңдар талайды деп ойласам да, Аллаһтың Елшісі ﷺ бұйырғандай Усаманы бәрібір жіберер едім. Тіпті бұл елді мекенде менен басқа ешкім қалмаса да, мен оны бәрібір жіберер едім»*[1].

Басқа риуаятта: «*Аллаһпен ант етемін, тіпті бізді құстар іліп кетсе де, жыртқыш аңдар Мәдинаның айналасында жүрсе де және тіпті иттер мүминдердің аналарына қауып, жүгіріп жүрсе де, мен бәрібір Усаманың әскерін жіберер едім»*, — деп айтылған[2].

---

1 «Тәрих әт-Тобари», 2/245.

2 «Әр-Рияд ән-Надыра», 2/47; «Тәрих әт-Тобари», 4/45; «әл-Бидәя уә ән-нихая», 6/335.

Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) діннен қайтқандарға (муртадтарға) қарсы жиһәді

Аллаһтың құлдары! Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болып, Абу Бакр халиф болған кезде, арабтардың кейбірі күпірге қайта оралды (діннен қайтты). Сонда Умар ибн әл-Хаттаб Абу Бакрға (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын): «Сен бұл адамдармен қалайша шайқасасың? Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Маған адамдармен олар: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтқанға дейін шайқасу бұйырылды. Ал бұл сөздерді айтқан адамның мүлкі мен жаны тыйым салынған болады және олар [шариғат] құқығы бойынша болмаса алынбайды, ал одан есеп алу тек Аллаһқа ғана тән*», — деген еді ғой»», — деген сұрақпен жүгінді. Сонда Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһпен ант етемін, мен намаз бен зекеттің арасын бөлетіндермен міндетті түрде шайқасамын, өйткені зекет алу — шариғат хақысы! Аллаһпен ант етемін, егер олар Аллаһтың Елшісіне ﷺ беріп жүрген түйенің бұғауын (жібін) болса да маған беруден бас тартса, мен осы үшін олармен шайқасамын!», — деп жауап берді. Сонда Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһпен ант етемін, Аллаһтың Өзі Абу Бакрға шайқасу ойын ұялатты және мен мұның дұрыс шешім екендігін түсіндім», — деді*» (Әл-Бухари, 1399, 6924).

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) Абу Бакр әс-Сыддыққа (Аллаһ оған разы болсн) айтқан сөздерінің арасында: «*Әй, Аллаһ Елшісінің халифасы! Адамдарға жұмсақтық таныт!*», — деген сөздер бар еді. Сонда Абу Бакр оған: «*Мен сен маған көмектесесің бе деп үміттеніп едім, ал сен маған келіп, мені көмексіз қалдырдың. Надандық (жәһилия) дәуірінде қатал болып, Исламда жігерсіз болғаның ба? Уәхи тоқтады, дін кәміл болды — мен тірі болғанда шариғат кемиді ме? Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Тек шариғат хақысы бойынша болмаса*», — деп айтқан жоқ па? Оның хақысына — намаз оқу және зекет төлеу жатады. Аллаһпен ант етемін, егер бүкіл адамдар мені көмексіз қалдырса да, мен олармен жалғыз өзім жиһад жасауды бастаймын*», — деп жауап берді[1].

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) діннен қайтқандарға (муртадтарға) қарсы күрес жоспарын құрып, оларды жеңді және тәртіп орнатты. Оның сөздері мен істері ақиқат еді, әрі Аллаһ Тағала оған айқын жеңіспен жәрдем берді. Аллаһ Тағала оған және оның ардақты сахабаларына разы болсын! Біз олардың — Аллаһ Өз

[1] «Әт-Тәрих әл-исләми» Махмуд Шәкир, 3/68.

дініне жәрдем беру үшін және Өз Пайғамбарына сахаба болу үшін таңдап алған адамдар екендігіне, әрі олардың ең жақсысы Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) болғанына куәлік етеміз.

ЕКІНШІ ТАҚЫРЫП: АБУ БАКРДЫҢ (АЛЛАҺ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) НАСИХАТТАРЫ

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзінің жанымен және мүлкімен жиһад жасағандығы секілді, Аллаһ Тағаланың жолында тілімен де хикметпен әрі көркем насихатпен жиһад жасады. Өйткені ол Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Көпқұдайшылдарға (мүшриктерге) қарсы мүліктеріңмен, жандарыңмен және тілдеріңмен жиһад жасаңдар***», — деп айтқанын естіген еді[1].

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мужәһид — Аллаһ үшін өзінің нәпсісімен жиһад жасаушы***», — деп айтушы еді[2].

Аллаһтың құлдары! Сондықтан Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзіне де, өзгелерге де насихат айтатын еді.

Умар (Аллаһ оған разы болсын) тілінің ұшынан ұстап тұрған Абу Бакрдың қасына келіп: «*Тоқта! Аллаһ сені кешірсін!*», — деген еді. Сонда Абу Бакр: «*Бұл мені опат етті*», — деп жауап берді[3].

Сондай-ақ Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын): «*Әттең, мен тіспен жұлынып, кейін желінетін ағаш болғанымда ғой!*», — деген еді[4].

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзінің құтбасында былай деген: «*Өздеріңнен есеп алынғанға дейін өз нәпсілеріңнен есеп алыңдар. Қайсыбір халық Аллаһ жолындағы жиһадты тәрк етсе, Аллаһ оларды міндетті түрде кедей етеді. Және қайсыбір халықта бұзақылық та-*

---

1 «Мустәдрак әл-Хәким», 2/91; «Сунан Дәрими», 2/280; «Сунан Абу Дауд», 2504; «Мунад» имам Ахмад, 3/251. Шейх әл-Әлбәни «Сунан Абу Дауд» және «Сахих әл-жәмиғ» кітаптарына қатысты ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған, 3085.

2 «Сахих ибн Хиббән», 11/5; «Муснад» имам Ахмад, 6/20. Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», 6679 және «әс-Сахихада», 549 сенімді деп атаған.

3 «Шуғәб әл-иман», 4/256; «әт-Тәхмид» Ибн Абдул-Барр, 5/65.

4 «Сәфуәт әс-сәфуә», 1/251; «әр-Рияд ән-надыра», 2/137.

ралатын болса, Аллаһ оларды міндетті түрде бақытсыздыққа душар етеді»[1].

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендер белгілі бір мерзімде таңертең жолға шығып, кешке қайтып қайтатындарыңды білмейсіңдер ме? Ол арқылы Аллаһ Тағаланың жүзі қаланбайтын сөзде жақсылық жоқ, және Аллаһ Тағаланың жолында жұмсалмайтын мүлікте де жақсылық жоқ. Сондай-ақ надандығы парасатын жеңген адамда жақсылық жоқ және Аллаһ үшін бір іс жасағанда айыптаушының айыптауынан қорқатын адамда жақсылық жоқ»*[2].

Сондай-ақ Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз жомарттықты — тақуалықта, байлықты — сенімділікте, ал құрметті — кішіпейілділікте таптық*», — деген[3].

Олай болмағанда ше? Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ أَكۡرَمَكُمۡ عِندَ ٱللَّهِ أَتۡقَىٰكُمۡۚ﴾

«**Расында, Аллаһтың алдында ең ардақтыларың — тақуаларың**» («әл-Хужурат» сүресі, 13-аят).

Аллаһтың құлдары! Абу Бакрға (Аллаһ оған разы болсын) өлім келгенде, ол Умарды (Аллаһ оған разы болсын) шақырып алып, оған былай деді: «*Уа, Умар! Аллаһтан қорық! Аллаһтың алдында сен орындауға тиіс күндізгі міндеттер бар екендігін және Ол оларды түнде қабылдамайтынын, сондай-ақ түнде орындауға тиіс міндеттер бар екендігін және Аллаһ оларды күндіз қабылдамайтынын біл. Аллаһ Тағала парыз амалдарды орындамайынша, нәпіл амалдарды қабылдамайды. Расында, Қиямет күні бұл дүниеде ақиқаттың ауырлығына қарамастан оған ілескендердің таразысы ауыр тартады. Ертең ішіне ақиқат қойылатын таразының ауыр болуға хақысы бар. Ал жалғанға ілескендердің таразысы Қиямет күні жеңіл болады, өйткені бұл олар үшін оңай еді. Ертең ішіне жалғандық қойылатын таразының жеңіл болуына хақысы бар. Расында, Аллаһ Тағала Жәннат тұрғындарын, олардың ең жақсы амалдарын атап, жаман істерін кешірді. Мен оларды есіме алғанда: «Расында, мен оларға жете алмаймын деп қорқамын», — деймін. Сондай-ақ Аллаһ Тағала Тозақ тұрғындарын атап өтіп, олардың ең жаман істерін еске салып, ізгі амалдарын қабылдамады. Мен оларды есіме алғанда: «Ақиқатында, мен олармен бірге болмаймын деп үміттенемін», — деймін. Пенде үміт пен қорқыныш*та болуы керек, сондай-ақ Аллаһқа қатысты (амал етпей тұрып)

1 «Кәнз әл-ғәммәл», 14114.

2 «Хилиәт әл-әулия», 1/36.

3 «Ихия ғулум әд-дин», 4/144.

бос қиялға берілмеуі және Оның рахымынан үміт үзбеуі тиіс. Егер сен менің бұл насихатыма ұқыпты қарайтын болсаң, онда саған келетін өлімнен артық сүйікті нәрсе болмасын, ал ол саған міндетті түрде келеді. Ал егер сен менің бұл насихатыма салғырт қарайтын болсаң, онда саған өлімнен артық жеккөрінішті нәрсе болмасын, әрі сен одан құтыла алмайсың»[1].

Ұлы Аллаһ Тағаладан бізді де, сіздерді де Өзі жақсы көретін құлдарынан етуін сұраймыз!

[1] «Әл-баян уә ат-тибиян», 2/45; «Тәхзиб хилиәт әл-әулия», 1/60.

1. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын)

Әһлу сунна уә әл-жамағаның Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) қатысты сенімі

Уа Аллаһтың құлдары! Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу үшін, сондай-ақ Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендерден кімде-кім біреуге ілескісі келсе, қайтыс болғандарға ілессін, өйткені тірі адам азғырылардан қауіпсіздікте емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, олар осы үмметтің ішінде жүректері ең ізгі, білімдері ең терең әрі өздерін пайдасыз нәрселермен ең аз ауырлатқандары еді. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың артықшылығын мойындаңдар, олардың жолымен жүріңдер, мүмкіндігінше олардың мінез-құлқы мен дінін бекем ұстаңдар, өйткені олар тура жолда болды*»[1].

[1] Жоғарыда келтірілген.

Аллаһтың құлдары! Осы үмметте Пайғамбарымыздан ﷺ және Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) кейінгі ең жақсы адам — Аллаһ ол арқылы жалған мен ақиқаттың арасын ажыратқан әл-Фаруқ, Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Умардың Исламды қабылдауы жеңіс, оның қоныс аударуы (һижрасы) жәрдем, ал оның басқаруы — рахым болды. Аллаһпен ант етемін! Умар Исламды қабылдағанға дейін біз [Әл-Харам] үйінде намаз оқи алмайтын едік, ал ол Исламды қабылдағанда мүшриктермен олар бізді тыныштықта қалдырғанша шайқасты және біз намаз оқи бастадық*»[1].

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Меккеде өзінің Исламын ашық көрсеткен алғаш адам еді.

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «*Исламды алғаш болып ашық (көрсетіп) ұстанған — Умар ибн әл-Хаттаб*»[2].

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Умар ибн әл-Хаттаб туралы әңгімеміз, Аллаһ қаласа, әһлу сунна уә әл-жәмәғаның Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) қатысты сенімі жайында болмақ.

Аллаһтың құлдары! Бүкіл үммет, оның алдыңғы және кейінгі буындары, пайғамбарлардан және Абу Бакрдан кейінгі ең жақсы адам — Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) екендігіне бірауыздан келіскен.

Ән-Нәуәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Әһлу сунна олардың — яғни сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) — ішіндегі ең жақсысы Абу Бакр, ал одан кейін Умар екендігіне бірауыздан келіскен*»[3].

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Әһлу сунна уә әл-жәмәға Али ибн Абу Талибтен мутауатир жолымен жеткен: «Бұл үмметтің өзінің Пайғамбарынан ﷺ кейінгі ең жақсылары — Абу Бакр мен Умар», — деген сөздеріне қатысты бірауыздан келіскен*»[4].

Аллаһтың құлдары! Мұсылман адам бұл үмметте өзінің Пайғамбарынан ﷺ және Абу Бакр ас-Сыддықтан (Аллаһ оған разы болсын) кейінгі ең жақсы адам — Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) екен-

---

1 «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, 9/165; «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми (9/62); «Әт-Тәбәқот әл-кубра» Ибн Сәғд (3/270).

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид» (9/93). Әл-Хәйсәми: «*Бұл хабарды әт-Тәбәрани жақсы иснадпен жеткізген*», — деген.

3 «Шарх ән-Нәуәуи ғалә Сахих Муслим», (15/148).

4 «Әл-Фәтәуә әл-кубра», (4/270); «Минхәж әс-сунна ән-нәбәуия», (6/137); «Мәжмуғ әл-фәтәуә», (3/406), (3/153) және «әл-Ақида әл-уәсатыя», (1/41).

дігіне берік сенімде болуы тиіс. Ал кім бұдан өзге нәрсеге сенсе немесе Умарды сөгіп, тіл тигізіп, оны лағнеттесе — ол бидғатшы, сорақы рафиди, оған Аллаһ Тағаладан лайықты нәрсе келсін.

Аллаһтың құлдары! Умардың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары туралы көптеген хадистер мен хабарлар жеткен, олардың арасында:

1) Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) Жәннат уәде етілді.

Абу Хурайра былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге отырғанымызда, ол былай деген еді: «**Мен түсімде өзімнің Жәннатта жүргенімді көрдім. (Ол жерде) бір сарайдың қасында дәрет алып жатқан әйелді көрдім де: «Бұл (сарай) кімдікі?», — деп сұрадым. [Маған]: «Умар ибн әл-Хаттабтың сарайы», — деп жауап берді. Сонда мен Умардың қызғаншақтығын есіме алып, кері қайттым***»». Абу Хурайра сөзін былай деп жалғастырды: «*(Бұны естіген) Умар ибн әл-Хаттаб жылап жіберді де: «Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын, уа, Аллаһтың Елшісі, мен сізге қатысты қалайша қызғныш сезіне аламын…», — деді*» (Әл-Бухари, 3070).

Жәбир ибн АбдуЛлаһтан (Аллаһ оған әрі оның әкесіне разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Мен түсімде Жәннатқа кіргенімді көрдім, ол жерден Абу Талхәның әйелі Румәйсәні көрдім. Кейін (біреудің аяқ) дыбысын естіп: «Бұл кім?», — деп сұрадым. (Маған): «Бұл — Биләл», — деп жауап берілді. Одан кейін ауласында бір бойжеткен тұрған сарайды көрдім де: «Бұл (сарай) кімдікі?», — деп сұрадым. (Маған): «Умардың сарайы», — деп жауап берілді. Сонда мен ішке кіріп, оны көргім келді, алайда есіме сенің қызғаншақтығың түсті***». (Бұны естігенде) Умар: «*Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын! Уа Аллаһтың Елшісі, сөз сіз туралы болғанда мен қызғана аламын ба?!*», — деп дауыстап жіберді (әл-Бухари, 3476).

Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Мен Жәннатқа кіріп, алтыннан жасалған сарайда болғанымда: «Бұл кімнің сарайы?», — деп сұрадым. Маған: «Құрайыш тайпасынан болған бір бір жас жігіттікі», — деп жауап берілді. Мен бұл өзім жайлы ойлап: «Ол кім?», — деп сұрадым. Олар: «Умар ибн әл-Хаттаб», — деп жауап берді***»[1].

[1] «Сахих ибн Хиббән», (10/310); «Муснад» имам Ахмад, (3/107); «Фәдоил әс-сахаба» ән-Нәсәи, (1/10). Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада» келтіріп: «Бұл хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді», — деген, 1423.

Абдур-Рахман ибн Ауфтан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Абу Бакр Жәннатта, Умар Жәннатта, Усман Жәннатта, Али Жәннатта…**», — деп айтқанын естідім*»[1].

Абу Муса әл-Әшғәридің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Пайғамбармен ﷺ бірге Мәдина бақтарының бірінде едім, сонда бір адам келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған (есікті) аш және оны Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Мен есікті аштым, бұл — Абу Бакр еді. Мен оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім, ал ол Аллаһты мақтап-мадақтады. Кейін (басқа) бір адам келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған (есікті) аш және оны Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Мен есікті аштым, бұл — Умар еді. Мен оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім, ал ол Аллаһқты мақтап-мадақтады. Кейін (басқа) бір адам келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған (есікті) аш және оны басына түсетін қиындықтан кейін болатын Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Мен есікті аштым, бұл — Усман еді. Мен оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім, ал ол Аллаһқты мақтап-мадақтады. Кейін (басқа) бір адам келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған (есікті) аш және оны Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Мен есікті аштым, бұл — Усман еді. Мен оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім, ал ол Аллаһқты мақтап-мадақтады. Кейін (басқа) бір адам келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған (есікті) аш және оны басына түсетін қиындықтан кейін болатын Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Мен есікті аштым, бұл — Усман еді. Мен оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім, ал ол Аллаһқты мақтап-мадақтады*». Кейін ол: «*Көмек (тек) Аллаһтан сұралады*», — деді[2].

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ Умар ибн әл-Хаттабты (Аллаһ оған разы болсын) Жәннатпен сүйіншіледі және оған Жәннаттағы сарайын көргенін айтты. Ал бұдан кейін Умарды сөгіп, тіл тигізіп, оған қарғыс айтып, осы Аллаһқа жақындамақшы болған бидғатшы, жиіркенішті рафиди келеді! Уа Аллаһ, Сен — Пәксің! Бұл — ұлы жала!

2) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) — Пайғамбарымыз ﷺ оны мақтаған әрі ол үшін дұға еткен тұлға. Ол ﷺ: «***Егер менен кейін пайғамбар болатын болса, ол міндетті түрде Умар ибн әл-Хаттаб болар еді***», — деген[3].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Сендерден бұрын болғандардың арасында (Аллаһ тарапынан көкейлеріне дұрысы) ұялатылатын адамдар бар еді. Егер менің ұмметімде мұндай адам болса, бұл — Умар болады***» (әл-Бухари 3486).

---

1 Жоғарыда келітіріген.

2 Жоғарыда келітірілген.

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә сахихайн», (2/92); «Сунан әт-Тирмизи», (3686); «Муснад әр-Руяни», (1/1717); «Әл-Муғжәм әл-кәбир», (17/310); Әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи» мен «әс-Сахихада», (327) сенімді деп атаған.

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Осы екеуінің — Абу Жәһл ибн Хишәм мен Умар ибн әл-Хаттабтың — Өзіңе сүйіктірек болғанымен осы дінді қуаттандыра (күшейте) көр!***», — деген.

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын): «***Аллаһ үшін бұл екеуінің ішіндегі сүйіктісі — Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) болды***», — деген[1].

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Исламды әсіресе Умар ибн әл-Хаттаб арқылы қуаттандыр!***», — деп дұға еткен[2].

3) Умар ибн әл-Хаттаб — шайтандар одан қорқып, одан қашатын адам еді.

Аллаһтың құлдары! Адамдардың жүрегінде Умар әл-Фаруққа қатысты үлкен құрмет болған, ал жындар мен адамдардан болған шайтандар одан қашатын еді.

Сәғд ибн Аби Уәққастың былай дегені хабарланады: «*Бірде Умар ибн әл-Хаттаб Аллаһ Елшісіне ﷺ кіруге рұқсат сұрады. Бұл уақытта оның қасында құрайыш әйелдері отырған еді. Олар оның дауысынан асыра дауыс көтеріп, дабырласып сөйлеп, өздеріне берілгеннен көбірек беруді сұрап отырған еді. Умар ибн әл-Хаттаб Аллаһ Елшісіне ﷺ кіруге рұқсат сұрағанда, әйелдер орнынан тұрып, перденің артына жасырынуға асықты, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ оның ішке кіруіне рұқсат берді. Аллаһ Елшісінің ﷺ күлімсіреп тұрғанын байқаған Умар: «Аллаһ қуанышыңызды арттырсын, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Мен мына әйелдерге таңғалдым: олар сенің дауысыңды естіп, перденің артына жасырынуға асықты**», — деді. Умар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Олардың сіздең қорқуы әлдеқайда лайықтырақ еді», — деді. Кейін Умар: «Әй, өздеріңе өздерің жау болғандар, менен қорқып, Аллаһтың Елшісінен ﷺ қорықпайсыңдар ма?!», — деп сұрады. Әйелдер: «Иә, өйткені сен Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарағанда дөрекірек әрі қаталырақсың!», — деп жауап берді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Әй, Ибн әл-Хаттаб! Менің жаным Оның Қолында болған Аллаһпен ант етемін. Егер шайтан сені бір жолда кездестірсе, ол әрдайым басқа жолға бұрылып, сонымен кетеді!**», — деді*» (Әл-Бухари, 3480).

---

1 «Сахих ибн Хиббән», (15/305).

2 «Сахих ибн Хиббән», (15/306); «әл-Мустәдрак ғәлә сахихайн», (3/98); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубрә», (6/370); «Сунан ибн Мәжаһ», (105). Шейх әл-Әлбәни бұл хадис жайлы «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпеде: ««Әсіресе» деген сөзден басқа хадис сенімді», — деген; Сондай-ақ ол бұл хадисті «әл-Мишкәтта» (6036) және «Сахих әс-сырат ән-нәбәуиде» келтірген.

Бурайданың былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ әскери жорықтардың бірінен оралған кезде, оған қара нәсілді күң келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі! Егер Аллаһ сізді аман-есен қайтарса, сіздің алдыңызда даңғыра қағып, ән айтамын деп нәзір еткен едім», — деді. Ол даңғыра қаға бастады, сонда ішке Абу Бакр кірді, ал ол қағуын жалғастыра берді, кейін Али кірді, әйел қағуын жалғастыра берді, сосын Усман кірді, ал ол қағуын жалғастыра берді, бірақ Умар кіргенде, ол даңғыраны бөксесінің астына тастап, үстіне отыра салды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Уа, Умар! Расында, шайтан сенен қорқады! Мен осы жерде отырғанымда, ол даңғыра қағып жатты, кейін Абу Бакр кірді, ал ол қағуын жалғастыра берді, Али кіргенде де ол қағуын жалғастыра берді, сосын Усман кірді, ол қағуын жалғастыра берді, бірақ сен кіргенде, ол даңғыраны тастай салды**», — деді*»[1].

Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ отырған еді, ал біз у-шу мен балалардың дауысын естідік. Сонда ол орнынан тұрып, айналасында балалары бар, билеп жатқан эфиопиялық әйелді көрді де: «**Айша! Бұнда кел, қарашы!**», — деді. Мен келіп, иегімді Аллаһ Елшісінің ﷺ иығына қойдым да, оның иығы мен басының арасындағы саңылаудан әлгі әйелге қарай бастадым. Ол ﷺ: «**Жеткілікті ме? Жеткілікті ме?**», — деп сұрап тұрды. Мен оның алдындағы орнымды байқауым үшін: «Жоқ», — деп айта бердім. Кенет Умар келіп қалғанда, мен: «Оның (әйелдің) айналасындағы адамдар тарап кетті», — дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Мен жындар мен адамдардан болған шайтандардың сол сәтте Умардан қалай қашқанын көріп тұрмын**», — деген. Содан кейін мен кері қайттым*»[2].

4) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) — пікірі Раббысының қалауымен бірнеше рет сәйкес келген тұлға. Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын) белгілі бір пікір білдіргенде, Құранның оның пікіріне сәйкес келетін (аяттары) түсетін еді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Аллаһ ақиқатты Умар ибн әл-Хаттабтың тіліне және жүрегіне орнықтырды***», — деген. Ал Ибн Умар былай деген: «*Егер адамдардың арасында бір оқиға орын алса, олар бұған қатысты өз пікірлерін білдіретін. Өз пікірін сондай-ақ Умар да (немесе: Ибн*

---

1 «Сунан әт-Тирмизи», (3690). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиде», сондай-ақ «Нақду әл-китәниде», (47–48) және «әс-Сахихада», (2261) сенімді деп атаған.

2 «Әс-Сунан әл-Кубра» ән-Нәсәи, (5/309); «Сунан әт-Тирмизи», (3691). Әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи» мен «әл-Мишкәтта», (6039) сенімді деп атаған.

әл-Хаттаб та) айтатын. Ал осыдан кейін бұл жайында Құраннан Умардың айтқанына ұқсас (аяттар) түсетін еді»[1].

Бұған мына жағдайлар мысал бола алады:

Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Менің қалауым) Раббымның (еркімен) үш (жағдайда) сәйкес келді. (Бірде) мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз Ибраһимнің орнын намаз оқитын орын етіп алсақ қалай (болады)?», — деп сұрадым, осыдан кейін: «***Ибраһимнің орнын намаз оқитын орын етіп алыңдар***», — (деп айтылған) аят түсті. Хиджәб туралы аятқа келсек, бірде) мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әйелдеріңізге (орамалмен) жабылуды бұйырмайсыз ба, өйткені олармен ізгі адамдар да, бұзақылар да сөйлесуі мүмкін!», — дедім, осыдан кейін орамал (хиджәб) туралы аят түсті. (Үшінші жағдайға келсек, бірде) Пайғамбарымыздың ﷺ барлық әйелдерін оған деген қызғаныш баурап алды, сонда мен оларға: «Егер ол сендермен ажырасатын болса, мүмкін, оның Раббысы оған сендердің орндарыңарға сендерден де қайырлы әйелдерді берер», — дедім, содан соң көктен бұған ұқсас аят түсті»* (әл-Бухари, 393).

Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул қайтыс болған кезде, адамдар Аллаһтың Елшісін ﷺ оған жаназа намазын оқуға шақырды. Аллаһтың Елшісі ﷺ намаз оқу үшін орнынан тұрғанда, мен оған жылдам ұмтылып барып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз Ибн Убәй үшін жаназа намазын оқисыз ба, ол пәлен күні түген сөздерді айтқан еді ғой?!», — дедім де, оның айтқандарының барлығын тізбектей бастадым. Аллаһтың Елшісі ﷺ күлімсіреп: «****Әй, Умар, ары тұр!****», — деді. Мен тағы да сөйлей бастағанымда, ол ﷺ: «****Расында, маған таңдау берілді және мен таңдау жасадым. Егер мен ол үшін Аллаһтан жетпіс реттен көп кешірім сұрасам, оның кешірілетінін білгенімде, солай істер едім****», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған жаназа намазын оқыды да, кейін кетіп қалды. Біраз уақыттан кейін «әл-Бара» сүресінің келесі аяттары түсті:*

﴿وَلَا تُصَلِّ عَلَىٰٓ أَحَدٍ مِّنْهُم مَّاتَ أَبَدًا وَلَا تَقُمْ عَلَىٰ قَبْرِهِۦٓ ۖ إِنَّهُمْ كَفَرُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ وَمَاتُوا۟ وَهُمْ فَٰسِقُونَ ﴿٨٤﴾﴾

«**Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма да, қабірінің басында тұрма! Өйткені, олар Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы келді. Сондай-ақ олар пасық күйлерінде өлді**» («әт-Тәуба» сүресі, 84-аят).

[1] «Сунан әт-Тирмизи», 3682; Ибн Мәжаһ, (108); Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «Сунан әт-Тирмизиде», «Ибн Мәжаһта» және «әл-Мишкәтта», (6034) сенімді деп атаған.

Кейіннен мен сол күнгі Аллаһ Елшісінің ﷺ алдындағы батылдығыма таңғалдым. Ал Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі» (әл-Бухари, 1300).

Сондай-ақ Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Менің қалауым) Раббымның (еркімен) үш (жағдайда) сәйкес келді: Ибраһимнің орны жайында, хиджәб жайында және Бадр шайқасындағы тұтқындар жайында*» (Муслим, 2399).

Бадр шайқасындағы тұтқындар мәселесіндегі дәлел мынада: бұл тұтқындарға қатысты Абу Бакрдың өз пікірі, ал Умар ибн әл-Хаттабтың басқа пікірі бар еді, сонда Умардың пікірін қуаттайтын уәхи түскен еді.

Умар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) келесі хабар жеткізіледі: «Ішімдікке (шарапқа) тыйым салынудан бұрын Умар: «*Уа Аллаһ! Бізге шарапқа қатысты жеткілікті түсініктеме түсіре гөр*», — деді. Сонда «әл-Бақара» сүресінің мына аяты түсті:

﴿۞ يَسْـَٔلُونَكَ عَنِ ٱلْخَمْرِ وَٱلْمَيْسِرِ ۖ قُلْ فِيهِمَآ إِثْمٌ كَبِيرٌ وَمَنَٰفِعُ لِلنَّاسِ وَإِثْمُهُمَآ أَكْبَرُ مِن نَّفْعِهِمَا ۗ﴾

«**(Мухаммад) олар сенен арақ және құмар ойындары жайлы сұрайды. Оларға: «Екеуінде де үлкен күнә бар. Адамға пайдасы бола тұра, пайдасынан көрі күнәсы үлкенірек», — деп айт**» («әл-Бақара» сүресі, 219-аят).

Сонда Умар шақырылып, оған осы аят оқып берілді, сонда ол: «*Уа, Аллаһ! Бізге ішімдікке (шарапқа) қатысты жеткілікті түсініктеме түсіре гөр*», — деді. Сонда «ән-Нисә» сүресінен:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ لَا تَقْرَبُوا۟ ٱلصَّلَوٰةَ وَأَنتُمْ سُكَـٰرَىٰ﴾

«**Әй иман келтіргендер! Мас күйлеріңде намазға жақындамаңдар…**», — деген аят түсті («ән-Нисә» сүресі, 43-аят).

Осыдан кейін Аллаһ Елшісінің ﷺ жаршысы әрбір намаздың алдында: «*Мас адам намазға жақындамасын!*», — деп хабарлайтын болды. Кейін Умар шақырылып, оған осы аят оқылды. Умар қайтадан: «*Уа, Аллаһ! Бізге ішімдікке (шарапқа) қатысты жеткілікті түсініктеме түсіре гөр!*», — деді.

Сонда «әл-Маида» сүресінің:

﴿إِنَّمَا يُرِيدُ ٱلشَّيْطَـٰنُ أَن يُوقِعَ بَيْنَكُمُ ٱلْعَدَٰوَةَ وَٱلْبَغْضَآءَ فِى ٱلْخَمْرِ وَٱلْمَيْسِرِ وَيَصُدَّكُمْ عَن ذِكْرِ ٱللَّهِ وَعَنِ ٱلصَّلَوٰةِ ۖ فَهَلْ أَنتُم مُّنتَهُونَ ﴿٩١﴾﴾

«**Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Сонда да тыйылмайсыңдар ма?**», — деген аяттары түсті («әл-Мәида» сүресі, 91-аят).

Бұдан соң Умар шақырылып, оған осы аят оқылды, әрі «**Тыйылмайсыңдар ма?!**», — деген сөздер оқылғанда, Умар: «*Біз тыйылдық! Біз тыйылдық!*», — деп дауыстап жіберді»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл — Аллаһ Тағала ойына дұрыстық, сөзіне туралық берген Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын). Ол (Аллаһ оған разы болсын) — дұрыс сөз ұялатылған, Аллаһ Тағала тілі мен жүрегіне ақиқатты орнықтырған тұлға.

Мухаммад ибн Сирин: «*Абу Бакр мен Умардың қадір-қасиетін төмендететін адам Пайғамбарды ﷺ жақсы көреді деп ойламаймын*», — деген[2].

5) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) — Аллаһтың Елшісі ﷺ оның шәһәдасына, иманының беріктігіне, діні мен біліміне куәлік берген адам.

Шәһәдаға келер болсақ, Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ, сондай-ақ Абу Бакр, Умар және Усман Ухуд тауына көтерілгенде, тау олардың себебінен сілкіне бастағаны жеткізіледі. Сонда (Пайғамбарымыз ﷺ): «***Қозғалма, Ухуд, өйткені сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл (сыддық) және екі шәһид тұр!***», — деген еді[3].

Пайғамбарымыз ﷺ Умардың шәһид екендігін хабарлады және іс жүзінде де Пайғамбарымыздың ﷺ айтқаны орындалды — Умар (Аллаһ оған разы болсын) залым Абу Лю-лю әл-Мәжусидің қолынан шәһид болып, қаза тапты.

Оның иманының күшіне (беріктігіне) келер болсақ, Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Ақиқатында, сіз маған өзімнен басқаның барлығынан сүйіктіреексіз*», — дегенде, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жоқ, жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Мен сен үшін өзіңнен де сүйіктірек болмағанымша, сенің иманың кәміл болмайды***», — деген еді. Сонда Умар оған: «*Аллаһпен ант етемін! Енді сіз маған өзімнен де сүйіктіреексіз!*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Енді (міне), уа, Умар! (сенің иманың кәміл болды)***», — деді.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім:* ***«(Бірде) шопан қойларымен***

---

1 «Сунан әт-Тирмизи», (3049); «Сунан Абу Дауд», (3670); «Муснад» имам Ахмад, (1/53). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Абу Дауд» пен «Әт-Тирмизиге» жазған түсіндірмелерінде сенімді деп атаған; Сондай-ақ хадис «Силсилә әс-сахихада», 2348 сенімді деп аталған.

2 «Әт-Тирмизи», (3685); Әл-Әлбәни хадисті сенімді деп атап, оның иснадын мақтуғ деген.

3 Жоғарыда келтірілген.

бірге болғанда, оларға қасқыр шауып, бір қойды ұстап алды. Адам қасқырдың соңынан қуа жөнеліп, қойын одан қайтарып алған кезде қасқыр: «Сен оны менен құтқардың, ал жыртқыш аңдар (пайда болатын) және оларға менен басқа шопан болмайтын күні оны кім құтқарады?», — деді. Сондай-ақ бір адам сиырды айдап бара жатып, оған мінгенде, сиыр оған бұрылып: «Расында, мен бұл үшін жаратылған жоқпын, мен жер жырту үшін жаратылдым», — деді». *Адамдар (таңғалып): «Аллаһ Пәк!», — десті. (Ал Пайғамбарымыз ﷺ): «**Мен бұған сенемін. Абу Бакр мен Умар да (бұған) сенеді**», — деді*»[1]. Пайғамбарымыз ﷺ оның иманының кәмілдігіне қатысты куәлік берді.

Ал оның дініне келер болсақ, Абу Сәғид әл-Худридің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естідім: «**Түсімде маған көйлек киген адамдар көрсетілді. Олардың кейбіреуінің көйлегі (тек) омырауына дейін жететін, ал кейбіреуінікі тіпті одан да қысқа еді. Маған сондай-ақ үстіндегі көйлегі (сондай) ұзын болып, артынан (жерге) сүйретіліп бара жатқан Умар ибн әл-Хаттаб көрсетілді**». Мұны естіген адамдар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз мұны қалай жорыдыңыз?», — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бұл — дін**», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 23; Муслим, 2390).

Оның біліміне келер болсақ, Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***(Бірде) мен түсімде маған бір кесе сүт ұсынылғанын көрдім. Мен одан тырнақтарымның астынан ылғал шығып жатқанын байқағанға дейін іштім, кейін қалғанын Умарға бердім***». Адамдар: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл түсті қалай жорыдыңыз?*», — деп сұрағанда, ол ﷺ: «**Бұл — білім**», — деп жауап берді.

6) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) — Аллаһ пен Оның Елшісі, сахабалар мен мүминдер жақсы көретін адам.

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Умарды (Аллаһ оған разы болсын) жақсы көреді және оған разы. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**»

[1] Жоғарыда келтірілген.

(«әт-Тәуба» сүресі, 100-аят). Умар мен Абу Бакр — алғашқы муһәжирлердің қатарынан.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа Аллаһ! Осы екеуінің — Абу Жәһл ибн Хишәм мен Умар ибн әл-Хаттабтың — Өзіңе сүйіктірек болғанымен осы дінді қуаттандыра (күшейте) көр!***», — деген еді. Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһқа осы екеуінің ішіндегі сүйіктісі — Умар ибн аль-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) болды*», — деген[1].

Біздің Елшіміз ﷺ Умарды (Аллаһ оған разы болсын) жақсы көрді. Одан ﷺ: «*Еркектердің ішінде сіз үшін ең сүйікті адам кім?*», — деп сұралғанда, ол: «***Абу Бакр***», — деп жауап берді. Адамдар: «*Ал одан кейін кім?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Умар***», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 3462; Муслим, 2383).

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бір адам Пайғамбарымыздан ﷺ Қиямет сағаты жайында: «Ол сағат қашан (болады)?», — деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ өз кезегінде оған: «**Ал сен ол үшін не әзірледің?**», — деген сұрақ қойды. Әлгі адам: «Мен Аллаһты және Оның Елшісін ﷺ жақсы көретінімді есепке алмағанда, ештеңе әзірлемедім», — деп жауап берді. Сонда (Пайғамбарымыз ﷺ): «**Сен жақсы көргендеріңмен бірге боласың**», — деді*».

Әнас былай деген: «*Біз Пайғамбардың ﷺ: «**Сен өзің жақсы көргендеріңмен бірге боласың**», — деген сөздеріне қуанғандай ештеңеге қуанған емеспіз*».

Әнас сондай-ақ былай деген: «*Мен де Пайғамбарды ﷺ, Абу Бакрды және Умарды жақсы көремін әрі олардың істеген істеріндей іс істемесем де, оларға деген сүйіспеншілігімнің арқасында олармен бірге боламын деп үміттенемін*» (Әл-Бухари, 3485; Муслим, 2639).

Барлық жердегі және барлық замандағы мүминдер Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреді. Абу Бакр мен Умар олардың қатарында. Оларға деген сүйіспеншілік — бұл дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — бұл күпірлік, екіжүзділік пен бойұсынбаушылық. Біз Абу Бакр мен Умарды жек көретіндерге:

﴿ٱعۡمَلُواْ مَا شِئۡتُمۡ إِنَّهُۥ بِمَا تَعۡمَلُونَ بَصِيرٞ ٤٠﴾

«**Қалағандарыңды істеңдер! Ақиқатында, Ол не істеп жатқандарыңды Көруші**», — деп айтамыз («Фуссылат» сүресі, 40-аят).

---

[1] «Әт-Тирмизи», (3681); «Сахих» ибн Хиббән, (15/305); «Мәуәриду әд-дәман» (534-бет); «Муснад» имам Ахмад, (2/95). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Аллаһтың құлдары! Умардың Исламды қабылдағанға дейінгі және оны қабылдағаннан кейінгі Меккедегі кезеңіне келсек — бұл туралы, Аллаһ Тағала қаласа, келесі құтпадан білетін боламыз.

Уа Аллаһ! Ислам дініне жеңіс нәсіп етіп, мұсылмандардың мерейін үстем ете гөр!

2. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаh оған разы болсын)

ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАНҒА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ МЕККЕДЕГІ УМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБ (АЛЛАh ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН)

Уа, Аллаһтың құлдары! Аллаh Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلَا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Сонда-ақ басқа аятта Аллаh Тағала былай деген:

﴿رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады**» («ән-Нур» сүресі, 37-аят).

Уа, Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Мухаммад Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарының ﷺ сахабалары болуы және Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдап алған адамдар. Оларға деген сүйіспеншілік — бұл дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — бұл күпірлік, екіжүзділік пен бойұсынбаушылық.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «**Расында, менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді, олардың біреуінен басқасының барлығы Отта болады**». (Адамдар) Пайғамбарымыздан ﷺ: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл қандай топ?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бүгін мен және менің сахабаларым ұстанған жолды ұстанғандар***», — деп жауап берді[1].

Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) туралы, атап айтқанда оның Исламды қабылдағанға дейінгі және одан кейінгі кезеңі жайында болмақ.

Оның есімі, тегі, куниясы мен лақабы

Аллаһтың құлдары! Оның есімі мен тегі — Умар ибн әл-Хаттаб ибн Нуфәйл ибн Абдул-Ғуззә ибн Ғәди ибн Кәғб ибн Луәй ибн Ғолиб әл-Қурайши әл-Ғәдәуи[2].

Оның тегі Аллаһ Елшісінің ﷺ тегімен Кәғб ибн Луәй ибн Ғолибке келгенде бірігеді[3].

Оның куньясы — Абу Хәфсә.

---

1 Жоғарыда келтірілген.

2 «Мәхду әс-сәуәб фи фадаил Умар ибн әл-Хаттаб», (1/131).

3 «Мәхду әс-сәуәб фи фадаил Умар ибн әл-Хаттаб», (1/131).

Оның лақап аты — әл-Фаруқ еді, өйткені ол Меккеде Исламды ашық жария етті және Аллаһ ол арқылы күпірлік пен иманның арасын бөлді. Сондықтан Ибн Аббас: *«Исламды алғаш болып ашық жария еткен — Умар ибн әл-Хаттаб»*, — деген[1].

Оның туған жылы мен келбеті

Аллаһтың құлдары! Умар (Аллаһ оған разы болсын) Піл жылынан кейін он үш жыл өткен соң дүниеге келген[2].

Оның сыртқы келбетіне келер болсақ, ол (Аллаһ оған разы болсын) қызғылттығы көп ақ терілі еді. Оның бет-әлпеті, мұрны мен көздері әдемі, алақандары мен табандары ірі болатын. Ол арықтау, шымыр әрі өте бойшаң еді, адамдардан биік тұратын, ол жүрген кезде атқа мініп бара жатқандай көрінетін. Ол өте қайратты еді, әлсіз әрі дәрменсіз емес болатын. Ол шашы мен сақалын қнамен бояйтын. Оның мұртының ұштары ұзын еді. Ол өте жылдам жүретін, дауысы қатты болатын, ал егер соққы жасаса, соққысы өте қатты тиетін[3].

Уа, Умар! Сені жаратып, Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба етіп әрі Өз дініне жәрдем беру үшін таңдаған Аллаһ Пәк!

Оның надандық (жәһилия) дәуіріндегі өмірі

Аллаһтың құлдары! Умардың өмірінің жартысына жуығы Исламға дейінгі дәуірде өтті. Ол да өзінің құрайыш тайпаластары секілді салт-дәстүрлерді құрметтеп өсті. Дегенмен, ол олардан оқуды үйренуімен ерекшеленетін еді. Умар бала кезінен жауапкершілікке үйренді. Ол сән-салтанат пен байлықты көрмей, қатал жағдайда өсті. Оның әкесі әл-Хаттаб өте қатал адам болған, ал Умар бала кезінде-ақ оның түйелерін баққан еді. Әкесінің қаталдығы Умардың жанында терең із қалдырды, ол бұл туралы жиі еске алатын.

Абдур-Рахман ибн Хәтыб былай жеткізген: *«Бірде мен Дәжнәнда (Меккеден 25 шақырым жердегі тау) Умар ибн әл-Хаттабпен бірге болғанымда, ол: «Мен осы жерде әл-Хаттабтың түйелерін баққан едім. Ол*

1 «Сахих әт-тәусик фи сырат әл-Фаруқ», (15-бет).

2 «Тәрих әл-хуләфә», әс-Суюты (133-бет).

3 «Фәсл әл-Хаттаби» әс-Сәләби, (16-бет).

дөрекі әрі қатал адам болатын. Мен кейде түйе бағып, кейде отын жаратынмын», — деген еді»[1].

Ал Сәғид ибн әл-Мусәйиб былай деген: «*Умар қажылыққа аттанып, Дәжнәнға жеткенде былай деген: «Аса Жоғары, Ұлы, қалағанын қалағанына Беруші Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ… Мен осы алқапта үстіме жүн шекпен киіп, әл-Хаттабтың түйелерін баққан едім. Ал ол қатал адам болатын, мені жұмыспен қажытып, бір нәрсені бұрыс істесем ұратын еді. Ал қазір мен мүминдердің әмірі болдым және менімен Аллаһтың арасында ешкім де жоқ». Кейін ол былай деді:*

Сен көріп тұрғанның ешбірі өз сәнін сақтап қала алмайды,

Тек Аллаһ қана мәңгі, ал байлық пен бала-шаға жоқ болады.

Бірде Хурмузды өзінің қазыналары да құтқара алмады,

Ғәд қауымы да мәңгілікке ұмтылған еді, бірақ мәңгі болып қала алмады.

Желдер оның әмірімен соққан кезде Сулейман да (мәңгі қалмады),

Ал адамдар мен жындар олардың арасында еңбек етуге мәжбүр еді.

Құдіреті үшін жан-жақтан елшілер ағылған патшалар қайда?

Күмәнсіз, бәрі де апарылатын бір су айдыны бар,

Сөзсіз, олар келгендей, әркім де бір күні оған келеді»[2].

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттабтың надандық (жаһилия) дәуірінде ерекшеленген тұстарының бірі — келесі:

Имам әз-Зәһәби былай деген: «*Ол (яғни Умар) ең құрметті құрайыштықтардың бірі еді және надандық дәуірінде елші (келіссөз жүргізуші) болған. Өйткені, егер құрайыштықтардың өз арасында немесе олар мен басқалардың арасында соғыс орын алса, олар Умарды келіссөздерге дәнекер етіп жіберетін*»[3].

Ибн әл-Жәузи былай деген: «*Егер құрайыш тайпасы мен басқа тайпалардың арасында соғыс болса, елшілік міндеті Умар ибн әл-Хаттабқа жүктелетін. Олар оны елші етіп жіберетін немесе олармен қадір-қасиет пен абырой-даңқта бәсекелескендерге қарсы (құрайыштықтардың атынан) шығаратын, әрі олар оған разы еді (Аллаһ оған разы болсын)»*[4].

---

1 Бұл хабарды ибн Ғәсәкир өзінің «Тәрих» еңбегінде жеткізген (52/268).

2 «Ибн Ғәсәкир», (52/269).

3 «Мәхд әс-сәуәб», (142-бет).

4 «Мәнәқиб Умар» ибн әл-Жәузи, (11-бет).

Оның қаталдығы мен мұсылмандарға көрсеткен қысымы

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттаб Исламды қабылдағанға дейін Пайғамбарымызға ﷺ қастық қылған ең қатал адамдардың бірі еді. Ол Меккеде мұсылмандарға басқалардан көп азап көрсетіп, оларды жәбірлейтін. Тіпті кейбір мұсылмандар оның бойындағы қаталдық пен жүрегінің тастығын көріп, Исламды қабылдайтынынан үміттерін үзіп: «Әл-Хаттабтың есегі Исламды қабылдамайынша, мынау (Умар) Исламды қабылдамайды», — дейтін.

Умм Абдуллаһ бинт Абу Хәсмә былай деп баяндайтын: «*Аллаһпен ант етемін, біз Эфиопия жеріне көшуге жиналдық. Ғәмир (оның күйеуі) кейбір заттарымызды әкелуге кеткен еді. Сол кезде Умар ибн әл-Хаттаб келіп, жанымда тұрды. Умар бұл кезде әлі көпқұдайшыл еді және бәрінен бұрын біз дәл одан жәбір көрген едік. Ол менен: «Уа, Умм Абдуллаһ! Сендер көшіп жатырсыңдар ма?!», — деп сұрады. Мен: «Иә, Аллаһпен ант етемін! Біз Аллаһтың жеріне аттанып барамыз. Сендер бізді азаптап, жәбірледіңдер, енді Аллаһ жағдайымызды жеңілдеткенге дейін біз кететін болдық», — деп жауап бердім. Ол: «Аллаһ сендерге көмек берсін!», — деді. Мен оның бойынан бұрын-соңды байқамаған жұмсақтықты көрдім. Кейін ол кетіп қалды. Маған ол біздің көшкенімізге қайғырып тұрғандай көрінді. Ғәмир кеткен шаруасынан оралғанда, мен оған: «Әй, Абу Абдуллаһ! Жаңа ғана келген Умарды, оның бізге деген аянышы мен қайғыруын көрсең еді», — дедім. Ол: «Сен оның Исламды қабылдағанынан үміттеніп тұрсың ба?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Ол: «Сен көрген адам әл-Хаттабтың есегі Исламды қабылдамайынша, Исламға келмейді!», — деді. Ғәмир оның (Умардың) Исламға деген қаталдығы мен жүрегінің тастығы себепті одан (Умардың Исламды қабылдауынан) үміттін үзген еді*»[1].

Сәғид ибн Зәйдтің (Аллаһ оған разы болсын) — ол Умардың немере ағасы әрі оның қарындасы Фәтима бинт әл-Хаттабтың күйеуі — былай дегені хабарланады: «*Аллаһпен ант етемін, Умар өзі Исламды қабылдағанға дейін мені Исламды қабылдағаным үшін байлап қойған еді*» (Әл-Бухари, 3649).

Аллаһтың құлдары! Осылайша Умар өзінің немере ағасы әрі қарындасының күйеуі Сәғидті (Аллаһ оған разы болсын) дінінен қайтару үшін, оның Исламды қабылдағаны себепті байлап қойған еді.

---

1 «Әл-Муғжәм әл-кәбир», 25/29; «Әмәли әл-мәхәли», 1/75; «Фадаил әс-сахаба» ибн Хәнбәл, 1/279; «Әс-Сырат ән-Нәбәуи», 2/187; Хадистің иснады жақсы.

УМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБТЫҢ МЕККЕДЕГІ КЕЗЕҢІ: ОНЫҢ ЖҮРЕГІНІҢ ИСЛАМҒА АШЫЛУЫ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДАРҒА ЖҰМСАРУЫ

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың күші мен қуаты

Аллаһ Тағаланың күші әрбір нәрсеге жетеді. Ол өлі жерді өлімінен кейін қайта тірілткендей қатайған жүректерді де өлімінен кейін тірілтеді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿۞ أَلَمۡ يَأۡنِ لِلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَن تَخۡشَعَ قُلُوبُهُمۡ لِذِكۡرِ ٱللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ ٱلۡحَقِّ وَلَا يَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡكِتَٰبَ مِن قَبۡلُ فَطَالَ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَمَدُ فَقَسَتۡ قُلُوبُهُمۡۖ وَكَثِيرٞ مِّنۡهُمۡ فَٰسِقُونَ ١٦ ٱعۡلَمُوٓاْ أَنَّ ٱللَّهَ يُحۡيِ ٱلۡأَرۡضَ بَعۡدَ مَوۡتِهَاۚ قَدۡ بَيَّنَّا لَكُمُ ٱلۡأٓيَٰتِ لَعَلَّكُمۡ تَعۡقِلُونَ ١٧﴾

«Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсап әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, кейін үзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар секілді болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар. Біліңдер, Аллаһ жерді ол өлгеннен кейін жандандырады. Расында, түсінулерің үшін сендерге белгілерді ашық көрсетеді» («әл-Хәдид» сүресі, 16–17 — аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَوَمَن كَانَ مَيۡتٗا فَأَحۡيَيۡنَٰهُ وَجَعَلۡنَا لَهُۥ نُورٗا يَمۡشِي بِهِۦ فِي ٱلنَّاسِ كَمَن مَّثَلُهُۥ فِي ٱلظُّلُمَٰتِ لَيۡسَ بِخَارِجٖ مِّنۡهَاۚ كَذَٰلِكَ زُيِّنَ لِلۡكَٰفِرِينَ مَا كَانُواْ يَعۡمَلُونَ ١٢٢﴾

«Өлі біреуді тірілтіп, оған адамдардың ішінде онымен жүретін жарық қылсақ, ол қараңғылықтарда қалып, одан шыға алмайтын біреу секілді болады ма? Осылайша кәпірлерге, істеген істері әдемі көрсетілді» («әл-Әнғам» сүресі, 122-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَمَن يُرِدِ ٱللَّهُ أَن يَهۡدِيَهُۥ يَشۡرَحۡ صَدۡرَهُۥ لِلۡإِسۡلَٰمِۖ﴾

«Аллаһ кімді тура жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көңілін кеңітеді» («әл-Әнғам» сүресі, 125-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Әй, Умм Сәләма! Адам баласының әрбір жүрегі Аллаһтың екі саусағының арасында. Аллаһ Тағала қалаған адамын тура жолға салып, қалаған адамын адастырады***»[1].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «***Расында, Адам баласының барлық жүректері Аса Мейірімді (Аллаһтың) екі саусағының арасында жалғыз бір жүрек секілді және Ол оларды Өзі қалағандай басқарады***» (Муслим, 2654).

Пайғамбарымыздың ﷺ ол үшін жасаған дұғасы

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Уа Аллаһ! Осы екеуінің — Абу Жәһл ибн Хишәм мен Умар ибн әл-Хаттабтың — Өзіңе сүйіктірек болғанымен осы дінді қуаттандыра (күшейте) көр!***», — деп дұға еткен. Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһқа осы екеуінің ішіндегі сүйіктірегі — Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) болды*», — деген[2].

Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарының ﷺ дұғасына жауап беріп, Умардың Исламды қабылдауы арқылы Ислам дінінің мерейін үстем етті.

Умардың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен ﷺ және мұсылмандардан Құран аяттарын естуі

Аллаһтың құлдары! Құран Кәрім — Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың сөзі, әрі, расында, ол жаратылыстардың жүрегіне өте қатты әсер етеді. Сондықтан Пайғамбарымызға ﷺ мүшриктер Ислам мәселелері бойынша келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ оларға тек Құран аяттары оқитын еді. Құран Умардың мұсылмандар қатарына қосылуына қатты әсер етті, өйткені Умар шешен сөзді ұнатып, оған тәнті болатын.

Ибн Хәжар (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Умарды Исламды қабылдауға итермелеген нәрсе — оның өзінің қарындасы Фатыманың үйінде Құраннан естіген аяттары еді*»[3].

---

1 «Сунан әт-Тирмизи», (3522); «Әл-Жәмиғ әс-сағыр», (1/212); «Зыләл әл-жәнна», (223). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» және «Сахих әл-Жәмиғке», (7731) жазған ескетпелерінде сенімді деп атаған.

2 Жоғарыда келтірілген.

3 «Фатх әл-Бәри», (7/176).

Аллаһтың құлдары! Умардың Қағба жанында Пайғамбарымыздың ﷺ намазда оқыған Құранын жамылғымен жасырынып тұрып тыңдағаны туралы оқиғаға, сондай-ақ оның қарындасы Фатыманы Исламды қабылдағаны үшін ұрып-соққаны, оның күйеуі Сәғид ибн Зәйдті ұрғаны және осыдан кейін аяттар жазылған парақтарға қарағаны туралы оқиғасына келер болсақ — бұл оқиғалардың ешбірі сенімді (сахих) жолдармен жетпеген, сондықтан біз оларға тоқталмаймыз[1].

УМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБ (АЛЛАһ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАҒАННАН КЕЙІНГІ МЕККЕДЕГІ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ БҰНЫҢ МҰСЫЛМАНДАР МЕН МҮШРИКТЕРГЕ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Умар ибн аль-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдауының Меккедегі мұсылмандарға тигізген әсері

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдаған кезде мұсылмандардың қуаты мен мерейі арта түсті.

Абдуллаһ ибн Мәсғудтың былай дегені хабарланады: «*Умар Исламды қабылдағаннан бері біз қуатты болуды тоқтатқан емеспіз*» (әл-Бухари, 3481).

Сондай-ақ ол былай деген: «*Умар Исламды қабылдағанға дейін біздің Үйде (Әл-Харам мешітінде) намаз оқи алмағанымызды көретінмін. Ал Умар Исламды қабылдаған кезде, олар (мүшриктер) бізді жайымызға қалдырғанға дейін олармен шайқасты, сөйтеп біз (онда) намаз оқи бастадық*»[2].

Сондай-ақ ол: «*Ақиқатында, оның Исламды қабылдауы жәрдем (наср) болды*», — деген еді, яғни оның Исламды қабылдауы, оның осы дінге берілген жәрдем болды[3].

---

1 «Сахих әс-сырат ән-нәбәуия» әл-Ғәмри, (1/180).

2 Жоғарыда келтірілген.

3 «Әл-Муғжәм әл-кәбир ли-т-Тәбәрани», (9/181). Бұл хабардың иснады жақсы.

Ибн Аббас Умар жарақаттанған кезде оған былай деген еді: «*Сенің Исламды қабылдауың үстемдік болды және Аллаһ сен арқылы Исламға, Аллаһтың Елшісіне ﷺ әрі оның сахабаларына жеңіс нәсіп етті*»[1].

Умардың (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдауының Меккедегі мүшриктерге тигізген әсері

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттаб Исламды қабылдаған кезде құрайыштықтардың не істегенін өз көзімен көріп, бізге жеткізген Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) сөзіне бірге құлақ салайық.

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Әкем Умар Исламды қабылдаған кезде: «Құрайыштықтардың ішінде хабарды таратуға ең лайықты кім?», — деп сұрады. Оған: «Жәмил ибн Мәғмар әл-Жумәхи», — деп жауап берілді. Таңертең ол оған қарай бет алды.*

Мен оның не істейтінін көру үшін соңынан ердім. Ол кезде мен айналамда болып жатқанның бәрін түсінетіндей жеткіліктті түрде есейген бала едім. Содан ол оған келіп: «Уа Жәмил! Менің Исламды қабылдап, Мухаммадтың дініне кіргенімді білесің бе?», — деп сұрады. Аллаһпен ант етемін, Жәмил тіпті оған жауап та қайтармастан, шапанын ұстаған күйі жүгіре жөнелді. Умар оның соңынан жүрді, ал мен әкемнің соңынан ердім. Жәмил мешіттің есігіне жақындағанда, бар дауысымен: «Әй құрайыш жиналысы! (Олар Қағбаның жанындағы өздері жиналатын орында отырған еді) Умар ибн әл-Хаттаб діннен шықты (бас тартты)!», — деп айқай салды. Ал Умар оның артында тұрып: «Ол өтірік айтады! Мен Исламды қабылдап, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік бердім», — деді.

Олардың барлығы тап беріп, Умарға жабылды. Умар олармен күн төбелеріне көтерілгенге дейін төбелесті. Умардың күші біткен, ол отырып қалды. Олар оның төбесіне тұрды, ал ол оларға: «Қалағандарыңды істеңдер! Аллаһпен ант етемін, егер біз үш жүз ер адам болғанымызда, онда сендермен тартысар едік», — деді.

Осы жағдай болып жатқанда, үстіне кең шапан мен кестелі көйлек киген құрайыш тайпасынан болған бір ақсақал келіп, олардың жанына тоқтап: «Не болды?», — деп сұрады. Олар: «Умар дінінен қайтты», — деп жауап берді. Ол: «Бұда тұрған не бар? Адам өзіне іс таңдады, ал сендер

[1] «Әл-Муғжәм әл-кәбир ли-т-Тәбәрани», (1/334). Бұл хабардың иснады жақсы.

не қалайсыңдар? Бану Ғадий ибн Кәғб өз серігін сендерге оңайлықпен бере салады деп ойлайсыңдар ма? Адамды жайына қалдырыңдар!», — деді. Аллаһпен ант етемін, олар оның үстінен жамылғыны алғандай, оны жайына қалдырды. Мен Мәдинаға көшкенімізде әкемнен: «Әкетай! Сіз Исламды қабылдаған күні және мүшриктер сізбен төбелескенде, Меккеде адамдарды сізден қуған кісі кім еді?», — деп сұрадым. Ол: «Ұлым, бұл — Ғәс ибн Уәил әс-Сәхми еді», — деп жауап берді»[1].

Аллаһтың құлдары! Құрайыштықтар Умардың Исламды қабылдағанына өте қатал қарсылық білдірді, тіпті Ғәс ибн Уәил әс-Сәхми ол үшін араша түспегенде, оны Меккеде өлтіру үшін жиналуға әзір еді.

Абдуллаһ ибн Умардың былай дегені хабарланады: «*Умар үйде қауіптеніп отырған кезде, оған үстіне кестелі шапан мен етегі жібекпен көмкерілген көйлек Ғәс ибн Уәил әс-Сәхми Абу Әмр келді. Ол Исламға дейінгі надандық (жәһилия) дәуірінде біздің одақтасымыз болған Бану Сәһм тайпасынан еді. Ғәс Умардан: «Саған не болды?», — деп сұрады. Умар: «Сенің тайпаластарың, егер мен Исламды қабылдасам, мені өлтіретіндерін айтып жатыр», — деп жауап берді. Ғәс: «Саған ешкім зиян тигізе алмайды», — деді. Умар: «Ол бұл сөздерді айтқаннан кейін мен өзімді қауіпсіздікте сезіндім», — деген еді. Ғәс сыртқа шыққанда, Меккеге қарай ағылып жатқан көптеген адамдарды көрді. Ол адамдардан: «Сендер қайда бет алып бара жатырсыздар?», — деп сұрады. Олар: «Біз діниміздің бас тартқан мына Ибн әл-Хаттабқа бара жатырмыз», — деді. Сонда Ғәс: «Оған ешкім тиіспейді», — деді. Сонда адамдар кері шегінген еді»* (әл-Бухари, 3651).

Алайда Умар мұнымен ғана шектеліп қалмай, Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Ақиқатында, мен надандық (жәһилия) дәуірінде өзім отырған бірде-бір жиынды Исламды қабылдағанымды жария етпей қалдырмаймын*», — деді. Кейін ол құрайыштықтардың ақсүйектері отырған мешітке қарай бет алды. Ол Исламды қабылдағанын жариялап, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік берді. Мүшриктер қаһарланып, ызаланып, оны ұра бастады, Умар да оларға жауап беріп, оларды да ұрды. Олар басым түсе бастағанда, оны бір адам құтқарып қалды. Абдуллаһ ибн Умар былай деген: «*Мен Умардан: «Сізді мүшриктерден құтқарып қалған кім?», — деп сұрадым. Ол: «Бұл — Ғәс ибн Уәил әс-Сәхми», — деп жауап берді*»[2].

---

1 «Сахих мәуәрид әз-зәмғән», 1829; «Сират ибн Хишәм», (1/298–299) және «Сират ибн Исхак», (184–185). Хабардың иснады жақсы.

2 «Сахих сырат ән-нәбәуия» әл-Әлбәни, (193-бет).

УМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБТЫҢ (АЛЛАҺ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) МЕККЕДЕН МӘДИНАҒА ҺИЖРА ЖАСАУЫ

Бародан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені хабарланады: «*Бізге алғашқы болып келгендер — адамдарға (Құран) оқуды үйреткен Мусғаб ибн Ғумәйр мен Ибн Умм Мактум еді. Кейін (бізге) Биләл, Сәғд және Ғаммар ибн Ясир келді, одан кейін Умар ибн әл-Хаттаб Пайғамбарымыздың ﷺ басқа жиырма сахабасымен бірге келді, ал содан кейін Пайғамбарымыздың ﷺ өзі келді. Мен Мәдина тұрғындарының Аллаһ Елшісінің ﷺ (келуіне) қуанғанындай басқа ештеңеге соншалықты қуанғанын көрген емеспін*» (Әл-Бухари, 3710).

Аллаһтың құлдары, Меккеден Мәдинаға жасаған һижрасы туралы баяндап берген Умардың (Аллаһ оған разы болсын) өзіне бірге құлақ салайық.

Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз қоныс аударуға (һижра жасауға) шешім қабылдағанда, мен Ғәйәш ибн Абу Рәбиғамен және Хишәм ибн әл-Ғәс ибн Уәил әс-Сахмимен Меккеден он миль шақырымдағы, Сәрифтің жоғарғы жағындағы тоғайда кездесуге келістік. Біз: «Егер арамыздан біреу ол жерде басқалармен кездесе алмаса, бұл оның ұсталып қалғанын білдіреді, ал қалғандары оны күтпей жолға шығуы тиіс», — деп келіскен едік. Таңертең мен келісілген жерде Ғәйәш ибн Абу Рәбиғамен кездестім, ал Хишәм ұсталып қалғандықтан келе алмады. (Мүшриктер) Оны қатты азапқа ұшыратты, осылайша ол азап астында Исламнан бас тартты.*

Біз Мәдинаға жетіп, Құбадағы Бану Әмр ибн Әуф орамына тоқтадық. Көп ұзамай ол жерге өзінің туған бауыры Ғәйәшпен кездескісі келген Абу Жәһл мен оның бауыры Хәрис келді. Олар оған: «Расында, анаң сені көрмейінше шашын тарамаймын және күннен көлеңкеге жасырынбаймын деп серт берді!», — деді және Ғәйәш оны аяп кетті. Мен оған: «Әй, Ғәйәш! Аллаһпен ант етемін, тайпаластарың сені тек дініңнен қайтарғысы келеді, сондықтан олардан сақтан! Аллаһпен ант етемін, егер анаңды бит қысатын болса, ол шашын тарайды, ал егер Меккенің күні өтіп кетсе, ол міндетті түрде көлеңкеге жасырынады!», — дедім. Дегенмен Ғәйәш: «Мен анамды сертінен босатамын әрі өз мүлкімді алып кетемін», — деді. Мен оған: «Аллаһпен ант етемін, сен менің ең бай құрайыштықтардың бірі екенімді білесің. Мен саған өз мүлкімнің жартысын берейін, олармен бірге кетпе!», — дедім. Алайда ол олармен бірге кетуге нық шешім қабылдады. Сол кезде мен оған: «Олармен бірге аттануға бел

байлаған болсаң, онда менің мына асыл тұқымды ингенімді ал да, одан түспе, ал егер тайпаластарың бойыңда күмән тудырса, осы түйемен құтылып (қашып) кет», — дедім. Осылайша Ғәйәш өз бауырларымен бірге осы ингенге міниП жолға шықты, ал олар жолдың бір бөлігін жүріп өткенде, Абу Жәһл оған: «Аллаһпен ант етемін, менің түйем нашар жүріп келеді, сенің артыңа отырсам болады ма?», — деді. Ғәйәш: «Әрине», — деп, түйені шөгертті. Оның бауырлары да өз түйелерін шөгерді, бірақ жерге аяқ баса салысымен, олар оған шабуыл жасап, оны байлап тастады. Кейін олар байланған Ғәйәшті Меккеге алып келді. Олар оны азаптады, сөйтіп ол азап астында Исламнан бас тартты».

Умар былай деген: «*Сол кезде біз: «Аллаһ Өз дінінен бас тартқан адамнан төлемді де, тәубені де қабыл етпейді! Бұл адамдар Аллаһты таныды, ал кейін өздері ұшыраған азаптар себепті күпірлікке оралды!», — дейтін едік. Азапқа шыдай алмай, Исламнан қайтқан адамдар да өздері туралы осылай ойлайтын. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келгенде, Аллаһ Тағала біздің осы сөздерімізге қатысты бірнеше аяттар түсірді:*

﴿۞ قُلْ يَٰعِبَادِيَ ٱلَّذِينَ أَسْرَفُوا۟ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمْ لَا تَقْنَطُوا۟ مِن رَّحْمَةِ ٱللَّهِ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ يَغْفِرُ ٱلذُّنُوبَ جَمِيعًا ۚ إِنَّهُۥ هُوَ ٱلْغَفُورُ ٱلرَّحِيمُ ﴿٥٣﴾ وَأَنِيبُوٓا۟ إِلَىٰ رَبِّكُمْ وَأَسْلِمُوا۟ لَهُۥ مِن قَبْلِ أَن يَأْتِيَكُمُ ٱلْعَذَابُ ثُمَّ لَا تُنصَرُونَ ﴿٥٤﴾ وَٱتَّبِعُوٓا۟ أَحْسَنَ مَآ أُنزِلَ إِلَيْكُم مِّن رَّبِّكُم مِّن قَبْلِ أَن يَأْتِيَكُمُ ٱلْعَذَابُ بَغْتَةً وَأَنتُمْ لَا تَشْعُرُونَ ﴿٥٥﴾﴾

«**(Мухаммад): «Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың мәрхаметінен күдер үзбеңдер. Аллаһ біртұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені Ол тым Жарылқаушы, ерекеше Мейірімді», — де. Өздеріңе апат келуден бұрын Раббыларыңа қайтыңдар, Оған бойұсыныңдар. Кейін жәрдем көре алмайсыңдар. Сендерге кенеттен, хабарсыз азап келуден бұрын өздеріңе түсірілген жақсы нәрсеге еріңдер!»** («әз-Зумар» сүресі, 53–55 — аяттар).

Умар: «*Мен оларды (бұл аяттарды) өз қолыммен параққа жазып, Хишәм ибн әл-Ғасқа жібердім*», — деген. Хишәм былай деген: «*Маған бұл алып келінгенде, мен оны Зу Туә деген жерде (Меккенің төменгі бөлігіндегі жер) оқи бастадым әрі жазылғанның мағынасын түсінуге тырыстым, бірақ түсіне алмадым. Мен тіпті: «Уа, Аллаһ! Маған бұл аяттарды түсіндіре гөр!», — деп дұға еттім. Сол кезде Аллаһ Тағала маған бұл аяттардың өзіміз туралы айтқанымыз бен біз туралы айтылған сөздер туралы түсірілгенін білдірді. Сонда мен өзімнің түйеме оралып, оған*

міндім де, сол уақытта Мәдинада болған Аллаһ Елшісіне ﷺ қарай жол тарттым»[1].

Пайғамбардың ﷺ көзі тірісіндегі Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) өмірінен айтулы оқиғалар

Уа, Аллаһтың құлдары! Әһлу сунна уә әл-жәмәға сенімі бойынша, Пайғамбарымыздан ﷺ және Абу Бакрдан (Аллаһ оған разы болсын) кейін осы үмметтегі ең жақсы адам — Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһтың құлдары! Аллаһ қаласа, бұл тарау Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісіндегі Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі айтулы оқиғаларға ғана арналады.

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде ерекше мәртебеге ие еді, бұл оның Аллаһтың дініндегі беріктігін, қаталдығы мен қайратын көрсетеді, әрі басқаша болуы мүмкін де емес еді. Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Үметімнің ішінде үмметіме ең мейірімдісі — Абу Бакр, ал Аллаһтың әмірлерінде ең талапшылы (қаталы) — Умар…***», — деген еді[2].

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Үмметімдегі ең берік адам — Умар***», — деген[3].

Пайғамбардың ﷺ көзі тірісіндегі Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) өмір кезеңдерімен бірге танысайық, өйткені онда ұлы ғибраттар бар.

Бірінші: оның Исламды қабылдаған кезі

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдаған соң, Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, мен күпірлік дәуірінде өзім отырған бірде-бір жиынды Исламды қабылдағанымды жария етпей қалдырмаймын*», — деді. Кейін ол құрайыштардың ақсүйек-

---

1 «Әс-Сырат ән-Нәбәуи әс-Сахиха» әл-Ғәмри, (1/204–206).

2 «Сунан әт-Тирмизи», (3790, 3791); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи (5/67); Ибн Мәжаһ, (154).Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи» мен «Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (1224) хадисті сенімді деп атаған.

3 Хадисті ибн Сәғд жақсы иснадпен «әт-Тәбақатта», (3/291) жеткізген. Қараңыз, «Китаб мәхди әс-сәуәб», (1/198).

тері жиналатын мешітке қарай бет алды. Умар Исламды қабылдағанын жариялап, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік берді. Мүшриктер ашуға беріліп, оны ұра бастады, ол да жауап беріп, оларды ұрды. Олар оны басып өте бастағанда, оны бір адам құтқарып қалды.

Ибн Умар Умардан: «*Сізді мүшриктерден құтқарып қалған адам кім еді?*», — деп сұрады. Умар: «*Ол — Ғәс ибн Уәил әс-Сәхми*», — деп жауап берді[1]. Әрі, расында, бұл Умардың Аллаһтың дініндегі қаталдығына, қайраты мен беріктігіне нұсқайды.

Екінші: Ұлы Бадр шайқасында Пайғамбарымыздың ﷺ күпірлік көсемдері өлгеннен кейін оларға тіл қатуы және оның Бадр тұтқындарына қатысты ұстанымы

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Бадр шайқасында мұсылмандарға жеңіс нәсіп етіп, құрайыштықтардың жетпіс көсемі қаза тапқаннан кейін, Аллаһтың Елшісі ﷺ өлген мүшриктердің денелерін Бадр құдықтарына тасуды бұйырды да, олар сол жерге тасталды. Бадр шайқасынан кейінгі үшінші күні ол құдықтардың бірінің жанында құрайыштықтардың жиырма төрт көсемінің төбесіне келіп тұрып, олардың өз есімдері мен әкелерінің есімдерін атап: «***Әй, пәленнің ұлы пәлен, әй, түген ұлы түген! Егер Аллаһқа әрі Оның Елшісіне бойсұнғандарыңда, (қазір) қуанар едіңдер ме?! Расында, біз Раббымыздың бізге уәде еткенінің ақиқат екендігіне көз жеткіздік, ал сендер Раббыларыңның уәде еткенінің ақиқат екендігіне көз жеткіздіңдер ме?!***», — деп тіл қатты. Умар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Сіз жаны жоқ денелерге не себепті сөйлеп тұрсыз?*», — деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «***Мухаммадтың жаны Оның қолында болған Аллаһпен ант етемін, олар менің айтып жатқанымды сендерден кем естіп жатқан жоқ!***», — деп жауап берді. Катада: «*Аллаһ Талаға оларды оның сөздерін сөгіс, қорлық, масқаралық, қайғы мен өкініш ретінде естуі үшін тірілтті*», — деген (әл-Бухари, 3757).

Аллаһтың құлдары! Бұл Умардың және оның сахабаларының өлілер естімейді деген сенімде тәрбиеленгенін көрсетеді. Бұл — Құран мен Сүннетке негізделген дұрыс сенім. Сондай-ақ өлілердің өздерінен қайтқан жолдастарының аяқ киімдерінің дыбысын еститінін көрсететін басқа да дәлелдер келген. Ал қалған жағдайларға келсек, біздің сеніміміз бойынша өлілер қайтыс болғаннан кейін ештеңе естімейді. Ал кейбір адамдар-

1 «Сахих әс-сират ән-нәбәуия» әл-Әлбәни, (193-бет).

дың өлілер естиді деген сеніміне, әрі олардың зираттардың жанына тоқтап, өлілерге дұға етіп, Аллаһтан емес, солардан көмек сұрауларына келер болсақ — бұл жиіркенішті сенім әрі үлкен көпқұдайшылық (ширк).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ тұтқындарға қатысты не істеу керектігі жөнінде Абу Бакрмен және Умармен кеңескенде, Абу Бакр олардан төлем алуды ұсынды және мұның себебін түсіндіріп: «*Бұл біз үшін мүшриктерге қарсы қуат болады, әрі, мүмкін, Аллаһ оларды Исламға әкелер*», — деді. Ал Умар ибн әл-Хаттаб болса, оларды өлім жазасына кесуді ұсынды да, мұның себебін түсіндіріп: «*Ақиқатында, олар — күпірліктің көсемдері мен мырзалары*», — деді.

Пайғамбар ﷺ Абу Бакрдың төлем алу туралы пікірін құптады, алайда кейін Умардың (Аллаһ оған разы болсын) пікірін растайтын ардақты аят түсті. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مَا كَانَ لِنَبِيٍّ أَن يَكُونَ لَهُۥٓ أَسۡرَىٰ حَتَّىٰ يُثۡخِنَ فِي ٱلۡأَرۡضِۚ تُرِيدُونَ عَرَضَ ٱلدُّنۡيَا وَٱللَّهُ يُرِيدُ ٱلۡأٓخِرَةَۗ وَٱللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٞ ٦٧ لَّوۡلَا كِتَٰبٞ مِّنَ ٱللَّهِ سَبَقَ لَمَسَّكُمۡ فِيمَآ أَخَذۡتُمۡ عَذَابٌ عَظِيمٞ ٦٨﴾

«**Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем болғанға дейін тұтқын ұстау тиісті емес. Сендер дүниенің пайдасын ойлайсыңдар. Аллаһ (сендерге) ақыретті қалайды. Аллаһ — өте Үстем, Хикмет Иесі. Егер Аллаһтан бір жазу (үкім) болмаған болса еді, тұтқынға алғандарыңның салдарынан зор азап ұстар еді**» («әл-Әнфәл» сүресі, 67–68 — аяттар)[1].

Үшінші: Ухуд шайқасындағы Абу Суфияннның сөздері

Аллаһтың құлдары! Ухуд шайқасында мүшриктердің қолбасшысы болған Абу Суфиян тұрып, өзінің пұттарымен мақтанып, мұсылмандарға тіл тигізе бастады. Ол: «Мына адамдардың арасында Мухаммад бар ма?», — деп дауыстады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Оған жауап бермеңдер***», — деді. Кейін Абу Суфиян: «Мына адамдардың арасында Ибн Абу Кухәфә бар ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Оған жауап бермеңдер***», — деді. Сонда Абу Суфиян: «Мына адамдардың арасында Ибн әл-Хаттаб бар ма?», — деді. Сосын ол сөзін: «Бұл адамдардың бәрі де өтірілді, өйткені олар тірі болғанда, жауап берер еді», — деп толықтырды. Сол кезде Умар өзін ұстай алмай: «*Әй, Аллаһтың жауы! Сен өтірік айтасың! Аллаһ сені қайғыға батыратын нәрсені сақтап қалды!…*», — деген еді (әл-Бухари, 3817).

[1] Толық хадисті имам Муслимнің «Сахих» жинағында қараңыз, 1763. Хадистің түсіндірмесі: «Шарх ән-Нәуәуи ғәлә Сахих Муслим», (12/86).

Төртінші: екіжүзділердің көсемі Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулмен болған оқиға

Бірінші: Бану Мустәлик жорығы

Жәбир ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған әрі оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде біз әскери жорықтардың бірінде — Бану Мусталик жорығында — болғанымызда, муһәжирлердің бірі ансарлардың бірін бөксесінен теуіп жіберді. Сол кезде әлгі ансар: «Әй, ансарлар! (Көмекке келіңдер!)», — деп дауыстады, ал муһәжир: «Әй, муһәжирлер! (Көмекке келіңдер!)», — деп дауыстады. Бұны естіген Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бұл не?!**», — деп сұрады. Оған: «Муһәжирлердің бірі ансарлардың бірін бөксесінен теуіп жіберді! Сонда ансар: «Әй, ансарлар! (Көмекке келіңдер!)», — деп, ал муһәжир адам: «Әй, мухажирлер! (Көмекке келіңдер!)», — деп дауыстады», — деп жауап берілді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бұны тоқтатыңдар! Өйткені, расында, бұл — өлексе**», — деген еді».*

Болған оқиғаны естіген Абдуллаһ ибн Убәй: «Олар шынымен осылай істеді ме? Аллаһпен ант етемін! Расында, Мәдинаға оралғанымызда, қуаттылар (үстемдер) қорланғандарды қуып шығарады!», — деген еді. Сол кезде Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған бұл екіжүздінің басын шауып тастауға рұқсат беріңіз!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Оны жайына қалдыр, адамдар Мухаммад өз сахабаларын өлтіріп жатыр деп айтып жүрмесін!***», — деп жауап берді (әл-Бухари, 4622; Муслим, 2583).

Екінші: Умардың Пайғамбарымыз ﷺ екіжүзділердің көсеміне жаназа намазын оқығысы келгеніне қатысты ұстанымы

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул қайтыс болған кезде, адамдар Аллаһ Елшісін ﷺ ол үшін жаназа намазын оқуға шақырды. Аллаһтың Елшісі ﷺ жаназа намазын оқу үшін орнынан тұрғанда, мен оған жақындап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ибн Убәй пәлен күні былай деп, түген күні мына сөздерді айтты емес пе? Сіз осындай адамға жаназа намазын оқымақсыз ба?», — деп, оның айтқан сөздерін тізе бастадым. Аллаһтың Елшісі ﷺ жымиып: «**Әй, Умар! Мені жайыма қалдыр!**», — деді. Мен сөзімді тағы да қайталап айта бастағанымда, ол ﷺ: «**Расында, маған таңдау берілді және мен таңдауымды жасадым. Егер мен оған (Аллаһтан) жетпіс мәртеден астам кешірім сұрасам, оның кешірілетінін білгенімде, міндетті түрде солай етер едім**», — деген еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған жаназа намазын оқып, кетіп қалды. Көп ұзамай «әл-Бара» сүресінен мына екі аят түсті:*

﴿وَلَا تُصَلِّ عَلَىٰٓ أَحَدٍ مِّنْهُم مَّاتَ أَبَدًا وَلَا تَقُمْ عَلَىٰ قَبْرِهِۦٓ ۖ إِنَّهُمْ كَفَرُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ وَمَاتُوا۟ وَهُمْ فَٰسِقُونَ ﴿٨٤﴾﴾

«**Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма да, қабірінің басында тұрма! Өйткені, олар Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы келді. Сондай-ақ олар пасық күйлерінде өлді**» («әт-Тәуба» сүресі, 84-аят). *Кейіннен мен сол күні Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында көрсеткен батылдығыма таңғалдым. Ал Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі*» (Әл-Бухари, 1300).

Бесінші: Умардың Пайғамбарымыздың ﷺ оларға шабуыл жасайтынын хабарлап, құрайыштықтарға хат жолдаған кездегі Хатыб ибн Абу Бәлтағаға (Аллаһ оған разы болсын) қатысты ұстанымы

Аллаһтың құлдары! Али ибн Абу Талиб былай баяндаған: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ Зубәйрдә, Миқдәд ибн әл-Әсуадты және мені бір іске жіберіп: «**Хах бағына қарай жүреңдер, ол жерде хаты бар бір әйелді табасыңдар. Одан ол хатты тартып алыңдар**», — деді. Біз жылқыларымызбен Хах бағына жеткенше шаптық. Сол жерде бір әйелді көріп, оған: «Бізге хатты бер!», — дедік. Ол: «Менде ешқандай хат жоқ!», — деп жауап берді. Біз: «Егер сен хатты бермесең, үстіндегі киіміңді шешіп тастаймыз!», — дедік. Осыдан кейін ол хатты шашының бұрымынан шығарды, ал біз оны алып, Аллаһтың Елшісіне ﷺ оралдық. Бұл хатта Хатыб ибн Абу Бәлтаға Мекке мүшриктеріне Аллаһ Елшісінің ﷺ кейбір жоспарлары туралы жазған еді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Әй, Хатыб! Сені бұл қадамға не итермеледі?**», — деп сұрады. Хатыб: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған қатысты асығыс үкім шығармаңыз! Мен құрайыштықтардың арасында өмір сүрдім, бірақ олардың бірі емеспін. Муһәжирлердің Меккедегі мүлкі мен отбасыларын қорғайтын қандас туыстары бар. Ал мен олармен туыстық қатынаста болмағандықтан, солардың арасында отбасымды қорғайтын бір одақтас тапқым келді. Мен мұны күпірліктен, діннен бас тартқаннан немесе күпірлікке ықыласым ауғандықтан істеген жоқпын», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ол сендерге шындықты айтты!**», — деді. Сонда Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі! Маған мына бұл екіжүздінің басын шабуға рұқсат беріңіз», — деді. Бұған Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ол — Бадр шайқасына қатысқан адам, қайдан білесің, бәлкім Аллаһ Бадр шайқасына қатысқандарға қарап: «Қалағандарыңды істеңдер, өйткені Мен сендерді кешірдім», — деген шығар**», — деп жауап берді».*

Аллаһ Тағала Хатыб ибн Абу Бәлтаға мен оның құрайыштарға жіберген хаты туралы «әл-Мумтәхәнә» сүресінің аятын түсірді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لَا تَتَّخِذُواْ عَدُوِّى وَعَدُوَّكُمْ أَوْلِيَآءَ تُلْقُونَ إِلَيْهِم بِٱلْمَوَدَّةِ وَقَدْ كَفَرُواْ بِمَا جَآءَكُم مِّنَ ٱلْحَقِّ يُخْرِجُونَ ٱلرَّسُولَ وَإِيَّاكُمْ أَن تُؤْمِنُواْ بِٱللَّهِ رَبِّكُمْ إِن كُنتُمْ خَرَجْتُمْ جِهَٰدًا فِى سَبِيلِى وَٱبْتِغَآءَ مَرْضَاتِى ۚ تُسِرُّونَ إِلَيْهِم بِٱلْمَوَدَّةِ وَأَنَا۠ أَعْلَمُ بِمَآ أَخْفَيْتُمْ وَمَآ أَعْلَنتُمْ ۚ وَمَن يَفْعَلْهُ مِنكُمْ فَقَدْ ضَلَّ سَوَآءَ ٱلسَّبِيلِ ۝١﴾

«**Әй мүминдер! Менің дұшпандарымды да, өз дұшпандарыңды да дос тұтпаңдар. Олар сендерге келген шындыққа қарсы келсе де, оларға сүйіспеншілік көрсетесіңдер. Олар, Пайғамбарды да, сендерді де Раббыларың Аллаһқа иман келтірдіңдер деп жұртқан шығарды. Сендер Менің жолымда разылығымды іздеп, соғысқа шыққанда, оларға жасырын достық істейсіңдер. Мен көрнеу, көмес істегендеріңді де жақсы білемін. Сендерден кім бұны істесе, расында ол тура жолдан адасты**» («әл-Мумтәхәнә» сүресі, 1-аят)» (әл-Бухари, 2845; Муслим, 2494).

Алтыншы: Умардың Худәйбия келісіміне қатысты ұстанымы

Пайғамбарымыз ﷺ Худәйбия келісімінде бекітілген құрайыштықтардың кейбір шарттарын қабыл алған кезде, Умар келіп: «*Біз ақиқатта, ал олар адасушылықта емеспіз бе?*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Әрине***», — деп жауап берді. Умар: «*Біздің арамыздан қаза тапқандар Жәннатқа кіріп, ал олардың өлгендері Тозаққа тасталмайды ма?*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Әрине***», — деп жауап берді. Умар: «*Онда неліктен біз Аллаһ Тағала арамызда үкім шығарғанға дейін кері қайтып, дініміздің төмендетілуіне жол беруіміз керек?*», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Әй, Ибн әл-Хаттаб! Расында, мен — Аллаһтың Елшісімін, әрі Аллаһ мені ешқашан қор қалдырмайды (құрдымға ұшаратпайды)!***», — деген еді.

Сол кезде Умар ашулы күйде Абу Бакрға барып: «*Әй Абу Бакр! Біз ақиқатта, ал олар адасушылықта емеспіз бе?*», — деп сұрады. Абу Бакр: «*Әрине*», — деп жауап берді. Умар: «*Біздің арамыздан қаза тапқандар Жәннатқа кіріп, ал олардың өлгендері Тозаққа тасталмайды ма?*», — деді. Ол: «*Әрине*», — деп жауап берді. Умар: «*Онда неліктен біз Аллаһ Тағала арамызда үкім шығарғанға дейін кері қайтып, дініміздің төмендетілуіне жол беруіміз керек?*», — деп сұрады. (Абу Бакр) оған: «*Әй Ибн әл-Хаттаб! Расында, ол — Аллаһтың Елшісі, әрі Аллаһ оны ешқашан қор қалдырмайды*», — деп жауап берді.

Кейін «әл-Фәтх» сүресі түскен кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оны Умарға соңына дейін оқып берді. Умар: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл жеңіс еді ме?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Мұны естіген Умар қуанып, (өз үйіне) оралды» (Муслим, 1785).

Жетінші: Оның Табук шайқасындағы ұстанымы

Аллаһтың құлдары! Абу Сәғид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Табук жорығы кезінде ашаршылықтан қиналған адамдар Пайғамбарымызға ﷺ өтініш жасап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер бізге түйелерімізді союға рұқсат берсеңіз, біз олардың етін жеп, майын пайдаланар едік», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Солай істеңдер**», — деді. (Сол кезде) Умар (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер мұны істеуге рұқсат берсеңіз, көлік ететін жануарларымыз азайып қалады! (Одан да) оларға өздерінде қалған азық-түлік қалдықтарын әкелуді бұйырыңыз, содан кейін бұл азыққа Аллаһтан береке тілеп, дұға етіңіз, бәлкім, Аллаһ Тағала (береке) нәсіп етер!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Иә!**», — деді де, былғары төсеніш алдырып, оны жайды. Сосын ол төсенішке қолда бар азық қалдықтарын жинауды бұйырды. Адамдардың бірі бір уыс тары, бірі бір уыс құрма, ал бірі бір тілім нан әкеле бастады. Ақырында, бұл төсеніштің үстіне аздаған тамақ жиналды, содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл тамаққа береке тілеп дұға етті де: «**Мұны ыдыстарыңа салыңдар!**», — деді. Адамдар тамақты өз ыдыстарына сала бастады, (бұл) әскердегі барлық ыдыстар толғанша жалғасты. Оның үстіне, бәрі де тоя жеді, әрі одан кейін де тамақ артылып қалды. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне және өзімнің Аллаһтың Елшісі екендігіме куәлік беремін! Егер (Аллаһтың) құлдарының қайсыбірі (осы екі куәлікті) еш күмәнсіз қабылдаған күйде Оған жолықса, Жәннат оған қолжетімсіз болып қалмайды!**», — деген еді» (Муслим, 27).

Сегізінші: Абу Хурайрамен (Аллаһ оған разы болсын) болған оқиға

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*(Бірде) біз араларында Абу Бакр мен Умар болған бір топ адамдармен Аллаһ Елшісінің ﷺ айналасында отырған едік. Ол орнынан тұрып, жанымыздан кетіп қалды және ұзақ уақыт оралмады. (Біраз уақыттан кейін) біз ол кісіге бірдеңе болып қалмады ма екен деп қауіптеніп, мазасыздана*

*бастадық та, (орнымыздан) тұрдық. Мен бірінші болып мазасызданып, Аллаһ Елшісін ﷺ іздеуге аттандым, сөйтіп оны Бану Нәжар әулетінен болған ансарлардың (бағының) шарбағына келгенше іздедім. Мен қақпаны іздеп, (осы шарбақты) айнала жүрдім, бірақ оны таба алмадым. Дегенмен (бақтың) сыртындағы құдықтан ағып шығып, шарбақ ішіне қарай тартылған кішкентай арықты байқадым. Сол кезде мен түлкі секілді бүрісіп, ішке кірдім де, Аллаһ Елшісін ﷺ көрдім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Абу Хурайрасың ба?**», — деп сұрады. Мен: «Иә, уа, Аллаһтың Елшісі»!, — деп жауап қайтардым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Не болып қалды?**», — деп сұрады. Мен: «Сіз біздің арамызда болған едіңіз, кейін кетіп, ұзақ уақыт оралмадыңыз. Біз сізге бірдеңе болып қалмады ма деп қауіптеніп, бойымызды мазасыздық биледі, ал ең бірінші болып мазасызданған мен едім. Кейін мен осы баққа келіп, түлкі секілді бүрісіп ішке кірдім, ал (қалғандары) артымнан келе жатыр», — дедім. Сол кезде (Пайғамбарымыз ﷺ маған): «**Уа Абу Хурайра!**», — деп тіл қатып, маған өзінің аяқ киімін берді де: «**Менің мына аяқ киіммен бар да, осы бақтың сыртынан жолықтырған, жүрегімен толық иман келтірген күйде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне куәлік беретін кез келген адамды Жәннатпен сүйіншіле!**», — деді. Мен жолықтырған бірінші адам Умар болды. Ол: «Әй, Абу Хурайра! Бұл не аяқ киім?», — деп сұрады. Мен: «Бұл — Аллаһ Елшісінің ﷺ аяқ киімі. Ол мен жолықтырған, жүрегімен толық иман келтірген күйде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне куәлік беретін (кез келген адамды) Жәннатпен сүйіншілеуім үшін мені осы аяқ киімімен жіберді», — деп жауап бердім. Сол кезде Умар мені кеудемнен қолымен қағып жібергені сондай, мен жерге отырып қалдым. Ол: «Кері қайт, әй, Абу Хурайра!», — деді. Мен көз жасымды әрең тыйып, Аллаһ Елшісіне ﷺ ораладым, ал Умар менің артымнан ілесе келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: «**Уа, Абу Хурайра! Саған не болды?**», — деп сұрады. Мен: «Мен Умарды жолықтырып, оған сіздің мені немен жібергеніңізді айттым, ал ол мені кеудемнен итеріп жіберді, ал мен жерге отырып қалдым. Кейін ол маған: «Кері қайт!», — деп айтты», — дедім. Аллаһтың Елшісі ﷺ Умардан: «**Әй, Умар! Сені бұлай істеуге не итермеледі?**», — деп сұрады. Умар: «Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз (шынымен) Абу Хурайраны өзіңіздің аяқ-киіміңізбен, жүрегімен толық иман келтірген күйде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне куәлік беретін, өзі жолықтырған (кез келген адамды) Жәннатпен сүйіншілеуге жібердіңіз бе?», — деп сұрады. (Пайғамбарымыз ﷺ): «**Иә**», — деп жауап берді. (Сол кезде Умар): «Мұны істемеңіз, өйткені, расында, мен адамдардың (тек) осыған ғана арқа сүйеп кетуінен қорқамын, сондықтан*

*олар (құлшылық) амалдарын жасай берсін!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**(Амал) жасай берсін**», — деп жауап берді»* (Муслим, 31).

Умар адамдардың «Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігіне арқа сүйеп, амал жасамай қоюынан қорықты! Уа Умар! Аллаһ саған разы болсын. Біз сенің «әл-Фаруқ» екендігіңе куәлік береміз! Сенің дініңдегі талапшылдығың, беріктігің мен қайратың жайлы куәлік береміз!

Тоғызыншы: Хунайн шайқасында Аллаһ Елшісінің ﷺ олжаларды бөлуіне қарсы шыққан адаммен болған оқиға

Жәбир ибн Абдуллаһ былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Хунайннан қайтып бара жатып Жиғранда болғанда, Биләлдің киімінде күміс бар еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ одан алып, адамдарға бөліп жатқанда, бір адам жақындап: «Уа, Мухаммад! Әділ бол!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған қайғы болсын! Егер мен әділ болмасам, онда кім әділдікті ұстанады?! Егер мен әділдік сақтамасам, сен құрдымға ұшырап, сәтсіздікке душар болдың!**», — деп жауап берді. Сол кезде Умар ибн әл-Хаттаб: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған мына екіжүздінің басын шауып тастауға рұқсат беріңіз!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Адамдар мені өз сахабаларымды өтіріп жатыр деп айтуынан Аллаһ сақтасын! Расында, бұл адам және оның серіктері Құран оқиды, бірақ ол олардың кеңірдегінен төмен түспейді. Олар оқ аңды тесіп өтіп шығатыны секілді діннен шығып кетеді», — деп жауап берді**»* (Муслим, 1063).

Оныншы: Құранды Умар білмейтін қырағатпен оқыған Хишәм ибн Хәким ибн Хизәммен болған оқиға

Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Бірде) Аллаһ Елшісінің ﷺ көзі тірісінде мен Хишәм ибн Хәким ибн Хизәмның «әл-Фурқан» сүресін оқып жатқанын естіп қалдым. Оның оқуына (мұқият) құлақ түргенімде, оның бұл сүрені Аллаһ Елшісі ﷺ маған үйретпеген көптеген тәсілдермен оқып жатқанын байқадым. Мен намаз үстінде-ақ оған тап бергім келді, бірақ өзімді ұстадым. Ал ол тәслим айтқан (сәлем берген) бойда оның шапанынан ұстап: «Сенен естіген мына сүрені оқуды кім үйретті?», — деп сұрадым. Ол: «Бұл сүрені оқуды маған Аллаһтың Елшісі ﷺ үйретті», — деді. Мен: «Аллаһпен ант етемін! Сен өтірік айтасың! Өйткені сен оқыған осы сүрені оқуды маған Аллаһ Елшісінің ﷺ өзі үйреткен!», — деп дауыстадым.*

*Кейін мен оны Пайғамбарымызға ﷺ алып келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, мен мына адамның «әл-Фурқан» сүресін сіз маған үйретпеген тәсілмен оқығанын естідім, маған «аль-Фурқан» сүресін оқуды сіз үйреткен едіңіз», — дедім. (Бұған) Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оқы, әй Хишәм!**», — деді. Ол (Пайғамбарымызға ﷺ) тура мен естігендей оқып берді, кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ол осылай түсірілген еді**», — деді. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ маған: «**(Енді) сен оқы, әй, Умар!**», — деді. Мен оны оның өзі маған үйреткендей етіп оқып бердім, сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ол осылай түсірілген еді**», — деді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Расында, бұл Құран (оны оқуға болатын) жеті тәсілмен түсірілді, сондықтан оны өздеріңе қалай жеңіл болса, солай оқыңдар**», — деді»* (әл-Бухари, 4706; Муслим, 818)**.**

Он бірінші: Умардың ол жайлы «әд-Дәжжәл» деп айтылған Ибн Сәйәд деген адамға қатысты ұстанымы

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Бірде) Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісімен ﷺ және тағы бірнеше адаммен бірге сол кезде балиғат жасына жетіп қалған Ибн Сәйәдқа барды. Олар оның Бану Мәғәлә (әулетінің) қамалының жанында басқа балалармен ойнап жүргенін көрді. Ибн Сәйәдқа келсек, Аллаһ Елшісі ﷺ оның арқасынан қолымен қаққанша, ол (олардың) байқамаған еді. Содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ Ибн Сәйәдқа: «**Менің Аллаһтың Елшісі екендігіме куәлік бересің бе?**», — деді. Ибн Сәйәд оған қарап: «Мен сенің сауатсыздарға жіберілгеніңе куәлік беремін», — деді. Осыдан кейін Ибн Сәйәд Аллаһ Елшісінен ﷺ: «Ал сен менің Аллаһтың Елшісі екендігіме куәлік бересің бе?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ бұған куәлік етуден бас тартып: «**Мен Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірдім!**», — деді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «**Не көріп тұрсың?**», — деп сұрады. Ибн Сәйәд: «Маған шыншыл да, өтірікші де келеді», — деп жауап берді. Сол кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Сенде (мұның барлығы) шатасып кеткен!**», — деді. Содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Расында, мен сен үшін бір нәрсе сақтап қойдым**», — деді. Ибн Сәйәд: «Бұл — әд-дух…», — деп сөйлей бастаған кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Жоғал! Сен ешқашан өз шегіңнен аса алмайсың**», — деді. (Мұны естіген) Умар ибн әл-Хаттаб: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған оның басын шауып тастауға рұқсат етіңіз», — деп дауыстады. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Егер бұл сол (Дәжжәлдің өзі) болса, сен оны ешқашан жеңе алмайсың, өйткені оны жеңетін — Иса ибн Мәриям. Ал егер бұл ол болмаса, онда оны***

өлтіру саған ешқандай жақсылық әкелмейді», — деді» (Әл-Бухари, 2890; Муслим, 2930).

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат етіп көрсетіп, оған ілесуді нәсіп ет!

Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) өмірінде болған оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу үшін әрі Өз дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және мойынсұнбаушылық.

Кімде-кім Аллаһқа оларды жақсы көрген күйде жолықса, табысқа жетеді. Өйткені оларды мүминдерден басқа ешкім жақсы көрмейді. Ал кімде-кім Аллаһқа оларды жек көрген күйде жолықса, ол опат болып, зиянға ұшырайды. Өйткені оларды екіжүзділерден басқа ешкім жек көрмейді.

Кімде-кім Аллаһқа олардың мәнһәжына еріп, олардың жолымен жүрген күйде жолықса, жетістікке жетеді. Себебі Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ал кімде-кім Аллаһқа басқа мәнһәжға еріп, олардың жолынан тыс жүрген күйде жолықса, опат болып, зиянға ұшырайды. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Бұл үмметтің ішінде өз Пайғамбарынан ﷺ және Абу Бакр әс-Сыддықтан (Аллаһ оған разы болсын) кейінгі ең абзалы — әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын).

Бұл тақырып, Аллаһ қаласа, Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбар ﷺ қайтыс болғаннан кейінгі жағдайы жайында болады.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келген күні бүкіл қала нұрланып кетті. Ал ол қайтыс болған күні бүкіл қала қараңғылыққа оранды*»[1].

Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ қайтыс болғаны туралы хабар жеткен кезде, ол орнынан тұрып: «*Екіжүзділердің кейбірі Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болды деп айтып жүр. Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болған жоқ. Ол өз Раббысына Муса ибн Имран кеткендей кетті: ол ол өз қауымынан қырық түн бойы алыста болды, кейін олар оны қайтыс болды деп айтқаннан соң қайта оралды. Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың Елшісі ﷺ міндетті түрде қайтып келеді және оның қайтыс болды деп айтқандардың қол-аяқтарын шауып тастайды*», — деген еді[2].

Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Расында, Мухаммад ﷺ қайтыс болды», — деген адамдарды қорқыта бастады. Ол бұны айтып жатқан кезде,

---

1 Бұл хабарды әт-Тирмизи, (3618); Ибн Мәжаһ, (1631); Имам Ахмад өзінің «Муснадында», (3/221); Ибн Хиббән өзінің «Сахихында», (14/601) және «Мәуәрид әз-зәмғанда», (530-бет) келтірген. Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи» мен «Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

2 Хадистің толық нұсқасы сенімді иснадпен Ибн Хишәмнің «Пайғамбарлық сирасында», (6/75); сондай-ақ әт-Табаридің «Тарих» еңбегінде келтірілген, (2/232). Әл-Бухари хадисті Умардың барлық сөздерін келтірмей жеткізген, (3467); Хадис Ибн Хиббәннің «Сахихында», (14/588) және басқа да хадистер жинақтарында келтірілген.

Абу Бакр Аллаһ Елшісінің ﷺ алдына кіріп, оны сүйді де: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз тірі күйіңізде де, қайтыс болғаныңызда да игісіз*», — деді.

Содан кейін ол сыртқа шығып, адамдарға былай деген еді: «*Сендердің араларыңда кім Мухаммадқа ﷺ құлшылық еткен болса, Мухаммад ﷺ қайтыс болғанын білсін! Ал кім Аллаһқа құлшылық етсе, расында, Аллаһ — Мәңгі Тірі, Ол өлмейтінін есінде сақтасын! Аллаһ Тағала былай деген:*

﴿وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِن قَبْلِهِ ٱلرُّسُلُ ۚ أَفَإِيْن مَّاتَ أَوْ قُتِلَ ٱنقَلَبْتُمْ عَلَىٰٓ أَعْقَٰبِكُمْ ۚ وَمَن يَنقَلِبْ عَلَىٰ عَقِبَيْهِ فَلَن يَضُرَّ ٱللَّهَ شَيْـًٔا ۗ وَسَيَجْزِى ٱللَّهُ ٱلشَّٰكِرِينَ ﴿١٤٤﴾﴾

«**Мухаммад тек елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, арттарыңа қайтасыңдар ма? Кім кері қайтса, Аллаһқа ешқандай зиян келтіре алмайды. Сондай-ақ Аллаһ шүкір етушілерді сыйлайды**» («Әли Имран» сүресі, 144-аят)**».**

Ибн Аббас былай деген: «*Аллаһпен ант етемін, Абу Бакр осы аятты оқығанға дейін адамдар Аллаһтың бұл аятты түсіргенін білмегендей болды. Барлық адамдар бұл аятты одан қабылдады, әрі оны қайталамаған ешкім қалмады*».

Ал Умар: «*Аллаһпен ант етемін, Абу Бакрдың осы аятты оқығанын естігенімде, мен өзімді найзағай соққандай сезіндім. Аяғым әлсіреп, жерге құладым. Өйткені мен Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болғанын сол кезде ғана түсінген едім!*», — деген еді (әл-Бухари, 4187).

Оның Абу Бакрға ант беруге қатысты ұстанымы

Келесі күні Умар Бану Сағидтің шатырының астында Абу Бакрға ант берді. Кейін екінші күні мешітте тұрып, адамдарға сөз сөйледі және оларды Абу Бакрға ант беруге шақырды. Осыдан кейін өзі тұрып, оған ант берді. Адамдар да оған еріп, Абу Бакрға жалпы ант берді.

Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) Умм Айманға (Аллаһ оған разы болсын) келуі.

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғаннан кейін біраз уақыт өткен соң, Абу Бакр Умарға (Аллаһ Тағала олардың екеуіне де разы болсын): «Бізбен бірге Умм Айманға жүр. Оған Аллаһтың Елшісі ﷺ барып тұрғандай, біз де барып қайтайық», — деді. Ол Аллаһтың Елшісі ﷺ бала болған кезде оған қамқорлық жасаған тәрбиешісі еді. Пайғамбарымыз ﷺ ержеткен соң оны азат етіп, Зәйд ибн Хәрисаға (Аллаһ оған разы болсын) тұрмысқа берген.*

Олар оған келген кезде, Умм Айман жылай бастады. Сонда олар одан: «Неге жылап жатырсыз? Сіз Аллаһтың қасындағы нәрсе Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін жақсырақ екендігін білмейсіз бе?», — деп сұрады. Ол: «Расында, мен Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін Аллаһ Тағаланың қасындағы нәрсе жақсырақ екендігін білмегендіктен жылап отырған жоқпын. Мен көктен түсіп тұратын уәхидің тоқтағаны үшін жылап отырмын!», — деп жауап берді. Бұл сөздер оларға қатты әсер етіп, олар да онымен бірге жылай бастады» (Муслим, 2454).

Аллаһтың құлдары! Біздің Елшіміз ﷺ өз ұмметін айқын жолда қалдырды: оның түні күндіздей анық, одан тек құрдымға кеткен адам ғана адасады. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) келіп, діннен қайтқандармен соғысып, ақырында оларды Пайғамбарымыз ﷺ болған жолға қайта әкелді.

Мұсылман мемлекетінің құрылуындағы мақсат — Ислам дінін қорғау болғандықтан, әл-Фаруқтың ең көп көңіл бөлген істерінің бірі осы мақсатты орындау еді. Яғни ол діннің негіздерін сақтап, адамдарды Аллаһтың Елшісі ﷺ қалдырған дұрыс әрі таза ақидаға бағыттауға ерекше көңіл бөлген. Ол (Аллаһ оған разы болсын) адасқандардың күмәндарымен күресті, дін дұшпандарының айлаларын талқандады. Олар шайтан әсемдетіп көрсеткен адасқан, бидғатшыл әрі айыпты сенімдерді таратып, өздерін жақсы іс істеп жүрміз деп ойлайтын. Умар әл-Фаруқтың таухид (бірқұдайшылық) шекараларын қорғағанын, бидғаттармен және адасқан сенімдермен күрескенін көрсететін кейбір оқиғаларды келтірейік. Өйткені мысалдар арқылы сөздің мәні айқындала түседі.

Умар және Қара тас

Аллаһтың құлдары! Умар Қара тасқа келіп, оны сүйген кезде былай деген еді: «*Аллаһпен ант етемін! Расында, мен сенің пайда да, зиян да тигізе алмайтын тас (қана) екеніңді білемін. Егер мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ сені сүйгенін көрмегенімде, сені сүймес едім!*» (Әл-Бухари, 1520; Муслим, 1270).

Аллаһ Ұлы! Ол ең көркем түрде әрі ең дұрыс мағынада ілесті.

Ибн Хәжәр былай деген: «*Әт-Тобари: «Умар мұны адамдардың пұттарға құлшылық етуден енді ғана бас тартқаны себепті айтты. Ол надан адамдар Тасты сүю — арабтардың надандық дәуірінде істегеніндей, кейбір тастарды ұлықтау деп ойлап қалуынан қорықты. Умар адамдарға Тасты сүю — Пайғамбарымыздың ﷺ амалына ілесу екенін үйреткісі келді», — деген еді».*

Кейін Ибн Хәжәр былай деді: «*Умардың бұл сөздерінде дін мәселелерінде шариғатқа толық мойынсұну, ақыл жете бермейтін нәрседе көркем түрде ілесу бар. Бұл — Пайғамбарымызға ﷺ оның істеген амалдарында, оның даналығы белгілі болмаса да ілесудің ұлы қағидасы*»[1].

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) және разылық ағашы

Бұл — мүминдер Аллаһтың Елшісіне ﷺ оның астында тұрып ант берген ағаш. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿۞ لَّقَدۡ رَضِيَ ٱللَّهُ عَنِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ إِذۡ يُبَايِعُونَكَ تَحۡتَ ٱلشَّجَرَةِ فَعَلِمَ مَا فِي قُلُوبِهِمۡ فَأَنزَلَ ٱلسَّكِينَةَ عَلَيۡهِمۡ وَأَثَٰبَهُمۡ فَتۡحٗا قَرِيبٗا ١٨﴾

«**Расында, Аллаһ мүминдерден ағаштың астында саған серт берген сәтте разы болды да, олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тоқтау салды. Сондай-ақ оларға таяуда бір жеңіс нәсіп етті**» («әл-Фәтх» сүресі, 18-аят)**.**

Ибн Сәғд Нәфиғтен сенімді иснадпен Умарға адамдардың разылық ағашына келіп, оның жанында намаз оқитыны туралы хабар жеткенде, ол оларға ескерту жасап, кейін ағашты кесір тастауды бұйырғанын жеткізен. Сөйтіп ол ағаш кесілді[2].

Міне, мүминдердің әмірі Умардың (Аллаһ оған разы болсын) таухид шекараларын қорғаудағы ұстанымы осындай еді. Ол бүлікке апаратын себептерді жойды. Өйткені бұл тәбиғиндер сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) істемеген істі жасай бастады. Бұл сол нәрсеге құлшылық етуге алып баруы мүмкін бидғат еді, сондықтан ол ағашты кесіп тастауды бұйырды.

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) намаз оқу үшін белгілі бір орындарды арнайы іздеуге тыйым салды.

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) сенімді иснадпен ол сапарда келе жатып, адамдардың белгілі бір жерлерге қайта-қайта барып, сол жерде намаз оқып жүргенін көргені жеткізіледі. Ол: «*Бұл не?*», — деп сұрады. Олар: «Бұл — Аллаһ Елшісі ﷺ намаз оқыған жер», — деп жауап берді. Сонда Умар: «*Расында, сендерден*

---

1 «Фәтх әл-Бәри», (3/590–591).

2 «Мусаннәф» Ибн Абу Шәйбә, (2/150); «әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (2/100); «Фәтх әл-Бәри», (7/448). Хәфиз: «Бұл хабардың иснады сенімді», — деген.

бұрынғылар осының себебімен ғана опат болған еді. Олар өз пайғамбарларының іздерін құлшылық орындарына айналдырды. Кімге намаз уақыты сол жерде кірсе, намазын сол жерде оқысын. Ал олай болмаса, жолын жалғастырсын», — деген еді[1].

Яғни бұған нақты дәлел болмаса адам сол жердің өзі үшін белгілі бір жерде намаз оқуға арнайы ұмтылмауы керек.

Умар ибн әл-Хаттабтың Аббаспен (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) Аллаһқа жаңбыр сұрап, жалбарынуы

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мұсылмандар құрғақшылыққа тап болған кезде Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) әрдайым Аббас ибн Абдулмутталибтен Аллаһқа жаңбыр сұрап дұға етуін өтініп: «Уа, Аллаһ! Расында, біз бұрын Пайғамбарымыз арқылы Саған жаңбыр сұрап дұға ететін едік және Сен бізге жаңбыр жіберетін едің. Ал енді біз Саған Пайғамбарымыздың көкесі арқылы жалбарынып жатырмыз. Бізге жаңбыр нәсіп ет!», — дейтін. Содан кейін оларға шынымен де жаңбыр түсірілетін*» (әл-Бухари, 964).

Аббас шығып, Аллаһ Тағалаға былай деп дұға етті: «*Уа, Аллаһ! Расында, бәле тек күнәлар себепті келеді, әрі одан тек тәубе арқылы ғана құтылуға болады. Адамдар Сенің Пайғамбарыңмен туыстығым себепті мен арқылы Саған жүгінді. Міне, біз Саған күнәлі қолдарымызды созып, маңдайларымызды тәубемен иіп тұрмыз. Бізге жаңбыр түсіре гөр!*». Сол сәтте аспанды таудай бұлттар қаптап, жаңбыр құйды. Ол жерді ылғалдандырып, адамдарды қайта тірілткендей болды[2].

---

1 «Мусәннаф Абдурразақ», (2/118); «Мусәннаф Ибн Абу Шәйба», (2/151); «Муғтәсыр әл-мухтәсәр», (2/177); «Фәтх әл-Бәри», (1/569). Сондай-ақ шейхул-Ислам Ибн Тәймия өзінің «Мәжмуғ әл-фәтәуә» еңбегінде бұл хадистің иснадын сенімді деп атаған, (1/281).

2 «Фәтх әл-Бәри», (2/497).

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) мүминдердің әмірі ретінде қол астындағы адамдардың билік өкілдеріне қатысты шағымдарын өзі қарап, шешім шығаратын

Мысал ретінде Куфа тұрғындарының Сәғд ибн Абу Уаққасқа (Аллаһ оған разы болсын) шағымдануын келтіруге болады.

Куфа тұрғындары Умарға (Аллаһ оған разы болсын) Сәғдқа қатысты шағым айтқан кезде, ол оны қызметінен алып, олардың үстінен Ғәммар ибн Ясирді басшы етіп тағайындады. Олар көп шағым келтірді, соның ішінде оның намазды дұрыс өткізбейтінін де айтқан еді. Умар оны шақыртып: «*Уа, Абу Исхақ! Бұл адамдар сен намазды дұрыс өткізбейсің деп айтып жатыр*», — деді. Абу Исхақ бұған былай жауап берді: «*Мен жайлы айтсақ, Аллаһпен ант етемін, олармен Аллаһтың Елшісі ﷺ оқығандай намаз оқыдым және намазды кемітпедім! Құптан намазында алғашқы екі ракағатты ұзақ оқып, соңғы екі ракағатты қысқа оқитынмын*». Умар: «*Уа, Абу Исхақ! Мен сен туралы дәл осылай ойлаған едім*», — деді. Содан кейін ол онымен бірге бір адамды немесе бірнеше адамды жіберіп, Куфа тұрғындарынан ол жайында сұратты. Қалада Сәғд туралы сұралмаған бірде-бір мешіт қалмады, әрі бәрі оны жақсылықпен еске алды. Ақырында ол Бану Ғәбс тайпасының мешітіне кірді. Сол жерде Усама ибн Қатада есімді, Абу Сәғдә деген атпен белгілі бір адам орнынан тұрып: «*Сен бізден сұрап тұрғандықтан, айтайын, Сәғд әскери жасақтармен жорықтарға қатыспайтын, олжаны тең бөлмейтін және сот істерінде әділдік ұстанбайтын*», — деді. Мұны естіген Сәғд: «Онда, Аллаһпен ант етемін, мен үш нәрсе сұрап дұға етемін: «*Уа, Аллаһ! Егер бұл құлың өтірікші болса, әрі ол тек өзін көрсету және атақ шығару үшін орнынан тұрған болса, оның өмірін ұзарт, кедейлігін ұзақ ет және оны сынақтарға душар ет!*», — деген еді. Мұның барлығы орындалды. Кейін ол адамнан жағдайы туралы сұралғанда, ол: «Мен — Сәғдтың қарғысы түскен бақытсыз қартпын», — деп жауап беретін.

Абдулмәлик былай деген: «*Кейін мен ол адамды көрдім. Ол қартайғандықтан қастары көзіне түсіп кеткен еді, әрі ол көшелерде жас күңдерге тиісіп жүретін*» (әл-Бухари, 722).

Әрине. Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Сәғд Саған дұға еткен кезде оның дұғасын қабыл ете гөр***», — деген[1].

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә сахихайн», (3/28); «Сунан әт-Тирмизи», (3751); «Мәжмәғ әззәуәид», (6/82). Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи» мен «әл-Мишкәтьа», (6116) хадисті

Бұған қалай таңғалуға болады? Бұл — зұлымдық көрген адамның оның жамандығынан жасаған дұғасы еді. Ал Аллаһ Тағала зұлымдық көрген адамның дұғасына жауап береді. Бұған қоса Умар оны қызметінен алып, орнына Ғәммарды тағайындады, ал Сәғдты Мәдинада өзінің кеңесшісі етті.

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) мүминдердің әмірі ретінде Аллаһтың Кітабына берік ұстанатын

Аллаһтың құлдары! Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын) бізге Аллаһтың Кітабына берік ұстанудың ең жоғары үлгісін көрсетті.

Ибн Аббастың (Аллаһ оған және әкесіне разы болсы) былай дегені жеткізіледі: «*Бір күні Ғуяйнә ибн Хисн ибн Хузәйфә Мәдинаға келіп, өзінің жиені Хурр ибн Қойстың үйіне тоқтады. Хурр Умар (Аллаһ оған разы болсын) өзіне жақын ұстайтын адамдардың қатарынан еді. Умардың мәжілістеріне Құран қарилары қатысатын. Олар жасы үлкен болсын, жас болсын, оның кеңесшілері еді. Ғуяйнә өзінің жиеніне: «Уа, бауырымның ұлы! Сен билеушінің алдында жоғары мәртебеге иесің, одан мені қабылдауын сұра», — деді. Ол: «Мен сен үшін рұқсат сұраймын», — деп жауап берді. Хурр Ғуяйнә үшін рұқсат сұрады, әрі Умар оған рұқсат берді. Ғуяйнә Умардың алдына кірген кезде: «Тоқтат, уа, Ибн әл-Хаттаб! Аллаһпен ант етемін, сен бізге көп нәрсе бермейсің әрі арамызда әділетсіз билік жүргізесің», — деді. Бұл сөздерді естіген Умар (Аллаһ оған разы болсын) қатты ашуланып, тіпті оны жазаламақ болды. Бірақ Хурр оған: «Уа, мүминдердің әмірі! Расында, Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына: «***Кешірімді бол, жақсылықты бұйыр және надандардан теріс бұрыл***», — деп айтқан еді. Бұл адам надандардың қатарына жатады», — деді. Аллаһпен ант етемін, Хурр осы аятты оқығаннан кейін Умар оның мағынасына қайшы келетін еш нәрсе істемеді. Өйткені ол Аллаһ Тағаланың Кітабының үкімдеріне берік тоқтайтын еді*» (әл-Бухари, 4366). Яғни ол аятты естіген кезде оны кешірді. Умар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз Мухаммадтың ﷺ тәрбиесінде өсті. Сондықтан өзіне еш негізсіз дұшпандық көрсеткен бұл адамнан теріс бұрылды.

сенімді деп атаған.

Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) құлшылығы мен жомарттығы

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) түнде тұрып намаз оқитын.

Абу Қатададан (Аллаһ оған разы болсын) бір күні Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдан: «***Сен үтір намазын қай уақытта оқисың?***» — деп сұрағаны жеткізіледі. Абу Бакр: «*Түннің басында*», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Умардан: «***Ал сен үтір намазын қай уақытта оқисың?***» — деп сұрады. Умар: «*Түннің соңында*», — деп жауап берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакр туралы: «***Бұл қауіпсіз жолды ұстанды***», — деді. Ал Умар туралы: «***Ал бұл күш-қуатты талап ететін жолды таңдады***», — деген еді[1].

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) көп нәпіл ораза ұстайтын. Зәйд ибн Худәйр (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Мен Умар ибн әл-Хаттаб адамдардың ішінде ең көп ораза ұстайды және сиуакты ең жиі қолданады деп ойлайтынмын*»[2].

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғаннан бері мен Умар ибн әл-Хаттабтан артық құлшылықта ынталы және одан жомарт ешкімді көрмедім*» (әл-Бухари, 3484).

Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге садақа беруді бұйырды. Сол кезде менің қолымда мал-дүние бар еді. Мен өзіме: «Егер мен қандай да бір уақытта Абу Бакрдан оза алсам, бүгін озамын!», — дедім. Осылайша мен өзімде бар дүниенің жартысын алып келдім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: «**Отбасыңа не қалдырдың?**», — деп сұрады. Мен: «Дәл осынша (мүлік) қалдырдым», — деп жауап бердім. Ал Абу Бакр өзіндегі барлық дүниесін алып келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ одан: «**Сен отбасыңа не қалдырдың?**», — деп сұрады. Ол: «Мен Оларға Аллаһты және Оның Елшісін қалдырдым», — деп жауап берді. Сонда мен: «Мен сенен ешқашан еш нәрседе оза алмаймын!», — дедім*».

Әсләмнің былай дегені жеткізіледі: «*Бір күні мен Умар ибн әл-Хаттабпен бірге базарға шыққанымда, бір жас әйел Умарды қуып жетіп: «Уа, мүминдердің әмірі! Күйеуім қайтыс болып, артында кішкентай балалар қалды. Аллаһпен ант етемін, оларда ет те, көкөніс те, сүт те жоқ. Мен*

---

1 «Сахих ибн Хузәйма», (2/145); «Сахих Ибн Хиббән», (6/199); «әл-Мустәдрак әс-сахихайн», (1/442); «Сунан Абу Дауд», (1434). Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «Абу Даудқа» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 Бұл хабарды Ибн Сәғд «әт-Тәбәқатта» сенімді иснадпен жеткізген, (3/220).

олардың аштықтан өліп кетуінен қорқамын. Мен Хуфәф ибн Имәғ әл-Ғифаридің қызымын, менің әкем Пайғамбармен ﷺ бірге Худәйбияда болған», — деді. Сонда Умар тоқтап: «Жақын туысқа сәлем бердім, қош келдің!», — деді. Кейін ол үйінде байлаулы тұрған түйеге барып, оған азық-түлік салынған екі үлкен қоржынды артты. Екеуінің арасына ақша мен киім салды. Сосын түйенің тізгінін әйелге беріп: «Мұны үйіңе алып бар! Бұл таусылып үлгермей, Аллаһ сендерге тағы да игілік береді», — деген еді. Сонда бір адам: «Уа, мүминдердің әмірі! Сен оған тым көп бердің», — деді. Умар оған: «Анаң сені жоғалтсын! Аллаһпен ант етемін, мен оның әкесі мен бауырының қамалды ұзақ уақыт қоршап, кейін оны бағындырғанын көргенмін. Кейін біз әскери олжадан олардың үлесін бөлген едік», — деп жауап берді» (Әл-Бухари, 3928). Міне, бұл — дүниенің шығысынан батысына дейін жер беті ашылған, әрі сол жерлерде Исламды таратқан ерлер.

Аллаһтың құлдары! Умар әл-Фаруқ үнемі: «*Әр күні біз: «Пәлен адам қайтыс болды», — деп айтамыз. Осы секілді: «Умар қайтыс болды», — деп айтылатын күн де келеді*», — деп айтатын. Аллаһ Тағала қаласа, келесі тақырып «Умардың қайтыс болуы» деп аталатын болады. Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат етіп көрсет әрі оған еруді нәсіп ет. Бізге адасуды адасу етіп көрсет әрі одан алыстауды нәсіп ет.

ӘЛ-ФАРУҚ УМАР ИБН ӘЛ-ХАТТАБТЫҢ (АЛЛАһ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ӨЛІМІ

Аллаһтың құлдары! Әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) туралы сөзімізді жалғастырайық. Пайғамбарымыз ﷺ ол туралы: «***Егер менен кейін пайғамбар болатын болса, ол Умар болар еді***», — деген.

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ ол жайлы: «***Расында, Аллаһ ақиқатты Умардың тіліне және жүрегіне орнықтырды***», — деп айтқан адам[1].

[1] «Сахих ибн Хиббән», (15/312); «әл-Мустәдрақ ғәлә сахихайн», (3/93); «Мәуәрид әддәмған», (536-бет); «Сунан әт-Тирмизи», (3682); «Сунан ибн Мәжаһ», (108); «Муснад»

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Есепке тартылмай тұрып, өздеріңді есепке тартыңдар. Таразыға тартылмай тұрып, өздеріңді таразылаңдар. Ұлы тұрысқа дайындалыңдар:*

﴿يَوۡمَئِذٖ تُعۡرَضُونَ لَا تَخۡفَىٰ مِنكُمۡ خَافِيَةٞ ١٨﴾

«**Сол күні сендер ұсыныласыңдар. (Сендердің) еш нәрселерің жасырылмайды**» («әл-Хәққа» сүресі, 18-аят)[1].

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) тағы былай деген: «*Егер көктен бір жаршы: «Уа, адамдар! Расында, бір адамнан басқа барлықтарың Жәннатқа кіресіңдер», — деп жар салса, сол адам мен болып қаламын ба деп қорқар едім. Ал егер жаршы: «Уа, адамдар! Расында, бір адамнан басқа барлықтарың Тозаққа кіресіңдер», — деп жар салса, мен сол адам болармын деп үміттенер едім*»[2]. Бұл — қорқыныш пен үміт.

Умар әл-Фаруқ: «*Әр күні біз: «Пәлен адам қайтыс болды», — деп айтамыз. Осы секілді: «Умар қайтыс болды», — деп айтылатын күн де келеді*», — деп айтатын[3]. Умар шындықты айтты. Расында, Аллаһ Тағала барлық жаратылысқа өлімді жазды.

Аса Жоғары Раббымыз былай деген:

﴿كُلُّ نَفۡسٖ ذَآئِقَةُ ٱلۡمَوۡتِۗ وَنَبۡلُوكُم بِٱلشَّرِّ وَٱلۡخَيۡرِ فِتۡنَةٗۖ وَإِلَيۡنَا تُرۡجَعُونَ ٣٥﴾

«**Әрбір жан өлімнің дәмін татады. Сендерді сынап, жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласыңдар**» («әл-Әнбия» сүресі, 35-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٞ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ ٣٠﴾

«**Расында, сен де өлесің, олар да өледі**» («әз-Зумәр» сүресі, 30-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا جَعَلۡنَا لِبَشَرٖ مِّن قَبۡلِكَ ٱلۡخُلۡدَۖ أَفَإِيْن مِّتَّ فَهُمُ ٱلۡخَٰلِدُونَ ٣٤﴾

«**Сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең, олар мәңгі өмір сүре ме?**» («әл-Әнбия» сүресі, 34-аят).

имам Ахмад, (2/53). Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи», «Ибн Мәжаһ» және «әл-Мишкәт», (6034) жинақтарына жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

1 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (149-бет).

2 «Тәхзиб хилиәт әл-әулия», (1/73).

3 «Хошиәт рисәлә әл-мустәршидин», (111-бет).

Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, Умар әл-Фаруқтың (Аллаһ оған разы болсын) өмірбаянына қатысты соңғы тақырып болады. Бұл тақырыбымыздың атауы: «Умар әл-Фаруқтың өлімі».

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) өзінің өлтірілетінін және Аллаһпен шәһид күйінде жолығатынын анық білді. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ оның тірі кезінде-ақ оны шәһәдамен сүйіншілеген еді.

Әнас ибн Маликтен (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ, сондай-ақ Абу Бакр, Умар және Усман Ухуд тауына көтерілгені жеткізіледі. Сол кезде тау олардың астында қозғала бастады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қозғалма, Ухуд! Өйткені сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл және екі шәһид тұр!***», — деген еді[1].

Ибн Умардан (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) бір күні Пайғамбарымыз ﷺ Умардың үстіндегі ақ көйлекті көріп: «***Бұл жаңа, әлде жуылған киім бе?***» — деп сұрағаны жеткізіледі. Умар: «*Жуылған киім*», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ***: «Жаңа киім ки, лайықты өмір сүр және шәһид болып қаза тап***», — деді[2].

Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын) Раббысынан шәһәда сұрайтын. Зәйд ибн Әсләм әкесінен Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін жеткізген: «*Уа, Аллаһ! Маған Өзіңнің жолында шәһәда нәсіп ет! Әрі менің жанымды Өз Елшіңнің ﷺ қаласында ала гөр*!» (Әл-Бухари, 1791).

Хузәйфаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бір күні біз Умардың (Аллаһ оған разы болсын) қасында отырған едік. Ол: «Сендердің қайсыларың Аллаһ Елшісінің ﷺ бүлік туралы айтқан сөздерін есінде сақтады?», — деп сұрады. Мен: «Мен оны дәл айтқанындай жаттап алдым», — дедім. Сонда Умар: «Расында, сен бұл мәселеде батылдық танытып жатырсың!», — деді. Содан кейін мен Пайғамбарымыздың ﷺ сөздерін қайталадым: «**Адамның әйелі, балалары және көршілері себепті ұшырайтын сынағы намаз, садақа және ізгі амалдар арқылы өтеледі**».* [Сулейман (жеткізуші): «Ол: «Намаз, садақа, адамдарды шариғат құптаған іске бұйыру және тыйым салынған істен қайтару», — деді», — деп толықтырған] *Умар: «Мен мұны айтып тұрған жоқпын. Мен теңіздей толқып, таситын фитна (бүлік) жайлы айтып тұрмын», — деді. Мен: «Уа, мүминдердің әмірі! Ол саған зиян тигізбейді. Өйткені сен*

---

1 Жоғарыда келтірілген.

2 «Сахих Ибн Хиббән», (15/320); «Мәуәрид әз-зәмған», (536); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/74); «Сунан ибн Мәжаһ», (3558). Шейх әл-Әлбәни өзінің Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған. Сондай-ақ бұл хадис «әс-Силсилә әс-сахихада» келтірілген (352).

одан құлыпталған есік арқылы бөлінгенсің», — дедім. Умар: «Ол есік сындырылады ма, әлде ашылады ма?», — деп сұрады. Мен: «Ол сындырылады», — деп жауап бердім. Умар: «Демек, содан кейін ол ешқашан жабылмайды ғой!», — деді. Мен: «Әрине», — деп жауап бердім».

Абу Уәил (жеткізуші) былай деген: «Біз ол есіктің не екендігін сұрауға қорқып, Мәсруққа: «Одан (бұл есік жайлы) сұрап көрші», — дедік. Ол Хузәйфадан сұрады. Сонда Хузәйфа: «***Ол есік — Умар (Аллаһ оған разы болсын)***», — деп жауап берді».

Умар әл-Фаруқтың өлімінің жақындауының белгілері

Бұл бірнеше нәрседе көрінген еді.

Бірінші: оның қажылықтың соңында жасаған дұғасы

Сәғид ибн әл-Мусәйибтен Умардың (Аллаһ оған разы болсын) Минадан шыққан соң бір алқапқа тоқтағаны жеткізіледі. Ол сол жерде *топырақты үйіп, үстіне киімінің бір шетін төседі де, жатты. Кейін қолдарын көкке көтеріп: «Уа, Аллаһ! Мен қартайдым, әлсіредім, қол астымдағы халық жан-жаққа тарады… Мені бұл дүниеден міндетіме салғырт қарамаған әрі шектен шықпаған күйде ала гөр»*, — деген еді. Кейін ол Мәдинаға қайтып, адамдарға құтпа айтты. Сәғид былай деген: «*Умар (Аллаһ оған разы болсын) Зул-хижжә айы айқталмай өлтірілді*»[1].

Екінші: Умардың көрген түстері

Аллаһтың құлдары! Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) жұма күні мінберге көтеріліп, Аллаһтың мақтап-мадақтап, Аллаһ Елшісін ﷺ, одан соң Абу Бакрды еске алып, былай деді: «*Мен өлімімнің жақындағанын ғана білдіретін түс көрдім. Түсімде бір әтеш мені екі рет шоқығандай болды. Маған оның қызыл әтеш екені айтылды. Мен бұл түсті Абу Бакрдың әйелі Әсмә бинт Умәйсқа (Аллаһ оған разы болсын) айтып бердім. Ол: «Сені араб емес адамдардың біреуі өлтіреді», — деді. Адамдар маған өзімнен кейінгі мұрагерімді тағайындауды бұйырып жатыр. Расында, Аллаһ Өз дінін де, Өз халифалығын да, Өз Пайғамбарын жіберген нәрсені де қараусыз қалдырмайды. Егер мен қайтыс болсам, жаңа халифа*

[1] «Әт-тәмхид» Ибн Абдулбарр (33/92); «Тәбақат Ибн Сәғд», (3/335).

Аллаһ Елшісі ﷺ дүниеден өткенге дейін разы болған осы алты адамның кеңесі арқылы таңдалсын. Сендер олардың ішінен кімге ант берсеңдер, соны тыңдап, оған бойсұныңдар…». Осылайша оның құтпасы соңына дейін жалғасты. Бұл хабарды жеткізуші былай деді: «*Умар жұма күні адамдарға құтпа айтып, зул-хижжа айының аяқталуына төрт күн қалғанда, сәрсенбі күні жараланған еді*»[1].

Умар әл-Фаруқты (Аллаһ оған разы болсын) өлтірген ит

Аллаһтың құлдары! Бұл ит — әл-Муғира ибн Шуғбаның құлы болған Люъ-люъә әл-Мәжуси еді.

Ғәмр ибн Мәймун (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Умардан тек Абдуллаһ ибн Аббас қана бөліп тұрған жерде тұрдым. Умар әр екі қатардың арасынан өтіп бара жатып: «Түзеліңдер!», — дейтін. Ол қатарларда бос орын қалмағанын көргенде, алға шығып, тәкбір айтып: «Аллаһу Акбар!», — дейтін. Бірінші рәкағатта адамдар жиналып үлгеруі үшін «Юсуф» сүресін немесе «ән-Нәхл» сүресін, неемесе соларға ұқсас сүрелерді оқитын. Ол тәкбір айтқан сәтте, мен оның: «Мына ит мені өлтірді», — немесе: «талады», — дегенін естідім. Сол кезде қылмыскер оны қанжармен жаралаған еді. Содан соң әлгі кәпір екі жүзді қанжарымен оңды-солды алдынан шыққан адамдардың барлығын жаралап қаша жөнелді. Осылайша ол он үш адамды жаралады, олардың жетеуі қайтыс болды. Мұны көрген бір мұсылман адам оның үстіне бүркеншікті шапан тастады. Құтыла алмайтынын түсінген мүшрик өзін қанжармен өлтірді. Ал Умар болса Абдуррахман ибн Ғәуфтың қолынан ұстап, оны алға шығарды. Умардың қасында тұрғандар мен көрген нәрсені көрді. Ал мешіттің басқа бөліктеріндегі адамдар еш нәрсе көрмеді. Бірақ Умардың дауысын естімей қалған соң: «Субханаллаһ! Субханаллаһ!», — дей бастады. Абдуррахман адамдармен бірге қысқа намаз оқып болғаннан кейін, Умар: «Уа, Ибн Аббас! Маған кім шабуыл жасағанын анықта», — деді. Ибн Аббас аз уақытқа кетіп, кейін қайтып келді де: «Бұл — Муғираның құлы», — деді. Умар: «Қолөнерші ме?», — деп сұрады. Ибн Аббас: «Иә», — деп жауап берді. Умар: «Аллаһ оны жоқ қылсын! Мен оған жақсы қарауды бұйырған едім. Мені өзін мұсылман деп атайтын адамның қолынан өл-*

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/79); «Әс-Сунна» әл-Бәйхәқи, (8/150); «Мусәннаф Ибн Абу Шәйба», (7/12); «Муснад» имам Ахмад, (1/48). Бұл хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді.

тірмеген Аллаһқа мадақ. Сен және әкең Аббас Мәдинада араб емес кәпірлердің көбірек болғанын қаладыңдар», — деді. Аббастың құлдарының саны ең көп еді. Ибн Аббас Умарға: «Қаласаң, біз оларды өлтіреміз», — деді. Умар: «Бұл дұрыс емес. Олар сендердің тілдеріңде сөйлей бастағаннан, сендердің қыбылаларыңа қарап намаз оқығаннан және сендермен бірге қажылық жасағаннан кейін бе?!» — деді. Содан кейін Умарды үйіне алып кетті. Біз де онымен бірге бардық. Адамдар бұрын ешқашан мұндай қайғыға ұшырамағандай күйде болды. Біреулер: «Ештеңе етпейді, бәрі жақсы болады», — десе, басқалары: «Мен ол үшін қорқамын», — деді. Умарға құрма суы әкелінді. Ол оны ішті, бірақ ол ішінен қайта шықты. Кейін оған сүт әкелінді. Ол оны ішті, бірақ сүт жарасынан ағып шықты. Сол кезде жараның өлімге алып баратыны белгілі болды. Біз оның алдына кірдік. Адамдар жиналып, оны мақтай бастады» (Әл-Бухари, 3497).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Умар жараланған кезде оның алдына кіріп: «Уа, мүминдердің әмірі! Жәннатпен сүйіншілен. Сен Исламды адамдар күпірлікте болған кезде қабылдадың. Адамдар Аллаһ Елшісін ﷺ көмексіз қалдырған кезде, сен онымен бірге жиһад жасадың. Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болды, әрі ол сенен разы еді. Сенің билігің жөнінде ешкім таласқан жоқ. Енді сен шәһид болып өлтірілдің», — дедім. Умар: «Қайтала», — деді. Мен сөздерімді қайталадым. Сонда Умар: «Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ болған Аллаһпен ант етемін, егер жер бетіндегі барлық нәрсе маған тиесілі болса…» — деді»*[1].

Әл-Бухаридің риуаятында былай деп айтылған: «*Сен менің Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы болғанымды және оның менен разы болғанын айттың. Бұл — Аллаһтың маған берген мейірімі. Сондай-ақ сен менің Абу Бакрдың серігі болғанымды және оның менен разы болғанын айттың. Бұл да — Аллаһтың маған берген мейірімі. Ал сен көріп тұрған менің уайымым болса, ол сендер және сендердің жолдастарың үшін. Аллаһпен ант етемін, егер менде жердің көлеміндей алтын болса, Раббыммен жолықпай тұрып, Аллаһтың азабынан құтылу үшін соның барлығын берер едім*» (Әл-Бухари, 3489).

Бір жас жігіт: «*Қуан, уа мүминдердің әмірі! Өйткені сен Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы болдың, алғашқылардың бірі болып Исламды қабылдадың, мұны өзің де білесің. Кейін сен билеуші болып таңдалдың және әділдікпен билік жүргіздің. Ал енді шәһид болып қайтыс болып барасың*», — деді. Умар: «*Осының өзі маған күнә да, сауап та қалдырмай жеткілікті болса екен деп үміттенемін*», — деп жауап берді. Сөйлеген

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/98) және «Мусәннаф Ибн Абу Шәйба», (7/100).

жігіт бұрылған кезде, Умар оның изары жерге тиіп тұрғанын көріп: «*Оны қайтарыңдар*», — деді. Кейін оған: «*Уа, бауырымның ұлы! Киіміңді көтер. Бұл киімің үшін тазарақ, әрі Раббыңның алдында тақуалыққа жақынырақ*», — деген еді.

Аллаһ саған разы болсын, уа, Умар! Сен өлім есігінің алдында жатып та жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыйдың.

Содан кейін Умар: «*Уа Абдуллаһ ибн Умар! Менің қанша қарызым бар екенін қара*», — деді. Есептеген кезде, оның шамамен сексен алты мың дирхам қарызы бар екені анықталды. Сонда Умар: «*Егер Умардың отбасының мал-мүлкі бұл қарызды өтеуге жетсе, соны пайдалан. Ал жетпесе, Бану Ғәди ибн Кәғбтан сұра. Егер олардың қаражаты да жетпесе, құрайыштықтардан сұра, бірақ басқаларға барма. Менің қарызымды өте. Содан кейін мүминдердің анасы Айшаға бар да, оған: «Умар саған сәлем жолдап жатыр», — деп айт. Бірақ «мүминдердің әмірі» деме, өйткені мен енді мүминдердің әмірі емеспін. Және: «Умар ибн әл-Хаттаб екі жолдасының қасына жерленуге рұқсат сұрайды», — деп айт*», — деген еді. Ибн Умар Айша анамызға сәлем беріп, кіруге рұқсат сұрады. Умар оның алдына кірген кезде, оның жылап отырғанын көрді. Ибн Умар Айша анамызға: «*Умар ибн әл-Хаттаб саған сәлем жолдайды және екі жолдасымен бірге жерленуге рұқсат сұрайды*», — деді. Айша анамыз: «*Мен бұл орынды өзім үшін сақтап қойған едім. Бірақ оны оған беремін*», — деп жауап берді. Ибн Умар қайтып келген кезде, Умарға: «Абдуллаһ ибн Умар келді», — деп хабарланды. Сонда ол: «*Мені көтеріңдер*», — деді. Бір адам оны өзіне сүйеп отырғызды. Умар: «*Сен қандай хабар әкелдің?*», — деп сұрады. Ол: «*Уа, мүминдердің әмірі! Сен қалаған нәрсе орындалды! Ол рұқсат берді*», — деді. Умар: «*Аллаһқа мадақ. Мен үшін бұдан маңызды еш нәрсе болған жоқ. Мен қайтыс болған кезде, мені сол жерге апарыңдар. Айшаға сәлем беріп: «Умар ибн әл-Хаттаб кіруге рұқсат сұрайды», — деп айтыңдар. Егер ол рұқсат берсе, мені ішке кіргізіңдер. Ал егер рұқсат бермесе, онда мені мұсылмандардың қабірлері орналасқан жерге апарып, сол жерге жерлеңдер*», — деді (Әл-Бухари, 3700).

Аллаһтың құлдары! Кейін мүминдердің анасы Хәфсә келді. Оның жанында басқа әйелдер де бар еді. Оны көрген кезде адамдар бөлмеден шықтық. Ол Умардың алдына кіріп, біраз уақыт жылады. Ер адамдар кіруге рұқсат сұрағанда, ол басқа бөлмеге өтті және адамдар оның сол жерде жылап жатқанын естіп тұрды (Әл-Бухари, 3700).

Усман ибн Ғәффәнның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі «*Мен сендердің араларыңда Умарды ең соңғы көрген адаммын. Мен оның оның алдына кіргенімде, оның басы ұлы Абдуллаһ ибн Умардың тізесінде жатқан еді. Ол: «Мені бетіммен жерге жатқыз», — деді. Ибн*

Умар: «Менің саным мен жердің айырмасы бар ма?», — деп сұрады. Умар өз сөзінен қайтпай, ақырында: «Анаң сені жоғалтсын! Мені бетіммен жерге жатқыз», — деді. Содан кейін ол аяқтарын айқастырды. Мен оның: «Егер Аллаһ мені кешірмесе маған және анама қасірет болсын…», — деп айтып жатқанын естідім. Ол осы сөздерді жаны денесінен шыққанға дейін қайталай берді»[1].

Уа Умар! Аллаһ саған разы болсын…

Умарды жаратып, оны Өз Пайғамбарының ﷺ сахабасы болу үшін таңдаған Раббымыз Пәк! Аллаһтан бізді де, сіздерді де олармен бірге Жәннатта жинауын сұраймыз.

Кейін Ғәмр былай деді: «*Умар қайтыс болған кезде, біз оның денесін алып шықтық. Абдуллаһ ибн Умар Айша анамызға сәлем беріп: «Умар ибн әл-Хаттаб кіруге рұқсат сұрайды», — деді. Айша анамыз: «Оны кіргізіңдер», — деп жауап берді. Осылайша (адамдар) оны кіргізіп, екі жолдасының қасына жерледі*» (әл-Бухари, 3497).

Әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болды. Ол: «*Әр күні: «Пәлен адам қайтыс болды», — деп айтылады. Міндетті түрде: «Умар қайтыс болды», — деп айтылатын күн келеді*», — деп айтатын.

Уа, Аллаһтың құлы! Уа, бай адам! Уа, тақуа адам! Уа, кедей адам! Уа, күнәһар! Сен өлімді еске аласың ба? Бүгін өзіңе: «Міндетті түрде бір күн келеді, сол күні: «Пәлен адам қайтыс болды», — деп айтылады. Сен соған дайынсың ба?», — дедің бе? Бүгін жаназа намазын оқығанда, бір күні сенің де жаназаң оқылатынын еске алдың ба?

Аллаһтың құлдары! Барлық сахабалар Умардың өлімі себепті қатты қайғырды.

Ибн Аббастың былай дегені жеткізіледі: «*Мен өлім төсегінде жатқан Умар үшін Аллаһқа дұға етіп тұрған адамдардың арасында едім. Сол кезде артымда тұрған бір адам иығымнан ұстады. Ол Али ибн Абу Талиб еді. Ол Умар үшін дұға етіп, Аллаһтан ооны рахымына бөлеуін сұрап, былай деді: «Сен өзіңнен кейін амалдарына еліктеп, сол амалдармен Аллаһқа жолығуды қалаған сендей ешбір адам қалдырмадың. Аллаһпен ант етемін, Аллаһ сені екі жолдасыңмен қосады деп үміттенетінмін. Өйткені мен Пайғамбарымыздың ﷺ жиі: «**Мен Абу Бакр және Умармен бірге бардым; мен Абу Бакр және Умармен бірге кірдім; мен Абу Бакр және Умармен бірге шықтым!**», — деп айтатынын естітінмін*»» (Әл-Бухари, 3474).

---

[1] «Әт-Тәбәқот» Сағд, (3/360); «Тарих әл-Мәдина» Ибн Абу Шәйба, (3/919); «Тарих Димәшқ» Ибн Сәғдтан Ибн Ғәсәкир, (13/183), «Әл-Мәнәқиб» Ибн әл-Жәузи, (231-бет); «Муснад ибн әл-Жәғд», (136-бет); «Әт-Тәрих әл-Ислами», (19/44–45).

Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Умар әл-Фаруқты мақтаған еді

Ибн Мәсғуд былай деген: «*Егер Умар ибн әл-Хаттабтың білімі таразының бір табағына, ал жер тұрғындарының білімі екінші табағына қойылса, Умардың білімі басып түсер еді*»[1].

Абу Талха әл-Ансари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһпен ант етемін! Умардың өлімі олардың дінінде немесе дүние тіршілігінде бір кемшілік болып сезілмеген мұсылмандардың бірде-бір үйі қалған жоқ*»[2].

Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Умардың күндеріндегі Исламның мысалы — үнемі алға қарай жүріп келе жатқан адам секілді еді. Ал ол өлтірілген кезде, Ислам кері қарай шегіне бастады және солай жалғаса берді*»[3].

Уа, Умар! Аллаһ саған және әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ барлық сахабаларына разы болсын!

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/92); «Әт-Тәхмид ли Ибн Абдул-Барр», (3/198); «Мусәннаф Ибн Абу Шәйба», (12/23) — хадистің иснады сенімді.

2 «Әт-Тәбәқот» Ибн Сәғд, (3/374).

3 «Әт-Тәбәқот», (3/373); Иснад сенімді.

Усман ибн Ғәффән (Аллаһ оған разы болсын)

ӘХЛУ-ӘС-СУННА УӘ ӘЛ-ЖӘМӘҒАНЫҢ УСМАН ИБН ҒӘФФӘНҒА (АЛЛАҺ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ҚАТЫСТЫ СЕНІМІ

Аллаһтың құлдары! Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ Өз Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу үшін және Өз дініне жәрдем беру үшін таңдады.

Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және мойынсұнбаушылық. Кімде-кім олардың жолымен жүрсе, дүние мен ақыретте бақытты болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендердің қайсыларың біреуге ілесуді қаласа, қайтыс болғандарға ілессін. Өйткені тірі адам фитнадан (бүліктерден) аман екендігіне кепіл емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Бұл ұмметтің ішінде жүректері ең тақуа болғандар, білімдері ең терең болғандар және пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әуре еткендер — солар. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Олардың артықшылығын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінездері мен дінін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды*»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл ұмметтің ішінде оның Пайғамбары Мухаммадтан ﷺ, Абу Бакрдан және Умардан (Аллаһ оларға разы болсын) кейінгі ең абзалы — Усман ибн Ғәффән (Аллаһ оған разы болсын).

Сіздер Усман ибн Ғәффән жайлы білесіздер ме? Ол — мұсылмандардың үшінші халифасы. Ол — Пайғамбарымыз ﷺ Жәннатпен сүйіншілеген он адамның бірі. Ол — Пайғамбарымыздың ﷺ сахабасы әрі оның сахабаларының ең жақсыларының бірі. Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған кезде Усманға разы еді. Ол Абу Бакрдің қасында, оған ең көркем түрде серік болды. Абу Бакр қайтыс болған кезде, ол Усманнан разы еді. Ол Умардың қасында болып, оған ең көркем түрде серік болды. Умар қайтыс болған кезде Усманнан разы еді. Ол — Зун-Нурайн, яғни екі нұрдың иесі. Әрі ол (Аллаһ оған разы болсын) зұлымдықпен өлтірілген еді.

Харижилер деп аталатын мұсылмандарды күпірлікте айыптаған адасқан топ оған қарсы шығып, оның қанын төгуді хәләл санады. Усман Аллаһ Тағаламен зұлымдық көрген әрі шәһид күйінде жолықты.

---

1 Жоғарыда келтірілген.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, мүминдердің әмірі Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) туралы болады. Нақтырақ айтқанда, біз әһлу-әс-сунна уә әл-жәмәғаның мүминдердің әмірі Усман ибн Ғаффәнға (Аллаһ оған разы болсын) қатысты сенімі жайында ғана сөз қозғаймыз.

Әһлу-әс-сунна уә әл-жәмәғаның сенімі бойынша, Абу Бакр мен Умардан (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) кейінгі ең абзал адам — мүминдердің әмірі Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын).

Исхәқ ибн Рәхәуәйх (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аллаһ Елшісінен ﷺ кейін жер бетінде Абу Бакрдан абзалырақ адам болған жоқ. Одан кейін Умардан абзалырақ адам болған жоқ. Одан кейін Усманнан абзалырақ адам болған жоқ. Ал Усманнан кейін жер бетінде Алиден абзалырақ әрі жақсырақ адам болған жоқ*»[1].

Аллаһтың құлдары! Усманның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығына көптеген дәлелдер келген. Олардың кейбірі оның Абу Бакр мен Умардан (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) кейінгі ең абзал жаратылыс екендігін көрсетеді. Кейбір дәлелдерді келтірейік:

1) Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ заманында біз ешкімді Абу Бакрмен, кейін Умармен, кейін Усманмен салыстырмайтынбыз. Одан кейін Пайғамбардың ﷺ басқа сахабаларын бір-бірінен артық қойып салыстырмайтынбыз*» (Әл-Бухари, 3697).

Бұл хадис Усманның (Аллаһ оған разы болсын) Абу Бакр әс-Сыддық пен Умар әл-Фаруқтан (Аллаһ олардың екеуіне разы болсын) кейінгі адамдардың ең абзалы екендігін көрсетеді.

2) Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына: «***Сендердің қайсыларың түс көрді?***», — деген сұрақ қойды. Бір адам: «*Мен көрдім. Түсімде көктен таразы түсті. Сіз бен Абу Бакр таразыға тартылдыңыздар, сонда сіз басым түстіңіз. Кейін Абу Бакр мен Умар таразыға тартылды, сонда Абу Бакр басым түсті. Кейін Умар мен Усман таразыға тартылды, сонда Умар басым түсті. Содан кейін таразы қайта көтерілді*», — деп жауап берді. Сахабалар Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзінен мұны есту оған ұнамағанын байқады[2].

Бұл хадисте үш халифаның биліктегі реті артықшылықтағы ретімен сәйкес келетініне және олардың халифалығының дұрыстығына нұсқау бар. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

---

1 «Жәмиғ баян әл-ғилм уә фәдлихи» Ибн Абдул-Барр, (2/226).

2 Жоғарыда келтірілген.

Абу Муса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ бір баққа кіріп, маған қақпаны күзетуді бұйырды. Сол кезде бір адам келіп, кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны кіргіз және оны Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Сонда мен оның Абу Бакр екендігін көрдім. Кейін тағы бір адам келіп, кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны кіргіз және оны Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Сонда мен оның Умар екендігін көрдім. Содан кейін тағы бір адам келіп, кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ біраз үнсіз қалды да, кейін: «**Оны кіргіз және оны басына түсетін сынақтан кейін болатын Жәннатпен сүйіншіле**», — деді. Сонда мен оның Усман ибн Ғәффән екендігін көрдім*» (әл-Бухари, 3695; Муслим, 2403).

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Абу Бакр Жәннатта, Умар Жәннатта, Усман Жәннатта, Али Жәннатта, Талхә Жәннатта…***»[1]. Бұл хадис онда аталған адамдардың артықшылығына нұсқайды. Олар — Абу Бакр, Умар және Усман. Сондай-ақ олардың Жәннат тұрғындарынан екенін көрсетеді. Бұл хадисте Пайғамбарымыздың ﷺ айқын мұғжизасы бар: ол Усманның өмірі мен оның басына түсетін сынақ туралы алдын ала хабар берді. Сондай-ақ олардың үшеуі де иман мен тура жолда болатынын білдірді[2].

Абу Абдуррахманнан (Аллаһ оған разы болсын) Усман (Аллаһ оған разы болсын) қоршауда қалған кезде, қоршаушыларға қарап былай дегені жеткізіледі: «*Мен сендерге Аллаһтың атын еске салып, Пайғамбардың ﷺ сахабаларынан басқа ешкімнен сұрамаймын. Сендер Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Кім Рума құдығын қазса, оның сыйы Жәннат болады**», — дегенін білмейсіңдер ме? Сол құдықты мен қаздым. Сендер оның: «Кімде-кім ауыр жорыққа шығатын әскерді жабдықтаса, оның сыйы Жәннат болады», — дегенін білмейсіңдер ме? Сол әскерді мен жабдықтадым*». Әрі олар оның айтқанын растады (әл-Бухари, 2778).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Усманның (Аллаһ оған разы болсын), екі ұлы мақтаулы қасиетіне нұсқау бар. Біріншісі — оның (Аллаһ оған разы болсын) Рума құдығын сатып алғаны. Екіншісі — Табук шайқасына шыққан қиын жорық әскерін жабдықтағаны. Өз қалауы бойынша сөйлемейтін Пайғамбарымыз ﷺ оған осы істері үшін Жәннат тұрғындарынан болатынын хабарлады. Бұл екі мақтаулы қасиет — Усманның (Аллаһ оған разы болсын) ең ұлы қасиеттерінің қатарынан[3].

---

1 Жоғарыда келтірілген.

2 «Шарх ән-Нәуәуи ғәлә Сахих Муслим», (15/170–171).

3 «Әһлу әс-сунна уә әл-жәмағаның ізгі сахабарға қатысты сенімі», (1/265).

Сумәмә ибн Хәзн әл-Қушәйридің былай дегені жеткізіледі: «*Мен Усманның үйдің үстіне, харижилерге қарай шығып: «Сендерді маған қарсы айдап салып жүрген екі серіктеріңді алып келіңдер», — деп айтқанына куә болдым. Олар келді әрі олар екі түйеге немесе екі есекке ұқсайтын еді. Усман оларға жақындап: «Сендерге Аллаһты және Исламды еске саламын. Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келген кезде, онда Рума құдығынан басқа тұщы суы бар бірде-бір құдық болмағанын білесіңдер ме? Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Кімде-кім Рума құдығын сатып алып, ондағы өз шелегін басқа мұсылмандардың шелектерімен тең етсе, оған Жәннатта одан жақсы нәрсе беріледі?**», — деген еді. Мен оны өз ақшама сатып алдым. Менің шелегім сол құдықта басқа мұсылмандардың шелектерімен бірге болды. Ал бүгін сендер маған одан су ішуге рұқсат бермей отырсыңдар, сондықтан мен теңіз суын ішуге мәжбүрмін!», — деді. Адамдар: «Уа, Аллаһ! Иә, бұл рас», — деді. Усман: «Сендерге Аллаһты және Исламды еске саламын. Мешіт барлық адамды сыйғызбай қалған кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Кімде-кім пәлен әулетке тиесілі жерді сатып алып, мешітті кеңейтсе, оған Жәннатта одан жақсы нәрсе беріледі?**», — дегенін білесіңдер ме? Мен ол жерді өз ақшама сатып алып, мешітті кеңейттім. Ал енді сендер маған осы мешітте екі рәкағат намаз оқуға рұқсат бермей отырсыңдар ма?», — деді. Адамдар: «Уа, Аллаһ! Иә, бұл рас», — деді. Усман: «Сендерге Аллаһты және Исламды еске саламын. Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккедегі Сабир тауының үстінде болған кезде, онымен бірге Абу Бакр, Умар және мен болғанымызды білесіңдер ме? Сол кезде тау дірілдеп, етегіндегі тастар құлай бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оны аяғымен теуіп: «**Тыныштал, уа Сабир! Расында, сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл және екі шәһид тұр!**», — деді. Адамдар: «Уа, Аллаһ! Иә, бұл рас», — деді. Сонда Усман: «Аллаһ Ұлы! Қағбаның Раббысымен ант етемін, олар менің шәһид болатынымда куәлік берді!», — деп үш рет қайталады*»[1]. Соған қарамастан, қылмыскерлер оған қарсы шықты.

Абдуррахман ибн Сәмурадан оның былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыз ﷺ «қиын жорық әскерін» жабдықтап жатқан кезде, Усман оған мың динар алып келіп, оны киімінің етегіне төкті. Мен Пайғамбардың ﷺ оларды тізесіндегі киімінің етегінде аударыстырып отырғанын көрдім. Ол ﷺ: «**Осы күннен кейін Усманға істеген нәрсесі зиян тигізбейді**», — деп екі рет қайталады*»[2].

---

1 «Әт-Тирмизи», (3703); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (3608); «Сунән әд-Дарақутни», (4/196); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті жақсы деп атап, ал ән-Нәсәиде: «Сабирге қатысты оқиғадан басқасы сенімді», — деген.

2 «Әт-Тирмизи», (3701); «Муснад» Имам Ахмад, (5/63); Әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» және «әл-Мишкәтқа» (6064) жазған ескертпелерінде «жақсы» деп атаған.

Усман өз үйінде қоршауға алынған кезде, адамдарға шығып: «*Сендерден Аллаһтың атын атап сұраймын. Сендер Аллаһтың Елшісі ﷺ қиын жорыққа, яғни Табук шайқасына дайындық кезінде: «**Қабыл болатын мал-дүниені кім жұмсайды?**», — дегенін білесіңдер ме? Адамдар ауыр жағдайда жиһадқа шыққан еді. Мен өз мал-мүлкімнен осы әскердің үштен бірін жабдықтадым*», — деген еді. Олар: «*Уа, Аллаһ! Иә!*», — деп жауап берді[1].

Пайғамбарымыздың ﷺ Усман Рума құдығын сатып алып, оны бай және кедей мұсылмандарға ашқаны үшін Жәннатта екендігіне куәлік беруі, сондай-ақ мешітті кеңейтуі, қиын жорық әскерін жабдықтауы және Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Осы күннен кейін Усманға істеген нәрсесі зиян тигізбейді***», — деген сөзі Оның ﷺ: «***Қайдан білесің, бәлкім, Аллаһ Бадр шайқасына қатысқандарға қарап: «Қалағандарыңды істеңдер, Мен сендерді кешірдім», — деген шығар***», — деген сөздеріне ұқсайды.

Аталған қасиеттердің әрқайсысы — Усманның (Аллаһ оған разы болсын) ең ұлы артықшылықтарының қатарынан. Ол бұл қасиеттерді өз үйінде жер бетінде бұзақылық таратып, оған қарсы шыққан адасқандар қоршауға алған күні еске салған еді. Сахабалардың үлкендері әрі ең абзалдары оның шыншылдығын растады. Олар бұл нәрселерді Пайғамбарымыздан ﷺ естіген еді. Олардың қатарында Сәғд ибн Абу Уәққас, Али, Зубәйр және Талхә бар еді, Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын[2].

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ менің үйімде жатқан еді және оның санының немесе балтырының бір бөлігі ашылып қалған болатын. Абу Бакр кіруге рұқсат сұрады, ол оған рұқсат берді де, сол қалпында қала берді әрі олар сөйлесті. Кейін Умар кіруге рұқсат сұрады, Пайғамбарымыз ﷺ оған да рұқсат берді де, сол қалпында қала берді. Олар сөйлесті. Содан кейін Усман кіруге рұқсат сұрады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ отырып, киімін түзеді*». [Жеткізуші] Мухаммад: «Мен мұның барлығы бір күнде болды деп айта алмаймын», — деген. Усман кірді және олар сөйлесті. Ол кеткеннен кейін Айша анамыз Пайғамбарымызға ﷺ: «*Абу Бакр кіргенде, сіз қалпыңызды өзгертпедіңіз, оның келуі сізді қысылтпады. Кейін Умар кіргенде де, сіз қалпыңызды өзгертпедіңіз, оның келуі де сізді қысылтпады. Ал Усман келген*

---

1 «Әл-Әхәдис әл-мухтәрә», (1/483); «Сунан әт-Тирмизи», (3699); «Әл-Муғжәму әл-әусәт» әт-Тәбәрәни, (2/39). Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Ақыда әһлу әс-сунна уә әл-жәмәға фи әс-сахабат әл-кирам», (1/268).

кезде сіз отырып, киіміңізді түзедіңіз», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Періштелер ұялатын адамнан мен ұялмаймын ба?»***, — деп жауап берді (Муслим, 2401).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің ұмметімнің ішінде ұмметіме ең мейірімдісі — Абу Бакр, Аллаһтың бұйрықтарына қатысты ең қаталы — Умар, ал ең ұялшағы — Усман…***», — деген[1].

Пайғамбарымыз ﷺ бүліктердің (фитналардың) келетінін және Усман ибн Ғаффән сол кезде тура жолда қалатынын хабарлаған. Бұл оған қарсы шыққандардың харижилер болғанын және олардың адасуда болғанына нұсқайды. Усманды өлтіргендер және олардың Пайғамбарымыздың ﷺ мешітінде адамдарға намаз өткізген жетекшісі — адасқан топ еді. Бұл топ мұсылмандардың арасында өмір сүруін тоқтатпады. Бүгінгі күнге дейін мұсылмандарды күпірлікпен айыптайтын тәкфир сенімдерін алып жүргендер, олардың қанын төгуді хәләл санайтындар бар және олардан сақ болуы қажет.

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларға және мұсылмандарға бүлік келген кезде Усманның айналасына жиналуды бұйырды.

Кәғб ибн Ғужра былай деген: «*Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ болашақта болатын бүліктер туралы сөз қозғап, оларды егжей-тегжейлі баяндады. Сол кезде жүзі жабық бір адам өтіп бара жатты. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сол кезде мына адам тура жолда болады**», — деді. Мен орнымнан тұрып, Усманның киімінен ұстап алдым да, Аллаһтың Елшісіне ﷺ бұрылып: «Осы адам ба?», — деп сұрадым. Ол: «**(Иә), осы (адам)**», — деп жауап берді*»[2].

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ ауруға шалдыққан кезінде: «**Қасымда сахабаларымның кейбірі болғанын қалаймын**», — деді. Біз: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Абу Бакрды шақырайық па?», — деп сұрадық. Ол үндемеді. Біз: «Умарды шақырайық па?», — деп сұрадық. Ол тағы үндемеді. Біз: «Усманды шақырайық па?», — деп сұрадық. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Иә**», — деп жауап берді. Усман келген кезде, екеуі оңаша қалды. Пайғамбарымыз ﷺ онымен сөйлесе бастады, сол кезде Усманның жүзі өзгеріп кетті*».

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/477); «әл-Әхадис әл-мухтәра», (6/226); «Мәуәрид әз-зәмған», (548-бет); «Әт-Тирмизи», (3790); «Әс-Сунна» әл-Бәйхәқи, (6/210); «Сунан ибн Мәжаһ», (154). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан» әт-Тирмизи мен Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (1224) сенімді деп атаған.

2 «Мәсобих әз-зужәжә», (1/18); «Сунан Ибн Мәжаһ», (111); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6067) сенімді деп атаған.

Қайс былай деген: «*Маған Усманның азат етілген құлы Абу Сәхлә былай деді: «Усман ибн Ғаффән өлтірілген күні: «Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ маған бір өсиет қалдырған еді, мен соны орындаймын (сағирун ғәләйхи)», — деген*». Али өзінің хадис нұсқасында: «*Мен оған сабыр етемін (собирун ғәләйхи)*», — деп жеткізген.

Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағанға дейін және одан кейін

Аллаһтың құлдары! Усман (Аллаһ оған разы болсын) бұл үмметтің ішінде оның Пайғамбары Мухаммадтан ﷺ, Абу Бакрдан және Умардан (Аллаһ Тағала олардың екеуіне разы болсын) кейінгі ең абзалы.

Оның аты, тегі және куниясы

Оның аты — Усман ибн Ғаффән ибн Абул-Ғәс ибн Умәйә ибн Абдушшәмс ибн Абдуманаф. Оның тегі Пайғамбарымызбен ﷺ Абдуманафта түйіседі[1].

Оның куниясы: жәһилия дәуірінде оны Абу Әмр деп атайтын. Ал Аллаһтың Елшісінің ﷺ қызы Руқая оған ұл туып берген кезде, ол ұлын Абдуллаһ деп атады және сол арқылы куния алды. Мұсылмандар оны Абу Абдуллаһ деп атай бастады.

Оның лақап аты Зун-Нурайн, яғни екі нұрдың иесі болған.

Оның Исламнан бұрынғы надандық (жәһилия) дәуіріндегі орны

Усман (Аллаһ оған разы болсын) надандық дәуірінде өз қауымының ең құрметті адамдарының бірі еді. Ол текті әрі бай адам болатын. Усман өте ұялшақ, сөзі жұмсақ еді. Оның қауымы оны қатты жақсы көретін және құрметтейтін. Жәһилия дәуірінде ол ешқашан пұттарға сәжде жасамаған, арсыз іс істемеген және шарап ішпеген. Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен ән айтпадым және харамға ұмтылмадым. Аллаһ Елшісіне ﷺ осы оң қолыммен ант бергеннен бері, оң қолыммен жы-*

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/102); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/79), Усман ибн Ғаффәннің (Аллаһ оған разы болсын) тегі туралы бап; «Әл-Әхад уә әл-мәсәни», (1/121).

ныс мүшеме тимедім. Надандық дәуірінде де, Исламда да шарап ішпедім. Надандық дәуірінде де, Исламда да зина жасамадым»[1].

Усманның Исламды қабылдауы

Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың қатарынан еді. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) оны Исламға шақырған кезде, Усман (Аллаһ оған разы болсын) отыз төрт жаста болатын. Оның кідіргені немесе екіойлы болғаны белгілі емес. Керісінше, ол әс-Сыддықтың шақыруын бірден қабылдауға ұмтылды және дереу жауап берді. Осылайша ол Исламды алғаш қабылдағандардың бірі болды. Абу Исхәқ былай деді: «*Исламды алғаш қабылдағандар — Абу Бакр, Али, Зәйд ибн Хәриса және Усман*». Осылайша ол ер адамдардың ішінде Исламды қабылдаған төртінші адам болды.

Мұсылмандар Усманның Исламды қабылдағанына қатты қуанды. Олардың арасында иманға негізделген махаббат пен бауырластық байланысы нығая түсті. Аллаһ Тағала оны Аллаһ Елшісінің ﷺ қызы Руқаяға (Аллаһ оған разы болсын) үйлендіру арқылы құрметтеді.

Оның һижрасы

Аллаһтың құлдары! Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағаннан кейін Мекке кәпірлері тарапынан азап пен қиындықтарға ұшырады. Ол одан екі һижра жасау арқылы қорғанды, ол алдымен Эфиопияға, кейін Мәдинаға һижра жасады. Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Мухаммадты ﷺ ақиқатпен жіберді. Мен Аллаһ пен Оның Елшісінің шақыруына жауап бергендердің бірі болдым. Мен оған түсірілген нәрсеге иман келтірдім және екі һижра жасадым, әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы болдым. Аллаһпен ант етемін, Аллаһ оның жанын алғанға дейін мен оған қарсы келмедім және оны алдамадым. Кейін Абу Бакрға және Умарға қатысты да осындай қарым-қатынас көрсеттім. Содан кейін мен билеуші болдым…*» (Әл-Бухари, 3493).

[1] Бұл жайлы Әл-Хәйсәмидің «Мәжмәғ әз-зәуәйд» атты еңбегінде айтылған, (9/86). Онда: «*Ән айтпадым*» деген сөздердің орнына «تعنيت» сөзі келтірілген. Сондай-ақ хадисті «Әл-Кәбир» еңбегінде әт-Тәбәрәни, (5/192); Әс-Сәләби келтірген, (18-бет). Бұл оқиға сенімді.

Оның пәктігі

Усман (Аллаһ оған разы болсын) адамдардың ішіндегі ең пәктерінің бірі еді. Ол надандық дәуірінде де, Исламда да арсыздықпен танылмаған.

Бүлікшілер Усманды өлтіру үшін оның қоршауға алған кезде, ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген еді: «*Олар мені не үшін өлтіргісі келеді? Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Мұсылманның қанын төгу үш себептен басқа жағдайда тыйым салынған: Исламнан кейін күпірлікке түсу, некеден кейін зина жасау және адамды хақысыз өлтіру**», — дегенін естіген едім. Аллаһпен ант етемін, мен надандық дәуірінде де, Исламда да зина жасаған емеспін. Аллаһ мені тура жолға салғаннан бері, мен ешқашан дінімді өзгертуді қалаған емеспін. Сондай-ақ мен ешкімді құқықсыз өлтірген емеспін… Ендеше олар мені не үшін өлтіргісі келеді?*»[1].

Сондай-ақ Усман (Аллаһ оған разы болсын): «*Мен ән айтпадым және харамға ұмтылмадым. Аллаһтың Елшісіне ﷺ оң қолыммен ант бергеннен бері, оң қолыммен жыныс мүшеме тимедім. Надандық дәуірінде де, Исламда да шарап ішпедім. Надандық дәуірінде де, Исламда да зина жасамадым*», — деген[2]. Бұл оның пәктігіне нұсқайды.

Оның Аллаһтан қорқуы, жылауы және өзін есепке тартуы

Усманның азат етілген құлы Хәнидің былай дегені жеткізіледі: «Усман ибн Ғаффән қабірдің басында тұрған кезде, сақалы суланғанша қатты жылайтын. Бір күні (адамдар) одан: «Біз Жәннат немесе Тозақ туралы айтқанда, жыламайсың. Неліктен қабір себепті жылайсың?», — деп сұрады. Ол: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: «**Расында, қабір — Ақырет мекендерінің алғашқысы. Егер адам одан құтылса, одан кейінгісі жеңілірек болады. Ал егер одан құтыла алмаса, одан кейінгісі әлдеқайда ауыр болады**»*», — деп жауап берді.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Мен қабірден қорқыныштырақ көрініс көрген емеспін***».

Қайтыс болған адам жерленгеннен кейін, Пайғамбарымыз ﷺ қабірдің жанында тұрып: «***Бауырларың үшін кешірім сұраңдар және оған***

---

1 «Абу Дауд», (4502); «Әт-Тирмизи», (2158); Ибн Мәжаһ, (2523); «Әл-Мужтәбә» Ән-Нәсәи, (4019); «Әл-Ғируә», (7/254); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әл-Әрбәға» еңбегіне жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Сахих әт-тәусик», (44-бет).

беріктік тілеңдер, өйткені ол қазір сұралып жатыр», — дейтін[1]. Міне, осы нәрсе Усманды (Аллаһ оған разы болсын) сақалы суланғанша қатты жылататын.

Қабірлерді зиярат етіңдер. Расында, олар көзді жылатады, жүректерді жұмсартады және мәңгілік өмірді еске салады.

Оның құлшылығы мен Құран Кәріммен сай өмір сүруі

Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) білім мен амал етуді өз бойында біріктірді және құлшылықта ерекше ыждағат танытты.

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Тағаланың:

﴿هَلۡ يَسۡتَوِي هُوَ وَمَن يَأۡمُرُ بِٱلۡعَدۡلِ وَهُوَ عَلَىٰ صِرَٰطٖ مُّسۡتَقِيمٖ ٧٦﴾

«Міне осы, әділетті әмір етіп, тура жолмен жүрген кісімен тең бе?» («ән-Нәхл» сүресі, 76-аят), — деген сөзі туралы: «*Бұл — Усман ибн Ғаффән*», — деген[2].

Ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Кітабының сақтаушысы еді және мұсхафтан ажырамайтын. Оған бұл туралы айтылғанда, ол: «*Бұл — берекелі (кітап), әрі оны алып келген де берекелі*», — деп жауап берді[3].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Егер жүректерің тазарса, Раббыларыңның сөздеріне тоймас едіңдер*», — деген еді[4]. Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты.

Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Дүние тіршілігінде маған үш нәрсе сүйікті: аш адамдарды тамақтандыру, жалаңашты киіндіру және Құран оқу*»[5].

Усманнан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«*Сендердің ең жақсыларың — Құранды үйреніп, оны басқаларға үйреткендерің*»** (әл-Бухари, 4739).

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/526); Әт-Тирмизи, (2308); Ибн Мәжаһ, (4267); «Муснад» имам Ахмад, (1/63). Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» және «Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (132) және «Тәхриж әл-әхәдис әл-мухтарада», (366–367) жақсы деп атаған.

2 «Тәфсир Ибн Кәсир», (2/579).

3 «Әл-Баян уә әт-тибиян», (3/177).

4 «Китәб әз-зухд» Ибн Абу Ғасым, (128-бет).

5 «Иршәд әл-ғибәд лил-истиғдәд ли-йәум әл-миғәд», (88-бет).

Оның білімі және насихат пен оқытудағы қуаты

Аллаһтың құлдары! Усман ибн Ғаффан (Аллаһ оған разы болсын) үлкен сахабалардың, Қасиетті Құран мен Пайғамбарлық Сүннет ғалымдарының қатарынан саналатын. Өйткені ол Пайғамбармен ﷺ үнемі бірге болды, оның білімі мен тура жолынан пайда алды. Ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісі ﷺ өзіне үйреткен нәрселерді басқаларға үйрете алатын. Абу Абдуррахман әс-Суләми бізге (Усманнан) Аллаһ оған разы болсын, естіген хадисті жеткізді және сол хадиске сай амал етті.

Сәғд ибн Убәйдадан, Абу Абдуррахман әс-Суләмиден, Усманнан (Аллаһ оларға разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Сендердің ең жақсыларың — Құранды үйреніп, оны басқаларға үйреткендерің***», — дегені жеткізіледі..

Абу Абдуррахман: «*Мені осы орынға отырғызған нәрсе — осы хадис*», — деді. Ол Құранды қырық жасынан бастап үйреткен еді[1].

Егер сіз адамдардың ең жақсысы болғыңыз келсе, Құран иелерінен болыңыз, оны үйреніңіз және үйретіңіз. Бір күні Усман (Аллаһ оған разы болсын) өзіне су алып келуді бұйырып, адамдардың алдында дәрет алды. Кейін ол: «*Мен Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегенін естідім: «**Кім менің осы дәретім секілді дәрет алса, кейін екі рәкағат намаз оқып, ол кезде бөгде нәрсені ойламаса, оның өткен күнәлары кешіріледі**»*», — деген еді (Әл-Бухари, 158; Муслим, 226).

Сондай-ақ басқа күні, басқа бір мәжілісте ол өзіне ыдыспен су әкелуді бұйырды. Кейін ол адамдардың алдында дәрет алды да, былай деді: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ дәл осылай дәрет алғанын көрдім. Содан кейін ол ﷺ былай деді: «**Кім менің осы дәретім секілді дәрет алса, кейін бесін намазын оқыса, осы намаз бен таң намазының арасында жасаған күнәлары кешіріледі. Кейін екінті намазын оқығанда, оған осы намаз бен бесін намазының арасында жасаған күнәлары кешіріледі. Кейін ақшам намазын оқығанда, оған осы намаз бен екінті намазының арасында жасаған күнәлары кешіріледі. Кейін құптан намазын оқығанда, оған осы намаз бен ақшам намазының арасында жасаған күнәлары кешіріледі. Кейін түнді ұйқымен өткізіп, содан соң тұрып дәрет алып, таң намазын оқығанда, оған осы намаз бен құптан намазының арасында жасаған күнәлары кешіріледі. Міне, жамандықтарды кетіретін ізгі амалдар осы***». Адамдар одан: «*Уа, Усман! Бұл — ізгі амалдар. Ал мәңгі қалатын амалдар деген не?*», — деп сұрады. Усман: «*Олар — «Лә иләһә иллә-Ллаһ», «Субханаллаһ», «Әлхамдулиллаһ», «Алла-*

[1] «Әл-Хиләфәт әр-рашида», (42-бет).

һу Акбар» және «Лә хәулә уә лә қууәтә иллә биллаһ»», — деп жауап берді[1].

Ол (Аллаһ оған разы болсын) адамдарды Аллаһ Елшісінің ﷺ атынан өтірік айтудан сақтандырып: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «**Кім менің атымнан әдейі өтірік айтса, Тозақтағы орнын дайындай берсін**»»*, — дейтін[2].

Оның Аллаһтың жолындағы мал-мүлік жұмсауы

Усман (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Тағала байытқан дәулетті адамдардың бірі еді. Ол саудагер болатын және көп мал-мүлікке ие еді. Ол бұл мал-мүлкін Аллаһ Тағалаға мойынсұну жолында, Оның разылығын қалап жұмсайтын. Ол (Аллаһ оған разы болсын), барлық жақсылыққа ұмтылатын және кедейліктен қорықпай, сол жолда мал-мүлкін жұмсайтын. Оның Аллаһтың жолында мал-мүлік жұмсағанына мысалдар келтірейік:

1. Рума құдығы

Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға келген кезде, тұщы судың өте аз екендігін көрді. Мәдинада Рума құдығынан басқа тұщы су жоқ еді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Кімде-кім Рума құдығын сатып алып, өз шелегін басқа мұсылмандардың шелектерімен бірге қойса, оны Жәннат күтеді***»[3]. Усман (Аллаһ оған разы болсын) оны жиырма мың дирхамға сатып алды және оны байларға да, кедейлерге де, жолаушыларға да қолжетімді етті[4].

2. Пайғамбарымыздың ﷺ мешітін кеңейту

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыздың ﷺ мешіті намаз оқушыларға тар бола бастаған кезде, Пайғамбарымыз ﷺ кейбір сахабаларды мешіттің жанындағы жер телімін сатып алуға ынталандырды. Бұл мешітті кеңейтіп, оған келушілерге кеңірек ету үшін жасалды. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім пәленшеге тиесілі жерді сатып алып, оны мешітке қосса, оған Жәннатта одан жақсы нәрсе беріледі***», — деді. Сонда

---

1 «Әл-Әхәдис әл-мухтәрә», (1/450); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/297); «Муснад» Имам Ахмад, (1/71). Хадистің иснады жақсы.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/143); «Муснад» имам Ахмад, (1/70). Бұл хадис көптеген сахабадан жеткен және оның иснады жақсы.

3 «Әт-Тирмизи», 3703; «әс-Сунан әл-кубра» әл-Бәйхәқи, (6/168); «Сунан әд-Дәрәқутни», (4/196); «Әл-Кубрә» ән-Нәсәи, (4/97); «Әл-Мужтәбә», (3608). Шейх әл-Әлбәни Әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «Әл-Мужтәбәда» хадисті сенімді деп атаған.

4 «Фәтх әл-Бәри», (5/408).

Усман ибн Ғаффан бұл жер телімін өз қаражатына сатып алды. Кейін ол жер мешітке қосылды.

3. «Қиын жорық» әскерін жабдықтау

Аллаһтың Елшісі ﷺ Табукқа әскери жорық жасауды қалаған кезде, бай сахабаларды римдіктермен соғысу үшін дайындаған әскерді жабдықтауға мал жұмсауға ынталандырды. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім әскерді жабдықтаса, оған Жәннат болады***», — деді. Сонда оны Усман (Аллаһ оған разы болсын) жабдықтады.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім оларды жабдықтап, Аллаһтың кешіріміне ие болады?***», — деп, Табук жорығына шығатын әскерді меңзеді. Усман ибн Ғаффан (Аллаһ оған разы болсын): «*Мен оларды тіпті бір арқанға да мұқтаж болмайтындай етіп жабдықтадым*», — деген[1].

Усман (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ «қиын жорық» әскерін жабдықтап жатқан кезде, оған мың динар алып келіп, оны киімінің етегіне төкті. Пайғамбар ﷺ оларды тізесіндегі киімінің етегінде аударыстырып отырып: «***Осы күннен кейін Усманға істеген нәрсесі зиян тигізбейді***», — деп екі рет қайталады[2]. Аллаһ Тағала Усманға разы болсын. Усманды жаратқан Аллаһ Пәк!

Усман ибн Ғаффанның (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге жиһад жасауы

Аллаһтың құлдары! Усман ибн Ғаффан (Аллаһ оған разы болсын) мұсылман мемлекетінің тіректерінің бірі еді. Ол кеңесте де, мал-мүлікте де, пікір білдіруде де сараңдық танытпайтын. Ол Бадр шайқасынан басқа Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге бірде-бір шайқасты жіберіп алған жоқ. Ол оны Аллаһ Елшісінің ﷺ бұйрығы себепті қалдырды. Өйткені ол әйелі Рұқаяның, Аллаһ Елшісінің ﷺ қызының жанында қалуы керек еді. Оның ауруы Бадр шайқасына шығатын кезде күшейіп кеткен болатын.

Худәйбия келісімі кезінде Усман ибн Ғаффан үлкен батылдықтың үлгісін көрсетті. Аллаһтың Елшісі ﷺ Худәйбияда құрайыштықтарға өз атынан елші жіберу қажет деп санады. Ол елші оларға Пайғамбарымыз-

---

1 «Сахих» Ибн Хиббан, (15/362); «Сунан әл-Кубра» ән-Нәсәи, (3/31); «әл-Мужтәбә», (3182). Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «әл-Мужтәбаға» қатысты ескертпелерінде сенімді деп атаған.

2 «Әт-Тирмизи», (3701); «Муснад» имам Ахмад, (5/63). Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи» мен «әл-Мишкәт», (6064) жинақтарына жазған ескертпелерінде хадисті жақсы деп атаған.

дың ﷺ ұстанымын, яғни оның соғысқысы келмейтінін, Қағбаға құрмет көрсетуді қалайтынын, кейін умра рәсімдерін орындап, Мәдинаға қайтатынын жеткізуі керек еді. Ақырында таңдау Усманға түсті.

Пайғамбарымыз ﷺ Усманды шақырып, оны құрайыштықтарға жіберді де: «***Оларға біздің соғысу үшін емес, Қағбаны зиярат етіп, оның қадірін ұлықтау үшін келгенімізді айт. Бізбен бірге құрбандыққа шалынатын малдар бар. Оларды бауыздап, дереу қайтқымыз келеді***», — деді. Усман жолға шығып, Меккеге жақын орналасқан Бәлдаха деген жердегі құрайыштықтарға жеткенде, олар одан: «Қайда бара жатырсың?», — деп сұрады. Усман: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ мені сендерге Аллаһқа және Исламға шақыру үшін жіберді*», — деп жауап берді. Олар Усманға: «Біз сенің айтқаныңды естідік. Бірақ бұған ешқашан келіспейміз. Ол біздің рұқсатымызсыз кіре алмайды. Серігіңе қайт та, оған біздің қасымызға келе алмайтынын жеткіз», — деді. Осыдан кейін оған Абан ибн Сағид ибн әл-Ғәс келіп, сәлем берді де, Усманға өз қорғауын ұсынып: «Қалағаныңды еркін түрде жасай бер», — деді. Содан кейін оны атының артына мінгестіріп, Меккеге алып барды. Усман Пайғамбарымыздың ﷺ жолдауын құрайыш басшыларының әрқайсысына жеке-жеке жеткізді. Алайда олар: «Біз Мухаммадтың ﷺ кіруіне ешқашан жол бермейміз!», — деп жауап берді.

Усман өзіне жүктелген міндетті орындап болған соң, құрайыштықтар оған Қағбаны тауаф жасауды ұсынды. Бірақ ол бұл ұсыныстан бас тартты. Усман Аллаһ Елшісінің ﷺ жолдауын Меккеде қысым көріп жүрген мұсылмандарға жеткізіп, құтылудың жақын екендігін айтты. Аллаһтың Елшісіне ﷺ Усманның өлтірілгені туралы жалған хабар жеткенде, ол сахабаларын мүшриктермен соғысуға серт беруге шақырды. Сахабалар оның шақыруына жауап беріп, жанын аямай қарсы тұруға ант етті[1].

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бұл — Усманның қолы***», — деді де, бір қолын екінші қолының үстіне қойды. Усман сол кезде Меккеде еді және оның шығуға мүмкіндігі болмады (әл-Бухари, 3495).

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Кітабында осы антты бергендерге разы болғанын хабарлап, былай деген:

﴿۞ لَّقَدۡ رَضِيَ ٱللَّهُ عَنِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ إِذۡ يُبَايِعُونَكَ تَحۡتَ ٱلشَّجَرَةِ فَعَلِمَ مَا فِي قُلُوبِهِمۡ فَأَنزَلَ ٱلسَّكِينَةَ عَلَيۡهِمۡ وَأَثَٰبَهُمۡ فَتۡحًا قَرِيبًا ١٨﴾

[1] Бұл хабардың толық нұсқасын Ибн Абдул-Барр өзінің «ат-Тәмхид» еңгебінде (12/148) келтірген; «Сахих әс-сират ән-нәбәуия», (404-бет).

«**Расында Аллаһ мүминдерден ағаштың астында саған серт берген сәтте разы болды да, олардың жүректеріндегіні біліп, оларға тоқтау салды. Сондай-ақ оларға таяуда бір жеңіс нәсіп етті**» («әл-Фәтх» сүресі, 18-аят). Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Худәйбия күні: «**Сендер жер тұрғындарының ең жақсыларысыңдар**», — деді. Ол кезде біз мың төрт жүз адам едік. Егер бүгін көру қабілетім болғанда, сендерге сол ағаш тұрған орынды міндетті түрде көрсетер едім*» (әл-Бухари, 3923; Муслим, 1856).

Аллаһ Елшісі ﷺ Усманға разы күйде қайтыс болды

Умар (Аллаһ оған разы болсын) жараланған кезде сахабалар оның қайтыс болатынын түсініп: «*Әй, мүминдердің әмірі! Бізге өсиет қалдыр және өзіңнен кейінгі басшыны тағайында*», — деп өтініш жасады. Ол: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болған кезде разы болған мына адамдардан немесе осы топтан артық бұған лайықты ешкімді білмеймін*», — деді де, Алиді, Усманды, Зубәйрді, Талхәні, Сәғдты және Абдуррахманды атады.

Ұлы Аршының Раббысы болған Аллаһ Тағаладан бізді де, сіздерді де Аллаһтың Елшісімен ﷺ, Усманмен және барлық сахабалармен бірге нығмет бақтарында жинауын сұраймыз.

УСМАН ИБН ҒӘФАННЫҢ (АЛЛАһ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ӨЛТІРІЛУІ

Аллаһтың құлдары! Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл адамдар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болуға және Оның дініне жәрдем беруге таңдаған адамдар. Оларды жақсы кө-

ру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және зұлымдық.

Бұл үмметте оның Пайғамбарынан ﷺ, Абу Бакрдан және Умардан кейінгі ең абзалы — Усман (Аллаһ оған разы болсын). Ол — Зун-Нурайн, Исламды алғаш қабылдағандардың бірі әрі Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі.

Усман ибн Ғаффан (Аллаһ оған разы болсын) жәһилия (Исламнан бұрынғы надандық) дәуірінде де пұттарға сәжде етпеген, шарап ішпеген және надандық уақытында да, Исламда да зина жасамаған.

Бұл тақырып, Аллаһ қаласа, зұлымдықпен өлтіріліп, шәһид болған мүминдердің әмірі Усман ибн Ғаффанның (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілуі жайында болады.

Мүминдердің әмірі Усман ибн Ғаффанның (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілуі туралы әңгімеміз мына мәселелерді қамтиды:

1) Бұл — Пайғамбарымыздың ﷺ мұғжизаларының бірі;

2) Бүлікшілер мен залымдар жармасып, Усманның қанын төгуді рұқсат деп санаған күмәндар және оларға берілетін жауап;

3) Олар оны өлтірді. Аллаһ оларды өлтірсін.

Бұл — Пайғамбарымыздың ﷺ мұғжизаларының бірі

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ көзі тірісінде өз үмметінде болатын жасырын оқиғалар туралы хабар берген. Оның ﷺ айтқандары дәлме-дәл орындалды. Бұл — оның ﷺ мұғжизаларының бірі. Пайғамбарымыз ﷺ хабарлаған оқиғалардың бірі — Усманның өлтірілуіне байланысты болатын бүлік. Ол ﷺ Усманның ақиқат жолында болатынын және әділетсіз түрде өлтірілетінін хабарлады. Пайғамбарымыз ﷺ мұсылмандарға Усманға еруді бұйырды әрі оны биліктен тайдырғысы келгендерді екіжүзділер деп сипаттады.

Абу Муса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Мәдинаның бақтарының бірінде Пайғамбармен ﷺ бірге едім. Бір адам келіп, кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған есікті ашып, оны Жәннатпен сүйіншіле!**», — деді. Мен оған есікті ашып, оның Абу Бакр екендігін көрдім. Сонда мен оған Пайғамбардың ﷺ айтқаны туралы хабар жеткіздім. Ол Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтады. Содан кейін басқа бір адам келіп, кіруге рұқсат сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Есікті ашып, оны Жәннатпен сүйіншіле!**», — деді. Мен есікті ашып, оның Умар екендігін көрдім де, оған Пайғамбарымыздың ﷺ айтқаны туралы*

*хабар жеткіздім. Сонда ол Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған есікті ашып, басына түсетін сынақтан кейін Жәннатқа кіретінімен сүйіншіле!**», — деді. Мен есікті ашып, оның Усман екендігін көрдім де, оны Пайғамбарымыздың ﷺ айтқанымен сүйіншіледім. Ол Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтады да: «Жәрдем сұрауға тек Аллаһ қана лайық», — деді».*

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ бір бүлік туралы айтып жатқан кезде, жанынан бір адам өтіп бара жатты. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Осы бүлік кезінде жүзін жауып алған мына адам әділетсіз түрде өлтіріледі**», — деді. Мен оған қарадым және ол — Усман ибн Ғәффән еді*»[1].

Кәғб ибн Ғужра былай деді: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ болашақта болатын бүліктер туралы айтып, оларды егжей-тегжейлі сипаттады. Сонда жанымыздан басын бүркеп алған бір адам өтіп бара жатты. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Сол кезде бұл адам тура жолды ұстанады**», — деді. Мен дереу орнымнан тұрып, Усманның киімінен ұстадым да, Аллаһ Елшісіне ﷺ бұрылып: «Осы адам ба?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**(Иә) осы адам**», — деп жауап берді*»[2].

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына: «***Жердің әр тарапында сиырдың мүйіздері секілді көтерілетін бүлік кезінде не істейсіңдер?***», — деді. Олар: «*Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Біз не істеуіміз керек?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Мына адамға және оның серіктеріне еріңдер***», — деді. Бір адам былай деген: «*Мен дереу жүгіріп барып, әлгі адамға жақындадым да: «Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Осы адам ба?», — деп сұрадым*». Пайғамбарымыз ﷺ: «***Иә***», — деді. Ол Усман ибн Ғәффән еді (Аллаһ оған разы болсын)[3].

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Менен кейін сендер бүліктер мен келіспеушіліктерге кезігесіңдер**», — дегенін естідім. Немесе ол ﷺ: «**Келіспеушіліктер мен бүліктерге кезігесіңдер**», — деді*». Бір адам: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз кімге*

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (2/115); «Тәхзиб әл-кәмәл», (12/157); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл (1/451), хадистің иснады жақсы.

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/109); «Сунан әт-Тирмизи», (3704); Ибн Мәжаһ, (111). Шейх әл-Әлбәни әт-Тирмизиге, Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6067) хадисті сенімді деп атаған.

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (7/225); «Мусәннаф Ибн Абу Шәйбә», (7/441); «Муснад» имам Ахмад, (5/33); Шейх әл-Әлбәни өзінің «Сахих мәуәрид әз-зәмған» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған (1814).

*еруіміз керек?», — деп сұрады. Ол ﷺ: «**Сенімді адамға және оның серіктеріне берік болыңдар**», — деді де, Усманға нұсқады*[1].

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Усманды шақыртты. Кейін ол ﷺ Усманға бұрылып, сөзінің соңында оның екі жауырынының арасынан қолымен қағып: «**Уа, Усман! Бәлкім, Аллаһ Тағала саған бір киім кигізер. (Бұл киім — билік) Егер екіжүзділер оны сенен шешіп алғысы келсе, оны менімен кездескенге дейін шешпе**», — деп үш рет қайталады*»[2].

Сондай-ақ Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ ауырған кезінде: «**Сахабаларымның бірін шақырыңдар**», — деді. Мен: «Абу Бакрды ма?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жоқ**», — деді. Мен: «Усманды ма?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Иә**», — деді. Усман келгенде Пайғамбарымыз ﷺ оған: «**Жақында**», — деді де, онымен оңаша сөйлесті. Сол кезде Усманның түрі өзгерді. Бүлік күндері келіп, Усман қоршауға алынған күні біз оған: «Әй, мүминдердің әмірі! Сен олармен соғыспайсың ба?», — дедік. Ол: «Жоқ. Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ маған бір тапсырма берген еді. Мен оны сабырмен орындаймын», — деп жауап берді*»[3].

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ Усманның (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілуіне байланысты болатын бүлік туралы хабарлаған еді. Бұл — оның ﷺ мұғжизаларының бірі. Усман ибн Ғәффән (Аллаһ оған разы болсын) өзінің әділетсіз түрде өлтірілетінін, өзі мен қасындағылардың ақиқат жолында екендігін және оған қарсы шығып, қанын төгуді рұқсат деп санағандардың екіжүзділер екендігін білді.

Бүлікшілер мен залымдардың жармасып, Усманның (Аллаһ оған разы болсын) қанын төгуді рұқсат деп санауына себеп болған күмәндер

Бірінші: Усманға (Аллаһ оған разы болсын) тағылған айыптардың бірі — оның өз туыстарына артықшылық беріп, оларды басқарушы етіп

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (2/344); «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/480); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (1/450). Хадистің иснады сенімді.

2 «Муснад» имам Ахмад, (6/86); «Фадаил әс-сәхәба» Ибн Хәнбәл, (1/500); Хадистің иснады сенімді.

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/106); «Мәсобих әз-зужәж», (1/19); «Сунан Ибн Мәжаһ», (113). Шейх әл-Әлбәни «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

тағайындағаны, ал үлкен сахабаларды қызметтерінен босатып, олардың орнына жасы кіші адамдарды қойып, оларға дүние-мүлік бергені туралы сөздер.

Олардың Усманның үлкен сахабаларды қызметтерінен босатып, олардың орнына дәрежесі мен абзалдығы төмен өз туыстарын тағайындағаны жайлы сөздеріне келсек, олар мысал ретінде Сәғид ибн әл-Ғәсты, Абдуллаһ ибн Әмрді, Ибн Абу Сархты және Муғәуияны келтірді. Бұған берілетін жауап Аллаһ Елшісінің ﷺ, сондай-ақ оның сахабалары Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) өмірбаянында баяндалған.

«Сахих» хадистерде Аллаһ Елшісінің ﷺ Амр ибн әл-Әсті Зәтус-Сәләсил шайқасында әскердің қолбасшысы етіп тағайындағаны баяндалады. Бұл әскердің құрамында Абу Бакр әс-Сыддық пен Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оларға разы болсын) бар еді. Әмр Пайғамбарымыздан ﷺ: «*Сізге адамдардың ішіндегі ең сүйіктісі кім?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Айша***», — деп жауап берді. Әмр: «*Ер адамдардан ше?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Абу Бакр***», — деп жауап берді. Әмр: «*Одан кейін кім?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Умар***», — деді де, тағы бірнеше адамды атады. Бірақ олардың арасында Әмр ибн әл-Әс болмады.

Сахих жолмен жеткен риуаятта Пайғамбарымыздың ﷺ Абу Заррға (Аллаһ оған разы болсын) басқару ісін тапсырудан бас тартқаны және оны басшы етіп тағайындауды қаламағаны баяндалады. Өйткені ол Абу Заррдың биліктің ауыртпалығын көтере алмайтынын білген еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Уа, Абу Зарр! Мен сенің әлсіз екендігінді көріп тұрмын. Мен өзіме қалаған нәрсені саған да қалаймын. Екі адамға болса да басшылық етпе және жетімнің мал-мүлкін басқарма!***», — деген (Муслим, 1826). Пайғамбарымыз ﷺ Абу Заррды, оның көптеген артықшылықтары болғанына қарамастан, басқарушы етіп тағайындаудан бас тартты. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Көктер Абу Заррдан шыншылырақ адамды көлеңкелеген жоқ әрі жер де одан шыншылырақ адамды көтерген жоқ***», — деген еді[1].

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) Умар ибн әл-Хаттабтың оны қызметтен босатуды талап еткеніне қарамастан, Халид ибн Уәлидті қызметінен алмады. Абу Бакр Халидтің күш-қуаты мен әскерді басқару қабілетін дәлел етіп: «*Аллаһ мүшріктерге қарсы шығарған қы-*

[1] «Сахих Ибн Хиббән», (16/76); «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/385); «Әт-Тирмизи», (3801); «Ибн Мәжаһ», (156); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизи мен Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әс-Силсилә әс-сахиха», 2343 және «әл-Мишкәт», (6229, 6230) еңбектерінде сенімді деп атаған.

лышты алып тастамаймын (қынабына салмаймын)», — деген. Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының арасында Халидтен абзалырақ адамдар бар екендігін білді. Алайда олардың соғысты басқаруға қажетті қабілеті мен күші болмады[1].

Умар ибн әл-Хаттабта басқаруға өзінен абзалырақ, Исламды ерте қабылдаған әрі артықшылыққа ие сахабаларды қалдырып, іс жүзінде күштілігіне, көрегендігіне, басқару қабілетіне және саяси біліміне қарай басқа адамды тағайындайтын. Ал адамдар одан: «Сен неліктен Аллаһтың Елшісінің ﷺ үлкен сахабаларын басқарушы етіп тағайындамайсың?», — деп сұрағанда, ол: «*Мен бір адамды тағайындап, одан күштірек адамды тауып тұрғанымда, оны қызметке қоюға қиналамын*», — деп жауап беретін[2].

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ және одан кейінгі халифалары осы қағиданы алғаш ұстанған адамдар болды, олар әлсіз адамның тақуалығы өзіне пайдалы, ал оның әлсіздігі халифаның қолдауын қажет етеді. Күнәһар күшті адамның күші халифа үшін пайдалы, ал оның күнәһарлығы өзіне зиян. Себебі әлсіздің тақуалығы өзіне қатысты, ал әлсіздігі мұсылмандарға қатысты. Ал күшті адамның күнәһарлығы өзіне қарсы, ал күші мұсылмандар үшін пайдалы[3].

Усман (Аллаһ оған разы болсын) осы жолды ұстанды. Бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ және одан кейінгі екі халифаның саясаты болғандықтан, үммет оның ең дана әрі ең дұрыс саясат екендігіне бірауыздан келісті. Ендеше, Усман олардың жолын ұстанған болса, оны не үшін айыптайды? Оның алдында Аллаһтың Елшісінде ﷺ және оның сахабаларында көркем үлгі болмады ма? Ол билігінің басында: «*Мен жаңалық енгізуші емес, ерушімін*», — деген болатын[4].

Оның екі серігі Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) билік жүргізуге қатысты құқықтары қандай болса, Усманның да сондай құқықтары болмады ма? Егер билеуші өзі түсінетін, ал халықтың көпшілігі түсіне бермейтін пайдаға қарай басқарушыларды қызметтен босатып, олардың орнына басқа адамдарды тағайындай алмаса, онда оның биліктен қандай құқығы қалады?

Аллаһтың құлдары! Егер мәселе осылай болса, онда бұл Усманның дәлелінің дұрыстығыа нұсқайды. Усман былай деген: «*Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ көзі тірісінде Бану Умәйядан адамдарды қызметке таға-*

1 «Әт-Тәбәқот әл-кубра» Ибн Сәғд (3/305).

2 «Әт-Тәбәқот әл-кубра» Ибн Сәғд (3/305).

3 «Әс-Сиясат әш-шәрғия» Ибн Тәймия, (18–24 — беттер).

4 «Тәрих әр-русул» Әт-Тобари, (4/4220).

йындайтын. Одан кейінгі халифалар, яғни Абу Бакр әс-Сыддық пен Умар да (Аллаһ оларға разы болсын) оларды қызметке тағайындады. Біз құрайыш тайпаларының ішінде Бану Абдушшамстан — Бану Умәйядан шыққан адамдардай Аллаһ Елшісі ﷺ қызметіне көп тағайындалған басқа тайпаны білмейміз. Өйткені олар көп әрі беделді еді»[1].

Аллаһтың құлдары! Жасы кіші адамдарды қызметке тағайындап, үлкендерді қалдыру мәселесінде де Усманның (Аллаһ оған разы болсын) алдында Аллаһтың Елшісі ﷺ көркем үлгі болды. Аллаһтың Елшісі ﷺ өмірінің соңында римдіктермен соғысу үшін әскер жасақтап, оның басына Усәмә ибн Зәйдті (Аллаһ оған разы болсын) тағайындады. Ол кезде Усәмә жиырма жасқа да толмаған еді. Ал әскердің құрамында Абу Бакр мен Умар (Аллаһ оларға разы болсын) секілді үлкен сахабалар бар болатын[2].

Аллаһ Елшісі ﷺ қайтыс болған кезде Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) осы әскерді аттандырмақ болды. Алайда сахабалардың кейбірі Усаманың орнына жасы үлкенірек адамды қолбасшы етіп тағайындауды қалады. Олар бұл мәселені Умарға айтып, оның Абу Бакрмен сөйлесуін өтінді. Абу Бакр бұл сөздерді естігенде ашуланып, Умарға: «*Уа, Умар! Оны Аллаһтың Елшісі ﷺ тағайындады. Ал сендер маған оны қызметінен босатуды бұйырып тұрсыңдар ма?*», — деген еді[3].

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Усман тек дұрыс әрі әділ адамдарды ғана басшы етіп тағайындады. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ Ғиттәб ибн Усәйдті Меккенің әмірі ретінде жиырма жасында тағайындаған*»[4].

Осылайша, Усманның (Аллаһ оған разы болсын) көптеген туыстары Аллаһ Елшісінің ﷺ, Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын) заманында басшылық қызметтер атқарды. Олар батыл, қабілетті, басқару ісін жақсы білетін әрі оны атқара алатын адамдар еді. Сондықтан нәпсі қалауларына ергендердің олар туралы айтқан сөздеріне мән бермеу қажет. Осылайша, адамдардың сөзін тексеріп, әділ әрі бейтарап бола отырып бағалау керек.

Ал олардың Усманның туыстарына мал-мүлік бергені туралы сөздеріне келсек, Усманның (Аллаһ оған разы болсын) туыстары мен жақындарына қатысты өмірбаяны көркем әрі мейірімді Исламның бір қырын көрсетеді. Бұған Аллаһ Тағаланың:

---

1 «Әл-Минхәж» Ибн Тәймия, (3/175–176).

2 «Сира» Ибн Хишәм, (4/238).

3 «Тәрих әр-Русул» әт-Тобари, (3/266).

4 «Әл-Бидәя уә ән-нихәя» Ибн Кәсир, (7/187).

﴿قُل لَّآ أَسۡـَٔلُكُمۡ عَلَيۡهِ أَجۡرًا إِلَّا ٱلۡمَوَدَّةَ فِي ٱلۡقُرۡبَىٰۗ﴾

«**«Сендерден бұған жақындық махаббаттан басқа ешбір ақы тілемеймін», — деп айт**», — деген сөздері, («әш-Шура» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ:

﴿وَءَاتِ ذَا ٱلۡقُرۡبَىٰ حَقَّهُۥ وَٱلۡمِسۡكِينَ وَٱبۡنَ ٱلسَّبِيلِ وَلَا تُبَذِّرۡ تَبۡذِيرًا ٢٦﴾

«**Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласыңдар**», — деген сөздері дәлел болады («әл-Исра» сүресі, 26-аят).

Бұл сондай-ақ Таңдаулы Пайғамбарымыздың ﷺ өмірбаянындағы іс жүзіндегі үлгі болып табылады. Бахрейннен мал-мүлік келген кезде Пайғамбарымыз ﷺ өзінің көкесі Аббасқа (Аллаһ оған разы болсын) басқа ешкімге бермеген нәрсесін берді (Әл-Бухари, 411).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ өзінің көкесінің ұлы әрі күйеу баласы Алиді басшылыққа тағайындады. Аллаһтың Елшісі ﷺ иман келтірген Усман және басқа да мүминдер үшін ол ең ұлы үлгі еді.

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Усман (Аллаһ оған разы болсын) көркем мінезді, өте ұялшақ әрі аса жомарт еді. Ол өткінші дүние-мүлік арқылы олардың жүректерін біріктіру мақсатында отбасы мен туыстарына басымдық беретін. Бәлкім, бұл оларды өткінші дүниеден гөрі мәңгілік нәрсені таңдауға ынталандырар еді. Пайғамбарымыз ﷺ да кейбір тайпаларға өзгелерден көбірек беретін, ал кейбіреулеріне бермейтін. Өйткені олардың жүректеріндегі туралық пен иманның деңгейі әртүрлі болатын. Усман осы қасиеті себепті сөгіске ұшырап, сыналды. Сол секілді кейбір харижилер Аллаһ Елшісін ﷺ мал-мүлікті бөлу кезінде кейбір адамдарға артықшылық бергені үшін сөккен еді*»[1].

Аллаһтың құлдары! Усман (Аллаһ оған разы болсын) халифа болғанға дейін де туыстарына ізгілік жасайтын және оларға әрі мұсылмандарға көп мал-мүлік жұмсайтын. Ол: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ, сондай-ақ Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ оларға разы болсын), кезінде өзімнің мал-мүлкімді жомарттықпен тараттым. Ол кезде мен мал-мүлкіме сараң болып, оған құмар едім. Ал қазір отбасымның ең үлкеніне айналып, қартайып, өзіме тиесілі мал-мүлікті олардың билігіне бергенімде, мына бидғатшылардың осындай сөздер айтуына қалай ғана болады?!*», — деген[2].

---

1 «Әл-бидәя уә ән-нихәя» Ибн Кәсир, (7/201).

2 «Тәрих әр-русул» әт-Тобари, (4/348).

Екінші: Усманға дінде ойдан шығарылған нәрселерді енгізді және өзінен бұрынғыларға қайшы келді деп тағылған айыптар. Олар бұған Құранды бір мұсхафқа жинауды, Минада намазды қысқартпай, толық оқуды, жұма күні екінші азанды енгізуді және басқа да мәселелерді жатқызды.

Оның мұсхафтарды өртеп, адамдарды бір ғана мұсхафқа біріктіргеніне келсек, Усманның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарын жақсы білген ғалымдар оның бұл ісі мұсылмандар арасындағы келіспеушіліктің себебін жойып, оларды бір мұсхафқа біріктіру болғанын айтты. Ибн әл-Ғәраби былай деген: «*Құранды бір мұсхафқа жинауға келсек, бұл — ұлы игілік әрі ұлы еңбее. Ол мұсылмандар арасындағы келіспеушіліктің себебін жойды және Құранды сақтау туралы Аллаһтың уәдесін оның себепкерлігімен жүзеге асырды. Біз мұны Құран іліміне қатысты еңбектерімізде және басқа да кітаптарымызда түсіндірдік*»[1]. Мұсхафтар бір нұсқаға біріктіргеннен кейін Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Усманға кіріп: «*Сен дұрыс істедің әрі бұл істе Аллаһтың жәрдеміне ие болдың…*», — деді[2]. Ал Усманның Минада намазды толық оқығанына келсек, бұл да дәлелмен бекітілген. Имам әл-Бухари Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін жеткізген: «Мен *Пайғамбарызбен ﷺ, Абу Бакрмен және Умармен бірге Минада екі рәкағат намаз оқыдым. Сондай-ақ Усманның халифалығының алғашқы кезеңінде де онымен бірге екі рәкағат оқыдым. Кейін ол оны толық оқи бастады*» (Әл-Бухари, 1032, Муслим, 694).

Усман бұл жөнінде: «*Мен отбасым тұратын қалаға келдім. Сондықтан екі себепке байланысты намазды толық оқыдым: бұл жерде тұрақты тұратын жерім әрі отбасым болды*», — деп жауап берді[3]. Хәфиз Ибн Хәжар әз-Зуһридің былай дегенін жеткізген: «*Усман сол жылы бәдәуилердің саны көбейгендіктен, Минада намазды төрт рәкағат етіп оқыды. Ол оларға намаздың төрт рәкағат болып оқылатынын үйреткісі келді*»[4].

Бидғатшылардың Усманның жұма күні екінші азан енгізгені және бұл жаңалық екені туралы сөздеріне: «Әділетті халифалардың сүннеті де Пайғамбарымыздың ﷺ сүннетінен болып саналады», — деп жауап беруге болады. Имам әл-Бухари Сәиб ибн Язидтен Усманның (Аллаһ оған разы болсын) халифалығы кезінде Мәдинада адамдардың саны көбей-

1 Ибн әл-Ғәраби, «әл-Ғәуасым», (66-бет).

2 Ибн Ғәсәкир, «Тарих Димашқ», (237-бет).

3 «Тәрих әр-русул» әт-Тобари, (4/446).

4 «Әл-Фәтх» Ибн Хәжәр, (2/571).

генде екінші азанды енгізгенін жеткізді (Әл-Бухари, 870). Ибн Мәжаһ пен ән-Нәсәи жеткізген риуаятта: «*Усман құтпаға шығудан бұрын әз-Зәурада, яғни базар маңындағы үйде азан айтқызды. Бұл адамдарға жұма намазының уақыты келгенін білдіру үшін жасалған еді*», — деп баяндалады[1].

Егер бұл іс Сүннетке қайшы болғанда, үлкен сахабалар оны міндетті түрде айыптар еді. Өйткені олар Мәдинада болатын. Сол секілді Али (Аллаһ оған разы болсын) халифа болған кезде бұл азанды алып тастауды бұйырмады.

Төрт мәзһабтың өкілдері және басқа да ғалымдар жұма намазында екінші азан айтуға болады деген пікірге бірауыздан келіскен. Олар сондай-ақ Умар (Аллаһ оған разы болсын) Рамазанда адамдарды бір имамға ұйып намаз оқуға да бірауыздан келіскен[2].

Үшінші: Усманның жеке жағдайларына байланысты тағылған айыптар. Оған Бадр шайқасына қатыспауы, Ухуд күні шегінуі және Аллаһ разы болған сертке, яғни Бәйт ар-Ридуанға қатыспауы секілді айыптар тағылды.

Аллаһтың құлдары! Бұл айыптарға Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) жауап берген. Имам әл-Бухаридің Усман ибн Мәуһәбтан жеткізген сахих риуаятында былай делінген: «*Бірде оған Мысырдан бір адам келіп: «Уа, Ибн Умар! Мен сенен бір нәрсе сұрағым келеді. Саған Усманның Ухуд шайқасы болған күні соғыс алаңынан қашқаны белгілі ме?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — деп жауап берді. Сонда әлгі адам: «Оның Бадр шайқасы күні болмағаны және бұл шайқасқа қатыспағаны да белгілі ме?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — де жауап берді. Ол адам: «Саған оның Аллаһ разы болған серт берілген кезде болмағаны және серт бермегені де белгілі ме?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — деп жауап берді. Сонда әлгі адам: «Аллаһ Ұлы!», — деп дауыстап жіберді. Ибн Умар (оны тыңдап шығып) оған: «Енді осының барлығын түсіндіріп берейін. Оның Ухуд шайқасы күні шегінуіне келсек, мен Аллаһтың оны кешіргеніне куәлік етемін. Бұған Аллаһ Тағаланың:*

﴿إِنَّ ٱلَّذِينَ تَوَلَّوْاْ مِنكُمْ يَوْمَ ٱلْتَقَى ٱلْجَمْعَانِ إِنَّمَا ٱسْتَزَلَّهُمُ ٱلشَّيْطَٰنُ بِبَعْضِ مَا كَسَبُواْ ۖ وَلَقَدْ عَفَا ٱللَّهُ عَنْهُمْ ۗ إِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٌ حَلِيمٌ ﴿١٥٥﴾﴾

«**Расында, (Ухуд соғысы күні) екі топ кездескен сәтте, сендерден бет бұрғандарды кейбір қылықтарының салдарынан шайтан тайды-**

[1] Ибн Мәжаһ, (1135); «әл-Мужтәбә», ән-Нәсәи; Шейх әл-Әлбәни өзінің ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

[2] «Әл-Минхәж» Ибн Тәймия, (3/204).

ра жаздады. Расында, Аллаһ оларды кешірім етті. Күмәнсіз, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», — *деген сөздері дәлел. Ал оның Бадр шайқасына қатыспауына келсек, ол кезде Усман Пайғамбарымыздың ﷺ қызына үйленген еді және Пайғамбардың қызы ауырып жатқан болатын. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ оған: «**Расында, сен Бадр шайқасына қатысқан кез келген адамның сауабы мен үлесіне тең сауап пен үлес аласың**», — деген еді. Ал оның Аллаһ разы болған серт берілген кезде болмауына келсек, егер Меккеде Усманнан артық құрметті адам болғанда, Пайғамбарымыз ﷺ оның орнына басқа біреуді жіберер еді. Алайда Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккеге Усманды жіберді. Ал Аллаһ разы болған серт Усман Меккеге кеткеннен кейін берілді. Пайғамбарымыз ﷺ оң қолын созып: «**Бұл — Усманның қолы**», — деді де, екінші қолымен соғып: «**Бұл — Усманның атынан берілген ант**», — деді. Содан кейін Ибн Умар әлгі адамға: «Енді бар да, мен айтқан нәрселерді есіңде сақта», — деді».*

ОЛАР ОНЫ ӨЛТІРДІ. АЛЛАһ ОЛАРДЫ ӨЛТІРСІН!

Аллаһтың құлдары! Бүлікші-залымдар ұстанған бұл күмәндардың барлығы жалған болса да, олар жан-жақтан келіп, Мәдинада мүминдердің әмірі Усманның үйін қоршауға алды. Олар одан биліктен кетуді талап етіп, ол бұл талапты орындамаса, оны өлтіретіндерін айтты. Абдуллаһ ибн Умар мүминдердің әмірі Усманға (Аллаһ оған разы болсын) кіріп, оны биліктен кетпеуге және қоршаудың қысымына байланысты өз міндетінен бас тартпауға үндеді. Өйткені бұл кейін келетін адамдарға үлгі болып кетуінен қорықты. Егер адамдар өздерінің билеушісіне немесе имамына наразы болған сайын, оны биліктен түсіре беретін болса, кейін олар әрбір билеушіге осындай қатынас жасар еді. Ибн Умардың азат етілген құлы Нәфиғ былай деген: «Ибн Умар Усманға кірген кезде, оның жанында Муғира ибн әл-Әхнәс атты сахаба бар еді. Ибн Умар: «*Мына адамдардың не айтып жүргеніне қара. Олар: «Биліктен кет әрі өзіңді өлтірме», — деп жатыр*», — деді. Ибн Умар: «*Егер сен биліктен кетсең, бұл дүниеде мәңгі қаласың ба?*», — деп сұрады. Усман: «*Жоқ*», — деп жауап берді. Сонда Ибн Умар: «*Егер сен билікті тастамасаң, олар сені өлтіруден көп зиян келтіре алады ма?*», — деп сұрады. Усман: «*Жоқ*», — деп жауап берді. Ибн Умар: «*Олар сен үшін Жәннатқа немесе Тозаққа билік ете алады ма?*», — деп сұрады. Усман: «*Жоқ*», — деп жауап берді.

Сонда Ибн Умар: «*Менің ойымша, егер сен Аллаһ кигізген киімді, яғни билікті шешіп тастасаң, кейін бұл сүннетке айналып, адамдар өздерінің билеушісіне немесе имамына наразы болған сайын, оны өлтіретін болады», — деген еді*»[1].

Сондықтан Усман (Аллаһ оған разы болсын) сабыр етіп, табандылық танытудың дұрысырақ екендігін түсінді. Ол дінінің игілігі үшін жанын құрбан етуге және Аллаһ жолында өзін пида етуге шешім қабылдады. Ол қоршауда қалған кезде сахабалар: «*Уа, мүминдердің әмірі! Сен соғыспайсың ба?*», — деп сұрады. Усман: «*Жоқ. Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ маған бір тапсырма берген еді. Мен оны сабырмен орындаймын*», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ Усманға (Аллаһ оған разы болсын): «***Уа, Усман! Бәлкім, Аллаһ Тағала менен кейін саған бір киім кигізер. Егер екіжүзділер сенен оны шешуді талап етсе, оны шешпе***», — деп үш рет қайталаған еді[2].

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте харижилердің әділдік пен ақиқатты көздемегеніне анық дәлел бар. Олар екіжүзділікпен бүлік шығарып, өздерін түзету жұмыстарын жүргізіп, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыюды көздейтін адамдар ретінде көрсетуге тырысты. Алайда Ислам қоғамының ешбір дәуірінде Ислам мен мұсылмандар үшін екіжүзділерден қауіпті топ болған емес.

Бүлікші-залымдардың қоршауы жалғаса берді. Олар Усманды судан айырды әрі оның Пайғамбарымыздың мешітінде намаз оқуына кедергі жасады. Сол кездері Усман: «*Олар мені не үшін өлтірмек? Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Мұсылманның қанын төгуге тек үш жағдайда ғана рұқсат етіледі: Исламды қабылдағаннан кейін күпірлікке түсу, некеден кейін зина жасау және біреуді өлтірген адамға қатысты өлім жазасын қолданудан басқа жағдайда өлтіру**», — дегенін естідім. Аллаһпен ант етемін, мен надандық дәуірінде де, Исламда да зина жасаған жоқпын. Аллаһ мені тура жолға салғаннан бері дінімді өзгертуді ешқашан қалаған емеспін. Сондай-ақ ешкімді жазықсыз өлтірген жоқпын… Ендеше, олар мені не үшін өлтірмек?*», — деп айтқан еді.

Аллаһтың құлдары! Усман, Аллаһ оған разы болсын, өзін қоршаған адамдардың алдына шығып, оларға сөйлеп, Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми, (9/89/90); «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (7/515); «Фәдаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (1/473); Хадистің иснады сенімді.

2 «Сахих Ибн Хиббән», (15/346); «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/106); «Мәуәрид әз-зәмғән», (539-бет); «Әт-Тирмизи», (3705); «Ибн Хиббән», (112); «Муснад» имам Ахмад, (6/57); Шейх әл-Әлбәни хадисті Әт-Тирмизиге және Ибн Мәжаһқа жазған ескетпелерінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6068) және «әз-Зыләл» еңбегінде, (1172) сенімді деп атаған.

өзінің қандай дәрежеде болғанын еске салатын. Осылайша Усман (Аллаһ оған разы болсын) олардың жүректері жұмсарар деп үміттенді. Бірақ олар бұдан бас тартты. Абу Абдуррахман әс-Суләми былай деген: «*Усман қоршауда қалған кезде адамдарға: «Аллаһпен ант етемін, сендер Аллаһ Елшісінің ﷺ тау теңселген кезде: «**Тыныштал! Сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл (әс-Сыддық) және екі шәһид қана тұр**», — дегенін білмейсіңдер ме?», — деген сұрақ қойды. Адамдар: «Уа, Аллаһ! Иә, білеміз!», — деді. Содан кейін ол: «Аллаһпен ант етемін! Сендер Аллаһ Елшісінің ﷺ ауыр жорық, яғни Табук шайқасы туралы: «Кім Аллаһ қабыл ететін мал-мүлкін жұмсайды?», — дегенін білмейсіңдер ме? Ол кезде адамдар ауыр жағдайда жиһад жасап жатқан еді. Ал мен сол әскердің үштен бірін өз мал-мүлкімнен жабдықтадым», — деді. Олар: «Уа, Аллаһ! Иә!», — деп жауап берді. Содан кейін ол: «Аллаһпен ант етемін! Сендер Рума құдығынан бұрын тек ақы төлеп қана су ішілгенін білмейсіңдер ме? Мен оны өз мал-мүлкіме сатып алып, байларға да, кедейлерге де, жолаушыларға да қолжетімді еттім», — деді. Олар: «Уа, Аллаһ! Иә», — деп жауап берді*».

Аллаһтың құлдары! Өлімінен аз уақыт бұрын Усман (Аллаһ оған разы болсын) түсінде ажалының жақындағанын көріп, Аллаһтың әміріне мойынсұнды.

Әл-Хаким Ибн Умардан (Аллаһ оған разы болсын) сахих иснадпен оның былай дегенін жеткізген: «*Усман таңертең адамдармен сөйлесіп: «Мен түсімде Пайғамбарды ﷺ көрдім. Ол маған: «Уа, Усман! Сен бізбен бірге ауыз ашасың», — деді», — деген еді*». Усман таңды оразамен қарсы алды және сол күні өлтірілді[1].

Хәрижилер оның үйіне басып кірді. Усман Аллаһтың Кітабын оқып отырған кезде, олардың қылыштары оның таза қанын төкті. Оның қанынан тамған алғашқы тамшы:

﴿فَسَيَكۡفِيكَهُمُ ٱللَّهُۚ وَهُوَ ٱلسَّمِيعُ ٱلۡعَلِيمُ ١٣٧﴾

«**Онда да Аллаһ сені олардан қорғауға жетіп асады. Ол (Аллаһ) — Естуші, әр нәрсені Білуші**», — деген аятқа түсті. Усманды (Аллаһ разы болсын) өлтірген адамның ешқайсысы өз өліммен өлмеді[2]. Аллаһпен ант етемін, Аллаһ Тағала Усманды өлтіруге қатысқандардың барлығын

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/110); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (7/232); «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (6/181); «Тәбәқат әл-мухәддисин би әсбахан», (2/299); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (1/472); Хадистің иснады жақсы.

2 «Китәб әз-зухд» Ибн Абу әл-Ғәс, (128-бет); «әт-Тәкийд» (234-бет); «Фәдәил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл», (1/472–473); Хадистің иснады сенімді.

жойды. Расында, Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ залымдарды қараусыз қалдырмады. Керісінше, Аллаһ Тағала оларды қор қылып, масқара етті және жазаларын берді. Олардың ешқайсысы құтылмады.

﴿وَكَذَٰلِكَ أَخْذُ رَبِّكَ إِذَآ أَخَذَ ٱلْقُرَىٰ وَهِىَ ظَٰلِمَةٌ ۚ إِنَّ أَخْذَهُۥٓ أَلِيمٌ شَدِيدٌ ﴿١٠٢﴾﴾

«**Раббың қолға алғанда, кенттердің залым халқын өстіп алады; күдіксіз Оның соққысы қатты күйзелтеді**» («һуд» сүресі, 102-аят).

Усманды өлтіргеннен кейін адамдарға олардың шынайы мақсаты айқын болды. Усман өлтірілгеннен кейін олар бір-бірін мұсылмандардың қазынасына шабуыл жасауға шақырды. Қазынаны күзетіп тұрған адамдар олардың сөзін естіп: «Уа, адамдар! Қашыңдар! Қашыңдар! Расында, бұл адамдар өздерінің мақсаттары ақиқатты орнату, жақсылыққа бұйыру, жамандықтан тыю және тағы басқа нәрселер екен деп, шындықты айтпады. Олар өтірік айтты. Олардың көздегені — дүние!» — деді»[1].

Сабаилер өз мақсаттарына жетіп, мүминдердің әмірін өлтірді. Осыдан кейін олардың соңынан ерген көптеген адамдар тоқтап, ойлана бастады. Олар өздерінің әрекеті мұндай деңгейге жетеді деп күтпеген еді. Адамдар сабаилердің ықпалына түсіп қалғаны себепті сабаилер оларды еш ұялмастан пайдаланды. Алайда олардың халифаны өлтіру туралы ойы да жоқ еді. Сабаилердің істеген ісі оларға жиіркенішті, жеккөрінішті әрі айыпталуға лайық болып көрінді. Олардың басынан кезінде Исраил ұрпақтарының басынан өткен жағдай өтті. Исраил ұрпақтары әуелі бұзауға табына бастады, кейін істегендеріне өкініп, тәубе етті.

Усман өлтірілгеннен кейін бүлікшілердің бірі Қағбаны тауаф етіп: «Уа, Аллаһ! Мені кешіре гөр! Бірақ Сенің мені кешіретініңе үміттенбеймін», — деп дұға етті. Бір адам одан: «Уа, Аллаһтың құлы! Бұл не дұға?», — деп сұрады. Ол: «Мен Усманды кезіктірсем, оның бетінен өз қолыммен міндетті түрде ұрамын деп ант берген едім. Усман өлтірілгеннен кейін оның денесін үйіндегі төсегіне қойып, адамдар оған жаназа намазын оқу үшін кіре бастады. Мен де оған намаз оқығым келгендей болып ішке кірдім. Кейін ешкім көрмей тұрған сәтті пайдаланып, оның бетіндегі киімді көтеріп, бетін ұрдым. Сол кезде менің қолым сал болып қалды!», — деді.

Аллаһ оның қолын Усман өлгеннен кейін оның бетіне ұрғаны үшін сал қылды. Ендеше, қылышын суырып, Усманды өлтірген адам туралы не айтуға болады?!

[1] «Әл-Бидәя уә ән-нихәя» Ибн Кәсир, (7/189).

Олар оны өлтірді. Аллаһ оларды өлтірсін! Уа Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат ретінде көрсетіп, оған еруді нәсіп ет. Сондай-ақ жалғанды да жалған ретінде көрсетіп, одан аулақ болуды нәсіп ет.

Али ибн Абу Талиб (Аллаh оған разы болсын)

БІРІНШІ: ӘhЛУ ӘС-СУННА УӘ ӘЛ-ЖӘМӘҒАНЫҢ МҮМИНДЕРДІҢ ӘМІРІ АЛИ ИБН АБУ ТАЛИБКЕ ҚАТЫСТЫ СЕНІМІ

Аллаhтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаh Қасиетті Құранда былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден Аллаhқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаh оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады.

Ибн Мәсғуд (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Сіздерден кімде-кім біреуге ілескісі келсе, қайтыс болғандарға ілессін, өйткені тірі*

адам азғырылардан қауіпсіздікте емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, олар осы үмметтің ішінде жүректері ең ізгі, білімдері ең терең әрі өздерін пайдасыз нәрселермен ең аз ауырлатқандары еді. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың артықшылығын мойындаңдар, олардың жолымен жүріңдер, мүмкіндігінше олардың мінез-құлқы мен дінін бекем ұстаңдар, өйткені олар тура жолда болды».

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ақиқатында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең қайырлы жүрек деп тапты, кейін Оны Өзі үшін таңдап алып, Өз елшілігімен жіберді! Кейін Аллаһ Тағала Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының ішіндегі ең қайырлы жүректер деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарының ﷺ діні үшін күресетін көмекшілері етті*».

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — оның Пайғамбарынан ﷺ кейін осы үмметтегі адамдардың ең жақсылары. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, төртінші халифа, мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибпен байланысты болады.

Сіз ол жайлы білесіз бе? Ол (Аллаһ оған разы болсын) — Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесінің ұлы әрі оның қызы Фатыманың (Аллаһ оған разы болсын) күйеуі. Ол — Жәннатпен сүйіншіленген он адамның бірі және жастардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған адам. Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болған кезде Али ибн Абу Талибке разы еді.

Бұл тақырып, Аллаһ қаласа, мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибке (Аллаһ оған разы болсын) қатысты әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның сенімі жайында болады. Аллаһтың құлдары! Әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның сенімдерінің бірі — бұл үмметте оның Пайғамбарынан ﷺ, Абу Бакрдан, Умардан және Усманнан кейінгі ең абзал адамның Али ибн Абу Талиб екендігіне сену.

Имам әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Сахабалар мен олардың ізбасарлары ең абзал адамдардың Абу Бакр, одан кейін Умар, одан кейін Усман, одан кейін Али екендігіне бірауыздан келіскен (Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын)*»[1].

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Сахабалардың ішіндегі ең абзалдары, тіпті пайғамбарлардан кейінгі жаратылыс-*

1 «Фәтх әл-Бәри», (7/17).

тардың ең абзалдары: Абу Бакр, одан кейін Умар ибн әл-Хаттаб, одан кейін Усман ибн Ғәффән, одан кейін Али ибн Абу Талиб (Аллаһ олардың барлығына разы болсы)»[1].

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деген: «*Әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның ғалымдары, құлшылық етушілері, басшылары мен әскерлері: «Абу Бакр, одан кейін Умар, одан кейін Усман, одан кейін Али», — деп бірауыздан келіскен*»[2].

Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығын көрсететін көптеген хадистер мен белгілі риуаяттар жеткізілген. Мысалы:

1) Сәһл ибн Сәғд (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ Хайбар күні: «***Ертең мен бұл туды Аллаһ бізге оның қолымен жеңіс беретін адамға беремін. Ол Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көреді, әрі Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көреді***», — деп айтқанын жеткізген. Сәһл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары түні бойы бұл тудың кімге берілетіні туралы сөйлесті. Таң атқанда олардың әрқайсысы тудың өзіне берілгенін қалады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Али ибн Абу Талиб қайда?**», — деп сұрады. Адамдар: «Оның көзі ауырып жатыр», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Алиді шақыруды бұйырды. Адамдар оны алып келгенде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оның көзіне (сәл) түкіріп, ол үшін Аллаһқа дұға етті. Сол сәтте Али көздері ешқашан ауырмағандай жазылып кетті. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ оған туды берді. Али: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз олармен олар біз секілді болғанға дейін соғысуды жалғастырамыз ба?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Асықпай бар. Оларға жолыққан кезде оларды Исламға шақыр және оларға орындауы міндетті болған нәрселерді хабарла. Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болғаннан жақсы**», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 3498; Муслим, 2306).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадистегі Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Ертең мен бұл туды Аллаһ бізге оның қолымен жеңіс беретін адамға беремін. Ол Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көреді, әрі Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көреді***», — деген сөздерінде мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибтің айқын артықшылығына нұсқау бар.

2) Аллаһтың Елшісі ﷺ Табук жорығына аттанғанда, Алиді Мәдинада өзінің орнына қалдырған еді. Али Пайғамбарымыздан ﷺ: «*(Уа, Аллаһтың Елшісі!) Сіз мені әйелдер мен балалардың арасында қалдырып кете-*

[1] «Әл-Бағис әл-хәсис», (183-бет).

[2] «Әл-Уасият әл-кубра», (33-бет).

сіз бе?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен үшін сенің Харунның Мусаға қатысты жағдайындай болғаныңа разы емессің бе? Алайда менен кейін пайғамбар жоқ***», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 4154; Муслим, 2404).

Бұл хадисте Алидің (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылығына нұсқау бар. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен үшін сенің Харунның Мусаға қатысты жағдайындай болғаныңа разы емессің бе? Алайда менен кейін пайғамбар жоқ***», — деген. Бұл сөздер арқылы Пайғамбарымыз ﷺ Алидің өзіне қатысты жағдайын және жанындағы жоғары орнын түсіндірді.

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис кейбір адасқан топтар жармасқан хадистердің бірі. Олар Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін билік ету құқығы Алиге тиесілі болды және Пайғамбарымыз ﷺ оған билікті өсиет етті деп мәлімдейді. Бұл хадисте олардың сөзіне дәлел жоқ. Алайда, онда Алидің (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығына нұсқау бар. Бұл хадис Пайғамбарымыздан ﷺ кейін Алидің халифа етіп тағайындалуына дәлел болмайды. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ бұл сөздерді Алиге Табук жорығы кезінде оны Мәдинада өз орнына қалдырғанда айтқан еді. Бұны салыстырылған Харунның Мусадан кейін халифа болмағаны да растайды. Харун Мусаның көзі тірісінде қайтыс болды. Ал Муса Раббысымен оңаша сөйлесу үшін кеткен кезде, Харунды өз орнына орынбасар етіп қалдырған еді.

3) Аллаһтың Елшісі ﷺ Фатыманың үйіне келіп, Алиді таппаған кезде, одан: «***Көкеңнің ұлы қайда?***», — деп сұрады. Фатыма: «*Біз ұрысып қалдық. Ол маған ашуланып, күндіз менің үйімде жатудан бас тартып, шығып кетті*», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ бір адамға: «***Алидің қайда екенін қарап кел***», — деді. Біраз уақыттан кейін әлгі адам қайтып келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол мешітте ұйықтап жатыр*», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ мешітке барып, Алидің шапаны түсіп қалғанын, ал оның өзі топыраққа аунап жатқанын көрді. Пайғамбарымыз ﷺ оның үстіндегі топырақты қағып: «***Тұр, уа, Абу Тураб! Тұр, уа, Абу Тураб!***», — деді (Әл-Бухари, 430; Муслим, 2409).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) анық мақтауы және оның Пайғамбарымыздың ﷺ алдындағы жоғары орны баяндалған. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ Алиге өзі барып, мешітке кірді, оның арқасындағы топырақты қақты және оған жұмсақтық танытып, көңілін аулады. Себебі Али мен Фатыманың арасында келіспеушілік болып, Али мешітке шығып, сонда жатқан еді. Пайғамбарымыз ﷺ оны Абу Тураб деп атады. Бұл лақап Алидің ең сүйікті лақап аты еді.

4) Оның мақтауға лайық қасиеттерінің бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ Алиге деген сүйіспеншілікті иманның белгісі, ал оны жек көруді

екіжүзділіктің белгісі дегені. Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Дәнді жарған әрі жанды жаратқан Аллаһпен ант етемін! Расында (үмми) Пайғамбар ﷺ мені мүмин ғана жақсы көріп, екіжүзді ғана жек көретінін хабарлады*» (Муслим, 78).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Алидің (Аллаһ оған разы болсын) айқын артықшылығына нұсқау бар. Әрі бұл барлық сахабаларға қатысты. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық. Сахабалардың арасында болған шайқастарға келсек, олардың кейбірінде бір-біріне деген наразылық байқалғанымен, бұл өзара қарама-қайшылық туғызған жағдайларға байланысты болды. Сондықтан олардың ешқайсысы бір-бірін екіжүзділікпен айыптамады. Бұл мәселедегі жағдай үкім шығарудағы мужтаһидтердің жағдайына ұқсайды: дұрыс шешімге жеткен адамға екі сауап, ал қателескен адамға бір сауап беріледі[1].

5) Оның (Аллаһ оған разы болсын) мақтауға лайық қасиеттерінің бірі — Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Алиді балағаттаған адам мені балағаттаған болады***»[2], — деген сөздерінде көрініс табады. Сондай-ақ ол ﷺ: «***Алиге зиян келтірген адам маған зиян келтірген болады***», — деген[3]. Бір адам орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Алидің осындай да, осындай да іс істегенін көрмейсіз бе?», — деді. Аллаһтың Елшісінің ﷺ жүзінен оның ашуланғаны көрінді және ол ﷺ: «***Алиден не қалайсыңдар?***», — деп үш рет сұрады да, кейін: «***Расында, Али менен, ал мен оданмын. Ол менен кейінгі әрбір мүміннің уәлиі***», — деген еді[4].

Сондай-ақ Пайғамбарамыз ﷺ: «***Мен кімнің уәлиі болсам, Али де соның уәлиі***», — деген[5]. Али (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың атын атап сұраймын! Аллаһ Елшісінің ﷺ Ғадир Хумм күні айтқан сөзін естіген әрбір адам орнынан тұрсын*», — деген еді. Ғадир Хумм — Мекке

---

1 «Фәтх әл-Бәри», (1/63).

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/130); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/130); «Муснад» имам Ахмад, (6/323); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/594); Хадистің иснады сенімді.

3 «Сахих Ибн Хиббән», (15/365); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/131); «Мәуәрид әз-зәмған», (543-бет); «Муснад» имам Ахмад, (3/483); Шейх әл-Әлбәни «әс-Силсилә әс-сахиха» жинағында сенімді деп атаған, 2295.

4 «Сахих Ибн Хиббән», (15/373); «Әт-Тирмизи», (3712); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/373–374); «Муснад» имам Ахмад, (4/437); Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде және «Әс-силсилә әс-сахихада», 2223 сенімді деп атаған.

5 Ибн Хиббән, (15/376); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/126); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/104); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/372); «әл-Әусәт» және «әл-Кубра» әт-Тәбәрани, (2/275); «Муснад» әл-Баззар, (2/133); «Муснад» имам Ахмад, (4/281); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахиха» жинағында сенімді деп атаған, 1750.

мен Мәдинаның арасындағы жер. Адамдар тұрып, Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Мен мүминдерге өздерінен де жақын емеспін бе?***», — деген сөзін естігендеріне куәлік берді. Сол кезде адамдар: «Әрине! Уа, Аллаһтың Елшісі», — деп жауап берді. Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен кімнің уәлиі болсам, Али де соның уәлиі. Уа, Аллаһ! Оған жәрдем бергенге жәрдем бер және онымен жауласқанмен жаулас***», — деген еді[1].

6) Оның (Аллаһ оған разы болсын) мақтауға лайық артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ оны Жәннатпен сүйіншілеп, ол үшін дұға етуі. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Пайғамбар Жәннатта, Абу Бакр Жәннатта, Умар Жәннатта, Усман Жәннатта, Али Жәннатта…***», — деген.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Тәлха және Зубайр бірге тауда болғаны жеткезіледі. Сол кезде тау дірілдей бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Тыныштал! Сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл (әс-Сыддық) және екі шәһид тұр***», — деді (Муслим, 2417).

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ мені Йеменге жібергенде, мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мені менен жасы үлкен адамдарға олардың арасында төрелік ету үшін жіберіп жатырсыз ба?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бар! Расында, Аллаһ сенің тіліңді бекемдеп, жүрегіңе туралық береді**», — деп жауап берді*»[2].

7) Оның (Аллаһ оған разы болсын) мақтауға лайықты тағы бір артықшылығы — Аллаһ Елшісінің ﷺ оған: «***Сен мененсің, ал мен сенен-мін***», — дегені (Әл-Бухари, 2552).

Аллаһтың құлдары! Адамдардың мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибке (Аллаһ оған разы болсын) деген көзқарасы бойынша олар екі шектен шыққан және бір орташа топқа бөлінеді.

Бірінші топ оны жақсы көруде шектен шығып, оны раббылық дәрежесіне көтерді. Олар Аллаһқа серік қосып, оған жалбарынады және онымен ант етеді. Бұл — анық адасушылық.

---

1 «Ибн Хиббән», (15/376); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/126); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/104); «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (6/372); «Әл-Әусәт», (2/275); «Әл-Кубра» әт-Тәбәрани, (5/194); «Муснад» әл-Баззар, (2/133); «Муснад» имам Ахмад, (4/281); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахиха» жинағында сенімді деп атаған, 1750.

2 «Сунан әл-Бәйхәқи», (10/86); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (5/117); «Муснад» Абу Яғлә, (1/252); «әт-Тәбәқат әл-кубра Ибн Сәғд», (2/337); «Фәдәил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/702); Хадистің иснады сенімді.

Екінші топ оған қатысты немқұрайлылық танытып, онымен жауласты және оны күпірлікпен айыптады. Бұл да — анық адасушылық.

Орта жолды ұстанған топ — әһлу әс-сунна уә әл-жәмәға. Олар Алиді шариғат белгілеген орнына қояды. Ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесінің ұлы, жастардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған адам, Абу Бакр, Умар және Усманнан кейінгі төртінші халифа (Аллаһ олардың барлығына разы болсын). Ол — Жәннатпен сүйіншіленген он адамның бірі. Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болған кезде Алиге разы болған еді.

Имам әт-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз және олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топқа берілетін жауап. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан безінбейміз. Бұл — екінші топқа берілетін жауап. Біз сахабаларды жек көріп, олар туралы жаман сөз айтатындарды жек көреміз. Біз сахабаларды тек жақсы сөзбен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Біз Аллаһ Елшісінен ﷺ кейін олардың билік ету ретінің дұрыс болғанына сенеміз. Бірінші — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын). Бұл оның бүкіл үмметтен артықшылығы мен абзалдығын көрсетеді. Одан кейін — Умар, одан кейін — Усман, одан кейін — Али ибн Абу Талиб (Аллаһ олардың барлығына разы болсын). Олар — тура жолмен жүргізілген әділетті халифалар әрі имамдар*»[1].

Аллаһтың құлдары! Шариғат ізгі адамдарға деген сүйіспеншілікте шектен шығудан сақтандырды. Аллаһ Тағала былай деген

﴿يَٰٓأَهۡلَ ٱلۡكِتَٰبِ لَا تَغۡلُواْ فِي دِينِكُمۡ وَلَا تَقُولُواْ عَلَى ٱللَّهِ إِلَّا ٱلۡحَقَّۚ إِنَّمَا ٱلۡمَسِيحُ عِيسَى ٱبۡنُ مَرۡيَمَ رَسُولُ ٱللَّهِ وَكَلِمَتُهُۥٓ أَلۡقَىٰهَآ إِلَىٰ مَرۡيَمَ وَرُوحٞ مِّنۡهُۖ﴾

«Әй, Кітап иелері! Діндеріңде артық кетпеңдер. Аллаһқа байланысты шындықты айтыңдар. Расында, Мәриям ұлы Мәсих Иса — Аллаһтың Елшісі әрі Мәриямға жалғастырған сөзі және Аллаһ тарапынан бір рух» («ән-Ниса» сүресі, 171-аят).

Шектен шығу (الغلو) дегеніміз — сөзде немесе сенімде бір нәрсені шамадан тыс ұлықтау. Жаратылыстарды Аллаһ қойған дәрежесінен жоғары көтермеңіздер және оларды Аллаһтан басқа ешкімге лайық емес дәрежеге қоймаңыздар. Бұл аятта Кітап иелері жайлы айтылғанымен, оның мағынасы бүкіл үмметке қатысты. Аятта адамдарды өз Пайғамбарына ﷺ

[1] «Шарх әл-ақыда әт-Тәхәуия», (467-бет).

қатысты христиандар Исаны, ал яһудилер Узәйрді ұлықтағандай әрекет етуден сақтандырыу бар. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿۞ أَلَمۡ يَأۡنِ لِلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَن تَخۡشَعَ قُلُوبُهُمۡ لِذِكۡرِ ٱللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ ٱلۡحَقِّ وَلَا يَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡكِتَٰبَ مِن قَبۡلُ فَطَالَ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَمَدُ فَقَسَتۡ قُلُوبُهُمۡۖ وَكَثِيرٞ مِّنۡهُمۡ فَٰسِقُونَ ١٦﴾

«**Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне (Құранға) жұмсап әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар секілді болмаңдар. Олардың көбі бұзақылар**» («әл-Хадид» сүресі, 16-аят).

Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мені христиандар Мәриям ұлын асыра ұлықтағандай асыра ұлықтамаңдар. Расында, мен — Аллаһтың құлымын. Сондықтан: «Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі», — деп айтыңдар***», — деген (әл-Бухари, 3261).

Пайғамбарымыз ﷺ өзін құлдық дәрежесінен раббылық пен құдайлық дәрежесіне көтеруден сақтандырды. Христиандар Иса ибн Мариямға қатысты осылай шектен шыққан еді. Аллаһтан өзге пайғамбарға немесе уәлиге жалбарынған әрбір адам оны құдай дәрежесіне көтеріп, көпқұдайшылықта христиандарға және шектен шығуда яһудилерге ұқсады. Христиандар Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты шектен шықты. Ал яһудилер онымен жауласып, оны балағаттап, айыптады. Христиандар асыра дәріптеді, ал яһудилер кемшілік танытты. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مَّا ٱلۡمَسِيحُ ٱبۡنُ مَرۡيَمَ إِلَّا رَسُولٞ قَدۡ خَلَتۡ مِن قَبۡلِهِ ٱلرُّسُلُۖ وَأُمُّهُۥ صِدِّيقَةٞۖ كَانَا يَأۡكُلَانِ ٱلطَّعَامَۗ ٱنظُرۡ كَيۡفَ نُبَيِّنُ لَهُمُ ٱلۡأٓيَٰتِ ثُمَّ ٱنظُرۡ أَنَّىٰ يُؤۡفَكُونَ ٧٥﴾

«**Мәриям ұлы Мәсих тек елші ғана. Одан бұрын да елшілер өткен. Оның анасы шыншыл. Екеуі де тамақ жеген. (Әй, Мухаммад!) Қара! Оларға аяттарымызды ашық баян етеміз. Кейін қалай бұрылып бара жатқандарын көр!**» («әл-Мәида» сүресі, 75-аят). Осы және осыған ұқсас аяттарда яһудилер мен христиандардың сенімдерін жоққа шығаратын жауап бар.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Дінде шектен шығудан сақ болыңдар! Сенderден бұрынғыларды діндегі шектен шығу құрдымға түсірді!***», — деген[1].

---

1 «Сахих Ибн Хиббән», (9/183); «Мәуәрид әз-зәмған», (249-бет); «әс-Сунан» әл-Бәйхәқи, (5/127); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (3057); Ибн Мәжаһ, (3029). Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті Ән-Нәсәи мен Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «Зыләл әл-жәнна», (98) және «әс-Сахихада», (1283) сенімді деп атаған.

Надан мұсылмандардың: «Уа, Мухаммад! Бізге жаңбыр жаудыр!» немесе «Уа, Али! Бізге рахым түсір!», — деп айтқанын естімедіңіздер ме? Ендеше, олар әлемдердің Раббысына не қалдырды? Жаңбыр жаудыратын да, құлдарын рахымына бөлейтін де — Жалғыз, аса Жоғары Аллаһ.

АЛИ ИБН АБУ ТАЛИБПЕН (АЛЛАҺ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) АЛЛАҺ ЕЛШІСІНІҢ ﷺ КӨЗІ ТІРІСІНДЕ ОРЫН АЛҒАН ОҚИҒАЛАР

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырып, Аллаһ қаласа, мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ көзі тірісіндегі өмірінен алынған маңызды оқиғалар жайында болады.

Оның Исламды қабылдауы

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ жанында тәрбиеленді. Аллаһтың Елшісі ﷺ пайғамбар болып жіберілген кезде, Алиді Исламға шақырды және ол Исламды қабылдады. Али (Аллаһ оған разы болсын) жастардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған адам еді. Ал Абу Бакр — ер адамдардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған адам. Зәйд ибн Арқамның былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге Исламды алғаш қабылдаған Али ибн Абу Талиб еді. Мен бұл сөздерді ән-Нәхәиге айттым. Алайда ол мұны теріске шығарып: «Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге Исламды алғаш қабылдаған — Абу Бакр», — деді*»[1].

Алидің әкесі Абу Талибтің көпқұдайшылықта өлуі

Аллаһтың құлдары! Абу Талиб — Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі әрі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) әкесі. Пайғамбарымыз ﷺ көкесінің Исламда қайтыс болуын қалады. Ол ﷺ өлім аузында жатқан Абу

[1] «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (7/263); «Муснад» имам Ахмад, (4/371); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/590); Хадистің иснады сенімді.

Талибке: «***Уа, көке! «Лә иләһә иллә-Ллаһ», — деп айт!***» — деді. Сонда Абу Жәһл оған: «Сен Абдулмутталибтің дінінен бас тартасың ба?», — деді. Осылайша, Абу Талиб көпқұдайшылықта қайтыс болды. Али ибн Абу Талиб былай деп баяндаған: «*Мен Пайғамбарға ﷺ: «Расында, сенің адасқан қарт көкең дүниеден өтті», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бар да, әкеңді жерле. Кейін маған келмейінше ештеңе істеме**», — деді. Мен әкемді жерледім. Содан кейін Пайғамбарға ﷺ келдім. Ол маған үлкен тахарат (ғұсыл) алуды бұйырды, кейін мен үшін Аллаһ Тағалаға дұға етті*»[1].

Пайғамбарымыздың ﷺ һижрасы кезіндегі Али

Құрайыштықтар Аллаһ Елшісін ﷺ өлтіруге шешім қабылдап, Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ Мәдинаға һижра жасауға рұқсат берген кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Бакрға барып, Аллаһтың һижра жасауға рұқсат бергенін хабарлады. Пайғамбарымыз ﷺ бен Абу Бакр берекелі һижраға мұқият дайындала бастады. Аллаһтың Елшісі ﷺ Алиге сол түні өзінің төсегінде ұйықтауды бұйырды. Пайғамбар ﷺ мен Абу Бакр үңгірге қарай шықты. Ал құрайыштықтардың жастары Пайғамбарымызды ﷺ өлтіру үшін оның үйінің алдында күтіп тұрды.

Таңертең олар кенеттен Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) үйден шығып келе жатқанын көрді. Олар ашуланып, Аллаһтың Елшісі ﷺ мен Абу Бакр әс-Сыддықты іздей бастады. Ақырында олар Пайғамбар ﷺ мен Абу Бакр болған үңгірге жетті. Абу Бакр: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер олардың біреуі аяғының астына қараса, бізді көріп қояды*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Уа, Абу Бакр! Үшіншісі Аллаһ болған екі адам туралы не ойлайсың?***», — деді. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Абу Бакр! Мұңайма! Расында, Аллаһ бізбен бірге***», — деген еді.

Ұлы Бадр шайқасы

1) Бадрға барар жолда мұсылмандардың екі аты ғана болған.

Бір ат Миқдәд ибн әл-Әсуәдтікі, ал екіншісі Зубәйр ибн әл-ҒҒәууәмдікі еді. Олармен бірге жетпіс түйе болды. Әрбір үш мұсылманға бір тү-

[1] Абу Дауд, (3214); «Әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (2006); «Мусәннаф Абдурразақ», (6/39); Шейх әл-Әлбәни «Сунан» Абу Дауд пен Ән-Нәсәиге жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

йеден келетін. Олар түйелерге кезектесіп мінген еді. Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге кезектесіп мінетін екі адам да болды.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бадр күні әр үшеуімізге бір түйеден келді. Абу Лубәбә мен Али ибн Абу Талиб Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге бір түйеге кезектесетін. Аллаһ Елшісінің ﷺ жаяу жүретін кезегі келгенде, олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіздің орныңызға біз жаяу жүрейік», — деп, Аллаһ Елшісінің ﷺ түйе үстінде отыруын қалады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Сендер (жаяу жүруде) менен күштірек емессіңдер. Ал мен сауапқа сендерден кем мұқтаж емеспін**», — деген еді*»[1].

2) Шайқас алаңында екі әскер: күпірлік әскері мен Ислам әскері бетпе-бет келді

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ғутба ибн Рәбиға шықты және онымен бірге ұлы Уәлид және бауыры Шәйба ибн Рабиға да шыққан еді. Олар: «Бізбен кім жекпе-жекке шығады?», — деп дауыстады. Сонда оларға Ансарлардан болған жас жігіттер жауап берді. Құрайыштықтар: «Сендер кімсіңдер?», — деп сұрады. Олар өздерінің кім екендігін айтқанда, құрайыштықтар: «Сендер бізге керек емессіңдер. Біз өз тайпамыздың ұлдарын шақырып жатырмыз!», — деді. (Бұны естіген) Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Тұр, уа, Хамза! Тұр, Али! Тұр, уа Убәйда ибн әл-Хәрис!**», — деді. Хамза Ғутбаға қарсы шықты. Мен Шәйбаға, ал Убәйда Уәлидке қарсы шықты. Хамза Ғутбаны өлтірді. Мен Шәйбаны өлтірдім. Ал Уәлид пен Убәйда бір-біріне соққы беріп, екеуі де ауыр жараланды. Кейін біз Уәлидке барып, оны өлтірдік те, Убәйданы көтеріп алып кеттік*»[2].

Қайс ибн Ғубаданың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Абу Заррдың:* «**Мынау Раббылары жайында таласқан екі қарсылас топ**», — *деген аят Бадр күні жекпе-жекке шыққан адамдар жайында түскеніне ант еткенін естідім. Олар: Хамза, Али, Убәйда ибн әл-Хәрис, Ғутба мен Шәйба ибн Рабиға және Уәлид ибн Ғутба еді*». Хәфиз Ибн Хәжәр «әл-Фәтх» еңбегінде: «*Бұл аятта Хамза, Али және Убәйда ибн әл-Хәристің (Аллаһ оларға разы болсын) айқын артықшылығы бар*», — деген (7/298) (әл-Бухари, 3751; Муслим, 3033).

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/68); «Әс-Сунан» әл-Бәйхәқи, (5/258); «Муснад» имам Ахмад, (1/411); «Муснад» Абу Яғлә, (9/242). Хадистің иснады жақсы.

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/214); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-Кубра», (3/276); Абу Дауд, (2665); «Мусәннаф» ибн Абу Шәйба, (7/356); «Муснад» әл-Баззар, (2/297). Шейх әл-Әлбәни «Сунан» Абу Даудқа жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

Худәйбия келісімі кезінде

Бәро ибн Ғәзибтің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыз ﷺ зул-қәғда айында умра жасауды қалаған кезде, Мекке тұрғындары онымен үш күн ғана болу туралы келісім жасамайынша, оны қалаға кіргізуден бас тартты. Мұсылмандар дайындаған келісімде: «Аллаһтың Елшісі ﷺ — Мухаммад осы шарттармен бітімге келісті», — деп жазылған еді. Жазбамен танысқан құрайыштықтар: «Біз бұған келіспейміз. Егер сенің Аллаһ Елшісі екеніңді нақты білгенімізде, саған кедергі жасамас едік. Бірақ сен — Мухаммад ибн Абдуллаһсың», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мен — Аллаһ Елшісімін әрі Мухаммад ибн Абдуллаһпын**», — деді де, Алиге: «**Аллаһтың Елшісі деген сөзді өшір**», — деп бұйырды. Али: «Жоқ, Аллаһпен ант етемін! Сіз туралы жазылған сөзді ешқашан өшірмеймін!», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ қағазды өзі алып, былай деп жазуды бұйырды: «**Бұл — Мухаммад ибн Абдуллаһ келіскен шарттар: ол Меккеге қаруын қынынан шығармай кіреді; Мекке тұрғындарының арасынан оған еруді өзі қалаған адамды да алып кетпейді; ал оның сахабаларының арасынан Меккеде қалуды қалаған адамға кедергі жасамайды**». Келесі жылы Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге кіріп, келісілген мерзім аяқталған кезде, меккеліктер Алиге келіп: «Досыңа бізден (қаладан) кетуін айт. Өйткені белгіленген мерзім аяқталды», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Меккеден шығып кетті…*» (әл-Бухари, 2552).

Сондай-ақ ән-Нәсәи Ғәлқама ибн Қайстан Алидің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін жеткізген: «*Худәйбия күні мен Пайғамбардың ﷺ хатшысы болдым. Мен: «Мухаммад — Аллаһтың Елшісі ﷺ келіскен бітім…», — деп жазған едім. Сонда Сухәйл: «Егер біз оның Аллаһтың Елшісі екендігін білгенімізде, онымен соғыспас едік. Мұны өшір», — деді. Мен: «Аллаһпен ант етемін, сен бұған қанша жерден жек көрініш білдірсең де, ол — Аллаһтың Елшісі ﷺ. Жоқ, Аллаһпен ант етемін, мен мұны өшірмеймін!», — дедім*»[1].

Хайбар шайқасы

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ Хайбар күні: «***Ертең мен бұл туды Аллаһ бізге оның қолымен жеңіс беретін адамға тапсырамын. Ол Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көреді, әрі Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көреді***», — деген еді. Сәһл (Аллаһ оған разы бол-

1 «Фәтх әл-Бәри», (7/630).

сын) былай деген: «*Пайғамбардың ﷺ сахабалары түні бойы бұл тудың кімге берілетінін талқылады. Таң атқанда олардың әрқайсысы тудың өзіне берілгенін қалады. Алайда Пайғамбарымыз ﷺ:* «***Али ибн Абу Талиб қайда?***», *— деп сұрады. Адамдар: «Оның көзі ауырып тұр», — деп жауап берді. Сонда ол ﷺ Алиді алып келуді бұйырды. Оны алып келгенде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оның көзіне (сәл) түкіріп, ол үшін Аллаһқа дұға етті. Сол сәтте Али көздері ешқашан ауырмағандай жазылып кетті. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ оған туды берді. Али: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Олар біз секілді болғанға дейін оларға қарсы соғысуымыз керек пе?», — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ:* «***Асықпай бар. Оларға жолыққан соң, оларды Исламға шақыр және оларға орындауы міндетті болған нәрселерді хабарла. Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болғаннан жақсы***», *— деп жауап берді*».

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) Хайбар қамалдарын алу үшін аттанды. Ол бірінші қамалға жеткен кезде оған яһудилердің патшасы Мархаба шықты. Ол өз қауымында мың адамға тең саналатын. Мархаба қылышын сермеп, жоғары-төмен көтеріп: «Хайбар менің Мархаба екенімді білді! Шайқас қызған кезде мен қаруы сай, соғысқа машықтанған жауынгермін!», — деді. Сонда Али: «*Мен — анам арыстан деп атаған адаммын! Мен тоғайда мекендейтін айбатты арыстандаймын. Сендердің көп-көптеріңді жоқ қыламын!*», — деп жауап қайтарды. Али Мархабамен шайқасып, оның басынан ұрып, оны өлтірді. Кейін қамал алынды, ал яһудилердің жүректерін қорқыныш биледі (Муслим, 1807).

Меккенің ашылуы

Аллаһтың Елшісі ﷺ құрайыштықтармен соғысып, Меккеге кіруге бел байлаған кезде, бұған дайындала бастады әрі сахабаларына да дайындалуды бұйырды. Сонда Хатыб ибн Абу Бәлтаға (Аллаһ оған разы болсын) құрайыштықтарға Аллаһ Елшісінің ﷺ кейбір жоспарлары туралы хабар беріп, хат жіберуге асықты. Алайда Аллаһтың Елшісіне ﷺ Абу Бәлтағаның құрайыштықтарға хат жібергені туралы уәхи түсті. Бұл уәхи Аллаһтың Елшісіне ﷺ әлгі хат құрайыштықтарға жетпей тұрып келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ хатты құрайыштарға апара жатқан адамнан хатты алып келу үшін бірқатар сахабаларын жіберді.

Бұл оқиғаны Али ибн Абу Талибтен (Аллаһ оған разы болсын) тыңдайық. Өйткені ол басқа сахабалармен бірге осы күрделі тапсырманы орындағандардың бірі еді.

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ Зубәйрды, Миқдәд ибн әл-Әсуадты және мені бір тапсырмамен жіберіп: ««**Хах» деген бақҚа барыңдар. Ол жерден хат алып бара жатқан әйелді тауып, одан хатты алыңдар**», — деді. Біз аттарымызды шаптырып, бақҚа жеттік. Сол жерде бір әйелді көріп: «Бізге хатты бер!», — дедік. Ол: «Менде ешқандай хат жоқ», — деп жауап берді. Біз: «Хатты бермесең, үстіңдегі киіміңді шешім тастаймыз!», — дедік. Сонда ол өрімінен хатты шығарып берді. Біз хатты Аллаһтың Елшісіне ﷺ алып келдік. Хатта Хатыб ибн Абу Бәлтаға Меккедегі мүшриктерге Аллаһ Елшісінің ﷺ кейбір жоспарлары туралы жазған еді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Хатыб! Сені бұған не итермеледі?**», — деп сұрады. Хатыб: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен жайында асығыс шешім шығармаңыз! Мен құрайыштықтардың арасында тұрдым, бірақ олардың бірінен емеспін. Меккедегі муһәжирлердің дүние-мүліктері мен отбасыларын қорғайтын қандас туыстары бар. Ал мен олармен туыстық байланыста болмағандықтан, отбасымды қорғайтын бір қолдаушы табуды қаладым. Мен мұны күпірлікке түскенімнен, діннен бас тартқанымнан немесе күпірлікке бейім болғанымнан істеген жоқпын!», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ол сендерге шындықты айтты**», — деді. Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған мына екіжүздінің басын шабуға рұқсат етіңіз!», — деген еді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ол Бадр шайқасына қатысқан адам. Қайдан білесің, бәлкім, Аллаһ Тағала Бадрға қатысқандарға қарап: «Не істесеңдер де істей беріңдер, Мен сендерді кешірдім», — деген шығар**», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 2845; Муслим, 2494).

Табук шайқасы кезінде

Аллаһтың Елшісі ﷺ һижраның тоғызыншы жылының рәжаб айында римдіктермен шайқасу үшін жорыққа аттанды. Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинада өзінің орнына Мухаммад ибн Мәсләмә әл-Әнсариді қалдырды. Ал Али ибн Абу Талибке өзінің жоқтығында отбасына қамқорлық жасауды бұйырды. Екіжүзділер: «Ол Алиді өзіне ауыр болғаны және одан құтылғысы келгені үшін қалдырды», — деген өсек таратты. Мұны естіген Али ибн Абу Талиб қаруын алып, сол кезде Мәдинаның солтүстігіндегі үш миль жерде орналасқан әл-Журфта болған Аллаһтың Елшісіне ﷺ барды. Ол: «*Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Екіжүзділер мені өзіңізге ауыр болғандықтан әрі менен құтылғыңыз келгендіктен қалдырды деп жатыр*», — деді. (Мұны естіген) Пайғамбарымыз ﷺ: «***Олар өтірік айтты. Мен сені өзім қалдырып бара жатқан отбасыма қамқорлық жасасын***

деп қалдырдым. Қайтып бар да, менің және өз отбасыңа қамқорлық көрсет. Уа. Али! Мен үшін сенің Харунның Мусаға қатысты жағдайындай болғаныңа разы емессің бе? Алайда менен кейін пайғамбар болмайды», — деп жауап берді.

Сондай-ақ әл-Бухари жеткізген риуаятта Алидің: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мені әйелдер мен балалардың арасында қалдырасыз ба?*», — дегені баяндалады. Бұған Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен үшін сенің Харунның Мусаға қатысты жағдайындай болғаныңа разы емессің бе? Алайда менен кейін пайғамбар жоқ***», — деп жауап берді.

ХАРИЖИЛЕР БҮЛІГІ ЖӘНЕ АЛИ ИБН АБУ ТАЛИБТІҢ (АЛЛАһ ОҒАН РАЗЫ БОЛСЫН) ӨЛТІРІЛУІ

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруге таңдады.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның сенімі туралы былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз және олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топқа берілетін жауап. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан бас тартпаймыз. Бұл — екінші топқа берілетін жауап. Біз сахабаларды жек көріп, олар туралы жаман сөз айтатындарды жек көреміз. Сондай-ақ сахабаларды тек жақсы сөзбен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық. Біз Аллаһ Елшісінен ﷺ кейін олардың билік ету ретінің дұрыс болғанына сенеміз. Бірінші — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын). Бұл оның бүкіл үмметтен артықшылығы мен абзалдығын көрсетеді. Одан кейін — Умар, одан кейін — Усман,*

одан кейін — Али ибн Абу Талиб (Аллаһ олардың барлығына разы болсын). Олар — тура жолмен жүргізілген әділетті халифалар әрі имамдар»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, харижилер бүлігі және мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілуі жайында болады.

Бұл тақырып келесі мәселелерді қамтиды:

1) Мүминдердің фитналарға (бүліктерге) қатысты жалпы және сахабалардың арасында болған оқиғаларға қатысты жеке ұстанымы;

2) Харижилер, олар жармасқан күмәндар және оларға берілетін жауаптар;

3) Олар оны өлтірді. Аллаһ оларды өлтірсін!

МҮМИНДЕРДІҢ ФИТНАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘНЕ САХАБАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА БОЛҒАН ОҚИҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Пайғамбарымыз ﷺ өзінен кейін қара түннің бөліктеріндей келетін фитналар (бүліктер) болатынын хабарлаған. Олар адамды теңіз толқындарындай басып алады. Адам таңын мүмин болып атып, кешін кәпір болып батырады. Немесе кешін мүмин болып өткізіп, таңертең кәпір болып оянады. Адамдар діндерін дүниелік игілік пен ләззаттардың құнына сататындай болады. Адам қабірдің жанынан өтіп бара жатып, сол қабірде жатқан адамның орнында болуды тілейтін болады.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Қиямет сағаты жақындаған кезде қара түннің бөліктеріндей болған көптеген бүліктер келеді. Адам таңын мүмин болып атып, кешін кәпір болып батырады. Немесе кешін мүмин болып өткізіп, таңертең кәпір болып оянады. Адамдар діндерін дүниелік игілік пен ләззаттардың құнына сататын болады***»[2].

---

1 «Шарх әл-ақыда ат-Тәхәуия», (467-бет).

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/485); Ат-Тирмизи, (2197); «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (7/448); «әс-Сунан әл-уәридат фи әл-фитна», (1/258); Шейх әл-Әлбәни хадисті

Пайғамбарымыз ﷺ тағы былай деген: «***Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Өлтіруші не үшін өлтіргенін, ал өлтірілген адам не үшін өлтірілгенін білмейтін заман келмейінше, Қиямет басталмайды***» (Муслим, 2908).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Адам қабірдің жанынан өтіп бара жатып, оған жығылып, жерге аунап: «Әттеген-ай, осы қабірдегі адамның орнында мен болсам ғой!», — демейінше Қиямет басталмайды. Бұған дін емес, басына түскен дүниелік қиындықтар себеп болады***», — деген. Яғни жағдай ауыр сынақтар мен бүліктердің салдарынан осындай болады (Муслим, 157).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарды теңіз толқындарындай басып алатын бүліктер басталған кезде мұсылманға не істеу міндет екендігін түсіндірді. Бүлік басталғанда мүмин адамға олардың басында тұрмау, оларға қарумен де, тілмен де, қолмен де араласпау міндет болады.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Сондай бүлік болатын уақыт келеді, ол кезде отырған адам тік тұрғаннан жақсы, тік тұрған адам жүргеннен жақсы, жүрген адам жүгіргеннен жақсы болады. Ал кім оларға ұмтылса, бүліктер оны құрдымға жібереді. Кім олардан пана таба алса, соны паналасын***» (Әл-Бухари, 3406 және Муслим, 2886).

Хәфиз Ибн Хәжәр былай деген: «*Бұл хадисте бүліктерден сақтандыру, оларға араласудан аулақ болуға ынталандыру және бүліктердің жамандығы адамның оларға қаншалықты жақын екеніне байланысты екендігіне нұсқау бар*»[1].

Абу Бәкратадан оның былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бірде: «****Расында, жақында бүліктер басталады. Кейін олардан алыс болған адам оған араласқан адамнан жақсы, ал оған араласқан адам оған ұмтылған адамнан жақсы болатын бүліктер болады. Бүліктер басталған кезде кімнің түйесі болса, түйелерінің қасында болсын. Кімнің қойы болса, қойларының қасында болсын. Ал кімнің жері болса, жерінен ажырамасын****», — деді. Бір адам: «Уа Аллаһтың Елшісі! Түйесі де, қойы да, жері де жоқ адам не істеу қажет?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «****Қылышын алып, жүзін тасқа ұрып мұқал-***

«Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде және «әс-Силсилә әс-сахихада», (758, 810) жақсы (хасан) деп атаған.

[1] «Фәтх әл-Бәри», (13/13);

***тсын. Содан кейін кім құтыла алса, құтылсын**», — деп жауап берді»* (Муслим, 2887).

Пайғамбарымыз ﷺ бүліктер туралы тағы: «***Бүлік кезінде садақтарыңды сындырыңдар, адырналарын кесіңдер және үйлеріңде болыңдар. Ал сендердің біреулеріңе біреу басып кірсе, Адамның ұлы секілді болсын***», — деген[1]. Яғни өлтірілген Һабил секілді болсын. Мұсылманға фитналардан аулақ болу, оларға араласпау және олардың басында тұрмау міндет болып табылады.

Аллаһтың құлдары! Мұсылман адам сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) арасында болған оқиғаларға қатысты тілін сақтауы керек. Өйткені сахабалар бұл мәселеде не дұрыс шешімге жетіп, екі сауап алатын мужтәһид, не қателесіп, бір сауап алатын мужтәһид болды. Біз: «Аллаһ олардың барлығына разы болсын», — дейміз. Мұсылманның алдында Али аталғанда, ол: «Аллаһ оған разы болсын», — деуі керек. Сол секілді мұсылманның алдында Абу Бакр аталғанда: «Аллаһ оған разы болсын», — деп айтуы керек. Мұсылманның алдында Муғәуия аталғанда да, ол: «Аллаһ олардың барлығына разы болсын», — деп айтуы қажет. Али Сыффин күні өлтірілгендер жайлы сұралғанда, ол: «*Біздің де, олардың да өлгендері Жәннатта*», — деп жауап берген еді[2].

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен өзімнің, Талхә мен Зубәйрдың Аллаһ Тағала:*

﴿وَنَزَعۡنَا مَا فِي صُدُورِهِم مِّنۡ غِلٍّ إِخۡوَٰنًا عَلَىٰ سُرُرٖ مُّتَقَٰبِلِينَ ٤٧﴾

«**Олардың жүректеріндегі кекті шығардық. Туыс болып, тақтардың үстінде бір-біріне қарсы отырады**», — *деген адамдардың қатарында болуынан үміт етемін*»[3].

Аллаһтың құлдары! Мұсылманға ардақты сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) арасында болған оқиғаларға қатысты сенімінде құтылған топтың, яғни әһлу әс-сунна уә әл-жәмағаның ұстанымын ұстану міндет. Бұл — тілді олардың арасында болған жайттарды талқылаудан тию және сол мәселелерге тек олардың дәрежесіне лайық сөздермен ғана тоқталу. Сахабалар арасында болған шайқастар туралы әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның сөздерін тоқталып өтейік:

1) Умар ибн Абдуләзизден сахабалардың арасында болған шайқастар жайында сұралғанда, ол: «*Бұл — Аллаһ қолымды таза еткен қан. Енде-*

---

1 Абу Дауд, (4256); Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деп атаған.

2 «Әс-Сунан» Абу Усман әл-Хурасани, (1/398); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/552).

3 «Әт-Тәбақат әл-кубра», (3/113); «Әл-Бәйхәқи фи әл-иғтиқад», (195-бет).

ше, мен тілімді де одан таза етпеймін бе? Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары көз секілді. Ал көздің емі — оларға қол тигізбеу», — деп жауап берген еді[1].

2) Имам Ахмад: «Али мен Муғауияның (Аллаһ оларға разы болсын) арасында болған оқиғалар туралы не айтасыз?», — деп сұралғанда: «*Мен олар туралы тек жақсы сөз айтамын*», — деп жауап берді[2].

3) Бір адам имам Ахмад ибн Хәнбәлдан Али мен Муғауияның (Аллаһ оларға разы болсын) арасында болған оқиғалар туралы сұрағанда, ол мына аятты оқыды:

﴿تِلْكَ أُمَّةٌ قَدْ خَلَتْ ۖ لَهَا مَا كَسَبَتْ وَلَكُم مَّا كَسَبْتُمْ ۖ وَلَا تُسْـَٔلُونَ عَمَّا كَانُوا۟ يَعْمَلُونَ ﴿١٣٤﴾﴾

«**Міне солар бір үммет еді, олар өтіп кетті. Олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, сендер олардың істегендерінен сұралмайсыңдар**» («әл-Бақара» сүресі, 134-аят)[3].

4) Имам ән-Нәуәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Екі мұсылман қылыштарын суырып бір-біріне қарсы келсе, өлтіруші де, өлтірілген де Тозақта болады***», — деген сөзі туралы: «*Сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) арасында төгілген қан бұл ескертудің аясына кірмейтінін біл. Әһлу әс-сунна уә әл-жәмағаның мәзһабы және ақиқат ұстаным — олар жайында жақсы ойда болу, тілді араларында болған оқиғаларды талқылаудан тию және олардың шайқастарын дұрыс түсіндіру. Олар мужтәһидтер әрі өз иджтиһәдтарымен түсіндіру жасаған адамдар еді. Олар күнәға баруды да, дүние табуды да көздемеді. Әрбір топ өздерін ақиқат жолындамыз, ал қарсы тарапты Аллаһтың әміріне қайтару үшін күресу қажет қылмыскерлер деп санады. Олардың кейбірі дұрыс шешімге жетті, ал кейбірі қателесті. Бірақ қателескендері қателіктері үшін ақталды*», — деген[4].

5) Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) сахабалардың арасында болған оқиғаларға қатысты әһлу әс-сунна уә әл-жәмағаның сенімі жайында былай деген: «*Олар (әһлу әс-сунна уә әл-жәмаға) сахабалардың арасында болған оқиғалар туралы: «Бұл оқиғаларға қатысты жеткен асарлар (хабарлар) не жалған, не оларға бір нәрсе қосылған немесе алынып тасталған, сол себепті мағынасы өзгерген риуаяттар. Ал осы оқиғалардан сахих түрде жеткеніне келсек, олардың бұларда ақ-*

---

1 «Мәнәқиб әш-Шәфиғи» әр-Рәзи, (136-бет); «Әл-Инсәф» әл-Бәкәләни, (69-бет); «әт-Тәбақат әл-кубра» Ибн Сәғд, (5/394).

2 «Мәнақиб әл-имам Ахмад» Ибн әл-Жәузи, (164-бет).

3 «Мәнәқиб әл-имам Ахмад» Ибн әл-Жәузи, (126-бет).

4 «Шарх ән-Нәуәуи», (18/11).

талуы бар, (өйткені) олар не дұрыс шешімге жеткен, не қателескен мұжтәһидтер», — деп айтады»[1].

6) Хәфиз Ибн Хәжәр (Аллаһ оны рахымына бөлесін) сахабалардың арасында болған оқиғаларға байланысты олардың қайсысының дұрыс болғаны белгілі болса да, біреуіне де тіл тигізудің тыйым салынатынына қатысты ғалымдардың бірауыздан келіскенін баяндап: «*Әһлу әс-сунна сахабалардың арасында болған оқиғаларға байланысты олардың қайсысының ақиқатта болғаны белгілі болса да ешқайсысына тіл тигізуге болмайтындығына қатысты бірауыздан келіскен. Өйткені олар бұл шайқастарда тек ижтиһәд себепті ғана соғысты. (Бұған қатысты) қателескен адамға бір сауап, ал дұрыс шешімге жеткенге екі сауап берілетіні бекітілген*», — деген[2].

Аллаһтың құлдары! Мұсылман адамға сахабалардың арасында болған оқиғаларға қатысты Аллаһ Өз Кітабында түсіндірген әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның жолын ұстану міндетті болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعۡدِهِمۡ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغۡفِرۡ لَنَا وَلِإِخۡوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلۡإِيمَٰنِ وَلَا تَجۡعَلۡ فِي قُلُوبِنَا غِلّٗا لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٞ رَّحِيمٌ ١٠﴾

«**Сондай олардан кейін келгендерге де (бұл олжадан беріледі). Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай гөр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір кірбеңдік қылма. Раббымыз, күмәнсіз, Сен — өте Жұмсақ, ерекше Мейірімдісің»** («әл-Хәшр» сүресі, 10-аят).

Сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттауға тыйым салынғанына қатысты дәлелдер келген. Мысал ретінде Құран Кәрімнің келесі аяттарын келтіруге болады:

1) Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннат бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

---

1 «Әл-ақыда әл-уәсатыя мәға шарх ли-Мухаммад Хәлил Харрас», (173-бет).

2 «Фәтх әл-Бәри», (13/34).

Бұл аят сахабаларды балағаттауға тыйым салынғанына дәлел. Өйткені Аллаһ Тағала оларға разы болған. Аллаһтың разылығы — Оның мәңгілік сипаты. Аллаһ Өзінің разылығына жеткізетін себептерге сай келетінін білген құлына ғана разы болады. Ал Аллаһ разы болған адамға Ол ешқашан ашуланбайды.

2) Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ يُؤْذُونَ ٱلْمُؤْمِنِينَ وَٱلْمُؤْمِنَٰتِ بِغَيْرِ مَا ٱكْتَسَبُوا۟ فَقَدِ ٱحْتَمَلُوا۟ بُهْتَٰنًا وَإِثْمًا مُّبِينًا ﴿٥٨﴾﴾

«**Сондай мүмин ер, әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар жала жауып, ашық күнә жүктеп алды**» («әл-Әхзәб» сүресі, 58-аят).

Бұл аят та сахабаларды (Аллаһ оларға разы болсын) балағаттауға тыйым салынғанына қатысты дәлел. Өйткені олар мүминдердің қатарына кіреді және Аллаһтың бұл сөзі оларға да қатысты. Аллаһ Тағала оларды балағаттаған немесе күпірлікте айыптаған адамды азаппен ескертті.

Пайғамбарлық сүннет те сахабаларды жамандауға немесе оларды кемшілікпен сипаттауға тыйым салынғанын көрсетеді.

1) Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің сахабаларымды жамандамаңдар. Жаным Оның Қолында болған Аллаһпен ант етемін, егер сендердің біреулерің Ухуд тауының көлеміндей алтын жұмсаса да, ол олардың біреуінің бір мудд садақасына, тіпті оның жартысына да жетпес еді***» (Әл-Бухари, 3470; Муслим, 2540). Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сахабаларымның ешқайсысын жамандамаңдар…***», — деген (Муслим, 2541).

2) Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім менің сахабаларымды жамандаса, оған Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болады***», — деген[1]. Ендеше, Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жамандайтындар, Қиямет күніне дейін Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынетіне сүйіншіленіңдер.

3) Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ менің сахабаларымды жамандайтындарды лағынеттеді***», — деген[2].

4) Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұсылманды балағаттау — бұзақылық, ал онымен соғысу — күпірлік***», — деген (Әл-Бухари, 48; Муслим, 64).

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/21); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (12/142); «әс-Сунна» әл-Хәлләл, (3/515); «әс-Сунна», Ибн Аби Ғасым, (2/483); Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада», (2340) сенімді деп атаған.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/21); «әл-Муғжәм әл-әусәт», әт-Тәбәрани, (5/94); «Әл-Кәбир», (12/434); «Муснад» Абу Яғлә, (4/133); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте» сенімді деп атаған, (5111).

5) Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сахабаларым аталғанда, үнсіздік сақтаңдар. Жұлдыздар аталғанда, үнсіздік сақтаңдар. Тағдыр аталғанда, үнсіздік сақтаңдар***», — деген[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл дәлелдер сахабаларды жамандау ең ауыр күнәлардың бірі екендігін және осы сынаққа ұшыраған адамның дүниелік өмірде амалдары зая кеткен, алайда өздерін игілік істеп жүрміз деп санайтындардың қатарынан болатынын түсіндіреді.

Харижилер және олардың ұстанған күмәндарына берілетін жауаптар

Аллаһтың құлдары! Харижилер — Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге олар жайлы хабарлаған, олардан сақтандырған әрі сипаттап берген адасқан топ.

Абу Сәғид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында олжаларды бөлісіп жатқан едік. Сол кезде Бану Тамим руынан болған Зул-Хуәйсара деген бір адам келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әділ бол!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған қасірет болсын! Егер мен әділ болмасам, кім әділдік сақтайды?! Егер мен әділдік жасамасам, сен зиян шегіп, сәтсіздікке ұшырар едің!**», — деп жауап берді. Умар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Оның басын шауып тастауға рұқсат беріңіз!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны қалдыр. Өйткені оның серіктері бар. Сендердің әрқайсыларың өз намаздарың мен оразаларың олардың намазы мен оразасының қасында түкке тұрғысыз деп санар едіңдер. Олар Құран оқиды, бірақ ол олардың кеңірдектерінен төмен түспейді. Олар жебенің аңды тесіп өткені секілді діннен шығып кетеді…**», — деп жауап берген еді*» (әл-Бухари, 3414; Муслим, 1064).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бұл ұмметтің арасынан адамдар шығады. Сендердің әрқайсыларың өз намаздарыңды олардың намазының қасында түкке тұрғысыз деп санар едіңдер. Олар Құран оқиды, бірақ ол олардың кеңірдектерінен төмен түспейді. Олар діннен жебенің аңды тесіп шыққаны секілді шығып кетеді***», — деген (әл-Бухари, 6543; Муслим 1064).

Аллаһтың құлдары! Бұл дәлелдерде харижилер ағымына қатысты анық айыптау бар. Пайғамбарымыз ﷺ оларды адасқан топ деп сипаттады. Олар дінді қажетсіз жерде қиындатады, намаз оқуға және Құран

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (7/202); «Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (2/96); «Иғтиқаду әһли-сунна» әл-Ләләкәи, (1/126); «Әт-Тәмхид» ибн Абдул-Барр, (6/68); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», (545) және «әс-Сахихада», (34) сенімді деп атаған.

оқуға өте ыждағатты болады, алайда исламның хақыларын орындамайды. Олар ақиқат иелерімен соғысады және ақиқат иелері де олармен соғысады.

Пайғамбарымыз ﷺ харижилерді сипаттаған айыпты сипаттардың бірі — оларда иманнан тек ол туралы сөз ғана бар. Олардың ақылдары пасық әрі әлсіз. Олар Құран оқығанда, бұрыс түсініктерінің кесірінен оны өздеріне дәлел деп ойлайды. Алайда ол — оларға қарсы дәлел.

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Соңғы заманда жас, ақылдары таяз адамдар пайда болады. Олар жаратылыстар айтатын ең көркем сөздерден, яғни Құраннан сөйлейді. Олар алғаш бой көрсеткенде айтқан сөздері: «Үкім тек Аллаһқа тән», — деген сөз еді. Олар оны Құраннан алғанымен, орнынан тыс қолданды. Иман олардың тамақтарынан төмен өтпейді және олар Исламан атылған жебе секілді шығып кетеді**», — дегенін естідім*».

Аллаһтың құлдары! Харижилердің айыпты сипаттарының бірі — Пайғамбарымыз ﷺ олардың жаратылыстардың ең жамандары екендігін хабарлағаны.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, менен кейін үмметімде (немесе менен кейін көп ұзамай үмметімде) Құран оқитын, бірақ ол көмейлерінен төмен түспейтін адамдар пайда болады. Олар діннен жебенің аңды тесіп өткеніндей шығып кетеді, кейін оған қайтып оралмайды. Олар — адамдар мен жаратылыстардың ең нашарлары***» (Муслим, 1067).

Харижилердің жаман, айып әрі масқара болатын сипаттарының бірі — Пайғамбарымыз ﷺ олар пайда болған кезде оларды өлтіруді үндегені. Пайғамбарымыз ﷺ оларға кезіксе, оларды Ғад және Самуд қауымы жойылғандай жоятынын хабарлаған. Сондай-ақ оларды өлтірген адамға Қиямет күні Аллаһ Тағаланың сыйы болатынын айтқан.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, мына адамның ұрпағынан (немесе серіктерінен) Құран оқитын, бірақ ол олардың көмейлерінен төмен түспейтін адамдар шығады. Олар ислам иелерін, яғни мұсылмандарды өлтіріп, пұтқа табынушыларды тірі қалдыратын болады. Олар діннен жебенің аңды тесіп шыққаны секілді шығады. Егер мен оларға кезіксем, оларды міндетті түрде Ғад қауымы қырылғандай қырар едім***» (әл-Бухари, 3166; Муслим, 1064).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Соңғы заманда жас, ақылдары таяз адамдар пайда болады. Олар жаратылыстардың ең көркем сөздерін айтады. Олар Исламнан атылған жебе секілді шы-***

ғып кетеді. Иман олардың көмейлерінен төмен өтпейді. Егер сендер сондайларға кезіксеңдер, оларды өлтіріңдер. Расында, Қиямет күні Аллаһ оларды өлтірген адамға сый-сауап нәсіп етеді» (Әл-Бухари, 3415; Муслим, 1066).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ оларды Тозақтың иттері деп сипаттап: «***Харижилер — Тозақтың иттері***», — деген[1].

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) және Муғәуия (Аллаһ оған разы болсын) екі адам төрелік ететіні туралы келісімге келгеннен кейін, харижилер кейбір жалған күмәндарға жармасты. Сол кезде оларға Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) барып, олардың күмәндарын теріске шығарды. Олардың кейбірі кері қайтты, ал кейбірі адасуларында қалды.

Ендеше, Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хабарын тыңдайық. Ол былай деген: «*Харурилер (яғни харижилер) бөлініп шыққанда, өз мекендеріне алты мың адам болып жиналды. Мен Алиге (Аллаһ оған разы болсы): «Уа, мүминдердің әмірі! Бесін намазын сәл кешіктір де, адамдарға барып, олармен сөйлесуіме рұқсат бер», — дедім. Али: «Мен олардың саған зиян тигізуінен қауіптенемін», — деп жауап берді. Мен: «Бұған (еш) себеп жоқ», — дедім. Кейін мен түскі уақытта тұрып, оларға бардым. Оларды мекендерінде түскі тынығу кезінде таптым. Мен оларға сәлем бергенімде, олар: «Қош келдің! Уа Ибн Аббас! Бізге не себеппен келдің?», — деді. Мен: «Сендерге Пайғамбардың ﷺ сахабалары мен оның күйеу баласынан келдім. Құран оларға түсірілді, олар оның мағынасын сендерден жақсырақ біледі. Сендердің араларыңда олардың бірде-бірі жоқ! Мен сендерге олардың не айтатынын жеткіземін, ал оларға сендердің не айтатындарыңды хабарлаймын», — дедім. Кейін мен оларға: «Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары мен оның көкесінің ұлын не үшін айыптайтындарыңды айтыңдар», — дедім. Олар: «Бұған үш себеп бар», — деп жауап берді. Мен: «Бұл қандай себептер?», — деп сұрадым. Олар: «Біріншіден, ол Аллаһтың дінінде адамдарды төреші етіп қойды. Ал Аллаһ Тағала: «**Үкім тек Аллаһқа тән**», — деген. Адамдардың үкімге қандай қатысы бар?», — деді. Мен: «Бұл — біріншісі», — дедім. Олар: «Екіншіден, ол адамдармен соғысты, бірақ олжа да, тұтқын да алмады. Егер соғысқандары кәпір болса, олардың дүние-мүлкі оған адал еді. Ал егер олар мүминдер болса, онда олардың қанын төгуге болмайтын еді», — деді. Мен: «Бұл — екінші себеп, ал үшіншісі қандай?», — дедім. Олар: «Үшінші-*

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (2/163), (3/660); Әт-Тирмизи, (3000); Ибн Мәжаһ, (173); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи» мен Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (3354) сенімді деп атаған.

ден, ол «мүминдердің әмірі» деген атаудан бас тартты. Демек, ол кәпірлердің әміршісі», — деді. Мен: «Бұдан басқа себептер бар ма?», — деп сұрадым. Олар: «Осы жеткілікті», — деп жауап берді. Мен: «Егер мен сендерге Аллаһтың Кітабынан және Аллаһ Елшісінің ﷺ хадистерінен пікірлеріңді теріске шығаратын дәлел келтірсем, разы боласыңдар ма?», — деп сұрадым. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен: «Ол Аллаһ Тағаланың дінінде адамдарды төреші етті деген уәждеріңе келсек, Аллаһ Өз үкімін құны төрттен бір дирхам ғана болатын нәрсеге қатысты үкімді де адамдарға тапсырғанын Құрannан оқып беремін. Аллаһ адамдарға ол жайында үкім шығаруды бұйырып, былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لَا تَقْتُلُواْ ٱلصَّيْدَ وَأَنتُمْ حُرُمٌ ۚ وَمَن قَتَلَهُۥ مِنكُم مُّتَعَمِّدًا فَجَزَآءٌ مِّثْلُ مَا قَتَلَ مِنَ ٱلنَّعَمِ يَحْكُمُ بِهِۦ ذَوَا عَدْلٍ مِّنكُمْ هَدْيًۢا بَـٰلِغَ ٱلْكَعْبَةِ أَوْ كَفَّـٰرَةٌ طَعَامُ مَسَـٰكِينَ أَوْ عَدْلُ ذَٰلِكَ صِيَامًا لِّيَذُوقَ وَبَالَ أَمْرِهِۦ ۗ﴾

«**Әй, иман келтірген! Ихрамда аң өлтірмеңдер. Сендерден біреу оны әдейі өлтірсе, оның жазасы — өлтіргеніндей бір мал, оны сендерден екі әділ кісі Кәғбаға баратын бір құрбанды үкім етеді. Не бодауына міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза ұстау. Бұл істегенінің жазасын тату үшін**» («әл-Мәида» сүресі, 95-аят). *Сендерді Аллаһ Тағаламен ант еттіремін, адамдардың қоян және осыған ұқсас аңға қатысты төрелігі артық па, әлде адамдардың қаны төгілмеуі мен өзара татуласуы жайындағы төрелігі артық па? Егер Аллаһ қаласа, үкімді Өзі шығарып, оны адамдардың төрелігіне қалдырмас еді, бұны өздерің де білесіңдер», — дедім. Олар: «Екіншісі артық», — деді. Мен: «Ал ер мен әйел жайында Аллаһ Тағала:*

﴿وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيْنِهِمَا فَٱبْعَثُواْ حَكَمًا مِّنْ أَهْلِهِۦ وَحَكَمًا مِّنْ أَهْلِهَآ إِن يُرِيدَآ إِصْلَـٰحًا يُوَفِّقِ ٱللَّهُ بَيْنَهُمَآ ۗ﴾

«**Егерде екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Аллаһ та екеуінің арасын үйлестіреді**», — *деген* (ән-Ниса сүресі, 35-аят). *Сендерді Аллаһ Тағаламен ант еттіремін, адамдардың өзара татуласуы мен қантөгісті тоқтатудағы төрелігі әйел мәселесіндегі төрелігінен артық емес пе? Бұл мәселе де шешілді ме?», — дедім. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен сөзімді жалғастырып: «Сендер Али соғысты, бірақ әйелдерді тұтқынға, дүние-мүлікті олжаға алмады дедіңдер. Сендер аналарың Айшаны күң етіп алып, күңмен қалай қатынас жасалса, солай қатынас жасауды қалар едіңдер ме?! Егер оны күң секілді иеленеміз десеңдер, кәпір боласыңдар. Ал Айша сен-*

дердің аналарың емес десеңдер, тағы да күпірлікке түсесіңдер. Аллаһ Тағала:

﴿ٱلنَّبِيُّ أَوۡلَىٰ بِٱلۡمُؤۡمِنِينَ مِنۡ أَنفُسِهِمۡۖ وَأَزۡوَٰجُهُۥٓ أُمَّهَٰتُهُمۡۗ﴾

«**Пайғамбар мүминдерге өздерінен де жақын, ал оның әйелдері — олардың аналары**», — *деген* (әл-Ахзаб сүресі, 6-аят). *Сендер екі адасудың арасында тұрсыңдар. Енді одан шығатын жол табыңдар!», — дедім. Кейін мен: «Бұл мәселе де шешілді ме?», — деп сұрадым. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен сөзімді жалғастырып: «Сендер Али «мүминдердің әмірі» деген атаудан бас тартты дедіңдер. Сендерге Худәйбия күнін еске салайын. Аллаһтың Елшісі ﷺ мүшриктермен жасалған бітім келісіміне: «Бұл — Аллаһтың Елшісі Мухаммад жасасқан бітім», — деп жазуды бұйырды. Мүшриктер: «Егер сенің Аллаһтың Елшісі екеніңді білгенімізде, саған бағынар едік. «Мухаммад ибн Абдуллаһ» деп жазуың керек», — деп қарсы шықты. Аллаһ Елшісі ﷺ олардың талабына келісіп: «**Уа, Али! «Аллаһтың Елшісі» дегенді өшір. Уа, Аллаһ! Расында, Сен менің Аллаһ Елшісі екенімді білесің. Али! «Бұл — Мухаммад ибн Абдуллаһ жасасқан бітім», — деп жаз**», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Алиден лайықтырақ еді. Егер оның «Аллаһтың Елшісі» деп аталмауына келіскені оны пайғамбарлықтан шығармаған болса, бұл Алиді де мүминдердің әміршісі болудан шығармайды. Бұл мәселе де шешілді ме?» — дедім. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Олардың екі мыңы кері қайтты. Ал қалғандары Али ибн Абу Талибке қарсы шығып, адасқан күйі өлді. Оларды муһәжирлер мен ансарлар өлтірген еді»*[1].

Олар оны өлтірді, Аллаһ оларды өлтірсін

Аллаһтың құлдары! Адамдардың төрелігіне жүгіну Али (Аллаһ оған разы болсын) мен харижилер арасындағы келіспеушіліктің тікелей себебі болғанын байқаған шығарсыздар. Іс Алидің олармен соғысып, ән-Нәхрауан шайқасында оларды талқандаумен аяқталды. Сонда олар оны өлтіруді жоспарлады. Олардың опасыздықпен өлтіруден басқа амалы қалмады. Али Рамазан айының аяқталуына жеті күн қалғанда, жұма күні таң намазында харижи Абдуррахман ибн Мулжәмның жарақаттауынан шәһид болып қаза тапты. Сондай-ақ харижилер Муғәуия мен Амр ибн әл-Әсты да өлтіруді тапсырған еді, алайда олар бұны жүзеге асыра алмады.

---

1 «Әл-Мусәннаф» Абдурраззақ, (18678); «әл-Кубра» ән-Нәсәи, (8522); «әл-Кәбир» әт-Тобари, (1059); әл-Хәким, 2/164; әл-Бәйхәқи, (8/179). Хадистің бөлігін, Худәйбия оқиғасын имам Ахмад келтірген, 3178; Абу Дауд, 4037; «Тәлбис Иблис», 111–114.

Мүминдердің әміршісі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مُّحَمَّدٌ رَّسُولُ ٱللَّهِ ۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلْكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيْنَهُمْ ۖ تَرَىٰهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا ۖ سِيمَاهُمْ فِى وُجُوهِهِم مِّنْ أَثَرِ ٱلسُّجُودِ ۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمْ فِى ٱلتَّوْرَىٰةِ ۚ وَمَثَلُهُمْ فِى ٱلْإِنجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسْتَغْلَظَ فَٱسْتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعْجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلْكُفَّارَ ۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنْهُم مَّغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًۢا ﴿٢٩﴾﴾

«**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік түрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті**» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сахабаларымның ешқайсысын жамандамаңдар…***», — деген.

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Кім менің сахабаларымды жамандаса, оған Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болады***», — деген.

Имам әт-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әһлу әс-сунна уә әл-жәмағаның сенімі жайында былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз және олардың ешбіреуін жақсы көруде шектен шықпаймыз әрі олардың ешбірінен безінбейміз. Сондай-ақ біз оларды жек көріп, жамандықпен еске алатындарды жек көреміз. Біз сахабаларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларға деген сүйіспеншілік — дін, иман және*

ихсан; ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Біз Аллаһ Елшісінен ﷺ кейінгі олардың халифалығын мойындаймыз. Бірінші — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын). Бұл — оның артықшылығына және бүкіл үмметтен жоғары екендігіне нұсқау. Одан кейін Умар (Аллаһ оған разы болсын), одан кейін Усман (Аллаһ оған разы болсын), одан кейін Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын). Олар — тура жолмен жүргізілген ізгі халифалар әрі имамдар»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл бабымыз, Аллаһ қаласа, мүминдердің әміршісі Али ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары жайында болады.

Дүниеге деген сүйіспеншілік пен Ақыретті ұмыту — барлық жамандықтың себебі. Сондықтан мүминдердің әміршісі Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) өз насихаттарында адамдарды дүниеге құмар болудан, оған беріліп кетуден және Ақыретті ұмытудан сақтандырған.

Оның (Аллаһ оған разы болсын) дүние бүлігінен сақтандырған насихаттары

Али (Аллаһ оған разы болсын): «Бізге дүние өмірін сипаттап бер», — деп сұралған еді. Ол: «*Басталуы қиындық, соңы жойылу болған мекенді қалай сипаттайын? Оның хәләлі (рұқсат етілгені) үшін есеп, ал харамы үшін азап бар. Одан тәуелсіз болуға тырысқан адам сыналады, ал оған мұқтаж болған адам қайғырады*», — деп жауап берді[2].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын) дүние жайында сұралғанда, ол: «*Ұзақ қылып сипаттайын ба? Әлде қысқа ма?*», — деп сұрады. Оған: «Қысқа», — деп жауап берілді. Сонда Али: «*Оның хәләлі үшін есеп, ал харамы үшін азап бар. Ұзақ есеп себепті хәләлінен де, ұзақ азап себепті харамынан да бас тартыңдар*», — деген еді[3].

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Мен Жәннат қақпасының алдына тоқтап, оған кіргендердің көпшілігі кедейлер екенін көрдім. Ал байлар кідіртіліп тұр екен. Ал Тозақ иелерін Тозаққа тастау бұйырылды***» (Әл-Бухари, 4900; Муслим, 2736).

1 «Шарх әл-ақыда ат-Тәхәуия», (467-бет).

2 «Әл-Ғәқду әл-фәрид», (3/130).

3 «Кәнз әл-ғәммәл», (8566).

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Кедейлер Жәннатқа байлардан бес жүз жыл бұрын кіреді***», — деген[1]. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қиямет күні құл төрт нәрсе туралы сұралмайынша, оның аяқтары орнынан қозғалмайды***», — деген. Солардың бірі: «***Мал-мүлкін қайдан тапқаны және оны неге жұмсағаны туралы***»[2].

Сондай-ақ Али (Аллаһ оған разы болсын): «*Дүние — өлексе. Оны қалаған адам иттермен араласуға төзсін*», — деген[3].

Ол шындықты айтты, Аллаһ оған разы болсын! Расында, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Дүние лағынеттелген және Аллаһты еске алу, Оған ұнайтын нәрселер, білім иесі және білім алушыдан басқа оның ішіндегінің барлығы лағынеттелген***», — деген[4].

Аллаһтың Елшісі ﷺ оң-солында жүрген адамдармен бірге базар арқылы өтіп бара жатып, құлағы кішкентай өлі лақты көрді. Ол ﷺ оны көтеріп, құлағынан ұстап: «***Сендердің қайсыларың мұны бір дирхамға сатып алғыларың келеді?***», — деп сұрады. Адамдар: «Оны ешбір ақшаға алғымыз келмейді. Оның бізге не керегі бар?» — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ал оның сендерге тегін берілуін қалар едіңдер ме?***», — деп сұрады. Олар: «Аллаһпен ант етеміз! Тірі болған күннің өзінде құлағы кішкентай болғандықтан оны қаламас едік. Ал өлі болса, не деуге болады?!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың алдында бұл дүние сендер үшін мына лақтан да қадірсіз***», — деген еді (Муслим, 2957).

Аллаһтың құлдары! Мүминдердің әміршісі Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) адамдарға құтпамен шығып, былай деген: «*Уа, адамдар! Расында, дүние — қазір қолда бар нәрсе, одан ізгі кісі де, күнәһар да қоректенеді. Ал Ақырет — шынайы уәде, оны Құдіретті Раббы билейді. Шайтан сендерге кедейлікті уәде етіп, арсыздық жасауды бұйырады. Ал*

---

1 «Әт-Тирмизи», (2353); Ибн Мәжаһ, (4112); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (4/236); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тобари, (7/315); «Муснад» имам Ахмад, (2/451); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» және Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде «хасан-сахих» (жақсы және сенімді) деп атаған.

2 «Сунан» әд-Дәрими, (1/145); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/346); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/125); «Муснад» әл-Бәззар, (7/88); «Әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбарани, (5/74); «әл-Кәбир», (20/60); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-Жәмиғ», (7300) және «әс-Сахиха», (946) сенімді деп атаған.

3 «Кәнз әл-ғәммәл», (8564).

4 «Әт-Тирмизи», (2322); «Ибн Мәжаһ», (4112); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (4/236); «Муснад әш-шамиин», (1/107); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһқа» және әт-Тирмизиге жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта» және «әс-Сахиха» сенімді деп атаған, (2797).

Аллаһ сендерге Өз тарапынан кешірім мен рахым уәде етеді. Аллаһ — Кеңшілік Иесі, Білуші.

Уа, адамдар! Бұл өмірлеріңде игі амалдар жасаңдар, сонда оның соңында аман боласыңдар. Расында, Аллаһ Өзіне бойсұнған жанға Жәннатын уәде етті, ал Өзіне қарсы келген адамды Отымен қорқытты. Расында, ол — қызуы басылмайтын, тұтқыны құтыла алмайтын және оның жалынымен жұтылған адам еш қорғаныш таба алмайтын от. Оның ыстығы қатты, түбі тым терең, ал суы — ірің. Расында, сендер үшін ең қатты қорқатыным — нәпсі қалауына еру және ұзақ үміт. Нәпсі қалауына еру ақиқаттан адастырады, ал ұзақ үміт Ақыретті ұмыттырады»[1].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, дүниеге зәһид (аскет) болғандар жерді төсеніш, топырақты төсек, суды рахат етті. Кімде-кім бар жан-тәнімен Ақыретті қаласа, нәпсі құмарлықтарын ұмытады. Кімде-кім Оттан қорықса, харамнан теріс бұрылады. Кімде-кім Жәннатқа ұмтылса, бойсұнуға асығады. Ал дүниеге зәһид болған адамға оның сынақтары жеңіл болады*».

Оның (Аллаһ оған разы болсын) өлім және одан кейінгі нәрселер туралы насихаттары

Аллаһтың құлдары! Бұл — адамдарға өлімді және одан кейінгі жағдайды еске салған мүміндердің әмірі Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын).

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Уа, ойнап-күліп, өз-өзіне алданып жүрген адам! Мен сені Раббыңның елшісі (яғни өлім періштесі) келген сәтте көріп тұрғандаймын. Ол сенің есігіңді қақпайды, пердеңнен именбейді, сенен ешбір айырбас қабылдамайды, кепілгеріңді алмайды, сәбиіңе рахым етпейді әрі қарттарыңды аяп қалмайды. Ол сені бұрынғы қауымдар мен ұрпақтарды жеткізгеніндей, қараңғы қабірдің түбіне жеткізбейінше тоқтамайды. Ұмтылып, бар күшін салған, жинап, есептеген, салған және бекіткен, сәндеген әрі қаптаған, азға қанағат етпей, көпке тоймаған адам қайда?! Әскер басқарған, туларды ілген адам қайда?! Олар жер астында топыраққа айналды, ал сендер олардың ыдыстарынан ішіп, олардың жолымен жүріп келесіңдер*»[2].

1 «Әл-Бидәя уә ән-нихәя», (8/8).

2 «Әл-Ғәқд әл-фәрид», (4/64).

Ол (Аллаһ оған разы болсын) шындықты айтты. Расында, Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Елшісіне ﷺ: «***Расында, сен де өлесің, олар да өледі***», — деген. Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Мухаммадқа ﷺ: «*Уа, Мухаммад! Қалағаныңша өмір сүр, алайда сен міндетті түрде өлесің*», — деген[1].

Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін:

Көріп тұрған нәрселеріңнің ешқайсысы өз жарқылын сақтамайды,

Мәңгі тек Аллаһ, ал байлық пен бала-шаға жоғалады.

Хурмуздың қазыналары оны құтқара алмады,

Ғәд қауымы мәңгілікке ұмтылды, бірақ мәңгі қалмады.

Желдер оның әмірімен соқса да, Сүлейман да мәңгі қалмады,

Адамдар мен жындар оған қызмет етуге мәжбүр болса да.

Қуаты үшін жан-жақтан елшілер ағылып келетін патшалар қайда?

Күдіксіз, (адамдар) оған апарылатын бір суат бар.

Әркім бір күні оған міндетті түрде олар келгендей келеді.

Аллаһтың құлдары! Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Өлетіндеріңді және өлгеннен кейін қайта тірілетіндеріңді біліңдер. Амалдарыңның алдына келтіріліп, сол үшін сыйға ие боласыңдар. Дүние сендерді алдамасын, өйткені ол сынақпен қоршалған, өткінші болуымен белгілі әрі опасыздығымен сипатталған мекен. Оның тұрғындарының бәрі өз соңына қарай барады. Ол өз тұрғындарының арасында бірінен екіншісіне ауысып тұрады, оның қиындықтары тұрақты емес. Оның тұрғындары дәулет пен қуанышта болған сәтте, кенеттен бәлеге және өзін-өзі алдауға түседі. Аллаһтың құлдары! Сендер де, иеліктеріңдегі дүниенің барлық игілігі де сендерден бұрын өткен адамдарға ұқсайтындарыңды біліңдер, олар сендерден ұзағырақ өмір сүрді, сендерден күштірек болды, үйлері көркейіңкіреп тұрды және арттарында көбірек із қалдырды. Олар көшкеннен (яғни өлгеннен) кейін, байлықтары сөніп, денелері шіріп, үйлері қаңырап, іздері өшті. Олар биік сарайлар мен төселген жұмсақ жастықтарды қабірлердегі жартастар мен тастарға ауыстырды. Сүйіктілері олар үшін қайғырады, ал олар топырақ астында жатыр. Олар кетіп қалды және ешқашан қайтып келмейді.*

﴿لَعَلِّيٓ أَعۡمَلُ صَٰلِحٗا فِيمَا تَرَكۡتُۚ كَلَّآۚ إِنَّهَا كَلِمَةٌ هُوَ قَآئِلُهَاۖ وَمِن وَرَآئِهِم بَرۡزَخٌ إِلَىٰ يَوۡمِ يُبۡعَثُونَ ١٠٠﴾

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (4/360); «әз-Зәуәид» әл-Хәйсәми, (2/252); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (4/306); «Муснад» әт-Тәялуси, (242-бет).

««Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін». Әсте олай емес. Рас бұл, оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені, олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар» («әл-Муъминун» сүресі, 100-аят)**.**

Сендер де олардың жеткеніне — мәңгілік мекендегі шіруге және жалғыздыққа — жеткендей боласыңдар. Сендер сол бесікке тапсырылып, сол қоймаға жиналдыңдар. Істер ең шегіне жетіп, қабірлер төңкеріліп, көкіректердегі жасырын нәрселер жария болған кезде жағдайларың қандай болмақ? Ұлы Раббымыздың алдында есеп беру үшін тоқтатылып, бұрынғы күнәларыңның қорқынышынан жүректерің дірілдейді. Перделерің алынып, кемшіліктерің мен күнәларың ашылады.

﴿ٱلْيَوْمَ تُجْزَىٰ كُلُّ نَفْسٍۭ بِمَا كَسَبَتْ ۚ لَا ظُلْمَ ٱلْيَوْمَ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ سَرِيعُ ٱلْحِسَابِ ﴿١٧﴾﴾

«Бүгін әркім істегені бойынша жазаланады. Бүгін зұлымдық болмайды. Күдіксіз Аллаһ тез есеп Беруші» («әл-Ғофир» сүресі, 17-аят)**.**

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلِلَّهِ مَا فِى ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِى ٱلْأَرْضِ لِيَجْزِىَ ٱلَّذِينَ أَسَـٰٓـُٔوا۟ بِمَا عَمِلُوا۟ وَيَجْزِىَ ٱلَّذِينَ أَحْسَنُوا۟ بِٱلْحُسْنَى ﴿٣١﴾﴾

«Көктердегі әрі жердегі нәрселер Аллаһқа тән. Сондай жамандық істегендер, істегендерімен жазаланады да, жақсылық істегендерді жақсылыққа бөлейді» («ән-Нәжм» сүресі, 31-аят)**.**

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَوُضِعَ ٱلْكِتَـٰبُ فَتَرَى ٱلْمُجْرِمِينَ مُشْفِقِينَ مِمَّا فِيهِ وَيَقُولُونَ يَـٰوَيْلَتَنَا مَالِ هَـٰذَا ٱلْكِتَـٰبِ لَا يُغَادِرُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً إِلَّآ أَحْصَىٰهَا ۚ وَوَجَدُوا۟ مَا عَمِلُوا۟ حَاضِرًا ۗ وَلَا يَظْلِمُ رَبُّكَ أَحَدًا ﴿٤٩﴾﴾

«Амал дәптері алдарына қойылады. Сонда күнәһарладың одан қорыққанын көресің. Олар: «Бізге нендей өкініш! Мына кітапта кішкенені де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар істегендерін дайын түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік қылмайды» («әл-Кәһф» сүресі, 49-аят)**.**

Аллаһ бізді де, сендерді де Өз Кітабына амал етушілерден және Оның ізгі құлдарына ерушілерден етсін. Өзінің рақымымен бізді де, сендерді де мәңгілік мекенге орналастырсын. Расында, Ол — аса Мақтаулы әрі Даңқты!»[1].

Уа, Адам баласы!

Есеп беретін күні жалаңаш күйде тұрасың,

1 «Сәфуат әс-сәфуа», (1/169–170).

Жалғыз, ішкі дүниең дірілдеп, абдырап қаласың.

Бойсұнбағандарға деген ашу-ызасынан

От жалындап жанады,

Ал Аршының Раббысы қаһарланған болады.

Уа, құл! Амал кітабыңды асықпай оқы!

Онда жазылғаннан бөлек бір ғана әріп көріп тұрсың ба?

Оны оқып, ондағы жазылғанды жоққа шығармағаның —

Бәрін анық білгеніңді мойындауың.

Сонда Ұлы Аллаһ: «Уа, періштелерім! Оны ұстаңдар!

Шөлден қиналған бұл бойсұнбаушы құлды Отқа алып барыңдар!», — деп жар салады.

Ертең күнәһарлар Отта жанады,

Ал Мүминдер мәңгілік мекенге орналасады.

Аллаһтың құлдары! Али (Аллаһ оған разы болсын) құтпасын Аллаһты мадақтап, Оны дәріптеуден бастады. Содан кейін өлімді еске алып, былай деді: «*Уа, Аллаһтың құлдары! Өлімнен қашып құтыла алмайсыңдар. Оған дайындалсаңдар да, ол сендерді алып кетеді, одан қашсаңдар да, сендерді қуып жетеді. Ендеше, құтылуға ұмтылыңдар, құтылуға ұмтылыңдар! Асығыңдар, асығыңдар! Расында, арттарыңнан қалмайтын құғыншы — қабір бар. Оның қысуынан, қараңғылығы мен жалғыздығынан сақтаныңдар. Расында, қабір — не Тозақ шұңқырларының, не Жәннат бақтарының бірі. Ол күн сайын үш рет: «Мен — қараңғылық мекенімін. Мен — құрттар мекенімін. Мен — жалғыздық мекенімін», — дейді. Расында, одан кейін баланың шашын ағартатын, ал ересек адамды мас қылатын күн күтіп тұр:*

﴿يَوۡمَ تَرَوۡنَهَا تَذۡهَلُ كُلُّ مُرۡضِعَةٍ عَمَّآ أَرۡضَعَتۡ وَتَضَعُ كُلُّ ذَاتِ حَمۡلٍ حَمۡلَهَا وَتَرَى ٱلنَّاسَ سُكَٰرَىٰ وَمَا هُم بِسُكَٰرَىٰ وَلَٰكِنَّ عَذَابَ ٱللَّهِ شَدِيدٞ ٢﴾

«**Ол күні, әр емізушінің емізгенін ұмытқанын және әрбір буаз жәндіктің іш тастағанын көресің. Адамдарды мас түрде көресің. Алайда олар мас емес. Бірақ Аллаһтың азабы қатты**» («әл-Хәжж» сүресі, 2-аят).

Расында, одан кейін бұдан да ауыр нәрсе — От күтіп тұр. Оның қызуы қатты, түбі терең, кісендері мен балғалары темірден, суы ірің, ал сақшысы — Мәлик, Тозақтың күзетші періштесі. Онда оның тұрғындарына Аллаһ тарапынан ешбір рахым болмайды». Али (Аллаһ оған разы болсын) құтпа барысында жылап жіберді. Оның айналасындағы мұсылмандар да жылады. Кейін ол: «*Расында, одан кейін кеңдігі көктер мен*

жердей, тақуалар үшін әзірленген Жәннат күтіп тұр. Аллаһ бізді де, сендерді де күйзелтуші азаптан қорғасын!», — деді[1].

Аллаһпен ант етемін! Егер адамдар

Не үшін жаратылғандарын білгенде,

Бейқам ұйықтап жатпас еді.

Расында, олар сондай ұлы іс үшін жаратылған:

Егер жүректер оны өз көздерімен көргенде,

Таңданыс пен абыржуға түсер еді.

Өлім, одан кейін қабір, одан кейін қайта тірілу,

Жазғыру және ұлы қорқыныштар.

Қайта тірілу күніне ізгі ерлер дайындалды,

Одан қорқып, намаз оқып, ораза ұстады.

Ал бізге бір нәрсе бұйырылып не тыйым салынғанда,

Үңгір тұрғындары секілдіміз: ояу көрінгенмен, ұйықтап жатырмыз.

Аллаһтың құлдары! Али (Аллаһ оған разы болсын) зиратқа кіріп, былай деген еді: «*Уа, қабір тұрғындар! Уа, шіру мекенінің тұрғындары! Уа, жалғыздық мекенінің тұрғындары! Сендерде қандай хабар бар? Біздің келесі хабарларымыз бар: үйлерге басқа адамдар қоныстанды, дүние-мүлік бөлініп кетті, әйелдер басқа адамдарға тұрмысқа шықты. Біздің дүниеміздегі хабар осы. Ал сендердің дүниелеріңде қандай хабар бар? Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер оларға сөйлеуге рұқсат берілгенде, ең жақсы азық — тақуалық екендігін хабарлар еді*»[2].

Али (Аллаһ оған разы болсын) Куфада құтпа айтып, былай деген еді: «*Уа, адамдар! Сендер үшін ең қатты қорқатыным — ұзақ өмір сүремін деген үміт пен нәпсі қалауларына еру. Ұзақ үміт Ақыретті ұмыттырады, ал нәпсіге еру ақиқаттан алыстатады. Расында, дүние теріс бұрылды, ал Ақырет қарсы алдарыңнан келе жатыр. Екеуінің де өз «балалары» бар. Ендеше, Ақыреттің балалары болып, дүниенің балалары болмаңдар! Өйткені бүгін есеп жоқ, амал бар, ал ертең (Қиямет күні) амал жоқ, есеп бар*»[3].

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Игілік мал-мүлкің мен бала-шағаңның көбеюінде емес. Игілік амалыңның көбеюінде, сабырың мен парасатыңның артуында және Раббыңа құлшылық етуге асығуыңда. Егер жақсылық жасасаң, Аллаһты мадақтайсың, ал жамандық жасасаң,*

1 «Әл-Бидәя уә ән-нихая», (8/8).

2 «Кәнз әл-ғәммәл», (3/697).

3 «Тәхзиб хилият әл-әулия», 1/82; «әз-Зухд әл-кәбир», 463.

Аллаһтан кешірім сұрайсың. Бұл дүниеде тек екі адамның біріне ғана игілік бар: күнә жасап, оның орнын тәубемен толтырған адамға немесе игі амалдарға асыққан адамға»[1].

Сондай-ақ Али (Аллаһ оған разы болсын): «*Кім өз бойына алты қасиетті жинаса, Жәннатқа апаратын бірде-бір жолды және Оттан құтқаратын бірде-бір амалды пайдаланбай қалдырмайды: Аллаһты танып, Оған бойсұнған; шайтанды танып, оған бойсұнбаған; ақиқатты танып, оған ерген; жалғанды танып, одан сақтанған; дүниені танып, одан бас тартқан және Ақыретті танып, оған ұмтылған адам*», — деген[2].

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат етіп көрсетіп, оған еруді нәсіп ет! Жалғанды жалған етіп көрсетіп, одан аулақ болуды нәсіп ет!

1 «Әз-Зухд әл-кәбир», 708; «әл-Хилия», 1/75.

2 «Тәнбих әл-ғафилин», 183-бет.

Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына сахаба болу үшін және Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ақиқатында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін жүректердің ең жақсысы ретінде тапты, содан соң оны Өзі үшін таңдап, Өз жолдауымен жіберді! Кейін Аллаһ Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдардың жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының жүректерінің ең жақсысы ретінде тапты да, оларды Өз Пайғамбарының діні үшін соғысатын көмекшілері етті*».

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі кездесуіміз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарының ﷺ сахабасы болу және Оның дініне көмектесу үшін таңдаған осы адамдардың бірі, ұлы сахаба Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) туралы болады.

Ол — үлкен сахабалардың және Исламды алғаш қабылдағандардың бірі. Сондай-ақ ол һижраны екі рет жасағандардың қатарынан. Оның (Исламнан бұрынғы) надандық дәуіріндегі есімі Абдуғамр немесе Абдулқағба болған. Пайғамбарымыз ﷺ оған Абдуррахман деген есім берді.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) келесі тарауларды қамтиды:

1. Оның артықшылықтары;

2. Оның Исламдағы орны;

3. Оның насихаттары.

Оның артықшылықтары

Бірінші: ол — өзі жеткізген хадисте Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі.

Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр — Жәннатта, Абдуррахман ибн Ғәуф — Жәннатта, Сәғд ибн Абу Уәққас — Жәннатта, Сәғид ибн Зәйд — Жәннатта және Абу Убәйда ибн әл-Жәррах — Жәннатта**», — деген*».

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһтан ол үшін Жәннаттағы Сәлсәбил бұлағынан сусындатуын тілеген.

Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ өз әйелдеріне: «**Менен кейін сендерге қамқорлық танытатын адам шыншыл әрі ізгі болады. Уа, Аллаһ! Абдуррахман ибн Ғәуфқа Жәннаттағы Сәлсәбил бұлағынан сусындат!**», — дегенін естідім*»[1].

Айша анамыз былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ кейде: «**Мен қайтыс болғаннан кейін сендердің жағдайларың не болатынын ойлап алаңдаймын. Өйткені сендерге тек сабырлы адамдар ғана шыдамдылықпен қарайды**», — дейтін*». Содан кейін Айша анамыз Абу Сәлим ибн Абдуррахман ибн Ғәуфқа: «*Аллаһ сенің әкеңе Жәннаттағы Сәлсәбил бұлағынан сусындатты*», — деді. Ол бағын қырық мыңға сатып, одан түскен дүние-мүлікті Пайғамбарымыздың ﷺ әйелдеріне сыйлаған Абдуррахман ибн Ғәуфты меңзеген еді[2].

---

1 «Әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (9/56); «әл-Кәбир», (23/378); «Муснад» имам Ахмад, (6/103); «Муснад» Исхәқ ибн Рәхәуәйх, (3/1012); «әс-Сунна» Ибн Аби Ғасым, (2/615); «Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн» әл-Хәким, (3/351); Ол: «Бұл хадис Айшадан және Ум Сәләмадан сенімді түрде жеткізіледі», — деген және әз-Зәхәби бұнымен келіскен.

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/456); «Мустәдрак» әл-Хәким, (3/352); «Мәуәрид әз-зәмған», (547-бет); әт-Тирмизи, (3749); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған

Үшінші: оның артықшылықтарының бірі — Умар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ дүниеден өткенге дейін разы болғанын хабарлаған кеңес құрамындағы алты сахабаның бірі болғандығы. Сахабалардың бірі өлім аузында жатқан Умарға (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, мүминдердің әміршісі! Бізге өсиет қалдыр және (өзінен кейін) халифа тағайында», — деді. Ол: «*Расында, мен бұл іске Аллаһ Елшісі ﷺ дүниеден өткенге дейін разы болған мына адамдардан лайықтырақ ешкімді білмеймін*», — деп, Усман, Али, Зубәйр, Талхә, Сәғд және Абдуррахманның есімдерін атады (әл-Бухари, 1328).

Төртінші: оның артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ оны өзі қорғауы.

Абу Сәғидтің былай дегені жеткізіледі: «*Халид ибн Уәлид пен Абдуррахман ибн Ғәуфтың арасында бір жағдай болды. Сонда Халид оны балағаттады. Бұл хабар Пайғамбарға ﷺ жеткен кезде, ол: «**Менің сахабаларымды балағаттамаңдар! Расында, сендердің біреуің Аллаһтың жолында Ухуд тауындай алтынды таратса да, сахабалардың біреуі бір уыс алтын немесе оның жартысын жұмсағанда алатын сауапқа жете алмайды**», — деген еді*» (Муслим, 2541).

Бесінші: оның артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ оның шәһид екендігін хабарлауы.

Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Уа, Хира! Тыныштал! Үстіңде Пайғамбар, шыншыл және шәһидтен басқа ешкім жоқ**», — дегенін естігеніме куәлік етемін*». Содан кейін Сәғид ибн Зәйд оларды атап шықты, онда: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Талхә, Зубәйр, Сәғд, Ибн Ғәуф және Сәғид ибн Зәйд болған еді[1].

Алтыншы: оның артықшылықтарының бірі — Табук жорығы кезінде Пайғамбарымыздың ﷺ оның артында тұрып, таң намазының бір рәкағатын оқығандығы.

Муғира ибн Шуғба былай деген: «*Бірде біз сапарда келе жатқанымызда, Аллаһтың Елшісі ﷺ өзгелерден қалып қойды. Мен де онымен бірге аялдадым. Ол ﷺ әжетін өтеп: «**Суың бар ма?**», — деп сұрады. Мен оған дәрет алуға арналған ыдысты әкелдім. Ол екі қолы мен бетін жуды. Содан кейін қолдарын шынтағына дейін ашпақ болды, алайда оның жуббасының жеңі тым тар еді. Сонда ол қолын жуббаның төменгі жағынан*

ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6121, 6122) жақсы деп атаған.

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (15/458); әт-Тирмизи, (3757); Абу Дауд, (4648); Ибн Мәжаһ, (134); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде және «әс-Сахихада», (875) сенімді деп атаған.

шығарып, оның етегін иығына тастап, қолдарын шынтағына дейін жуып, маңдай тұсындағы шашына, сәлдесі мен мәсілеріне мәсих тартты. Содан кейін түйесіне мінді. Мен де міндім. Біз адамдарды қуып жеткенімізде, олар Абдуррахман ибн Ғәуфтың артында намаз оқып жатқан еді. Ол олармен бірге бір рәкағат оқып қойған болатын. Пайғамбарымыздың ﷺ оларға қосылғанын байқаған Абдуррахман артқы шегінбек болды. Алайда Пайғамбарымыз ﷺ оған орнында қалуын ишара етті. Абдуррахман тәслим айтқаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ орнынан тұрды. Мен де тұрдым. Осылайша біз өткізіп алған бір рәкағатымызды толықтырдық» (Муслим, 274).

Исламды қабылдағаннан кейінгі өміріндегі айтулы оқиғалар

Бірінші: Меккеден келген муһәжирлер Мәдинаға жеткен кезде.

Әнас былай деген: «*Абдуррахман ибн Ғәуф Мәдинаға келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ оны ансарлық Сағд ибн әр-Рәбиғпен бауырластырды. Сағд бай адам еді. Сондықтан ол Абдуррахманға: «Расында, мен ансарлардың ішіндегі ең бай адаммын. Мал-мүлкімнің жартысын саған беремін. Екі әйелімнің қайсысы саған ұнайтынын қара. Мен онымен ажырасамын, сен оған ғиддә мерзімі аяқталғаннан кейін үйленесің», — деді.* Абдуррахман: *«Аллаһ отбасың мен мал-мүлкіңе береке берсін! Маған базарды көрсетіңдер», — деді. Ол ірімшік (сүзбе) және сары май табыс етіп, оларды үйіне алып қайтпайынша оралмады. Біраз уақыт өткеннен кейін ол денесіндегі сары түсті әтірдің іздерімен келді. Пайғамбарымыз ﷺ одан: «**Бұл не?**», — деп сұрады. Ол: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен ансарлардың бір әйеліне үйлендім», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «Оған мәһр ретінде не бердің?», — деп сұрады. Ол: «Құрма сүйегінің салмағындай алтын бердім», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: «**Бір қой сойып болса да, уәлима жаса**», — деді»* (әл-Бухари, 1944).

Бұл хадис мына нәрселерге нұсқайды:

1. Мәһрдің мөлшерін күйеу белгілейді.

2. Уәлима жасау — шариғатта бекітілген рәсім.

Екінші: Ол Бадр шайқасында майданның алдыңғы қатарында болған.

Абдуррахман ибн Ғәуфтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Мен Бадр шайқасы күні сапта тұрғанымда, оң-солыма қарадым. Екі жағымда тұрған ансарлар жап-жас болған соншалық, тіп-*

*ті қасымда күштірек біреу болғанын қалай бастадым. Олардың бірі маған көзімен белгі беріп: «Уа, көке! Абу Жәһлді танисың ба?», — деп сұрады. Мен: «Иә, інім, ол саған не үшін керек?», — деп жауап бердім. Ол: «Маған оның Аллаһ Елшісін ﷺ балағаттайтыны туралы хабар жетті. Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер мен оны көрсем, екеуіміздің ажалы ертерек жететініміз өлмейінше, одан кетпеймін!», — деді. Мен оның сөзіне таңғалдым. Сәлден кейін екінші жігіт те маған белгі беріп, соған ұқсас сөз айтты. Көп уақыт өтпей, мен адамдардың арасында жүрген Абу Жәһлді көрдім де, оларға: «Сендер сұраған адам — міне!», — дедім. Сонда олардың екеуі де Абу Жәһлге қарай ұмтылып, оны қылыштарымен шауып өлтірді. Содан кейін олар Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп, болған жағдайды хабарлады. Аллаһтың Елшісі ﷺ олардан: «**Оны қайсыларың өлтірді?**», — деп сұрады. Сонда олардың екеуі де: «Оны мен өлтірдім!», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Қылыштарыңды сүрттіңдер ме?**», — деп сұрады. Олар: «Жоқ», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ олардың қылыштарына қарап: «**Оны екеуің де өлтірдіңдер**», — деді»* (Әл-Бухари, 2972; Муслим, 1752).

Үшінші: Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Шамға шыққан кездегі Абдуррахман ибн Ғәуфтың жағдайы.

Абдуллаһ ибн Аббас былай баяндағаны жеткізіледі:*«Бірде Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Шамға қарай жолға шықты. Ол «Сәрғә» деген елді мекеніне жеткенде, оны әскер қолбасшылары, нақтылай айтқанда Абу Убәйда ибн әл-Жәррах және оның серіктері қарсы алды. Олар Умарға Шамда оба індеті басталғанын хабарлады. Сонда Умар: «Маған алғашқы муһәжирлерді шақыр», — деді. Мен оларды шақырдым. Умар оларға Шамда оба тарағанын хабарлап, кеңес сұрады. Олардың пікірлері әртүрлі болды. Кейбіреулері: «Сен белгілі бір істі орындау үшін жолға шықтың. Сондықтан одан бас тартуың керек деп санамаймыз», — десе, басқалары: «Сенімен бірге өзге адамдар және Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары бар. Оларды оба тараған жерге алып барғаныңды дұрыс деп санамаймыз», — деген еді. Олардың сөздерін тыңдаған Умар: «Енді мені жалғыз қалдырыңдар», — деді. Содан кейін ол: «Маған ансарларды шақыр», — деді. Мен оларды да шақырдым және Умар олармен де кеңесті. Олар да муһәжирлер секілді түрлі пікір айтты. Умар олардың пікірлерін тыңдаған соң: «Енді мені жалғыз қалдырыңдар», — деді. Кейін: «Осында болған, Мекке алынғанға дейін һижра жасаған Құрайыш ақсақалдарын шақыр», — деді. Мен оларды шақырып келдім. Олардың арасында ешқандай келіспеушілік болмады. Олардың барлығы: «Адамдармен бірге кері қайтқаныңды және оларды оба тараған жерге алып бармағаныңды дұрыс деп санаймыз», — деген еді. Осыдан кейін Умар адамдарға: «Таңертең*

*кері жолға шығамын. Сендер де соған дайындалыңдар», — деді. Сонда Абу Убәйда ибн әл-Жәррах: «Сен Аллаһтың тағдырынан қашпақсың ба?», — деп сұрады. Умар: «Уа, Абу Убәйда! Осы сөзді сенен басқа біреу айтқанда ғой! Иә, біз Аллаһтың тағдырынан Аллаһтың тағдырына қашамыз! Айтшы, сенің түйелерің бір жағы шөбі мол, ал екінші жағы тақыр бір алқапқа түссе, оларды шөбі мол жерде жайсаң, Аллаһтың тағдырымен жайған болмайсың ба?! Ал егер тақыр жерде жайсаң, оны да Аллаһтың тағдырымен істеген болмайсың ба?!», — деді. Содан кейін белгілі бір шаруаларымен басқа жақта болған Абдуррахман ибн Ғәуф келіп: «Расында, бұл мәселе жайында менің білетінім бар. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Егер бір жерде оба тарағанын естісеңдер, ол жерге кірмеңдер. Ал егер ол сендер тұрған жерде тараса, обадан қашып ол жерден шықпаңдар**», — дегенін естідім», — деген еді. Бұны естіген Умар Аллаһты мақтап-мадақтап, кері қайтты»* (Әл-Бухари, 5398; Муслим, 2219).

Төртінші: Оның Аллаһ Тағаланың жолында мал-мүлкін жұмсауы.

Абу Сәләмадан Абдуррахман ибн Ғәуфтың мүминдердің аналарына қырық мыңға сатылған бақты мирас етіп қалдырғаны жеткізіледі[1].

Умм Бәкрадан Абдуррахман ибн Ғәуфтың өз жерін Усман ибн Ғәффәнға қырық мың динарға сатып, түскен қаражатты Бану Зуһраның кедейлеріне, мұқтаж адамдарға және мүминдердің аналарына бөліп бергені жеткізіледі[2].

ОНЫҢ НАСИХАТТАРЫ

Ол үнемі өзін-өзі есепке тартатын

Аллаһтың құлдары! Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) мол мал-мүлікке ие болып, оны Аллаһтың жолында көп жұмсағанына қарамастан, өзін үнемі есепке тартатын.

---

1 «Әт-Тирмизи», (3750); Шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы, оның иснадын сенімді деп атаған, қараңыз, «әл-Мишкәт», (6121, 6122).

2 «Муснад» имам Ахмад, (6/103); (6/135); «Муснад» Исхәқ ибн Рәхәуәйх, (3/1011); «әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (3/132); «Фәдәил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/729); Хабардың иснады жақсы.

Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ кезінде біз қайғымен сыналдық және сабыр еттік. Кейін қуанышпен сыналдық, бірақ сабыр ете алмадық*»[1].

Адам бұл дүниеде қуаныш пен қайғы әкелетін нәрселер арқылы сыналады. Аллаһ Сүлеймандыны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қуаныш әкелетін нәрселермен сынады, ал ол шүкіршілік етті. Аллаһ Тағала ол жайында: «**Ол қандай жақсы құл еді!**», — деген еді. Айюб пайғамбар қайғы әкелетін нәрселермен сыналды және сабыр етті. Аллаһ Тағала ол жайында да: «**Ол қандай жақсы құл еді!**», — деген. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Мүмин адамның жағдайы қандай ғажап! Расында, оның кез келген ісі өзі үшін қайырлы. Мұндай жағдай мүминнен басқа ешкімге берілмеген. Егер оны қуантатын нәрсе келсе, ол Аллаһқа шүкіршілік етеді және бұл ол үшін қайырлы болады. Ал егер қайғы-қасіретке ұшыраса, сабыр етеді және бұл да ол үшін қайырлы болады***» (Муслим, 2999).

Бір күні ораза ұстап жатқан Абдуррахман ибн Ғәуфқа (Аллаһ оған разы болсын) тамақ әкелінді. Сонда ол: «*Мусғәб ибн Умәйр өлтірілген кезде, ол менен жақсы адам еді. Алайда оның денесін орайтын жамылғысынан басқа ештеңесі болмады. Хамза өлтірілгенде де, ол менен жақсы адам еді. Оның да денесін орайтын жамылғысынан басқа ештеңесі болмады. Мен амалдарымыздың сыйы осы дүниеде алдын ала беріліп қойды ма деп қорқамын*», — деді. Содан кейін ол жылай бастады да, тамақты жемеді (Әл-Бухари, 1215).

Уа, Аллаһтың нығметтері ішінде өмір сүріп жатқан бай адам! Нығметтердің саған осы дүниеде беріліп, ал Нығметке толы Жәннат бақтарында олардан мақұрым қалудан сақтан! Аллаһтың саған аманат еткен мал-мүлкіне қатысты қорық. Оны кедейлер мен міскіндерге жұмса. Мал-мүлкіңдегі Аллаһтың хақысын біл. Сонда сен сахабалар секілді боласың: мал-мүлік олардың жүректерінде емес, қолында болды. Олар оны Аллаһ жолында жан-жаққа жұмсаған еді.

Аллаһтан бізді де, сендерді де Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көретіндерден етуін және бізді олармен бірге Нығметке толы Жәннат бақтарында жинауын сұраймын.

---

[1] «Әл-Әхадис әл-мухтара», (3/121); «әт-Тирмизи», (2464); «Муснад әш-Шәши», (1/280); «әз-Зухд» Ибн әл-Мубәрак, (182-бет); Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде: «Хасан-сахих» деп атаған.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына сахаба болу үшін және Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар.

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, бұл үммет жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың біреуінен басқасының барлығы Отта болады. Ол — мен және менің сахабаларым ұстанған жолда болғандар***».

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сіздерден кімде-кім біреуге ілескісі келсе, қайтыс болғандарға ілессін, өйткені тірі адам бүліктерден қауіпсіздікте емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, олар осы үмметтің ішінде жүректері ең ізгі, білімдері ең терең әрі өздерін пайдасыз нәрселермен ең аз ауырлатқандары еді. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың артықшылығын мойындаңдар, олардың жолымен жүріңдер, мүмкіндігінше олардың мінез-құлқы мен дінін бекем ұстаңдар, өйткені олар тура жолда болды*».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарының ﷺ сахабасы әрі Оның дініне көмекші болу үшін таңдаған адамдардың — ардақты сахабалардың бірі туралы болады. Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

Оның кім екендігін білесіздер ма? Ол — Сәғд ибн Абу Уәққас Абу Исхәқ әл-Құрайши. Ол үлкен сахабалардың және Исламды алғаш қабылдағандардың бірі. Ол Исламды он жеті жасында қабылдаған. Ол — Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі және Аллаһ жолында алғаш рет оқ атқан адам.

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Абу Уаққас (Аллаһ оған разы болсын) туралы тақырыбымыз мына үш тарауды қамтиды:

1. Оның артықшылықтары;

2. Оның Исламдағы өмірінен алынған айтулы оқиғалар;

3. Оның насихаттары.

Оның артықшылықтары

Бірінші: ол — өзі жеткізген хадисте Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі.

Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ*: «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр — Жәннатта, Абдуррахман ибн Ғәуф — Жәннатта, Сәғд ибн Абу Уәққас — Жәннатта, Сәғид ибн Зәйд — Жәннатта және Абу Убәйда ибн әл-Жәррах — Жәннатта***», — *деді*».

Екінші: ол — Умар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ дүниеден өткенге дейін разы болғанын хабарлаған кеңес құрамындағы алты сахабаның бірі. Өлім аузында жатқан Умарға (Аллаһ оған разы болсын) сахабалардың бірі: «Уа, мүминдердің әміршісі! Бізге өсиет қалдыр және халифа тағайында», — деген еді. Сонда Ол: «*Расында, мен бұл іске Аллаһтың Елшісі ﷺ дүниеден өткенге дейін разы болған мына адам-*

дардан лайықтырақ ешкімді білмеймін», — деп, Усман, Али, Зубәйр, Талхә, Сәғд және Абдуррахманның есімдерін атады.

Үшінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның шахид болатынын хабарлаған. Сәғид ибн Зәйдтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Уа, Хира! Тыныштал! Үстіңде Пайғамбар, шыншыл және шаһидтен басқа ешкім жоқ**», — дегенін естігеніме куәлік етемін*». Содан кейін ол олардың есімдерін атады, онда: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Талхә, Зубәйр, Сәғд, Ибн Ғәуф және Сағид ибн Зәйд болған еді.

Төртінші: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың жауларымен жиһад жасап, Аллаһтың сөзін үстем ету жолында алғаш рет жебе атқан адам.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһтың жолында садақтан алғаш жебе атқан араб мен едім. Біз Пайғамбарызбен ﷺ бірге жорықтарға шыққанда, ағаш жапырақтарынан басқа жейтін ештеңеміз болмайтын. Соның әсерінен адамдардың нәжісі түйенің немесе қойдың құрғақ тезегіне ұқсайтын. Ал енді Бану Асад адамдары мені намазды дұрыс оқымайды деп айыптап жатыр. Егер бұл рас болса, онда мен сәтсіздікке ұшырап, амалдарым зая болады*». Бұл адамдар Умарға Сәғдтың намазды дұрыс оқымайтыны туралы шағымданған еді (әл-Бухари, 3522).

Бесінші: ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі еді.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын): «***Мен (біраз уақыт бойы) алғашқы үш мұсылманның бірі болдым***», — деген (әл-Бухари, 3520). Яғни ол Абу Бакр мен Хәдижадан кейін Исламды қабылдаған үшінші адам еді. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

Сондай-ақ Сәғд ибн Абу Уәққастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Исламды қабылдаған күні менен басқа ешкім Исламды қабылдамады. Келесі жеті күн бойы мен алғашқы үш мұсылманның бірі болдым*» (әл-Бухари, 3521).

Алтыншы: Аллаһ Тағала оны Өз Кітабында мақтап, оның таңертең және кешке Раббысына Оның Дидарын қалап жалбарынатындардың бірі екенін хабарлаған.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде алтауымыз Пайғамбармен ﷺ бірге болғанымызда, мүшриктер оған: «Мыналарды қуып жібер! Олар бізге қарсы сөйлеуге батылы бармасын!», — деді. Сол алтаудың арасында менен басқа Ибн Мәсғуд, Хузәйл тайпасынан бір адам, Биләл және есімдерін атамайтын тағы екі адам*

бар еді. Аллаһ Елшісінің ﷺ көңіліне Аллаһ қалаған бір ой келіп, ол бұл мәселені іштей ойлады. Сонда Аллаһ Тағала:

﴿وَلَا تَطۡرُدِ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ رَبَّهُم بِٱلۡغَدَوٰةِ وَٱلۡعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجۡهَهُۥۖ مَا عَلَيۡكَ مِنۡ حِسَابِهِم مِّن شَيۡءٖ وَمَا مِنۡ حِسَابِكَ عَلَيۡهِم مِّن شَيۡءٖ فَتَطۡرُدَهُمۡ فَتَكُونَ مِنَ ٱلظَّٰلِمِينَ ٥٢﴾

«**Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума. Олардың есбінен саған еш нәрсе жоқ. Және сенің есебінен оларға да еш нәрсе жоқ (бір-біріңе жауапкершілік жоқ) Сондықтан оларды қусаң зұлымдық қылғандардан боласың**», — *деген аятты түсірді*». («әл-Әнғәм» сүресі, 52-аят) (Муслим, 2413).

Сәғд:

﴿وَلَا تَطۡرُدِ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ رَبَّهُم بِٱلۡغَدَوٰةِ وَٱلۡعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجۡهَهُۥۖ﴾

«**Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума**», *— деген аят мен жайында түсірілген*», — деген (Муслим, 2413).

Жетінші: оның дұғасы жауапсыз қалмайтын және ол осымен танымал болған.

Мұның себебі — Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһтан оның дұғасын қабыл етуін тілеп: «***Уа, Аллаһ! Ол Саған дұға еткенде, дұғасын қабыл ет!***», — деуі еді[1]. Сондай-ақ ол ﷺ: «***Уа Аллаһ! Сәғд Саған дұға еткенде, оның дұғасын қабыл ете гөр!***», — деген[2].

Аллаһтың құлдары! Бұған мысал ретінде — Сәғд ибн Абу Уәққастың (Аллаһ оған разы болсын) өзіне әділетсіздік жасаған адамға қарсы дұғасын келтіруге болады. Аллаһ оның дұғасына жауап берді.

Жәбир ибн Сәмура (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Куфа тұрғындары Умарға (Аллаһ оған разы болсын) Сәғдтың үстінен шағымданған кезде, ол Сәғдты қызметінен босатып, олардың басшысы етіп Ғаммар ибн Ясирді тағайындады. Олар көптеген шағым айтып, соның ішінде Сәғдтың намазды дұрыс өткізбейтінін де сөз етті. Сонда Умар оны шақыртып алды. Сәғд келген кезде, Умар оған: «Уа, Абу Исхәқ! Бұл адамдар сен намазды дұрыс өткізбейсің деп айтып жүр!», — деді. Абу Исхәқ: «Аллаһпен ант етемін! Мен олармен Аллаһтың Елшісі ﷺ қалай*

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/450); Шейх әл-Әлбәни «Сахих мәуәрид әз-зәмған» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, (1858).

2 «Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/28); әт-Тирмизи, (3751); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (3/235); «әл-Кәбир», (1/143); «Мәжмәғ әз-зәуәйд», (9/153); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

намаз оқыса, дәл солай намаз оқитынмын және одан еш нәрсені кемітпейтінмін. Мен құптан намазының алғашқы екі рәкағатын ұзақ, ал соңғы екі рәкағатын қысқа оқитынмын», — деп жауап берді. Умар: «Уа, Абу Исхәқ! Мен де сен туралы осылай ойладым», — деді. Содан кейін Умар Куфа тұрғындарынан Сәғд туралы сұрау үшін онымен бірге бір адамды немесе бірнеше адамды жіберді. Ол адам Сәғд жайында сұрамаған бірде-бір мешіт қалмады. Адамдардың барлығы оны тек жақсылықпен еске алды. Ақырында ол Бану Ғәбс тайпасының мешітіне кірді. Онда Усама ибн Қатада есімді, Абу Сәғда деген атпен танылған бір адам орнынан тұрып: «Бізден сұрап отырғандықтан, айтайын: Сәғд әскери жасақтармен бірге жорықтарға шықпайды, соғыс олжасын тең бөлмейді және сот үкімдерін шығарғанда әділдік сақтамайды», — деді. Мұны естіген Сәғд: «Аллаһпен ант етемін! Онда мен үш нәрсе туралы дұға етемін: «Уа, Аллаһ! Егер мына құлың өтірікші болса және ол тек өзін көрсету әрі атаққа ие болу үшін орнынан тұрған болса, оның өмірін ұзарт, кедейлігін соз және оны түрлі сынақтарға сал!»», — деді. Осының барлығы орындалған еді. Кейін әлгі адамнан оның жағдайы туралы сұралғанда, ол: «Мен — бақытсыз қартпын. Мен Сәғдтың қарғысына ұшырадым!», — деп жауап беретін».

Абдулмәлик: «*Кейін мен ол адамды көрдім. Ол Қартайғандықтан қастары көзіне түсіп кеткен еді әрі көшелерде жас көмекші қыздарға тиісіп жүретін*», — деген (әл-Бухари, 722).

Аллаһ Сәғдтың дұғасын қабыл етті. Қалайша қабыл етпесін?! Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Сәғд Саған дұға еткенде, оның дұғасын қабыл ете гөр!***», — деген еді. Бұл — жәбір көрген адамның өзін жәбірлеген адамға қарсы жасаған дұғасы.

Оның (Аллаһ оған разы болсын) Исламдағы өмірінен алынған айтулы оқиғалар

Бірінші: Сәғд ибн Абу Уәққастың (Аллаһ оған разы болсын) достық пен қатыссыздық мәселесіндегі ұстанымы.

Аллаһтың құлдары! Жоғарыда айтқанымыздай, Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі әрі анасына жақсылық жасайтын адам еді. Ол Исламды қабылдаған кезде анасы оған: «Сен ойлап тапқан мына дін қандай дін? Аллаһпен ант етемін! Сен бұрынғы ұстанған жолыңа қайтпайынша, мен ештеңе ішіп-жемеймін. Сен мені өлімге жеткізесің де, адамдар сені үнемі: «Уа, өз анасын

өлтірген адам!», — деп айыптайтын болады», — деді. Сондай-ақ оның анасы оған: «Аллаһ саған туыстық байланысты сақтауды және ата-анаңа жақсылық жасауды бұйырмады ма? Аллаһпен ант етемін! Мухаммадқа ﷺ күпірлік етпейінше, мен ішіп-жемеймін», — деген еді. Тағы бірде: «Сен Аллаһтың ата-анаңа жақсылық жасауды өсиет еткенін айтасың. Мен сенің анаңмын және саған осыны бұйырамын», — деді.

Аллаһтың құлдары! Анасы осы күйде үш күн өткізіп, әбден әлсіреген-інен есінен танып қалды. Сонда Ғумара есімді ұлы орнынан тұрып, оған су ішкізді. Ал анасы Сәғдқа қарсы теріс дұға ете бастады. Бірақ Сәғд (Аллаһ оған разы болсын) өз дінінде берік тұрып, анасының талабын қабылдамады әрі оған бағынбады. Сонда Аллаһ Сәғдтың анасының Аллаһқа күпірлік ету туралы талабына бағынбағанын дұрыс деп растайтын, Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аяттарын түсірді. Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ балаларға ата-анасына күпірлік, ширк және күнә істерінде бағынбай, осы дүниеде олармен көркем қарым-қатынас жасауды бұйырды. Өйткені Жаратушыға күнә жасауда жаратылысқа бағыну жоқ.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَوَصَّيْنَا ٱلْإِنسَٰنَ بِوَٰلِدَيْهِ حَمَلَتْهُ أُمُّهُۥ وَهْنًا عَلَىٰ وَهْنٍ وَفِصَٰلُهُۥ فِى عَامَيْنِ أَنِ ٱشْكُرْ لِى وَلِوَٰلِدَيْكَ إِلَىَّ ٱلْمَصِيرُ ﴿١٤﴾ وَإِن جَٰهَدَاكَ عَلَىٰٓ أَن تُشْرِكَ بِى مَا لَيْسَ لَكَ بِهِۦ عِلْمٌ فَلَا تُطِعْهُمَا ۖ وَصَاحِبْهُمَا فِى ٱلدُّنْيَا مَعْرُوفًا ۖ وَٱتَّبِعْ سَبِيلَ مَنْ أَنَابَ إِلَىَّ ۚ ثُمَّ إِلَىَّ مَرْجِعُكُمْ فَأُنَبِّئُكُم بِمَا كُنتُمْ تَعْمَلُونَ ﴿١٥﴾﴾

«**Адамдарға ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешеңе шүкір ет. Қайтар орның Мен жақ. Егер екеуі білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, Оларға бағынба! Оларға дүниеде жақсы қарым-қатынас көрсет те, Маған құштар адамдардың жолына түс. Сендердің барар орындарың Мен жақ; сонда істеген істеріңді баян етемін**» («Луқман» сүресі, 14–15-аяттар)[1].

Екінші: оның Аллаһтың жолында мал-мүлкін жұмсауы. Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Қоштасу қажылығы жылы қатты ауырып қалғанымда, Аллаһ Елшісі ﷺ менің жағдайымды білу үшін келді. Мен оған: «Аурудың мені қандай ауыр жағдайға жеткізгенін көріп тұрсыз. Мен бай адаммын, ал менің бір қызымнан басқа мұрагерім жоқ. Мал-мүлкімнің үштен екі бөлігін кедейлерге таратып жіберсем болады ма?», — дедім. Ол ﷺ: «**Жоқ**», — деді. Мен: «Ал жартысын берсем ше, уа, Аллаһтың Елшісі?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Жоқ**», — деп жауап берді. Мен: «Ал үштен бірін берсем ше, уа, Аллаһтың Елшісі?», —*

[1] «Муслим», (1784); «Тәфсир әл-Бағауи» және «Әсбәб ән-нузул» әл-Уақыди.

*деп сұрадым. Ол ﷺ: «**(Мал-мүлкіңнің) үштен бірін бер. Алайда үштен бірі де көп. Мұрагерлеріңді адамдардан сұрауға мәжбүр мұқтаж күйде қалдырғаннан гөрі, бай күйде қалдырғаның жақсы. Расында, Аллаһтың Дидарын қалап жұмсаған әрбір нәрсең үшін, тіпті әйеліңнің аузына салған бір түйір тағамың үшін де міндетті түрде сауап аласың**», — деп жауап берді»* (Әл-Бухари, 1233; Муслим, 1628).

Бұл хадистегі дәлел — оның өз мал-мүлкін Аллаһ жолында жұмсауды қалағаны.

Үшінші: Оның «**Аллаһ сені адамдардан қорғайды**» деген аят түскенге дейін Пайғамбарымызды ﷺ қорғауы. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір түні Пайғамбарымыз ﷺ түні бойы ұйықтамады. Бұл һижрадан кейін Мекке кәпірлерінің мұсылмандарға қауіп төндіруіне байланысты еді. Сонда ол: «**Сахабаларымның арасынан бір ізгі адам осы түні мені күзетсе ғой!**», — деді. Кенеттен біз қарудың дыбысын естідік. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бұл кім?**», — деп сұрады. Сәғд: «Бұл — Сәғд ибн Абу Уәққас», — деп жауап берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Сені мұнда не алып келді?**», — деп сұрады. Ол: «Көңілімде Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін қорқыныш пайда болды. Сондықтан оны күзетуге келдім», — деп жауап берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған дұға етті де, ұйықтады»* (Әл-Бухари, 6804).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадис Сәғдтың (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылығына және оның ізгі адамдардың бірі болғанына нұсқайды. Бұл артықшылықтың өзі оған жеткілікті. Өйткені ізгілердің Қамқоршысы — әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ وَلِيِّيَ ٱللَّهُ ٱلَّذِي نَزَّلَ ٱلْكِتَٰبَ ۖ وَهُوَ يَتَوَلَّى ٱلصَّٰلِحِينَ ١٩٦﴾

«**Расында, менің қамқоршым — Құранды түсірген Аллаһ. Ол ізгілерге қамқорлық жасайды**», («әл-Әғраф» сүресі, 196-аят). Сәғд (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылыққа ие болды: ол Пайғамбарды ﷺ қорғады және Пайғамбарымыз ﷺ ол үшін дұға етті.

Төртінші: Сіғд ибн Абу Уәққастың Ухуд шайқасында Аллаһ Елшісін ﷺ қорғауы.

Ухуд шайқасында мүшриктер Аллаһтың Елшісіне ﷺ жетуді қалады. Сонда ардақты сахабалар Аллаһ Елшісінің ﷺ айналасына жиналып, оны қолдарындағы бар күштерімен қорғады. Олардың арасында Сәғд ибн Абу Уәққас та бар еді.

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Абу Уәққас Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында тұрып, мүшриктерді одан тойтарып тұрды.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ухуд шайқасы күні Пайғамбарымыз ﷺ маған: «**Ат, уа Сәғд! Әке-шешем сен үшін өтем болсын!**», — деді*» (әл-Бухари, 2749; Муслим, 2411). Аллаһтың Елшісі ﷺ Сәғд үшін әке-шешесін атады. Ол мұны одан басқа ешкім үшін айтпаған.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын): «*Ухуд шайқасы күні Аллаһтың Елшісі ﷺ мен үшін әке-шешесін атады*», — деген. Яғни шайқас кезінде Пайғамбарымыз ﷺ Сәғдқа: «***Әке-шешем сен үшін өтем болсын!***», — деген (әл-Бухари, 3519; Муслим, 2412).

Мүшриктердің бірі мұсылмандарды қатты жаралап, оларды оттай жалмап бара жатты. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Сәғдқа: «***Әке-шешем сен үшін өтем болсын! Ат!***», — деді. Сәғд: «*Мен оған ұшы жоқ жебені атып, бүйіріне тигіздім. Ол жерге құлап, әуретті жері ашылып қалды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ азу тістері көрінгенше күлді*», — деген. (Аллаһтың Елшісі ﷺ оның әуретті жері ашылғаны үшін емес, жауының өлтірілгеніне күлді) (Муслим, 2412).

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның балаларына айтқан насихаттарының бірін келтірейік.

Сәғд (Аллаһ оған разы болсын) ұлына былай деген: «*Балақаным! Мен өлгеннен кейін саған менен ықыласты жанашыр болатын біреуді кездестіремін деп ойлама. Намаз оқығың келген кезде дәретіңді толық ал және одан кейін ешқашан намаз оқымайтындай намаз оқы. Сараңдықтан сақтан, өйткені ол кедейлікке алып келеді. Адамдардың қолындағыға көз тікпе, өйткені бұл — нағыз байлық. Кейін ақталуға мәжбүр ететін сөздер мен істерден сақтан. Ал дұрыс деп санаған істеріңді жаса*»[1].

Сондай-ақ Сәғд (Аллаһ оған разы болсын) өзінің ұлына былай деген: «*Балақаным! Тәкаппарлықтан сақтан! Өзіңнің неден пайда болғаныңды және ақырында неге айналатыныңды білуің тәкаппарлықты тастауға көмектессін. Өзің жаратылған бір тамшыны, шыққан жатырды және қоректенген тағамыңды еске алсаң, тәкаппарлық қалайша орынды болмақ?*»[2].

Бір күні ол (Аллаһ оған разы болсын) ұлының Аллаһқа: «Уа, Аллаһ! Расында, Сенен Жәннатты, оның нығметтерін, сұлулығын және мына

1 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (227-бет).

2 «Әл-Ғәқд әл-фәрид», (2/185).

нәрсені, мына нәрсені сұраймын… Сондай-ақ Оттан, оның шынжырлары мен кісендерінен және анадан-мынадан қорғауыңды сұраймын…», — деп дұға еткенін естіді. Сонда Сәғд ұлына: «*Балам! Сен көптеген игілікті сұрап, көптеген жамандықтан Аллаһқа сыйындың. Алайда мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Менің үмметімде дұға жасауда шектен шығатын адамдар пайда болады**», — дегенін естідім*», — деді де, мына аятты оқыды:

﴿ٱدۡعُواْ رَبَّكُمۡ تَضَرُّعٗا وَخُفۡيَةًۚ إِنَّهُۥ لَا يُحِبُّ ٱلۡمُعۡتَدِينَ ٥٥﴾

«**Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер. Күдіксіз Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді**» («әл-Әғраф» сүресі, 55-аят).

Содан соң Сәғд: «*Саған: «Уа, Аллаһ! Сенен Жәннатты және оған жақындататын сөздер мен амалдарды сұраймын», — деп айту жеткілікті*», — деген еді[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарының ﷺ сахабалары және Оның дініне көмекшілер болу үшін таңдаған адамдар. Аллаһ олардың барлығына разы болсын! Аллаһ бізді де, сіздерді де олармен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге Нығметке толы Жәннат бақтарында жинасын!

[1] «Абу Дауд», (1480); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/53); «Муснад» имам Ахмад, (1/172); «Муснад» Сәғд, (151-бет); «Муснад» әт-Тәяләси, (28-бет); «Муснад» Абу Яғлә, (2/71); Шейх әл-Әлбәни «Сунан Аби Даудқа» қатысты ескертпесінде хадисті хасан-сахих деп атаған.

Абу Убәйда ибн әл-Жәррах (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарының ﷺ сахабалары болу және Оның дініне көмектесу үшін таңдады. Оларға деген сүйіспеншілік — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Аллаһ Тағала оларды Өзінің Кітабында мақтап, былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَّقَد تَّابَ ٱللَّهُ عَلَى ٱلنَّبِيِّ وَٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ ٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُ فِى سَاعَةِ ٱلْعُسْرَةِ مِنۢ بَعْدِ مَا كَادَ يَزِيغُ قُلُوبُ فَرِيقٍ مِّنْهُمْ ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ ۚ إِنَّهُۥ بِهِمْ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ ﴿١١٧﴾﴾

«**Расында, Аллаһ бір бөлімінің жүректері ауытқуға таяған ауыршылықтан кейін Пайғамбарға ерген Муһәжирлер мен Ансарлардың, Пайғамбардың тәубелерін қабыл етті. Аллаһ оларға тым Жұмсақ, өте Мейірімді болғандығынан тағы да оларың тәубелерін қабыл етті**» («әт-Тәуба» сүресі, 117-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلْحَمْدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصْطَفَىٰٓ ءَآللَّهُ خَيْرٌ أَمَّا يُشْرِكُونَ ﴿٥٩﴾﴾

«**(Мухаммад): «Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын. Аллаһ жақсы ма? Немесе Оған қосқан ортақтары жақсы ма?», — деп сұра!**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ Мухаммадтың ﷺ сахабаларын Өз Пайғамбары ﷺ үшін таңдады*», — деген. Пайғамбарымыз ﷺ өз сүннетінде сахабаларын мақтап, былай деген: «***Жұлдыздар — аспанның сақтаушылары. Жұлдыздар жоғалған кезде, аспанға уәде етілген нәрсе келеді. Мен — сахабаларымның сақтаушысымын. Мен кеткен кезде, сахабаларымның басына уәде етілген нәрсе келеді. Ал сахабаларым — ұмметімнің сақтаушылары. Олар кеткен кезде, ұмметімнің басына уәде етілген нәрсе келеді***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ұмметімнің ең жақсылары — мен пайғамбар етіп жіберілген буын, содан кейін олардың кейін келгендер***», — деген. Абу Хурайра бұл хабар жайлы: «*Оның үшінші буынды атаған-атамағанын Аллаһ жақсырақ біледі*», — деген (Муслим, 2534).

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Хәммад ибн Сәләма Айюб әс-Сахтияниден оның былай дегенін жеткізген: «Кімде-кім Абу Бакрді жақсы көрсе, дінін түзеткен болады. Кім Умарды жақсы көрсе, өз жолын нұрландырған болады. Кім Усманды жақсы көрсе, Аллаһтың нұрымен нұрланады. Кім Алиді жақсы көрсе, берік тұтқадан ұстаған болады. Ал кім Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары туралы жақсы сөз айтса, екіжүзділіктен аулақ болады*»»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарының ﷺ сахабасы әрі Оның дініне көмекші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі, ардақты сахабалардың арасындағы ұлы сахаба

[1] «Әл-Бидәя уә ән-нихая», (8/13).

туралы болады. Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах (Аллаһ оған разы болсын).

Ол — үлкен сахабалардың және Исламды алғаш қабылдағандардың бірі.

Абу Убәйда (Аллаһ оған разы болсын) туралы тақырыбымыз мына тарауларды қамтиды:

1) Оның артықшылықтары;

2) Оның өміріндегі айтулы оқиғалар;

3) Оның насихаттары;

Оның артықшылықтары

Бірінші: ол — Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр — Жәннатта, Абдуррахман ибн Ғауф — Жәннатта, Сәғд ибн Абу Уәққас — Жәннатта, Сәғид ибн Зәйд — Жәннатта және Абу Убәйда ибн әл-Жәррах — Жәннатта***».

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ екі шейх — Абу Бакр мен Умарды мақтаған кезде, Абу Убәйданы да бірге атап мақтаған (Аллаһ олардың барлығына разы болсын). Пайғамбарымыз ﷺ: «***Абу Бакр нендей жақсы адам! Умар нендей жақсы адам! Абу Убәйда ибн әл-Жәррах нендей жақсы адам***», — деген[1].

Үшінші: ол — екі шейхтан кейін Аллаһтың Елшісіне ﷺ ең сүйікті адам. Абдуллаһ ибн Шәқиқ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Айшадан: «Аллаһтың Елшісіне ﷺ сахабаларының қайсысы ең сүйікті еді?», — деп сұрадым. Ол (Аллаһ оған разы болсын): «Абу Бакр», — деп жауап берді. Мен: «Одан кейін кім?», — деп сұрадым. Ол: «Умар», — деп жауап берді. Мен: «Одан кейін кім?», — деп сұрадым. Ол: «Абу Убәйда ибн әл-Жәррах», — деп жауап берді. Мен: «Одан кейін кім?», — деп сұрадым. Ол үндемеді*»[2].

Төртінші: ол халифа болуға лайық адам еді.

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/459); «Мустәдрак» әл-Хәким, (3/259); «Мәуәрид әз-зәмған», (547-бет); Әт-Тирмизи, (3795); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/350); «Муснад» имам Ахмад, (2/419); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 Әт-Тирмизи, (3657); Ибн Мәжаһ, (102); «Муғтәсыр әл-мухтасыр», (2/354); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» және Ибн Мәжаһқа жазған есткертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

Абу Муләйканың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Айшаның (Аллаһ оған разы болсын): «Егер Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінен кейін халифа тағайындағанында, кімді тағайындар еді?», — деп сұралғанын естідім. Ол: «Абу Бакр», — деп жауап берді. Кейін оған: «Абу Бакрден кейін ше?», — деген сұрақ қойылды. Ол: «Умар», — деп жауап берді. Ол: «Умардан кейін кім?», — деп сұралды. Айша: «Абу Убәйда ибн әл-Жәррахты», — деп жауап берді де, осымен тоқтады*» (Муслим, 2385).

Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ дүниеден өткеннен кейін Сақифа күні Абу Бакр: «*Умарға немесе Абу Убәйдаға ант беріңдер*», — деді. Умар оған: «*Жоқ, біз саған ант береміз. Өйткені сен — арамыздағы ең құрметті әрі ең абзал адамсың. Аллаһтың Елшісі ﷺ сені бізден де қатты жақсы көрді*», — деп жауап берді (әл-Бухари, 3467).

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) өлім аузында жатқанда: «*Егер Абу Убәйда тірі болғанда, халифалық антын соған берер едім*», — деген[1].

Умар мүминдердің әміршісі болған кезде Халид ибн Уәлидті Шамды басқару қызметінен босатып, оның орнына Абу Убәйданы тағайындады[2].

Бесінші: Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын) Абу Убәйданың пікіріне қарсы келуді ұнатпайтын әрі оны жоғары бағалайтын. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндайтын: «*Бірде Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) Шам жерде оба індетінің басталғаны хабарланды. Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жинап, олармен кеңесе бастады. Олардың пікірлері әртүрлі болды. Умар кері қайтуды дұрыс деп санағандардың пікірін қабылдады. Сонда Абу Убәйда: «Сен Аллаһтың тағдырынан қашпақсың ба?», — деді. Умар: «Уа, Абу Убәйда! Осы сөзді сенен басқа біреу айтқанда ғой!», — деді. Өйткені ол Абу Убәйданың пікіріне қарсы келуді ұнатпайтын. Содан кейін Умар: «Иә, біз Аллаһтың тағдырынан Аллаһтың тағдырына қашамыз!», — деді*» (Әл-Бухари, 5397; Муслим, 2219).

Хәфиз (Аллаһ оны рахымына бөлесін): «*Бұл Абу Убәйданың Умар алдындағы дәрежесінің өте жоғары болғанына нұсқайды*», — деген[3].

Алтыншы: ол — осы үмметтің сенімге лайық адамы.

---

1 «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/391); «ас-Сунна» әл-Хәлләл, (1/279); «ат-Тәбақат әл-кубра» Ибн Сәғд, (3/343); «Тәрих ат-Тобари», (2/580).

2 Қараңыз, «әл-Мәусуғат әл-хәдисия» және «Муснад» имам Ахмад, (3/22).

3 «Әл-Исаба», (2/244).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, әрбір үмметтің сенімге лайық адамы (әмині) бар. Ал осы үмметтің сенімге лайықты адамы (әмині) — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах***» (Әл-Бухари, 4121).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, әрбір үмметтің сенімге лайық адамы бар. Уа, мұсылман үмметі! Біздің сенімге лайық адамымыз — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах***», — деген (Муслим, 2419).

Сондай-ақ хадистің басқа риуаятында Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «*Йемен тұрғындары Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «Бізбен бірге Сүннет пен Исламды үйрететін бір адамды жібер», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ Абу Убәйданың қолынан ұстап: «**Ол — осы үмметтің сенімге лайық адамы**», — деді*».

Хузәйфаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Нәжран тұрғындары Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бізге сенімге лайық бір адамды жібер», — деді. Ол ﷺ: «**Мен сендерге міндетті түрде шын мәнінде сенімге лайы бір адамды жіберемін**», — деп жауап берді. Содан кейін ол адамдарға, яғни үміткерлерге қарады. Олардың әрқайсысы хадисте мақталған сол сенімді адам болуды қалады. Алайда олар биліктің өзін қалаған жоқ. Осылайша, Пайғамбарымыз ﷺ оларға Абу Убәйда ибн әл-Жәррахты жіберді*» (Муслим, 2420).

Жетінші: оның өлімі Аллаһ жолындағы шәһидтік болды.

Ол Умар әл-Фаруқтың (Аллаһ оған разы болсын) заманында Шам жеріне тараған обадан қайтыс болды. Пайғамбарымыз ﷺ бұл аурудан қайтыс болған адамның шәһид екенін хабарлаған. Сондай-ақ Аллаһ жолында қайтыс болған адам да шәхид. Аллаһ Абу Убәйданың бойында осы екі сипатты да біріктірді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабаларынан: «***Сендер кімдерді шәһид деп санайсыңдар?***», — деп сұрады. Олар: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ жолында өлтірілген адам шәһид*», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Олай болса, менің үмметімдегі шәһидтер аз болады!***», — деді. Олар: «***Онда шәһидтер кімдер, уа, Аллаһ Елшісі?***», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ жолында өлтірілген адам — шәһид. Аллаһ жолында қайтыс болған адам — шәһид. Обадан қайтыс болған адам — шәһид. Іш ауруынан қайтыс болған адам — шәһид***», — деп жауап берді (Муслим, 1915).

Ғалымдар Абу Убәйданың һижраның он сегізінші жылы Шамда тараған обадан қайтыс болғанына бірауыздан келіскен[1].

1 «Әл-Исаба», (2/245).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Бірінші: Оның достық пен қатыссыздық мәселесіндегі ұстанымы

Абу Убәйда ибн әл-Жәррах Бадр шайқасында мүшрик болған әкесін өлтірді. Ибн Кәсир былай деген: «*Сәғид ибн Абдулазиз және басқалар:*

﴿لَّا تَجِدُ قَوْمًا يُؤْمِنُونَ بِٱللَّهِ وَٱلْيَوْمِ ٱلْءَاخِرِ يُوَآدُّونَ مَنْ حَآدَّ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ وَلَوْ كَانُوٓاْ ءَابَآءَهُمْ أَوْ أَبْنَآءَهُمْ أَوْ إِخْوَٰنَهُمْ أَوْ عَشِيرَتَهُمْ﴾

«**Аллаһқа, Ақырет күніне иман келтірген бір елдің аталары не балалары немесе туыстары немесе ағайындары болса да Аллаһқа, Елшісіне қарсы келгендерді сүйгенін көрмейсің…** », — *деген аяттың соңына дейінгі бөлігі Бадр күні әкесін өлтірген Абу Убәйда Әмир ибн әл-Жәррах туралы түсірілген», — деген*»[1].

Екінші: Ухуд шайқасы кезінде

Мұсылмандар жеңіліске ұшырап, мүшриктер: «Маған Мухаммадты көрсетіңдер! Маған Мухаммадты көрсетіңдер!», — деп айқайлаған кезде, Абу Убәйда Аллаһ Елшісін ﷺ мүшріктердің найзаларынан кеуделерімен қорғап, оның айналасында тұрған он адамның бірі еді. Шайқас аяқталған кезде Аллаһтың Елшісінің ﷺ күрек тісі сынып, маңдайы жарылған болатын. Сауыттың екі шығыршығы оның бетіне кіріп кеткен еді. Абу Бакр Әс-Сыддық оларды оның бетінен алып тастау үшін Пайғамбарға ﷺ қарай бет алды. Сонда Абу Убәйда оған: «*Мұны маған қалдыр!*», — деді. Абу Бакр оған жол берді. Абу Убәйда шығыршықтарды қолымен суырып алса, Аллаһтың Елшісіне ﷺ ауыр тиеді деп қорықты. Сондықтан алғашқы шығыршықты алдыңғы тісімен мықтап қысып, суырып алды. Сол кезде оның бір күрек тісі түсіп қалды. Содан кейін екінші шығыршықты басқа күрек тісімен қысып, суырып алды. Сонда оның екінші күрек тісі де түсіп қалды. Абу Бакр: «*Абу Убәйда тістері жоқ адамдардың ішіндегі ең көріктісі еді*», — деген еді[2].

---

1 «Мустәдрак» әл-Хәким, (3/296); «әс-Сунан әл-кубра» әл-Бәйхәқи, (9/27); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (1/154); «әт-Тәфсир» Ибн Кәсир, (4/330).

2 «Мустәдрак» әл-Хәким, (3/298); «Муснад» әт-Тәялуси, (3-бет); «Хилият әл-әулия», (8/175); Әл-Хәким «Хадис екі шейхтің шарттарына сай сенімді, алайда олар бұл хадисті

Аллаһпен ант етемін! Бұл — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарының ﷺ сахабалары және Оның дініне көмекшілер болу үшін таңдаған ерлер.

Үшінші: Шам жеріне оба келген кезде оның сонда болуы.

Оба таралған кезде әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Абу Убәйдаға (Аллаһ оған разы болсын) хат жазып: «*Расында, менің бір қажеттілігім бар және ол үшін сен керексің. Маған тезірек кел*», — деді. Хатты оқыған Абу Убәйда: «*Муминдердің әміршісінің қажетін түсіндім. Ол бұл дүниеде қалмайтын адамды тірі алып қалғысы келеді*», — деді де, кейін Умарға: «*Сенің қажетіңді түсіндім. Мені тапсырмаңнан босат. Расында, мен мұсылман әскерлерінің арасындамын және оларды тастап кеткім келмейді*», — деп жауап жазды. Умар хатты оқыған кезде жылап жіберді. Адамдар одан: «*Абу Убәйда қайтыс болды ма?*», — деп сұрады. Ол: «*Жоқ, бірақ ол қайтыс болғандай-ақ*», — деп жауап берді. Кейін Абу Убәйда дүниеден өтті де, оба тоқтады[1].

Төртінші: Оның Аллаһ Тағаланың жолында мал-мүлкін жұмсауы

Мәлик әд-Дәри былай деген: «*Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) төрт жүз динарды алып, дорбаға салды да, бір балаға: «Мынаны Абу Убәйдаға апар. Содан кейін оның не істейтінін көргенінше үйінде біраз уақыт күте тұр», — деді. Бала ақшаны алып барып: «Муминдердің әміршісі сізге: «Мұны кейбір қажеттіліктеріңе жұмса», — деді», — деп хабарлады. Абу Убәйда: «Аллаһ оған береке беріп, рахымына алсын», — деді. Содан кейін қызметші әйелге: «Маған кел де, мына жеті динарды пәленшеге апар, ал мына бес динарды түгеншеге апар», — деп, барлығын таратып жіберді. Бала Умарға қайтып келіп, көргенін хабарлады. Сонда ол Умардың дәл сондай мөлшердегі ақшаны Муғәз ибн Жәбәл үшін де дайындап қойғанын көрді. Умар: «Мынаны Муғәз ибн Жәбәлге апар. Содан кейін оның не істейтінін көру үшін үйінде біраз уақыт күте тұр», — деді. Бала ақшаны Муғәзға апарып: «Муминдердің әміршісі сізге: «Мұны кейбір қажеттіліктеріңе жұмса», — деді», — деп хабарлады. Муғәз: «Аллаһ оны рахымына бөлеп, береке берсін», — деді. Содан кейін ол қызметші әйелге: «Келіп, мынаны пәленшеге, ал мынаны түгеншеге апар», — деп тарата бастады. Сонда Муғәздың әйелі: «Аллаһпен ант етемін, біз де ке-*

келтірмеді», — деген.

1 «Сиәр әғләм ән-нубәлә», (1/18).

дейміз. Бізге де бер», — деді. Сол кезде матада екі динардан басқа ештеңе қалмаған еді. Муғәз сол екі динарды әйеліне берді. Бала Умарға қайтып келіп, болған жағдайды хабарлады. Умар бұған қуанып: «Расында, олар бір-біріне бауыр», — деді. Сондықтан Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) өзімен бірге бір бөлмеде отырған адамдардан: «Сендер нені қалар едіңдер?», — деп сұрады. Олардың бірі: «Осы үйдің іші алтынға толы болса екен. Содан кейін сол алтынның барлығын Аллаһтың жолында жұмсап, садақа етер едім», — деді. Умар қайтадан: «Сендер нені қалар едіңдер?», — деп сұрады. Екінші біреуі: «Осы үйдің іші асыл тастарға толы болса екен. Содан кейін оның барлығын Аллаһ жолында жұмсап, садақа етер едім», — деді. Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Тағы нені қалар едіңдер?», — деп сұрады. Олар: «Уа, мүминдердің әміршісі! Тағы нені қалауға болатынын білмейміз», — деді. Сонда Умар: «Ал мен осы үйдің Абу Убәйда ибн әл-Жәррах, Муғәз ибн Жәбәл және Хузәйфа ибн әл-Ямән секілді ерлерге толы болуын қалар едім», — деген еді»[1].

Оның насихаттары

Абу Убәйда ибн әл-Жәррах былай деген: «*Кейде киімін ағартқан адам өз дінін кірлетеді. Кейде өз жанын ардақтап жүрмін деп ойлаған адам шын мәнінде оны қорлайды. Бұрынғы жаман амалдарыңды жаңа ізгі амалдармен жойыңдар. Егер сендердің біреуің өзі мен аспанның арасын толтыратындай жамандық жасап, содан кейін бір ізгі амал жасаса, сол ізгі амалы оның жамандықтарынан асып, оларды толық жапқанша жоғары көтеріледі*»[2]. Аллаһпен ант етемін, Абу Убәйда ибн әл-Жәррах шындықты айтты! Расында, Аллаһ Тағала: «**Расында, ізгі амалдар жамандықтарды жояды**», — деген.

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ қудси хадисте былай деген: «***Уа, Адам баласы! Сен Маған дұға етіп, Менен үмітіңді үзбегеніңше, қандай күнә жасағаныңа қарамастан сені кешіре беремін! Уа, Адам баласы! Егер күнәларың аспанның бұлттарына дейін жетіп, содан кейін Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін! Уа, Адам баласы! Егер Маған жер жүзін толтыруға жуық күнәлармен келсең, бірақ Маған еш***

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/252); «Хилият әл-әулия», (1/102); «Сәфуәт әс-сафуа», (1/367–368); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/740).

[2] «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/100).

нәрсені серік қоспаған күйде жолықсаң, Мен саған сол күнәлардың барлығын жабатындай кешірім нәсіп етемін!»[1].

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сендерге Аллаһ сол арқылы күнәларды өшіріп, дәрежелерді көтеретін амалдар жайлы хабарлайын ба?***», — деді. Адамдар: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қиындыққа қарамастан дәретті толық алу, мешіттерге қарай көп қадам басу және бір намаздан кейін келесі намазды күту. Міне, осы сендер үшін рибат***», — деген еді (Муслим, 251).

Абу Убәйда (Аллаһ оған разы болсын): «*Құрдымға ұшырау дегеніміз — күнә жасап, содан кейін адам құрып біткенше игі амал жасамау*», — деген[2].

Сондай-ақ ол: «*Мүмин адамның жүрегі күн сайын құбылып тұратын кішкентай құс секілді: бірде былай, бірде былай*», — деген[3].

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Расында, жүрек «қолб» деп жиі өзгеріп, құбылып тұратындықтан аталған. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, жүректерді бұрушы (муқаллибәл-қулуб)! Жүрегімді дініңде берік ет!***», — деп дұға ететін.

Абу Убәйда (Аллаһ оған разы болсын): «*Иелерім сойып, етімді жеп, сорпамды ішетін қозы болғанымды қалар едім*», — деген[4].

Уа, Аллаһтың құлдары! Мұның себебін білесіңдер ме? Бұл оның есептен қорыққандығынан және Аллаһтың алдында тұрудан қауіптенгендіктен.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қиямет күні Аллаһ Тағала араларыңдағы әрқайсыңмен сөйлеседі. Аллаһ пен оның арасында тілмаш болмайды. Сонда адам алдына қарап, еш нәрсе көрмейді. Содан кейін қайта қарап, алдында Тозақты көреді. Кімде-кім жарты құрмамен болса да өзін Тозақтан қорғай алса, қорғасын!***», — деген (Әл-Бухари, 6174; Муслим, 1016).

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды дініңе көркем түрде қайтар!

---

1 Әт-Тирмизи, (3540); «Сунан әд-Дәрими», (2/414); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/216); «Муснад» имам Ахмад, (6/167); «әл-Әусәт», (5/338); «әс-Сағир», (2/82); «әл-Кәбир» әт-Тәбәрани (12/19); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиде» және «әс-Сахихада», (127, 128) сенімді деп атаған.

2 «Ихия ғулум әд-дин», (3/21).

3 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/100).

4 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (230-бет).

Зубәйр ибн әл-Ғәууәм (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مُّحَمَّدٞ رَّسُولُ ٱللَّهِۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلۡكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيۡنَهُمۡۖ تَرَىٰهُمۡ رُكَّعٗا سُجَّدٗا يَبۡتَغُونَ فَضۡلٗا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضۡوَٰنٗاۖ سِيمَاهُمۡ فِي وُجُوهِهِم مِّنۡ أَثَرِ ٱلسُّجُودِۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمۡ فِي ٱلتَّوۡرَىٰةِۚ وَمَثَلُهُمۡ فِي ٱلۡإِنجِيلِ كَزَرۡعٍ أَخۡرَجَ شَطۡـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسۡتَغۡلَظَ فَٱسۡتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعۡجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلۡكُفَّارَۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنۡهُم مَّغۡفِرَةٗ وَأَجۡرًا عَظِيمَۢا ٢٩﴾

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік түрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят).

Олар — ерлер. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

﴿فِي بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرۡفَعَ وَيُذۡكَرَ فِيهَا ٱسۡمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلۡغُدُوِّ وَٱلۡأٓصَالِ ٣٦ رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады» («ән-Нур» сүресі, 36–37-аят).

Аллаһ Тағала оларды шыншылдар деп сипаттап, былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلۡمُؤۡمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمۡ يَرۡتَابُواْ وَجَٰهَدُواْ بِأَمۡوَٰلِهِمۡ وَأَنفُسِهِمۡ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِۚ أُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ١٥﴾

«Шын мәнінде сондай Аллаһқа, Елшісіне иман келтірген мүминдер, сосын күдіктенбей; Аллаһ жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хужурат» сүресі, 15-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لِلۡفُقَرَآءِ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخۡرِجُواْ مِن دِيَٰرِهِمۡ وَأَمۡوَٰلِهِمۡ يَبۡتَغُونَ فَضۡلٗا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضۡوَٰنٗا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓۚ أُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ٨﴾

«Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар; Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа, Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар» («әл-Хәшр» сүресі, 8-аят).

Олар — шынайы мүминдер (иман келтіргендер). Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلۡمُؤۡمِنُونَ ٱلَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ ٱللَّهُ وَجِلَتۡ قُلُوبُهُمۡ وَإِذَا تُلِيَتۡ عَلَيۡهِمۡ ءَايَٰتُهُۥ زَادَتۡهُمۡ إِيمَٰنٗا وَعَلَىٰ رَبِّهِمۡ يَتَوَكَّلُونَ ٢ ٱلَّذِينَ يُقِيمُونَ ٱلصَّلَوٰةَ وَمِمَّا رَزَقۡنَٰهُمۡ يُنفِقُونَ ٣ أُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡمُؤۡمِنُونَ حَقّٗاۚ لَّهُمۡ دَرَجَٰتٌ عِندَ رَبِّهِمۡ وَمَغۡفِرَةٞ وَرِزۡقٞ كَرِيمٞ ٤﴾

«Сөзсіз мүминдер Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады. Сондай-ақ олар намазды толық орындап, оларға берген несібеміздің тиісті орынға жұмсайды. Міне солар — шынайы мүминдер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар» («әл-Әнфәл» сүресі, 2–4 аяттар).

Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өзінің Пайғамбарына сахаба болу әрі Өз дініне жәрдем беру үшін

таңдап алған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбау.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ақиқатында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең қайырлы жүрек деп тапты, кейін Оны Өзі үшін таңдап алып, Өз елшілігімен жіберді! Кейін Аллаһ Тағала Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының ішіндегі ең қайырлы жүректер деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарының ﷺ діні үшін күресетін көмекшілері етті*».

Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабалары мен олардың жолына ергендер — осы өмір мен Ақырет өмірінде шынайы бақытқа жеткендер. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ﴿١٠٠﴾﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің Сүннетімді және менен кейінгі тура жолмен жүргізілген әділетті халифалардың сүннетін ұстаныңдар. Оған азу тістеріңмен мықтап жабысыңдар…***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың біреуінен басқасының барлығы Тозақта болады***», — деген. Адамдар: «*Ол қай топ, уа, Аллаһтың Елшісі?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Бүгін мен және сахабаларым ұстанған жолда болғандар***», — деп жауап берді.

Олардың мәнһәжі мен жолын тастап, шайтанның жолына ерген адам осы дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعْدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلْهُدَىٰ وَيَتَّبِعْ غَيْرَ سَبِيلِ ٱلْمُؤْمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصْلِهِۦ جَهَنَّمَ ۖ وَسَآءَتْ مَصِيرًا ﴿١١٥﴾﴾

«**Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа тастаймыз. Ол нендей жаман орын!**» («ан-Ниса» сүресі, 115-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ. Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Зубәйр ибн әл-Ғәууәм (Аллаһ оған разы болсын).

Уа, Ислам үмметі! Ол — Зубәйр ибн әл-Ғәууәм ибн Хуәйлид әл-Әсәди әл-Қурайши. Оның анасы — Аллаһ Елшісінің ﷺ әке жағынан тәтесі болған Сафия бинт Абдулмутталиб. Әкесінің әпкесі — Аллаһ Елшісінің ﷺ жұбайы Хәдижа бинт Хуәйлид (Аллаһ оған разы болсын). Ал әйелі — Әсма бинт Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһтың құлдары! Зубайр ибн әл-Ғәууәм (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары, өміріндегі айтулы оқиғалар және өсиет-насихаттары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның көркем қасиеттері мен артықшылықтары өте көп. Олардың ішінде:

Бірінші: ол Жәннатпен сүйіншіленген сахабалардың бірі.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр — Жәннатта…***», — деген.

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның шәһид болып қайтыс болатынына куәлік еткен.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Талхә және Зубәйр Хира тауының үстінде болғанда, жартас қозғалды. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «****Тыныштал! Сенің үстіңде тек Пайғамбар, сыддық және шәһид қана тұр!****» — деді*», — деген.

Аллаһтың құлдары! Зубәйр Пайғамбарымыз ﷺ хабарлағандай шәһид болды. Түйе шайқасы күні Али (Аллаһ оған разы болсын) оған тиісті нәрсені еске салған соң, Зубәйр шайқасудан бас тартып, Мәдинаға қарай жол тартты. Жолда оны Ибн Жәрмуз өлтірді. Аллаһ Тағала оны лағынеттесін! Ол Зубәйрдың басын кесіп алып, оны Алиге (Аллаһ оған разы болсын) әкелді. Ол осы әрекеті үшін Алидің мақұлдауына ие боламын деп ойлаған еді. Ол кіруге рұқсат сұрағанда, Али: «*Оны кіргізбеңдер және оны Тозақпен сүйіншіленеңдер!*», — деді. Хадистің басқа риуаятында: «Алиге: «Расында, Зубәйрды өлтірген адам есіктің алдында тұр», — делінді. Сонда Али: «*Сафияның ұлын өлтірген адам міндетті түрде Тозаққа кіреді*», — деді», — деп жеткізілген.

Үшінші: ол Ухуд күні жараланғаннан кейін де Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ үндеуіне жауап бергендердің бірі болды. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ٱلَّذِينَ ٱسْتَجَابُوا۟ لِلَّهِ وَٱلرَّسُولِ مِنۢ بَعْدِ مَآ أَصَابَهُمُ ٱلْقَرْحُ ۚ لِلَّذِينَ أَحْسَنُوا۟ مِنْهُمْ وَٱتَّقَوْا۟ أَجْرٌ عَظِيمٌ ﴿١٧٢﴾﴾

«**Өздері соққы жегеннен кейін де Аллаһ және Елшісінің нұсқауларын қабылдағандар сондай-ақ олардың жақсылық істеп, тақуа болғандары үшін зор сыйлық бар**» («Әли Имран» сүресі, 172-аят).

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) Ғуруә ибн әз-Зубәйрға былай деген: «*Ухуд күні Аллаһ Елшісінің ﷺ басына түскен жағдай болғаннан кейін мүшриктер кері қайтты. Пайғамбарымыз ﷺ олардың қайта оралуынан қауіптеніп: «**Олардың соңынан кім барғысы келеді?**», — деп сұрады. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ олардың арасынан жетпіс адамды таңдап алды*». Хадистің жеткізушісі: «*Олардың арасында Абу Бакр мен Зубәйр да болды. Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын*», — деген (Әл-Бухари, 3849; Муслим, 2418).

Төртінші: ол Аллаһ Елшісінің ﷺ хәуәриі (апостолы) еді.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, әр пайғамбардың хауариі болған. Ал менің хәуәриім — Зубәйр ибн әл-Ғәууәм***» (Әл-Бухари, 2692).

Аллаһтың құлдары! Хәуәри — шынайы әрі адал көмекші. Сондықтан Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) бір адамның: «Мен хәуәридің ұлымын», — дегенін естіп: «*Сен мұны Зубәйрдың ұлдарының бірі болсаң ғана айта аласың. Әйтпесе, жоқ*», — деген[1].

Бесінші: Пайғамбарымыз ﷺ ол үшін өз әке-шешесін атаған.

Аллаһтың құлдары! Одақтас тайпалар Мәдинаға шабуыл жасаған кезде Бану Қурайза тайпасы опасыздық жасап, келісімін бұзды. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына: «***Бану Қурайзаға барып, олар туралы маған хабарды кім әкеледі?***», — деді. Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын) сол жерге қарай аттанды. Ол қайтып келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Әке-шешем сен үшін өтем болсын!***», — деді (Әл-Бухари, 3515).

Сондай-ақ Ухуд шайқасы кезінде Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын): «*Ухуд күні Пайғамбарымыз ﷺ мен үшін әке-шешесін бірге атады*», — деген[2].

---

1 «Әт-Тәбәқат әл-кубра» Ибн Сәғд, (3/106); Хәфиз оны «әл-Исаба» еңбегінде келтірген, (1/527).

2 «Әл-Әхадис әл-мухтәра», (3/85); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (6/58); «Сунна Ибн Мәжаһ», (123); «Муснад» имам Ахмад, (1/164); «Муснад» Абу Яғлә, (2/35); Шейх әл-Әлбәни «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

Алтыншы: мүминдердің әміршісі Усман ибн Ғаффән (Аллаһ оған разы болсын) оның ең жақсы адам әрі Аллаһ Елшісі ﷺ ең жақсы көрген адамдардың бірі болғанына куәлік еткен.

Мәруан ибн әл-Хәкам былай деген: «*Мұрыннан қан кету дерті кең таралған жылы Усман ибн Ғаффәнның мұрнынан қатты қан кетті. Бұл оған қажылық жасауға кедергі болды әрі ол өсиетін жазды. Сонда құрайыштықтардан бір адам келіп: «Өзіңнен кейінгі халифаны тағайында», — деді. Усман: «Адамдар біреудің атын атады ма?», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Усман: «Олар кімді атады?», — деп сұрағанда, әлгі адам үндемеді. Одан кейін тағы бір адам келді. Меніңше, ол Харис еді. Ол да: «Өзіңнен кейінгі халифаны тағайында», — деді. Усман: «Адамдар біреудің атын атады ма?», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Усман: «Олар кімді атады?», — деп сұрағанда, ол да үндемеді. Сонда Усман: «Мүмкін, олар Зубәйрды ататған шығар?», — деп сұрады. Әлгі адам: «Иә», — деп жауап берді. Усман: «Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Менің білуімше, ол — олардың ішіндегі ең жақсысы әрі Аллаһ Елшісіне ﷺ олардың ішіндегі ең сүйіктісі еді», — деді».* Хадистің басқа риуаятында оның: «*Аллаһпен ант етемін! Оның араларыңдағы ең жақсысы екендігін білесіңдер*», — деп үш рет айтқаны жеткізілген (әл-Бухари, 3512, 3513).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның батылдығы мен жауға тайсалмай ұмтылғаны жайындағы оқиғаларды қанша айтсаңыздар да болады!

Бірінші: Бадр шайқасы

Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бадр шайқасы күні мен шайқас алаңында лақап аты Абу Зат әл-Кәриш болған Убәйда ибн Сәғид ибн әл-Ғәспен жолықтым. Ол сауыт-сайманға тұтастай оранғандықтан, тек екі көзі ғана көрініп тұрды. Ол: «Мен Абу Зат әл-Кәришпін!», — деді. Сонда мен қолымдағы найзамен оған шабуыл жасап, көзінен жаралап өлтірдім*». Хишәм өзіне Зубайрдың былай дегені жеткізілгенін айтқан: «*Мен аяғымды оның денесіне тіреп, найзаны суырып алуға тырыстым. Бірақ оны суырып алу үшін көп күш жұмсауыма тура келді, өйткені найзаның екі ұшы да майысып қалған еді*» (әл-Бухари, 3776).

Екінші: Ор шайқасы

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған және әкесіне де разы болсын) былай деген: «*Ор шайқасы кезінде Пайғамбарымыз ﷺ адамдарды аттануға*

*шақырды. Зубәйр оның шақыруына жауап берді. Кейін ол ﷺ оларды тағы шақырғанда, тағы да Зубәйр жауап берді. Содан соң үшінші рет шақырғанда да Зубәйр жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Расында, әр пайғамбардың хәуәриі болған. Ал менің хәуәриім — Зубәйр!**», — деген еді».*

Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Одақтас тайпалар Мәдинаға шабуыл жасаған күні Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бану Құрайзаға барып, олар жайлы хабарды маған кім әкеледі?**», — деп сұрады. Сонда мен ол жаққа бардым. Қайтып келгенімде, Пайғамбарымыз ﷺ: «**Әке-шешем сен үшін өтем болсын!**», — деді*».

Үшінші: Ярмук шайқасы

Ярмук шайқасы күні Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары Зубәйрға: «*Неге шабуылды бастап бермейсің? Біз де сенімен бірге шабуылдай*мыз», — деді. Зубәйр: «*Егер мен оларға шабуыл жасасам, сендер маған ермейсіңдер*», — деді. Олар: «*Жоқ, біз саған міндетті түрде ереміз*», — деп жауап берді. Сонда Зубәйр оларға шабуыл жасап, саптарын бұзып өтті. Алайда онымен бірге ешкім болмады. Ол кері шауып келе жатқанда, дұшпандар оның атының жүгенінен ұстап, иығына екі рет қылыш сілтеп жаралады. Осы екі жараның арасында Бадр шайқасында алған ескі жарасы бар еді. Ғуруа былай деген: «*Мен бала кезімде ойнап, саусақтарымды сол жараның орнына салатынмын*» (Әл-Бухари, 3756). Бұл оның (Аллаһ оған разы болсын) өте батыл болғанын әрі мүшриктік және адасушылық әскерлеріне қарсы шайқастарда алдыңғы сапқа шыққанын көрсетеді. Ол Ярмук шайқасында да, өзі қатысқан барлық шайқаста да үлкен ерлікпен шайқасты.

Оның өсиет-насихаттары

Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын) өзінің ұлына: «*Адамдармен Құран арқылы айтысқа түспе. Өйткені оларды жеңе алмайсың. Алайда оларға Сүннет арқылы дәлел келтір…*» — деген[1].

Неліктен? Өйткені Сүннет Құранды түсіндіреді. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында: «**Намазды орындаңдар**», — деп бұйырды. Бірақ оны қалай орындаймыз? Осы сұраққа жауап беретін, намаздың қалай оқылатынын түсіндіретін Сүннет келді. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында: «**Зекет беріңдер**», — деп бұйырды. Бірақ оны қалай береміз? Зекеттің қалай берілетінін түсіндіретін Сүннет келді. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында Өзін еске

1 «Ихия ғулум әд-дин», (3/259).

алып, дәріптеуді бұйырды. Бірақ Оны қалай еске аламыз? Аллаһты қалай еске алу керектігін түсіндіретін Сүннет келді.

Сондықтан Аллаһтың дінінде үкім шығаратын адам Құран мен Сүннеттің дәлелдеріне сүйеніп, оларды осы үмметтің сәләфтары түсінгендей түсінуі керек. Осыдан кейін ол үкім шығарса (Аллаһ қаласа) ақиқатқа қатысты қателеспейді. Ал егер ол тек Құраннан немесе тек Сүннеттен ғана дәлел келтірсе, ақиқаттан жаңылуы мүмкін. Мысалы, біреу: «Өлексе харам ба?», — деп сұраса, ол: «Иә, барлық өлексе харам», — деп жауап беріп, Аллаһ Тағаланың: «**Ол сендерге өлексені харам етті**», — деген сөзін Құраннан дәлел ретінде келтірсе, оның бұл үкімі қате болады. Өйткені бұл мәселеде Сүннетке де жүгіну қажет. Сүннет бізге өлексенің екі түрі, балық пен шегірткенің хәләл екендігін түсіндірді. Сондықтан біз: «Иә, балық пен шегірткеден басқа өлекселер харам», — деп айтамыз. Осылайша дұрыс үкім шығарамыз.

Зубәйр (Аллаһ оған разы болсын): «*Кімде-кім жасырын ізгі амалдары жасай алса, сол амалдарды жасасын*», — деген[1].

Түйе шайқасы күні Зубәйр өзінің ұлы Абдуллаһқа қарыздарын өтеуді өсиет етіп: «*Уа, балам! Егер оларды өтеуге шамаң жетпесе, менің Қамқоршымнан көмек сұра*», — деді.

Абдуллаһ былай деген: «*Аллаһпен ант етемін! Мен оның не айтып тұрғанын түсінбедім. Сондықтан: «Уа, әкетайым! Сіздің Қамқоршыңыз кім?», — деп сұрадым. Ол: «Аллаһ», — деп жауап берді. Аллаһпен ант етемін! Мен қарызға байланысты қиналған сайын: «Уа, Зубәйрдың Қамқоршысы! Оның қарызын өтей гөр!», — деп дұға ететінмін. Сонда Аллаһ оны өтеп беретін*» (Әл-Бухари, 2961).

Бір күні оның ұлы одан: «*Расында, мен сіздің пәлен адам секілді Аллаһ Елшісінен ﷺ көп хадис жеткізгеніңізді естімеймін?*», — деп сұрады. Ол: «*Мен одан (Аллаһ Елшісінен ﷺ) ажыраған емеспін. Алайда оның: «**Кім менің атымнан әдейі өтірік айтса, Тозақтағы орнына дайындалсын!**», — дегенін естідім*», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 107).

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды дініңе көркем түрде қайтара гөр!

[1] «Әз-Зухд» имам Ахмад, (179-бет).

Тәлха ибн Убәйдуллаh (Аллаh оған разы болсын)

Аллаhтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаh Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаhқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаh оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады.

Имам әт-Тәхәуи (Аллаh оны рахымына бөлесін) әhлу әс-сунна уә әл-жәмағаның сенімі жайында былай деген: «*Біз Аллаh Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз. Олардың ешқайсысына деген сүйіспеншілікте шектен шықпаймыз әрі ешқайсысынан бас тартпаймыз. Біз оларды жек көретін және оларды жамандықпен еске алатын адамдарды жек көреміз. Біз оларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық*»[1].

Аллаhтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаh қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ.

1 «Шарх әл-ақида әт-тәхәуия», (467-бет).

Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Талхә ибн Убәйдуллаh ибн Усман әт-Тәйми әл-Қурайши, Абу Мухаммад. Ол Исламды алғаш қабылдаған адамдардың бірі еді. Оның Исламды қабылдауына Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаh оған разы болсын) себепкер болды.

Оны «Қайырлы Талхә», «Ізгі Талхә» және «Молшылық иесі Талхә» деп атаған.

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Талхә ибн Убәйдуллаh (Аллаh оған разы болсын) жайындағы әңгіміміз оның артықшылықтары, өміріндегі айтулы оқиғалар және өсиет-насихаттары туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның көркем қасиеттері мен артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: ол Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта…***», — деп, хадистің соңына дейін айтқан.

Сондай-ақ Ухуд шайқасы кезінде Пайғамбарымыз ﷺ: «***Талхәға Жәннат міндетті болды***», — деген.

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның шәһид болып қаза табатынын хабарлаған.

Абу Хурайрадан (Аллаh оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ Хира тауында болғаны жеткізіледі. Сол кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Тыныштал! Сенің үстіңде тек Пайғамбар, сыддық және шәһид қана тұр***», — деген. Таудың үстінде Пайғамбарымыз ﷺ, Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Талхә, Зубәйр және Сәғд ибн Абу Уәққас болған еді. Аллаh олардың барлығына разы болсын (Муслим, 2417).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім Жер бетінде жүріп жүрген шәһидті көргісі келсе, Талхә ибн Убәйдуллаһқа қарасын***», — деген[1].

Үшінші: Аллаh Елшісі ﷺ оған разы болған күйде дүниеден өтті.

Мүминдердің әміршісі Умар әл-Фаруқ (Аллаh оған разы болсын) өлім аузында жатқанда сахабалардың бірі оған: «Уа, мүминдердің әміршісі! Бізге өсиет қалдыр әрі халифа тағайында», — деді. Ол: «*Расында, мен бұл*

[1] «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/424); «әл-Әхадис әл-мухтәра», (3/44); әт-Тирмизи, (3739); Ибн Мәжаh, (125); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи» мен Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (126) сенімді деп атаған.

іске Аллаһтың Елшісі ﷺ өздерінен разы күйде дүниеден өткен мына кісілерден лайықтырақ ешкімді білмеймін», — деп, Али, Усман, Зубәйр, Талхә, Сәғд және Абдуррахманның есімдерін атады.

Имам әл-Бухари (Аллаһ оны рахымына бөлесін): *«Талхә ибн Убайдуллаһты еске алу тарауы. Умар: «Пайғамбар ﷺ дүниеден өткенде, оған разы еді», — деді», —* деген (әл-Бухари, 3/1363).

Төртінші: Аллаһтың Елшісі ﷺ Талхәның өз міндетін орындап, Аллаһқа берген уәдесін толық өтегендердің қатарынан екендігін хабарлаған. Ол өзіне Аллаһтың жолында соғысып, Оның дініне жәрдем беруге уәде еткен еді.

Муса ибн Талхәның былай дегені жеткізіледі: «*Мен Муғәуияның алдына кіргенімде, ол: «Саған сүйінші хабар айтайын ба? Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Талхә — өз міндетін орындағандардың бірі**», — дегенін естідім», — деді*»[1].

Сондай-ақ Тәләхадан оның былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары білімсіз бәдәуиге: «Одан (Пайғамбарымыздан ﷺ) өз міндетін орындаған адам жайында одан сұра», — деді. Олар Пайғамбарымыздан ﷺ құрметі мен ізетінен сұрауға батпайтын. Бәдәуи Пайғамбарға ﷺ бұл сұрақты қойды, бірақ ол одан теріс бұрылды. Бәдәуи сұраған қайталады, алайда Пайғамбарымыз ﷺ тағы да теріс бұрылды. Ол үшінші рет сұрағанда да, Пайғамбар ﷺ теріс бұрылды. Содан кейін мен мешіттің есігінен ішке қарадым. Менің үстімде жасыл киім бар еді. Пайғамбарымыз ﷺ мені көргенде: «Өз міндетін орындағандар туралы сұрап жүрген адам қайда?», — деді. Бәдәуи: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл мен!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мына кісі (яғни Талхә) — өз міндетін орындағандардың бірі**», — деді*»[2].

Аллаһтың құлдары! Талхә ибн Убәйдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) шайқасқа қатысса, шәһид болғанша табандылық танытуға уәде берген сахабалардың қатарында еді. Ухуд күні Талхә берген уәдесіне берік болып, ерекше табандылық көрсетті. Ол қолы сал болып қалса да, сол қолымен Аллаһ Елшісін ﷺ қорғаған еді.

Бесінші: оның ақиқатты танып-білуге әрі Аллаһ Елшісінен ﷺ білім алуға ұмтылуы.

Талхә (Аллаһ оған разы болсын): «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Сізге салауатты қалай айтуымыз қажет?*», — деп сұраған еді Пайғамбары-

---

1 Әт-Тирмизи, (3202); Ибн Мәжаһ, (127).

2 Әт-Тирмизи, (3202); «Муснад» Абу Яғлә, (663); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде: «Хадис хасан сахих», — деген.

мыз ﷺ: «***«Уа, Аллаһ! Ибраһимге игілік еткеніңдей, Мухаммадқа және Мухаммадтың әулетіне игілік бере гөр. Расында, Сен — мақтауға лайық, Даңқтысың! Уа, Аллаһ! Ибраһимнің әулетіне береке бергеніңдей, Мухаммадқа және Мухаммадтың әулетіне береке бере гөр. Расында, Сен — мақтауға лайық, Даңқтысың!», — деп айт***», — деп жауап берді[1].

Сондай-ақ Талхә (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз намаз оқып жатқанда, алдымыздан жануарлар өтетін. Біз осы жайында Пайғамбарымызға ﷺ айтқанымызда, ол: «**Алдыңа ер-тоқымның артқы бөлігіне ұқсас бір нәрсе қойсаң, алдыңнан өткен нәрсе саған зиян келтірмейді**», — деген*» (Муслим, 499).

Бір күні Умар Талхәның үйіне кіріп, оның мұңайып отырғанын көрді де: «*Уа, Абу Мухаммад! Не болды? Неге мұңайып отырсың? Саған әйелің, яғни көкеңнің (яғни Абу Бакрдың) қызы ренжітті ме?*», — деп сұрады. Талхә: «*Жоқ*», — деді де, Абу Бакрды мақтады. Кейін Талхә былай деді: «*Алайда мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Өлімінен бұрын мына сөздерді айтқан құлын Аллаһ қайғыдан міндетті түрде құтқарып, оған нұр береді**», — дегенін естідім, бірақ менің бұл сөздерді сұрауға шамам болмай, Пайғамбар ﷺ дүниеден өтті*». Умар: «*Мен ол сөздерді білемін*», — деді. Талхә: «*Олар қандай сөздер?*», — деп сұрады. Умар: «*Пайғамбарымыз ﷺ өзінің көкесіне айтуды бұйырған «Лә илаһә иллә-Ллаһ» сөзінен ұлы сөзді білесің бе?*» — деді. Талхә: «*Аллаһпен ант етемін, бұл — осы сөздер*», — деп жауап берді[2].

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалардың кейбіріне тоқтайық.

Бірінші: оның Аллаһтың жолында мал жұмсауы, жанын пида етуі, батылдығы, алға ұмтылуы және Аллаһ Елшісін ﷺ қорғауы. Мұның барлығы Ухуд шайқасында айқын көрінді.

---

1 «Әл-Әхадис әл-мухтара», (3/24); «әл-Мужтәба» ән-Нәсәи, (1290); «әл-Кубра», (1/383); «Муснад» имам Ахмад, (1/162); «Муснад» Абу Яғлә, (2/22); Шейх әл-Әлбәни «Сунан ән-Нәсәиге», «әл-Мужтәбаға» жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Әл-мәусуғат әл-хадисия», «Муснад» имам Ахмад, (1386); Хадистің иснады сенімді

Аллаһ Тағала Талхә ибн Убәйдуллаһты (Аллаһ оған разы болсын) Ухуд күні үлкен сынаққа салды. Сондықтан сахабалар Ухуд күні жайында: «*Сол күннің даңқы түгелдей Талхәға тиесілі*», — дейтін[1].

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ухуд күні адамдар қашып кеткенде, Аллаһтың Елшісі ﷺ он екі адаммен қалды. Олардың арасында Талхә ибн Убәйдуллаһ та бар еді. Мүшриктер оларға жетіп алды. Аллаһтың Елшісі ﷺ артына бұрылып: «**Оларға қарсы тұратын біреу бар ма?**», — деп сұрады. Талхә: «Мен!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Орныңда қал!**», — деді. Сонда ансарлардың бірі: «Мен, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «**Сен шық**», — деді. Ол шайқасып, өлтірілді. Содан кейін Пайғамбар ﷺ артына бұрылып қарағанда, мүшриктердің оларға жетіп қалғанын көрді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Оларға қарсы тұратын біреу бар ма?**», — деп сұрады. Талхә: «Мен!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «**Орныңда қал!**», — деді. Тағы бір ансар: «Мен, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен шық**», — деді. Ол шайқасып, өлтірілді. Пайғамбарымыз ﷺ осылай қайта-қайта сұрай берді. Әр жолы ансарлардан бір адам шығып, өзінен бұрынғысы секілді мүшіктермен соғысып, ақыры қаза табатын. Осылайша, Аллаһтың Елшісі ﷺ Талхә ибн Убәйдуллаһпен ғана қалды. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оларға қарсы тұратын біреу бар ма?**», — деп сұрады. Талхә: «Мен!», — деп дауыстады. Ол өзінен бұрын шыққандар секілді соғысып, саусақтарынан айырылды да, ауырғаннан: «Хәсси!», — деп дауыстап жіберді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Егер сен «Бисмиллаһ» дегеніңде, періштелер сені көтеріп әкетер еді, ал адамдар саған қарап тұрар еді**», — деді. Содан кейін Аллаһ мүшриктерді кері қайтарды*»[2].

Халид ибн Қайстың: «*Мен Ухуд күні Пайғамбарды ﷺ қорғаған Абу Талхәның қолының сал болып қалғанын көрдім*», — дегені жеткізіледі (Әл-Бухари, 3518).

Зубәйр ибн әл-Ғәууәм былай деген: «*Ухуд шайқасы күні Пайғамбар ﷺ екі сауыт киген еді. Ол жартастың үстіне шықпақ болды, бірақ көтеріле алмады. Сонда ол ﷺ отыруды бұйырып, соның көмегімен жартасқа*

---

1 «Тәфсир Ибн Кәсир», (1/417); Әт-Тәблиси мүминдердің анасы Айшаның былай дегенін келтірген: «*Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Ухуд күнін еске алғанда жылайтын, кейін: «Бұл күннің барлығы Тәлхәға тиесілі», — деп айтатын*» (3-бет); «Фәтх әл-Бәри», (7/361).

2 «Әл-әхадис әл-мухтара», (3/43); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/149); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (1/116); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (3149); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ән-Нәсәиге» және «әл-Мужтәбаға» жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (2796) сенімді деп атаған.

шықты. Мен Пайғамбарымыздың ﷺ: «Талхә міндетті түрде Жәннатқа кіреді», — дегенін естідім»[1]. Яғни ол Жәннатқа кіруіне себеп болатын ізгі амал жасады.

Талхәның қыздары Айша мен Умм Исхақтың былай дегендері жеткізіледі: «*Ухуд күні әкеміз жиырма төрт рет жараланды. Оның басына төртбұрышты жара бар еді, сондай-ақ оның сіңірлері кесіліп, саусақтары сал болып қалды. Денесінің басқа жерлерінде де жарақаттар бар еді. Ол талып қалды. Ал Аллаһтың Елшісінің ﷺ тісі сынып, жүзі жараланып, өзі де талып қалған еді. Талхә оны ﷺ арқалап, шегініп алып жүрді. Мүшриктердің бірі оларға жеткен сайын, Талхә онымен шайқасып, ақыры шатқалға сүйеніп тоқтады*»[2].

Зубәйр былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ сол күні, яғни Ухуд күні: «**Талхә міндетті түрде Жәннатқа кіреді**», — дегенін естідім. Ол Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін жасаған ісінің арқасында Жәннатқа лайық болды. Талхә отырып, Пайғамбар ﷺ оның арқасына шыққан еді*».

Екінші: оның жомарттығы, кеңпейілдігі, Аллаһтың жолында малмүлік жұмсауы және жақсылық жасауға ұмтылысы.

Талхә ибн Убәйдуллаһ жерін жеті жүз мыңға сатты. Бұл мал-мүлік оның үйінде бір түн жатты. Ол осы дүние-мүлік үшін алаңдап, таң атқанша ұйықтамады. Таң атқанда ол оны таратып тастаған еді[3].

Бір бәдәуи кісі Талхәға келіп, туыстық қатынасты себеп етіп көмек сұрады. Сонда Талхә: «*Расында, бұл — туыстық байланыс. Бұған дейін маған ешкім мұны себеп етіп өтініш айтқан емес. Менің бір жерім бар, Усман маған оған үш жүз мың беріп отыр. Оны саған берейін. Қаласаң, Усманға сатып, ақшасын саған беремін*», — деді. Бәдәуи: «Ақшасын бер», — деді. Сонда Талхә оған ақшаны берді[4].

Абдуллаһ ибн Шәддәдтан Узра тайпасынан болған үш адам Пайғамбарымызға ﷺ келіп, Исламды қабылдағаны жеткізіледі. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім оларды өз қамқорлығына алады?***», — деп сұрады. Талхә: «Мен!», — деп жауап берді. Сөйтіп, олар Талхәның үйіне орналасты. Пайғамбарымыз ﷺ бір жасақты жорыққа жіберді. Сол үш адамның бірі жа-

---

1 «Әл-Мустәдрак», (3/28); әт-Тирмизи, (1692); «әс-Сунан» әл-Бәйхәқи, (6/370); «Муснад әл-Бәззар», (3/188); «Муснад Сәғд», (152-бет); «Муснад» Абу Яғлә, (2/33); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6112) хадисті жақсы деп атаған.

2 «әт-Тәбәқат әл-кубра» Ибн Сәғд, (3/217); «Китәб әс-сунан», (2/355); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/18).

3 «Хилият әл-әулия», (1/89); «Фадаил әс-сахаба» имам Ахмад, (2/745).

4 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/31).

сақпен бірге шығып, шәһид болды. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ басқа жасақты жіберді. Екіншісі соған қосылып, шәһид болды. Ал үшіншісі төсегінде қайтыс болды. Талхә былай деді: «*Түсімде қамқорлығыма алған осы үш адамды Жәннатта көрдім. Төсегінде қайтыс болған адам олардың алдында тұр еді. Одан кейін екінші болып шәһид болған адамды көрдім. Ал бірінші болып шәһид болған адам соңында жүргенін көрдім. Бұл маған түсініксіз көрінді. Сондықтан мен Пайғамбарға ﷺ барып, оған түсімді айтып бердім*». Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Мұнда саған ұнамайтын не бар? Исламда ұзақ өмір сүріп, Аллаһты тәсбих, тәкбир және тәһлил еткен мүминнен Аллаһтың алдында артық ешкім жоқ***», — деді[1].

Талхә таудың жанынан бір құдық сатып алып, мал сойып, адамдарды тамақтандырды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Сен молшылық иесі — Талхәсың***», — деді[2].

Оның өсиет-насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өсиет-насихаттары жайлы айтсақ, оларға келесі сөздерді жатқызуға болады:

1. Талхә (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Туыстық байланысты сақтау мәселесінде сараңмен, соғыс мәселесінде қорқақпен, ал үйлену мәселесінде жас жігітпен кеңеспе*»[3].

2. Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Адамдардың өзінің кемшіліктерін азырақ білгенін қалаған адам үйінде отырсын. Адамдармен көп араласқан адамның дініне нұқсан келеді, алайда оның өзі бұны сезбейді*», — деген. Сондықтан бір адам Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Құтылу неде?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Тіліңді тый, үйіңде бол және күнәларың үшін жыла***», — деп жауап берді.

3. Сондай-ақ Талхә (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «***Расында, біз де мал-дүниемізге қатысты сараңдар сезінетін нәрсені сезіне-***

---

1 «Әл-әхадис әл-мухтәра», (3/33); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/204); «Муснад» имам Ахмад, (1/163). Хадис (оны қуаттайтын басқа хадистердің бар болғандығы себепті) жақсы: «Әл-Мәусуғат әл-хадисия».

2 «Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/421); «әл-Әхадис әл-мухтәра», (3/35); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/147); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (7/7); «әс-Сунна» Ибн Аби Ғасым, (2/614).

3 «Кәнз әл-ғәммәл», (3/790) 8773.

міз. Алайда біз сабыр етеміз»[1]. Яғни жомарт адам да сараң секілді мал-дүниеге ұмтылуды әрі оны жинауды қалайды. Алайда жомарт адам өз нәпсісін бұл құштарлықтан бас тартуға міндеттеп, малын жұмсайды және осы жолда өзін сабыр етуге мәжбүрлейді.

Уа Аллаh! Бізге дінімізді дұрыс түсінуді нәсіп ет!

1 «Ихия ғулум әд-дин», (4/33).

Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

Аллаһтың құлдары! Құтылуды қалаған адам олардың жолына еріп, Ислам дінін олар түсінгендей түсіну қажет. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, бұл үммет жетпіс үш топқа бөлінеді, әрі бір топтан басқа барлығы Тозақта болады, бұл — мен және менің сахабаларым болған нәрсені ұстанғандар***».

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Седерден кімдекім біреуге ілескісі келсе, қайтыс болғандарға ілессін, өйткені тірі адам азғырылардан қауіпсіздікте емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, олар осы үмметтің ішінде жүректері ең ізгі, білімдері ең терең әрі өздерін пайдасыз нәрселермен ең аз ауырлатқандары еді. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдап алған адамдар! Олардың артықшылығын мойындаңдар, олардың жолымен жүріңдер, мүмкіндігінше олардың мінез-құлқы мен дінін бекем ұстаныңдар, өйткені олар тура жолда болды*».

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Хәммад ибн Сәләма Айюб әс-Сахтиянидің былай дегенін жеткізді: «Абу Бакрды жақсы көрген адам дінін түзеді. Умарды жақсы көрген адам өз жолын нұрландырды. Усманды жақсы көрген адам Аллаһтың нұрымен нұрланды. Алиді жақсы көрген адам берік тұтқадан ұстады. Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары жайында жақсы сөз айтқан адам екіжүзділікке қаттыссыз болып саналады*»»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы адамдардың, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ. Оның кім екенін білесіздер ме?

Ол — Сәғид ибн Зәйд ибн Ғәмр ибн Нуфәйл әл-Қурайши әл-Ғәдәуи, Абул-Әғуәр.

Оның әкесі Зәйд ибн Ғәмр ибн Нуфәйл Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ жіберілмей тұрып-ақ Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) хәнифия дінін ұстанған хәнифтердің бірі еді. Ол пұттарға арнап құрбандық шалмайтын, өлексе мен қанды жемейтін. Ол өз халқына: «Уа, құрайыштықтар! Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһтан өзгеге арналып сойылған малды жемеймін. Аллаһпен ант етемін, менен басқа Ибраһимнің дінін ұстанатын ешкім жоқ», — деп айтатын[2].

Әсма бинт Абу Бакр (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Мен Зәйд ибн Ғәмр ибн Нуфәйлдің арқасын Қағбаға сүйеп тұрып: «Уа, құрайыштықтар! Аллаһпен ант етемін, араларыңда менен басқа Ибраһимнің дінін ұстанған ешкім жоқ», — дегенін көрдім*». Ол жаңа туған қыздарды өлімнен құтқаратын. Біреу қызын өлтіргісі келсе,

1 «Әл-бидәя уә ән-нихәя», (8/13).

2 «Әл-Истиғәб» Ибн Абдул-Барр, «әл-Исаба», (2/4).

Зәйд оған: «Оны өлтірме, оны асырауды мен өз мойныма аламын», — дейтін. Осылайша, ол қызды өз қамқорлығына алатын. Қыз бойжеткенде, Зәйд оның әкесіне: «Қаласаң, қызыңды саған қайтарамын. Қаласаң, оны асырауды әрі қарай да жалғастырамын», — дейтін» (әл-Бухари, 3616).

Имам әл-Бухари Абдуллаһ ибн Умардың (Аллаһ оған және әкесіне де разы болсын) былай дегенін жеткізген: «*Пайғамбарымыз ﷺ өзіне уәхи түсе бастағанға дейін Меккенің батысындағы Бәлдәх алқабының төменгі жағында Зәйд ибн Ғәмр ибн Нуфәйлді кездестірді. Пайғамбарымызға ﷺ тағам ұсынылды, бірақ ол одан бас тартты. Содан кейін ол тағам Зәйдке ұсынылғанда, ол: «Расында, мен сендердің пұттарыңның жанындағы тастардағы құрбандық орындарында сойған малдарыңды жемеймін. Мен тек Аллаһтың аты аталып сойылған малды ғана жеймін», — деді. Сондай-ақ Зәйд ибн Ғәмр құрайыштықтардың мал сою тәсілін айыптап: «Қойды Аллаһ жаратты. Ол оған аспаннан су түсіріп, жерден шөп өсірді. Ал сендер оны Аллаһтың атын атамай соясыңдар!», — дейтін». Ол олардың бұл ісін айыптап, үлкен күнә деп санайтын*» (әл-Бухари, 3614).

Аллаһтың құлдары! Бұл — Зәйд ибн Ғмр ибн Нуфәйл, біз осы тақырыпты әңгімелейтін ұлы сахабаның әкесі.

Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) туралы тарауымыз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір айтулы оқиғалар жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары мен мақтаулы қасиеттері өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: ол Исламды алғаш қабылдаған адамдардың бірі еді.

Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһпен ант етемін! Умар Исламды өзі қабылдамай тұрып, мені Исламды қабылдағаным үшін байлап қойған еді*» (әл-Бухари, 3649).

Бұл хадистен келесі нәрселерді көре аламыз:

1) Біріншіден, ол Исламды алғаш қабылдағандардың бірі болды;

2) Екіншіден, ол Умар ибн әл-Хаттабтан бұрын Исламды қабылдады;

3) Үшіншіден, ол Аллаһ жолында азапталып, Ислам дінін ұстануда берік болды.

Абу Абдуллаһ әл-Хаким: «*Сәғид ибн Зәйд Ислам дінін Аллаһтың Елшісі ﷺ Дарул-Әрқамға кіріп, сол жерде адамдарды Исламға шақыра бастағанға дейін қабылдаған*», — деген[1].

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның Жәннатта болатынына куәлік еткен. Сәғид ибн Зәйдтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Он адам Жәннатта болады. Пайғамбар — Жәннатта, Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр ибн әл Ғәууәм — Жәннатта, Абу Убәйда — Жәннатта, Сәғд ибн Абу Уәққас — Жәннатта, Абдуррахман ибн Ғәуф — Жәннатта**», — дегеніне куәлік етемін*». Содан кейін Сәғид ибн Зәйд: «*Қаласам, онышы адамның да есімін атаймын*», — деді. Адамдар: «Ол кім?», — деп сұрады. Сәғид ибн Зәйд үндемеді. Адамдар одан тағы да: «Ол кім?», — деп сұрағанда, ол: «*Сәғид ибн Зәйд*», — деп жауап берді.

Сәғид ибн Зәйдтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ он адамның онышысы болғаны әрі оның ﷺ: «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр — Жәннатта, Сәғд — Жәннатта, Абдуррахман — Жәннатта***», — дегені жеткізіледі. Одан: «Тоғызыншысы кім?», — деп сұрағанда, Сәғид ибн Зәйд: «*Мен*», — деп жауап берген[2].

Үшінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның шәһидтердің қатарынан екендігін хабарлаған.

Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Тыныштал, Хира! Сенің үстіңде тек пайғамбар, сыддық және шәһид қана тұр**», — дегенін естігеніме куәлік етемін*». Содан кейін ол олардың есімдерін атады, ол жерде: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Умар, Усман, Али, Талхә, Зубәйр, Сәғд, Ибн Ғәуф және Сәғид ибн Зәйд болған еді[3].

Төртінші: оған дұшпандық жасалғанда, ол Аллаһтан жәрдем сұрап, Аллаһ Елшісінен ﷺ естіген сөзін дәлел ретінде келтірді.

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/496); «әт-Тәбәқат әл-кубра» Ибн Сәғд, (3/405).

2 «Әл-Әхадис әл-мухтара», (3/282); Ибн Мәжаһ, (133); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (6/350); «Муснад» әш-Шәши, (1/237); Шейх әл-Әлбәни «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6110) және «әр-Раудта», (425) сенімді деп атаған.

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/458); әт-Тирмизи, (3757); Абу Дауд, (4648); Ибн Мәжаһ, (134); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (875) сенімді деп атаған.

Әруа бинт Уәйс Сағид ибн Зәйдті өзінің жерінің бір бөлігін иемденіп алды деп айыптап, Мәруан ибн әл-Хәкәмға шағымданды. Сағид: «*Аллаһ Елшісінен ﷺ естіген сөзімнен кейін мен оның жерінің бір бөлігін қалайша иемденбекпін?*», — деді. Мәруан: «Аллаһ Елшісінен ﷺ не естідің?», — деп сұрады. Сағид: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Кімде-кім бір қарыс жерді әділетсіз иемденсе, Қиямет күні ол жеті қабат жерден оның мойнына оралады**», — дегенін естідім*», — деп жауап берді. Сонда Мәруан: «Осыдан кейін сенен басқа дәлел талап етпеймін», — деді. Сағид: «*Уа, Аллаһ! Егер ол өтірік айтқан болса, оның соқыр ет және оны өзінің жерінде өлтір*», — деген. Ғуруа: «*Ол (шынымен де) соқыр болмағанша өлмеді және бірде (бұл әйел) өзінің жерінде жүріп, шұңқырға түсіп кетті де, жан тапсырды*», — деген (Әл-Бухари, 3198; Муслим, 1610).

Бұл таңғаларлық емес. Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Жәбір көрген адамның дұғасынан сақ болыңдар. Расында, оның дұғасы мен Аллаһтың арасында ешқандай тосқауыл жоқ***», — деген (Әл-Бухари, 1425; Муслим, 19).

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Жәбір көрген адамның дұғасынан сақ болыңдар. Расында, ол көкке ұшқын секілді көтеріледі***», — деген[1].

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Үш адамның дұғасы қабыл болады: ата-ананың, жолаушының және жәбір көрген адамның***»[2].

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғаларды келтірейік:

Оның Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын қорғауы

Рабах ибн әл-Хәристің былай дегені жеткізіледі: «Мен Куфа мешітінде пәленнің жанында отырдым. Оның қасында Куфа тұрғындары да отырған еді. Содан кейін Сағид ибн Зәйд ибн Ғәмр ибн Нуфәйл келді. Әлгі адам оны жылы қарсы алып, аяғының жанындағы төсекке отырғызды. Одан кейін Қойс ибн Әлқама есімді куфалық бір адам келіп, оның қарсы алдына отырды да, әлдекімді балағаттай бастады. Сағид: «*Бұл адам кімді балағаттап отыр?*», — деп сұрады. Оған: «Ол Алиді балағат-

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/83); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әт-тәрғиб уә әт-тәрхиб», (2228) еңбегінде жеткізген

2 «Сахих» Ибн Хузәйма, (4/113); «әз-Зәуәид» әл-Хәйсәми, (10/151); «Муснад әр-Рауияни», (1/160); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әт-тәрғиб уә әт-тәрхиб», (2227) еңбегінде жеткізген.

тап отыр», — деп жауап берілді. Сонда Сағид былай деді: «*Сенің қасыңда Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары балағатталып жатқанын көріп тұрмын. Ал сен бұл істі айыптамайсың әрі оны тоқтатуға әрекет етпейсің! Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім. Оның атынан өтірік айтуыма ешбір себеп жоқ. Өйткені ертең онымен кездескенде, бұл үшін сұраламын:* «***Абу Бакр — Жәннатта, Умар — Жәннатта, Усман — Жәннатта, Али — Жәннатта, Талхә — Жәннатта, Зубәйр ибн әл-Ғәууәм — Жәннатта, Сәғд ибн Мәлик — Жәннатта және Абдуррахман ибн Ғәуф — Жәннатта***». *Мүминдердің тоғызыншысы да Жәннатта. Қаласам, оның да есімін атар едім*», — деді. Мешіттегі адамдар дауыстап: «*Уа, Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабасы! Тоғызыншысы кім екенін Аллаһпен ант еткізіп сұраймыз!*», — деді. Сағид ибн Зәйд: «*Мені Аллаһпен ант еткізіп сұрадыңдар. Аллаһ — Ұлы! Мүминдердің тоғызыншысы — менмін, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ — онынщысы*», — деп жауап берді. Содан кейін ол ант етіп: «*Аллаһпен ант етемін! Олардың бірінің Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге қатысып, жүзіне шаң жұқтырған бір ғана жорығы сендердің біреуіңе Нух пайғамбардың өміріндей ұзақ ғұмыр берілсе де, сол ғұмыр бойы жасаған барлық амалынан қайырлы*», — деді[1].

Аллаһтың құлдары! Сахабаларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Мүмин адам Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын балағаттап немесе жамандап жатқан адамды естісе, оларды қорғауға міндетті. Өйткені Құран мен Сүннеттің дәлелдері Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жамандауға тыйым салады.

Құраннан дәлел:

﴿وَٱلَّذِينَ يُؤْذُونَ ٱلْمُؤْمِنِينَ وَٱلْمُؤْمِنَٰتِ بِغَيْرِ مَا ٱكْتَسَبُوا۟ فَقَدِ ٱحْتَمَلُوا۟ بُهْتَٰنًا وَإِثْمًا مُّبِينًا ﴿٥٨﴾﴾

«**Сондай мүмин ер, әйелдерді жазықсыз кейіткендер, әрине олар жала жауып, ашық күнә жүктеп алды**» («әл-Әхзәб» сүресі, 58-аят).

Сүннеттен дәлел:

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің сахабаларымды балағаттамаңдар! Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер сендердің біреуің Аллаһ жолында Ухуд тауындай алтын жұмсаса да, олардың бірінің жұмсаған бір муддына да, тіпті оның жартысына да жете алмайды***» (әл-Бухари, 3470, Муслим, 2540).

---

1 «Әл-Әхадис әл-мухтәра» әд-Дыя, (3/282–283); Абу Дауд, (4650); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (6/350); «Муснад» имам Ахмад, (1/187). Шейх әл-Әлбәни «Сунан Абу Даудқа» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған;

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларымды балағаттаған адамға Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамдардың лағынеті болсын***», — деген.

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің сахабаларымды жамандағандарды Аллаһ лағынеттеді***»[1].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұсылманды балағаттау — пасықтық, ал онымен соғысу — күпірлік***», — деген (Әл-Бухари, 48, Муслим, 64).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларым жайында сөз қозғалғанда, үндемеңдер. Жұлдыздар жайында сөз қозғалғанда, үндемеңдер. Тағдыр жайында сөз қозғалғанда, үндемеңдер***», — деген.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтар!

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид» (10/21); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (5/94); «әл-Кәбир», (12/434); «Муснад» Абу Яғлә, (4/133); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», (511) жақсы деп атаған.

Хамза ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ ءَآللَّهُ خَيۡرٌ أَمَّا يُشۡرِكُونَ ٥٩﴾

««Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын. Аллаһ жақсы ма? Немесе қосқан ортақтары жақсы ма?», — деп сұра» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Оның таңдағандары — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбары ﷺ үшін таңдады*», — деген[1].

1 «Тәфсир Жәмиғ әл-баян», (20/2).

Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аллаһ Тағала:* «**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**»*, — деді. Сәләфтардың бір тобы бұл аяттағы таңдаулы құлдар Мухаммадтың ﷺ сахабалары екендігін айтқан. Олардың осы үмметтегі таңдаулы құлдардың ең абзалдары екенінде ешбір күмән жоқ. Аллаһ Тағала олар жайында былай деген:*

﴿ثُمَّ أَوۡرَثۡنَا ٱلۡكِتَٰبَ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَيۡنَا مِنۡ عِبَادِنَاۖ فَمِنۡهُمۡ ظَالِمٞ لِّنَفۡسِهِۦ وَمِنۡهُم مُّقۡتَصِدٞ وَمِنۡهُمۡ سَابِقُۢ بِٱلۡخَيۡرَٰتِ بِإِذۡنِ ٱللَّهِۚ ذَٰلِكَ هُوَ ٱلۡفَضۡلُ ٱلۡكَبِيرُ ٣٢ جَنَّٰتُ عَدۡنٖ يَدۡخُلُونَهَا يُحَلَّوۡنَ فِيهَا مِنۡ أَسَاوِرَ مِن ذَهَبٖ وَلُؤۡلُؤٗاۖ وَلِبَاسُهُمۡ فِيهَا حَرِيرٞ ٣٣ وَقَالُواْ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ ٱلَّذِيٓ أَذۡهَبَ عَنَّا ٱلۡحَزَنَۖ إِنَّ رَبَّنَا لَغَفُورٞ شَكُورٌ ٣٤ ٱلَّذِيٓ أَحَلَّنَا دَارَ ٱلۡمُقَامَةِ مِن فَضۡلِهِۦ لَا يَمَسُّنَا فِيهَا نَصَبٞ وَلَا يَمَسُّنَا فِيهَا لُغُوبٞ ٣٥﴾

«**Содан кейін Кітапты құлдарымыздан таңдағандарымызға мұра еттік. Олардың арасында өздеріне зұлымдық жасағандары, орта жолды ұстанғандары әрі Аллаһтың қалауымен игіліктерде өзгелерден озғандары бар. Міне, осы — ұлы мәрхамет. Олар Ғадн бақтарына кіреді. Онда алтын білезіктермен және інжулермен сәнденеді, ал киімдері жібектен болады. Олар: «Бізден қайғыны кетірген Аллаһқа мақтау болсын! Расында, Раббымыз — Аса Кешірімді, шүкірді бағалаушы. Ол Өз кеңшілігімен бізді мәңгілік мекенге орналастырды. Онда бізге шаршау да, жалығу да болмайды**» («Фатыр» сүресі, 32–35 — аяттар).

Мухаммадтың ﷺ үмметі — өздерінен бұрынғы яһудилер мен христиандардан кейін Кітапты мұра еткендер. Аллаһ Тағала олардың таңдалғанын хабарлады. Пайғамбарымыздан ﷺ мутауатир жолмен оның: «***Үмметімнің ең жақсылары — мен пайғамбар болып жіберілген буын. Одан кейін олардың соңынан келгендер, одан кейін олардың соңынан келгендер***», — дегені жеткізіледі (Әл-Бухари, 2509; Муслим, 2533). Мухаммад ﷺ пен оның сахабалары — Аллаһтың таңдаулы құлдарының ішіндегі ең таңдаулылары[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Оның дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайында болмақ.

Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Хамза ибн Абдулмутталиб ибн Һашим ибн Абдуманаф әл-Қурайши әл-Һашими, әл-Мәкки, кейін әл-Мәдәний, әл-Бадри. Ол — шәһид, Аллаһтың және Оның Елшісінің Арыстаны, Аллаһ Елшісінің ﷺ әке жағынан көкесі әрі сүттес бауыры. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Хамза ибн Абдулмутталиб — менің сүттес бауырым***», — деген (Муслим, 1448).

1 «Минхәж әс-сунна», (1/156).

Аллаһтың құлдары! Хамза ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдаған кезде, құрайыштықтар Аллаһ Елшісінің ﷺ қорғауда екенін әрі Хамза оны қорғайтынын түсінді. Сондықтан олар Пайғамбарымызға ﷺ қарсы жасап жүрген қастандықтарының бір бөлігін тоқтатты[1].

Хамза ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) жайындағы әңгіміміз оның артықшылықтары және Ухуд шайқасында шәһид болуы туралы болмақ.

Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келгеннен кейін көтерген алғашқы туды өзінің көкесі Хамза ибн Абдулмутталибке (Аллаһ оған разы болсын) тапсырды.

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Өз Елшісіне ﷺ соғысуға рұқсат бергеннен кейін, Пайғамбарымыз ﷺ ұлы мақсаттар мен асыл мұраттар үшін әртүрлі бағыттарға жасақтар жібере бастады.

Аллаһтың Елшісі ﷺ көтерген алғашқы туды өзінің көкесі Хамза ибн Абдулмутталибке тапсырды. Оны құрайыштықтардың керуенін қолға түсіру үшін отыз муһәжирмен бірге жіберді. Бұл керуен Шамнан келе жатқан еді. Оның ішінде Абу Жәһл ибн Һишәм бастаған үш жүз құрайыштық бар болатын. Хамза мен оның серіктері әл-Ғәйс аймағы жағындағы теңіз жағалауына жетті. Сол жерде олар Абу Жәһл мен оның қасындағы кәпірлерге жолықты. Екі жақ соғысу үшін сапқа тұрып, қылыштарын суырды. Алайда екі жақпен де одақтас болған Мәжди ибн Умар әл-Жуһәни олардың арасында жүріп, екі тарапты соғысудан тоқтатты. Сондықтан бұл жасақ шайқасқа кіріспеді[2].

Екінші: ол Бадр шайқасында жекпе-жекке шыққандардың бірі еді.

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*(Бадр күні) Ғутба ибн Рабиға шықты. Оның артынан ұлы мен бауыры ерді. Олар: «Жекпе-жекке кім шығады?», — деп айқай салды. Сонда ансарлардың бірнеше жас жігіті алға шықты. Ғутба: «Сендер кімсіңдер?», — деп сұрады. Олар өздерінің кім екендігін айтты. Сонда Ғутба: «Бізге сендер керек емессіңдер. Біз өзіміздің көкеміздің балаларының шыққанын қалаймыз», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Тұр, уа, Хамза! Тұр, Али! Тұр, Убәйда ибн әл-Хәрис!»**, — деді. Сонда Хамза Ғутбаға қарай, мен Шәйбаға қарай беттедім. Ал Убәйда мен Уәлид бір-біріне қылыш сілтеп, екеуі де жараланды. Кейін біз*

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/104).

2 «Әт-Тәбақат» Ибн Сәғд, (3/18–19); «Сәфуәт әс-сәфуа», (1/37); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/171–184); «әл-Исаба», (1/353).

Уәлидке шабуыл жасап, оны өлтіріп, Убәйданы ұрыс алаңынан алып кеттік».

Бұл хадистен Хамза ибн Абдулмутталиб Бадр шайқасында жекпе-жекке шыққандардың бірі болғандығын түсінеміз.

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аятын Хамза ибн Абдулмутталиб пен оның жанындағылар, яғни Аллаһтың тобы және Ғутба ибн Рабиға мен оның жанындағылар, яғни шайтанның тобы жайында түсірді.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһпен ант етіп: «**Мына екі қарсылас топ Раббылары жайында таласты**», — деген аяттың Бадр шайқасында жекпе-жекке шыққан Хамза, Али, Убәйда ибн әл-Хәрис, Ғутба, Шәйба ибн Рабиға және Уәлид ибн Ғутба жайында түскенін айтқан (әл-Бухари, 3751; Муслим, 3033).

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: ««**Мына екі қарсылас топ Раббылары жайында таласты**», — *деген аят Бадр шайқасында жекпе-жекке шыққан Хамза ибн Абдулмутталиб, Али, Убәйда ибн әл-Харис, Ғутба ибн Рабиға, Шәйба ибн Рабиға және Уәлид ибн Ғутба жайында түсті».*

Али (Аллаһ оған разы болсын) тағы: «*Қиямет күні осы дауды шешу үшін Аллаһтың алдында бірінші болып тізе бүгетін (немесе бірінші болып шақырылатын) адам мен боламын*», — деген[1].

Үшінші: Ухуд шайқасында ол Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында шайқасты.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын): «*Ухуд шайқасы күні Хамза ибн Абдулмутталиб Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында шайқасып жүріп: «Мен — Аллаһтың Арыстанымын!», — дейтін*», — деген[2].

Сондай-ақ Ухуд шайқасы күні ол жекпе-жекке шығып, ұрыс алаңында жанын аямай ерлікпен шайқасты.

Хамзаны өлтірген Уәхши былай деген: «*…Адамдар Меккеден аттанғанда, мен де олармен бірге шайқасқа шықтым. Олар соғыс сапына тұрған кезде Сибәғ алға шығып: «Жекпе-жекке шығатын адам бар ма?», — деп айқай салды. Оған Хамза ибн Абдулмутталиб қарсы шығып: «Уа, Сибәғ! Уа әйелдерді сүндеттейтін Умм Әнмардың ұлы! Аллаһ пен Оның*

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (2/419); «Тәфсир» ат-Тобари, (17/131); «әс-Сунна» әл-Хәлләл, (2/416); «әл-Иман» Ибн Мәндәх, (1/416).

2 «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/366); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/212); Ол былай деген: «Бұл хадистің иснады жақсы, алайда олар (әл-Бухари мен Муслим) оны келтірмеді», әз-Зәхәби бұл сөздермен келіскен.

Елшісіне ﷺ қарсы шығуға қалай дәтің барады?», — деді. Кейін Хамза оған шабуыл жасап, ол ешқашан болмағандай оны жоқ қылды» (Әл-Бухари, 3844).

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Хамза ибн Абдулмутталиб пен Ухуд шайқасында онымен бірге қаза тапқандар жайында Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аятын түсірді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Тағаланың:*

﴿وَلَا تَحۡسَبَنَّ ٱلَّذِينَ قُتِلُواْ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ أَمۡوَٰتَۢاۚ بَلۡ أَحۡيَآءٌ عِندَ رَبِّهِمۡ يُرۡزَقُونَ ١٦٩﴾

«**Аллаһ жолында өлтіргендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі және Раббыларының жанында ризыққа бөліндіріледі**», *— деген сөздері Хамза мен оның серіктері жайында түсті*»[1].

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ухудта бауырларың қаза тапқан кезде, Аллаһ олардың жандарын жасыл құстардың ішіне орналастырды. Олар Жәннаттың өзендеріне ұшып барып, оның жеміс-терінен жейді әрі көлеңкедегі алтын шамдарға қонады. Олар ішіп-жейтін нәрселерінің көркемдігін және тынығатын орындарының жайлылығын көргенде: «Әттең, бауырларымыз Аллаһтың бізге қандай сый көрсеткенін білсе ғой! Сонда олар шайқасқа қатысудан бас тартпас әрі соғыстан жалтармас еді», — дейді. Сонда Пәк Аллаһ Тағала оларға: «Сендер туралы оларға Өзім хабарлаймын», — дейді***. «**Аллаһ жолында өлтіргендерді өлі деп ойлама, әрине олар тірі және Раббыларының жанында ризыққа бөліндіріледі**»»[2].

Төртінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның Қиямет күні Аллаһтың алдында шәһидтердің мырзасы болатынын хабарлаған.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Қиямет күні Аллаһтың алдында шәһидтердің мырзасы — Хамза ибн Абдулмутталиб***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Шәхидтердің мырзасы — Хамза ибн Абдулмутталиб және залым билеушінің алдына барып, оған жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыйғаны үшін өлтірілген адам***», — деген[3].

---

1 «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/366); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (2/419); Ол былай деген: «Бұл хадис екі шейхтың шарттарына сәйкес сенімді, алайда олар оны келтірмеді», әз-Зәхәби бұл сөздермен келіскен.

2 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (2/97), (2/325); «Сунан әл-Кубра», (9/163); Абу Дауд, (2520); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (4/204); «Муснад» имам Ахмад, (1/265); «Муснад» Абу Яғлә, (4/219); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Аби Дауд» жинағына жазған ескертпесінде жақсы деп атаған;

3 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (2/130), (3/219); «Муснад Абу Ханифа» Ибн Нуғәйма әл-Әсбәхәни, (187-бет); Шейх әл-Әлбәни «Сахих әл-жәмиғте», 3676 және «әс-Сахихада», (374)

Бесінші: Жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын) Хамза ибн Абдулмутталибтің өзінен жақсы болғанына куәлік еткен.

Бір күні Абдуррахман ибн Ғәуфқа (Аллаһ оған разы болсын) тамақ әкелінді. Сонда ол: «*Мусғәб ибн Ғумәйр өлтірілгенде, ол менен жақсырақ еді. Бірақ оны кебіндеуге шапанынан басқа еш нәрсе табылмады. Хамза немесе басқа біреу өлтірілгенде де, ол менен жақсырақ еді. Оны да кебіндеуге шапанынан басқа еш нәрсе табылмады. Біз жасаған амалдарымыздың сыйын осы дүниеде-ақ алып қойдық па деп қорқамын*», — деген еді. Содан кейін ол жылап, тамақты жемей қойды.

Алтыншы: Пайғамбарымыз ﷺ оны қатты жақсы көрді және кәпірлердің онымен не істегенін көргенде қатты қайғырды.

Әнас ибн Мәликтен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ Хамзаның мүшеленген денесінің жанынан өтіп бара жатып: «***Егер Сафияның ашуы мен қайғысы болмағанда, оның денесін ұрыс алаңында қалдырар едім. Сонда Аллаһ оны жыртқыш аңдар мен құстардың ішінен қайта тіріліпер еді***», — дегені жеткізіледі[1].

Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Ухуд күні қаза тапқан жақындарын жоқтап, жылап отырған Абдуләшһәл тайпасының әйелдерінің қасынан өтті. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Алайда Хамзаны жоқтап жылайтын ешкім жоқ**», — деді. Осыдан кейін ансар әйелдері келіп, Хамзаны еске алып, жылай бастады. Аллаһтың Елшісі ﷺ ұйқысынан оянып: «**Сендерге қайғы болсын! Біз осы күннен кейін жеңілмейміз. Бұл әйелдерге үйлеріне қайтуды және бұдан кейін қаза тапқандарды жоқтап жыламауды бұйырыңдар**», — деді*»[2].

Аллаһтың құлдары! Хамза ибн Абдулмутталибтің Ухуд шайқасында қалай шәһид болғанын оны өлтірген Уәхшидің сөзінен тыңдайық. Бізге бұл оқиғаны баяндап Уәхши берсін. Ол былай деген: «*Мен Жубәйр ибн Мутғимнің құлы едім. Бадр шайқасында Хамза оның көкесі Туәйма ибн Ғәдиді өлтірген болатын. Содан кейін қожайыным Жубәйр ибн Мутғим*

хадисті жақсы деп атаған.

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/519); әт-Тирмизи, (1016); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (3/24); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (4/10); «Сунан әд-Дарақутни», (4/116); Абу Дауд, (3136); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

[2] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/215); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/120); «Сунан әл-Бәйхәқи», (4/70); Ибн Мәжаһ, (1591); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (3/63); «Мусәннаф» Абдурразақ, (3/561); «Шарх мәғәни әл-әсар» әт-Тәхәуи, (4/293); Шейх әл-Әлбәни «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған есткертпесінде хадисті жақсы деп атаған.

*маған: «Егер сен менің көкем үшін Хамзаны өлтірсең, сені азат етемін», — деді. Мен найза лақтыруда өте шебер едім әрі сирек мүлт кететінмін. Мен адамдармен бірге Ухудқа аттандым. Екі әскер бетпе-бет келгенде, найзамды алып, Хамзаны аңди бастадым. Ақыры оны адамдардың арасынан көрдім. Ол күл түстес түйедей айбарлы еді. Ол өз қылышымен адамдарды жайпап бара жатты, әрі оған ешкім қарсы тұра алмады. Аллаһпен ант етемін! Мен оған шабуыл жасауға дайындалып жатқанда, менен бұрын оған қарай Сибәғ ибн Абдулғузза әл-Хузәғи шықты. Хамза ибн Абдулмутталиб оны көріп: «Кел! Уа, әйелдерді сүндеттейтін әйелдің ұлы!», — деді. Хамза оған қылышпен соққы жасады. Аллаһпен ант етемін! Қылыш оның басынан мүлт кетпеді. Мен оның басының шабылуынан жылдамырақ еш нәрсе көрмедім. Содан кейін мен найзамды теңселтіп тұрып, оны Хамзаға лақтырдым. Найза оның құрсағының төменгі жағынан кіріп, екі бөксесінің арасынан шықты. Ол жерге құлады. Мен найзамды оның денесінде қалдырып, өлгенше күттім. Содан кейін мен оның жанына барып, найзамды суырып алдым да, өз әскеріме қайтып, сол жерде отырдым. Маған одан басқа ешкім керек емес еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккені ашқан кезде, мен Таифке қашып кеттім. Таиф тұрғындары Исламды қабылдауға шешім қабылдап, Аллаһтың Елшісіне ﷺ елшілік жібергенде, жер маған тарылып кеткендей болды. Сонда мен өзіме: «Шамға, Йеменге немесе басқа бір елге кетейін», — дедім. Аллаһпен ант етемін! Осы жайында ойланып жүргенімде, бір адам маған: «Аллаһпен ант етемін! Мухаммад оның дініне кірген ешкімді өлтірмейді», — деді. Сонда мен Мәдинаға, Аллаһтың Елшісіне ﷺ бардым. Ол мені көргенде: «**Сен Уәхшисің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Ол ﷺ: «**Отыр да, Хамзаны қалай өлтіргеніңді айтып бер**», — деді. Мен болған оқиғаны сендерге баяндап отырғанымдай оған да баяндап бердім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған қайғы болсы! Жүзіңді менен жасыр, сені көрмейін**», — деді».*

Бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ өзінің көкесі Хамзаны қатты жақсы көргенін көрсетеді.

Уәхши сөзін жалғастырып: «*Мен Аллаһтың Елшісі ﷺ дүниеден өткенге дейін оның көзіне түспеуге тырысып жүрдім. Мұсылмандар Мусәйлимаға қарсы аттанғанда, мен Хамзаны өлтірген найзамды алып, олармен бірге шықтым. Екі жақ шайқаста бетпе-бет келгенде, қолында қылышы бар Мусәйлиманы көрдім. Аллаһпен ант етемін! Мен оны бұған дейін танымайтынмын. Кенет ансарлардың бір адамы оған екінші жағынан соққы беруге дайындалды. Екеуіміз де соққы жасауға әзірлендік. Мен үшін мүмкіндік пайда болғанда, мен найзамды оған қарай лақтырдым. Найза оның денесіне қадалды. Ал ансарлық адам оны қылышымен шапты. Оны*

қайсымыздың өлтіргенімізді Раббыларың жақсырақ біледі. Егер оны мен өлтірген болсам, онда Аллаһтың Елшісінен ﷺ кейінгі адамдардың ең жақсысын да, ең жаманын да өлтірген боламын», — деген. Ибн Умар: «*Мен бір адамның: «Оны (яғни Мусәйлиманы) қара нәсілді құл өлтірді», — дегенін естідім*», — деген[1].

Бұл — Хамза ибн Абдулмутталиб. Оның Исламды қабылдағанынан бастап, Аллаһқа шәһид күйінде жолыққанға дейінгі өмірі Аллаһ Тағаланың жолындағы шайқастармен өтті.

Аллаһ Тағаладан бізді де, сіздерді де Хамзамен және Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге Жәннат бақтарында жинауын сұраймын.

1 «Әс-Сират» Ибн Исхәқ, (2/15–17); әл-Бухари, (3844); «әд-Дәләил» әл-Бәйхәқи, (3/241–243).

Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды мүмин адамдардан басқа ешкім жақсы көрмейді және екіжүзді әрі бидғатшыдан басқа ешкім жек көрмейді.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әһлу әс-сунна уә әл-жәмәғаның сенімі жайында былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз. Олардың ешқайсысына деген сүйіспеншілікте шектен шықпаймыз әрі ешқайсысынан бас тартпаймыз. Оларды жек көретін және жамандықпен еске алатын адамдарды жек көреміз. Біз оларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық*»[1].

1 «Шарх әл-ақида ат-тәхәуия», (467-бет).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ. Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абу Фәдл Аббас ибн Абдулмутталиб ибн Һашим ибн Абдуманаф әл-Қурайши әл-Һашими, Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесі. Ол Аллаһ Елшісінен ﷺ екі жыл бұрын дүниеге келген. Аббасқа: «Сен үлкенсің бе, әлде Пайғамбар ﷺ ма?», — деген сұрақ қойылғанда, ол: «*Ол менен ұлырақ (акбар), ал мен одан бұрын дүниеге келдім*», — деп жауап берген[1].

Аббас ибн Абдулмутталиб жәһилиет кезінде де, Ислам дәуірінде де құрайыштықтардың беделді көсемдерінің бірі болды. Надандық кезінде ол әл-Харам мешітінде қажыларға Зәмзәм суын беріп, оны күтіп ұстау ісіне жауапты еді. Аббас абыройлы, құрметті, ақылды, көрікті әрі аққұба адам болған. Ол шашын екі бұрым етіп өріп жүретін және орта бойлы еді[2].

Аллаһтың құлдары! Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) жайындағы тақырыбымыз оның мақтаулы қасиеттері және Исламға дейінгі әрі Исламды қабылдағаннан кейінгі өміріндегі айтулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның (Аллаһ оған разы болсын) мақтаулы қасиеттері өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Аллаһтың Елшісі ﷺ оның Исламды қабылдағанына қатты қуанып, осы сүйінші хабарды жеткізген құлды азат еткен еді.

Абу Рәфиғ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбарымызға ﷺ Аббастың Исламды қабылдағанын сүйіншілеп хабарладым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ мені азат етті*»[3]. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аббас — менен, ал мен оданмын***», — деген[4].

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/362); «Мәжмәғ әз-зәуәид», әл-Хәйсәми, (9/270); «Мусаннаф Ибн Аби Шәйба», (7/18); «әл-Әхад әл-мәсәни», (1/269); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (2/80).

2 «Әл-Әхәд уә әл-мәсәни», (1/267); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (2/79);

3 «Әл-Мәжмуғ» әл-Хәйсәми, (9/268); Ол былай деген: «Әт-Тәбәрани хадисті «әл-Әусәтта» жақсы иснадымен келтірген».

4 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/367); Әт-Тирмизи, (3759); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсаи, (4775); «Муғтасыр әл-мухтасыр», (2/117); «әл-Кәбир» әт-Тәбәрани, (12/36); Шейх әл-Әлбәни оны «Сунан әт-Тирмизи» мен «ән-Нәсәиде» хадисте әлсіз деп атап, оны «әс-Силсилә әд-дағифада» келтірген.

Екінші: Пайғамбар ﷺ оны жақсы көріп, құрметтеп, мақтап, ол үшін дұға еткен.

Аллаһтың Елшісі ﷺ әскер дайындап жатқанда, Аббас ибн Абдулмуттолиб келді. Сонда Аллаһ Елшісі ﷺ: «***Аббас — Пайғамбарларыңның көкесі, құрайыштықтардың ең жомарты әрі туыстық байланысты ең жақсы сақтайтыны***», — деді[1].

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Аббас — Аллаһ Елшісінің көкесі. Расында, адамның көкесі оның әкесі секілді***»[2].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, адамдар! Кімде-кім менің көкеме жәбір көрсетсе, маған жәбір көрсеткен болады. Расында, адамның көкесі оның әкесі секілді***», — деген[3].

Пайғамбарымыз ﷺ Аббас пен оның ұрпақтарына дұға етіп: «***Уа, Аллаһ! Аббас пен оның ұрпақтарын ашық және жасырын кешіріммен кешіріп, бірде-бір күнәсін қалдырма! Уа, Аллаһ! Оның ұрпақтарын қорға!***» — деген[4].

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Тағала Аббасты адамдардың арасынан ерекше еткендіктен, Аллаһтың Елшісі ﷺ оны баланың өз әкесін құрметтегеніндей құрметтейтін*»[5].

Үшінші: ол Аллаһ Тағала міндеттеген парыздарды мүмкіндігінше ертерек орындауға ұмтылатын.

Ол Пайғамбарымыздан ﷺ зекетін уақыты келмей тұрып алдын ала беруге рұқсат сұраған еді. Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын)

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/528); «әл-Мухтара» әд-Дыя, (3/164); «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми, (9/268); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (5/50); «Муснад» әш-Шәши, (1/196); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (2/261); «Муснад» имам Ахмад, (1/185, 179); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1861) келтірген.

2 Әт-Тирмизи, (3761); Шейх әл-Әлбәни хадисті оның жинағында, сондай-ақ «Сахих әл-жәмиғте», (4120), «әс-Силсилә әс-сахихада», (806) және «әл-Мишкәтта», (6147) сенімді деп атаған.

3 Әт-Тирмизи, (3758); «Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (5/51); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6147) және «әс-Сахихада», (806) сенімді деп атаған.

4 Әт-Тирмизи, (3762); «Муснад әш-шәмийн» әт-Тәбәрани, (1/265); «әс-Сунна» әл-Хәлләл, (1/90); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6149) сенімді деп атаған.

5 «Әл-Жәмиғ әс-сағир» әс-Суюты, (286); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/367); Ол былай деген: «Хадис екі шейхтің шарттарына сәйкес секімді, алайда олар оны келтірмеді».

Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздан ﷺ зекетін алдын ала беруге рұқсат сұрағанын және оның ﷺ рұқсат бергенін айтқан[1].

Аббас (Аллаһ оған разы болсын) ақиқатты танып-білуге ұмтылатын. Ол: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған Аллаһ Тағаладан не сұрау керектігін үйретіңізші?*», — деп сұраған еді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһтан амандық-саулықты (ғафия) сұра***», — деп жауап берді. Бірнеше күннен кейін ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ қайта келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған Аллаһ Тағаладан не сұрау керектігін үйретіңіз*», — деп сұрады. Сонда ол ﷺ: «***Уа, Аббас! Уа, Аллаһ Елшісінің көкесі! Аллаһтан осы дүние мен Ақыретте амандық сұра***», — деп жауап берді[2].

Төртінші: әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) «Рамада жылы» Аббастың дұғасы арқылы Аллаһтан жаңбыр сұраған. Редакциядан: «Рамада жылы» сөзбе-сөз «Күл жылы» деген мағынаны білдіреді. Бұл жыл қатты қуаңшылық, жауын-шашынның болмауы және егіннің шықпауы себепті осылай аталған.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Мұсылмандар қуаңшылыққа ұшырағанда, Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Аббас ибн Абдулмутталибтен Аллаһқа жаңбыр сұрап дұға етуін өтінетін. Ол: «*Уа, Аллаһ! Біз Пайғамбарымыз арқылы Сенен жаңбыр сұрайтынбыз, сонда Сен бізге жаңбыр жаудыратын едің. Енді Пайғамбарымыздың көкесінің дұғасын себеп етіп Сенен жаңбыр сұраймыз. Бізге жаңбыр жаудыра гөр!*», — дейтін. Содан кейін оларға шынымен де жаңбыр жауатын» (Әл-Бухари, 964).

Аллаһтың құлдары! Умардың (Аллаһ оған разы болсын) Аббас арқылы Аллаһтан жаңбыр сұрауы дегеніміз — Аббастың өзін емес, оның дұғасын себеп ету. Осылайша, ізгі әрі абыройлы адамның дұғасын себеп ету — шариғатта рұқсат етілген тәуәссул түрлерінің бірі. Ал қайтыс болғандарды немесе тірі адамның өзін себеп ету шариғат бекіткен тәуәссулге жатпайды.

Хәфиз Ибн Хәжәр (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Зубәйр ибн Бәккар өзінің «әл-Ансаб» кітабында сол кезде Аббастың Аллаһқа қалай дұға еткенін түсіндірген. Ол өз иснадымен Умар Аббастан Аллаһқа*

---

1 «Әл-Мунтака» Ибн әл-Жәурад, (98-бет); «Сахих» Ибн Хузәйма, (4/48); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/375); әт-Тирмизи, (678); Абу Дауд, (1642); Ибн Мәжаһ, (1795); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизи», «Абу Дауд» және «Ибн Мәжаһ» жинақтарына жазған ескертпелерінде хадисті жақсы деп атаған.

2 Әт-Тирмизи, (3514); «Муснад» имам Ахмад, (1/209); «әл-Адаб әл-муфрад» әл-Бухари, (253-бет); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде, сондайақ «әс-Сахихада», (1523) сенімді деп атаған.

жаңбыр сұрап дұға етуін өтінгенде, Аббас: «Уа, Аллаһ! Қиыншылықтар күнәлардың себебінен ғана келеді әрі олардан тәубе арқылы ғана құтылуға болады. Адамдар Пайғамбарыңмен туыстығым себепті менің дұғамды себеп етіп Саған бет бұрды. Біз күнәлі қолдарымызды Саған жайып, тәубе еткен маңдайларымызды алдыңа идік. Бізге жаңбыр жаудыра гөр!», — дегенін жеткізген. Сол сәтте аспанды таулар секілді бұлттар қаптап, жаңбыр жауды. Ол жерді суарып, адамдардың тіршілігін қайта жандандырды»[1].

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның Исламды қабылдағаннан кейінгі және Исламға дейінгі өміріндегі айтулы оқиғалары өте маңызды.

Исламды қабылдағаннан кейінгі өміріндегі оқиғалар жайлы айтсақ:

Бірінші: Меккенің ашылған күні

Аллаһтың құлдары! Құрайыштықтар Аллаһ Елшісімен ﷺ жасасқан келісімдерін бұзғаннан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ олармен соғысып, Меккеге кіруге шешім қабылдады. Ол Меккеге он мың мұсылман жауынгерімен аттанды.

Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесі Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) бұған дейін-ақ Исламды қабылдап, Меккеде тұрып жатқан еді. Пайғамбар ﷺ оған разы болатын. Аллаһ Елшісінің ﷺ Меккеге қарай аттанғанын білмеген Аббастың жүрегінде отбасымен бірге оның ﷺ қасына һижра жасауға деген қалау пайда болды. Аббас отбасымен бірге Аллаһ пен Оның Елшісіне һижра жасау үшін жолға шықты. Жолда ол Аллаһ Елшісін ﷺ кездестіріп, оған қосылды. Құрайыштықтар өздерінің келісімді бұзғандарының салдарынан қауіптеніп, Аллаһтың Елшісі ﷺ туралы хабар жинау үшін Абу Суфиянды, Хәким ибн Хизамды және Будәйл ибн Уәрқаны жіберді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккеге жақын орналасқан Мәрр әз-Захран деген жерге жеткенде, әскерімен тоқтады да, оларға от жағуды бұйырды. Он мың от жағылып, бүкіл шөл жарық болды. Құрайыштың тайпасының барлаушылары Мәрр әз-Захранның жанынан өтіп бара жатып, оттарды көрді. Абу Суфиян: «Бұл Арафаттағы оттар секілді», — деді. Хәким: «Бұл Бану Ғәмр тайпасының оттары секілді», — деді. Абу Суфиян оған: «Бану Ғәмрдың саны мұншалық көп емес», — деп жауап берді.

1 «Фәтх әл-Бәри», (2/497).

Аббас былай деген: «*Аллаһпен ант етемін! Егер Аллаһтың Елшісі ﷺ құрайыштықтар оның алдына келіп, амандық сұрамай тұрып Меккеге соғыспен кірсе, бұл олар үшін құрдым болады! Сондықтан мен Аллаһ Елшісінің ﷺ қашырына мініп: «Мүмкін, Меккеге бара жатқан біреуді кездестірермін. Ол оларға Аллаһ Елшісінің ﷺ қайда екендігін хабарлап, Пайғамбар ﷺ Меккеге кірмей тұрып оның алдына келіп, амандық кепілдігін алуларына себеп болар», — деп ойладым. Мен жолда келе жатып, кенет Абу Суфиян мен Будәйл ибн Уәрқаның дауыстарын естідім де: «Уа, Абу Хәнзәлә!», — деп дауыстадым. Абу Суфиян менің дауысымды танып: «Абу Фәдл?», — деді. Мен «Иә», — деп жауап берді. Ол: «Әке-шешем сен үшін өтем болсын! Мұнда не істеп жүрсің?», — деп сұрады. Мен: «Аллаһтың Елшісі ﷺ мұнда өз әскерімен келді», — дедім. Ол: «Саған қайғы болсын! Енді не істейміз?», — деп сұрады. Мен оған: «Артыма мін», — дедім. Ол қашырға мініп, менің артыма отырды. Таңертең мен Абу Суфиянды Аллаһ Елшісінің ﷺ алдына алып келдім. Сөйтіп, ол Исламды қабылдады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Абу Суфиян мақтан тұтатын нәрсені жақсы көретін адам. Оған бір ерекшелік бер», — дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Абу Суфиянның үйіне кірген адам қауіпсіздікте болады. Өз үйінің есігін жауып алған адам қауіпсіздікте болады. Мешітке кірген адам қауіпсіздікте болады**», — деді*»[1]. Абу Суфиян Меккеге қайтып, оның тұрғындарына бұл хабарды жеткізуге асықты. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ Аббасқа: «***Уа, Аббас! Оны Аллаһтың әскері оның жанынан өтіп, оны көргенге дейін тау маңындағы алқаптың өткелінде ұстап тұр***», — деді.

Аббас былай деген: «*Мен Абу Суфиянды Аллаһтың Елшісі ﷺ бұйырған жерге апарып, сонда ұстап тұрдым. Біздің алдымыздан өз туларын көтерген түрлі тайпалар өте бастады. Әр тайпаның жауынгерлері өткен сайын Абу Суфиян: «Мыналар кім?», — деп сұраған еді. Мен: «Бану Суләйм», — дедім. Ол: «Олардың маған қатысы жоқ», — деді. Содан кейін тағы бір тайпа өтті. Ол: «Ал бұл адамдар кім?», — деп сұрады. Мен «Бұл — Музәйна тайпасы», — деп жауап бердім. Ол: «Менің Музәйнада шаруам жоқ», — деді. Осылайша тайпалар бірінен соң бірі өтіп жатты. Ол әрбір тайпаны көрген сайын: «Уа, Абу Фәдл! Бұл кім?», — деп сұрап тұрды. Мен: «Пәлен тайпа», — деп жауап беретінмін. Ал ол: «Менің пәлен тайпада шаруам жоқ», — дейтін. Ақырында жасыл киім киген, муһәжирлер мен ансарлардан құралған жасақтың басында Аллаһтың Елшісі ﷺ өтті. Олардың тек көздері ғана көрініп тұрды. Абу Суфиян оларды*

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/166); Абу Дауд, (3021); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (7/406); «Шарх мәғәни әл-әсар» әт-Тәхәуи, (3/321); Шейх әл-Әлбәни «Сунан Аби Дауд» жинағына жазған ескертпесінде хадисті жақсы деп атаған.

көргенде: «Субханаллаһ! (Аллаһ Пәк!) Уа, Аббас, бұл адамдар кім?», — деп сұрады. Мен: «Бұл — Аллаһтың Елшісі ﷺ, онымен бірге муһәжирлер мен ансарлар», — деп жауап бердім. Ол: «Уа, Абу Фәдл! Бұл адамдарды ешкім жеңе алмайды!», — деді. Содан кейін Абу Суфиян: «Уа, Абу Фадл! Расында, бауырыңның зор билікке ие!» — деген еді».

Аббас Абу Суфияннның бұл мәселені қате түсінгенін түзеткісі келіп: «*Уа, Абу Суфиян! Бұл — билік емес, пайғамбарлық*», — деді.

Осылайша ол Мухаммадтың ﷺ сол күні билік пен дүние-мүлік үшін емес, пайғамбарлық міндетін орындап, адамдарды осы ұлы дінге шақыру үшін келгенін білдірді.

Абу Суфиян: «Дәл солай», — деді. Аббас оған: «*Саған қайғы болсын! Халқыңа хабар жеткіз!*», — деді. Абу Суфиян Аллаһтың Елшісі ﷺ туралы хабарлау үшін Мекке тұрғындарына қарай аттанды. Қалаға кіргенде, ол дауыстап: «Уа, құрайыштықтар! Мухаммад сендердің шамаларың келмейтін күшпен келді!», — деп айқай салды. Сонда оның әйелі Һинд бинт Ғутба қасына келіп, оның мұртынан ұстап: «Мына ақымақты өлтіріңдер! Аллаһ сені масқара қылсын!», — деді. Абу Суфиян: «Уа, құрайыштықтар! Мухаммад сендер қарсы тұра алмайтын әскермен келді! Абу Суфияннның үйіне кірген адам қауіпсіздікте болады!», — деді. Адамдар оған: «Саған қайғы болсын! Сенің үйің бәрімізді қалай сыйдырмақ?», — деді. Сонда Абу Суфиян: «Өз үйінің есігін жауып алғандар да, мешітке кіргендер де қауіпсіздікте болады!», — деді. Осыдан кейін адамдар үйлері мен мешітке қарай асықты[1].

Екінші: Хунайн шайқасы кезінде

Пайғамбарымыз ﷺ Хунайнға жеткенше жүріп, әскерін сапқа тұрғызып, ретке келтірді. Таң алдындағы алакөлеңкеде мұсылмандар сақтық танытпастан аңғарға түсті. Ал дұшпан олардан бұрын аңғардың биік тұсына орналасып, күтпеген жерден садақпен атқылады. Мұсылмандардың сапы бұзылып, олар жан-жаққа қаша бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ бұрылып: «***Уа, ансарлар!***», — деп дауыстады. Олар: «*Біз осындамыз, уа, Аллаһтың Елшісі! Біз осындамыз! Қуан, қуан!*», — деп жауап берді. Ол ﷺ сол жағына бұрылып, тағы: «***Уа, ансарлар!***», — деді. Олар: «*Біз осындамыз, уа, Аллаһтың Елшісі! Біз осындамыз! Қуан! Біз сенімен біргеміз!*», — деді. Пайғамбарымыздың ﷺ жанында Аббас пен Абу Суфиян тұрған еді. Ол ﷺ Аббасқа: «***Уа Аббас! Әс-Самура ағашының астында ант бергендерді шақыр!***», — деді. Әс-Самура — Худәйбия күні разылық байғаты берілген ағаш. Аббас ибн Абдулмутталиб: «*Әс-Самура ағашының астында ант бергендер қайда?*», — деп дауыстады. Олар: «*Біз осындамыз!*

1 «Әл-бидәя уә ән-нихәя», (4/290, 291).

Біз осындамыз!», — деп жауап берді. Аббас: «*Аллаһпен ант етемін! Олар сиырдың мөңірегенін естіген бұзаулары секілді, менің даусымды есті сала кері бұрылды*», — деген. Олар Аллаһ Елшісінің ﷺ қасына жиналды. Пайғамбарымыз ﷺ оларды қайта сапқа тұрғызып: «***Мен — пайғамбармын, бұда өтірік жоқ! Мен — Ибн Абдулмутталибпін!***», — деді. Содан Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ Тағаладан жеңіс сұрап: «***Уа, Аллаһ! Бізге жеңісіңді нәсіп ете гөр!***», — деп дұға қылды. Ол ﷺ әскерге қарап, жасақтардың қайта біріге бастағанын көргенде: «***Енді шайқас қызды***», — деді. Содан кейін ол ﷺ бір уыс топырақ алып, дұшпандарға қарай шашты да: «***Жүздерің бұрылсын!***», — деді. Олардың арасында көзіне топырақ түспеген бірде-бір адам қалмады.

Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһпен ант етемін! Ол топырақты шашқан сәттен бастап, олардың күші әлсіреп, қаша бастады*», — деген.

Аллаһтың құлдары! Аббастың Исламды қабылдағанға дейінгі өмірінен Ғақаба байғаты кезіндегі ұстанымы айқын көрінеді. Ибн Исхақ, Ахмад және басқалар Кәғб бн Мәликтің Ғақаба байғаты туралы хабарын жеткізген. Кәғб ибн Мәлик былай деген: «*Сол түні біз халқымызбен бірге аялдаған орнымызда ұйықтадық. Түннің үштен бірі өткенде, тұрақтан шығып, Аллаһ Елшісімен ﷺ кездесуге аттандық. Ғақаба маңындағы сайға жиналғанша, құрлардай білдірмей, жасырын жүрдік. Біз жетпіс үш адам едік. Арамызда екі әйел болды, олар Бану Мәзин ибн ән-Нәжжар тайпасынан болған Ғаммараның анасы Нусәйба бинт Кәғб және Бану Сәләма тайпасынан болған Маниғтың анасы Әсма бинт Ғамр ибн Ғади ибн Нәби. Біз сайға жиналып, Аллаһтың Елшісін ﷺ күттік. Ол бізге келді. Оның қасында көкесі Аббас ибн Абдулмутталиб бар еді. Аббас ол кезде әлі өз халқының дінін ұстанатын. Алайда бауырының ұлының ісіне қатысып, оның қауіпсіздігіне көз жеткізгісі келді. Пайғамбарымыз ﷺ отырған соң, сөзді бірінші болып Аббас ибн Абдулмутталиб бастап: «Уа, хәзраждықтар! (Арабтар ансарларды әус пен хәзражға бөлмей, бәрін хәзраждықтар деп атайтын) Өздерің білетіндей, Мухаммад біздің арамызда ерекше орынға ие. Біз оны халқымыздың арасындағы, оның қадірін білетін адамдардан да қорғадық. Енді ол сендерге қосылғысы келіп отыр. Егер оған берген уәделеріңді орындап, қарсы шыққандардан қорғай алатындарыңа сенімді болсаңдар, бұл жауапкершілікті өз мойындарыңа алыңдар. Ал оны өздеріңмен алып кеткеннен кейін қолдаусыз қалдырамыз деп ойласаңдар, қазір-ақ қоя беріңдер. Өйткені ол өз халқы мен өз қаласының қамқорлығында», — деді. Біз: «Сөзіңді тыңдадық. Енді сіз сөйлеңіз, уа, Аллаһтың Елшісі! Өзіңіз және Раббың үшін қалағаныңды тандаңыз!», — дедік. Аллаһтың Елшісі ﷺ сөз бастады. Ол әуелі Құран*

*оқып, Аллаһқа және Исламға шақырды. Содан кейін: «**Мен сендерден мені өз әйелдерің мен балаларыңды қорғағандай қорғайтындарыңа ант аламын**», — деді. Сонда Бәроғ ибн Мәғрур Пайғамбарымыздың ﷺ қолынан ұстап: «Иә! Сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Әйелдерімізді неден қорғасақ, сізді де содан қорғаймыз. Антымызды қабыл алыңыз, уа, Аллаһтың Елшісі! Біз ұрпақтан-ұрпаққа қару асынып, шайқасып келген халықпыз», — деді. Бәроғ Аллаһ Елшісімен ﷺ сөйлесіп жатқанда, Абу Хәйсам ибн әт-Тәйһан сөзге араласып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біздің яһудилермен келісіміміз бар. Біз оны бұзамыз. Бірақ содан кейін Аллаһ сізге жеңіс берсе, өз халқыңызға қайтып, бізді қалдырып кетпейсіз бе?», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ күлімсіреп: «**Қанымыз бір, мен сендермен қандық бауырмын. Сендер кіммен соғыссаңдар, мен де солармен соғысамын. Сендер кіммен бітім жасасаңдар, мен де солармен бітім жасаймын**», — деді»*[1].

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат күйінде көрсетіп, соған еруді нәсіп ет. Сондай-ақ жалғанды жалған күйінде көрсетіп, одан аулақ болуды нәсіп ет.

1 «Сират Ибн Хишәм мәғә рауди әл-әниф», (3/189).

АбдуЛлаh ибн Аббас (Аллаh оған және оның әкесіне разы болсын)

Аллаhтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаh Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаhқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаh оларды Өз Пайғамбарына ﷺ серік болып, Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды мүмин адамнан басқа ешкім жақсы көрмейді және екіжүзді мен бидғатшыдан басқа ешкім жек көрмейді. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаhтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаh қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ.

Уа, Аллаhтың құлдары! Сіздер ол жайлы білесіздер ме? Ол — Абдуллаh ибн Аббас ибн Абдулмутталиб ибн Һашим ибн Абдуманаф әл-Қурайши әл-Һашими, Абул-Аббас ибн Аббас. Оның бойында бірнеше ұлы қасиеттер тоғысқан.

Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы болу мәртебесіне ие болды. Оған қатысты туыстық мәртебеге де ие болды, өйткені ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесінің ұлы. Сондай-ақ білімге ие болды, ол осы үмметтің ғалымы әрі Құранның тәпсіршісі еді. Сондай-ақ ол тақуалығымен де ерекшеленді, күндіз ораза ұстап, түнде намаз оқитын, таңсәріде Аллаһтан кешірім тілеп, Аллаһтан қорыққанынан жылайтын. Оның сырт келбеті де көркем еді, ол — ұзын бойлы, сымбатты, құрметті, келбеті келіскен, жаны таза, кемел қасиеттерге ие ер адам болатын.

Ибн Аббас (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) һижрадан үш жыл бұрын дүниеге келді. Пайғамбарымыз ﷺ дүниеден өткенде, ол небәрі он үш жаста еді. Соған қарамастан, ол мұсылмандарға олардың Пайғамбарынан ﷺ мың алты жүз алпыс хадис жеткізді.

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Ибн Аббас жайындағы әңгімеміз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір айтулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп:

Бірінші: Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ Тағаладан ол үшін білім, даналық және дінді түсіну қабілетін сұраған еді.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ мені құшағына алып, кеудесіне басты да: «**Уа, Аллаһ! Оған даналықты үйрет!**», — деді*» (Әл-Бухари, 3546).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Оған Кітабыңды үйрет!***», — деген (Әл-Бухари, 75).

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ мені құшақтап: «**Уа, Аллаһ! Оған даналықты және Кітаптың тәпсірін үйрет!**», — деген*»[1].

Сондай-ақ Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Аллаһ! Оған дінді түсінуді нәсіп етіп, тәпсірді үйрет!**», — деген*»[2].

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/615); «әл-Мухтара» әд-Дыя, (10/169); «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми, (9/276); «Муснад әр-рәбиғ», (317-бет); «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/383); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (2/113); «әс-Сағир» (1/327); «әл-Кәбир», (10/263); «Муснад» имам Ахмад, (1/266).

2 «Муснад» имам Ахмад, (1/214); «Муснад» Абу Яғлә, (4/360); «Тәзкират әл-хуффәз», (1/40).

Тағы бір хабарда Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Пайғамбарымыз ﷺ мені басымнан сипап, Аллаһтан маған даналық беруін сұрады*», — деген[1].

Сондай-ақ ол: «*Пайғамбар ﷺ мен үшін Аллаһтан білімім мен түсінігімді арттыруын сұрап дұға етті*», — деген[2].

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Өз Елшісінің ﷺ Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсы) үшін жасаған дұғасын қабыл етті. Ол білімінде имам, Аллаһ Тағала солар арқылы Ислам дінінің үкімдерін — бұйрықтар мен тыйымдарды, хәләл мен харамды халыққа жеткізген Мухаммад Пайғамбарымыздың ﷺ үмметіндегі ғалымдардың бірі еді. Егер мұсылмандардың ішіндегі үлкені болсын, кішісі болсын, ері болсын, әйелі болсын: «Үмметтің ғалымы кім?», — деп сұралса, ол: «Ибн Аббас», — деп жауап береді. «Құранның тәпсіршісі кім?», — деп сұралса, «Ибн Аббас», — деп жауап береді.

Екінші: оның (Аллаһ оған разы болсын) мақтаулы қасиеттерінің бірі — Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында жиі болуы. Бұған келесі оқиғалар мысал болады:

• Аллаһтың Елшісі ﷺ дәрет алмақ болғанда, Ибн Аббас оның жанында болып, дәрет алатын суын дайындайтын.

Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен бірде Пайғамбарымыз ﷺ әжетханаға кіргенде, ол оған дәрет алатын суын алып келгені жеткізіледі. Кейін Пайғамбарамыз ﷺ: «***Мұны (бұл жерге) кім қойды?***», — деп сұрады. Оған бұны Ибн Аббас жасағаны айтылды. Сонда ол ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Оған дінді түсінуді нәсіп ет!***», — деді» (Әл-Бухари, 143; Муслим, 2477).

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ менің ана жағымнан тәтем болған Мәймунаның үйінде еді. Түнде мен оған су әкелдім. Мәймуна: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мұны саған Ибн Аббас әкелді», — деді. Сонда ол ﷺ: «**Уа, Аллаһ! Оған дінді түсінуді нәсіп ет және тәпсірді үйрет**», — деп дұға етті*»[3].

• Пайғамбарымыз ﷺ түн ортасында намазға тұрғанда, Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның артында намаз оқитын.

---

1 «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (6/383); «Муснад» имам Ахмад, (1/330).

2 «Мусәннаф» Ибн Абу Шәйба, (6/383); «Муснад» имам Ахмад, (1/330).

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/531); «әл-Муғжәм әл-әусәт», (4/272); «әс-Сағыр», (1/327); «әл-Кәбир», (10/263); «Муснад» имам Ахмад, (1/327); «әл-Фадаил», (2/956); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/615); Ол: «Хадистің иснады сенімді, алайда екі шейх оны келтірмеді», — деген.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Мен түннің соңында Аллаһ Елшісінің ﷺ қасына келіп, оның артында намаз оқыдым. Ол мені қолымнан ұстап, өзіне тартып, қасына тұрғызды. Аллаһтың Елшісі ﷺ намазын бастағанда, мен артқа шегіндім. Ол намазын оқып бітірген соң: «**Не істедің? Мен сені қасыма тұрғыздым, ал сен артқа шегіндің**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз Аллаһтың Елшісі бола тұра, біреудің сізбен қатар тұрып намаз оқуы қалай болмақ?», — деп жауап бердім. Менің жауабым оны таңғалдырды. Сонда ол Аллаһтан менің білімім мен түсінігімді арттыруын сұрап, дұға етті*»[1].

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі әрі өзінің ана жағынан тәтесі Мәймунаның үйіне барғаны туралы былай деп жеткізіледі: «*Түнде Аллаһтың Елшісі ﷺ су құйылған торсықтың қасына барып, дәрет алды да, намазға тұрды. Мен де тұрып, дәрет алдым. Содан кейін оның сол жағына барып тұрдым. Ол қолымнан ұстап, мені арт жағынан айналдырып, оң жағына тұрғызды*»[2]. Бұл хадистен Ибн Аббастың бала кезінің өзінде Аллаһ Елшісінің ﷺ артында намаз оқып, одан білім алынғаны көрінеді.

• Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққанда, Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне) оның салтты жануарының артқы жағына мінетін.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Бір күні мен Аллаһ Елшісінің ﷺ салтты жануарының артқы жағында отыр едім. Сонда ол маған: «**Әй, балақай! Мен саған бірнеше сөз үйретемін: Аллаһты есінде сақта, сонда Ол сені қорғайды. Аллаһты есінде сақта, сонда алдыңнан Оның жәрдемін табасың. Бір нәрсе сұрағың келсе, Аллаһтан сұра. Жәрдем сұрап, жүгінгін келсе, Аллаһтан жәрдем тіле. Егер барлық адам саған пайда келтіру үшін жиналса да, Аллаһ саған жазған пайдадан басқасын келтіре алмайтынын біл. Сондай-ақ егер барлық адам саған зиян тигізу үшін жиналса да, олар саған Аллаһ жазған зияннан басқасын тигізе алмайтынын біл. Өйткені қаламдар көтеріліп, парақтар кеуіп қойған**», — деген еді*»[3].

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (1/330); «Шуғәб әл-иман» әл-Бәйхәқи, (2/198); «Хилият әл-әулия» Абу Нәғим, (8/386).

2 Хадисті осы түрде имам Ахмад өзінің «Муснад» жинағында келтірген, (1/249); Хадистің негізі «Муслимде» келтірілген, (763).

3 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/623); әт-Тирмизи, (2516); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (5/316); «әл-Кәбир», (11/123); «Муснад» имам Ахмад, (1/293); «Муснад» Абу Яғлә, (4/430); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде, «әл-Мишкәтта», (5302) және «Зыләл әл-жәннада», (316–318) сенімді деп атаған.

• Пайғамбарымыз ﷺ сусын ішкенде, Ибн Аббас оның оң жағында болған.

Ибн Аббастан Пайғамбарымыз ﷺ сусын ішкені және оның оң жағында ол, ал сол жағында Халид ибн Уәлид отырғанын жеткізген. Пайғамбарымыз ﷺ маған: «***Бірінші болып ішуге сенің құқығың бар. Бірақ қаласаң, бұл құқығыңды Халидке бере аласың***», — деді. Сонда Ибн Аббас: «*Аллаһ Елшісінен ﷺ қалған сусындағы өз үлесімді ешкімге бермеймін*», — деп жауап берді[1].

Үшінші: Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) оны айрықша құрметтеп, артықшылық беріп, мақтайтын. Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Умар мені Бадр шайқасына қатысқан ақсақалдармен бірге өзіне шақыратын. Мұны олардың бірі жақтырмаған секілді. Ол: «Ол не себепті саған бізбен бірге кіреді? Оның жасы тіпті біздің ұлдарымыздан да үлкен емес қой!», — деді. Умар: «Оның қандай адам екендігін өздерің білесіңдер», — деп жауап берді. Бірде Умар мені олармен бірге шақырды. Менің ойымша, сол күні ол мені оларға білімімді көрсету үшін шақырған еді. Умар: «Аллаһ Тағаланың:* «**Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келгенде…**», *— деген сөздері туралы не айтасыңдар?», — деп сұрады. Жиналғандардың бірі: «Бізге жәрдем беріліп, жеңіске жеткенде, Аллаһты мадақтап, Одан кешірім сұрау бұйырылды», — деді. Қалғандары үндемеді. Сонда Умар маған бұрылып: «Уа, Ибн Аббас! Сен де осыны айтасың ба?», — деп сұрады. Мен: «Жоқ», — дедім. Ол: «Онда не айтасың?», — деп сұрады. Мен: «Бұл жерде Аллаһ Елшісінің ﷺ өмірінің аяқталатын уақыты туралы айтылған. Аллаһ оған сол уақыттың жақындағанын хабарлады.* «**Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келгенде…**», *— деген сөздер, бұл өміріңнің аяқталуға жақындағанының белгісі. Сонда (сол кезде):* «**Раббыңды мадақтап дәріпте және Одан кешірім сұра. Расында, Ол — тәубелерді Қабыл Етуші**»», *— деп жауап бердім. (Жауапты естіген) Умар: «Мен де бұл сүре туралы сен айтқаннан басқа ештеңе білмеймін», — деді*» (әл-Бухари, 4686).

Ибн Умар (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) былай дейтін: «*Умар Ибн Аббасты шақырып, өзіне жақын отырғызатын. Ол: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ сені шақырып, басыңнан сипағанын және: «****Уа, Аллаһ! Оған дінді түсінуді нәсіп ет және тәпсірді үйрет!», — дегенін көрдім****», — дейтін*»[2].

---

1 «Әт-Тирмизи», (3455); «Мусәннаф Абдурразақ», (4/511); «Муснад» имам Ахмад, (1/220); «Муснад» әл-Хәмиди, (1/225); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде жақсы деп атаған.

2 «Фәтх әл-Бәри», (1/170);

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Ибн Аббастан артық түсінетін, ақылдырақ, білімдірек әрі парасаттырақ ешкімді көрмедім. Мен Умардың қиын мәселелер туғанда оны шақырып: «Алдымызда күрделі мәселе тұр», — дейтінін көрдім. Ол Ибн Аббастың пікірінен аттамайтын. Ал сол кезде қасында Бадр шайқасына қатысқан муһәжирлер мен ансарлар отыратын*»[1].

Талхә ибн Убәйдуллаһ: «*Ибн Аббасқа терең түсінік, зеректік және білім берілген. Мен Умар ибн әл-Хаттабтың одан басқа біреуді артық көргенін көрмедім*», — деген[2].

Төртінші: оны сахабалар мен тәбиғиндер мақтаған.

Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Ибн Аббас Құранды неткен жақсы түсіндіреді!*», — деген[3].

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Ибн Аббас — Аллаһ Тағаланың Мухаммадқа ﷺ түсіргенін адамдардың ішіндегі ең жақсы білетіні*», — деген[4].

Мухаммад ибн Али Ибн Аббас қайтыс болған күні: «*Бүгін осы үмметтің жетекшісі (ұстазы) дүние салды*», — деген[5].

Мужаһид: «*Білімінің молдығына байланысты Ибн Аббасты «теңіз» деп атайтын*», — деген[6].

Рәфиғ ибн Худәйж болса: «*Бүгін шығыс пен батыстың арасындағы адамдар мұқтаж болған кісі қайтыс болды*», — деген[7].

Мәсруқ былай деген: «*Ибн Аббасты көргенде: «Адамдардың ең көрікті сі», — дейтінмін. Оның сөйлегенін естігенде: «Адамдардың ең шешені», — дейтінмін. Ал ол бір мәселені түсіндіре бастағанда: «Адамдардың ең білімдісі», — дейтінмін*»[8].

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/347); «әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (2/369).

2 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/347); «әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (2/370).

3 «Әл-Мустәдрак», (3/318); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (6/383); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/845).

4 «Тәхзиб әт-тәхзиб», (5/244); «әл-Бидаят уә ән-Нихая», (8/323).

5 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/616); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (6/383); «әл-Әхад уә әл-мәсәни», (1/288); «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/951).

6 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/616); «әл-Жарх уә әт-тәғдил», (5/116); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/350); «Фадаил әс-сахаба» имам Ахмад, (2/977).

7 «Әт-Тәбақат» Ибн Сәғд, (2/372).

8 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/351); «әл-Истиғәб», (3/935); «әл-Исаба», (4/149).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалар өте көп.

Бірінші: оның білім іздеуге ұмтылысы және ғалымдарды құрметтеуі.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ дүние салғаннан кейінгі кезді еске алып, былай деген: «*Мен бір ансарға: «Уа, пәленше! Пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларына сұрақ қойып, білім алайық. Қазір олар көп қой», — дедім. Ол: «Уа, Ибн Аббас, саған таңғаламын! Араларында Пайғамбардың ﷺ соншама көп сахабасы бар кезде, адамдар саған мұқтаж болады деп ойлайсың ба?», — деді. Ол ансар білім іздеуге кіріспеді, ал мен сахабаларға бара бастадым. Бір сахабада хадис барын естісем, оның үйіне баратынмын. Кейде ол түс кезінде демалып жататын. Мен шапанымды есігінің алдына жайып, сонда отыратынмын, ал жел менің бетіме құм ұшыратын. Үй иесі сыртқа шығып, мені көргенде: «Уа, Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесінің ұлы! Мұнда не үшін келдің? Неге біреуді жібермедің? Мен саған өзім барар едім», — дейтін. Мен: «Саған өзім келуге тиіспін», — деп жауап беретінмін. Содан кейін одан хадис туралы сұрайтынмын. Уақыт өте келе әлгі ансар адамдардың менің қасыма жинала бастағанын көріп: «Бұл жас жігіт менен ақылдырақ екен», — деген еді*»[1].

Зәйд ибн Сәбит — уахиді жазған, Мәдина тұрғындарының сот ісі, фиқһ, Құран оқу және мұрагерлік мәселелері бойынша ғалымы еді. Ол мінетін жануарын дайындап жатқанда, Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) қожайынының алдында тұрған құл секілді оның жануарының тізгінінен ұстап тұрды. Зәйд оған: «*Уа, Аллаһ Елшісінің ﷺ көкесінің ұлы! (Тізгінді) тастай сал*», — деді. Ибн Аббас: «*Бізге ғалымдарымызға осылай қызмет ету бұйырылған*», — деп жауап берді. Сонда Зәйд: «*Қолыңды көрсетші*», — деді. Ибн Аббас қолын созғанда, Зәйд еңкейіп, оның қолынан сүйді де: «*Бізге Пайғамбарымыздың ﷺ әулетіне осылай құрмет көрсету бұйырылған*», — деді[2].

Екінші: оның харижилермен даналықпен пікір таластырып, олардың көпшілігінің ақиқатқа қайтуына себеп болуы.

Аллаһтың құлдары! Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) пен Муғәуия (Аллаһ оған разы болсын) дауды екі адамға төрелік еткізу арқылы шешуге келіскеннен кейін, харижилер кейбір жалған күмәндарға жармасты. Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) оларға ба-

---

1 «Сунан» әд-Дәрими, (1/150); «әл-Фадаил» имам Ахмад, (2/976); «әл-Мустәдрак», (1/188); Ол: «Хадис әл-Бухаридің шарттарына сәйкес сенімді», — деген.

2 «Кәнз әл-ғәммәл», (37061).

рып, уәждерін теріске шығарды. Олардың бір бөлігі райынан қайтты, ал қалғандары адасуда қалды.

Аллаһтың құлдары! Осы оқиғаны Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын), өзінен тыңдайық. Ол былай деген: «*Харурилер (яғни харижилер) бөлініп шыққанда, өз мекендеріне алты мың адам болып жиналды. Мен Алиге (Аллаһ оған разы болсы): «Уа, мүминдердің әмірі! Бесін намазын сәл кешіктір де, адамдарға барып, олармен сөйлесуіме рұқсат бер», — дедім. Али: «Мен олардың саған зиян тигізуінен қауіптенемін», — деп жауап берді. Мен: «Бұған (еш) себеп жоқ», — дедім. Кейін мен түскі уақытта тұрып, оларға бардым. Оларды мекендерінде түскі тынығу кезінде таптым. Мен оларға сәлем бергенімде, олар: «Қош келдің! Уа, Ибн Аббас! Бізге не себеппен келдің?», — деді. Мен: «Сендерге Пайғамбардың ﷺ сахабалары мен оның күйеу баласынан келдім. Құран оларға түсірілді, олар оның мағынасын сендерден жақсырақ біледі. Сендердің араларыңда олардың бірде-біреуі жоқ! Мен сендерге олардың не айтатынын жеткіземін, ал оларға сендердің не айтатындарыңды хабарлаймын», — дедім. Кейін мен оларға: «Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары мен оның көкесінің ұлын не үшін айыптайтындарыңды айтыңдар», — дедім. Олар: «Бұған үш себеп бар», — деп жауап берді. Мен: «Бұл қандай себептер?», — деп сұрадым. Олар: «Біріншіден, ол Аллаһтың дінінде адамдарды төреші етіп қойды. Ал Аллаһ Тағала: «**Үкім тек Аллаһқа тән**», — деген. Адамдардың үкімге қандай қатысы бар?», — деді. Мен: «Бұл — біріншісі», — дедім. Олар: «Екіншіден, ол адамдармен соғысты, бірақ олжа да, тұтқын да алмады. Егер соғысқандары кәпір болса, олардың дүние-мүлкі оған адал еді. Ал егер олар мүминдер болса, онда олардың қанын төгуге болмайтын еді», — деді. Мен: «Бұл — екінші себеп, ал үшіншісі қандай?», — дедім. Олар: «Үшіншіден, ол «мүминдердің әмірі» деген атаудан бас тартты. Демек, ол кәпірлердің әміршісі», — деді. Мен: «Бұдан басқа себептер бар ма?», — деп сұрадым. Олар: «Осы жеткілікті», — деп жауап берді. Мен: «Егер мен сендерге Аллаһтың Кітабынан және Аллаһ Елшісінің ﷺ хадистерінен пікірлеріңді теріске шығаратын дәлел келтірсем, разы боласыңдар ма?», — деп сұрадым. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен: «Ол Аллаһ Тағаланың дінінде адамдарды төреші етті деген уәждеріңе келсек, Аллаһ Өз үкімін құны төрттен бір дирхам ғана болатын нәрсеге қатысты үкімді де адамдарға тапсырғанын Құраннан оқып беремін. Аллаһ адамдарға ол жайында үкім шығаруды бұйырып, былай деген:*

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لَا تَقۡتُلُواْ ٱلصَّيۡدَ وَأَنتُمۡ حُرُمٞۚ وَمَن قَتَلَهُۥ مِنكُم مُّتَعَمِّدٗا فَجَزَآءٞ مِّثۡلُ مَا قَتَلَ مِنَ ٱلنَّعَمِ يَحۡكُمُ بِهِۦ ذَوَا عَدۡلٖ مِّنكُمۡ هَدۡيَۢا بَـٰلِغَ ٱلۡكَعۡبَةِ أَوۡ كَفَّـٰرَةٞ طَعَامُ مَسَـٰكِينَ أَوۡ عَدۡلُ ذَٰلِكَ صِيَامٗا لِّيَذُوقَ وَبَالَ أَمۡرِهِۦۗ﴾

«**Әй, иман келтіргендер! Ихрамда аң өлтірмеңдер. Сендерден біреу оны әдейі өлтірсе, оның жазасы — өлтіргеніндей бір мал, оны сендерден екі әділ кісі Кәғбаға баратын бір құрбанды үкім етеді. Не бодауына міскіндерді тамақтандыру немесе оның орнына ораза ұстау. Бұл істегенінің жазасын тату үшін**» («әл-Мәида» сүресі, 95-аят). *Сендерді Аллаһ Тағаламен ант еттіремін, адамдардың қоян және осыған ұқсас аңға қатысты төрелігі артық па, әлде адамдардың қаны төгілмеуі мен өзара татуласуы жайындағы төрелігі артық па? Егер Аллаһ қаласа, үкімді Өзі шығарып, оны адамдардың төрелігіне қалдырмас еді, бұны өздерің де білесіңдер», — дедім. Олар: «Екіншісі артық», — деді. Мен: «Ал ер мен әйел жайында Аллаһ Тағала:*

﴿وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيْنِهِمَا فَٱبْعَثُواْ حَكَمًا مِّنْ أَهْلِهِۦ وَحَكَمًا مِّنْ أَهْلِهَآ إِن يُرِيدَآ إِصْلَٰحًا يُوَفِّقِ ٱللَّهُ بَيْنَهُمَآ﴾

«**Егерде екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Аллаһ та екеуінің арасын үйлестіреді**», — деген (ән-Ниса сүресі, 35-аят). *Сендерді Аллаһ Тағаламен ант еттіремін, адамдардың өзара татуласуы мен қантөгісті тоқтатудағы төрелігі әйел мәселесіндегі төрелігінен артық емес пе? Бұл мәселе де шешілді ме?», — дедім. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен сөзімді жалғастырып: «Сендер Али соғысты, бірақ әйелдерді тұтқынға, дүние-мүлікті олжаға алмады дедіңдер. Сендер аналарың Айшаны күң етіп алып, күңмен қалай қатынас жасалса, солай қатынас жасауды қалар едіңдер ме?! Егер оны күң секілді иеленеміз десеңдер, кәпір боласыңдар. Ал Айша сендердің аналарың емес десеңдер, тағы да күпірлікке түсесіңдер. Аллаһ Тағала:*

﴿ٱلنَّبِيُّ أَوْلَىٰ بِٱلْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ ۖ وَأَزْوَٰجُهُۥٓ أُمَّهَٰتُهُمْ ۗ﴾

«**Пайғамбар мүминдерге өздерінен де жақын, ал оның әйелдері — олардың аналары**», —*деген* (әл-Ахзаб сүресі, 6-аят). *Сендер екі адасудың арасында тұрсыңдар. Енді одан шығатын жол табыңдар!», — дедім. Кейін мен: «Бұл мәселе де шешілді ме?», — деп сұрадым. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Мен сөзімді жалғастырып: «Сендер Али «мүминдердің әмірі» деген атаудан бас тартты дедіңдер. Сендерге Худәйбия күнін еске салайын. Аллаһтың Елшісі ﷺ мүшриктермен жасалған бітім келісіміне: «Бұл — Аллаһтың Елшісі Мухаммад жасасқан бітім», — деп жазуды бұйырды. Мүшриктер: «Егер сенің Аллаһтың Елшісі екеніңді білгенімізде, саған бағынар едік. «Мухаммад ибн Абдуллаһ» деп жазуың керек», — деп қарсы шықты. Аллаһ Елшісі ﷺ олардың талабына келісіп:*

«Уа, Али! «Аллаһтың Елшісі» дегенді өшір. Уа, Аллаһ! Расында, Сен менің Аллаһ Елшісі екенімді білесің. Али! «Бұл — Мухаммад ибн Абдуллаһ жасасқан бітім», — деп жаз», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Алиден лайықтырақ еді. Егер оның «Аллаһтың Елшісі» деп аталмауына келіскені оны пайғамбарлықтан шығармаған болса, бұл Алиді де мүминдердің әміршісі болудан шығармайды. Бұл мәселе де шешілді ме?» — дедім. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Олардың екі мыңы кері қайтты. Ал қалғандары Али ибн Абу Талибке қарсы шығып, адасқан күйі өлді. Оларды муһәжирлер мен ансарлар өлтірген еді»[1].

Иә, расында, бұлар — Аллаһ Өз Пайғамбарына сахаба әрі Оның дініне жәрдемші болу үшін таңдаған ерлер.

Үшінші: оның Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетін берік ұстануға және оны адамдар арасында таратуға деген ұмтылысы.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның Муғәуиямен (Аллаһ оған разы болсын) бірге Қағбаны тауаф еткені жеткізіледі. Муғәуия Қағбаның төрт бұрышының бәрін қолымен сипай бастады. Мұны көрген Абдуллаһ ибн Аббас оған: «*Неге солтүстік жақтағы екі бұрышты сипадың? Пайғамбарымыз ﷺ Йемен бұрышы мен Қара тастан басқа бұрыштарды сипамаған еді ғой*», — деді. Муғәуия: «*Аллаһтың Үйінің еш жерін қалдыруға болмайды*», — деп жауап берді. Абдуллаһ ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «**Аллаһ Елшісінде сендер үшін көркем үлгі бар**», — деді. Сонда Муғәуия: «*Сен шындықты айттың*», — деп жауап берді[2].

Абдуллаһ ибн Шәқиқ былай деген: «*Ибн Аббас Басрада жұма күні аср намазынан кейін уағыз айта бастады. Ол күн батып, жұлдыздар көрінгенше сөйледі. Адамдар: «Намаз! Намаз!», — дей бастады. Сол кезде Бану Тәмим тайпасынан бір адам келіп ойын бүкпестен: «Намаз! Намаз!», — деді. Ибн Аббас оған: «Сен маған Сүннетті үйретпексің бе?! Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ бесін мен аср намаздарын, сондай-ақ ақшам мен құптан намаздарын қосып оқығанын көрдім», — деді*».

Абдуллаһ ибн Шақиқ: «*Бұл сөз көңіліме күмән салды. Сондықтан мен Абу Хурайраға барып, одан бұл жайлы сұрадым. Ол Ибн Аббастың айтқанын растады*», — деген (Муслим, 705).

Сүннет — тақуалардың кемесі. Сүннет — құтылу кемесі. Оған мінген адам құтылады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің Сүннетімді және менен***

---

1 «Әл-Мусәннаф» Абдурраззақ, (18678); «әл-Кубра» ән-Нәсәи, (8522); «әл-Кәбир» әт-Тобари, (1059); әл-Хәким, 2/164; әл-Бәйхәқи, (8/179). Хадистің бөлігін, Худәйбия оқиғасын имам Ахмад келтірген, 3178; Абу Дауд, 4037; «Тәлбис Иблис», 111–114.

2 «Муснад» имам Ахмад, (1/217); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (3/17).

кейінгі тура жолмен жүргізілген әділетті халифалардың сүннетін ұстаныңдар», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім менің Сүннетімнен бет бұрса, ол менен емес***», — деген.

Уа, Аллаһ! Бізге дінімізді дұрыс түсінуді нәсіп ете гөр!

Биләл ибн Рабах (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды мүминдер ғана жақсы көреді және екіжүзділер мен бидғатшылар ғана жек көреді.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін), сахабаларға (Аллаһ оларға разы болсын) қатысты сенімі туралы: «*Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбашылық*», — деген.

Хәфиз Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Хаммад ибн Сәләма Айюб әс-Сәхтиянидің мына сөзін жеткізген: «Абу Бакрды жақсы көрген адам дінін түзеді. Умарды жақсы көрген адамға жол айқындалды. Усманды жақсы көрген адам Аллаһтың нұрымен нұрланды.*

Алиді жақсы көрген адам берік тұтқадан ұстады. Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары жайында жақсы сөз айтқан адам екіжүзділіктен аулақ»[1].

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі кездесуіміз (Аллаһ қаласа) осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайында болмақ. Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Биләл ибн Рабах әл-Хәбәши. Ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ азаншысы болған, әрі Оны Ислам үмметінің үлкені де, кішісі де, ері де, әйелі де біледі.

Аллаһтың құлдары! Биләл ибн Рабах (Аллаһ оған разы болсын) жайындағы әңгіметіміз оның артықшылықтары мен Исламдағы орны туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі болды.

Ғәмр ибн Ғәбәса әс-Суләмиден (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізіледі: «*Надандық дәуірінде мен адамдарды адасуда жүр деп санайтынмын. Олар пұттарға табынатын. Бір күні мен Меккеде бір адамның ерекше әрі маңызды сөздер айтып жатқанын естідім. Мен түйеме мініп, оған қарай бардым. Бірақ Аллаһ Елшісі ﷺ адамдардың алдына ашық шыға алмай жүр еді, оның тайпаластары оған қиянат жасауға батылданған еді. Меккеде оны табу үшін адамдардан сақтықпен сұрастыруыма тура келді. Ақыры мен оның қасына барып: «Сен кімсің?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Мен — Пайғамбармын**», — деді. Мен: «Пайғамбар деген кім?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Мені Аллаһ жіберді**», — деді. Мен: «Ол сені не нәрсемен жіберді?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Ол мені туыстық байланысты сақтауды бұйыру, пұттарды жою және еш нәрсені Оған серік қоспай, жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыру үшін жіберді**», — деп жауап берді. Мен: «Бұл істе сені кім қолдап жүр?», — деп сұрадым. Ол: «Азат адам мен құл», — деп жауап берді*». Хадистегі дәлел — осы сөздер. Өйткені ол кезде Пайғамбарызбен ﷺ бірге Абу Бакр мен Биләл ғана болған., Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын. Ғәмр: «*Мен: «Расында, мен саған еремін!», — дедім*», — деп, хадистің қалған бөлігін баяндады.

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Аллаһ жолында маған талай қиындық туды, ал Оған ешкім де, еш нәрсе де қиындық келтіре алмайды. Аллаһ жолында***

[1] «Әл-Бидәя уә ән-нихая», (8/13).

қорқыныш көрдім, ал Ол ешкімнен қорықпайды. Сол кезде үшінші (сынақ) пайда болды және менде де, Биләлда да адам жейтін астан Биләлдың қолтығына жасырып алып жүргенінен басқа ештеңе болмады»[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Исламды алғаш ашық жариялағандар жетеу еді: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Ғәммар мен оның анасы Сумәйя, Суһәйб, Биләл және Миқдәд*», — деген[2].

Екінші: Аллаһтың Елшісі ﷺ оны Жәннат тұрғындарының бірі екенімен сүйіншілеген.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бірде Биләлға былай дегені жеткізіледі: «***Уа, Биләл! Исламдағы өзің ең көп үміт артатын амалыңды айтшы. Расында, мен Жәннатта алдымнан сенің аяқкиіміңнің дыбысын естідім***». Биләл: «*Мен ешбір амалыма мына амалымдай үміт артпаймын: мен түннің немесе күннің қай уақытында дәрет алсам да, сол дәретпен шамам қанша рәкағатқа келсе, сонша рәкағат оқитынмын*», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 1098).

Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған және оның әкесіне де разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Түсімде Жәннатқа кіргенімді көрдім. Онда Абу Талхәның әйелі Румәйсаны көрдім. Содан кейін біреудің аяқ дыбысын естіп: «Бұл кім?», — деп сұрадым. Маған: «Бұл — Биләл», — деп жауап берілді. Содан кейін ауласында бір қыз тұрған сарайды көріп: «Бұл сарай кімдікі?», — деп сұрадым. Маған: «Бұл — Умардың сарайы», — деп жауап берілді. Мен оның ішіне кіріп, оны көргім келді. Бірақ есіме сенің қызғаншақтығың түсті***». Мұны естіген Умар: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің әке-шешем сіз үшін өтем болсын! Мен сізге қызғана аламын ба?!*», — деп дауыстап жіберді (Әл-Бухари, 3476).

Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ Биләлды шақыртып алып: «***Уа, Биләл! Сен менен Жәннатта не нәрсемен оздың? Кеше Жәннатқа кіргенімде, алдымнан сенің аяқтарыңның дыбысын естідім. Содан кейін төртбұрышты алтын сарайға жақындап: «Бұл кімнің сарайы?», — деп сұрадым. Олар: «Мухаммадтың умметінен болған адамның сарайы», — деп жауап берді. Мен: «Мен — Мухаммадпын. Бұл кімнің сарайы?», — деп сұрадым. Олар: «Бұл — арабтардың бірінің сарайы», — деді. Мен: «Мен де арабпын. Бұл кімнің сарайы?», — деп сұрадым. Олар: «Құрайыштықтардың бірінің сарайы», — деп жауап берді.***

---

1 «Ибн Мәжаһ», (151); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (2222) және «әл-Мишкәтта», (5253) сенімді деп атаған.

2 «Ибн Мәжаһ», (150); Шейх әл-Әлбәни хадисті жақсы деп атаған.

Мен: «Мен де құрайыштықпын. Бұл сарай кімдікі?», — деп сұрадым. Олар: «Бұл — Умар ибн әл-Хаттабтың сарайы», — деп жауап берді», — деген еді. Биләл: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен азан айтқан сайын екі рәкағат намаз оқитынмын. Ал дәретім бұзылса, бірден қайта дәрет алатынмын*», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Міне, осы екі амалдың арқасында!***», — деді[1].

Үшінші: Пайғамбарымыз ﷺ оған азан айтуды бұйырды.

Ибн Умар (Аллаһ оның екеуіне де разы болсын) былай деген: «*Мұсылмандар Мәдинаға көшіп келген алғашқы кезде намазға жиналатын, бірақ оларды ешкім шақырмағандықтан, намаздың уақытын өздері анықтауға тырысатын. Бір күні олар осы мәселені талқылады. Кейбіреулері: «Христиандардікіндей қоңырау жасайық», — деді. Басқалары: «Жоқ, яһудилердікіндей мүйізден жасалған керней болсын», — деді. Сонда Умар: «Адамдарды намазға шақыруды бір кісіге тапсырсақ қайтеді?», — деп ұсыныс жасады. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Уа, Биләл! Тұрып, адамдарды намазға шақыр!**», — деп бұйырды*» (Әл-Бухари, 579; Муслим, 377).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Адамдардың саны көбейген кезде олар намаз уақыты кіргенін қалай білдіру керегін талқылады. Біреулері от жағуды, басқалары, қоңырау соғуды ұсынды. Сонда Биләлға азан сөздерін екі реттен, ал қамат сөздерін бір реттен айту бұйырылды*» (Әл-Бухари, 578; Муслим, 378).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, Биләл азанды түнде айтады. Сондықтан Ибн Умм Мәктум азан айтқанша ішіп-жей беріңдер***», — деген (Әл-Бухари, 592; Муслим, 1092).

Төртінші: Пайғамбарымыз ﷺ Биләл мен оның жолдастарының ашуына ұшырау Аллаһтың ашуына ұшырауға себеп болатынын хабарлаған.

Абу Суфиян (әлі иман келтірмеген кезінде) бірнеше кісімен бірге Сәлмән, Биләл және Сухәйбтың жанынан өтіп бара жатқанда, олар: «*Аллаһпен ант етеміз, Аллаһтың қылыштары Аллаһтың дұшпанынан әлі өз сыбағасын алған жоқ!*», — деген еді. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын): «*Сендер мұны құрайыштың көсемі туралы айтып тұрсыңдар ма?*», — деп сұрады. Кейін Абу Бакр Пайғамбарымызға ﷺ барып, оған болған жайды айтып берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Абу Бакр! Сен оларды ашуландырып қойған жоқсың ба? Егер оларды ашуландырған болсаң, Раббыңды да ашуландырдың***», — деді. Осыдан кейін

[1] Хадистің толық нұсқасын имам Ахмад өзінің «Муснад» жинағында келтірген, (5/360); әт-Тирмизи, (3689); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/322); «Сахих» Ибн Хузәйма, (2/213); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

Абу Бакр оларға барып: «*Уа, бауырларым! Мен сендерді ашуландырып қойған жоқпын ба?*», — деп сұрады. Олар: «*Жоқ, бауырымыз, Аллаһ сені кешірсін!*», — деп жауап берді (Муслим, 2504).

Бесінші: Аллаһ Тағала ол туралы Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аятын түсірді.

Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде алтауымыз Пайғамбармен ﷺ бірге болғанымызда, мүшриктер оған: «Мыналарды қуып жібер! Олар бізге қарсы сөйлеуге батылы бармасын!», — деді. Сол алтаудың арасында менен басқа Ибн Мәсғуд, Хузәйл тайпасынан бір адам, Биләл және есімдерін атамайтын тағы екі адам бар еді. Аллаһ Елшісінің ﷺ көңіліне Аллаһ қалаған бір ой келіп, ол бұл мәселені іштей ойлады. Сонда Аллаһ Тағала:*

﴿وَلَا تَطۡرُدِ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ رَبَّهُم بِٱلۡغَدَوٰةِ وَٱلۡعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجۡهَهُۥۖ مَا عَلَيۡكَ مِنۡ حِسَابِهِم مِّن شَيۡءٖ وَمَا مِنۡ حِسَابِكَ عَلَيۡهِم مِّن شَيۡءٖ فَتَطۡرُدَهُمۡ فَتَكُونَ مِنَ ٱلظَّٰلِمِينَ ٥٢﴾

«**Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума. Олардың есбінен саған еш нәрсе жоқ. Және сенің есебінен оларға да еш нәрсе жоқ (бір-біріңе жауапкершілік жоқ) Сондықтан оларды қусаң зұлымдық қылғандардан боласың**» («әл-Әнғәм» сүресі, 52-аят)**, — деген аятты түсірді**». (Муслим, 2413).

Алтыншы: Умар әл-Фаруқтың оны мақтауы.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Умар: «Біздің мырзамыз Абу Бакр біздің мырзамызды (яғни Биләлді) азат етті», — дейтін*» (Әл-Бухари, 3544).

Оның өмір барысында орын алған кейбір оқиғалар

Бірінші: оның дінде берік болуы.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Исламды алғаш ашық жариялағандар жетеу еді: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Ғәммар мен оның анасы Сумәйя, Сухәйб, Биләл және Миқдәд (Аллаһ оларға разы болсын).*

Аллаһ Тағала Аллаһтың Елшісін ﷺ мүшриктердің құдалауынан көкесі, ал Абу Бакрды туыстары арқылы қорғады. Қалғандарын мүшриктер азаптап, оларға темір сауыт кигізіп, күннің астына қалдыратын. Мүшриктер Биләлдан басқа барлығына өздері естігісі келген сөздерді айтқызды. Биләл Аллаһтың ұлылығының алдында көрген азабын елеусіз санады, ал мүшриктер оны қор тұтты. Олар оның мойнына қарғыбау

тағып, балаларына Меккенің сайларында сүйреткіземін. Ал ол: «(Аллаһ) Жалғыз! Жалғыз!», — деп қайталай беретін»[1].

Екінші: Бадрдағы ұлы шайқас.

Абдуррахман ибн Ғәуф былай деген: «*Мен Умәйя ибн Хәләфпен жазбаша келісім жасастым, ол Меккедегі дүние-мүлкімді немесе отбасымды қарайтын, ал мен оның Мәдинадағы дүние-мүлкін қарайтын болдым. Мен құжатқа «әр-Рахман» сөзін, яғни Абдуррахман деген есімімді жазғанымда, ол: «Мен әр-Рахманды білмеймін. Исламға дейінгі надандық (жәһилиет) дәуіріндегі есіміңді жаз», — деді. Сонда мен: «Абду Амр», — деп жаздым. Бадр шайқасы күні, адамдар ұйықтап жатқанда, оны қорғау үшін бір төбеге көтерілдім. Бірақ Биләл оны көріп қалып, ансарлар жиналған жерге барды да: «Анау жерде Умәйя ибн Хәләф жүр! Егер ол қашып кетсе, маған өкініш болсын!», — деді. Осылайша ансарлардың бір тобы Биләлмен бірге шығып, біздің соңымыздан қуды. Олар бізді қуып жетеді деп қорқып, мен оларды алаңдату үшін Умәйяның ұлын қалдырдым. Бірақ олар оны өлтіріп, бізді қуа берді. Умәйя толық адам еді. Олар бізге жеткенде, мен оған: «Тізерле!», — дедім. Ол тізерледі, ал мен оны қорғау үшін үстін денеммен жаптым. Бірақ олар қылыштарын менің астымнан өткізіп, оны өлтіргенше шапқылады. Олардың бірі қылышымен менің аяғымды жаралады*». Хадисті жеткізушілердің бірі: «*Абдуррахман ибн Ғәуф бізге аяғындағы жараның орнын көрсететін*», — деген (Әл-Бухари, 2179).

Бұл — Меккеде аты белгісіз болған Биләл ибн Рабах. Ол иман келтірген соң Ислам оны ұлықтады. Аллаһ Тағала оны Ислам арқылы тірісінде де, қайтыс болғаннан кейін де мәртебелі етті.

Тірісінде ол Аллаһ жолындағы жиһадта ең жақсы үлгі көрсетті. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін Биләл Абу Бакрдан Аллаһ жолындағы жиһадқа шығуға рұқсат сұрады. Абу Бакр одан Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін азан айтқанындай, өзіне де азан айтып, жанында қалуын өтінді. Биләл оған: «*Егер мені өзің үшін азат еткен болсаң, қалағаныңды істеуге хақың бар. Ал егер мені Аллаһ үшін азат еткен болсаң, мені өз жөніме қалдыр. Мен осы дүниеден өткенше Аллаһқа құлшылық етіп, жиһад жасаймын*», — деді. Осылайша, ол жиһад жолына шықты, әрі оның артында жақсы есімі қалды. Бүгінде ешкім «Биләл» дегенде, «Аллаһ Елшісінің ﷺ азаншысы» деп қоспай айтпайды.

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат етіп көрсетіп, оған еруді нәсіп ет!

---

[1] Ибн Хиббән, (15/558); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/320); «әс-Сунан әл-Кубра» әл-Бәйхәқи, (8/209); Ибн Мәжаһ, (150); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/396); «Муснад» имам Ахмад, (1/404); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مُّحَمَّدٞ رَّسُولُ ٱللَّهِۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلۡكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيۡنَهُمۡۖ تَرَىٰهُمۡ رُكَّعٗا سُجَّدٗا يَبۡتَغُونَ فَضۡلٗا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضۡوَٰنٗاۖ سِيمَاهُمۡ فِي وُجُوهِهِم مِّنۡ أَثَرِ ٱلسُّجُودِۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمۡ فِي ٱلتَّوۡرَىٰةِۚ وَمَثَلُهُمۡ فِي ٱلۡإِنجِيلِ كَزَرۡعٍ أَخۡرَجَ شَطۡـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسۡتَغۡلَظَ فَٱسۡتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعۡجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلۡكُفَّارَۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنۡهُم مَّغۡفِرَةٗ وَأَجۡرًا عَظِيمَۢا ٢٩﴾

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік түрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ақиқатында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең қайырлы жүрек деп тапты, кейін Оны Өзі үшін таңдап алып, Өз елшілігімен жіберді! Кейін Аллаһ Тағала Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының ішіндегі ең қайырлы жүректер деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарының ﷺ діні үшін күресетін көмекшілері етті*».

Аллаһтың құлдары! Бұл — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өзінің Пайғамбарына жолдас болу әрі Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

Кімде-кім оларды жақсы көріп, олардың жолына ілесіп, мәнһәждарын ұстанса, сол осы әрі Ақырет өмірінде бақытқа қол жеткізеді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ал кім олардың мәнһәжі мен жолын тастап, шайтанның жолына ілессе, сол осы әрі Ақырет өмірінде бақытсыз болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абу Хурайра: имам, фақиһ, мужтәһид, хафиз, Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы, хафиздердің мырзасы. Ол адамдар арасында өзінің лақап атымен танымал болған.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Дәус тайпасынан еді. Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Елшісі ﷺ менен: «**Сен кімдерденсің? Қай тайпадансың?**», — деп сұрады. Мен: «Дәус тайпасынанмын», — деп жауап бердім. Сонда ол ﷺ: «**Дәус тайпасының арасынан бойында жақсылық бар біреу шығады деп ойламап едім**», — деді*»[1].

[1] Әт-Тирмизи, (3838); Шейх әл-Әлбәни хадисті соның жинағында, сондай-ақ «әс-Сахиха», (2936) сенімді деп атаған.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бір күні Туфәйл ибн Ғәмр Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Дәус тайпасының адамдары құрдымға ұшырады, олар иман келтірмеді әрі Исламды қабылдаудан бас тартты. Сондықтан оларға Аллаһтың лағынетін тілеңіз!», — деді. Алайда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Аллаһ! Дәус тайпасын тура жолға сала гөр әрі оларды алып кел!**», — деп дұға етті*» (әл-Бухари, 2779; Муслим 2524).

Аллаһтың құлдары! Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгіміміз оның артықшылықтары, өміріндегі оқиғалар және оның насихаттары туралы болмақ. Аллаһ оған разы болсын.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: Оның Аллаһ Елшісімен ﷺ үнемі бірге болуы.

Абу Хурайра былай баяндаған: «*Бірде біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге келе жатып, Мәдина тұрғындарының біріне тиесілі құрма бағының арасынан өттік. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Абу Хурайра! Мол дүниемүлік иелері құрдымға кетеді. Бірақ мал-мүлкін былай, былай және былай жұмсайтындар бұдан тыс**», — деп үш рет айтты. Ол екі қолын шөміштеп біріктіріп, оңға және солға қарай ишара жасады. Яғни мал-мүлкін Аллаһ жолында жомарттықпен жұмсайтындарды меңзеді: «**Алайда ондайлар аз**», — деді. Содан кейін біз тағы біраз жүрдік. Ол маған: «**Уа, Абу Хурайра! Саған Жәннат қазыналарының бірін көрсетейін бе?**», — деді. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап бердім. Ол: «**Күш те, қуат та тек Аллаһтан. Аллаһтан тек Аллаһтың Өзіне ғана паналауға болады (яғни: «Лә хәулә уә лә қууатә иллә билләһ, уә лә мәлжәә миналлаһи иллә иләйһи»)**», — **деген сөздер**», — деді. Содан кейін біз тағы біраз жүрдік. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Абу Хурайра! Аллаһтың құлдарындағы хақысы мен құлдардың Аллаһтағы хақысы неде екенін білесің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деп жауап бердім. Ол ﷺ: «**Расында, Аллаһтың адамдардағы хақысы — олардың жалғыз Оған ғана құлшылық етіп, Оған еш нәрсені серік қоспауы. Егер олар осыны орындаса, Аллаһ оларды азаптамайды**», — деді*»[1].

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/698); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/50); «Муснад» имам Ахмад, (2/309); Хадис жақсы иснадпен «әл-Мәусуғат әл-хәдисияда» келтірілген.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Адамдар: «*Абу Хурайра хадистерді көп жеткізеді», — деп жүр. Алайда Аллаһтың құзырында белгіленген мерзім бар (яғни Аллаһпен кездесу бар). Егер мен әдейі өтірік айтқан болсам, Ол менен есеп алады және мен туралы жаман ойлаған адамнан да есеп алады. Олар тағы: «Адамдар: «Неліктен муһәжирлер мен ансарлар Абу Хурайра жеткізгендей көп хадис жеткізбейді?», — деп айтады», — дейді. Муһәжирлерден болған бауырларымызды базарларда қол соғысып, сауда жасаулары алаңдататын (яғни олар саудамен айналысатын). Ал ансарлардан болған бауырларымызды дүние-мүліктерімен айналысулары алаңдататын (ансарлар негізінен егіншілікпен айналысып, құрма бақтарын өңдейтін). Ал мен кедей адам едім және барлық уақытымда Пайғамбарымыздың ﷺ жанында болатынмын. Маған қарнымның тоқ болғаны жеткілікті еді. Олар оның жанында болмаған кездерде мен оның жанында болдым әрі олар ұмытқан кезде мен жаттап алатынмын. Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ: «**Егер сендердің біреулерің қазір киімін жайып, мен сөзімді аяқтағанша оны осылай ұстап тұрса, содан кейін сол киімін жинап, кеудесіне басса, менің осы сөздерімнің ешқайсысын ешқашан ұмытпайды**», — деді. Мен өзімде болған жолақты жамылғымды жайдым, өйткені менде одан басқа ешқандай киім жоқ еді. Мен оны Пайғамбарымыз ﷺ сөзін аяқтағанша солай ұстап тұрдым. Кейін оны жинап, кеудеме бастым. Мухаммадты ﷺ жіберген Аллаһпен ант етемін, мен бүгінгі күнге дейін оның сол сөздерінің ешқайсысын ұмытқан емеспін. Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһтың Кітабындағы мына екі аят болмағанда, мен ешқашан бірде-бір хадис жеткізбес едім:*

﴿إِنَّ ٱلَّذِينَ يَكۡتُمُونَ مَآ أَنزَلۡنَا مِنَ ٱلۡبَيِّنَٰتِ وَٱلۡهُدَىٰ مِنۢ بَعۡدِ مَا بَيَّنَّٰهُ لِلنَّاسِ فِي ٱلۡكِتَٰبِ أُوْلَٰٓئِكَ يَلۡعَنُهُمُ ٱللَّهُ وَيَلۡعَنُهُمُ ٱللَّٰعِنُونَ ١٥٩ إِلَّا ٱلَّذِينَ تَابُواْ وَأَصۡلَحُواْ وَبَيَّنُواْ فَأُوْلَٰٓئِكَ أَتُوبُ عَلَيۡهِمۡ وَأَنَا ٱلتَّوَّابُ ٱلرَّحِيمُ ١٦٠﴾

«**Негізінен біз ашық үкімдерді әрі тура жолды Кітапта адамдарға баян еткеннен кейін жасырғандар, соларға Аллаһ лағынет етеді әрі барлық лағынет етушілер лағынет етеді. Бірақ тәубе еткендер, жағдайларын түзеткендер және шындықты баян еткендер басқа. Міне, Мен — солардың тәубесін Қабыл Етуші, ерекше Мейірімдімін**» («Әл-Бақара» сүресі, 159–160-аяттар)**».** (Әл-Бухари, 2223)

Екіншісі: Оның жақсылықты танып-білу және сол жақсылықты істеу үшін оған ұмтылуы.

Абу Хурайра: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Қиямет күні сіздің шапағатыңыздың арқасында адамдардың ішіндегі ең үлкен бақытқа кім ие болады?*», — деп сұрады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Уа, Абу Хурайра! Сенің менің сөздерімді тыңдауға деген ынтаңды көргендіктен, бұл туралы***

сенен бұрын ешкім сұрамайды деп ойлаған едім! Қиямет күні менің шапағатымның арқасында адамдардың ішіндегі ең бақыттысы — шын жүрекпен: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ», — деген адам», — деп жауап берді (әл-Бухари, 99).

Абу Хурайра былай деген: «*Маған сүйіктім (Пайғамбар ﷺ) үш амалды өсиет етті: әр айда үш күн ораза ұстауды, әд-духа намазын оқуды және үтір намазын оқымай ұйықтамауды*»[1].

Сондай-ақ Абу Хурайра: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен сізді көрген кезде көңілім қуанып, жаным рахат табады әрі көздерім сүйсінеді. Сондықтан, уа, Аллаһтың Елшісі, маған соны істесем Жәннатқа кіретін бір амал жайлы хабарлаңыз*», — деген еді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сәлем тарат (яғни мұсылмандарға көп сәлем бер), адамдарды тамақтандыр, туыстық байланыстарды сақта және түнде адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқы. Содан кейін Жәннатқа амандықпен кір***», — деп жауап берді[2].

Абу Хурайраның былай дегені жеткізіледі: «Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Кім менен бес нәрсені естіп, оларды біліп, соларға амал етуді әрі соларға амал ететін басқа біреуге үйретуді қалайды?***», — деп сұрады. Мен: «Мен, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап бердім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ менің қолымнан ұстап, санай бастады да: «***Харам істерден сақтан, сонда адамдардың ішіндегі ең көп құлшылық етушісі боласың. Аллаһтың сағаң бергеніне разы бол, сонда адамдардың ішіндегі ең байы боласың. Көршілеріңмен жақсы қарым-қатынаста бол, оларға жақсылық ет, сонда шынайы мүмин боласың. Адамдарға өзіңе қалаған нәрсені қала, сонда нағыз мұсылман боласың. Көп күлме, өйткені адамның көп күлуі жүректі өлтіреді***», — деді»[3].

Үшіншісі: Оның білім алуға ұмтылуы.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен сізден көптеген хадистер естимін, алайда оларды ұмытып қаламын», — дедім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жамылғыңды (ридаңды) жай**», — деді. Мен жамылғымды жайдым. Ол бір нәрсені шөмістеп алып жатқандай қимыл жасап, оны менің жамылғыма сала*

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (2/258); Хадистің негізі әл-Бухариде келтірілген, (1124).

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (6/299); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (4/176); «Мәуәрид әз-зәмған», (168-бет); «Муснад» имам Ахмад, (2/295); Хадис жақсы иснадпен «әл-Мәусуғат әл-фиқхияда» келтірілген.

3 Әт-Тирмизи, (2305); «әл-Муғжәм әл-әусәт әт-Тәбәрани», (7/125); «Муснад» имам Ахмад, (2/310); «Муснад» Абу Яғлә, (11/113); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиде» және «әс-Сахихада», (930) хадисті сенімді деп атаған.

*бастады. Содан кейін: «**Оны өзіңе бас**», — деді. Мен оны өзіме бастым. Осыдан кейін мен еш нәрсені ұмытпайтын болдым»* (Әл-Бухари, 119).

Абу Хурайра былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларының арасында Пайғамбардан ﷺ Абдуллаһ ибн Ғәмрдан басқа менен көп хадис жеткізген ешкім жоқ. Өйткені ол хадистерді жазып жүретін, ал мен жазбайтынмын*» (Әл-Бухари, 113).

Абу Хурайра былай деген: «*Мен Пайғамбарға ﷺ келіп, оның алдына киімімді жайдым. Содан кейін Пайғамбар ﷺ сол киімді алып, жинады да, менің жүрегіме басты. Осыдан кейін мен еш нәрсені ұмытпадым*[1]».

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі оқиғаларға келсек, олар өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) анасына қалай қарағаны туралы айтылған оқиға.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен мүшрик болған анамды Исламға шақыратынмын. Бір күні оны Исламға шақырғанымда, ол маған Аллаһ Елшісі ﷺ туралы өзіме ұнамсыз бір сөз айтты. Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ жылап келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен анамды Исламға шақыратынмын, бірақ ол менің сөздерімді қабылдамайтын. Бүгін де оны Исламға шақырдым, алайда ол сіз туралы өзіме ұнамсыз бір сөз айтты. Абу Хурайраның анасына тура жол көрсетуін тілеп, Аллаһқа дұға етіңіз», — дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: **«Уа, Аллаһ! Абу Хурайраның анасына тура жолды көрсете гөр!**», — деді. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ дұғасына толықтай разы болып қайттым. Мен үйімнің есігіне жақындағанымда, оның ішінен құлыптаулы тұрғанын көрдім. Анам менің аяқ дыбысымды естіп: «Абу Хурайра, күте тұр», — деді. Мен судың дыбысын естідім. Ол жуынып, көйлегін киіп, басын жылдам бүркеді. Содан кейін есікті ашып: «Уа, Абу Хурайра! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне және Мухаммад Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік етемін», — деді. Мен қуаныштан көз жасымды төгіп, Аллаһтың Елшісіне ﷺ қайта келдім де: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Қуаныңыз! Аллаһ сіздің дұғаңызға жауап беріп, Абу Хурайраның анасына тура жол көрсетті!», — дедім. Сонда Аллаһтың Пайғамбары ﷺ Аллаһқа мақтау айтып, Оны ұлықтады да: «**Жақсы**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың*

[1] Әт-Тирмизи, (3834); Шейх әл-Әлбәни ол жайлы: хадис жақсы, оның иснады сенімді деген.

*Елшісі! Аллаһ мені және анамды мүмин құлдарына сүйікті етуі әрі мүминдерді бізге сүйікті етуі үшін Оған дұға етіңізші», — дедім. Сонда Аллаһтың Пайғамбары ﷺ: «**Уа, Аллаһ! Мына құлыңды және оның анасын мүмин құлдарыңа сүйікті ет әрі оларды мүминдерді жақсы көретіндерден ет**», — деді. Бұл дұғаны Аллаһтың қабыл еткені соншалық, мен туралы естіген немесе мені көрген мүминдердің арасында мені жақсы көрмеген ешкім болмады* (Муслим, 2491).

Екінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыюына қатысты оқиға.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хабарда ол бір күні дәрет алып жатқан адамдардың жанынан өтіп бара жатып: «*Дәретті толық әрі дұрыс алыңдар! Расында, мен Абул-Қасимның ﷺ: «**Тозақ отынан өкшелерге қасірет болсын!**», — дегенін естідім*», — деді (Муслим, 242).

Ғаммардан, Абу Зурғадан жеткізген хабарда, Абу Зурға былай деген: «*Мен Абу Хурайрамен бірге Мәруан ибн әл-Хәкамның үйіне кірдім. Ол үйдің ішінен бейнелерді көріп: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: «**Аллаһ Тағала: «Менің жаратқаныма ұқсас бір нәрсе жасауға тырысқан адамнан асқан әділетсіз кім бар? Олар тым болмаса кішкентай бір құмырсқа, бір дән немесе бір арпа дәнін жаратсын!**», — деді*» (Муслим, 2111).

Содан кейін Абу Хурайра өзіне дәрет алатын су әкелуді бұйырды. Ол дәрет алып, қолдарын шынтақтарына дейін жуды. Ал аяқтарын жуған кезде тобықтарынан асырып, балтырларына дейін жуды. Одан: «Бұл не?», — деп сұралды. Ол: «*Бұл — әйелдердің әшекейлері (яғни аяқ білезіктері) жететін жер*», — деп жауап берді»[1].

Абу Хурайра үстіне хош иіс жаққан бір әйелге бұрылып: «*Уа, Аса Құдіреттінің күңі! Қайда бара жатырсың?*», — деп сұрады. Ол: «Мешітке», — деп жауап берді. Абу Хурайра: «*Мешітке бару үшін хош иіс жақтың ба?*», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Сонда Абу Хурайра оған: «*Аллаһ Елшісі ﷺ былай деген: «**Қандай да бір әйел үстіне хош иіс жағып, мешітке барса, үйіне қайтып, жыныстық қатынастан кейінгі жүніптіктен ұсыл алғандай ұсыл алмайынша, оның намазы қабыл етілмейді!**»*», — деген еді[2].

---

1 Хадистің толық нұсқасын имам Ахмад өзінің «Муснадында» келтірген, (2/232).

2 «Муснад» имам Ахмад, (2/246); «Муснад» әл-Хумәйди, (2/429); «Муснад Абд ибн Хәмид», (425-бет).

Оның насихаттары

Абу Хурайра сәжде кезінде Аллаһтан зина жасаудан, ұрлықтан, күпірліктен және үлкен күнәлар жасаудан пана тілейтін. Ол: «Сен бұдан қорқасың ба?», — деп сұралғанда: «*Ібіліс тірі болғанда әрі Жүректерді Құбылтушы оларды қалағанынша құбылтып тұрғанда, мені не нәрсе қауіпсіз ете алады?!*», — деп жауап берген[1].

Бір адам Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын): «Тақуалық деген не?», — деп сұрады. Ол: «*Сен тікендері бар жолмен жүріп көрдің бе?*», — деді. Әлгі адам: «Иә», — деп жауап берді. Абу Хурайра: «*Сонда не істедің?*», — деп сұрады. Ол: «Тікендерді көрген кезде олардан аулақтайтынмын, олардың үстінен аттап немесе жанынан абайлап өтетінмін», — деп жауап берді. Сонда Абу Хурайра: «*Міне, осы — тақуалық*», — деді[2].

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) бір адам оған ауырлық келтірген кезде: «*Уа, Аллаһ! Оны кешір әрі бізді одан тынықтыра гөр*», — дейтін[3].

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) ауырып жатқан кезінде жылаған еді. Адамдар одан: «Сені не нәрсе жылатты?», — деп сұрады. Ол: «*Мен сендерді қалдырып бара жатқан дүние тіршілігі үшін жылап жатқан жоқпын. Мен алдымда ұзақ сапар тұрғаны, ал оған әзірлеген азығымның тым аз болғаны үшін жылап жатырмын. Мен көтерілу мен Жәннатқа немесе Тозаққа апаратын жолдың алдында тұрмын әрі олардың қайсысына кіргізілетінімді білмеймін*», — деп жауап берді[4].

Сондай-ақ Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайда бермейтін білімнің мысалы — Аллаһ жолында жұмсалмайтын қазынадай*», — деген[5].

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өзіңнің дініңе көркем түрде қайтара гөр!

---

1 «Әл-Бидәя уә ән-нихәя», (8/120).

2 «Әз-Зухд әл-кәбир» әл-Бәйхәқи, (963).

3 «Әл-баян уә әт-тәбғин», (1/403).

4 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/253).

5 «Сунан» әд-Дәрими, (1/148); «Муснад» имам Ахмад, (1/184); «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми; ол: «Хадисті Ахмад және Зубәйр жеткізген, оның жеткізушілері сенімді, ал хадис — мәрфуғ», — деген.

Муғәуия ибн Абу Суфиян (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды мүминдер ғана жақсы көреді және екіжүзділер мен бидғатшылар ғана жек көреді.

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ ءَآللَّهُ خَيۡرٌ أَمَّا يُشۡرِكُونَ ٥٩﴾

«**(Мухаммад) «Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын. Аллаһ жақсы ма? Немесе Оған қосқан ортақтары жақсы ма?», — деп сұра!**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Таңдаулы құлдар — Мухаммадтың сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбары үшін таңдады*», — деген.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін жүрек-*

тердің ішіндегі ең жақсысы деп тапты. Содан кейін оны Өзі үшін таңдап, Өзінің жолдауымен жіберді! Содан соң Аллаһ Мухаммадтың ﷺ жүрегінен кейін құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының жүректерінің ішіндегі ең жақсысы деп тапты. Сөйтіп, оларды Оның діні үшін күресетін Өз Пайғамбарының ﷺ көмекшілері етті».

Уа, Ислам үмметі! Мухаммадтың ﷺ сахабаларын мүмин адамнан басқа ешкім жақсы көрмейді және оларды екіжүзді мен бидғатшыдан басқа ешкім жек көрмейді.

Имам әт-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз әрі олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топтың ұстанымын теріске шығару. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан безбейміз. Бұл — екінші топтың ұстанымын теріске шығару. Біз сахабаларды жек көретін және олар туралы жаман сөз айтатын адамдарды жек көреміз. Ал өзіміз сахабаларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық*».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Муғәуия ибн Абу Суфиян (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын).

Біз бүгін, осы заманымызда Муғәуия (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) туралы сөз қозғайын деп жатырмыз. Өйткені Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын қорғау — біздің шариғи міндеттеріміздің бірі. Әсіресе теледидарға шығып, Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына тіл тигізіп, Муғәияны және осы үмметтің шейхуль-ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) секілді ғалымдарын күпірлікпен айыптай бастаған надан адамдар мен ақымақтарды көрген кезде оларды қорғауымыз қажет.

Аллаһтың құлдары! Исламмен күресу үшін ақымақтар мен надандардың теледидарға шығуына таңғалмаңдар. Пайғамбарымыз ﷺ бізге ақырғы заманда осыларға ұқсас ақымақтар мен надандардың шығатынын хабарлап: «***Расында, адамдардың басына алдау замандары келеді. Ол кезде өтірікшіге сеніп, шыншылды өтірікші деп айыптайды; қиянатшыға сенім артып, сенімге лайықты адамды қиянат жасады деп күдіктенеді және сөз руайбидәға беріледі***», — деген. Адамдар Пайғамбарымыздан ﷺ: «*Руайбидә деген кім?*», — деп сұрады. Пайғамба-

рымыз ﷺ: «***Бұл — көпшіліктің істері туралы сөйлейтін ақымақ***», — деп жауап берді[1].

Бұл сахаба — Муәғуия ибн Абу Суфиян Сәхр ибн Харб ибн Умәйя ибн Абдушшәмс ибн Абдуманаф әл-Қурайши, әл-Умәуи, әл-Мәкки, Абу Абдуррахман. Ол — мүминдердің әмірі. Ал оның әкесі — Абу Суфиян ибн Харб (Аллаһ оған разы болсын). Оның анасы — Хинд бинт Ғутба. Оның әпкесі — мүминдердің анасы, Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі Умм Хабиба (Аллаһ оған разы болсын).

Муғәуия (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) ұзын бойлы, ақ өңді әрі көрікті еді. Ол күлген кезде үстіңгі ерні алға қарай шығып тұратын. Ол (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) жиырма жыл әмір және жиырма жыл халифа болды.

Аллаһтың құлдары! Муғәуия (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) туралы әңгімеміз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір айтулы оқиғалар жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған да, оның әкесіне де разы болсын) артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Оның (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ хатшысы болып, уәхи мен басқа да нәрселерді жазуы. Абдуллаһ ибн Әмр: «*Муғәуия Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін жазатын*», — деген[2].

Ибн Аббас былай деген: «*Мен балалармен, яғни жасөспірімдермен бірге ойнап жүр едім. Аллаһ Елшісі ﷺ мені шақырып алып: «**Барып, Муғәуияны маған шақырып кел**», — деді». Өйткені Муғәуия оның хатшысы еді. Мен Муғәуияға асығып барып: «Аллаһ Елшісінің ﷺ шақыруына жауап бер. Расында, оған бір нәрсе керек болып тұр», — дедім*»[3].

Екінші: Пайғамбарымыздың ﷺ ол үшін дұға етуі.

---

1 «Сунан Ибн Мәжаһ», (4036); Шейх әл-Әлбәни хадисті оның жинағында, сондай-ақ «әс-Силсилә әс-сахихада», (1887) сенімді деп атаған.

2 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (4/265).

3 «Муснад» имам Ахмад, (1/291).

Ғирбәд ибн Сәриядан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Уа, Аллаһ! Муғәуияға жазу мен есепті үйрет әрі оны азаптан қорғай гөр**», — дегенін естідім*»[1].

Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы Абдуррахман ибн Абу Амира Пайғамбарымыздың ﷺ Муғәуия туралы: «***Уа, Аллаһ! Оны тура жолды көрсетуші, сол жолды ұстанушы ет әрі ол арқылы адамдарды тура жолға сала гөр!***», — дегенін жеткізген[2].

Абу Идрис әл-Хәуләнидің былай дегені жеткізіледі: «*Умар ибн әл-Хаттаб Ғумәйр ибн Сәғдті Хомсты басқару қызметінен алып, оның орнына Муғәуияны тағайындады. Сонда адамдар: «Ол Ғумайрді қызметінен алып, Муғәуияны тағайындады ма?!», — деп айта бастады. (Бұны естіген) Ғумәйр: «Муғәуияны тек жақсылықпен еске алыңдар. Өйткені мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Уа, Аллаһ! (Адамдарды) ол арқылы тура жолға сала гөр!**», — дегенін естідім», — деді».*

Үшінші: Ол Аллаһтан қорыққандықтан көп жылайтын.

Бір адам Муғәуияға (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) келіп, оған Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) естіген хадисін айтып берді. Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ маған былай деді: «**Қиямет күні келгенде, Аллаһ құлдарына үкім шығару үшін түседі. Барлық үмметтер тізерлеп тұрады. Аллаһ ең бірінші болып Құранды жатқа білген адамды, Аллаһ жолында өлтірілген адамды және мол дүние-мүлкі болған адамды шақырады. Аллаһ Құранды білген адамға: «Мен саған Өз Елшіме түсіргенімді үйреттім бе?», — дейді. Ол: «Иә, уа, Раббым!», — деп жауап береді. Аллаһ Тағала: «Өзіңе үйретілген нәрсемен қандай амал жасадың?», — деп сұрайды. Ол: «Мен күндіз-түні намазда Құран оқып тұратынмын», — деп жауап береді. Алайда Аллаһ: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Періштелер де: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Аллаһ: «Сен тек адамдардың өзің туралы: «Құран оқушы, Құранды білуші», — деп айтуларын қаладың және сен туралы солай айтылды», — дейді. Содан кейін мол дүние-мүлкі болған адам әкелінеді. Аллаһ одан: «Мен саған ешкімге мұқтаж болмайтындай мол дәулет бермедім бе?», — деп сұрайды. Ол: «Иә, уа, Раббым!», — деп жауап***

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (16/192); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/356); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (18/251); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда» жеткізген, 1936).

2 «Сунан әт-Тирмизи», (3842); «әл-Муғжәм әл-әусәт», (1/205); «Муснад» имам Ахмад, (4/216); «Муснад» әш-Шәмиин, (1/190); «әл-Әхад уә әл-мәсәни», (2/358); «әс-Сунна» әл-Хәлләл, (2/450); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде, «әл-Мишкәтта», (623) және «әс-Сахихада», (1969) сенімді деп атаған.

***береді. Аллаһ: «Менің саған бергеніммен не істедің?», — деп сұрайды. Ол: «Мен туыстық байланыстарды сақтап, садақа беретінмін», — деп жауап береді. Алайда Аллаһ: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Періштелер де: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Аллаһ: «Сен тек адамдардың өзің туралы: «Жомарт», — деп айтуларын қаладың және сен туралы солай айтылды», — деп айтады. Содан кейін үшінші, Аллаһ жолында өлтірілген адам әкелінеді. Аллаһ одан: «Сен не үшін өлтірілдің?», — деп сұрайды. Ол: «Уа, Раббым! Маған Сенің жолыңда соғысу бұйырылды. Мен соғысып, өлтірілдім», — деп жауап береді. Алайда Аллаһ: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Періштелер де: «Сен өтірік айттың!», — дейді. Аллаһ: «Сен тек адамдардың өзің туралы: «Пәлен адам батыр», — деп айтуларын қаладың және сен туралы солай айтылды», — дейді**». *Содан кейін Аллаһтың Елшісі* ﷺ *менің тіземнен ұрып: «**Уа, Абу Хурайра! Бұлар — Қиямет күні Тозақ оты солармен тұтандырылатын Аллаһ жаратылыстарының ішіндегі алғашқы адамдар**», — деді*»». Муғәуия бұл хадисті естіген кезде: «*Егер мына адамдармен осылай жасалатын болса, онда қалғандардың жағдайы не болмақ?!*», — деді. Содан кейін ол қатты жылағаны соншалық, адамдар оны аман қалмай, өледі деп ойлады. Адамдар: «Бұл адам бізге жамандық әкелді», — деді. Содан кейін Муғәуия (Аллаһ оған разы болсын) есін жиып, бетін сүртті де: «*Аллаһ пен Оның Елшісі шындықты айтты:*

﴿مَن كَانَ يُرِيدُ ٱلْحَيَوٰةَ ٱلدُّنْيَا وَزِينَتَهَا نُوَفِّ إِلَيْهِمْ أَعْمَٰلَهُمْ فِيهَا وَهُمْ فِيهَا لَا يُبْخَسُونَ ﴿١٥﴾ أُو۟لَٰٓئِكَ ٱلَّذِينَ لَيْسَ لَهُمْ فِى ٱلْءَاخِرَةِ إِلَّا ٱلنَّارُ ۖ وَحَبِطَ مَا صَنَعُوا۟ فِيهَا وَبَٰطِلٌ مَّا كَانُوا۟ يَعْمَلُونَ ﴿١٦﴾﴾

«**Кім дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, оларға осы дүниеде жасаған амалдарының сыйын толық береміз, сондай-ақ олар кемшілікке ұшыратылмайды. Оларға Ақыретте Тозақ отынан басқа еш нәрсе жоқ. (Олардың) дүниедегі жасағандары жойылып, жасаған амалдары зая кетеді**», — деді («Худ» сүресі, 15–16 –аяттар)[1].

Төртінші: Ол адамдарға насихат айтуға және оларға Аллаһ Елшісінен ﷺ естігендерін еске салуға ұмтылатын.

Мухаммад ибн Кәғб әл-Қуразиден оның былай дегені жеткізіледі: «*Муғәуия мінберде тұрып: «Уа, Аллаһ! Сен берген нәрсеге ешкім кедергі жасай алмайды, ал Сен кедергі жасаған нәрсені ешкім бере алмайды. Байлық пен билік иесіне оның байлығы мен билігі пайда бермейді. Аллаһ бі-*

[1] «Сунан» әт-Тирмизи, (2382); «Сахих» Ибн Хиббән, (2/138); «Мәуәрид әз-зәмған», (619-бет); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге», сондай-ақ Ибн Хузәймаға, (2482) жазған ескертпелерінде сенімді деп атаған.

реуге жақсылық қаласа, оған діндегі түсінік пен білім береді. Мен бұл сөздерді Аллаһ Елшісінен ﷺ (осы мінбердің үстінен) естідім», — деді»[1].

Мәғбәд әл-Жуһәниден оның былай дегені жеткізіледі: «*Муғәуия Пайғамбардан ﷺ хадистерді сирек жеткіземін. Алайда жұма күні Аллаһ Елшісінен ﷺ жеткізген мына сөздерді айтпай қалуы да сирек еді: «**Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінде түсінік береді. Расында, бұл дүние-мүлік тәтті әрі жасыл. Кім бұл дүние-мүлікті хақ жолмен алса, оған сол дүние-мүлкінде береке беріледі***»»[2].

Абду-Раббиһи былай деген: «*Мен Муғәуияның осы мінберде тұрып былай дегенін естідім: «Аллаһтың Елшісі былай деген ﷺ: «**Расында, бұл дүниеден қиындықтар мен сынақтардан басқа ештеңе қалған жоқ. Расында, әрқайсыңның амалдарың ыдыстарға ұқсайды: егер оның үстіңгі жағындағысы жақсы болса, астыңғы жағындағысы да жақсы болады. Ал егер үстіңгі жағындағысы бұзылған болса, астыңғы жағындағысы одан бетер бұзылған болады**», — дегенін естідім»»*[3].

Бесінші: Ол адамдарға Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетін үйретуді жақсы көретін.

Яхья бізге Мухаммад ибн Ғәмрдан, ал ол әкесінен және атасынан мына сөздерді жеткізген: «*Мен Муғәуияның (Аллаһ оған разы болсын) жанында болған едім. Азаншы: «Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар! (Аллаһ бәрінен Ұлы! Аллаһ бәрінен Ұлы!)», — дегенде, Муғәуия да: «Аллаһу Акбар! Аллаһу Акбар!», — деп қайталады. Содан кейін азаншы: «Әшһәду әллә иләһә илләллаһ! (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік етемін!)», — деді. Муғәуия: «Әшһәду әллә иләһә илләллаһ!», — деді. Азаншы: «Әшһәду әннә Мухаммадан расулуллаһ! (Мухаммадтың Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік етемін!)», — деді. Муғәуия оның артынан осы сөздерді қайталады. Азаншы: «Хаййә ғаләс-салә! Намазға асығыңдар!», — деді. Муғәуия: «Лә хаулә уә лә қууата иллә билләһ! Күш те, қуат та тек Аллаһтан», — деді. Азаншы: «Хаййә ғаләл-фаләх! Бақытқа, жетістікке асығыңдар!», — деді. Муғәуия тағы да: «Лә хаулә уә лә қууата иллә билләһ! Күш те, қуат та тек Аллаһтан», — деді. Азаншы: «Аллаһу Акбар! Аллаһу Акбар!», — деді. Муғәуия оның сөздерін қайталады. Азаншы: «Лә иләһә иллаллаһ!», — деді. Муғәуия да бұл сөздерді*

1 «Муснад» имам Ахмад, (4/92); Хадис сенімді; «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Муснад» имам Ахмад, (4/92); Хадистің иснады сенімді; «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Сахих ибн Хиббән», (2/118); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (19/368); «Муснад» әш-Шихәб, (2/197); «Муснад» Ахмад, (4/94); Хадистің иснады жақсы; «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

қайталап, кейін: «Азаншы азан айтқан кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ дәл осылай айтатын», — деді»[1].

Муғәуиядан оның адамдарға Аллаһ Елшісінің ﷺ дәрет алуын айтып бергені жеткізіледі. Ол бір уыс сумен басына мәсих тартып, су басынан тамшылағанша немесе тамшылауға жақын қалғанша сүртті. Сондай-ақ оларға Аллаһ Елшісінің ﷺ қалай дәрет алғанын көрсетті. Басына мәсих тартуға келген кезде, ол екі қолымен басының алдыңғы жағынан бастап сүртіп, қолдарын желкесіне дейін жеткізді. Содан кейін оларды бастаған жеріне дейін кері қайтарды[2].

Хәмид ибн Абдуррахман ибн Ғәуф Муғәуияның Мәдинада құтпа айтып тұрып былай дегенін естігенін жеткізген: «*Уа, Мәдина тұрғындары! Ғалымдарың қайда? Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Бұл — Ашура күні. Бұл күні ораза ұстау бізге міндеттелмеген. Сендердің араларыңнан кім ораза ұстағысы келсе, ұстасын. Расында, мен ораза ұстап жүрмін**», — дегенін естідім». Сонда адамдар да ораза ұстай бастады*»[3]. Пайғамбарымыз ﷺ бұл хадисте Ашура күні ораза ұстаудың міндетті емес, мұстахаб екендігін түсіндірді.

Усманның азат етілген құлы Мухаммад ибн Юсуфтан, ол өзінің әкесі Юсуфтан, ал ол Муғәуия ибн Абу Суфиянның былай дегенін жеткізген: «*Бір күні Муғәуия имам болып намаз оқыды да, отыруы керек кезде тұрып кетті, яғни намаздың ортасындағы ташаһһудты оқуды ұмытып кетті. Адамдар: «Субханаллаһ! (Аллаһ Пәк!)», — деп тәсбих айта бастады. Алайда Муғәуия тұруын жалғастырды. Содан кейін намаздың соңында ұмытшақтығының себебінен екі рет сәжде жасап, кейін мінберге отырып, адамдарға: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Кім намазында бір нәрсені ұмытып кетсе, намаздың соңында осындай екі сәжде жасасын**», — дегенін естідім», — деді*»[4].

---

1 «Әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (9/322); «Муснад» имам Ахмад, (4/98); Хадис оны қуаттайтын басқа хадистер болғандығы үшін сенімді; «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Муснад» әш-Шәмиин, (1/450); «Муснад» имам Ахмад, (4/94); Хадис оны қуаттайтын басқа хадистер болғандығы үшін сенімді; «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Мусәннаф Абдурраззақ», (4/286).

4 «Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (594); «әл-Мужтәбә», (1260); «Муснад» имам Ахмад, (4/100); Шейх әл-Әлбәни бұл хадисті өзінің «Сунан ән-Нәсәиге» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «Дағиф ибн Даудта», (191) әлсіз деп атаған.

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі жақсылыққа бұйыру мен жамандықтан тыюға қатысты оқиғаларға келсек, олар өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) адамдарға өзі үшін орындарынан тұруға тыйым салуы.

Абу Мәжләзәдан Муғәуияның Ибн Әмир мен Ибн Зубәйр отырған үйге кіргені жеткізіледі. Ибн Әмир орнынан тұрды, ал Ибн Зубайр отыра берді. Сонда Муғәуия оған: «*Отыр! Өйткені мен Аллаһ Елшісінің ﷺ:* «***Адамдардың өзі үшін алдында орындарынан тұрғанын ұнатқан адам өзіне Тозақтан орын әзірлей берсін**», — дегенін естідім*», — деді[1].

Муғәуия оған келген адаммен сәлемдесу үшін орнынан тұруға тыйым салды. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) өздеріне Аллаһтың Елшісі ﷺ кірген кезде орындарынан тұрмайтын. Ал ол адамдардың ішіндегі оларға ең сүйіктісі еді, әрі олар оны өздерінен де артық жақсы көретін.

Екінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) нәпіл намазды парыз намазынан кейін, араларын зікірмен немесе сөйлесумен бөлместен бірден оқыған адамдарды сөгуі.

Умар ибн Ғәто ибн Абу әл-Хиуәрдан Нәфиғ ибн Жубайр оны Нәмирдің әпкесінің ұлы Сәиб ибн Язидке жіберіп, одан Муғәуияның кезінде оның намазынан нақты нені байқағанын сұратқаны жеткізіледі. Сәиб ибн Язид былай деген: «Иә, бірде мен онымен бірге жеке бөлмеде жұма намазын оқыдым. Мен имам сәлем бергеннен кейін орнымнан тұрып, сол тұрған орнымда нәпіл намаз оқыдым. Муғәуия үйіне кіргеннен кейін маған бір адамды жіберіп: «*Жасаған ісіңді қайталама. Жұма намазын оқып болғаннан кейін біреумен сөйлеспейінше немесе сол жерден кетпейінше, артынша бірден басқа намазды бастама. Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге біреумен сөйлеспей немесе алдыңғы намазды оқыған жерден кетпей тұрып, бір намазды екінші намазға жалғастырмауды бұйырды*», — дегенін жеткізді (Муслим, 883).

Үшінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) шаш кекілін ұзартқан кейбір надандарды сөгуі.

Хумәйд ибн Абдуррахманнан оның Муғәуияны мінберде тұрып құтпа айтып жатқан күйінде көргені жеткізіледі. Оның қолында бір тұлым

[1] «Муснад» имам Ахмад, (4/93).

шаш бар еді. Ол: «*Уа, Мәдина тұрғындары! Ғалымдарың қайда?! Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ бұған тыйым салғанын әрі: «**Расында, Исраил ұрпақтарының әйелдері осылай істей бастаған кезде, азапқа ұшырады», — дегенін естідім***», — деді (Әл-Бухари, 5588; Муслим, 2127).

Аллаһтың құлдары! Бұл — Муғәуия (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын). Бұның барлығын естігеннен кейін де оны тілдейтін надан адам табылады ма? Ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының бірі. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Менің сахабаларымды жамандамаңдар…***», — деген.

Сондай-ақ біз оны жамандайтын ақымақ әрі надан адамға: «Аллаһтың лағынетіне ұшырайтыныңа қуана бер! Расында, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларымды жамандаған адамға Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамдардың лағынеті болсын***», — деген. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларым туралы сөз қозғалған кезде үндемеңдер»***, — деген», — деп айтамыз. Яғни Муғәуия мен Алидің арасында болған оқиғалар жайында үндемеу қажет.

Уа, сахабаларды сөгетін надан адам! Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары туралы тіліңе қалайша ерік бересің? Аллаһ олардың барлығына разы болсын!

Аллаһтың құлдары! Біздің сахабалардың арасында болған оқиғаларға қатысты сеніміміз — әһлу әс-Сунна уә әл-жамағаның сенімі. Біз бұл жайлы былай дейміз: «Расында, Муғәуия мен Алидің арасында болған оқиғалар туралы жеткен хабарлардың басым бөлігі — екіжүзділер мен адасқандар ойдан шығарған өтірік пен жала. Ал сахабалардың арасында болған оқиғалар туралы сенімді түрде жеткен хабарларға келсек, олар тәуил жасаған мужтәһидтер еді және оларға кешірім жасалады. Біз: «Аллаһ олардың барлығына разы болсын», — дейміз. Абу Бакр туралы: «Аллаһ оған разы болсын», — дегеніміздей, Умар туралы да: «Аллаһ оған разы болсын», — дейміз. Усман туралы: «Аллаһ оған разы болсын», — дегеніміздей, Али туралы да: «Аллаһ оған разы болсын», — дейміз. Сол секілді Муғәуия туралы да: «Аллаһ оған разы болсын», — дейміз. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын! Өйткені оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбау».

Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында бізге былай деп хабарлаған:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾ وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلْإِيمَٰنَ مِن قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِى صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُوا۟ وَيُؤْثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ ۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِۦ

فَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ۝٩ وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلْإِيمَٰنِ وَلَا تَجْعَلْ فِى قُلُوبِنَا غِلًّا لِّلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ ۝١٠

«Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа, Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар шыншылдар. Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар құтылушылар. Сондай олардан кейін келгендерге де (бұл олжадан беріледі). Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды жарылқай гөр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде бір кірбеңдік қылма. Раббымыз! Расында, Сен — өте Жұмсақ, ерекше Мейірімдісің», — дейді» («әл-Хәшр» сүресі, 8–10 — аяттар).

Ұлы Аршының Раббысы болған Аллаһ Тағаладан бізді Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларымен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинауын сұраймыз.

Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят). Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдады. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Мухаммад Пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларын жақсы көріп, олардың жолына ергендер осы және келесі өмірде бақытты болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астары-**

нан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

Олардың мәнһәжі мен жолын қалдырып, шайтанның жолымен ергендер осы және келесі өмірде бақытсыз болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят)**.**

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарының ﷺ сахабалары әрі Оның дінінің көмекшілері болулары үшін таңдап алған ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын). Ол — ғалымдардың имамы, осы үмметтің фақиһы, Абу Абдуррахман әл-Хузәли, меккелік муһәжир және Бадр шайқасына қатысушы. Ол (Аллаһ оған разы болсын) арық денелі, терісінің түсі қара, жұмсақ мінезді әрі парасатты адам еді. Ол (Аллаһ оған разы болсын) анасы арқылы танымал болып, «Ибн Умм Ғәбд» деп аталатын.

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары мен ұстанымдары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: Ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен өзімнің алты адамның, яғни Исламды алғаш қабылдаған алты адамның алтыншысы болғанымды көрдім. Жер бетінде біздең басқа мұсылман жоқ еді*»[1].

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (15/537); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/354); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/14); «әл-Әхәд уә әл-мәсәни», (1/187); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тә-

Екінші: Оның Аллаһ Елшісімен ﷺ туыстық жақындығы және оған көршілес болуы.

Абу Муса әл-Әшғари (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Йеменнен келгеннен кейін, бауырым екеуіміз біраз уақыт бойы Абдуллаһ ибн Мәсғудты Пайғамбарымыздың ﷺ отбасы мүшелерінің бірі деп есептедік. Өйткені біз оның және анасының Пайғамбардың ﷺ үйіне жиі кіріп жүргенін көретінбіз*» (әл-Бухари, 3552; Муслим, 2460).

Абдуррахман ибн Язидтің былай дегені жеткізіледі: «*Біз Хузәйфа ибн әл-Яманға: «Біз одан үлгі алуымыз үшін, Аллаһтың Елшісіне ﷺ жүріс-тұрысы мен қасиеттері жағынан жақын болған адам жайлы айт», — деген едік. Ол: «Ибн Умм Ғәбд үйінің қабырғаларының арғы жағына кіріп кеткенге дейін, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы жағынан Пайғамбарға ﷺ одан жақын болған ешкімді білмеймін. Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының ішіндегі білгірлері Ибн Умм Ғәбдтың олардың арасында Аллаһпен байланысы ең жақын адам екендігін білетін», — деп жауап берді*»[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Есігімдегі перденің көтеріліп тұруы — мен тыйым салғанға дейін саған менің алдыма кіріп, жеке әңгімелерді тыңдауға рұқсат етілгенін білдіреді**», — деді*» (Муслим, 2169).

Сондай-ақ Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір күні Пайғамбар ﷺ маған: «**Маған Құран оқып бер**», — деді. Мен: «Құран сізге түсірілген бола тұра, оны сізге қалай оқып беремін?!», — дедім. Алайда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Расында, мен басқалардың Құранды оқығанын тыңдағанды жақсы көремін**», — деп жауап берді. Сонда мен оған «ән-Нисә» сүресін оқи бастадым. Мен:*

﴿فَكَيْفَ إِذَا جِئْنَا مِن كُلِّ أُمَّةٍۭ بِشَهِيدٍ وَجِئْنَا بِكَ عَلَىٰ هَٰٓؤُلَآءِ شَهِيدًا ﴿٤١﴾﴾

«**Әр үмметке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп келтірсек қандай болар еді?!**», — *деген аятқа жеткенімде, ол ﷺ: «**Жеткілікті**», — деді. Сол кезде мен Пайғамбардың ﷺ көздерінен жас ағып жатқанын көрдім*» (әл-Бухари, 4306; Муслим, 800).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болған кезде, Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары Ибн Мәсғудты мақтап, бір-біріне: «*Бізге Пайғамбардың ﷺ алдына кіруге рұқсат етілмеген кезде, оған кіруге рұқсат еті-*

бәрани, (9/65); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих мәуәрид әз-зәмған», (1901) жинағында келтірген.

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (15/538); «Муснад» имам Ахмад, (5/395); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих мәуәрид әз-зәмған», (1902) жинағында келтірген.

летін. Біз оның жанында болмаған кезде, ол оның жанында болатын», — деп айтатын (Муслим, 2461).

Куфа тұрғындарының бірі Абу Хурайраға (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «Мен жақсылық іздеп келдім», — деді. Абу Хурайра оған: «*Араларыңда Аллаһ дұғасына жауап беретін Сәғд ибн Мәлик және Аллаһ Елшісінің ﷺ дәрет алатын суы мен аяқ-киімін алып жүруші Ибн Мәсғуд жоқ па?*», — деді[1].

Үшінші: Пайғамбарымыз ﷺ оны қуанышты хабармен сүйіншілеген.

Зирр ибн Хубәйштан Ибн Мәсғудтың (Аллаһ оған разы болсын) ғәрақ ағашынан мисуәк жинағаны баяндалады. Оның аяқтары жіңішке еді. Жел бұтаны тербете бастағанда, адамдар күліп жіберді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Сендер не үшін күліп жатырсыңдар?***», — деп сұрады. Олар: «Оның жіңішке аяқтарына күліп жатырмыз!», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Таразыда оның екі аяғы Ухуд тауынан да ауыр болады***», — деген еді[2].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген:

﴿لَيۡسَ عَلَى ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ جُنَاحٞ فِيمَا طَعِمُوٓاْ إِذَا مَا ٱتَّقَواْ وَّءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ ثُمَّ ٱتَّقَواْ وَّءَامَنُواْ ثُمَّ ٱتَّقَواْ وَّأَحۡسَنُواْۗ وَٱللَّهُ يُحِبُّ ٱلۡمُحۡسِنِينَ ٩٣﴾

«**Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге, қашан олар сақтанса, сене отырып игілік істесе, содан кейін тағы да тақуалық танытып, иман келтірсе, бұрын жеп-ішкендері үшін күнә жоқ. Өйткені, Аллаһ жақсылық істеушілерді жақсы көреді**» («әл-Мәида» сүресі, 93-аят) *деген аят түскенде, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Маған: «Сен солардың қатарындасың», — деп айтылды**», — деген еді*» (Муслим, 2459).

Зирр ибн Хубәйш Ибн Мәсғудтан Аллаһ Елшісінің ﷺ мешітке кіргені және ол ﷺ Абу Бакр мен Умардың ортасында болғанын жеткізген. Сол кезде Ибн Мәсғуд намазда «ән-Нисә» сүресін оқып тұрған еді. Жүзінші аятқа жеткенде, Ибн Мәсғуд түрегеп тұрған күйінде дұға ете бастады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сұра, саған беріледі! Сұра, саған беріледі!***», — деді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «***Құранды түсірілген қалпында оқуды қалайтын адам оны Ибн Умм Ғәбд оқығандай оқысын***», — деген еді. Таң атқан кезде Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Ибн Мәсғудқа сүйінші хабарды жеткізу үшін келіп: «*Кеше Аллаһтан не*

---

1 «Сунан» әт-Тирмизи, (3811); «әс-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/443); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/289); «Муснад» имам Ахмад, (1/420).

сұрадың?», — деп сұрады. Ибн Мәсғуд: «*Мен: «Уа, Аллаһ! Расында, мен Сенен жоғалмайтын иман, таусылмайтын игілік және Жоғарғы мәңгілік бақтарда Мухаммадқа ﷺ көрші болуымды сұраймын», — деп дұға етемін*», — деді. Содан кейін Умар (Аллаһ оған разы болсын) келді және оған: «Расында, Абу Бакр сенен бұрын келді», — деп айтылды. Сонда Умар: «*Аллаһ Абу Бакрды рахымына бөлесін! Мен Абу Бакрмен ізгі істерде жарысқан сайын, ол менен озады*», — деді[1].

Төртінші: Ол туралы Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аяты түсірілді. Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде біз алтауымыз Пайғамбармен ﷺ бірге жүрген кезде, мүшриктер оған: «Мыналарды қуып жібер, олар бізге қарсы батылдық танытпасын!», — деді. Сол алтаудың ішінде менен басқа Ибн Мәсғуд, Хузәйл тайпасынан бір адам, Биләл және есімдерін атамайтын тағы екі адам бар еді. Аллаһ Елшісінің ﷺ көңіліне Аллаһ қалаған ой келіп, ол бұл туралы іштей ойланды. Сонда Аллаһ Тағала оған:*

﴿وَلَا تَطۡرُدِ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ رَبَّهُم بِٱلۡغَدَوٰةِ وَٱلۡعَشِيِّ يُرِيدُونَ وَجۡهَهُۥۖ مَا عَلَيۡكَ مِنۡ حِسَابِهِم مِّن شَيۡءٖ وَمَا مِنۡ حِسَابِكَ عَلَيۡهِم مِّن شَيۡءٖ فَتَطۡرُدَهُمۡ فَتَكُونَ مِنَ ٱلظَّٰلِمِينَ ٥٢﴾

«**Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді қума. Олардың есбінен саған еш нәрсе жоқ. Және сенің есебінен оларға да еш нәрсе жоқ (бір-біріңе жауапкершілік жоқ). Сондықтан оларды қусаң, зұлымдық қылғандардан боласың**», — *деген аятты түсірді*» («әл-Әнғәм» сүресі, 52-аят). (Муслим, 2413).

Бесінші: Ол Ислам үмметі үшін Аллаһ Елшісінен ﷺ алған көптеген білімді сақтап қалды.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай болмаған Аллаһпен ант етемін! Қандай аят түсірілсе де, мен оның кім туралы және қай жерде түсірілгенін білемін. Егер Аллаһтың Кітабын менен жақсырақ білетін әрі өзіне жүк артылатын жануармен жетуге болатын біреудің қайда екендігін білгенімде, оған міндетті түрде барар едім*» (Әл-Бухари, 4716).

Шәқиқ ибн Сәләма былай деген: «*Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) бізге құтпа айтып: «Аллаһпен ант етемін! Мен жетпістен астам сүрені тікелей Аллаһ Елшісінің ﷺ өзінен оқып үйрендім. Аллаһпен ант етемін! Пайғамбардың ﷺ сахабалары менің олардың арасында Аллаһтың Кітабын ең жақсы білетіндердің бірі екенімді біледі. Алайда мен олардың ең жақсысы емеспін», — деген еді*». Шәқиқ: «*Мен сол жиналыста*

1 «Муснад» Ахмад, (1/445); «Муснад» Абу Яғлә, (1/26).

отырып, олардың айтқандарын тыңдадым. Олардың арасынан бұған қайшы сөз айтқан ешкімді естімедім», — деген (әл-Бухари, 4714).

Мәсруқтан жеткен хабарда, бір күні Абдуллаһ ибн Амрдың алдында Абдуллаһ Ибн Мәсғудтың есімі аталғанда, ол: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Құранды төрт адамнан үйреніңдер: Абдуллаһ ибн Мәсғудтан, Абу Хузәйфаның азат етілген құлы Сәлимнен, Убәй ибн Кәғбтан және Муғаз ибн Жәбәлдан**», — дегенін естіген кезден бері оны жақсы көруімді тоқтатқан емеспін»*, — деді (әл-Бухари, 3595).

Зирр ибн Хубәйштан Ибн Мәсғудтың былай дегені жеткізіледі: «*Мен балиғат жасына толмаған жасөспірім кезімде Ғуқба Абу Муғайттың қойларын бағатынмын. Бірде мүшриктерден жасырынып жүрген Пайғамбар ﷺ мен Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Уа, жас жігіт! Бізді сусындататын сүтің бар ма?**», — деп сұрады. Мен: «Маған сіздерді сусындату емес, бұл қойларды бағу аманат етілді», — деп жауап бердім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сауылмайтын қойың бар ма?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап беріп, оны алып келдім. Пайғамбарымыз ﷺ оның аяқтарын байлап, желініне қолын тигізді. Содан кейін Аллаһ Тағалаға дұға етті. Сонда қойдың желіні сүтке толды. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) іші терең ойылған тас әкелді. Пайғамбарымыз ﷺ оған сүт сауып, ішті. Одан кейін сол сүттен Абу Бакр да ішті, мен де ішім. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ желінге: «**Кіширей**», — деп бұйырды. Сонда ол кішірейді. Кейінірек мен Пайғамбарға ﷺ келіп: «Маған бұл сөздерді үйретіңізші», — деп сұрадым. Пайғамбар ﷺ: «**Расында, сен — білім берілген жас жігітсің**», — деді»*. Ибн Мәсғуд: «*Мен одан жетпіс сүре үйрендім. Оларды білуде маған тең келетін ешкім жоқ еді*», — деген[1].

Бірде Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) Умар ибн әл-Хаттаб отырған жерге келді. Сонда Умар Ибн Мәсғуд туралы: «*Бұл — білімге толы ыдыс*», — деді[2].

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғаларға келсек, олар өте көп.

Бірінші: Ұлы Бадр шайқасы.

---

1 «Муснад» әш-Шәши, (2/123); «Муснад» имам Ахмад, (1/462); «Муснад» Абу Яғлә, (9/210); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (9/78).

2 «Фадаил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/843); Хабардың иснады жақсы.

Абу Дауд өзінің «Сунан» жинағында Абдуллаһ ибн Мәсғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегенін жеткізген: «*Мен жараланып құлаған Абу Жәһлдің жанынан өтіп бара жатып, оның басының тұсына тоқтадым да: «Уа, Аллаһтың дұшпаны! Уа, Абу Жәһл! Аллаһ сенің соңыңды қор етті», — дедім. Содан кейін мен оны қылышыммен өлтіріп бітіруге кірістім. Бірақ бұл нәтиже бермеді. Абу Жәһлдің қолынан қылышы түсіп кеткен кезде, сол қылышты алып, оны өлгенге дейін ұрдым*»[1].

Екінші: Оның (Аллаһ оған разы болсын) бидғаттарды сөгуі.

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Мәсғуд: «*Ілесіңдер және бидғат енгізбеңдер. Сендерге осы жеткілікті болады*», — деген[2].

Сондай-ақ ол: «*Сүннетті ұстанудағы ұстамдылық бидғаттағы ыждағаттылықтан жақсы*», — деген[3].

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) бидғаттармен және оларды ұстанушылармен күрескен. Бір күні Абу Муса әл-Әшғәри (Аллаһ оған разы болсын) оған: «*Уа, Абу Абдуррахман! Расында, мен жаңа ғана мешітте өзіме ұнамаған бір нәрсе көрдім*», — деді. Ибн Мәсғуд: «*Ол не?*», — деп сұрады. Абу Муса: «*Егер асықсаң, оны өзің де көре аласың. Мен ол жерде намазды күтіп, орта болып жиналған адамдарды көрдім. Олардың қолдарында ұсақ тастар бар еді. Әрбір ортада бір адам: «Жүз рет «Аллаһу Акбар» деңдер», — деп айтады. Олар бұл сөздерді жүз рет қайталайды. Содан кейін ол: «Жүз рет «Лә иләһә иллә-Ллаһ» деңдер», — дейді. Олар бұл сөздерді жүз рет қайталайды. Одан кейін ол: «Жүз рет «Субханаллаһ» деңдер», — дейді. Олар бұл сөздерді де жүз рет айтады*», — деп жауап берді. Ибн Мәсғуд: «*Сен оларға не дедің?!*» — деп сұрады. Ол: «*Сенің пікіріңмен бұйрығыңды білуді жөн көріп, оларға ештеңе айтпадым*», — деп жауап берді. Ибн Мәсғуд: «*Неліктен оларға өздерінің жаман істерін санауды бұйырмадың әрі ізгі амалдарының ешқайсысы жоғалмайтынына кепіл болмадың?!*» — деді. Содан кейін олар мешітке барды. Ибн Мәсғуд осындай орталардың біріне жақындап, қасында тоқтады да, сол жерде отырған адамдардан: «*Сендер не істеп жатырсыңдар?!*», — деп сұрады. Олар: «Уа, Абу Абдуррахман! Біз осы тастардың көмегімен «Аллаһу Акбар», «Лә иләһә иллә-Ллаһ» және «Субханаллаһ» сөздерін қанша рет айтқанымызды санап отырмыз», —

---

1 «Абу Дауд», (2709); «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/426); «Муснад» әш-Шәши, (2/336); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Аби Дауд» жинағына жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 «Сунан» әд-Дәрими, (1/80); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/181).

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/184); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-Кубра», (3/19); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әт-тәрғиб уә әт-тәрхиб» еңбегінде сенімді деп атаған.

деп жауап берді. Ибн Мәсғуд: «*Өздеріңнің жаман істеріңді санаңдар! Ал ізгі амалдарыңа келсек, мен олардың ешқайсысы жоғалмайтынына кепіл боламын. Уа, Мухаммадтың ұмметі! Сендерге қасірет болсын! Пайғамбарларыңның сахабалары әлі де көп бола тұра, оның киімі әлі тозбай, ыдыстары әлі сынбай тұрып, жойылуға қандай жылдам ұмтылдыңдар! Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін! Сендер не Мухаммадтың дінінен дұрысырақ бір дін әкелдіңдер, не болмаса адасушылықтың есіктерін аштыңдар!*», — деді. Олар: «Аллаһпен ант етеміз, уа, Абу Абдуррахман! Біз тек жақсылықты қаладық!» — деді. Сонда ол: «*Бірақ жақсылықты қалап, оған жете алмайтындар қанша?! Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге: «**Құран оқитын, бірақ оқыған Құраны кеңірдектерінен төмен түспейтін адамдар пайда болады**», — деген еді. Аллаһпен ант етемін! Білмеймін, бәлкім, сендердің көпшілігің солардан боларсыңдар!*», — деді. Содан кейін Ибн Мәсғуд олардан кетіп қалды. Ғәмр ибн Сәләма: «*Біз олардың көпшілігін Нәһрауан шайқасы күні харижилердің арасында соғысып жүргенін көрдік*», — деген.

Иә, Аллаһпен ант етемін! Кімде-кім бидғат енгізсе, оның соңы қылыш көтерумен аяқталады[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл — бидғаттармен және оларды ұстанушылармен күрескен Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын). Қалайша олай болмасын? Өйткені ол бидғаттардан сақтандырып: «***Бидғаттардан аулақ болыңдар***», — деген Аллаһ Елшісін ﷺ тыңдаған адам[2]. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ өзінің құтпаларында: «***Ал содан кейін… Расында, ең жақсы сөз — Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы басшылық — Мухаммадтың басшылығы. Расында, істердің ең жаманы — бидғаттар, ал әрбір бидғат — адасушылық***», — деп айтушы еді (Муслим, 867).

Сондай-ақ ән-Нәсәи: «***Әрбір адасушылық Тозақ отында***», — деген сөздерді қосқан[3]. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім біздің осы ісімізге, яғни дінімізге оған қатысы жоқ нәрсені қосса, ол тәрк етіледі!***», — деген (Әл-Бухари, 2550; Муслим, 1718).

Аллаһтың құлдары! Барлық сахабалар және олардан кейін келгендер бидғаттармен әрі оларды ұстанушылармен күрескен.

---

1 «Тәрих Уасыт», (1/199); Қараңыз, «әл-Бидғә» әс-Сәлим әл-Хиләли, (44-бет).

2 «Әс-Сунна» әл-Мәруәзи, (1/26).

3 «әл-Муснад әл-мустәхрижу ғәлә сахих әл-имами Муслим», (2/455); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (9/97); «әс-Сунан әл-кубра», (3/449); «әл-Мужтәба», (1578); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ән-Нәсәи әл-мужтәбаға» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзінің құтпасында: «*Расында, мен бидғат енгізуші емеспін, ілесушімін. Егер дұрыс әрекет етсем, маған еріңдер. Ал егер адассам, мені түзетіңдер*», — деген[1].

Ал Умар әл-Фаруқ (Аллаһ оған разы болсын): «*Өз пікірлеріне ергендерден сақ болыңдар! Расында, олар — Сүннеттің дұшпандары. Олар хадистерді жаттай алмай, өз пікірлеріне сүйеніп сөйлей бастады. Сөйтіп, өздері адасып, өзгелерді де адастырды*», — деген[2].

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Сендер тура жолға еріп, асарларды ұстануларың керек. Мен сендерді бидғаттардан сақтандырамын*», — деген[3].

Ал Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Адамдар оны жақсы деп санаса да, әрбір бидғат — адасушылық*», — деген[4].

Имам Мәлик (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Кімде-кім Ислам дініне бір бидғат енгізіп, оны жақсы деп санаса, Мухаммад ﷺ елшілікті толық жеткізбеді деп ойлаған болады. Өйткені Аллаһ Тағала:*

﴿ٱلْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ ٱلْإِسْلَٰمَ دِينًا﴾

«**Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым**», — *деген. Сол кезде дін болмаған нәрсе бүгін де дін болмайды*»[5].

Сәғид ибн Жубәйр (Аллаһ оны рахымына бөлесін): «*Маған ұлымның күнәһар әрі ұры болғанымен, Сүннетті ұстанатын адаммен бірге болуы оның құлшылық етуші бидғатшымен бірге болуынан сүйіктірек*», — деген[6].

Фудәйл ибн Ғияд былай деген: «*Бидғатшыларға көмектескен адам Исламның бұзылуына көмектескен болады*»[7].

Абдуллаһ ибн әл-Мубәрак: «*Бидғатшылармен бірге отырудан сақтан*», — деген.

---

1 «Әт-Тәбақат әл-кубра», (5/430); «әл-Мәдхәл илә әс-сунани әл-кубра», (1/108).

2 «Сунан» әд-Дәрәқутни, (4/146); «әл-Ләләкәи», (1/123).

3 «Әс-Сунна» әл-Мәруәзи, (1/29); «әл-Уадах», (1/54).

4 «Иғтиқад әхл әс-сунна», (1/92); «әл-Мәдхәл илә әс-сунани әл-кубра», (180-бет).

5 «Әл-Ибтидәғ», (171); «әс-Сунан уә әл-мубтәдәға», (6).

6 «Әл-Ибәнат әс-суғра», (132).

7 «Хилият әл-әулия», (8/103).

Аллаһтың құлдары! Бұл — бидғатшыларға қатысты ескерту мен еске салуды қамтитын жолдауымыз. Ескертуге келсек, біз оларға былай дейміз:

Бірінші: Сендердің амалдарың қайтарылып, Аллаһ оларды қабыл етпейтінін біліңдер.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім біздің осы ісімізге, яғни дінімізге оған қатысы жоқ нәрсені қосса, ол тәрк етіледі!***», — деген.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ هَلْ نُنَبِّئُكُم بِٱلْأَخْسَرِينَ أَعْمَٰلًا ۝١٠٣ ٱلَّذِينَ ضَلَّ سَعْيُهُمْ فِى ٱلْحَيَوٰةِ ٱلدُّنْيَا وَهُمْ يَحْسَبُونَ أَنَّهُمْ يُحْسِنُونَ صُنْعًا ۝١٠٤﴾

«**(Мухаммад): «Сендерге амалдары бойынша зиянға ұшыраушылардың хабарын берейін бе?», — де. Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: «Расында, біз жақсы іс істедік», — деп ойлайды**» («әл-Кәһф» сүресі, 103–104 — аяттар).

Екінші: Уа, бидғатшылар қауымы! Бидғаттарыңды қасарыса ұстануды жалғастырған кездеріңде тәубеден мақұрым қалатындарыңды біліңдер.

Пайғамбарымыз ﷺ «***Расында, Аллаһ әрбір бидғатшы бидғатын тастамайынша, оған тәубе есіктерін жабады***», — деген[1].

Үшінші: Уа, бидғатшылар! Егер бидғаттарыңды ұстанған күйде өлсеңдер, Қиямет күні Пайғамбарымыздың ﷺ суайдынына жақындай алмайсыңдар және оның шапағатына ие болмайсыңдар.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен суайдыныма сендерден бұрын келемін. Сендердің кейбіріңмаған көрсетілесіңдер, содан кейін олар менен ажыратылып әкетіледі. Сонда мен: «Уа, Раббым! Менің сахабаларым!», — деймін. Маған: «Расында, сен олардың өзіңнен кейін дінге не енгізгенін білмейсің», — деп айтылады***», — деген (әл-Бухари, 6642).

Төртінші: Уа, бидғатшылар! Өздеріңнің күнәһар екендеріңді біліңдер. Қиямет күніне дейін сендердің бидғаттарыңды жасайтын адамдардың күнәсі де сендерге жүктеледі.

Аллаһ Тағала:

﴿لِيَحْمِلُوٓا۟ أَوْزَارَهُمْ كَامِلَةً يَوْمَ ٱلْقِيَٰمَةِ وَمِنْ أَوْزَارِ ٱلَّذِينَ يُضِلُّونَهُم بِغَيْرِ عِلْمٍ ۗ أَلَا سَآءَ مَا يَزِرُونَ ۝٢٥﴾

«**Олар қиямет күні, өз күнәларының кейбіреуін көтереді. Байқаңдар! Үстіне алған нәрселері нендей жаман**», — деген («ән-Нахл» сүресі, 25-аят).

[1] «Сахих әт-тәрғиб уә әт-тәрхиб», (54).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***…Исламда қандай да бір жаман әдетке бастама болған адам сол күнәнің ауыртпалығын да, өзінен кейін сол әдетті ұстанғандардың күнәларының ауыртпалығын да көтереді. Алайда бұл олардың өз күнәларының ауыртпалығын еш кемітпейді!***» — деген (Муслим, 1017).

Бесінші: Уа, бидғатшылар! Сендерге Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамдардың лағынеті болатынын біліңдер.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бидғат енгізген немесе бидғатшыны паналатқан адамға Аллаһтың, періштелердің және бүкіл адамдардың лағынеті болады***», — деген (Әл-Бухари, 1771).

Алтыншы: Уа, бидғатшылар! Бидғаттарың сендерді Аллаһтан одан сайын алыстататынын біліңдер.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***…Сендердің кез келгенің өз намазы мен оразасын олардың намаздары мен оразаларының жанында түкке тұрғысыз деп санайды. Олар діннен жебе аңды тесіп өтіп кеткендей шығып кетеді***», — деген (Әл-Бухари, 6532).

Ізгі адамдардың бірі: «*Бидғатшы өз бидғатын ұстануда қаншалықты көп күш салса, бұл оны Аллаһтан соншалықты алыстатады*», — деген[1].

Аллаһтың құлдары! Еске салуға келсек, біз оларға құтылудың Сүннетті және Мухаммадтың ﷺ сахабалары ұстанған жолды берік ұстануда екендігін еске саламыз.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, бұл үммет жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың бір тобынан басқасының барлығы Тозақта болады. Ол — мен және менің сахабаларым ұстанған жолды ұстанатындар***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің Сүннетімді және менен кейінгі тура жолмен жүргізілген әділетті халифалардың Сүннетін ұстаныңдар. Оны азу тістеріңмен мықтап ұстаныңдар. Бидғаттардан сақ болыңдар. Өйткені әрбір бидғат — адасушылық***», — деген[2].

---

1 «Сәфуат әс-сәфуа», (3/295); «Хилия әл-әулия», (3/9).

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/174); «Сунан әд-Дәрими», (1/57); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (10/114); «Сунна» Ибн Мәжаһ, (42); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (18/249); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Ғируада», (2455); «әл-Мишкәтта», (165); «әз-Зыләлда», (26–34); «Соләт әт-тәрәуих», (88–89).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Бидғаттардан, шектен тыс қаталдықтан және шамадан тыс тереңдеуден сақ болыңдар. Бұрынғы жолды берік ұстаныңдар*», — деген[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендердің араларыңнан біреуге еруді қалаған адам қайтыс болғандарға ерсін. Өйткені тірі адам бүліктерден аман емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — үмметтің ішінде жүректері ең тақуа болған, білімдері ең терең әрі пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әурелеген адамдар еді. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбардың ﷺ сахабалары болу және дінді орнату үшін таңдап алған адамдар! Олардың артықшылықтарын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер және мүмкіндігінше олардың мінез-құлықтары мен діндерін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды*».

Уа, Аллаһ! Бізге дінімізді дұрыс түсінуді нәсіп ете гөр…

АбдуЛлаһ ибн Мәсғудтың (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مُّحَمَّدٌ رَّسُولُ ٱللَّهِۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلْكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيْنَهُمْۖ تَرَىٰهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًاۖ سِيمَاهُمْ فِى وُجُوهِهِم مِّنْ أَثَرِ ٱلسُّجُودِۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمْ فِى ٱلتَّوْرَىٰةِۚ وَمَثَلُهُمْ فِى ٱلْإِنجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسْتَغْلَظَ فَٱسْتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعْجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلْكُفَّارَۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنْهُم مَّغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا ﴿٢٩﴾﴾

«**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті**» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят).

Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабалары — осы үмметтің жүректері ең ізгі, білімдері ең терең әрі өздерін пайдасыз нәрселермен

[1] «Сунан» әд-Дәрими, (1/66); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/126); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (9/170).

басқалардан ең аз ауырлатқан адамдар. Олар — Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және дінді орнату үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі. Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, оның насихаттарына қатысты хадистерге арналмақ.

Бірінші насихат: Ол мұсылмандарды мешіттегі жамағат намазын ұқыптылықпен сақтауға ынталандырып, былай деген: «*Сендердің араларыңнан ертең Аллаһпен мұсылман күйінде кездесуге қуанатын адам осы намаздарды оларға азан айтылатын жерде үзбей оқысын. Расында, Аллаһ сендердің Пайғамбарларыңа ﷺ тура жолдың жол-жоралғыларын бекітті. Расында, бұл намаздар — тура жолдың жол-жоралғыларына жатады. Егер сендер намазды үйінде қалып қоятын адам секілді оқитын болсаңдар, Пайғамбарларыңның ﷺ Сүннетінен бас тартқан боласыңдар. Ал егер Пайғамбарларыңның ﷺ Сүннетінен бас тартсаңдар, міндетті түрде тура жолдан адасасыңдар. Қайсыбір адам дәретін лайықты түрде алып, содан кейін осы мешіттердің біріне бет алса, оған басқан әрбір қадамы үшін бір ізгі амал жазылып, дәрежесі бір саты көтеріліп, бір күнәсі өшіріледі. Біз жамағат намазынан екіжүзділігі белгілі мунафықтардан басқа ешкім қалмайды деп есептейтінбіз. Тіпті кейде бір кісіні (мешітке) басқа екі адам жетектеп әкеліп, оны (өзге намаз оқушылардың) сапына тұрғызатын*» (Муслим, 654). Бұл — біз аса мұқтаж болған өсиет. Өйткені мешіттер өздерінде жамағатпен намаз оқитындардың аздығына шағымдануда.

Аллаһтың құлдары! Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) бұл насихатты Аллаһтың Кітабы мен Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетінен алған.

Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Өз Кітабында мұсылмандарға намазды мешіттерде оқуды бұйырады. Аллаһ Тағала:

﴿وَأَقِيمُواْ ٱلصَّلَوٰةَ وَءَاتُواْ ٱلزَّكَوٰةَ وَٱرۡكَعُواْ مَعَ ٱلرَّٰكِعِينَ ٤٣﴾

«**Намазды орындаңдар, зекет беріңдер және рукуғ етушілермен бірге рукуғ етіңдер**», — деген («әл-Бақара» сүресі, 43-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فِي بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرۡفَعَ وَيُذۡكَرَ فِيهَا ٱسۡمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلۡغُدُوِّ وَٱلۡأٓصَالِ ٣٦ رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді.**

Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады» («ән-Нур» сүресі, 36–37-аят)**.**

Аллаһтың құлдары! Жамағат намазын шариғи үзірі бар адамнан, әйелден немесе екіжүздіден басқа ешкім қалдырмауға тиіс.

Бірде Пайғамбарымызға ﷺ зағип адам келіп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мені мешітке жетелеп апаратын адамым жоқ!*», — деді. Содан кейін ол Аллаһ Елшісінен ﷺ үйінде намаз оқуға рұқсат сұрады. Ол кері бұрылып кете бергенде, Пайғамбарымыз ﷺ оны шақырып алып: «***Намазға шақыруды естисің бе?***», — деп сұрады. Ол: «*Иә*», — деп жауап берді. Сонда ол ﷺ: «***Онда оған жауап бер!***», — деді (Муслим, 653)**.**

Екінші насихат: бұл насихатта Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандарды өткінші дүние тіршілігіне алданып қалудан ескертеді. Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Дүние тіршілігі — үйі жоқтың үйі әрі малы жоқтың малы. Оны ақылы жоқ адам ғана жинайды*», — деген[1].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Періште үн қатпайтын бірде-бір күн жоқ. Ол: «Уа, Адам баласы! Саған жететін аз нәрсе — өзіңді алаңдататын көп нәрседен жақсырақ», — дейді*», — деген[2].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Дүние тіршілігін қалаған адам Ақырет өміріне зиян келтіреді. Ал Ақырет өмірін қалаған адам дүние тіршілігіне зиян келтіреді. Уа, адамдар! Ендеше, мәңгі қалатыны үшін өткіншіге зиян келтіріңдер!*»[3].

Басқа хабарда ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Сендер Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына қарағанда көбірек ораза ұстайсыңдар, намазды ұзағырақ оқисыңдар әрі көбірек ынта-жігер танытасыңдар. Бірақ олар сендерден жақсы еді!*», — деген. Адамдар одан: «Неліктен, уа, Абу Абдуррахман!?», — деп сұрағанда, ол: «*Олар дүниеге сендерден гөрі көбірек зухд танытып, Ақырет өміріне көбірек ұмтылатын*», — деп жауап берген[4].

Дүниемен әуестену және оны жинау үмметке зиян келтіреді. Бұл жайында Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сендер ғинә жолымен сауда жасай бастағанда, сиырлардың құйрығының соңынан (егістіктерде) жүріп,***

---

1 «Мусәннәф» Ибн Аби Шәйби, (7/243); «Муснад» Ахмад, (6/71); «әз-Зухд» Ибн Аби Ғасым, (1/161).

2 «Ихия ғулум әд-дин», (4/14);

3 «Тәхзиб хилия әл-әулия», (1/124).

4 «Тәхзиб хилия әл-әулия», (1/123).

егіншілікке разы болғанда және жиһадты тастағанда, Аллаһ сендерге қорлық жібереді әрі оны сендерден діндеріңе қайтпайынша кетірмейді», — деп хабарлаған[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) өз дұғасында: «*Уа, Аллаһ! Дүниені маған кең етіп, оған зухд таныту шы ет. Оны менен жасырып, сол арқылы мені оған ынтық ете көрме*», —деген[2].

«*Дүние тіршілігі міністі көлігі секілді: егер сен оған мінсең, ол сені алып жүреді, ал егер ол саған мінсе, сені құртады*», — деп айтылады.

Аллаһтың құлдары! Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) осы насихаттарды Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың Кітабынан және Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетінен алған.

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Кітабында құлдарын дүние тіршілігіне алданып қалудан ескертіп, былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ إِنَّ وَعْدَ ٱللَّهِ حَقٌّ فَلَا تَغُرَّنَّكُمُ ٱلْحَيَوٰةُ ٱلدُّنْيَا وَلَا يَغُرَّنَّكُم بِٱللَّهِ ٱلْغَرُورُ ۝٥﴾

«**Уа, адамдар! Расында, Аллаһтың уәдесі — хақ. Сендерді дүние тіршілігі алдамасын және алдаушы (шайтан) сендерді Аллаһ жайында алдамасын**» («Фатыр» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَأَمَّا مَن طَغَىٰ ۝٣٧ وَءَاثَرَ ٱلْحَيَوٰةَ ٱلدُّنْيَا ۝٣٨ فَإِنَّ ٱلْجَحِيمَ هِىَ ٱلْمَأْوَىٰ ۝٣٩﴾

«**Кім шектен шығып, дүние тіршілігін артық көрсе, оның мекені — Тозақ**» («ән-Назиғат» сүресі, 37–39-аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ ٱلَّذِينَ لَا يَرْجُونَ لِقَآءَنَا وَرَضُوا۟ بِٱلْحَيَوٰةِ ٱلدُّنْيَا وَٱطْمَأَنُّوا۟ بِهَا وَٱلَّذِينَ هُمْ عَنْ ءَايَـٰتِنَا غَـٰفِلُونَ ۝٧ أُو۟لَـٰٓئِكَ مَأْوَىٰهُمُ ٱلنَّارُ بِمَا كَانُوا۟ يَكْسِبُونَ ۝٨﴾

«**Расында, сондай бізге жолығуларын үміт етпегендер және дүние тіршілігіне разы болып сонымен көңілдері жай тапқандар, міне солар, аяттарымыздан хабарсыз. Олардың істеген күнәлары себепті орындары — Тозақ**» («Юнус» сүресі, 7–8-аяттар).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

---

1 «Сунан» әл-Бәйхәқи, (5/316); «Сунан» Абу Дауд, (3462). Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (11) және «Сахих әл-Жәмиғте», (416) сенімді деп атаған.

2 «әл-Ғәқд әл-фәрид», (3/182).

﴿ٱعۡلَمُوٓاْ أَنَّمَا ٱلۡحَيَوٰةُ ٱلدُّنۡيَا لَعِبٞ وَلَهۡوٞ وَزِينَةٞ وَتَفَاخُرُۢ بَيۡنَكُمۡ وَتَكَاثُرٞ فِي ٱلۡأَمۡوَٰلِ وَٱلۡأَوۡلَٰدِۖ كَمَثَلِ غَيۡثٍ أَعۡجَبَ ٱلۡكُفَّارَ نَبَاتُهُۥ ثُمَّ يَهِيجُ فَتَرَىٰهُ مُصۡفَرّٗا ثُمَّ يَكُونُ حُطَٰمٗاۖ وَفِي ٱلۡأٓخِرَةِ عَذَابٞ شَدِيدٞ وَمَغۡفِرَةٞ مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضۡوَٰنٞۚ وَمَا ٱلۡحَيَوٰةُ ٱلدُّنۡيَآ إِلَّا مَتَٰعُ ٱلۡغُرُورِ ٢٠﴾

«**Біліңдер! Шын мәнінде, дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ мал-мүлік пен балаларды көбейтуге ұмтылу ғана. Ол өсімдігі диқаншыларды таңғалдыратын жаңбыр тәрізді. Кейін ол қурап, оның сарғайғанын көресің, содан соң ол үгіндіге айналады. Ал Ақыретте ауыр азап та, Аллаһтың кешірімі мен разылығы да бар. Расында, дүние тіршілігі — алдамшы нәрсе ғана**» («әл-Хәдид» сүресі, 20-аят).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ өз үмметін дүние тіршілігіне алданып қалудан ескертіп, былай деген: «***Расында, бұл дүние тәтті әрі жасыл. Расында, Аллаһ Тағала сендерді онда өкіл етіп, амалдарыңның қандай болатынына қарайды. Сондықтан бұл дүниеден және әйелдерден сақ болыңдар!***», — деген (Муслим, 2742).

Сондай-ақ ол ﷺ: «***Расында, менен кейін сендер үшін ең қатты қорқатын нәрсем — сендерге берілетін осы дүниенің жарқылы мен әшекейі***», — деген (әл-Бухари, 1396; Муслим 1052).

Аллаһпен ант етемін, намаз дүние тіршілігіне алданудың себебінен тәрк етілді. «Олардан кейін намаз оқуды қойған ұрпақтар келді», — деп айтылған. Не себепті? Өйткені: «Олар нәпсі қалауларына ерді. Олардың барлығы зиянға ұшырайды».

Үшінші насихат: бұл насихатында Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) мұсылмандарды шариғи білім алуға және сол білімге сай амал етуге үндейді.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Білімді немесе білім алушы адам бол. Осы екеуінің арасындағы күйде болма, өйткені олардың арасындағысы — надан адам. Расында, періштелер білім ізденіп жолға шыққан адамның ісіне разы болып, қанаттарын жаяды*»[1].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Білімді ол көкке көтерілмей тұрып алыңдар. Ал білімнің көтерілуі — оны алып жүргендердің, яғни ғалымдардың қайтыс болуы. Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін, Аллаһтың жолында шәһид болып қаза тапқандар ғалымдарға көрсетілген құрметті көргендіктен, Аллаһ өздерін ғалым етіп*

[1] «Жәмиғ баян әл-ғилм уә фәдлихи», (1/35).

қайта тірілтсе екен деп аңсайды. Ешкім ғалым болып туылмайды, өйткені білім — оқу арқылы алынады»[1].

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын): «*Білім алыңдар, ал білген соң соған сай амал етіңдер*», — деген. Ол тағы: «*Білмейтін адамға қасірет! Бірақ Аллаһ қаласа, Ол оған үйретіп, білім нәсіп етеді. Ал біле тұра амал етпейтін адамға жеті есе қасірет болсын!*», — деген[2].

Сондай-ақ ол: «*Білім Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары мен жасы үлкендерден келіп тұрғанша игілікте боласыңдар. Ал білім жастардан алына бастаса, құрдымға ұшырайсыңдар*», — деген[3]. Мұндағы «жастар» деген сөзбен білімсіз адамдар меңзелген.

Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «*Егер білім иелері білімдерін сақтап, оны соған лайық адамдарға жұмсағанда, өз замандастарын басқарар еді. Бірақ олар дүниелік игіліктерден үлес алу үшін білімдерін сол игіліктердің иелеріне жұмсады да, олардың құрметінен айырылды*»[4].

Аллаһтың құлдары! Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) бұл насихаттарды Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың Кітабынан және Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетінен алған.

Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында білім алуға үндеп, ғалымдарды мақтап, былай деген:

﴿قُلْ هَلْ يَسْتَوِي ٱلَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَٱلَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ ۗ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُو۟لُوا۟ ٱلْأَلْبَٰبِ ۝٩﴾

«**(Мухаммад) оларға: «Білгендер мен білмегендер тең болады ма?», — де. Расында, ақыл иелері ғана үгіт ала алады**» («әз-Зумәр» сүресі, 9-аят).

Құдіретті Раббымыз Жәннат тұрғындары мен Тозақ тұрғындарын, соқыр мен көзі көретінді, қараңғылықтар мен жарықты, көлеңке мен аптап ыстықты тең етпегені секілді, білімді адам мен наданды да тең етпеді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَرْفَعِ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ مِنكُمْ وَٱلَّذِينَ أُو۟تُوا۟ ٱلْعِلْمَ دَرَجَٰتٍ ۚ﴾

«**Аллаһ араларыңдағы иман келтіргендердің және білім бергендердің дәрежелерін көтереді**» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 11-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

---

1 «Ихия ғулум әд-дин», (1/15).

2 «Тәхзиб хилия әл-әулия», (1/119).

3 «Жәмиғ баян әл-ғилм уә фәдлихи», (1/192).

4 «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/76); «әз-Зухд» Ибн Абу Ғасым, (22-бет); «Тәнбих әл-ғафилин», (365-бет).

﴿وَمِنَ ٱلنَّاسِ وَٱلدَّوَآبِّ وَٱلۡأَنۡعَٰمِ مُخۡتَلِفٌ أَلۡوَٰنُهُۥ كَذَٰلِكَۗ إِنَّمَا يَخۡشَى ٱللَّهَ مِنۡ عِبَادِهِ ٱلۡعُلَمَٰٓؤُاْۗ إِنَّ ٱللَّهَ عَزِيزٌ غَفُورٞ ٢٨﴾

«**Аллаһтан Оның құлдарының ішінде тек білім иелері ғана қорқады**» («Фатыр» сүресі, 28-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَقُل رَّبِّ زِدۡنِي عِلۡمٗا ١١٤﴾

«**Және: «Раббым! Білімімді арттыр», — де**» («Та һа» сүресі, 114-аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ өз үмметін шариғи білім алуға үндеген. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Тек екі адамның: Аллаһ байлық беріп, оны тиісті жолға түгел жұмсауға бағыттаған адамның және Аллаһ даналық беріп, соған сай амал ететін әрі оны өзгелерге үйретететін адамның жағдайына ғана қызығуға болады***» (Әл-Бухари, 73).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінде түсінік береді***» (әл-Бухари, 2948; Муслим, 1037).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кімде-кім білім ізденіп бір жолға түссе, Аллаһ сол үшін оған Жәннатқа апаратын жолды жеңілдетеді***» (Муслим, 2699).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһты еске алу мен соған көмектесетін нәрселер, сондай-ақ білімді адам мен білім алушыдан басқа (бұл) дүние тіршілігі мен оның ішіндегі барлық нәрсе лағнетталған***», — деген[1].

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кімде-кім білім алуды қалап жолға шықса, Аллаһ Тағала оған Жәннатқа апаратын жолдардың бірін жеңілдетеді. Расында, періштелер білім іздеушінің ісіне разы болып, оның үстіне қанаттарын жаяды. Расында, білім иесі үшін көктер мен жердегілер, тіпті судағы балықтар да кешірім тілейді! Білім иесінің жәй ғана құлшылық етушіден артықшылығы — толған ай түніндегі айдың өзге аспан шырақтарынан артықшылығы секілді. Расында, білім иелері — пайғамбарлардың мұрагерлері. Пайғамбарлар мұра ретінде динар да, дирхам да қалдырмайды.***

[1] «Сунан» Ибн Мәжаһ, (4112); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (4/236); «Муснад әш-Шәмиин», (1/107); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (2797) және «әл-Мишкәтта», (5176) сенімді деп атаған.

Олар білім қалдырады. Сол білімді алған адам — ұлы үлеске ие болады»[1].

Төртінші насихат: оның Құранды білушілерге қалдырған өсиеті.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) Құранды жүрегінде сақтаған, яғни оны жаттаған адамдарға: «*Осы парақтарды* (немесе Құранды) *жиі қайталап отырыңдар, өйткені ол адамдардың жүректерінен тұсауынан босанған түйелерден де тез кетеді*», — деп айтатын (Муслим, 790).

Аллаһтың құлдары! Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) бұл насихаттарды Аллаһ Елшісінің ﷺ сөздерінен алған.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Бұл Құранды үзбей оқыңдар***», — яғни бұда ұқыптылық танытып, оны үнемі оқып жүріңдер, — «***өйткені Мухаммадтың жаны қолында болғанм Аллаһпен ант етемін, ол тұсауынан босанған түйелерден де тез қашып кетеді***» (Муслим, 791).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Құранды жатқа білетін адам тұсаулы түйелердің иесіне ұқсайды: егер ол түйлерін сол күйінде ұстап отырса, оларды сақтап қалады, ал босатып жіберсе, олар қашып кетеді***» (әл-Бухари, 5031, Муслим, 789).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) Құранды білушілерге былай деген: «*Құранды бойында сақтаған адамды жұрт өзгелер ұйықтап жатқанда Құранға арнайтын түнінен, өзгелер ораза ұстамағанда оразамен өткізетін күнінен тануы керек. Жұрт қуанып жатқанда оның қайғысынан, жұрт күліп жатқанда оның жылауынан, жұрт пайдасыз әңгіме айтып жатқанда оның үнсіздігінен және жұрт мақтанып, кеуде қағып жатқанда оның кішіпейілдігінен тануы керек. Құранды бойында сақтаған адам көзіне жас алатын, қайғылы, дана, жұмсақ мінезді, білімді әрі байсалды болуы тиіс. Ол қатал, немқұрайлы, айғайшыл және ашушаң болмауы керек*»[2].

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, бұл Құран — Аллаһтың сый-сияпаты. Кім оның бір бөлігін үйрене алса, үйренсін. Расында, игіліктен ең мақұрым үй — Аллаһтың Кітабынан ештеңе болмаған үй. Аллаһтың Кітабынан ештеңе жоқ үй ешкім жандандыра алмайтын қираған үйге ұқсайды. Расында, шайтан «әл-Бақара» сүресі оқылғанын естіген үйден шығып кетеді*». Сондай-ақ ол: «*Расында,*

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (1/289); «Сунан» әт-Тирмизи, (2682); «Сунан» әд-Дәрими, (1/110); «Сунан» Абу Дауд, (3641); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (223); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһ пен әт-Тирмизиге жазған ескертпелерінде сенімді деп атаған.

2 «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/231); «әз-Зухд» имам Ахмад, (202-бет).

бұл жүректер — ыдыстар. Сондықтан оларды өзге нәрселермен емес, Құранмен толтырыңдар», — деген[1].

Аллаһтың құлдары! Ибн Мәсғудтың (Аллаһ оған разы болсын) жүректерді жұмсартатын насихаттарының қатарында келесі сөздер де бар:

1) Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, күндер мен түндер сендердің жандарыңнан өтіп жатыр, өмірлеріңнің мерзімі қысқа, амалдарың сақтаулы, ал өлім күтпеген жерден келеді. Кім жақсылық ексе, өзі қалаған нәрсені ғана орады, ал кім жамандық ексе, өкініштен басқа ештеңе ормайды. Әркімге өз еккені ғана болады. Баяу қимылдаған адам өзіне жазылған үлесінен айырылмайды, ал қанша қатты ұмтылса да, ешкім өзіне жазылғаннан артық ештеңе алмайды. Біреуге жақсылық берілсе, оны берген — Аллаһ Тағала. Ал біреу жамандықтан қорғалса, оны қорғаған — Аллаһ Тағала. Тақуалар — мырзалар, фақиһтер — жетекшілер, ал олармен бірге болу — қосымша игілік*»[2].

2) Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «*Кімде-кім өзін ұлықтап, адамдардың алдында жоғары ұстаса, Аллаһ Тағала оны қор қылады. Ал кім Аллаһтың алдында бойсұнып, кішіпейілділік танытса, Аллаһ оны көтереді. Кімде-кім бұл дүниеде амалдарын адамдар көрсін деп істесе, Аллаһ оны Қиямет күні әшкерелейді*»[3].

3) Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «*Расында, Аллаһтың Кітабында екі аят бар. Егер пенде күнә жасап, содан кейін оларды оқып, Аллаһтан кешірім сұраса, міндетті түрде кешіріледі:*

﴿وَٱلَّذِينَ إِذَا فَعَلُوا۟ فَٰحِشَةً أَوْ ظَلَمُوٓا۟ أَنفُسَهُمْ ذَكَرُوا۟ ٱللَّهَ فَٱسْتَغْفَرُوا۟ لِذُنُوبِهِمْ وَمَن يَغْفِرُ ٱلذُّنُوبَ إِلَّا ٱللَّهُ وَلَمْ يُصِرُّوا۟ عَلَىٰ مَا فَعَلُوا۟ وَهُمْ يَعْلَمُونَ ﴿١٣٥﴾ أُو۟لَٰٓئِكَ جَزَآؤُهُم مَّغْفِرَةٌ مِّن رَّبِّهِمْ وَجَنَّٰتٌ تَجْرِى مِن تَحْتِهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَا ۚ وَنِعْمَ أَجْرُ ٱلْعَٰمِلِينَ ﴿١٣٦﴾﴾

«**Олар қашан арсыздық істесе не өздеріне зұлымдық қылса, Аллаһты естеріне алып, күнәларының жарылқауын тілейді. Күнәларды Аллаһтан басқа кім жарылқайды? Сондай-ақ олар істеген істеріне біле тұра қасарыспайды. Міне, солардың сыйлықтары — Раббылары тарапынан кешірім және астарынан өзендер ағатын Жәннат. Олар онда мәңгі қалады. Амал істеушілердің сыйлары нендей жақсы!**» («Әли Имран» сүресі, 135–136-аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (7/164); «Мусәннаф» Абдурразақ, (3/368); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/126); «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/119).

2 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (201-бет).

3 «Хилият әл-әулия», (1/138).

﴿وَمَن يَعۡمَلۡ سُوٓءًا أَوۡ يَظۡلِمۡ نَفۡسَهُۥ ثُمَّ يَسۡتَغۡفِرِ ٱللَّهَ يَجِدِ ٱللَّهَ غَفُورٗا رَّحِيمٗا ١١٠﴾

«**Кімде-кім жамандық істесе немесе өзіне зұлымдық қылып, кейін Аллаһтан кешірім сұраса, Аллаһтың аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді екендігін көреді**» («ән-Нисә» сүресі, 110-аят)»[1].

Уа, күнәһар адам! Күнәларды Аллаһтан басқа кім кешіреді? Ешкім…

Ендеше Аллаһтың алдында тәубе етуіңе не кедергі? Өйткені сен Аллаһқа тәубе еткен адамның тәубесі қабыл болатынын және Одан күнәлары үшін кешірім сұраған адамның кешірілетінін білдің. Аллаһ Тағала: «**Ал тәубе етпегендер — міне, солар залымдар**», — деген.

Уа, Аллаһ! Бізге өлім келмей тұрып шынайы тәубе етуді нәсіп ет.

1 «Әл-Ғәқд әл-фәрид», (3/185).

Жәғфар ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Олар — Пайғамбарымыздың ﷺ сахабалары. Оларды иман келтіргендер ғана жақсы көреді және екіжүздіler мен бидғатшылар ғана жек көреді.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз әрі олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топтың ұстанымын теріске шығару. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан безбейміз. Бұл —*

екінші топтың ұстанымын теріске шығару. Біз сахабаларды жек көретін және олар туралы жаман сөз айтатын адамдарды жек көреміз. Ал өзіміз сахабаларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екендігін білесіздер ме? Ол — Жәғфар ибн Абу Талиб ибн Абдулмутталиб ибн Һашим, Аллаһ Елшісінің ﷺ немере ағасы, Абу Абдуллаһ. Оған «Қос қанатты», «Кедейлердің әкесі» және «Ұшушы» деген лақап аттар берілген. Ол — шәһид, мүминдердің әмірі Али ибн Абу Талибтің бауыры әрі Исламды алғаш қабылдаған адамдардың бірі.

Аллаһтың құлдары! Бұл тарауда біз Жәғфар ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары мен өміріндегі оқиғалар туралы сөз қозғаймыз.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: ол (Аллаһ оған разы болсын) адамдардың арасында сырт келбеті мен мінез-құлқы жағынан Аллаһтың Елшісіне ﷺ ең қатты ұқсайтын еді.

Пайғамбарымыз ﷺ Жәғфар ибн Абу Талибке (Аллаһ оған разы болсын): «***Сен сырт келбетің мен мінез-құлқыңмен маған ұқсайсың***», — деген (әл-Бухари, 4005).

Бұл — оның артықшылықтарының ішіндегі ең құрметтісі. Өйткені Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Пайғамбарын ﷺ мақтап:

﴿وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ ۝٤﴾

«**Расында, сен әлбетте ұлы мінезге иесің**», — деген («әл-Қалам» сүресі, 4-аят).

Екінші: ол Исламды алғаш қабылдағандардың бірі еді. Сондай-ақ ол екі рет һижра жасаған еді.

Абу Мусаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбарымыздың ﷺ Меккеден шығып, Мәдинаға қоныс аударғаны туралы хабар біз Йеменде жүргенде жетті. Содан кейін мен өзімнен үлкен екі бауырыммен бірге оған қарай жолға шықтым. Олардың бірінің аты Абу Бурда, екіншісінің аты Абу Рухм еді. Бізбен бірге руластарымнан*

*елу үш (немесе елу екі) адам болды. Біз кемеге отырып, Эфиопиядағы Нәжашидің еліне жеттік. Сол жерде Жәғфар ибн Абу Талибті кездестіріп, онымен бірге қалдық. Кейін біз барлығымыз Мәдинаға келіп, Пайғамбарымызбен ﷺ ол Хайбарды жаулап алғаннан кейін кездестік. Кейбір адамдар бізге, яғни кememен келгендерге: «Біз сендерден бұрын қоныс аудардық», — дейтін. Бірде бізбен бірге келгендердің бірі, кезінде өзгелермен бірге Нәжашиге қоныс аударған Әсма бинт Ғумәйс Пайғамбардың ﷺ әйелі Хәфсаға кірді. Әсма Хәфсаның жанында отырғанда, Умар кіріп келді. Ол Әсманы көріп: «Бұл кім?», — деп сұрады. Хәфса: «Әсма бинт Ғумәйс», — деп жауап берді. Умар: «Эфиопияда болған, кememен келген Әсма ма?», — деп сұрады. Әсма: «Иә», — деп жауап берді. Умар: «Біз сендерден бұрын қоныс аудардық, сондықтан Аллаһ Елшісіне ﷺ сендерден гөрі көбірек хақ-қылымыз!», — деді. Сонда Әсма ашуланып: «Аллаһпен ант етемін, олай емес! Сендер Аллаһ Елшісінің ﷺ жанында болдыңдар: ол араларыңдағы аштарды тамақтандырып, білмейтіндеріңе жол көрсетіп жүрді. Ал біз алыс әрі бізге ұнамсыз Эфиопияда болдық. Мұның барлығы Аллаһ пен Оның Елшісі ﷺ үшін еді! Аллаһпен ант етемін, сенің айтқандарыңды Аллаһтың Елшісіне ﷺ жеткізбейінше, ішіп-жемеймін! Ол жақта бізге жәбір көрсетілді, біз қорқыныш көрдік. Мен мұны Аллаһ Елшісіне ﷺ айтып, одан бұл жайлы сұраймын. Аллаһпен ант етемін, мен өтірік айтпаймын, ештеңені кемітпеймін де, қоспаймын!», — деді. Пайғамбар ﷺ келгенде, Әсма: «Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Умар осылай деді», — деп айтты. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ал сен оған не деп жауап бердің?**», — деп сұрады. Әсма: «Мен осылай дедім», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Оның маған сендерден артық құқығы жоқ. Өйткені ол және оның жолдастары һижраны бір рет, ал сендер, кememен келгендер, екі рет һижра жасадыңдар!**», — деді. Әсма былай деген: «Содан кейін Абу Муса мен сол кемеде болғандар маған топ-тобымен келіп, осы хадисті сұрағандарын көрдім… Олар үшін бұл дүниеде Аллаһ Елшісінің ﷺ өздері туралы айтқан сөзінен артық қуаныш сыйлайтын әрі көңілдерінде одан маңыздырақ орын алатын ештеңе жоқ еді»»* (әл-Бухари, 3990; Муслим, 2502, 2503).

Бұл хадистен алынатын дәлел — Жәғфар ибн Абу Талибтің Исламды алғаш қабылдағандардың бірі болғаны және Меккеден Эфиопияға, ал Эфиопиядан Мәдинадағы Аллаһ Елшісіне ﷺ қоныс аударғаны.

Үшінші: ол кедейлерді жақсы көріп, оларды тамақтандыратын. Оған тіпті «Кедейлердің әкесі» деген лақап ат берілген.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізіледі: «*Адамдар: «Абу Хурайра көп хадистер жеткізеді!», — дейді. Ал мен (мені ештеңе алаңдатпауы үшін аздап тамақ ішуді ғана ойлап),*

Аллаһ Елшісінің ﷺ қасынан кетпейтінмін. Мен нан жемейтінмін, жібек киім кимейтінмін. Маған еркек те, әйел де қызмет етпейтін. Кейде қатты аштықтан тастарға ішіммен жататынмын. Кейде өзім білетін аятты біреуден оқып беруін сұрайтынмын. Мұны ол мені үйіне шақырып, тамақтандырар деген үмітпен істейтінмін. Кедейлерге ең жақсы қарайтын адам Жәғфар ибн Абу Талиб еді. Ол бізді үйіне шақырып, үйінде бар тамақпен тамақтандыратын. Кейде ол бізге ішінде ештеңе қалмаған тері торсықты алып шығатын. Біз оны тіліп, ішінде қалғанын жалап алатынбыз» (әл-Бухари, 3505).

Бұл оның жомарттығын, кедейлерге деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын көрсетеді.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Елшісінен ﷺ кейін аяқ-киім киіп, оны тоздырған, салтты жануарына мініп, ер-тоқымға отырған адамдардың ішінде Жәғфар ибн Абу Талибтен жақсысы болған емес*»[1]. Яғни жомарттығы мен кеңпейілдігі жағынан.

Төртінші: Пайғамбарымыз ﷺ оның Аллаһтың жолында шәһид болатынын хабарлап, оның шәһид екендігіне куәлік еткен.

Абу Қатада (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ «әмірлер» әскерін жіберіп: «**Сендерге Зәйд ибн Хәрисаны басшы етіп тағайындаймын. Егер Зәйд қаза тапса, басшылықты Жәғфар ибн Абу Талиб алсын. Жәғфар да қаза тапса, Абдуллаһ ибн Рәуәха әл-Әнсари басшылық етсін…**», — деді. Содан кейін олар жорыққа аттанып, сол жақта Аллаһ қалаған уақытқа дейін болды…*

*Аллаһтың Елшісі ﷺ мінберге көтеріліп, жамағат намазына шақыруды бұйырып, кейін: «**…Сендерге осы шайқастағы әскерлерің туралы хабар берейін бе? Олар алға жылжып, дұшпанмен кездесті де, онымен шайқасқа кірісті. Зәйд шәһид болып қаза тапты. Аллаһтан ол үшін кешірім тілендер**», — деді. Адамдар ол үшін кешірім тіледі. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Содан кейін туды Жәғфар ибн Абу Талиб алды, ол шәһид болып қаза тапқанша жан аямай шайқасты. Мен оның шәһид екендігіне куәлік етемін. Аллаһтан ол үшін кешірім тілендер. Содан кейін туды Абдуллаһ ибн Рәуәха алып, өзі де шәһид болып қаза тапқанша дұшпанға табандылықпен қарсы шайқасты. Аллаһтан ол үшін кешірім тілендер. Содан кейін туды Халид ибн Уәлид алды**», — деді. Ол тағайындалған әмірлердің қатарында болмаса да, басшылықты өз мойнына алған еді. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ*

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/231); «Сунан» әт-Тирмизи, (3764); «Муснад» имам Ахмад, (2/413); Шейх әл-Әлбәни «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде: «Хадистің иснады сенімді, мәуқуф», — деген.

*саусағын көтеріп: «**Уа, Аллаһ! Халид — Сенің қылыштарыңның бірі. Оған жеңіс бере гөр**», — деді. Сол күннен бастап адамдар Халидті «Аллаһтың қылышы» деп атай бастады. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жорыққа аттанып, бауырларыңа көмектесіңдер. Ешкім қалып қоймасын**», — деді. Қатты ыстыққа қарамастан, адамдардың барлығы жаяу да, мініс жануарларымен де аттанды*»[1].

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Жәғфар ибн Абу Талибтің шәһид екендігін хабарлаған. Ол — Жәннатта екендігі туралы кесімді түрде айтылатын адамдардың бірі*»[2].

Бесінші: оның Аллаһ Елшісінің ﷺ алдындағы мәртебесі жоғары еді. Сондықтан оның шәһид болып қаза тапқаны туралы хабар келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ қатты қайғырды. Бұл оның ﷺ жүзінен көрініп тұрды.

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ: «**Туды Зәйд (ибн Хәриса) алып, қаза тапты. Содан кейін оны Жәғфар алып, қаза тапты. Одан кейін туды Абдуллаһ ибн Рәуәха алып, ол да қаза тапты**», — деді*». Пайғамбарымыз ﷺ мұны айтқанда, көзі жасқа толған еді. Содан кейін ол ﷺ: «***Ал одан кейін туды басшы етіп тағайындалмаған Халид ибн Уәлид алды және оған жеңіс берілді***», — деді (Әл-Бухари, 1189). Пайғамбарымыз ﷺ олардың қаза тапқанына қайғырды. Бұл олардың мәртебесін және Пайғамбарымыздың ﷺ оларға деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

Алтыншы: Жәғфар Муғтә шайқасында шәһид болғаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ оның балаларына ерекше қамқорлық жасаған еді. Пайғамбарымыз ﷺ оларға барып, жағдайларын біліп, олар үшін дұға ететін.

Абдуллаһ ибн Жәғфар былай деп баяндаған: «*Жәғфардың қаза тапқаны туралы хабар келгенде, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Жәғфардың отбасына тамақ дайындаңдар. Өйткені олардың басына тамақ әзірлеуден алаңдататын қайғы түсті**», — деді*»[3].

Әсма бинт Ғумәйс Жәғфар (Аллаһ оған разы болсын) қаза тапқанда Аллаһ Елшісінің ﷺ өз отбасына оралып: «***Расында, Жәғфардың отбасы***

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/156); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (5/69); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/412); «Муснад» Ахмад, (5/299); Шейх әл-Әлбәни ол жайлы «Әхкәм әл-жәнәизде»: «Оның иснады сенімді», — деген.

2 «Әл-бидәя уә ән-нихәя», (4/285).

3 «Сунан» әл-Бәйхәқи, (4/61); «Сунан» әд-Дәрәқутни, (2/78); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (1610); «Муснад» әл-Бәззар, (6/204); «Муснад» имам Ахмад, (1/205); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Әхкәмда», (167) және «әл-Мишкәтта», (1739) сенімді деп атаған.

қаза тапқан жақынымен алаңдап қалды. Сондықтан оларға тамақ дайындаңдар», — дегенін хабарлаған[1].

Абдуллаһ ибн Жәғфар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «…*Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ үш күн бойы оларға келмеді. Үш күн өткен соң келіп: «**Осы күннен кейін бауырым үшін жыламаңдар. Бауырымның балаларын маған шақырыңдар**», — деді. Бізді оның алдына балапандардай етіп алып келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Маған шаштаразды шақырыңдар**», — деді. Шаштараз келіп, біздің шашымызды қырып берді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мухаммад біздің көкеміз Абу Талибке ұқсайды, ал Абдуллаһ сырт келбеті мен мінез-құлқы жағынан маған ұқсайды**», — деді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ қолымнан ұстап, оны жоғары көтерді де: «**Уа, Аллаһ! Жәғфардың отбасына оның орнын басар қамқоршы бол және Абдуллаһтың саудасына береке бер**», — деп үш рет қайталады. Кейін анамыз келіп, біздің жетім қалғанымызды айтты… Сонда Пайғамбар ﷺ: «**Олардың мұқтаж болып қалуынан қорқасың ба? Мен олардың бұл дүниеде де, Ақыретте де қамқоршысымын**», — деген еді*»[2].

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Жәғфар ибн Абу Талибтің (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі кейбір оқиғалар жайлы сөз қозғайық:

Бірінші: Нәжашидің алдында шындықты айтып, оған берік болғаны туралы айтулы оқиға.

Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз Эфиопия жеріне қоныстанған кезде ең жақсы қамқоршы — Нәжашидің, яғни сол елдің билеушісінің, панасында болдық. Ол дінімізді ұстануымызға қауіпсіздік берді. Біз ешкімнің кемсітуіне ұшырамай, ешбір жаман сөз естімей, Аллаһқа құлшылық еттік. Бұл хабар құрайыштықтарға жеткенде, олар өзара кеңесіп, бізге қатысты Нәжашиге өз араларынан қайратты екі адамды жіберуді ұйғарды. Олар Нәжашиге Меккедегі ең тартымды, ең құнды тауарларды сыйға тартпақ болды. Сарай кеңесінің бірде-бір мүшесін сыйлықсыз қалдырмады. Содан кейін сол сыйлықтармен Абдуллаһ ибн Абу Рабиға мен Әмр ибн әл-Ғәсті жіберіп, оларға тапсырманы қалай орындау керегін айтып: «Олар жайында Нәжашимен сөйлеспей тұрып,*

---

1 «Сунан» Ибн Мәжаһ, (1611); «Масобих әз-Зужәж», (2/53); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Әхкәмда» жақсы деп атаған.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/157) және «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (2/105).

кеңестің әр мүшесіне арналған сыйлығын беріңдер. Содан соң Нәжашиге өз сыйлықтарыңды ұсыныңдар. Кейін ол олармен сөйлеспей тұрып, әлгі адамдарды өздеріңе тапсыруын сұраңдар», — деді. Олар жолға шығып, Нәжашиге келді. Онымен сөйлеспес бұрын кеңестің әр мүшесіне тиісті сыйлығын беріп: «Біздің арамыздан өз халқының дінінен бас тартқан ақылсыз жастар патшаның еліне қашып келді. Олар сендердің діндеріңді де қабылдаған жоқ. Біз олар туралы патшамен сөйлескенде, оған әлгі адамдарды бізге тапсырып, өздерімен сөйлеспеуге кеңес беріңдер. Өйткені олардың халқы оларды жақсырақ таниды және оларды не үшін айыптайтынын жақсырақ біледі», — деді. Кеңес мүшелері: «Жарайды», — деп жауап берді. Содан кейін құрайыштықтар Нәжашиге сыйлықтарын ұсынды және ол оларды қабыл алды. Кейін олар оған: «Уа, патша! Біздің арамыздан өз халқының дінінен бас тартқан ақылсыз жастар сенің еліңе қашып келді. Олар сенің дініңді де қабылдаған жоқ. Олар өздері ойлап тапқан бір дінді алып келді. Оны біз де, сен де білмейсің. Олардың халқының ең сыйлы адамдары — әкелері, көкелері мен жақын туыстары бізді саған жіберіп, оларды өздеріне қайтаруыңды сұрады. Олар әлгі жастарды жақсырақ таниды және оларды не үшін жазғырып, айыптағандарын жақсырақ біледі», — деді». Абдуллаһ ибн Абу Рабиға мен Амр ибн әл-Ғәс үшін Нәжашидің олардың сөзін тыңдауынан асқан жағымсыз нәрсе жоқ еді. Патшаның айналасындағы кеңес мүшелері: «Уа, патша! Бұл адамдар дұрыс айтады. Ол адамдардың халқы оларды жақсырақ таниды әрі не үшін айыптағандарын жақсырақ біледі. Еліне, өз халқына қайтару үшін оларды осы екеуіне тапсыр!», — деді. Нәжаши ашуланып: «Жоқ, Аллаһпен ант етемін! Мен оларды бермеймін. Менің панама келіп, менің елімде қоныстанған, өзгелердің арасынан мені таңдаған адамдарға жәбір көрсетілуіне жол бермеймін. Әуелі оларды шақырып, осы екеуінің айтып отырғандары туралы өздерінен сұраймын. Егер олар осы екеуі айтқандай болса, қолдарына тапсырып, өз халқына қайтарамын. Ал егер олай болмаса, оларды бұлардан қорғаймын және оларға өздері секілді жақсы көрші боламын», — деді. Кейін Нәжаши Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына адам жіберіп, оларды шақыртты. Елші келгенде, олар жиналып, бір-бірінен: «Оның алдына барғанда не айтасыңдар?», — деп сұрады. Олар: «Аллаһпен ант етеміз, бұл айыптауларды білмейтінімізді және Пайғамбарымыз ﷺ бізге мұны бұйырмағанын айтамыз. Содан кейін не болса, сол болсын», — деді. Олар келгенге дейін Нәжаши өз епископтарын жинаған еді. Епископтар ашық жазбаларын алдына жайып, оның айналасына отырды. Нәжаши келгендерден: «Халқыңнан бөлініп шығуыңа себеп болған, бірақ менің дінімді де, осы халықтардың бірінің дінін де қабылдамаған қандай дін?» — деп сұрады. Жәғфар ибн Абу Талиб оған: «Уа, патша! Біз пұттарға табынатын, өлексе жейтін, арсыз істер жасайтын, туыстық байланысты үзетін,

көршілерге жамандық жасайтын халық едік. Арамыздағы күштілер әлсіздерді жейтін. Аллаһ арамыздан бір елші жібергенге дейін біз осылай өмір сүрдік. Біз оның шыққан тегін, шыншылдығын, аманатқа беріктігін және кішіпейілдігін білетінбіз. Ол бізді Аллаһты жалғыз деп танып, Оған ғана құлшылық етуге, өзіміз бен ата-бабаларымыз табынған тастар мен пұттардан бас тартуға шақырды. Бізге шын сөйлеуді, аманатқа қиянат жасамауды, туыстық байланыстарды сақтауды, көршілермен жақсы қарым-қатынаста болуды, жаман істерді және қан төгуді тоқтатуды бұйырды. Ол арсыздыққа, өтірік айтуға, жетімдердің малмүлкін иемденуге және пәк әйелге жала жабуға тыйым салды. Бізге Аллаһқа ешкімді серік қоспай, жалғыз Оған құлшылық етуді бұйырды. Намаз оқуды, зекет беруді және ораза ұстауды бұйырды», — деп, оған Исламның өзге де бұйрықтарын атап жауап берді. Кейін: «Біз оған сендік, иман келтірдік және оның Аллаһтан алып келгеніне ердік. Жалғыз Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік қоспадық. Ол бізге тыйым салған нәрселерден бас тарттық, ал ол рұқсат еткен нәрселерді рұқсат деп білдік. Сонда халқымыз бізге дұшпандық жасай бастады. Бізді пұтқа табынуға қайтару, Аллаһқа құлшылық етуден алыстату және бұрынғыдай арсыз істерді рұқсат санауға мәжбүрлеу үшін азаптап, дінімізге қатысты сынаққа салды. Олар бізге қысым көрсетіп, зұлымдық жасады, өмірімізді төзгісіз күйге жеткізді әрі діни міндеттерімізді орындауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан біз сенің еліңе келіп, өзгелердің арасынан сені таңдадық, сенің панаңда болуды қаладық. Уа, патша! Сенің жаныңда құғынға ұшырамаймыз деп үміттендік!», — деген еді. Нәжаши одан: «Жаныңда Аллаһтан түскен нәрседен бірдеңе бар ма?», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Нәжаши: «Маған оны оқып бер», — деді. Сонда Жәғфар оған «Мәриям» сүресінің басын оқыды. Аллаһпен ант етемін, Нәжаши сақалы суланғанша жылады. Жәғфардың оқығанын естіген епископтар да жылап, көз жастарымен жазбаларын сулады. Содан кейін Нәжаши: «Бұл және Муса алып келген нәрсе бір жерден тарайды. Екеуің де кетіңдер! Аллаһпен ант етемін, мен оларды сендерге бермеймін! Жоқ! Оларға ешкім тиіспейді!», — деді. Екеуі оның алдынан шыққанда, Әмр ибн әл-Ғәс: «Аллаһпен ант етемін, ертең оған бұлардың түбіне жететін нәрсе айтамын!», — деді. Екеуінің тақуалығы басымырағы болған Абдуллаһ ибн Абу Рабиға: «Мұны жасама! Олар бізден бөлінгенімен, туыстарымыз ғой», — деді. Әмр: «Аллаһпен ант етемін, оған (Нәжашиге) олардың Мәриям ұлы Исаны құл деп есептейтінін оған айтамын», — деді. Келесі күні таңертең Әмр ибн әл-Ғәс Нәжашиге келіп: «Уа, патша! Олар Мәриям ұлы Иса туралы ауыр сөз айтады! Біреуді жіберіп, ол жөнінде не айтатынын сұра», — деді. Патша оларды шақыртып, Иса туралы сұрамақ болды. Бұл — басымызға түскен ең ауыр сынақ еді. Сахабалар жиналып,

бір-біріне: «Нәжаши Иса жайлы сұрағанда, оған не айтасыңдар?», — деді. Олар: «Аллаһпен ант етеміз! Біз Аллаһтың айтқанын және Пайғамбарымыздың алып келгенін айтамыз. Содан кейін не болса, сол болсын», — деді. Олар Нәжашидің алдына кіргенде, ол: «Мәриям ұлы Иса туралы не айтасыңдар?», — деп сұрады. Жәғфар ибн Абу Талиб оған: «Біз ол туралы Пайғамбарымыз ﷺ бізге жеткізгенді айтамыз: ол — Аллаһтың құлы, Оның елшісі, Оның рухы және пәк болған Мәриямға жеткізген Сөзі», — деп жауап берді. Нәжаши қолымен жерді ұрып, бір тал сабанды көтерді де: «Аллаһпен ант етемін! Мәриям ұлы Иса сен айтқаннан мына бір тал сабанның мөлшеріндей де өзгеше емес!», — деді. Яғни Жәғфар шындықты айтқан еді. Нәжаши бұл сөздерді айтқанда, айналасындағы епископтар күңкілдей бастады. Ол оларға: «Қанша күңкілдесеңдер де, Аллаһпен ант етемін, бұл шындық», — деді. Содан кейін ол Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына: «Бара беріңдер. Сендер менің жерімде қауіпсіздіктесіңдер. Сендерге тіл тигізген адам жазаланады! Сендерге тіл тигізген адам жазаланады! Сендерге тіл тигізген адам жазаланады! Сендердің жәбір көрулеріңе жол бергенше, бір таудай алтыннан бас тартамын. Мына екеуінің сыйлықтарын өздеріне қайтарыңдар, маған олардың керегі жоқ. Аллаһ патшалығымды маған қайтарғанда менен пара алған жоқ. Енді мен пара аламын ба? Мен адамдарға жағу үшін Аллаһтың қалауына қарсы шықпаймын», — деді». Олар әкелген сыйлықтарын қайта алып, Нәжашидің алдынан масқара болып кетті. Ал біз ең жақсы жерде, ең жақсы көршінің жанында қалдық…»[1].

Екіншісі: оның батылдығы және шайқас алаңында алға шығуы.

Аллаһтың құлдары! Бұл бізге Муғтә шайқасында айқын көрінді. Мұсылмандар әскерінде шамамен үш мың жауынгер, ал мүшриктердің әскерінде екі жүз мың жауынгер болды.

Бұл Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мүшриктер жақындағанда, мен ешкім қарсы тұра алмайтындай көрінген нәрселерді: олардың саны, дайындығы, қару-жарағы, аттары, зерлі маталары мен алтындарын көрдім. Мен көзім көргенінен аңтарылып қалды. Сонда Сәбит ибн Арқам маған: «Уа, Абу Хурайра! Сен қалың қолды көріп тұрған секілдісің», — деді. Мен: «Аллаһпен ант етемін! Иә», — дедім. Сонда ол: «Расында, сен бізбен бірге Бадр шайқасына қатысқан жоқсың. Бізге жеңіс көптігіміздің арқасында берілмейді», — деді*»[2].

Аса Құдіретті Аллаһ былай деген:

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/27); «Муснад» имам Ахмад, (5/291).

2 «Әл-бидәя уә ән-нихәя», (4/244).

﴿وَلَقَدْ نَصَرَكُمُ ٱللَّهُ بِبَدْرٍ وَأَنتُمْ أَذِلَّةٌ ۖ فَٱتَّقُوا۟ ٱللَّهَ لَعَلَّكُمْ تَشْكُرُونَ ﴿١٢٣﴾﴾

«Әрине Аллаһ сендерге Бадрда әлсіз болған кездеріңде жәрдем берді. Аллаһтан қорқыңдар, бәлкім шүкір еткен боласыңдар» («Әли Имран» сүресі, 123-аят).

Аллаһтың құлдары! Екі әскер кездесіп, үш мың адам екі жүз мың адаммен бетпе-бет келді! Бұл неткен батылдық?! Осы үш мың адамды алға қарай Жәннатқа ұмтылу мен оның хош иісін сезінуден басқа не нәрсе жетеледі?!

Шайқас басталғанда туды Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) алып жүрді. Ол қаза тапқанша шайқасты. Сонда туды Жәғфар ибн Абу Талиб алды. Ол ат үстінде туды бір қолымен ұстап, шайқасты. Шаршаған кезде атынан түсіп, оның сіңірлерін кесті де, туды бір қолымен көтерді, ал екінші қолында қылышы болды. Ол: «*Жәннат неткен ғажап, неткен жақын! Ол көркем, сусыны салқын. Римдіктерге олардың жазасы жақындады, ал кәпірлер қауымы алыс. Олармен кездескенде шайқасу — менің міндетім!*», — деген шумақтарды оқып шайқасқан еді[1].

Ол дұшпандардың бірі оның оң қолын қылышпен шауып түсіріп, ту құлағанша шайқасты. Сонда ол туды сол қолымен алды. Сол қолына да соққы тиіп, ол шабылып түсті. Осыдан кейін ол туды иықтарымен қысып ұстап, Аллаһ Елшісінің ﷺ туын жоғары көтерген күйі шайқаса берді. Ақырында оған қылышпен соққы беріліп, ол қаза тапты. Аллаһ Тағала оның екі қолының орнына Жәннатта ұшатын екі қанат берді.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен Жәғфарды Жәннатта екі қанатымен ұшып жүрген періште кейпінде көрдім***», — деген[2].

Сондықтан Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) Жәғфар ибн Абу Талибтің ұлы Абдуллаһқа сәлем бергенде: «*Саған сәлем болсын, уа, қос қанат иесінің ұлы!*», — дейтін (Әл-Бухари, 3506). Осылайша Жәғфар ибн Абу Талибтің лақап аты «Ұшушы» болды.

Аллаһтың құлдары! Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бұл шайқаста мен олармен бірге болдым. Кейін біз Жәғфар ибн Абу Талибті іздеп, оны қаза тапқандардың арасынан таптық. Оның денесінен қылыш, найза және жебеден түскен тоқсаннан астам жара санадық*» (Әл-Бухари, 4013).

---

1 Өлең шумақтары «Сунан» әл-Бәйхәқиде, (9/154) келтірілген; «Хилият әл-әулия», (1/118); «Тәхзиб әл-кәмәл», (5/58); «әс-Сират ән-нәбәуия», (5/28).

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/521); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Сахихада», (1226) сенімді деп атаған.

Ал басқа риуаятта ол: «*Бірақ сол жаралардың бірде-бірі арқасында болған жоқ*», — деген (Әл-Бухари, 4012).

Иә, Аллаһпен ант етемін! Олар Аллаһ Өз Кітабында сипаттаған ерлер еді.

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلَا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Ұлы Аршының Раббысы болған Аллаһтан бізді де, сіздерді де Ұшушы Жәғфармен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге Нығмет бақтарында жинауын сұраймыз.

Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өзінің Пайғамбарына жолдас болу әрі Өз дініне жәрдем беру үшін таңдап алған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойұсынбаушылық.

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәтт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Сендердің қайсыларың біреуге ілесуді қаласа, қайтыс болғандарға ілессін. Өйткені тірі*

адам фитнадан (бүліктерден) аман екендігіне кепіл емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Бұл үмметтің ішінде жүректері ең тақуа болғандар, білімдері ең терең болғандар және пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әуре еткендер — солар. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Олардың артықшылығын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінездері мен дінін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды».

Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабаларын жек көріп, оларға тіл тигізіп, олардың жолымен жүрмеге адам, осы әрі Ақырет өмірінде бақытсыз болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларыма тіл тигізген адамға Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болады***», — деген.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Хузәйфа ибн әл-Яман әл-Ғәбси, Аллаһ Елшісінің ﷺ құпияларын сақтаушы, екіжүзділік пен екіжүзділердің дұшпаны. Оның Абу Абдуллаһ деген куниясы болған әрі ол ірі сахабалардың бірі. Оның өзі де, әкесі де Исламды қабылдаған, Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын. Оның әкесі Ухуд шайқасында шәһид болған.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Бірінші: ол (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ құпияларын сақтаушы еді.

Ғәлқама Шамға келгенде мешітке кіріп, екі рәкағат намаз оқыды да: «*Уа, Аллаһ! Маған ізгі сұхбаттас табуға жәрдем бер*», — деді. Содан кейін ол Абу Дарданың қасына отырды. Абу Дарда одан: «*Сен қай жақ-*

тансың?», — деп сұрады. Ғәлқама: «*Куфа тұрғындарынанмын*», — деп жауап берді. Абу Дарда: «*Сендердің араларыңда Пайғамбардың ﷺ өзгелерге белгісіз құпияларын білетін сақтаушысы жоқ па?*», — деп, Хузәйфаны меңзеді. Содан соң: «*Сендердің араларыңда Аллаһ Өз Пайғамбарының ﷺ дұғасы арқылы шайтаннан қорғаған адам жоқ па?*», — деп, Ғәммарды меңзеді. Кейін: «*Сендердің араларыңда Пайғамбардың ﷺ мисуәгі мен жастығын алып жүретін адам жоқ па?*», — деп, Ибн Мәсғудты меңзеді (Әл-Бухари, 5922). «Құпиялар» деп Пайғамбарымыздың ﷺ Хузәйфаға екіжүзділердің жәй-күйі мен есімдері туралы үйреткен мәліметтер айтылып тұр.

Али (Аллаһ оған разы болсын): «Бізге Мухаммадтың ﷺ сахабалары туралы айтып бер», — деп сұралған еді. Ол: «*Олардың қайсысы туралы сұрап тұрсыңдар?*», — деді. Олар: «Хузәйфа туралы», — деді. Али: «*Ол — Мухаммадтың ﷺ сахабаларының ішінде екіжүзділер туралы ең көп білетін адам*», — деп жауап берді[1].

Ал Умар (Аллаһ оған разы болсын) одан қайта-қайта: «*Уа, Хузәйфа! Мен екіжүзділердің қатарындамын ба?*», — деп сұрайтын. Хузәйфа оған: «*Жоқ. Сенен кейін ешкімді бұлай ақтамаймын*», — деп жауап берді[2].

Аллаһтың құлдары! Мұсылмандардың бірі қайтыс болғанда, Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «*Хузәйфа оның жаназа намазына қатысады ма?*», — деп сұрайтын. Егер оған: «Иә», — деп айтылса, Умар ол үшін жаназа намазын оқитын. Ал «Жоқ», — деп айтылса, әлгі адамның екіжүзділерден болып қалуынан қорқып, күмәнданатын да, оған жаназа намазын оқымайтын[3].

Аллаһтың құлдары! Бір адам Хузәйфадан: «Екіжүзділік деген не?», — деп сұрады. Ол: «*Ислам туралы айтып, бірақ соған сай амал етпеуің*», — деп жауап берді[4].

Екінші: Пайғамбарымыз ﷺ оған және оның анасына кешірім тіледі.

Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай деген: «*Бір күні анам менен: «Пайғамбардың ﷺ қасында болғаныңа көп болды ма?», — деп сұрады. Мен оған: «Оның қасында пәлен уақытта болдым», — дедім. Сонда ол мені ұрсып, жазғыра бастады*». Яғни анасы оны Аллаһ Елшісінің ﷺ қасына көптен бері бармағаны үшін ұрысты. Хузәйфа сөзін былай жалғастырды: «*Мен оған: «Қоя тұрыңыз. Мен Пайғамбар-*

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид» (9/158); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (6/213); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/541); «әл-Мәғәзи» әл-Уақиди, (3/1045).

2 «Әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (23/137); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (4/27).

3 «Суәр мин хәят әс-сахаба», (305-бет).

4 «Муснад әр-рабиғ», (1/361); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (4/26).

*ға ﷺ барып, онымен бірге ақшам намазын оқимын. Ол мен үшін де, сіз үшін де кешірім тілегенше қасынан кетпеймін», — дедім. Осылайша, Пайғамбарға ﷺ барып, онымен бірге ақшам намазын оқыдым. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ құптан намазының уақыты кіргенше намаз оқыды. Содан соң ол кетті, ал мен соңынан ердім. Жолда Пайғамбарымыз ﷺ бір адамды кездестіріп, онымен сөйлесті. Әлгі адам кетіп қалды, ал Пайғамбар ﷺ әрі қарай жүрді. Ол менің аяқ дыбысымды естіп: «**Бұл кім?**», — деп сұрады. Мен: «Хузәйфа», — дедім. Пайғамбар ﷺ: «**Не болып қалды?**», — деп сұрады. Мен оған болған нәрсені айтып бердім. Сонда Пайғамбар ﷺ: «**Аллаһ сені де, анаңды да кешірсін**», — деді»*[1]. Пайғамбарымыз ﷺ біреу үшін кешірім тілесе, Аллаһ Тағала оның дұғасына жауап береді.

Үшінші: оның Пайғамбарымызға ﷺ жақын болып, онымен бірге жиі жүруі.

Аллаһтың құлдары! Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ өте жақын болды. Бұған дәлел ретінде келесі хабарларды келтіруге болады:

1) Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай дейтін: «*Мен Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге түнгі намаз оқыдым. Ол рукуғта: «**Субхана раббийәл-Ғазыйм**» («Ұлы Раббым барлық кемшіліктен Пәк!»), — дейтін. Ал сәждеде: «**Субхана раббийәл-әғлә**» («Ең Жоғары Раббым барлық кемшіліктен Пәк!”), — дейтін. Аллаһтың рахымы туралы аят оқығанда, сол рахымды сұрайтын. Ал азап туралы аят оқығанда, азаптан қорғауын сұрайтын*»[2].

2. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай дейтін: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ адамдар қоқыс төгетін жерге барып, кіші дәретін тұрып сындырғанын көрдім. Содан кейін ол дәрет алуға су сұрады да, дәрет алған кезде аяқтарын жуудың орнына тері мәсілерінің үстінен мәсіх тартты*»[3].

3. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай дейтін: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ менің балтырымның — немесе өзінің балтыры-*

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (16/68); «Сунан» әт-Тирмизи, (3781); «Муснад» имам Ахмад, (5/391). Шейх әл-Әлбәни әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта» және «әс-Сахихада», (2785) хадисті сенімді деп атаған.

2 «Әс-Сунан әс-суғра» әл-Бәйхәқи, (1/267); «әл-Кубра», (2/310); «Сунан» Абу Дауд, (871); «Муснад» имам Ахмад, (5/394); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сеніммді деп атаған.

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (4/273); «Сунан» әл-Бәйхәқи, (1/270); «Сунан» Абу Дауд, (23); «Муснад» имам Ахмад, (5/382); «Муснад» әт-Тәялуси, (54-бет); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

*ның — бұлшық етінен ұстап: «**Киімнің етегі осы тұста болуы керек. Егер қаламасаң, сәл төменірек болсын. Ал одан да төмен түсіргің келсе, киімнің етегін тобықтан төмен түсіруге хақың жоқ екенін біл**», — деді»*[1].

4. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай дейтін: «*Пайғамбарымыз ﷺ ұйықтауға жатқанда оң қолын бетінің астына қойып: «**Уа, Раббым! Құлдарыңды қайта тірілтетін (немесе жинайтын) күні мені Өз азабыңнан қорға**» («Рабби қини ғәзәбәкә йәума табғасу ғибәдәк»), — деп айтатын»* (Муслим, 709).

5. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай дейтін: «*Біз Пайғамбармен ﷺ бірге тамақтануға отырғанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ тамаққа қол тигізбейінше, біз де оған қол тигізбейтінбіз. Бір күні біз тамақтанғалы отырғанда, Пайғамбар ﷺ әлі асқа қол тигізбеген еді. Кенет артынан біреу қуып келе жатқандай бір қыз бала жүгіріп келіп, тамаққа қол созды. Бірақ Пайғамбар ﷺ оның қолынан ұстап қалды. Оның артынан бір бәдәуи де біреу қуып келе жатқандай жүгіріп келіп, асқа қол созды. Пайғамбар ﷺ оның да қолынан ұстап: «**Расында, үстінен Аллаһтың есімі аталмаған асты шайтан өзіне хәләл етеді. Ол осы қыз баланы тамақты өзіне хәләл ету үшін айдап әкелді, мен оның қолынан ұстап қалдым. Кейін осы бәдәуиді қуып әкелді, мен оның да қолынан ұстап қалдым. Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін, қазір шайтанның қолы олардың қолдарымен бірге менің қолымда тұр**», — деген еді»* (Муслим, 2017).

Төртінші: оның жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыюға және мұсылмандарға игілікті үйретуге ұмтылуы. Бұған дәлел ретінде келесі оқиғаларды келтіруге болады:

1. Бірде Хузәйфа мешітке кіріп, намаз оқып тұрған адамды көрді. Ол рукуғын толық жасамады. Ол сәждеге түсе салысымен-ақ қайта көтеріліді. Әлгі адам намазын аяқтағанда, Хузәйфа одан: «*Сен намазды қанша уақыттан бері осылай оқисың?*», — деп сұрады. Ол: «Қырық жылдан бері», — деді. Сонда Хузәйфа оған: «*Сен қырық жыл бойы намаз оқымадың. Егер осындай намаз оқып жүріп қайтыс болсаң, Мухаммад ﷺ ұстанған дінде өлмейсің*», — деді. Кейін оған намазды үйретіп: «*Адам намазын тезірек оқуы қажет болса да, рукуғы мен сәждесін толық жасауы керек*», — деді[2]. Яғни адам асықса, қиямда тұруын және Құран оқуын қысқарта алады. Бірақ рукуғ пен сәждені қысқартпауы керек, өйткені бұл оларды толық орындамай қоюға әкелуі мүмкін.

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (5/382).

2 «Муснад» имам Ахмад, (5/384).

2. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) былай деген: «*Расында, Пайғамбардың ﷺ заманында адам бір сөз айтса, сол сөзінің кесірінен екіжүздіге айналатын. Ал қазір мен сендердің біреулеріңнің бір отырыста сол сөзді төрт рет айтқанын естимін. Сендер жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыйып, бір-біріңді игілікке шақырмасаңдар, Аллаһ бәріңді азаппен жоқ қылады немесе араларыңдағы ең жамандарыңды өздеріңе билеуші етеді. Сонда сендердің жақсыларың Аллаһқа жалбарынады, бірақ сендерге жауап берілмейді*»[1].

3. Хузәйфа (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) әл-Мәдаинде болғанда, бұл елді мекеннің басшысы оған күміс ыдыспен су әкелді. Хузәйфа оны лақтырып жіберіп: «*Мен бұған дейін оған мұны істеуге тыйым салған едім, бірақ ол бұны тоқтатпады. Мен бұны тек осы себепті істедім. Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ маған және барлық мұсылманға алтын не күміс ыдыстан су ішуге, сондай-ақ зерлі мата мен жібекке де тыйым салды. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Бұлар осы дүниеде оларға, яғни кәпірлерге, ал Ақыретте бізге тиесілі**», — деген*», — деді[2].

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Хузәйфаның (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) өмірбаянында айтулы оқиғалар өте көп.

Бірінші: әл-Әхзәб шайқасы.

Әл-Әхзаб шайқасы кезіндегі аса қиын жағдайда Аллаһтың Елшісі ﷺ Хузәйфаға барлауға шығуды тапсырды. Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыз Өз Кітабында сол қиын жағдайлар туралы былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱذۡكُرُواْ نِعۡمَةَ ٱللَّهِ عَلَيۡكُمۡ إِذۡ جَآءَتۡكُمۡ جُنُودٞ فَأَرۡسَلۡنَا عَلَيۡهِمۡ رِيحٗا وَجُنُودٗا لَّمۡ تَرَوۡهَاۚ وَكَانَ ٱللَّهُ بِمَا تَعۡمَلُونَ بَصِيرًا ٩ إِذۡ جَآءُوكُم مِّن فَوۡقِكُمۡ وَمِنۡ أَسۡفَلَ مِنكُمۡ وَإِذۡ زَاغَتِ ٱلۡأَبۡصَٰرُ وَبَلَغَتِ ٱلۡقُلُوبُ ٱلۡحَنَاجِرَ وَتَظُنُّونَ بِٱللَّهِ ٱلظُّنُونَا ١٠ هُنَالِكَ ٱبۡتُلِيَ ٱلۡمُؤۡمِنُونَ وَزُلۡزِلُواْ زِلۡزَالٗا شَدِيدٗا ١١ وَإِذۡ يَقُولُ ٱلۡمُنَٰفِقُونَ وَٱلَّذِينَ فِي قُلُوبِهِم مَّرَضٞ مَّا وَعَدَنَا ٱللَّهُ وَرَسُولُهُۥٓ إِلَّا غُرُورٗا ١٢ وَإِذۡ قَالَت طَّآئِفَةٞ مِّنۡهُمۡ يَـٰٓأَهۡلَ يَثۡرِبَ لَا مُقَامَ لَكُمۡ فَٱرۡجِعُواْۚ وَيَسۡتَـٔۡذِنُ فَرِيقٞ مِّنۡهُمُ ٱلنَّبِيَّ يَقُولُونَ إِنَّ بُيُوتَنَا عَوۡرَةٞ وَمَا هِيَ بِعَوۡرَةٍۖ إِن يُرِيدُونَ إِلَّا فِرَارٗا ١٣﴾

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (5/390); Хадис жақсы; (Әл-мәусуғат әл-хадисия).

2 «Муснад» имам Ахмад, (5/396); Хадис сенімді; (Әл-мәусуғат әл-хадисия).

«Уа, иман келтіргендер! Сендерге әскерлер қарсы аттанған кезде Аллаһтың өздеріңе көрсеткен нығметін еске алыңдар. Сонда оларға боран және сендер көрмеген әскер жіберген едік. Аллаһ не істегендеріңді толық Көруші. Сол уақытта олар сендердің жоғарғы жақтарыңнан да, төменгі жақтарыңнан да келген еді. Көздерің алайып, жүректерің ауызға келген еді. Сондай-ақ Аллаһқа байланысты әр түрлі ойлар ойланған еді. Міне, сол арада мүминдер сыналып, қатты теңселген еді. Сол уақытта екжүзділер мен жүректерінде дерті болғандар: «Аллаһ пен Оның Елшісінің уәделері бізді алдау ғана екен», — деді. Сол уақытта олардан бір бөлімі: «Әй, Мәдина тұрғындары! Сендер бұл жерде төтеп бере алмайсыңдар, дереу қайтыңдар!», — десе, олардың тағы бір бөлімі, Пайғамбардан: «Үйлеріміз қорғансыз қалды», — деп, рұқсат сұрады еді. Негізінде олардың үйлері қорғансыз емес еді, олар қашуды ғана ойлайды» («әл-Әхзәб» сүресі, 9–13-аяттар).

Аллаһтың құлдары! Кәпір дұшпандардың қалың қолы Мәдинаны қоршауға алды. Мұсылмандар қорқыныш, аштық пен қатты суыққа тап болды. Оның үстіне бану Құрайза тайпасы кәпір дұшпандарға көмектесіп, мұсылмандарға артқы жақтан соққы беру үшін Аллаһ Елшісімен ﷺ жасасқан келісімін бұзды. Екіжүзділер мен жүректерінде дерті барлар үйлеріміз қорғансыз қалды деген жалған сылтаумен ұрыс даласынан қаша бастады. Алайда, расында, олардың көздегені қашу ғана еді. Қоршау ұзаққа созылып, ауыртпалық күшейді.

Аллаһтың құлдары! Осындай жағдайда Хузәйфа өзіне жүктелген тапсырманы орындады. Бұл оқиғаны Хузәйфаның (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) өз аузынан тыңдайық. Ол былай баяндаған: «*Хандақ, яғни әл-Әхзәб күні, Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге болған кезіміз есімде. Аллаһтың Елшісі ﷺ түнгі намазды оқыды да: «**Барып, әлгі адамдардың жағдайын біліп келетін кім бар? Мен оның оралуын шарт етемін және оған Жәннатқа кепіл боламын**», — деді. Бірақ қатты аштық, суық пен жел себепті ешкім орнынан тұрмады. Пайғамбарымыз ﷺ тағы да қысқа түнгі намаз оқып, бізге бұрылды да: «**Барып, әлгі адамдардың жағдайын білім келетін адам бар? Мен оның қайтып оралуын шарт етемін және Аллаһтан сол адамның Жәннатта маған серік болуын сұраймын**», — деді. Бірақ қатты аштық, суық пен желдің кесірінен ешкім орнынан тұрмады. Ешкім шықпаған соң, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Хузәйфа! Тұр!**», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ мені шақырған соң, тұрудан басқа амалым қалмады. Мен тұрдым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Барып, бізге ол адамдардың жағдайын біліп кел. Бірақ бізге оралғанша ештеңе істеме**», — деді. Мен жолға сол қатты суықта шықтым. Бірақ Аллаһтың Елшісіне ﷺ бойсұнып, аттанған сәттен бастап өзімді моншада жүрген-*

дей сезіндім (яғни ол өзгелер сезінген суықты сезбеді). *Осылайша мен дұшпанға жеттім. Мен Абу Суфиянның орнынан тұрып: «Уа, құрайыштықтар! Әрқайсыларың қастарыңда отырған адамның кім екенін анықтаңдар», — дегенін естідім. Мен дереу жанымда отырған адамның қолынан ұстап: «Сен кімсің?», — деп сұрадым. Ол: «Пәленшенің ұлы пәленшемін», — деді. Сол уақытта Абу Суфиян: «Уа, құрайыштықтар! Аллаһпен ант етемін, біз бұл жерде бұдан әрі қала алмаймыз. Жел қазандарымызды төңкеріп, оттарымызды сөндірді, шатырларымызды құлатты. Оның үстіне бану Құрайзаның бізбен бірге соғысу туралы келісімді орындамайтыны жайлы хабар жетті. Сондықтан жолға шығып, бұл жерден кетіңдер. Мен де кетемін», — деді. Содан кейін Абу Суфиян байлаулы тұрған түйесіне барып мінді де, оны ұрды. Түйе үш аяғымен көтерілді. Ол түйесі тұрғанға дейін оны шешіп үлгермеген еді* (Бұл мүшріктер мен олардың басшысы Абу Суфиянның қандай ауыр күйде болғанын көрсетеді). *Аллаһпен ант етемін, егер Пайғамбар ﷺ менен: «**Бізге оралғанша ештеңе істеме**», — деп уәде алмағанында, қаласам, Абу Суфиянды жебеммен атып өлтіру маған қиын болмас еді. Абу Суфиян кеткен соң, бұл хабар Мәдинаны қоршаған өзге тайпаларға да жетті. Олардың барлығы келген жақтарына қайта бастады»* (Муслим, 1788).

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ қайтып келдім. Ол намаз оқып тұрған еді. Намазын сәлем беріп аяқтаған соң, оған болған жайтты хабарладым*»[1].

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَرَدَّ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ بِغَيۡظِهِمۡ لَمۡ يَنَالُواْ خَيۡرٗاۚ وَكَفَى ٱللَّهُ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ ٱلۡقِتَالَۚ وَكَانَ ٱللَّهُ قَوِيًّا عَزِيزٗا ٢٥﴾

«**Аллаһ ол кәпірлерді долданған бойларынша қайтарады. Олар ешбір игілікке қол жеткізе алмады. Аллаһ соғыста мүминдерге жетіп асады. Аллаһ — аса Күшті, Үстем**» («әл-Әхзәб» сүресі, 25-аят).

Екінші: Ухуд шайқасы.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ухуд күні мүшриктер жеңілген кезде Ібіліс: «Уа, Аллаһтың құлдары! Артқы жақтарыңды қорғаңдар!», — деп айғайлады. Сонда алдыңғы саптағы мұсылмандар артына бұрылып, артқы саптағы мұсылмандарды мүшриктер екен деп ойлап, олармен шайқаса бастады. Хузәйфа артына қарап, әкесі әл-Яманға мұсылмандардың шабуыл жасап жатқанын көргенде: «Уа, Аллаһтың құлдары! Бұл — менің әкем! Менің әкем!», — деп айғайлады. Аллаһпен ант етемін, олар оны өлтіргенше тоқтамады. Сонда Хузәйфа: «Аллаһ сендерді кешірсін!», — деді*» (Әл-Бухари, 3116).

[1] «Муснад» имам Ахмад, (5/392); Хадис сенімді. (әл-Мәусуғат әл-хадисия).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ Хузәйфаға әкесі үшін құн (дыя) төлегісі келгенде, Хузәйфа: «*Әкем үшін төленетін бұл құнды мұсылмандарға садақа ретінде беремін*», — деді. Осыдан кейін Пайғамбарымыздың ﷺ оған деген жақсы қарым-қатынасы арта түсті[1]. [Редактор ескертпесі: Хузәйфаның әкесін Ухуд шайқасында мұсылмандар қателесіп өлтірген еді] Бұл — ұлы сахабаның таңғаларлық ұстанымы.

Үшінші: Бадр шайқасы.

Соңғы оқиға — мұсылмандар ұлы жеңіске жеткен Бадр шайқасы кезінде болған жайт. Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Менің Бадр шайқасына қатысуыма бір нәрсе ғана кедергі болды. Әкем Хусәйл екеуміз Мәдинаға бет алғанымызда, кәпір құрайыштықтар бізді ұстап алып: «Сендер Мухаммадқа қосылмақсыңдар!», — деді. Біз: «Оған қосылғымыз келмейді, тек Мәдинаға қайтқымыз келеді», — дедік. Сонда олар бізге Аллаһтың атымен ант еткізді және біз Мәдинаға кетеміз, бірақ Мухаммадпен бірге соғыспаймыз деп уәде бердік. Біз Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп, болған нәрсе айтып бергенімізде, ол: «**Мәдинаға бара беріңдер. Біз оларға берген уәдемізді орындаймыз әрі оларға қарсы Аллаһтан жәрдем сұраймыз**», — деді*» (Муслим, 1787).

Ардақты Елшіміз ﷺ опасыздық пен сатқындықпен танылған емес. Ол сахабаларын да осылай тәрбиеледі. Ал келісімдер мен шарттарды бұзуға, опасыздық пен сатқындыққа шеберлер — яһудилер. Аллаһ оларды жазаласын.

Хузәйфа ибн әл-Яман — сахабалардың ішінде жақсылық пен жамандықты және Қиямет сағатына дейін үмметте болатын бүліктерді ең жақсы білетін адам

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Оның таңдағандары — Мухаммадтың сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына сахаба болу үшін таңдады*»[2].

Шейхул-ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Аллаһ Тағала:* «**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһ-**

1 «Зәд әл-мәғәд», (3/206).

2 «Тәфсир жәмиғ әл-баян», (20/2).

тың таңдаулы құлдарына сәлем болсын», — *деді, әрі сәләфтардың бір тобы бұлардың Мухаммадтың ﷺ сахабалары екендігін айтқан».*

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһтың құлдары! Бүгін Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) туралы әңгіміміз мына мәселелерге арналады:

1. Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) сұрағанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ жауап берген.

2. Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) — сахабалардың ішінде жақсылық пен жамандықты және Қиямет сағатына дейін үмметте болатын бүліктерді ең жақсы білетін адам.

3. Оның (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары.

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) сұрағанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ жауап беретін

Аллаһтың құлдары! Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) жамандыққа ұрынып қалмау және үмметті одан сақтандыру үшін оны білуге адамдардың ішінде ең көп ұмтылатын.

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбардың ﷺ сахабалары одан жақсылық туралы сұрайтын, ал мен жамандық туралы сұрайтынмын*». Одан: «*Сен неліктен олай істейтін едің?*», — деп сұрағанда, ол: «*Жамандықтан сақтанған адам жақсылықта болады*», — деп жауап берген еді[1].

«*Мен жамандықты жасау үшін емес, одан сақтану үшін таныдым.*

Жамандықты жақсылықтан ажырата алмаған адам соған ұрынады», — деп айтылады[2].

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде Пайғамбарымыз ﷺ арамызда тұрып, уағыз айтты. Ол Қиямет күніне дейін болатын нәрселердің ешқайсысын қалдырмай, барлығын айтып берді. Оны есте сақтағандар сақтады, ал ұмытқандар ұмытты*» (Муслим, 2891).

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (5/399); Хадис сенімді. «әл-Мәусуғат әл-хадисия».

2 «Әбжәд әл-ғулум», (1/143).

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Адамдар Аллаһ Елшісінен ﷺ жақсылық туралы сұрайтын. Ал мен жамандыққа тап болудан қорқып, одан жамандық туралы сұрайтынмын. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз надандық пен жамандықта едік. Кейін Аллаһ бізге осы жақсылықты берді. Осы жақсылықтан кейін жамандық келеді ме?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Иә**», — деп жауап берді. Мен: «Ал сол жамандықтан кейін жақсылық келеді ме?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Иә, бірақ оған жамандық та араласады**», — деп жауап берді. Мен: «Ол неден көрінеді?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Менің Сүннетімді ұстанбайтын, өзгелерді менің жолыммен басқармайтын адамдар пайда болады. Сендер олардың істерін көріп, құптамайсыңдар**», — деп жауап берді. Мен: «Осы жақсылықтан кейін тағы жамандық келеді ме?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Иә. Тозақтың қақпаларына шақырушылар пайда болады. Олардың шақыруына жауап бергендерді олар Тозаққа тастайды**», — де жауап берді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бізге оларды сипаттап беріңіз», — дедім. Ол ﷺ: «**Жарайды! Олар өз ортамыздан шыққан, біздің тілімізде сөйлейтін адамдар болады**», — деп жауап берді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер сол уақытқа дейін өмір сүрсем, маған не істеуді бұйырасыз?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Мұсылмандардың жамағатынан және олардың басшысынан ажырама**», — деп жауап берді. Мен: «Ал егер мұсылмандардың жамағаты да, басшысы да болмаса ше?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Онда сол топтардың барлығынан аулақ бол. Тіпті ағаштардың тамырларына тісіңмен жармасуыңа тура келсе де, өлім келгенше сол күйде қал!**», — деп жауап берді»* (әл-Бухари, 3411; Муслим, 1847).

Аллаһтың құлдары! Бұл хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ үмметке келетін дертті де, оның емін де көрсетті. Дертке келсек:

Біріншісі: бидғаттар.

Пайғамбарымыз ﷺ Хузәйфаға (Аллаһ оған разы болсын) «жақсылыққа араласатын нәрсенің» мағынасын түсіндіріп, былай деді: «***Менің Сүннетімді ұстанбайтын, өзгелерді менің жолыммен басқармайтын адамдар пайда болады. Сендер олардың істерін көріп, құптамайсыңдар***».

Аллаһтың құлдары! Дерттің негізі мен бәленің түп-тамыры — осы. Бұл — мәнһәж мәселелерінде Сүннеттен ауытқу, еру мен амал етуде пайғамбарлық үлгіден ауытқу. Бұдан жақсылыққа араласып, оның қайнарын лайлап, өзгерткен нәрсенің бидғаттар екендігі анық болады. Бүлік пайда болған уақыттан бастап олардың негіздері муғтәзилилерде, сопыларда, жәһмилерде, харижилерде, әшғәрилерде, муржиилерде және рафидилерде көрініс тапты. Бұл Исламның бұрмалануына, оған қатысы

жоқ нәрселердің Исламға телінуіне және қате түсіндірмелерге алып келді. Құраннан оның жазуынан басқа, Исламнан оның атауынан басқа, ал құлшылықтан оның сыртқы қабығынан басқа ештеңе қалмады. Осыдан бидғаттардың қауіпті екендігі айқын болады. Өйткені сырттан шапқан жау тек тәндерді ғана бұзса, бидғаттар жүректерді де, тәндерді де бұзады[1].

Сондықтан Ислам бидғаттар мен оларды ұстанушылардан сақтандырып, тек Аллаһ Елшісіне ﷺ еруді бұйырады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَنَّ هَٰذَا صِرَٰطِي مُسْتَقِيمًا فَٱتَّبِعُوهُ ۖ وَلَا تَتَّبِعُوا۟ ٱلسُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَن سَبِيلِهِۦ ۚ ذَٰلِكُمْ وَصَّىٰكُم بِهِۦ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ﴿١٥٣﴾﴾

«**Күдіксіз Менің тура жолым осы. Соған еріңдер және өзге жолдарға ермеңдер, олар сендерді Аллаһтың жолынан айырады. Аллаһ сендерге осыны өсиет етті. Бәлкәм тақуалық танытарсыңдар**» («әл-Әнғәм» сүресі, 153-аят).

Аллаһ еруді бұйырған тура жол — Аллаһтың жолы, Пайғамбар ﷺ мен оның сахабалары ұстанған жол. Ал Аллаһ еруге тыйым салған жол — бидғатшылар мен нәпсі қалауларына ергендердің жолы. Осы жолдардың әрқайсысында соған шақыратын шайтан бар.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім біздің осы ісімізге (дінімізге) оған қатысы жоқ нәрсе енгізсе, ол тәрк етіледі!***», — деген.

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Бидғаттардан сақтаныңдар. Расында, ең жаман амалдар — бидғаттар, ал әрбір бидғат — адасушылық***». Ал ән-Нәсәи: «***Әрбір адасушылық Тозақта***», — деген сөзді қосқан.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің Сүннетімнен бет бұрған адам менен емес***», — деген (Әл-Бухари, 4776; Муслим, 1401).

Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) дінге жаңалық енгізуден сақтандырған.

Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) өзінің құтпасында: «*…Расында, мен бидғат ұстанушы емеспін, тек ерушімін*», — деген.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Бидғаттар мен шектен шығудан сақтаныңдар*», — деген.

[1] Қараңыз, «Лимәзә ихтарту әл-мәнһәж әс-сәләфи», (15-бет).

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Туралық пен асарларды ұстаныңдар және бидғаттардан сақтаныңдар*», — деген[1].

Ибн Умар (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын): «*Адамдар оларды жақсы деп санаса да, әрбір бидғат — адасушылық*», — деген[2].

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Нәпсі қалауларына ергендермен — яғни бидғатшылармен — бірге отырма. Расында, олармен бірге болу жүрек дерттеріне әкеледі*»[3].

Абу Идрис әл-Хәуләни: «*Мен үшін мешітте сөндіре алмайтын өртті көру — онда өзім өзгерте алмайтын бидғатты көруден жақсырақ*», — деген[4].

Ал мешіттер бидғаттарға толы қазіргі заманымыз туралы не айтуға болады?!

Фудәйл ибн Ғияд былай деген: «*Егер жолда бидғатшыны көрсең, басқа жолмен жүр*».

Сондай-ақ ол: «*Бидғатшыға көмектескен адам Исламды қиратуға көмектеседі*», — деген[5].

Ол тағы: «*Қызын бидғатшыға ұзатқан адам онымен туыстық байланысты үзген болады*», — деген[6]. Ендеше бидғаттар мен оларды ұстанушылардан сақтаныңыздар.

Екіншісі: адасушылыққа шақырушылар.

Пайғамбар ﷺ Хузәйфаға: «***Иә, (бұл жамандық — адамдарды) Тозақтың қақпаларына шақырушылар болады. Олардың шақыруына жауап бергендерді олар (Тозаққа) тастайды***», — деді.

Аллаһтың құлдары! Бұл өте қауіпті мәселе. Сондықтан Хузәйфа: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Бізге оларды сипаттап беріңіз*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жарайды! Олар өз ортамыздан шыққан, біздің тілімізде сөйлейтін адамдар болады***», — деді. Яғни олар сырттай біздің дінімізді ұстанған болып көрінгенімен, іштей оған қайшы болады. Олардың бірін сырттай адам ретінде көресіз, бірақ оның жүрегі — шайтанның жүрегі. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ Муслим жеткізген риуаятта: «***Олардың***

1 «Ибн Уәдах», (11/54).

2 «Шарх Сунна» әл-Ләләкәи, (126).

3 «Әл-Әжури», (61).

4 «Әл-Иғтисам», (1/82).

5 «Хилият әл-әулия», (8/103).

6 «Әс-Сиқат», (8/166).

арасында денелері адамдікі, ал жүректері шайтандардікі болған адамдар болады», — деген (Муслим, 1847).

Аллаһтың құлдары! Үмметте бидғаттар мен адасушылыққа шақырушылар пайда болғанда, Пайғамбарымыз ﷺ оған ем ретінде өзінің және сахабаларының жолын ұстануды, сондай-ақ осы адасқан топтардың барлығынан алыстауды айтты. Сондықтан Хузәйфа: «*Егер сол уақытқа дейін өмір сүрсем, маған не істеуді бұйырасыз?*», — деп сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұсылмандардың жамағатынан және олардың басшысынан ажырама***», — деп жауап берді. Хузәйфа: «*Ал егер адамдардың арасында мұсылмандардың жамағаты да, басшысы да болмаса ше?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Онда сол топтардың барлығынан аулақ бол. Тіпті ағаштардың тамырларына тісіңмен жармасуыңа тура келсе де, өлім келгенше сол күйде қал!***», — деді (Әл-Бухари, 3411; Муслим, 1847).

Аллаһтың құлдары! Сол ағаштың тамырымен не меңзелгені бізге Ғирбәд ибн Сарияның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінен анық болады. Онда былай делінген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге жүректерімізге қорқыныш ұялатып, көздеріміздің жас ағызған насихат айтты. Біз: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл қоштасушының насихатына ұқсайды. Ендеше бізге өсиет айтыңыз!», — дедік. Ол ﷺ: «****Сендерге деген өсиетім: Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтан қорқыңдар және сендерге эфиоп құл басшылық етсе де оны тыңдаңдар және оған бойсұныңдар. Расында, араларыңнан ұзақ өмір сүрген адам көптеген келіспеушіліктерді көреді. Сондықтан менің Сүннетімді және менен кейінгі тура жолмен жүргізілген ізгі халифалардың Сүннетін ұстаныңдар. Оған азу тістеріңмен жабысыңдар****», — деп жауап берді*». Демек, келіспеушіліктер мен адасқан топтар көбейген кезде біз берік ұстануымыз қажет болған негіз — Аллаһ Елшісінің ﷺ және оның сахабаларының жолы.

Аллаһтың құлдары! Егер үммет Аллаһ Елшісінен ﷺ келген осы пайдалы емді қолданса, Пайғамбарымыздың ﷺ ол туралы айтқан сүйінші хабары жүзеге асады. Бұл хабарды бізге Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) жеткізіп, былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «****Пайғамбарлық сендердің араларыңда Аллаһ қалаған уақытқа дейін болады. Содан кейін Аллаһ Тағала оны алып кетеді. Одан кейін пайғамбарлық мәнһәжындағы халифат болады. Ол Аллаһ қалаған уақытқа дейін жалғасады. Содан кейін Аллаһ Тағала оны алып кетеді. Одан кейін әділетсіз патшалық болады. Ол Аллаһ қалаған уақытқа дейін жалғасады. Содан кейін Аллаһ Тағала оны алып кетеді. Одан кейін озбырлық патшалығы болады. Ол Аллаһ қалаған уақытқа дейін жалғасады. Содан кейін Аллаһ Тағала оны алып ке-***

***теді. Одан соң қайтадан пайғамбарлық мәнһәжындағы халифат болады**». Бұл сөздерден кейін Пайғамбарымыз ﷺ үнсіз қалды»*[1].

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) — сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) ішінде Қиямет сағатына дейін үмметте болатын фитналарды ең жақсы білетін адам

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһпен ант етемін, мен өз заманымнан Қиямет сағатына дейін болатын әрбір бүлік (фитна) туралы барлық адамдардан көбірек білемін*» (Муслим, 2891).

Сондай-ақ Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бірде сахабалардың алдында тұрып, Қиямет күніне дейін болатын оқиғалардың бірде-бірін қалдырмай айтып бергенін жеткізді. Оны есте сақтағандар сақтады, ал ұмытқандар ұмытты.

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың ﷺ сахабаларынан: «Араларыңнан кім Аллаһ Елшісінің ﷺ бүлік туралы айтқан сөздерін естіді?», — деп сұрады. Олар: «Біз естідік», — деді. Ол: «Бәлкім, адамның отбасы мен мал-мүлкіне қатысты сынақты меңзеп тұрған шығарсыңдар?», — деп сұрады. Олар: «Иә», — деп жауап берді. Ол: «Мен ол туралы сұрап тұрған жоқпын. Ол намазбен, оразамен және садақамен өтеледі. Мен теңіз толқындарындай буырқанатын бүлікті (фитнаны) айтып тұрмын», — деді. Адамдар үнсіз қалды. Мен оның менен бір нәрсе естігісі келіп тұрғанын ойлап: «Мен естідім», — дедім. Умар: «Сен бе?», — деп сұрады Мен оған: «Бүлік жүректерге сабан талдары секілді келеді. Қай жүрек оны қабылдаса, онда қара нүкте пайда болады. Ал қай жүрек оны қабылдамаса, онда ақ нүкте пайда болады. Ақырында жүректер екі түрлі болады: бірі — ақ (жылтыратылған) тас секілді. Көктер мен жер бар тұрғанда, бүлік оған еш зиян тигізбейді. Екіншісі — төңкерілген сабаяқ секілді қара-сұр жүрек. Ол жақсылықты танымайды, жамандықты теріске шығармайды, тек өзінің нәпсі қалауларына ереді», — дедім. Мен оған өзі мен бүліктің арасында жабық есік тұрғанын және сол есіктің жақын арада сынатынын айттым. Умар: «Ол шынымен сынады ма?!», — деп сұрады. Мен: «Иә», — дедім. Умар: «Егер ол жай ғана ашылса, қайта орнына келіп, жабылады деген үміт бар», — деді. Мен: «Жоқ, ол*

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (5/188); «Муснад» имам Ахмад, (4/273).

сынады», — дедім. Сондай-ақ ол есіктің өлтірілетін немесе қайтыс болатын адам екенін айттым. Мен оған мұны ешбір жорамалсыз жеткіздім» (Әл-Бухари, 1368).

Хузәйфа: «Умар ол есіктің кім екендігін білді ме?», — деп сұралды. Хузәйфа: «*Иә, ол мұны күннен кейін түн келетінін білгендей анық білді*», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 1368).

Аллаһтың құлдары! Бұл — шыншыл әрі сөзіне сенілетін адамның хабарлағаны. Умар өлтірілді, есік сынды және бүліктер пайда болды. Бұл сынақтар мұсылманды діннен шығарып жіберетіндей ауыр болады. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ізгі амалдар жасауға асығыңдар! Өйткені міндетті түрде қараңғы түннің бөліктеріндей сынақтар келеді. Сол кезде адам таңертең мүмин болып, кешке кәпірге айналады. Кешке мүмин болып, таңертең кәпірге айналып, дінін дүниелік игіліктерге сатады***» (Муслим, 118).

Аллаһтың құлдары! Бұл сынақтардың ауырлығы мен күштілігі соншалық, мұсылман бәледен құтылу үшін өлімді армандап, оны үмітпен күтетін болады.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Қабірдің жанынан өткен адам оның үстінде аунап: «Шіркін, осы қабірде жатқан адамның орнында мен болсам ғой!», — демейінше, Қиямет сағаты келмейді. Бұған дін емес, тек осы дүниенің ауыртпалықтары себеп болады***» (Муслим, 157).

Уа, Аллаһтың құлдары! Бәлелер мен бүліктерге әкелетін ең үлкен себеп — білімнің аздығы, надандықтың көптігі, Исламды тәрк ету, күнәлар жасау, бойсұнбаушылық және тыйымдарды бұзу.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Қиямет сағатына аз уақыт қалғанда надандық таралып, білім жоғалып, адам өлтіру көбейетін күндер келеді***» (Әл-Бухари, 6653, Муслим, 2672).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Қиямет сағатының жақындағанының белгісі — надандықтың таралуы, білімнің азаюы, зинақорлықтың кең таралуы, ерлер санының азайып, әйелдер санының көбеюі. Тіпті елу әйелге қамқор болатын бір ғана ер адам қалады***» (Әл-Бухари, 4933).

Аллаһтың құлдары! Бұл бүліктен құтылудың жолдары келесі:

Біріншіден: мұсылмандар жамағатының өз басшысына бағынуы. Ал жамағат пен басшы болмаса, барлық топтардан бөлініп, бүліктің басшысы болмау.

Пайғамбарымыз ﷺ Хузәйфа ибн әл-Яманға (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын): «***Мұсылмандардың жамағатынан және олардың бас-***

шысынан ажырама», — деді. Хузәйфа: «*Ал егер адамдардың арасында мұсылмандардың жамағаты да, басшысы да болмаса ше?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Онда сол топтардың барлығынан аулақ бол. Тіпті ағаштардың тамырларына тісіңмен жармасуыңа тура келсе де, өлім келгенше сол күйде қал!***», — деді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Отырған адам тұрғаннан, тұрған адам жүргеннен, ал жүрген адам сол сынақтарға қарай жүгіргеннен жақсы болатын сынақтар уақыты келеді. Сол жағдай бастарыңа түскенде, түйесі бар адам түйелерінің соңынан, қойы бар адам қойларының соңынан жүрсін, ал жері бар адам өз жерінен айырылмасын…***» (Муслим, 2887).

Екіншіден: Уа, Аллаһтың құлдары! Құлшылықты көбейтіңдер және түнгі намазға тұрыңдар. Яғни Аллаһ Тағаладан пана іздеңдер.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Тынышсыздық уақытында Аллаһқа құлшылық ету — маған һижра жасау секілді***», — деген (Муслим, 2948).

Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір түні Аллаһтың Елшісі ﷺ қорқынышпен оянды да: «****Аллаһ Пәк! (Субхана-ллаһ!) Аллаһ қандай қазыналар түсірді және қандай ауыртпалықтар түсірілді! Бөлмелерде тұратын әйелдерді намаз оқу үшін кім оятады?*** (Бұл жерде ол өз жұбайларын меңзеді) ***Өйткені бұл дүниеде киінген әйел Ақыретте жалаңаш қалуы мүмкін!****», — деді*». (әл-Бухари, 7069).

Үшіншіден: үйіңде бол және тіліңді тый.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Қараңғы түнге ұқсас бүліктер келеді. Адам таңертең мүмин болып оянып, кешке кәпірге айналады. Кешке мүмин болып, таңертең кәпірге айналады. Сол күндерде отырған адам тұрғаннан, тұрған адам жүргеннен, ал жүрген адам жүгіргеннен жақсы болады***». Адамдар: «*Ендеше бізге не істеуді бұйырасыз?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Үйлеріңде болыңдар***», — деп жауап берді[1].

Бір адам: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Құтылудың жолы қандай?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Айтқан сөзің өзіңе қарсы айналмауы үшін тіліңді тый, үйіңді өзіңе жеткілікті кең деп біл және күнәларың үшін жыла***», — деп жауап берді[2].

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/487); «Сунан Абу Дауд», (4262); «Муснад» имам Ахмад, (4/408); Шейх әл-Әлбәни Абу Даудқа жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Сунан әт-Тирмизи», (2406); «Муснад» имам Ахмад, (5/259); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (17/270); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде,

Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ешкім елестете алмайтын бүліктерден (фитналардан) сақтаныңдар. Аллаһпен ант етемін! Сел құнарлы топырақты шайып кеткендей, олар да өздеріне қатысты болған әрбір адамды міндетті түрде жояды. Егер бүлік көрсеңдер, үйлеріңе жиналыңдар, қылыштарыңды сындырыңдар және садақтарыңның адырналарын үзіңдер*»[1].

Төртіншіден: Аллаһ Тағаладан бұл фитналардан (бүліктерден) пана сұраңдар.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһқа айқын әрі жасырын фитналардан сыйыныңдар***», — деген (Муслим, 2867).

Пайғамбарымыз ﷺ бізге әр намазда Аллаһ Тағалаға бүліктерден пана тілеуді үйреткіп, былай деген: «***Араларыңнан біреу алғашқы тәшәһһудты аяқтаса, Аллаһқа төрт нәрседен сыйынсын: Тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлім сынағынан және Мәсих Дәжжалдың жамандығынан***» (әл-Бухари, 1311; Муслим, 588).

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَقَالُواْ عَلَى ٱللَّهِ تَوَكَّلۡنَا رَبَّنَا لَا تَجۡعَلۡنَا فِتۡنَةٗ لِّلۡقَوۡمِ ٱلظَّٰلِمِينَ ٨٥ وَنَجِّنَا بِرَحۡمَتِكَ مِنَ ٱلۡقَوۡمِ ٱلۡكَٰفِرِينَ ٨٦﴾

«**Олар: «Біз Аллаһқа тәуекел етеміз. Раббымыз! Бізді залым елмен сынама. Сондай-ақ бізді рахымыңмен кәпір қауымнан құтқара гөр!», — деді**» («Юнус» сүресі, 85–86-аяттар).

﴿رَّبَّنَا عَلَيۡكَ تَوَكَّلۡنَا وَإِلَيۡكَ أَنَبۡنَا وَإِلَيۡكَ ٱلۡمَصِيرُ ٤ رَبَّنَا لَا تَجۡعَلۡنَا فِتۡنَةٗ لِّلَّذِينَ كَفَرُواْ وَٱغۡفِرۡ لَنَا رَبَّنَآۖ إِنَّكَ أَنتَ ٱلۡعَزِيزُ ٱلۡحَكِيمُ ٥﴾

«**Раббымыз! Саған тәуекел еттік, Саған қайттық әрі барар жеріміз Сен жақ. Раббымыз! Бізді кәпірлермен сынама. Раббымыз! Бізді кешір. Расында, Сен — Үстем, Данасың**» («әл-Мумтәхана» сүресі, 4–5-аяттар).

Оның насихаттары

Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Уа, адамдар! Неліктен менен сұрамайсыңдар? Адамдар Аллаһ Елшісінен ﷺ жақсылық туралы, ал мен жамандық туралы сұрайтынмын. Расында, Аллаһ Өз Пайғамбарын ﷺ жіберді. Ол адамдарды күпірліктен иманға, адасушылықтан тура жолға шақырды. Оның шақыруына жауап бергендер жау-*

сондай-ақ «әс-Силсилә әс-сахихада», (890) сенімді деп атаған.

[1] «Хилият әл-әулия», (1/273).

ап берді. Өлі болған адам ақиқат арқылы тірілді, ал тірі болған адам жалғандықтың кесірінен өлді. Содан кейін пайғамбарлық аяқталып, пайғамбарлық мәнһәжындағы билік болды. Одан кейін әділетсіз патшалық болады. Адамдардың ішінде (оны) жүрегімен, қолымен және тілімен сөгетіндер бар. Сонда ақиқат толық орындалады. Олардың ішінде қолын тежеп, тілімен және жүрегімен сөгетіндер бар. Олар ақиқаттың бір бөлігін қалдырады. Олардың ішінде қолы мен тілін тежеп, жүрегімен ғана теріске шығаратындар бар. Олар ақиқаттың екі бөлігін қалдырады. Ал жүрегімен де, тілімен де теріске шығармайтын адам — тірі өлік»[1].

Хузәйфадан (Аллаһ оған разы болсын) «тірі өліктің» кім екенідігі сұралғанда, ол: «*Жамандықты қолымен де, тілімен де, жүрегімен де айыптамайтын (сөкпейтін) адам*», — деп жауап берді[2].

Хузәйфа былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге екі нәрсе туралы хабарлады. Мен оның бірін көрдім, ал екіншісін күтіп жүрмін. Ол бізге жауапкершіліктің (амана) адамдардың жүректерінің ең түбіне түсірілгенін, кейін олардың оны Құраннан және Сүннеттен білгенін хабарлады. Содан кейін ол ﷺ аманаңың жерден алынатыны туралы айтып: «**Адам ұйықтағанда, амана оның жүрегінен алынып, одан болар-болмас із ғана қалады. Кейін ол тағы ұйықтайды да, жүрегінен бұл жауапкершілік толық алынады. Одан аяғыңа шоқ түсіп, күйген жері күлдіреген кездегідей із ғана қалады. Сен оның ісінгенін көресің, бірақ оның ішінде ештеңе жоқ**», — деді. Осыны айтып, Пайғамбарымыз ﷺ кішкентай тасты алып, аяғына түсірді. Содан кейін сөзін жалғастырып: «**Кейін адамдар бір-бірімен мәміле жасайтын болады, бірақ олардың ешқайсысы өзіне сеніп тапсырылғанды қайтаруды ойламайды! Ақырында: «Пәлен тайпада бір адал адам бар», — дейтін болады. Бір адам туралы: «Одан ақылды, зерек әрі табанды адам табылмас», — деп айтылатын болады. Алайда оның жүрегінде қыша дәнінің салмағындай да иман болмайды!**», — деген еді». Мен сендердің қайсысыңмен сауда жасасам екен деп ойланудың қажеті болмаған заманды көрдім. Өйткені адам мұсылман болса, оның діні маған сеніп тапсырылғанды міндетті түрде қайтарып беретін. Ал христиан болса, оның билеушісі қайтарып беретін. Бүгінде пәлен және пәлен адаммен басқа ешкіммен мәміле жасай алмаймын!*» (әл-Бухари, 6132; Муслим, 143).

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын): «*Жаршы: «Уа, адамдар! Аттану, аттану!* (Яғни, уа адамдар, әр таң мен кеште аттануға дайындалыңдар)», — *деп жар салмайтын бірде-бір таң мен кеш жоқ*», — деген.

---

1 «Хилият әл-әулия», (1/275); «Муснад» имам Ахмад, (5/404).

2 «Шуғәб әл-иман», (6/96); «Тәзкират әл-хуффәз», (1/375).

Бұл — адамдарға бағытталған үндеу. Аттануға дайындалыңдар. Егер бүгін сау болсаңдар, ертең ауру келетінін біліңдер. Бүгін өмір бар, алайда ертең өлім келеді. Бүгін байлық бар, ертең кедейлік келеді. Аттануға, кетуге, жолға шығуға дайындалыңздар. Бұл дүниеден тақуалық пен иман күйінде кеткендерге бақыт нәсіп етіледі. Ал бұл дүниеден күпірлік пен серік қосу күйінде кеткен адам үлкен зиян мен шығынға ұшырайды.

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын): «*Қиямет сағаты жақындады және Ай қақ жарылды. Расында, Ай қақ жарылды. Дүние тіршілігі қоштасу мен айырылысуды жариялады. Бүгін — атшабар, ертең — бәйге*», — деген[1].

Бір адам Хузәйфаға (Аллаһ оған разы болсын): «Мен екіжүзді болып қалудан қорқамын», — деген еді. Сонда ол: «*Егер сен шынымен екіжүзді болғаныңда, бұдан қорықпас едің*», — деп жауап берді[2].

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат ретінде көрсетіп, оған еруді нәсіп ет. Сондай-ақ адасушылықты адасушылық ретінде көрсетіп, одан бас тартуды нәсіп ет.

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/651); «Хилият әл-әулия», (1/281).

2 «Әл-Баян уә әт-тибиян», (2/140).

Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын)

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Әрі кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Оларың жолы — мүминдердің жолы, құтылу жолы. Бұл — осы және мәңгілік өмірдегі бақыт жолы.

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Сендердің қайсыларың біреуге ілесуді қаласа, қайтыс болғандарға ілессін. Өйткені тірі адам фитнадан (бүліктерден) аман екендігіне кепіл емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Бұл үмметтің ішінде жүректері ең тақуа болғандар, білімдері ең терең болғандар және пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әуре еткендер — солар. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Олардың артықшылығын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінездері мен дінін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды*».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі жайлы болмақ. Оның кім екенін білесіңдер ме? Ол — Абу Абдуррахман Муғәз ибн Жәбәл ибн Ғәмр ибн Аус әл-Ансари әл-Хәзрәжи әл-Мәдани, Бадр шайқасына қатысқан сахаба. Ол бойы ұзын, жақсы әрі көрікті адам еді. Ол Ғақабадағы екінші ант беруге және өзге де барлық шайқастарға қатысқан.

Ол — үмметтегі хәләл мен харамды ең жақсы білетін адам.

Аллаһтың құлдары! Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары жайлы болады. Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны жақсы көруі және оған өсиет айтуға ұмтылуы.

Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген «*Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ қолымнан ұстап, маған: «**Уа, Муғәз! Аллаһпен ант етемін, мен сені жақсы көремін**», — деді. Мен: «Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын! Аллаһпен ант етемін, мен де сізді жақсы көремін!», — дедім. Ол ﷺ: «**Уа, Муғәз! Саған әр намаздың соңыда: «Уа, Аллаһ! Сені еске алуыма, Саған шүкір етуіме және Саған ең жақсы түрде құлшылық етуіме жәрдем бер», — деп айтуды ешқашан ұмытпауыңды өсиет етемін**», — деді*»[1].

Аллаһтың құлдары! Бұл хадистен мынадай пайдалар алынады:

[1] «Сахих» ибн Хузәйма, (1/369); «Сахих» Ибн Хиббән, (5/364); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/407); «әс-Сунан әс-суғра» әл-Бәйхәқи, (27-бет); «Сунан» Абу Дауд, (1522); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (1303); «Муснад» әл-Бәззар, (2/426); «әл-Муғжәм әл-кәбир»

Бірінші пайда: Пайғамбарымыздың ﷺ «Аллаһпен ант етемін» деген сөзінде айтқанын растау мен тыңдаушының көңілін орнықтыру үшін біреу сұрамаса да ант етуге болатындығына дәлел бар.

Екінші пайда: Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Аллаһпен ант етемін, мен сені жақсы көремін***» деген сөзінен жақсы көретін адамға оны жақсы көретініңді хабарлау керектігі көрінеді. Пайғамбарымыз ﷺ мұны өсиет етіп: «***Егер адам өз бауырын жақсы көрсе, оған оны жақсы көретінін хабарласын***», — деген[1].

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бір адам Пайғамбардың ﷺ жанында отырғанда, олардың қасынан басқа бір адам өтіп бара жатты. Отырған адам: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, мен осы адамды жақсы көремін», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мұны оған айттың ба?**», — деп сұрады. Ол: «Жоқ», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Онда оған (бұл жайлы) айт!**», — деді. Сонда ол әлгі адамды қуып жетіп: «Мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін!», — деді. Ол оған: «Мені Кім үшін жақсы көрсең, Сол сені де жақсы көрсін!», — деп жауап берді*»[2].

Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен жолға шықтым келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған өсиет айтыңыз», — дедім. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «**Аллаһқа құлшылық ет және Оған ешкімді серік қоспа. Аллаһ үшін амалдарды Оны көріп тұрғандай жаса. Өзіңді дүниеден өткендердің қатарында сана. Әрбір тас пен әрбір ағаштың жанынан өткенде Аллаһты зікір ет. Егер күнә жасасаң, оның артынан дереу сол күнәні өшіретін ізгі амал жаса. Күнәні жасырын жасасаң, ізгі амалды да жасырын жаса. Жаман істі ашық жасасаң, ізгі амалды да ашық жаса***»»[3].

Сондай-ақ Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған өсиет айтыңыз», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Қайда болсаң да, Аллаһтан қорық**», — деді. Мен: «Тағы айтыңыз», — дедім. Пайғамбар ﷺ: «**Жаман істің артынан оны өшіре-***

әт-Тәбәрани, (20/60); Шейх әл-Әлбәни Абу Даудқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта» хадисті сенімді деп атаған, (949).

1 «Сунан» Абу Дауд, (5124); Шейх әл-Әлбәни Абу Даудқа жазған ескертпесінде хадисті сенімді деп атаған.

2 «Сунан» Абу Дауд, (5125); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (6/54); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (5017) және «әс-Сахихада», (3253) сенімді деп атаған.

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (4/218); «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/78); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», (1040) және «әс-Сахихада», (1475) жақсы деп атаған.

***тін ізгі амал жаса**», — деді. Мен: «Тағы айтыңыз», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Адамдармен қарым-қатынаста көркем мінезді ұстан**», — деді»*[1].

Басқа хадисте Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ маған: «**Сағаң Жәннат қақпаларының бірін көрсетейін бе?**», — деді. Мен: «Ол не?», — деп сұрадым. Ол: «**Лә хаула уә лә қууата иллә билләһ («Аллаһтан басқа ешкімде күш-қуат жоқ)**», — деген сөздер», — деді»*[2].

Муғәз ибн Жәбәлдан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ оны Йеменге жібергенде, онымен бірге сыртқа шығып, өсиет айтқаны жеткізіледі. Муғәз салтты жануарының үстінде еді, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ оның жанында жаяу жүрді. Қоштасарда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Муғәз! Бәлкім, осы жылдан кейін мені тірі күйімде кездестірмессің. Бәлкім, осы мешітімнің немесе қабірімнің жанынан өтерсің***», — деді. Сонда Муғәз Аллаһ Елшісімен ﷺ қоштасқанына қайғырып, жылай бастады. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ жүзін Мәдинаға қарай бұрып: «***Расында, кім болса да, қайда болса да маған ең жақын адамдар — тақуалар***», — деген еді[3].

Пайғамбарымыздың ﷺ Муғәз ибн Жәбәлді жақсы көргеніне дәлел — оған өсиет айтуға ұмтылуы. Бұл — Муғәздың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі.

Екіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — оның Жәннатқа кіруге және Тозақ отынан құтылуға ұмтылуы.

Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мені Жәннатқа кіргізетін және Тозақ отынан алыстататын бір амал туралы айтыңыз», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен ұлы іс туралы сұрадың. Алайда, расында, Аллаһ Тағала кімге жеңілдетсе, оған бұл іс оңай болады. Аллаһқа құлшылық ет және Оған ешкімді серік қоспа, намаздарды орында, зекет бер, Рамазан айында ораза ұста және Үйге қажылық жаса**», — деді. Содан кейін Пайғамбар ﷺ: «**Сағаң игілік қақпаларын көрсетейін бе? Ораза — қалқан. Садақа***

---

1 «Муғжәм әш-шуюх», (1/139); «әл-Муғжәм әс-сағир», (1/320); «Муснад» ибн әл-Жәғда, (61-бет); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (20/144); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», (97) және «Раудат ән-надырде», (855) сенімді деп атаған.

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (2/415), «Мәуәрид әз-зәмған», (620-бет); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/22); «Муснад» имам Ахмад, (6/235); «Муснад» әл-Баззар, (7/91).

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид» (10/97); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (6/97); «Муснад» имам Ахмад, (3/422); «әл-Әхад уә әл-мәсәни», (4/72); «әл-Муғжәм әл-кабир» әт-Тәбәрани, (18/351).

***күнәні судың отты өшіргеніндей өшіреді. Сондай-ақ адамның түн ортасында оқыған намазы**», — деді. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған бұл істің бастысы, тірегі және шыңы туралы айтып берейін бе?**», — деп сұрады. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Ол ﷺ: «**Бұл істің бастысы — Ислам, тірегі — намаз, ал шыңы — жиһад**», — деді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған осының бәрінің негізінде не жатқанын айтып берейін бе?**», — деп сұрады. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Сонда ол қолын тіліне тигізіп: «**Мынаны тый**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз айтқан сөздеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Анаң сенен айырылсын! Адамдар Тозақ отына жүздерімен өздерінің жалаға толы сөздерінен басқа нәрсе үшін тасталады ма?!**», — деп жауап берді»*[1].

Үшіншісі: оның артықшылықтарының бірі — оның Құран мен Сүннетті, хәләл мен харамды білуі.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ұмметімнің ішінде ұмметіме ең мейірімдісі — Абу Бакр, Аллаһтың бұйрықтарын орындауда ең қаталы — Умар, ең ұялшағы — Усман, ең жақсы қазысы — Али ибн Абу Талиб. Араларында Аллаһтың Кітабын ең жақсы оқитыны — Убәй ибн Кәғб, харам мен хәләлді ең жақсы білетіні — Муғәз ибн Жәбәл, мұрагерлік мәселелерін ең жақсы білетіні — Зәйд ибн Сәбит. Расында, әрбір ұмметтің сенімді адамы (әмині) болған. Ал осы ұмметтің сенімді адамы — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах***»[2].

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Құран оқуды төрт адамнан үйреніңдер: Абдуллаһ ибн Мәсғудтан, Абу Хузәйфаның азат етілген құлы Сәлимнен, Убәй ибн Кәғбтан және Муғәз ибн Жәбәлден***». Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын): «*Мен оның Убәйдан немесе Муғәздан бастағанын білмеймін*», — деген (әл-Бухари, 3758).

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Расында, Муғәз ибн Жәбәл ұммет (имам) және Аллаһқа қанит (бойсұнушы) еді*», — деген. Бір адам:

---

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-Сахихайн», (2/447); әт-Тирмизи, (2616); Ибн Мәжаһ, (3973); «Муснад» имам Ахмад, (5/231); «Муснад» әт-Тәялиси, (76-бет); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (20/73); Шейх әл-Әлбәни Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Ғруа», (413); «әт-Тәғлиқ әр-рағиб», (4/5–6); «Тәхриж әл-иман», Ибн Аби Шәйба, (2/1–2) жинақтарында сенімді деп атаған.

[2] «Сунан» әт-Тирмизи, (3790); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (6/210); «әс-Сунан әл-кубра ән-Нәсәи», (5/67); Ибн Мәжаһ, (154); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизи» және «Ибн Мәжаһқа» жазған ескертпелерінде сенімді деп атап, оны «Сахих әл-Жәмиғте», (895) келтірген.

«Расында, бұл — Ибраһим!», — деді. Ибн Мәсғуд: «*Расында, біз Муғәзды Ибраһимге ұқсас деп санайтынбыз*», — деген.

Абдуллаһ ибн Мәсғудтан «үммет» сөзінің мағынасы сұралғанда, ол: «*Үммет дегеніміз — жақсылықты үйретуші, ал қанит — Аллаһ пен Оның Елшісіне бойсұнушы*», — деп жауап берді[1].

Абу Идрис әл-Хәуләни былай деген: «*Мен Дамаскідегі мешітке кіріп, аппақ әрі әдемі тістері бар бір жас жігітті көрдім.* [Редактор ескертпесі: Түсіндірмеде мұның оның жиі күлімсірегенін немесе жылы жүзді болғанын білдіретіні айтылады] *Оның айналасында адамдар отырды. Егер олар бір мәселеде келіспей қалса, оған жүгініп, оның пікірін қабылдайтын. Мен оның кім екенін сұрадым. Маған: «Бұл — Муғәз ибн Жәбәл», — деп жауап берілді*»[2].

Аллаһтың құлдары! Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) Қиямет күні ғалымдардың алдында, дәрежесі олардан жоғары болып келеді[3].

Расында, білім өз иесін бұл дүниеде де, Ақыретте де жоғарылатады. Аллаһ Тағала:

﴿يَرۡفَعِ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ مِنكُمۡ وَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡعِلۡمَ دَرَجَٰتٖۚ﴾

«**Аллаһ араларыңдағы иман келтіргендердің және білім бергендердің дәрежелерін көтереді**», — деген («әл-Мужәдәлә» сүресі, 11-аят).

Төртіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ оны білімі мен дінді түсінуі себепті Йемен тұрғындарын Исламға шақыру үшін жіберуі.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған да, әкесіне де разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ Муғәзды (Аллаһ оған разы болсын) Йеменге жібергенде былай дегені жеткізіледі: «***Расында, сен Кітап иелерінен болған адамдарға барасың. Оларға барғаныңда, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммадтың Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік беруге шақыр. Егер олар бұған бойсұнса, Аллаһ оларға күн сайын бес намаз оқуды міндеттегенін хабарла. Егер бұған да бойсұнса, Аллаһ оларға байларынан алынып, араларындағы кедейлеріне берілетін садақаны міндеттегенін хабарла. Егер бұған да бойсұнса,***

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-Сахихайн», (3/305); «Тәхзиб әт-тәхзиб», (10/169); «Тәхзиб әл-кәмәл», (28/110); «әт-Тәбәқат әл-кубра», (2/348).

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (2/335); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/186); «Мәуәрид әз-зәмған», (621-бет); «Муснад» имам Ахмад, (5/236).

3 «Әл-Муғжәм әс-сағыр» әт-Тәбәрани, (1/335); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (20/29); Қараңыз, «әс-Сахих әл-муснад мин фадаил әс-сахаба», (335-бет).

олардың мал-мүлкінің ең бағалысын алудан сақтан және жәбірленушінің дұғасынан қорық. Өйткені оның дұғасы мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ» (Әл-Бухари, 1425; Муслим, 19).

Уа, Адам баласы! Зұлымдықтан сақтан, өйткені зұлымдық Қиямет күні қараңғылықтарға айналады. Аллаһ Тағаланың жәбірленушінің дұғасына жауап беретінін біл.

Абу Мусадан Пайғамбарымыздың ﷺ оны және Муғәзды Йеменге жібергенде: «***Жеңілдетіңдер және қиындық тудырмаңдар. Адамдарды ізгі хабарлармен қуантыңдар, Исламнан бездірмеңдер. Өзара келісімде болыңдар және бір-біріңе қайшы келмеңдер***», — дегені жеткізіледі (Әл-Бухари, 2874; Муслим, 1733).

Аллаһтың құлдары! Бұл үмметтегі ең алғашқы шақырушы — Аллаһтың Елшісі ﷺ. Аса Құдіретті Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّبِيُّ إِنَّآ أَرۡسَلۡنَـٰكَ شَٰهِدٗا وَمُبَشِّرٗا وَنَذِيرٗا ٤٥ وَدَاعِيًا إِلَى ٱللَّهِ بِإِذۡنِهِۦ وَسِرَاجٗا مُّنِيرٗا ٤٦ وَبَشِّرِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ بِأَنَّ لَهُم مِّنَ ٱللَّهِ فَضۡلٗا كَبِيرٗا ٤٧ وَلَا تُطِعِ ٱلۡكَٰفِرِينَ وَٱلۡمُنَٰفِقِينَ وَدَعۡ أَذَىٰهُمۡ وَتَوَكَّلۡ عَلَى ٱللَّهِۚ وَكَفَىٰ بِٱللَّهِ وَكِيلٗا ٤٨﴾

«**Уа, Пайғамбар! Біз сені куә, қуантушы әрі ескертуші, Оның нұсқауымен Аллаһқа шақырушы және нұрлы шырақ етіп жібердік. Мүминдерді Аллаһтан ұлы игілік бар екендігімен сүйіншіле. Кәпірлер мен екіжүзділерге бойсұнба, олардың көрсеткен жәбірлерін елеме және Аллаһқа тәуекел ет. Аллаһ Қамқоршы ретінде жеткілікті!**» («әл-Әхзәб» сүресі, 45–48 — аяттар).

Сондай-ақ Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Елшісіне ﷺ былай деген:

﴿قُلۡ هَٰذِهِۦ سَبِيلِيٓ أَدۡعُوٓاْ إِلَى ٱللَّهِۚ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا۠ وَمَنِ ٱتَّبَعَنِيۖ وَسُبۡحَٰنَ ٱللَّهِ وَمَآ أَنَا۠ مِنَ ٱلۡمُشۡرِكِينَ ١٠٨﴾

«**(Мухаммад): «Менің жолым осы. Мен және маған ергендер білімге негізделіп Аллаһқа шақырымыз. Аллаһ Пәк! Әрі мен мүшриктерден емеспін», — деп айт**» («Юсуф» сүресі, 108-аят).

Аллаһтың құлдары! Осы аяттар мен бұған дейін келтірілген екі хадистен Аллаһқа шақырушы өз шақыруында міндетті түрде ұстануға тиіс алтын қағидалар айқын болады. Оларды ұстанған адам өз мақсатына жетеді және адамдар оның шақыруынан пайда алады. Ал осы қағидаларға қайшы әрекет еткен адам сәтсіздікке ұшырайды әрі бұл шақыруы оны Аллаһ Тағаладан тек алыстата түседі.

Бірінші қағида: дінге шақырушы адам басқаларды Аллаһқа Құраннан, Сүннеттен және осы үмметтің сәләфтарының (алдыңғы буындар-

дың) мәнһәжіннен алынған білімге негізделіп шақырады. Ол партияға, одаққа немесе өз тобына емес, Аллаһқа шақырады.

Бұл қағида Аллаһ Тағаланың:

﴿قُلْ هَٰذِهِۦ سَبِيلِىٓ أَدْعُوٓا۟ إِلَى ٱللَّهِ ۚ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا۠ وَمَنِ ٱتَّبَعَنِى ۖ وَسُبْحَٰنَ ٱللَّهِ وَمَآ أَنَا۠ مِنَ ٱلْمُشْرِكِينَ ﴿١٠٨﴾﴾

«**(Мухаммад): «Менің жолым осы. Мен және маған ергендер білімге негізделіп Аллаһқа шақырымыз», — деп айт**», — деген сөздерінен алынады.

Сондай-ақ бұл қағида Пайғамбарымыздың ﷺ Муғәз ибн Жәбәлді жіберген ісінен де алынады. Өздеріңіз білгендей, Муғәз — үмметтегі хәләл мен харамды және Аллаһ Тағаланың Кітабын ең жақсы білетіндердің бірі еді.

Егер біреу адамдарды Аллаһқа шақыратын болса, оның Құран мен Сүннет жайында білімі болуы міндетті. Өйткені адам өзінде жоқ нәрсені өзгеге бере алмайды. Адамдарды білімсіз шақыратын адам өзін дұрыс істеп жүрмін деп ойлағанымен, түзеткенінен гөрі көбірек зиян келтіреді. Мұндай шақыру оны Аллаһтан тек алыстата түседі.

Екінші қағида: Аллаһқа шақырушы өзі шақыратын адамдар туралы білуі керек.

Бұл Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Расында, сен Кітап иелерінен болған адамдарға барасың***», — деген сөздерінен түсініледі. Сондықтан Муғәз Кітап иелерімен ең жақсы түрде пікірталас жүргізу үшін олармен кездесуге дайындалды.

Үшінші қағида: Аллаһқа шақырушы адам өз шақыруын бірқұдайшылықтан (таухидтен) бастауы қажет.

Бұл Пайғамбарымыздың ﷺ Муғәзға (Аллаһ оған разы болсын) айтқан: «***…Оларға барғаныңда, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік беруге шақыр***», — деген сөздерінен түсініледі.

Сондай-ақ басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз ﷺ: «***Оларды шақыратын алғашқы нәрсе — Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад — Аллаһтың Елшісі деген куәлік болсын***», — деген.

Бұл — барлық пайғамбарлардың шақыруы. Өз халқына келген әрбір пайғамбар өз шақыруын міндетті түрде: «Уа, халқым! Аллаһқа құлшылық етіңдер. Өйткені сендер үшін Одан басқа құдай жоқ», — деген сөздерден бастаған. Біздің Елшіміз ﷺ де он үш жыл бойы өз халқын жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақырған.

Төртінші қағида: адамдарға жеңілдету.

Бұл Пайғамбарыздың ﷺ Абу Муса әл-Әшғәриге және Муғәз ибн Жәбәлге айтқан: «***Жеңілдетіңдер және қиындық тудырмаңдар***», — деген сөзінен түсініледі.

Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ: «**Аллаһ сендерге жеңілдік қалайды және қиындық қаламайды**», — деген. Сондай-ақ Аллаһ Тағала: «**Әрі Ол сендерге дінде ешбір қиындық жасамады**», — деген.

Бесінші қағида: қуанту және бездірмеу.

Бұл Пайғамбарымыздың ﷺ Абу Муса әл-Әшғәриге және Муғәз ибн Жәбәлге айтқан: «***Адамдарды ізгі хабарлармен қуантыңдар, Исламнан бездірмеңдер***», — деген сөзінен түсініледі. Сондай-ақ бұл Аллаһ Тағаланың: «**Мүминдерге өздері үшін Аллаһтың алдында ұлы рахым бар екендігін сүйіншіле**», — деген сөзінен де түсініледі.

Дінге шақырушылар адамдарды Аллаһтың олардың барлық күнәларын кешіретінімен, тәубе еткен адамның тәубесін қабылдайтынымен және болашақтың осы ұлы дінде екендігімен сүйіншілеуі тиіс.

Алтыншы қағида: бірлік, берік ұстану және келіспеушіліктің болмауы.

Бұл Пайғамбардың ﷺ Абу Муса әл-Әшғәриге және Муғәз ибн Жәбәлге айтқан: «***Өзара келісімде болыңдар және бір-біріңе қайшы келмеңдер***», — деген сөздерінде көрініс табады.

Расында, барлық жақсылық бірлікте, ал барлық жамандық келіспеушіліктердің салдарынан болады.

Бесіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ оны мақтауы.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Абу Бакр неткен жақсы адам! Умар неткен жақсы адам! Абу Убәйда ибн әл-Жәррах неткен жақсы адам! Муғәз ибн Жәбәл неткен жақсы адам!***», — дегені жеткізіледі[1].

Алтыншысы: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — оның Пайғамбарымызға ﷺ жақын болуы және онымен көрші болуы.

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Біз Муғәз ибн Жәбәлға келіп: «Бізге Аллаһ Елшісінің ﷺ ерекше ха-*

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/459); «Мустәдрак» әл-Хәким, (3/259); «Мәуәрид әз-зәмған», (547-бет); әт-Тирмизи, (3795); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/350); «Муснад» имам Ахмад, (2/419); «әл-Әдәб әл-Муфрад» әл-Бухари, (337); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиде» сенімді деп атаған.

*дистерінен бір нәрсе айтып берші», — дедік. Ол: «Жарайды. Мен Пайғамбардың ﷺ артында есекке мінгесіп отырғанымда, ол ﷺ маған: «**Уа, Муғәз ибн Жәбәл!**», — деп үн қатты. Мен: «Сіздің алдыңыздамын, уа, Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Муғәз! Аллаһтың Өз құлдарындағы хаққысы қандай екенін білесің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі!», — деп жауап бердім дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Аллаһтың Өз құлдарындағы хаққысы — олардың жалғыз Оған құлшылық етіп, Оған ешнәрсені серік қоспауы**», — деді. Содан кейін Пайғамбар ﷺ: «**Уа, Муғәз!**», — деді. Мен: «Алдыңыздамын, уа, Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Егер олар осыны орындаса, құлдардың Аллаһтағы хаққысы қандай екенін білесің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі!», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оларды азапқа салмауы**», — деп жауап берді», — деген еді»*[1].

Аллаһтың құлдары! Егер адамдар Раббыларына құлшылық етіп, оған серік қоспаса, Аллаһ Тағала оларды Қиямет күні азапқа салмайды және Жәннатқа кіргізеді.

Ал егер олар ширкке түссе, Аллаһ Тағала мүшриктерді ешқашан кешірмейді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ ٱللَّهَ لَا يَغۡفِرُ أَن يُشۡرَكَ بِهِۦ وَيَغۡفِرُ مَا دُونَ ذَٰلِكَ لِمَن يَشَآءُۚ﴾

«**Расында, Аллаһ өзіне серік қосылуын кешірмейді, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды**» («ән-Нисә сүресі, 48-аят).

Аллаһ Тағала қудси хадисте былай деген: «***Уа, Адам баласы! Маған жалбарынуды және Менен үміт етуді тоқтатпайынша, қандай күнәлар жасағаныңа қарамастан, Мен сені кешіре беремін! Уа, Адам баласы! Егер күнәларың аспан бұлттарына жететіндей көп болса да, содан кейін Менен кешірім сұрасаң, Мен сені кешіремін! Уа, Адам баласы! Расында, егер Маған жер бетін түгелге дерлік толтыратын күнәлармен келсең, бірақ Менімен қатар өзге ешнәрсеге құлшылық етпеген күйде Менімен кездессең, Мен саған міндетті түрде сол күнәлардың барлығын қамтитын кешірім беремін!***»[2].

Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен ﷺ ең жақсы иман туралы сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ең жақсы иман — Аллаһ үшін***

---

1 Имам Ахмад, 21993; Әл-Бухари, 2856; Муслим, 30.

2 Әт-Тирмизи, (3540); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахиха», (127/128), «әр-Рәудат ән-надыр», (432) және «әт-Тәғлиқ әр-рағибте», (2/268) сенімді деп атаған.

жақсы көруің, Аллаһ үшін жек көруің және тіліңнің Аллаһты еске алумен (зікірмен) айналысуы», — деп жауап берді. Муғәз: «*Тағы не? Уа, Аллаһтың Елшісі?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сондай-ақ адамдарға өзіңе қалаған нәрсені қалауың, өзіңе қаламаған нәрсені оларға да қаламауың және жақсы сөз айтуың немесе үндемеуің***», — деп жауап берді[1].

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өзіңнің дініңе көркем түрде қайтар.

Муғәз ибн Жәбәлдің насихаттары

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында Мухаммад ﷺ **пен оның сахабаларын мақтап былай деген:**

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلْأَوَّلُونَ مِنَ ٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحْسَٰنٍ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا۟ عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّٰتٍ تَجْرِى تَحْتَهَا ٱلْأَنْهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدًا ۚ ذَٰلِكَ ٱلْفَوْزُ ٱلْعَظِيمُ ١٠٠﴾

«Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

﴿مُّحَمَّدٌ رَّسُولُ ٱللَّهِ ۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلْكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيْنَهُمْ ۖ تَرَىٰهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا ۖ سِيمَاهُمْ فِى وُجُوهِهِم مِّنْ أَثَرِ ٱلسُّجُودِ ۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمْ فِى ٱلتَّوْرَىٰةِ ۚ وَمَثَلُهُمْ فِى ٱلْإِنجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسْتَغْلَظَ فَٱسْتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعْجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلْكُفَّارَ ۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنْهُم مَّغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا ٢٩﴾

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят)**.**

---

[1] «Мәжмуғ әз-зәуәид», (1/61); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (20/191); «Муснад» имам Ахмад, (5/247); Хадис оны қуаттайтын басқа да хадистерге байланысты сенімді.

Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабалары — Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дінін орнату үшін таңдаған адамдар. Оларды мүминдер ғана жақсы көреді және екіжүзді бидғатшы ғана жек көреді.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әһлу ас-сунна уә әл-жәмағаның сенімі жайында былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз. Олардың ешқайсысына деген сүйіспеншілікте шектен шықпаймыз әрі ешқайсысынан бас тартпаймыз. Біз оларды жек көретін және оларды жамандықпен еске алатын адамдарды жек көреміз. Біз оларды тек жақсылықпен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық*»

Аллаһтың құлдары! Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) — ұлы, ардақты сахабалардың бірі.

Пайғамбарымыз ﷺ ол туралы: «***…Олардың ішінде хәләл мен харамды ең жақсы білетіні — Муғаз ибн Жәбәл***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Құран оқуды төрт адамнан үйреніңдер***», — деп, солардың арасында Муғаз ибн Жәбәлді атаған.

Пайғамбарымыз ﷺ ол туралы: «***Муғәз ибн Жәбәл неткен жақсы адам!***», — деген. Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын): «*Расында, Муғәз ибн Жәбәл үммет (имам), Аллаһқа қанит (бойсұнушы) еді*», — деген.

Үммет (имам) — адамдарға жақсылықты үйретуші.

Аллаһтың құлдары! Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) Қиямет күні ғалымдардан бір қадам алда келеді.

Аллаһтың құлдары! Бұл тарауда, Аллаһ қаласа, оның насихаттары туралы сөз қозғайтын боламыз.

Бірінші насихат: Бұл үмметтегі хәләл мен харам жайлы ең жақсы білетін Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) — адамдарды шариғи білім үйренуге білім мәжілістеріне қатысуға және білімге сай амал етуге үндеген

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Білім алыңдар. Расында, білім алу — Аллаһтан қорқу. Оны талап ету — құлшылық. Оны қайталау — тәсбих. Оны іздеу — жиһад. Оны білмейтіндерге үйрету — садақа. Оны өзіне лайық адамдарға жұмсау — Аллаһқа жақындау. Өйткені білім — харам мен хәләлді ажырататын көрсеткіш, Жәннат тұрғындарының шамшырағы, жалғыздықтағы жолдас, жат жердегі серік, оңашалықтағы сұхбаттас, бақыт пен бақытсыздықтың не екенін көрсетуші, дұшпандарға қарсы қару, достар арасындағы көрік. Аллаһ Тағала білім арқылы халықтарды көтеріп, оларды игілікте бас-*

шылар әрі жетекшілер етеді. Оларды адамдарға үлгі, имам етеді. Адамдар олардың ізінен еріп, істеріне ілеседі және пікірлерін ұстанады. Періштелер олармен достасуды қалайды және оларға қанаттарын тигізеді. Жанды да, жансыз да, тіпті теңіздегі киттер мен ондағы барлық жаратылыстар да олар үшін кешірім тілейді. Құрлықтағы барлық аңдар да олар үшін кешірім тілейді. Өйткені білім — жүрек өмірі. Ол жүректерді надандықтан тірілтеді әрі қараңғылықта көздерге жарық беретін шырақ болады. Адам білім арқылы ең жақсы адамдардың дәрежесіне жетеді. Бұл дүниеде де, Ақыретте де ең жоғары сатыларға көтеріледі. Білім туралы ойлану ораза ұстаумен теңестіріледі. Оны үйрену түнгі намазға тұрумен теңестіріледі. Білім арқылы туыстық байланыстар сақталып, хәләл мен харам танылады. Білім — амал етушілердің имамы, ал амалдар білімге ереді. Білім бақыттылардың бойына дарытылады, ал бақытсыздар одан мақұрым қалады»[1].

Басқа жерде Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын): «*Расында, білім мен иман Қиямет күніне дейін бірге жүреді. Оларды екеуіне ұмтылған адам табады*», — деген[2].

Сондай-ақ Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Қалаған білімдеріңді алыңдар. Бірақ сендер амал ете бастамайынша, Аллаһ білімдерің үшін сауап бермейді*»[3].

Аллаһтың құлдары! Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) шариғи білім үйренуге және білім мәжілістеріне қатысуға үндейтін осы насихатын Аллаһтың Кітабынан және Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетінен алған. Бұл насихаттардан бізге мына нәрселер айқын болады:

Біріншіден: шариғи білім мен білім мәжілістерінің артықшылығы.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Білім алу — әрбір мұсылман үшін парыз***», — деген[4].

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінде түсінік нәсіп етеді***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Бұл дүние лағынеттелген және Аллаһты еске алу, бұған көмек беретін нәрселер, білім***

1 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/188).

2 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/183).

3 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/185).

4 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (1/119); «Масобих әз-зужәж», (1/30); «Ибн Мәжаһ», (224); «әл-Муғжәм әл-әусәт», (1/8); Шейх әл-Әлбәни Ибн Мәжаһқа жазған ескертпелерінде хадисті сенімді деп атаған.

иесі және білім алушыдан басқа оның ішіндегінің барлық нәрсе лағынеттелген».

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кімде-кім білім алуды қалап жолға шықса, Аллаһ оған Жәннатқа апаратын жолдардың бірін жеңілдетеді. Расында, періштелер білім іздеушінің ісіне разы болып, оның үстіне міндетті түрде қанаттарын жаяды. Расында, ғалым үшін көктер мен жердің тұрғындары, тіпті судағы балықтар да кешірім тілейді! Білім иесінің жәй ғана құлшылық етушіден артықшылығы — толған ай түніндегі айдың өзге аспан шырақтарынан артықшылығы секілді. Расында, білім иелері — пайғамбарлардың мұрагерлері. Пайғамбарлар мұраға динар да, дирхам да қалдырмайды. Олар мұраға білім қалдырған. Ал кім сол білімді алса, зор үлеске ие болды***».

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Адамдар Аллаһтың үйлерінің бірінде (мешітте) жиналып, Аллаһтың Кітабын оқып, оны үйренсе, оларға міндетті түрде тыныштық (сәкина) түседі, оларды рахым бүркейді, періштелер қоршайды және Аллаһ оларды Өзінің алдында болғандардың арасында еске алады***» (Муслим, 2699).

Лұқман ұлына насихат айтып, былай деген: «*Уа, ұлым! Мәжілістерді көзіңмен таңда. Егер Аллаһты еске алатын (яғни білім алып жатқан) адамдарды тапсаң, солармен бірге отыр. Егер білімді болсаң, білімің саған көмектеседі. Ал егер білімсіз болсаң, олар саған үйретеді. Бәлкім, Аллаһ оларға рахымымен қарап, сол рахымы олармен бірге саған да тиер. Ал егер Аллаһ Тағаланы еске алмайтын (яғни білім алмайтын) адамдарды көрсең, олармен бірге отырма. Өйткені білімді болсаң, білімің саған пайда бермейді. Ал білімсіз болсаң, олар сенің адасушылығыңды күшейтеді. Бәлкім, Аллаһ оларға азап түсіріп, ол саған да тиер*»[1].

Екіншіден: мұсылман бұл дүниеде шариғи білімге ас пен сусыннан да көбірек мұқтаж.

Расында, адам ас пен сусынға күніне бір немесе екі рет мұқтаж болады. Алайда шариғи білімге әрбір дем алған сайын мұқтаж.

Аллаһтың құлдары! Аллаһ топырақтан жаратқан әрі топыраққа қайтатын осы тән тамақ пен су арқылы қоректенеді. Ал жан мен жүректің тіршілігі — шариғи білім. Адам білім алса, жүрегі мен жаны тіріледі. Ал білімсіз болса, тірілердің арасында жүрсе де, жүрегі мен жаны өлі болады. Сондықтан Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыз Елшімізге ﷺ мал-мүлкінің немесе абыройының артуын сұрауды бұйырмай, шариғи білімінің артуын сұрауды бұйырды.

[1] «Сунан» әд-Дәрими, (1/118); «Хилият әл-әулия», (9/55).

Аллаһ Тағала Өз Елшісіне ﷺ былай деген:

﴿وَقُل رَّبِّ زِدْنِي عِلْمًا ﴿١١٤﴾﴾

«**Және: «Раббым! Білімімді арттыр», — де**» («Та һа» сүресі, 114-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ күн сайын таң намазынан кейін Раббысынан: «***Уа, Аллаһ! Расында, Сенен пайдалы білім, қабыл етілетін амалдар және игі ризық сұраймын***», — деп сұрайтын[1].

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Елшісіне ﷺ білім нығметін сыйлап, оған мейірім көрсетті. Өйткені білім — ең ұлы нығметтердің бірі.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَنزَلَ ٱللَّهُ عَلَيْكَ ٱلْكِتَٰبَ وَٱلْحِكْمَةَ وَعَلَّمَكَ مَا لَمْ تَكُن تَعْلَمُ ۚ وَكَانَ فَضْلُ ٱللَّهِ عَلَيْكَ عَظِيمًا ﴿١١٣﴾﴾

«**Аллаһ саған Кітап пен даналық түсірді және білмегеніңді үйретті. Аллаһтың саған берген нығметі ұлы!**» («ән-Ниса» сүресі, 113-аят).

Үшіншіден: шариғи білім алуға ұмтылу мал-мүлік иеленуге ұмтылудан жақсырақ.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ٱلْمَالُ وَٱلْبَنُونَ زِينَةُ ٱلْحَيَوٰةِ ٱلدُّنْيَا ۖ وَٱلْبَٰقِيَٰتُ ٱلصَّٰلِحَٰتُ خَيْرٌ عِندَ رَبِّكَ ثَوَابًا وَخَيْرٌ أَمَلًا ﴿٤٦﴾﴾

«**Мал-мүлік пен балалар — дүние тіршілігінің сәні. Ал мәңгі қалатын ізгі амалдар**», — ал мұндай амалдар білімсіз болмайды — «**Раббыңның қасында сыйы жағынан жақсырақ әрі оларға үміт артқан жақсырақ**» («әл-Кәһф» сүресі, 46-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ендеше әрқайсың таңертең мешітке бармайсыңдар ма? Онда адам Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтың Кітабынан екі аят үйрене (немесе оқи) алады. Бұл оған екі ингеннен жақсырақ болады. Үш аят үш ингеннен, төрт аят төрт ингеннен, ал аяттардың кез келген саны дәл сонша ингеннен жақсырақ болады***» (Муслим, 803).

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Білім мал-мүліктен жақсырақ. Білім сені қорғайды, ал мал-мүлікті өзің қорғайсың. Білім — төреші, ал мал-мүлікке қатысты үкім шығарылады. Мал-мүлікті жұмсау оны азайтады, ал білімді жұмсау оны көбейтеді*»[2].

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (6/294).

2 «Файд әл-қадир», (6/295); «Хилият әл-әулия», (1/80).

Сәләфтардан болғандар былай деген: «*Дүниені қаласаң, білім ал. Ақыретті қаласаң да, білім ал. Дүниені де, Ақыретті де қаласаң, білім ал*».

Бір ақын былай деген:

Мәңгілікке арналған үлесіңді арттыр,

Аллаһтың алдында тұрып, ең жақсы азық жина.

Дүниелік байлықты көп жинама —

Өйткені байлық тек жоғалу үшін жиналады.

Серік болуға разы болар ма едің адамдарға,

Оларда азық бар, сенде — жоқ болса?

Аллаһтың құлдары! Шариғи біліммен бірге болған мал-мүлік — өз иелері үшін ұлы нығмет. Бұл нығмет өз иесін жоғары дәрежелерге көтереді. Ал білімсіздікпен бірге болған мал-мүлік — өз иесі үшін бәле. Оның дәрежесі мүлкі мен білімсіздігінің кесірінен төмендейді.

Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына былай деген еді: «***…Сендерге тағы бір хадис айтамын, оны есте сақтаңдар! Дүниелік игіліктер адамдардың төрт тобына беріледі:***

Біріншісі — Аллаһ байлық пен білім берген құл. Ол осы нәрселерде Раббысының азабынан сақтанады, сол арқылы туыстық байланыстарды сақтайды және Аллаһтың осы байлық пен білімдегі хаққысын мойындайды. Мұндай құл ең жақсы дәрежеге ие болады.

Екіншісі — Аллаһ білім берген, бірақ байлық бермеген құл. Алайда ол шын ықыласпен: «Егер менде байлық болса, міндетті түрде бірінші адам секілді әрекет етер едім», — деп айтады. Оның осы шынайы ниеті себепті екеуінің сауабы бірдей болады.

Үшіншісі — Аллаһ байлық берген, бірақ білім бермеген құл. Ол байлығын ешбір білімге сүйенбестен жұмсайды, өз байлығына қатысты Раббысының азабынан сақтанбайды, сол арқылы туыстық байланыстарды сақтамайды және Аллаһтың осы байлықтағы хаққысын мойындамайды. Мұндай құл ең нашар дәрежеде болады.

Төртіншісі — Аллаһ байлық та, білім де бермеген құл. Бірақ ол: «Егер менде байлық болса, міндетті түрде пәлен (яғни үшінші адам) секілді әрекет етер едім», — дейді. Оған ниетіне қарай беріледі және осы екеуінің күнәсі бірдей болады»[1].

[1] «Әт-Тирмизи», (2325); «Муснад» имам Ахмад, (3/231); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (22/345); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Төртіншіден: шариғи білім үйрену — Аллаһ жолындағы жиһад.

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ шариғи білім үйренуді және оны үйрену үшін жолға шығуды дұшпанмен кездесуге аттану секілді жорыққа шығу деп атаған.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تُطِعِ ٱلۡكَٰفِرِينَ وَجَٰهِدۡهُم بِهِۦ جِهَادٗا كَبِيرٗا ٥٢﴾

«**(Мухаммад) енді кәпірлерге бағынба! Олармен Құран арқылы ұлы күрес жаса!**» («әл-Фурқан» сүресі, 52-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мүшриктерге қарсы мал-мүліктеріңмен, жандарыңмен және тілдеріңмен жиһад жасаңдар***», — деген.

Тілмен жасалатын жиһадтың оларға дәлелді жеткізу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ол тек шариғи білімнің көмегімен ғана орын алады.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кім менің осы мешітіме келсе және оның келудегі жалғыз мақсаты жақсылық үйрену немесе оны үйрету болса, сол Аллаһ жолындағы мужаһид секілді болады***»[1].

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын): «*Таңертең немесе кешке білім алу үшін шығуды жиһад емес деп санайтын адамның ақылы мен пайымында кемшілік бар*», — деген.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Мешіт салып, онда Құран, фиқһ және Сүннет үйрететін адам ең жақсы жиһад жасайды*».

Бесіншіден: шариғи білім өз иесін Аллаһ Тағаладан қорқуға жеткізеді.

Аллаһ Тағала:

﴿وَمِنَ ٱلنَّاسِ وَٱلدَّوَآبِّ وَٱلۡأَنۡعَٰمِ مُخۡتَلِفٌ أَلۡوَٰنُهُۥ كَذَٰلِكَۗ إِنَّمَا يَخۡشَى ٱللَّهَ مِنۡ عِبَادِهِ ٱلۡعُلَمَٰٓؤُاْۗ إِنَّ ٱللَّهَ عَزِيزٌ غَفُورٞ ٢٨﴾

«**Аллаһтан Оның құлдарының ішінде тек білім иелері ғана қорқады**», — деген («Фатыр» сүресі, 28-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلۡ ءَامِنُواْ بِهِۦٓ أَوۡ لَا تُؤۡمِنُوٓاْۚ إِنَّ ٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡعِلۡمَ مِن قَبۡلِهِۦٓ إِذَا يُتۡلَىٰ عَلَيۡهِمۡ يَخِرُّونَ لِلۡأَذۡقَانِ سُجَّدٗا ١٠٧ وَيَقُولُونَ سُبۡحَٰنَ رَبِّنَآ إِن كَانَ وَعۡدُ رَبِّنَا لَمَفۡعُولٗا ١٠٨ وَيَخِرُّونَ لِلۡأَذۡقَانِ يَبۡكُونَ وَيَزِيدُهُمۡ خُشُوعًا ١٠٩﴾

[1] Ибн Мәжаһ, (227); «Масобих әз-зужәж», (1/31); «Муснад» имам Ахмад, (2/418); «Муснад» Абу Яғлә, (11/359); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһта» сенімді деп атаған.

«**(Мухаммад): «Құранға иман келтіріңдер немесе иман келтірмеңдер!», — де. Расында, ол (Құран) бұған дейін білім берілгендерге оқылғанда, олар етпеттерінен сәждеге жығылады. Олар: «Раббымызды пәктейміз! Раббымыздың уәдесі міндетті түрде орындалады!», — дейді. Олар жылап, етпеттерінен түседі. Бұл олардың ықыласын арттырады**» («әл-Исра» сүресі, 107–109-аяттар).

Білімді адам бұл дүниеден кетіп, Раббысына қайтатынын, Аллаһтың алдында тұратынын және кіші де, үлкен де нәрселердің барлығы туралы сұралатынын біледі. Ал надан адам нәпсі қалаулары мен ләззаттардан басқа ештеңе білмейді. Ол өзіне өлім келгенде ғана оянады. Содан кейін өкініш пайда бермейтін кезде өкіне бастайды.

Алтыншыдан: шариғи білім өз иесінің бұл дүниедегі және Ақыреттегі дәрежесін көтереді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَرۡفَعِ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ مِنكُمۡ وَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡعِلۡمَ دَرَجَٰتٖۚ﴾

«**Аллаһ араларыңдағы иман келтіргендердің және білім бергендердің дәрежелерін көтереді**» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 11-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Аллаһ мүминдердің ішіндегі білім берілгендердің дәрежесін білім берілмегендерден жоғары көтереді*».

Аллаһтың құлдары! Ең жақсы білім — Аллаһтың Сөздері.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Араларыңдағы ең жақсыларың — Құранды үйреніп, оны өзгелерге үйрететін адам***» (әл-Бухари, 4739).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, Аллаһ осы Кітап арқылы бір адамдарды жоғарылатады, ал басқаларын төмендетеді***», — деген (Муслим, 817).

Бұл жоғарылау осы дүниеде де, қабірде де, Қиямет күні де болады.

Бұл дүниеге келсек, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Адамдарға Аллаһтың Кітабын өзгелерден көбірек оқитын адам имам болсын***», — деген (Муслим, 673). Бұл — дүние тіршілігінде жоғары болу.

Ал қабірге келсек, Ухуд шайқасында қаза тапқандар көп, ал кебін маталары аз болғандықтан, адамдар бір қабірге екіден, үштен жерленді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Олардың ішінде Құранды көбірек білетінін қабірге бірінші салыңдар***», — деген[1]. Бұл — Құранды білушінің тіпті қабірде де дәрежесінің көтерілуі.

[1] Бұл негізгі бөлігі «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/519) жинағында келген хадистің бір бөлігі; «әл-Әхадис әл-мухтара», (7/177); «Сунан» әл-Бәйхәқи, (4/10); «Муснад»

Ақыретке келсек, Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Құран білушіге: «Оқы, көтеріле бер және бұл дүниеде оқығаныңдай сөздерді анықтап оқы. Расында, сенің орның соңғы оқыған аятыңа сәйкес болады», — деп айтылады***»[1].

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыз білім иелері мен өзгелерді тең етпеді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ هَلْ يَسْتَوِي ٱلَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَٱلَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ ۗ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُو۟لُوا۟ ٱلْأَلْبَٰبِ ۝٩﴾

«**Оларға: «Білгендер мен білмегендер тең болады ма?», — де. Расында, үгітті ақыл иелері ғана ала алады**» («әз-Зумәр» сүресі, 9-аят).

Екінші насихат: оның құлшылықта орталықты ұстануды бұйыруы.

Бір адам Муғәз ибн Жәбәлге (Аллаһ оған разы болсын): «Мені үйрет», — деді. Ол: «*Маған бойсұнасың ба?*», — деп сұрады. Әлгі адам: «Расында, мен саған бойсұнуға ұмтыламын», — деп жауап берді. Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) оған: «*Ораза ұста әрі ауызыңды аш, намаз оқы әрі ұйықта, табыс тап және күнә жасама, мұсылман күйіңде ғана қайтыс бол және жәбірленушінің дұғасынан сақтан*», — деді[2].

Аллаһтың құлдары! Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) бұл насихатты Аллаһ Елшісінің ﷺ істері мен сөздерінен алған: «*Бірде Пайғамбардың ﷺ әйелдерінің үйлеріне үш адам келіп, Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһқа қалай құлшылық ететінін сұрай бастады. Оларға бұл туралы айтылғанда, олар, шамасы, мұны онша көп емес деп санап: «Біз Пайғамбарымыздан ﷺ қаншалықты арттамыз… Оның бұрынғы да, кейінгі де күнәлары кешірілген ғой!», — деді. Содан кейін олардың бірі: «Мен түні бойы намаз оқимын», — деді. Екіншісі: «Ал мен үздіксіз ораза ұстаймын», — деді. Үшіншісі: «Ал мен әйелдерден аулақ болып, ешқашан үйленбеймін», — деді. Біраз уақыттан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың қасына келіп: «**Пәлен сөздерді айтқан сендер ме? Аллаһпен ант етемін! Мен Аллаһтан сендерден көбірек сескенемін және Одан сендерден көбірек қорқамын. Алайда кейбір күндері ораза ұстаймын, ал басқа күндері ұстамаймын. Түнде намаз оқимын және ұйықтаймын, сондай-ақ әйелдерге үйленемін. Ал менің Сүннетіме еруді қаламайтын адамның маған қатысы жоқ!**», — деді*» (Әл-Бухари, 4776).

Абу Яғлә, (6/265).

[1] «Сахиха» Ибн Хиббән, (3/43); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/739); «Мәуәрид әз-зәмған», (442-бет); әт-Тирмизи, (2914); Абу Дауд, (1464); Шейх әл-Әлбәни ол жайлы «Сунан» Абу Даудта: «Хадис хасан-сахих», — деген және оны «әс-Сахихада», (2240) келтірген.

[2] «Сәфуәт әс-сәфуа», (1/496).

Сондай-ақ Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) әлгі адамды жәбірленушінің дұғасынан сақтандырды.

Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ оны Йеменге жібергенде: «***Жәбірленушінің дұғасынан қорық. Расында, оның дұғасы мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ***», — деген еді.

Үшінші насихат: оның (Аллаһ оған разы болсын) өлім аузындағы үміті.

Муғәзға (Аллаһ оған разы болсын) өлім келгенде, ол былай деген: «*Уа, Аллаһ! Расында, мен Сенен қорқатынмын және бүгін Сенен үміт етемін. Уа, Аллаһ! Расында, Сен менің бұл дүниені және онда ұзақ қалуды өзен арналарын қазып, бақтар өсірумен айналысу үшін жақсы көрмегенімді білесің. Мен мұны тек аптап ыстық күндерде шөлдеу үшін және Аллаһты еске алу мәжілістерінде тізерлеп отырып, ғалымдардың қасында болудың қиындықтарын еңсеру үшін ғана жақсы көрдім*»[1].

Ал бізге келсек, уа, Аллаһтың құлдары, біз дүние-мүлік жинап, лауазымдарға жету үшін өмір сүруді қалаймыз. Содан кейін бізге өлім келеді. Аллаһқа қатысты немқұрайдылық танытқан біз өкініш пайда бермейтін кезде өкінеміз. Уа, адамдар! Білім мәжілістеріне және сабақтарға бет алыңдар.

Уа, Аллаһ! Бізге Өз дініңді түсінуді нәсіп ете гөр!

1 «Ихия ғулум әд-дин», (6/115).

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабаларының жолымен жүрген адам бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Муһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астары-**

нан өзендер ағатын Жәннәт әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді. Бір топтан басқасының барлығы Тозақта болады***». Адамдар ﷺ: «Ол қандай топ, уа, Аллаһтың Елшісі?», — деп сұрады. Ол: «***Бүгін мен және менің сахабаларым ұстанған жолды ұстанатын топ***», — деп жауап берді.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендердің қайсыларың біреуге ілесуді қаласа, қайтыс болғандарға ілессін. Өйткені тірі адам фитнадан (бүліктерден) аман екендігіне кепіл емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Бұл үмметтің ішінде жүректері ең тақуа болғандар, білімдері ең терең болғандар және пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әуре еткендер — солар. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Олардың артықшылығын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінездері мен дінін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды*».

Мухаммадтың ﷺ сахабаларын жек көретін, балағаттайтын немесе олардың жолынан өзге жолды ұстанатын адам бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят)**.**

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің сахабаларымды балағаттаған адамға Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болады***».

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі кездесуіміз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі туралы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Сіздер ол жайлы білесіздер ме? Ол — Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын). Ол — имам, адамдарға үлгі, осы үмметтің данасы (хәким әл-умма), Дамаскідегі Құран оқушылардың мырзасы болған.

Аллаһ Елшісінің ﷺ бұл сахабасы Пайғамбарымыздың ﷺ заманында Құранды жинаған төрт адамның бірі еді. Ол хәзрәж тайпасынан шыққан ансар болатын.

Аллаһтың құлдары! Бүгін Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгімеміз оның артықшылықтарына, өміріндегі айтулы жайттарға және насихаттарына арналады.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары жайлы айтсақ, олар өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: ол Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде Құранды толық жинаған (білген) төрт адамның бірі.

Әнас ибн Мәлик, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: «*Пайғамбар ﷺ қайтыс болған кезде Құранды жинағандар тек төрт адам еді: Абу Дарда, Муғәз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит және Абу Зәйд*» (әл-Бухари, 4718).

Екіншісі: оның Пайғамбарға ﷺ жақындығы және одан білім үйренуге ұмтылуы.

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде Рамазан айында біз Пайғамбармен ﷺ бірге жолға шықтық. Күннің ыстығы соншалық, адамдар қатты ыстықтан басын қолымен жабуға мәжбүр болатын. Арамызда Пайғамбар ﷺ мен Ибн Рәуәхадан басқа ораза ұстаған ешкім жоқ еді*» (әл-Бухари, 1843; Муслим, 1122).

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сүйіктім Абул-Қасим ﷺ маған мен оларды ешқашан қалдырмайтын үш амалды өсиет етті. Ол ﷺ маған әр айда үш күн ораза ұстауды, үтір намазын оқығаннан кейін ғана ұйықтауды және духа намазын оқуды өсиет етті*»[1].

Сондай-ақ Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Абу Дарда! Байқа, жұмаға қараған түнді түнгі намазға (қиям әл-ләйлге) арнайы бөлме, оны басқа түндерде оқы. Жұма күнін де өзге күндерден бөліп, ораза ұстауға арнайы таңдама**», — деген*»[2].

Соған қарамастан, жұмаға қараған түнді түнгі намаз оқу үшін арнайы таңдайтын және аптаның басқа күндері ораза ұстамай, жұма күнін ғана оразаға арнайтын көптеген адамдарды көруге болмайды. Алайда мұндай істің шариғатта рұқсат етілмегенін біліңіздер.

Үшіншісі: оның дінді түсінуі және адамдарға жақсылықты үйретуге ұмтылуы.

---

1 Хадистің негізі имам Муслимде келітірілген, (722).

2 «Муснад» имам Ахмад, (6/444); Хадис оны қуаттайтын басқа да хадистер бар себепті сенімді болып табылады. «Әл-мәусуғат әл-хадисия».

Абу Абдуррахман әс-Суләми былай деген: «*Арамызда бір адам бар еді. Анасы ол үйленгенше: «Үйлен», — деп айта беруді тоқтатпады. Кейін анасы оған әйелімен ажырасуды бұйырды. Сонда ол Шамдағы Абу Дардаға барып: «Расында, анам менің үйленуімді талап еткен еді. Енді үйленгенімнен кейін ажырасуымды талап етіп отыр», — деді. Абу Дарда оған: «Мен саған ажырасуды немесе әйеліңді ұстап қалуды бұйыратын адам да емеспін. Мен тек Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Ата-ана — Жәннаттың ең жақсы қақпасы**», — дегенін естідім. Сондықтан қаласаң, осы қақпадан айырыл, қаласаң, осы қақпаны сақта», — деді. Сонда әлгі адам қайтып барып, әйелімен ажырасты*»[1].

Мәғдан ибн Абу Талха әл-Яғмәридің былай дегені жеткізіледі: «*Абу Дарда менен: «Қайда тұрасың?», — деп сұрады. Мен Химске жақын бір ауылда тұратынымды айттым. Ол: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Егер бір ауылда кемінде үш адам болып, онда азан айтылмаса және жамағат намазы оқылмаса, шайтан міндетті түрде оларға үстемдік етеді (оларды билеп алады). Сондықтан жамағатты ұстаныңдар. Өйткені қасқыр отардан бөлінген қойды жейді», — дегенін естігенімді білесің бе?**», — деді*»[2].

Бұл — Абу Дарданың (Аллаһ оған разы болсын) жамағат намазын ұқыптылықпен сақтауды бұйырғаны.

Қайс ибн Кәсирдің былай дегені жеткізіледі: «*Бір адам Абу Дардаға Мәдинадан Дамаскіге аттанды. Абу Дарда одан: «Уа, бауырым! Сен не үшін келдің?», — деп сұрады. Ол: «Мен бір хадис үшін келдім. Маған сенің бұл хадисті Пайғамбардан ﷺ жеткізетінің туралы хабар жетті», — деді. Абу Дарда: «Сен сауда істерімен келген жоқсың ба?», — деп сұрады. Әлгі адам: «Жоқ», — деп жауап берді. Ол: «Қандай да бір жеке қажеттерің үшін келген жоқсың ба?», — деп сұрады. Әлгі адам: «Жоқ», — деп жауап берді. Ол: «Сен тек осы хадисті есту үшін келдің бе?», — деп сұрады. Әлгі адам: «Иә», — деп жауап берді. Сонда Абу Дарда былай деді: «Расында, мен Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естідім: **«Кім білім іздеп қандай да бір жолмен жүрсе, Аллаһ оны Жәннатқа апаратын жолмен жүргізеді. Расында, періштелер білім іздеушіге разылықтарын білдіріп, қанаттарын төмен түсіреді. Расында, білімді адам (ғалым) үшін аспандар мен жердегілердің барлығы, тіпті судағы балық***

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (6/445); Оның иснады жақсы. «Әл-мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Сахих» Ибн Хузәйма, (2/371); «Сахих» Ибн Хиббән, (5/458); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/330); «Мәуәрид әз-зәмған», (120-бет); Абу Дауд, (547); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (847); «Муснад» имам Ахмад, (5/196); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Дауд және ән-Нәсәиге жазған ескертпелерінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (1067) және «әт-Тәғлиқ әр-рағибте», (1/156) жақсы деп атаған.

та кешірім тілейді. Расында, білімді адамның (ғалымның) тек құлшылық етушіден артықшылығы — толған айдың өзге аспан шырақтарынан артықшылығындай. Расында, ғалымдар — пайғамбарлардың мұрагерлері. Пайғамбарлар мұра ретінде динар да, дирхам да қалдырмаған, алайда білім қалдырған. Кім оны алса, ұлы үлес алған болады»»[1].

Төртіншісі: оның бұл дүниеге қызықпауы және Раббысына құлшылық етуге ұмтылуы.

Абу Жухәйфа Уәһб ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыз ﷺ Сәлмән мен Абу Дарданы бауырластырды. Сәлмән Абу Дардаға қонаққа келіп, Умм Дарданы тозған киімде көргенде, одан: «Саған не болған?», — деп сұрады. Ол: «Бауырың Абу Дарда бұл дүниенің (игіліктеріне) мұқтаж емес», — деп жауап берді. (Осы арада) Абу Дарданың өзі де келіп, (Сәлмәнға) тамақ әкелді. (Сәлмән): «(Сен де) тамақтан», — деді. Абу Дарда: «Расында, мен ораза ұстап жүрмін», — деді. Сәлмән: «Сен тамақтанбайынша, мен де тамақтанбаймын!», — деді. Сонда ол тамақтанды. Түн болғанда Абу Дарда намазға тұрды. (Сәлмән оған): «Ұйықта», — деді. Ол ұйықтауға жатты, бірақ (біраз уақыттан кейін қайтадан) намазға тұрды. (Сәлмән тағы да): «Ұйықта», — деді. Ал түннің соңында Сәлмән: «Енді тұр», — деді. Олар намаз оқыды. Содан кейін Сәлмән оған: «Расында, Раббыңның сенде хақысы бар, жаныңның сенде хақысы бар және әйеліңнің сенде хақысы бар. Сондықтан әрбір хақ иесіне өзіне тиесілі хақын бер!», — деді. Кейін (Абу Дарда) Пайғамбарға ﷺ келіп, болған жайды айтып берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сәлмән шындықты айтты**», — деді*» (Әл-Бухари, 1867).

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбар ﷺ жіберілген кезде мен саудагер едім. Мен екі нәрсені: сауда мен құлшылықты қатар алып жүруді қатты қаладым, бірақ қолымнан келмеді. Маған таңдау жасау керек болды. Сонда мен сауданы тастап, құлшылыққа бет бұрдым. Абу Дарданың жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін! Мешіттің жанында шағын дүкенім болып, бес уақыт намаздың барлығын сонда қалдырмай оқып, күн сайын қырық динар табыс тауып, оның бәрін Аллаһ жолында жұмсауды да қаламас едім*». Адамдар: «Уа, Абу Дарда!

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (1/289); «Мәуәрид әз-зәмған» әл-Хәйсәми, (48–49 — беттер); әт-Тирмизи, (2682); «Сунан әд-Дәрими», (1/110); Абу Дауд, (3641); Ибн Мәжаһ, (223); «Муснад» имам Ахмад, (5/196); Шейх әл-Әлбәни «Сунан» әт-Тирмизиде, Абу Даудта және Ибн Мәжаһта хадисті сенімді деп атаған.

Бұда саған не нәрсе ұнамайды?», — деп сұрады. Ол: «*Есеп берудің ауырлығы*», — деп жауап берді[1].

Яғни Қиямет күні Раббым мені осы мал-мүлік үшін есепке тартып, ол туралы: «Қайдан және қайда? (Қайдан таптың және қайда жұмсадың?)», — деген екі сұрақ қояды. Адал мал-мүлік — есеп, ал харам мал-мүлік — азап.

Сондықтан Абу Дарда: «*Мен мешіттің жанындағы баспалдақта тұрып, сатумен, сатып алумен, сауда жүргізумен айналысып, күн сайын үш жүз динар табыс тауып, сонымен бірге барлық намазға қалдырмай қатыса алуым мені қуантпайды. Мен Аллаһ саудаға тыйым салды деп айтпаймын әрі Аллаһ өсімқорлыққа (рибаға) тыйым салмаған деп те айтпаймын. Алайда мен сауда да, сату мен сатып алу да Аллаһты еске алудан алаңдатпайтын адамдардан болғым келеді*», — деген[2].

Абу Дарда: «*Уа, Дамаск тұрғындары!*», — деді. Дамаск тұрғындары оған назар аударғанда, ол оларға: «*Ұялмайсыңдар ма?! Қысылмайсыңдар ма?!*», — деп үш рет айтты да: «*Өздерің жемейтін нәрселерді жинап, өмірлерің жетпейтін нәрселерге үміт артып, өздерің тұрмайтын үйлерді салып жатырсыңдар. Сендерден бұрын да мал жиып, мүлік жинаған, алыс болашаққа үміт артқан, берік ғимараттар салған қаншама ұрпақ болды! Алайда олардың жинағандарының барлығы күлге айналды, үміттері өзін-өзі алдау мен алданыш болып шықты, ал мекендері қабір болды. Ғәд қауымы Ғаданнан Ғуманға дейінгі аралықты мал-мүлік пен мал табындарына толтырған еді. Бұл — сансыз байлық. Бірақ бүгін араларыңнан кім Ғәд қауымының мал-мүлкін тым болмаса екі дирхамға сатып алады?!*», — деді[3].

Ғәд қауымы — «**Қалаларда оған ұқсасы соғылмаған еді**», «**Олар: «Күш жағынан бізден кім асып түседі?» — деді**». Қазір олар қайда? Олардың мал-мүліктері қайда? Үйлері қайда? Бұның барлығы жойылып кетті! Бірақ соған қарамастан, адамдар осы дүниелік өмірге алданып, Ғәд қауымынан да, соларға ұқсас өзге қауымдардан да ғибрат алмайды.

Аллаһтың құлдары! Абу Дарданың (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі айтулы жайттардың бірін келтірейік.

Жубәйр ибн Нуфәйр былай деген: «*Кипр (Құбрус) аралы бағындырылғанда, тұтқынға түскен кипрліктер топтарға бөлінді. Сонда олар (осы тұтқындар топ-топқа бөлініп, бір-біріне қарап отырып) жылады. Абу*

1 «Хилият әл-әулия», (1/209).

2 «Әл-Хилия», (1/210).

3 «Әл-Хилия», (1/217).

Дарда (Аллаһ оған разы болсын) шетке жалғыз өзі отырып, ол да жылай бастады. Адамдар таңғалды. Мен: «Аллаһ Ислам мен мұсылмандарды үстем еткен (осы) күні сені не жылатып отыр?», — деп сұрадым. Ол: «Саған қасірет болсын, уа, Жубәйр! Адамдар Аллаһтың бұйрықтарын тастағанда, Оның алдында қаншалықты қор болады! Олар үстемдік құрған (өзге халықтарды өздеріне бағындырған), билікке ие қауым еді ғой. Алайда олар Аллаһтың бұйрықтарын (дінін) тастап, өзін көріп тұрған күйге түсті», — деп жауап берді»[1].

Ол осы Ислам үмметі өз дінін тастап, бұрынғылардың басына келген жағдай олардың да басына түседі ме деп қауіптеніп тұрғандай еді. Аллаһпен ант етемін! Уа, Абу Дарда! Сен шындықты айттың! Үммет өз дінін тастағаннан кейін ғана қорлыққа ұшырады. Әрі олар Раббыларының бұйрықтарын тастады.

Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ: «***…Сендер өз діндеріңе қайта оралмайынша, Аллаһ сендерден қорлықты кетірмейді***», — деген. Немесе ол ﷺ: «***Бастапқы діндеріңе қайта оралғанға (дейін)***», — деген[2].

Аллаһтың құлдары! Оның насихаттарына келсек, олар өте көп:

1. Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Өлгеннен кейін не көретіндеріңді білсеңдер ғой! Сонда сендер ләззаттанып тамақ жемес едіңдер, ләззаттанып сусын ішпес едіңдер әрі көлеңкесінде отыру үшін үйлеріңе кірмес едіңдер. Қайта биік жерге шығып, кеуделеріңді ұрып, өз жандарыңды жоқтап жылар едіңдер. Шіркін, мен кесіп (жұлып) алып, кейін жеп қоятын өсімдік болсам ғой!*»[3].

Әрқайсымыз жақын арада, өлімнен кейін не болатынын: жан тапсыру азабын, қабірді, қайта тірілуді, жиналуды, есеп беруді білсек, тамақ жеуді де, сусын ішуді де, ұйықтауды да қаламас едік. Алайда көпшілігіміз салғырттықта, бейқамдықта жүрміз.

2. Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Өлімді көп еске алатын адам аз көңіл көтереді әрі аз күншілдік танытады*»[4].

3. Абу Дарда (Аллаһ Тағала оған разы болсын) былай деген: «*Мені күлдіретін үш нәрсе және жылататын үш нәрсе бар. Мені өлім (қазірдің өзінде) өзін іздеп жүргенде, дүниелік өмірге үміт артып жүрген адам*

---

1 «Хилият әл-әулия», (1/216–217).

2 «Әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (8/295); «Әл-Кәбир», (3/249), (20/43); «Мәжмәғ әз-зәуәид» әл-Хәйсәми, (7/303); Ол былай деген: «Бұл иснадтағы Абдуллаһ ибн Салих сенімді, алайда әлсіз, қалған жеткізушілер сенімді».

3 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (171-бет).

4 «Хилият әл-әулия», (1/220).

күлдіреді. (Екіншісі —) өзі назардан тыс қалдырылмаса да, бейқам жүрген адам. (Үшіншісі —) Раббысының өзіне ашулы ма, әлде разы ма екендігін білмей, шын жүректен күлетін адам Ал мені шығу (осы дүниеден шығу және қабірден шығу) кезіндегі үрейлер, амалдардың үзілуі және мені қайда жіберуді, Жәннатқа ма, әлде Тозаққа ма екендігі білмеген күйде Аллаһтың алдында тұруым жылатады»[1].

4. Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Қиямет күні менен: «Білдің бе, әлде білмедің бе?», — деп сұралуынан басқа нәрселерге қарағанда қатты қорқамын. Мен: «Білдім», — дегенімде, бір нәрсені бұйыратын немесе тыйым салатын аяттардың ешқайсысы қалмай, олардың әрқайсысы үшін менен есеп алынады. Егер ол бұйрықты білдіретін аят болса, маған: «Осы бұйрықты орындадың ба?», — делінеді. (Ал егер ол аят) тыйым салатын болса: «Осы тыйым салынған нәрседен тыйылдың ба?», — делінеді. Мен Аллаһқа пайда бермейтін білімнен, тоймайтын нәпсіден және қабыл болмайтын дұғадан сыйынамын*»[2].

5. Сондай-ақ Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Уа, Адам баласы! Жер бетінде жүр әрі оның жақында сенің қабіріңе айналатынын (біл). Уа, Адам баласы! Сен күндерден тұрасың. (Сол себеті) күндер өткен сайын сенің бір бөлшегің кетеді. Адам баласы! Анаң сені дүниеге әкелгеннен бері өмірің сарқылып бара жатқанын біл*»[3].

6. Умм Дарда (Абу Дарданың әйелі) (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Абу Дардаға өлім келгенде, ол: «Менің осы күнімдей күн үшін амал жасайтындар кім? Менің осы сағатымдай сағат үшін амал жасап жүргендер кім? Мен (төсекте жатқаным) секілді төсекте (жататын кезі үшін) амал жасайтындар кім?», — деді. Содан кейін ол: «***Олар алғашында иман келтірмегендіктен, біз олардың жүректері мен көздерін теріс айналдырамыз***», — деді*»[4].

7. Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) қабірлердің жанында отырған еді. Одан мұның себебін сұрағанда, ол: «*Мен Ақырет өмірімді есіме салатын, ал мен олардың қасынан кеткенімде, олар менің (сыртымнан) ғайбат айтпайтын адамдармен отырмын*», — деп жауап берді[5].

Уа, Аллаһ! Өлім келмей тұрып, бізге шынайы тәубе етуімізді нәсіп ете гөр!

---

1 «Әл-Баян уә әт-Тибиян», (3/151).

2 «Сәфуәт әс-сәфуә», (1/32).

3 «Әз-зухду әл-кәбир», (511).

4 «Сәфуәт әс-сафуә», (1/325).

5 «Ихия ғулум әд-дин», (2/308).

Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ, олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәубә» сүресі, 100-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі туралы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Сіздер оны білесіздер ме? Ол — Сәғд ибн Муғәз ибн Нуғмән ибн Умри әл-Қайс әл-Әшһәли әл-Әуси. Ол ансарлардың бірі болған. Оның куньясы — Абу Амр еді. Ол Бадр шайқасына қатысқан, шәһид, әус тайпасының мырзасы еді.

Ол Мусғәб ибн Умәйр (Аллаһ оған разы болсын) себепті Исламды һижрадан бұрын қабылдаған.

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағанда, өз қауымының алдына тұрып: «*Уа, бану Абдуләшһәл! Менің араларыңдағы орнымды қалай бағалайсыңдар?*», — деп сұрады. Олар: «Сен — біздің мырзамызсың әрі ең парасаттымызсың», — деп жауап берді. Сәғд: «*Сендер Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірмейінше, мен сендердің араларыңнан болған әйелдермен де, ерлермен де — сөйлесуден бас тартамын!*», — деді. Сонда олар: «Аллаһпен ант етеміз, бану Абдуләшһәлдің үйінде Исламды қабылдамаған бірде-бір ер де, әйел де қалмайды», — деген еді[1].

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіметіміз оның артықшылықтары мен өміріндегі жайттар жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһқа дұға еткенде, Аллаһ оның дұғасына жауап беретін.

Айша анамыз былай баяндаған: «*Ор шайқасы барысында мүшриктердің бірі Сәғдқа жебе атып, оның бұғана тұсындағы көктамырына тигізіп, оны жарып жіберді. Сонда Сәғд Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа: «Уа, Аллаһ! Бану Құрайза тайпасының басына не түсетінін көріп, көздерім қуанышқа бөленбейінше, менің жанымды алма!», — деп дұға етті. Олар надандық дәуірінде оның азат етілген құлының одақтастары болған еді. Оның жарасы жазылды. Аллаһ Тағала мүшриктерге жел жіберіп, осылайша мүминдерді соғыстан құтқарды. Өйткені Аллаһ — Күшті, Қуатты. Аллаһтың Елшісі ﷺ шайқас аяқталғаннан кейін Мәдинаға оралып, қаруын қойып, мешітте Сәғдты сол жерде емдеу үшін былғары шатыр тігуді бұйырды. Сонда оған үстін шаң басқан күйде Жәбірейіл періште (оған сәлем болсын) келіп: «Сен қаруыңды қойдың ба?! Аллаһпен ант*

[1] «Әс-Сиқат», (1/98); «әс-Сират ән-нәбәуия» Ибн Хишәм, (2/286); «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/166).

*етемін! Періштелер әлі қаруларын қойған жоқ. Бану Құрайзаға аттан да, олармен соғыс», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ бану Құрайзаны жиырма бес түн бойы қоршауда ұстады. Қоршау мен қиындық оларға төзгісіз болғанда, оларға: «Беріліңдер! Аллаһтың Елшісі ﷺ сендерге не істеу керектігі туралы шешім шығарсын», — делінді. Оларға берілу керектігін айту үшін Абу Лубәбә ибн Абдулмунзир келді. Олар онымен Пайғамбардың ﷺ өздеріне қатысты қалай әрекет ететіні жайында ақылдаса бастады. Сонда ол өзі де аңғармастан, қолымен Аллаһ Елшісінің ﷺ оларды өлтіретінін көрсетті. Сонда олар: «Егер шешімді Сәғд ибн Муғәз шығаратын болса, біз берілеміз», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Шешімді Сәғд ибн Муғаз шығарсын! Беріліңдер!**», — деді. Олар берілді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Сәғд ибн Муғәзды шақыртып, адам жіберді. Сонда оны есекке мінгізіп алып келді. Ол есектің үстінде өсімдік талшығынан жасалған ертоқым бар еді. Оны өз қауымы қоршап алып: «Уа, Абу Әмр! Бұлар — сенің одақтастарың, сенің азат етілген құлдарың, осылай істегендер және өзің де білетін адамдар», — деді. Ол өз қауымына еш жауап бермеді әрі оларға бұрылмады. Бану Құрайзаның үйлеріне жақындағанда, ол өз тайпасына бұрылып: «Аллаһ үшін бір іс істегенде, біреудің сөгісіне назар аудармайтын уақытым келді», — деді. Ол Аллаһ Елшісіне ﷺ жақындағанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Оны түсіріңдер**», — деді. Олар оны түсірді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Осы адамдарға қатысты шешіміңді шығар», — деді. Сәғд: «Мен олардың арасынан соғысқандардың барлығын өлтіру туралы үкім шығарамын. Олардың барлық балалары мен барлық әйелдері құлдыққа алынсын. Сондай-ақ олардың мал-мүлкі бөлінсін», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен Аллаһтың және Оның Елшісінің үкіміне сәйкес үкім шығардың**», — деді*». Әрі бұл Аллаһ Тағаланың оның дұғасына жауап бергенін көрсетеді.

Айша анамыз әңгімесін жалғастырып, былай деген: «*Сәғд Аллаһ Тағалаға: «Уа, Аллаһ! Егер Сенің Пайғамбарыңның ﷺ құрайыштықтармен әлі де соғысуды қалса, мені тірі қалдыра гөр. Ал егер оның құрайыштықтармен соғысы болмаса, мені Өзіңе ал», — деп дұға еткен еді. Сонда оның жарасы жарылып кетті. Ал ол бұған дейін жазылып, кішкентай сырғадай ғана болып қалған еді. Ол Пайғамбарымыз ﷺ өзі үшін тіктірген шатырына оралып, қайтыс болды. Мухаммадтың жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін! Мен Умардың жылауын Абу Бакрдың жылауынан ажырата алатынмын. Олардың қаншалықты қатты жылағанын естідім. Сол кезде мен өз бөлмемде едім. Олар Аллаһ Тағаланың: «***Бір-біріне мейірімді…***», — деп сипаттағанындай еді*»[1]. Аллаһ Тағала Сәғдтың

[1] Хадистің толық нұсқасын әл-Хәйсәми өзінің «Мәжмәғ әз-зәуәид» жинағында келтірген, (6/169–138); Ибн Аби Шәйба «Мусәннафта» оны қысқартып келтірді, (3/63);

дұғасына жауап берді. Бану Қурайзаның басына түскен жағдайға және құрайыштықтармен шайқастың аяқталғанына оның көздері қуанышқа бөленді.

Екіншісі: Аса Мейірімді Аллаһтың Аршы оның қайтыс болуы себепті сілкінді.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сәғд ибн Муғаздың қайтыс болуына байланысты Аршы сілкінді***», — деген (әл-Бухари, 3592).

Пайғамбарымыз ﷺ оның мәйіті салынған зембіл жаназа намазы үшін қойылғанда: «***Осы жаназаға байланысты Аршы сілкінді***», — деген (Муслим, 2467).

Пайғамбарымыз ﷺ Сәғд ибн Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) туралы былай деген: «***Бұл — оның себебінен Аллаһтың Аршысы сілкініп, өзі үшін аспан қақпалары айқара ашылған әрі оның жаназасына бұған дейін жерге түспеген жетпіс мың періште қатысқан ізгі құл. Алайда осының бәріне қарамастан, қабір оны қысып, кейін босатты***»[1].

Үшіншісі: періштелердің оның зембілін көтеру үшін түсуі.

Пайғамбарымыз ﷺ оның жаназасы қойылғанда: «***Оған байланысты Аса Мейірімдінің Аршысы сілкінді***», — деген. Екіжүзділер оның зембілін көтеруге кірісіп: «Қандай жеңіл!», — деді. Бұл Пайғамбарымызға ﷺ жеткенде, ол: «***Расында, періштелер оны олармен бірге көтерді***», — деді[2].

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сәғд ибн Муғаздың зембілін көтеріп бара жатқанда, екіжүзділер: «Бұл зембіл қандай жеңіл! Бұл — оның бану Қурайзаға қатысты шығарған үкімінің себебінен», — деді. Алайда бұл Пайғамбарға ﷺ жеткенде, ол: «**Расында, періштелер оны олармен бірге көтерді**», — деді*»[3].

«Муснад» имам Ахмад, (6/141); Сондай-ақ оның қысқа түрін әл-Бухари, (3593) және Муслим, (1768) келтірген. Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада», (67) жақсы деп атаған.

[1] «Сунан әл-кубра», (1/660); «Әл-Мужтәбә», (2055); «әл-Муғжәм әл-әусәт», (2/199); «әл-Кәбир», (6/10); «әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (3/430); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ән-Нәсәиде», «әл-Мужтәбәда» және «әс-Сахихада», (1695) сенімді деп атаған.

[2] «Сахиха» Ибн Хиббән, (15/505); «әл-Муғжәм әл-кәбир», (16/12); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда» келтірген, (1912).

[3] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/228); «Сунан» әт-Тирмизи, (3849); «Муснад» Абу Яғлә, (5/377); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (360-бет); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (6/12); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (6228) сенімді деп атаған.

Сәғд ибн Муғаздың зембілін алып шыққанда, адамдар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз одан жеңіл мәйітті көтерген емеспіз», — деді. Сонда ол ﷺ: «***Оның жеңіл болуына не кедергі болсын? Оған бұған дейін түспеген осынша періште түсіп, оны сендермен бірге көтерді емес пе?***», — деп жауап берді[1].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қайтыс болған Сәғд ибн Муғазға бұған дейін жерге түспеген жетпіс мың періште түсті***», — деген[2].

Төртіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның Жәннат тұрғындарының бірі екендігін хабарлады.

Уәқид ибн Ғәмр ибн Сәғд ибн Муғаздың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Әнас ибн Мәликтің қасына кіргенімде, ол менен: «Сен кімсің?», — деп сұрады. Мен: «Уәқид ибн Ғәмр ибн Сәғд ибн Муғазбын», — деп жауап бердім. Ол: «Расында, сен Сәғдқа ұқсайсың», — деді де, қатты жылады. Содан кейін ол былай деді: «Аллаһ Сәғдты рахымына бөлесін! Ол ең ұлы әрі ең жоғары адамдардың бірі еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ Укайдир Дәума деген жерге әскер жіберген еді. Аллаһтың Елшісіне ﷺ алтын жіппен кестеленген жібек жубба жіберілді* [бәлкім, бұл ер адамдардың алтын қолдануына тыйым салынғанға дейін болды]. *Аллаһтың Елшісі ﷺ оны киіп, мінберге шығып тұрды немесе оған отырды, бірақ сөйлемеді. Содан кейін ол төмен түсті. Адамдар жуббаны ұстап көріп, оған қарай бастады. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бұл сендерді таңғалдырып тұр ма?**», — деп сұрады. Адамдар: «Біз бұдан жақсы киім көрген емеспіз», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Сәғд ибн Муғаздың Жәннаттағы орамалдары сендер көріп тұрған нәрседен жақсы!**», — деген еді*»[3]. Хадистегі дәлел — осы. Сондай-ақ басқа риуаятта Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Бұл сендерді таңғалдырып тұр ма? Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Сәғдтың Жәннаттағы орамалдары бұдан жақсы***», — дегені жеткізіледі[4].

Бесіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ ол қайтыс болар кезде ол үшін дұға еткен.

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/287); «әт-Тәбәқат әл-кубра», (3/428); Шейх әл-Әлбәни оны «әс-Сахихада», (1158) келтіріп: «Оның иснады және барлық жеткізушілері сенімді», — деген.

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/308); Сондай-ақ бұл хадисті шейх әл-Әлбәни өзінің «әс-Сахиха» хадистер жинағында келтірген, (3345).

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/510); «Сунан» әт-Тирмизи, (1723); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/394); «Муснад» имам Ахмад, (3/121); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

4 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/310); Шейх әл-Әлбәни «әс-Сахихада»: «Иснад жақсы, оның жеткізушілерінің барлығы Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді», — деген.

Ансарлардың бірі былай деген: «*Сағд ибн Муғәз бану Құрайзаға қатысты үкім шығарғаннан кейін қайтып келді және оның қолынан қан сорғалап тұрды. Бұл Пайғамбарымызға ﷺ жетті. Ол ﷺ оған бір топ адаммен бірге аттанып, оның қасына кірді де, оның басын өз тізесіне қойды да: «**Уа, Аллаһ! Расында, Сағд Сенің жолыңда жиһад жасады, Сенің елшілеріңнің шыншылдығын мойындады әрі өз мойнына жүктелген шешімді шығарды. Ендеше, оның жанын жандар қабыл алынатын ең жақсы түрде қабыл ал**», — деді*»[1].

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі айтулы оқиғалардың кейбірін келтіріейік:

Біріншісі: Бадр шайқасы.

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісіне ﷺ құрайыштықтардың Мәдинадағы мұсылмандарды жою үшін бар күш-қуатымен Меккеден шыққаны туралы хабар жетті. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ осы мәселе жөнінде ақылдасу үшін сахабаларын жинады.

Абу Бакр әс-Сыддық тұрып сөйледі, әрі оның сөзі тамаша болды. Содан кейін Умар ибн әл-Хаттаб тұрып сөйледі, оның да сөзі тамаша болды. Одан кейін Миқдәд ибн Ғәмр тұрып: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ сізге нұсқаған нәрсесін істеңіз, біз сізбен біргеміз. Аллаһпен ант етемін! Біз сізге бану Исраилдің Мусаға: «Раббыңмен бірге барып, екеуің соғысыңдар! Ал біз осы жерде отырамыз», — деген сөзін айтпаймыз. Қайта сіз Раббыңызбен бірге барып, соғысыңдар, біз де сізбен бірге соғысамыз. Сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін, егер бізді Барақ әл-Ғимәдқа (Йемендегі бір жерге) бағыттасаңыз, оған жеткеніңізше сізбен бірге шайқасамыз!*», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Жақсы!***», — деді де, ол үшін дұға етті. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ ансарлардың жауабын естігісі келіп: «***Уа, адамдар! Маған кеңес беріңдер!***», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ бұл сөздерді айтқанда, Сағд ибн Муғәз: «***Аллаһпен ант етемін! Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз бізге қарата айтып тұрған сияқтысыз***», — деді. Ол ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Сонда Сағд: «*Біз сізге иман келтірдік, сендік, сіз әкелген нәрсенің ақиқат екеніне куәлік бердік. Сізге тыңдау мен бойсұнуға ант бердік. Уа, Аллаһтың Елшісі! Қалағаныңыздай әрекет етіңіз, біз сізбен біргеміз. Сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Егер осы теңізді кешіп өтуді шешсеңіз, біз де оны сізбен бірге ке-*

[1] «Фәдәил әс-сахаба» Ибн Хәнбәл, (2/473); Хадистің иснады сенімді.

шіп өтеміз әрі ешқайсымыз бас тартпаймыз. Ертең бізбен бірге дұшпанымызға қарсы шығуыңызға қарсылығымыз жоқ. Біз соғыста табандымыз, шайқаста адалмыз. Бәлкім, Аллаһ біздің бойымыздан сізді қуантатын нәрсені көрсетер. Аллаһтың берекесімен бізді алға бастаңыз!», — деген еді. Сәғдтың сөздері Пайғамбарымызды ﷺ қуантты әрі жігерлендірді. Содан кейін ол ﷺ: «***Жүріңдер әрі қуаныңдар! Өйткені Аллаһ Тағала маған екі нәрсенің бірін уәде етті. Аллаһпен ант етемін, мен дәл қазір дұшпан әскеріндегі адамдардың қаза табуын көріп тұрғандаймын!***», — деп дауыстады[1].

Екіншісі: Ухуд шайқасы.

Аллаһтың құлдары! Ухуд шайқасы кезінде мұсылмандар мүшриктердің әскерінің күтпеген шабуылынан бытырап кеткенде, Сәғд ибн Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ жанында болып, оны қорғап тұрды.

Әнас ибн Нәдр (Аллаһ оған разы болсын) Ухуд шайқасында мұсылмандар жеңіліске ұшырағанда: «*Уа, Аллаһ! Расында, мен мыналардың істегені үшін Сенен кешірім сұраймын*», — деп, өз жолдастарын меңзеді. Кейін: «*Әрі мыналардың істегеніне қатысым жоқ*», — деп, мүшриктерді меңзеді. Содан кейін ол алға шықты. Оның қасына Сәғд ибн Муғаз шықты. Хадистегі дәлел — осы. Содан соң ол: «*Уа, Сәғд ибн Муғаз! Жәннат! Надрдың Раббысымен ант етемін! Расында, мен оның хош иісін Ухудтың жанынан сезіп тұрмын!*», — деді. Сәғд ибн Муғаз ол жайлы: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен оның істегеніндей істей алмадым…*», — деген еді[2].

Үшіншісі: достық пен қастыссыздың мәселесі.

Аллаһтың құлдары! Әл-Әхзәб шайқасы кезінде бану Құрайза тайпасы опасыздық жасап, Пайғамбарымыз ﷺ оларды қоршауға алған кезде, оларға қатысты үкімді Сәғд ибн Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) шығаратын болды.

Пайғамбарымыз ﷺ Сәғдқа адам жіберді. Адамдар Сәғдті есекке мінгізіп алып келді. Оны өз қауымы қоршап алып: «Бұлар — сенің одақтастарың, азат етілген құлдарың, осылай істегендер және өзің де білетін адамдар», — деді. Осылайша олар оның Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында бану Құрайзаға араша түсуін қалады. Ол олардың үйлеріне жеткенге дейін еш жауап бермеді әрі оларға бұрылмады. Содан кейін оларға бұры-

1 Қараңыз, «әс-Сират ән-нәбәуия әс-сахиха» әл-Ғәмри, (358–359 беттер).

2 Әл-Бухари, 2651.

лып: «*Аллаһ үшін бір іс істегенде, біреудің сөгісіне назар аудармайтын уақытым келді*», — деді[1].

Ол оларға қатысты Аллаһтың үкімі мен Оның Елшісінің үкіміне сәйкес келетін үкім шығарды.

Аллаһтың құлдары! Бану Қурайза Сәғд ибн Муғәз надандық дәуірінде олардың одақтасы болғандықтан, өздеріне араша түседі деп үміттенді. Олар Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулдің бану Қайнуқағқа араша түсіп, Аллаһ Елшісінің ﷺ оларды оған тапсырғаны секілді болады деп ойлады.

Алайда бану Қурайза өздерінің бұл салыстыруында қателесті. Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул — екіжүзділердің басшысы, ал екіжүзділер кәпірлерді жақсы көретін. Сәғд ибн Муғәзға келсек, ол — шыншыл мүминдердің мырзаларының бірі. Оның қайтыс болуына байланысты Аса Мейірімдінің Аршысы сілкінген еді. Оның махаббаты Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһқа, Оның Елшісіне және мүминдерге арналды.

Төртіншісі: Меккеде Абу Жәһл мен Умәйя ибн Хәләфтың алдында ақиқатты айту.

Абдуллаһ ибн Мәсғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізілген: «*Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) умраға барып, Умәйя ибн Хәләф Абу Сафуанның үйіне тоқтады. Ал Умәйя Шамға барар жолында Мәдинадан өткен сайын Сәғдтың үйіне тоқтайтын. Умәйя Сәғдқа: «Адамдар қалғып-мүлгі бастайтын түске дейін күт. Содан кейін барып, (Қағбаны) тауаф ет», — деді. Алайда ол тауаф жасап жатқан кезінде кенеттен Абу Жәһл пайда болып: «Тауаф етіп жатқан мына адам кім?», — деп сұрады. Сәғд: «Мен — Сәғдпын», — деп жауап берді. Сонда Абу Жәһл: «Сендер Мухаммад пен оның жолдастарына пана беріп, еміне-еркін тауаф етіп жүрсің бе?!», — деп дауыстады. Сәғд: «Иә», — деді. Осыдан кейін екеуі сөзге келіп қалды. Сонда Умәйя Сәғдқа: «Абул-Хәкәмға даусыңды көтерме! Ол — осы аңғарды мекендейтіндердің мырзасы!», — деді. Сәғд: «Аллаһпен ант етемін! Егер сен менің Қағбаны тауаф етуіме кедергі келтірсең, мен саған Шамда сауда жүргізуге мүмкіндік бермеймін!», — деді. Ал Умәйя Сәғдқа: «Даусыңды көтерме!», — деп, жармаса бастады. Сәғд ашуланып: «Бізді жайымызға қалдыр! Расында, мен Мухаммадтың ﷺ сені өлтіретінін айтқанын естідім!», — деп дауыстады. Умәйя: «Мені ме?», — деп сұрады. Сәғд: «Иә!», — деп жауап берді. Умәйя: «Аллаһпен ант етемін! Мухаммад бір нәрсе айтса, ешқашан өтірік айтпайды!», — деді. Содан кейін ол әйеліне қайтып: «Ясрибтік бауырымның не айтқанын білесің бе?», — деді. Әйелі: «Ол не деді?», — деп сұрады. Умәйя: «Ол Мухаммадтың мені өлтіретінін айтқанын естігенін мәлім-*

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/138).

дейді!», — деді. (Сонда) әйелі: «Аллаһпен ант етемін! Мухаммад өтірік айтпайды!», — деп дауыстады. Олар (меккеліктер) (Меккеден) Бадрға қарай аттанып жатқанда әрі (құрайыштықтардан) көмек сұралғанда, әйелі оған: «Ясрибтік бауырыңның саған не айтқанын ұмыттың ба?», — деді. Сонда Умәйя қалуды ұйғарды. Бірақ Абу Жәһл оған: «Расында, сен осы аңғардағы (тұрғындардың арасындағы) тектілердің бірісің. Ендеше, (бізбен бірге) бір күнге немесе екі күнге жүр!», — деді. Сонда ол олармен бірге аттанды, ал Аллаһ оны опат етті» (Әл-Бухари, 3433).

Өздеріңіз білетіндей, оның өлтірілуіне Биләл ибн Рабах пен ансарлардан болған Әнас себеп болды.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

Сәғд ибн Ғубәдә (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Ал кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған адамдар.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деді:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): ««*Таңдаулы құлдар» — Мухаммадтың ﷺ сахабалары*», — деген.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең жақсы жүрек деп тапты. Содан кейін оны Өзі үшін таңдап, Өз жолдауымен жіберді! Одан кейін Аллаһ Мухаммадтың ﷺ жүрегінен соң құлдары-*

ның жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының жүректерінің ішіндегі ең жақсы жүректер деп тапты және оларды Өз Пайғамбарына ﷺ оның діні үшін соғысатын жәрдемшілер етті».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ қаласа, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі туралы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Сәғд ибн Ғубәдә ибн Дуләйм ибн Хәриса әл-Хәзрәжи әс-Сәғиди. Ол — ансарлардың бірі, әл-Мәдәни, хәзрәж тайпасының мырзасы.

Сәғд ибн Муғәз аталған сайын онымен бірге Сәғд ибн Ғубәдә да аталады. Олардың екеуі де Мәдина тұрғындарының мырзалары болатын. Сәғд ибн Муғәз — әус тайпасының, ал Сәғд ибн Ғубәдә — хәзрәж тайпасының мырзасы. Олардың екеуі де Мусғәб ибн Ғумәйрдің себепкер болуымен Исламды ерте қабылдады. Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Ғубәдә (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір жайттар жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) анасы қайтыс болғаннан кейін де оған жақсылық жасауды жалғастырған еді.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Сәғд ибн Ғубәдәның Пайғамбардан ﷺ анасының мойнында болған, бірақ ол орындай алмай қайтыс болған нәзірі туралы сұрағаны жеткізіледі. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Оны оның атынан орында***», — деді (Әл-Бухари, 2610).

Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) азат етілген құлы Икрима былай деген: «*Бізге Ибн Аббас Сәғд ибн Ғубәданың анасы қайтыс болған кезде оның жанында болмағанын хабарлады. Ол: «Уа Аллаһтың Елшісі! Расында, менің анам қайтыс болды, ал мен оның жанында болған жоқпын. Оның атынан бір нәрсе садақа етсем, оған пайдасы тие ме?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Иә**», — деп жауап берді. Ол: «Расында, әл-Мәхрафа бағы оның атынан берілген садақа екендігіне сіздің алдыңызда куәлік беремін», — деді*»[1].

[1] «Мусәннаф» Абдурраззақ, (9/59); «Муснад» имам Ахмад, (1/333); Хадистің исндаы әл-Бухаридің шарттарына сәйкес сенімді. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Ата-анасына жақсылық жасайтын ізгі ұл осындай болады, ол оларға тірі кездерінде де, қайтыс болғандарынан кейін де жақсылық жасайды. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Адам қайтыс болғанда, үш нәрседен басқа (барлық) амалдары тоқтайды: үзілмейтін садақа, (өзге адамдар) пайдасын көретін білім немесе ол үшін Аллаһқа дұға ететін ізгі балалар***» (Муслим, 1631).

Екіншісі: ол әйелін қатты қызғанатын қызғаншақ адам еді.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*(Бірде) Сәғд ибн Ғубәдә: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер әйелімді (бөтен) ер адаммен бірге ұстасам, төрт куә келтірмейінше оған қол тигізбеуім (керек екені дұрыс па)?», — деп сұрады».*

Бұл:

﴿وَٱلَّذِينَ يَرۡمُونَ أَزۡوَٰجَهُمۡ وَلَمۡ يَكُن لَّهُمۡ شُهَدَآءُ إِلَّآ أَنفُسُهُمۡ فَشَهَٰدَةُ أَحَدِهِمۡ أَرۡبَعُ شَهَٰدَٰتِۭ بِٱللَّهِ إِنَّهُۥ لَمِنَ ٱلصَّٰدِقِينَ ٦﴾

«**Әйелдеріне зина жаласын жауып, өздерінен басқа ешбір айғақтары болмағандардың әрбірінің куәлігі, шын айтушы екендіктеріне байланысты төрт рет Аллаһтың атымен ант ішулері**» («ән-Нур» сүресі, 6-аят), — деген аят тұспей тұрып болған еді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Мұны естіген Сәғд: «*Жоқ! Сені ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Егер (осындай жағдай) болса, мен алдымен оны қылышпен ұрамын!*», — деп дауыстап жіберді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Мырзаларыңның не айтып тұрғанын тыңдаңдар. Расында, ол қызғанады, бірақ мен одан да қатты қызғанамын, ал Аллаһ менен де қатты қызғанады***», — деген еді. (Муслим, 1498)

Муғираның былай баяндағаны жеткізіледі: «*(Бірде) Сәғд ибн Ғубәда: «Егер әйелімнің жанында бір ер адамды көрсем, оны қылыштың жалпақ жағымен емес, (өткір жүзімен) ұрар едім», — деп дауыстады. Бұл сөздер Пайғамбарымызға ﷺ жеткенде, ол (сахабаларына): «**Сендер Сәғдтың қызғанышына таңғаласыңдар ма? Аллаһпен ант етемін! Мен одан да қатты қызғанамын, ал Аллаһ менен де қатты қызғанады. Дәл осы Аллаһтың қызғануы себепті Ол ашық әрі жасырын арсыздықтарға тыйым салды**», — деді*» (әл-Бухари, 6454; Муслим, 1499).

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ يَرۡمُونَ ٱلۡمُحۡصَنَٰتِ ثُمَّ لَمۡ يَأۡتُواْ بِأَرۡبَعَةِ شُهَدَآءَ فَٱجۡلِدُوهُمۡ ثَمَٰنِينَ جَلۡدَةٗ وَلَا تَقۡبَلُواْ لَهُمۡ شَهَٰدَةً أَبَدٗاۚ وَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡفَٰسِقُونَ ٤﴾

«**Арлы әйелдерге зина жаласын жауып, төрт куә келтірмегендерді сексен рет дүреленҗдер және олардың куәліктерін мүлде қабыл етпеңдер. Міне, солар — бұзақылар**» («ән-Нур» сүресі, 4-аят), *— деген аят түскенде, ансарлардың мырзасы болған Сәғд ибн Ғубәдә: «Уа, Аллаһтың Елшісі?! Шынымен де осылай түсірілді ме?», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Уа, ансарлар қауымы! Мырзаларыңның не айтып тұрғанын естімейсіңдер ме?**», — деді. Олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны сөкпе, расында, ол — қызғаншақ адам! Аллаһпен ант етемін! Ол тек пәк қызға ғана үйленетін, әрі ол әйелімен ажырасса, оның қатты қызғанышынан арамаздығы ешкім ол әйелге үйленуге батылы бармаған», — деп жауап берді»*[1].

Аллаһтың құлдары! Қызғаныш қайда? Батылдық қайда? Уа, қыздары мен әйелдерінің өздерін жұртқа көрсетуіне (тәбәрружға) рұқсат берген адам! Осы үйдің қамқоршысы екеніңді ұмыттың ба? Тәбәрруждың харам екендігін ұмыттың ба? Тәбәрруждың зина алдындағы алғашқы ұшқын екендігін ұмыттың ба?

Сондай-ақ Сәғд ибн Ғубәдәның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — оның жомарт адам болғаны.

Яхья ибн Абу Кәсир былай деген: «*Аллаһ Елшісінде ﷺ Сәғд ибн Ғубәдәдан келген сәрид салынған бір табақ болатын. Сол табақ күн сайын Пайғамбардың ﷺ өзі болған әйелінің үйіне жеткізілетін. Бұл Сәғд ибн Ғубәдәның жомарттығына нұсқайды*»[2].

Бұл туралы бізге Айша анамыз да (Аллаһ оған разы болсын) хабарлаған. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ өзімен ерлі-зайыпты болып тұра бастағанын баяндап, былай деген: «*…Анам мені қолымнан жетектеп апарып, менімен бірге есіктің алдына тоқтады. Мен тынысым қалпына келгенше ентігіп тұрдым. Кейін ол менімен бірге ішке кірді. Аллаһтың Елшісі ﷺ үйіміздегі төсекте отыр еді, ал оның жанында ансарлардан болған ерлер мен әйелдер бар болатын. Анам мені үйдің шетіне отырғызып, кейін: «Бұл — сенің отбасың. Аллаһ саған олар арқылы береке берсін әрі оларға сен арқылы береке берсін», — деді. Сонда ерлер мен әйелдер тұрып, шығып кетті. Аллаһтың Елшісі ﷺ біздің үйде менімен жыныстық қатынасқа түсті. Сәғд ибн Ғубәдә бізге сәрид салынған бір табақ жібергенге дейін мен үшін түйе де, қой да сойылмады. Аллаһтың Елшісі ﷺ әйелдерінің*

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (5/11): «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (7/394); «Мусәннаф» Абдурраззақ, (9/434); «Муснад» әт-Тәялуси, (347-бет); «Муснад» Абу Яғлә, (5/124); «Муснад» имам Ахмад, (1/238); Хадис жақсы; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

2 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/271);

қасына барған кезде, Сәғд оған сол табақты жіберіп тұратын. Сол күні мен тоғыз жаста едім»[1].

Адамдардың ең жақсысы осындай қарапайымдықпен әрі жеңілдікпен үйленген еді.

Ибн Сирин былай деген: «*Сәғд ибн Ғубәдә әр түнде әһлу әс-суффәдан*[2] *сексен адамды отбасына ертіп, оларға кешкі ас беретін»*[3].

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ Сәғд ибн Ғубәдәның үйіне кіруге рұқсат сұрап: «***Әс-сәләму аләйкум уә рахматуллаһ***», — дегені жеткізіледі. Сәғд: «*Уә аләйкум әс-сәләму уә рахматуллаһ*», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ сәлеміне берілген жауапты естімей, үш рет сәлем берді. Сағд оған үш рет жауап қайтарды, бірақ оның жауабы бәрібір естілмеді. Осыдан кейін Пайғамбарымыз ﷺ кері қайтты. Бұл — мұсылмандардың көбі білмейтін сүннет. Егер мұсылман адам үш рет кіруге рұқсат сұрап, ешкім жауап бермесе, ол кері қайтуы керек. Ал Сәғд оның соңынан еріп: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын! Сіз сәлем берген сайын, мен сізді естіп, сізге жауап бердім, бірақ сіз естімейтіндей етіп айттым. Осылайша сіздің сәлеміңізді көбірек естуді әрі береке алуды қаладым*», — деді. Содан кейін ол оны үйге кіргізіп, алдына мейіз қойды. Пайғамбарымыз ﷺ одан жеп, тамақтанып болған соң: ***«Тамақтарыңды ең ізгі адамдар жеді, сендер үшін періштелер дұға етті және сендердің үйлеріңде ораза ұстаушылар ауыз ашты***», — деді.

Бұл — біреудің үйінде тамақтанғаннан кейін айтылатын сөздер. Көптеген мұсылмандардың біреудің үйінде тамақтанғаннан кейін осы сүрені оқитынын естуге болады. Алайда Пайғамбарымыздың ﷺ «әл-Фатиха» сүресін оқымағанын біліңіз.

Аллаһтың құлдары! Сәғд ибн Ғубәдә Раббысынан Өз кеңшілігінен оған көбірек нәсіп етуін сұрап: «*Уа, Аллаһ! Маған игілік бере гөр. Амал жасамайынша игілік болмайды, ал мал-мүліксіз амал жасау болмайды. Уа, Аллаһ! Аз нәрсе мені түземейді әрі мен де аз нәрсемен өзгелерді түзей алмаймын*», — дейтін[4].

Ол адамдарға үн қатқанда, биік жерде тұрып: «*Кім май мен ет қаласа, Сәғд ибн Ғубәдәға келсін*», — дейтін.

---

1 «Мәжмуғ әз-зәуәид», (9/227); «Муснад» Исхәқ ибн Рәхәуия, (2/589); «Муснад» имам Ахмад, (6/210); Хадистің иснады жақсы. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 Бұл шатырдың астында тұратын кедей адамдар еді.

3 «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/276); «Тәхзиб әт-тәхзиб», (3/412).

4 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/284); «Шуғәб әл-иман» әл-Бәйхәқи, (2/94).

Олай болмағанда ше? Өйткені Сәғд ибн Ғубәдә адамдардың ең жомарты болған Аллаһ Елшісінің ﷺ тәрбиесін алды. Ол ﷺ: «***Расында, Аллаһ — Жомарт әрі жомарттықты жақсы көреді***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Расында, Аллаһ Тағала — Жомарт, жомарттықты жақсы көреді***», — деген.

Оның өмірін орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі айтулы оқиғалар мен жайттардың кейбірін келтірейік:

Біріншісі: Хунәйн шайқасында Аллаһ Елшісінің ﷺ олжаларды бөлуі.

Абу Сәғид әл-Худри (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ өзіне берілген олжаларды құрайыштықтар мен басқа араб тайпаларының өкілдеріне таратып беріп, ансарларға ештеңе тимегенде, олардың бір бөлігі ренжи бастады. Араларында әңгіме туындап, ақырында біреу: «Аллаһтың Елшісі ﷺ өз тайпаластарымен қауышты!», — деді. Осыдан кейін Сәғд ибн Ғубәдә (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, ансарлардың бір бөлігі қолға түсірген олжаларды қалай бөлгеніңіз үшін ренжулі, сіз өз тайпаластарыңызға үлес беріп, басқа араб тайпаларына мол сыйлықтар жасадыңыз, ал ансарларға ештеңе тиген жоқ!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ал сен бұл туралы не ойлайсың, уа, Сәғд?**», — деп сұрады. Ол: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен кіммін? Мен — өз тайпамның бір бөлшегі ғанамын…», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ендеше, тайпаластарыңды менің қасыма жина**», — деді. Сәғд кетіп, ансарларды жинады. Олар жиналғаннан кейін Сәғд Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «Сізге ансарлар келді», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың алдына шығып, Аллаһқа мақтау айтып, Оған шүкір етіп, кейін: «**Уа, ансарлар! Маған сендердің айтқан сөздерің де, маған ренжіп жүргендерің де жеткізілді. Мен сендерге келгенде, сендер адасуда емес пе едіңдер?! Кейін Аллаһ сендерді тура жолға салды емес пе?! Сендер кедей болып, кейін Аллаһ сендерді байытқан жоқ па?! Сендер бір-біріңе дұшпан болған кезде, Аллаһ жүректеріңді біріктірді емес пе?!**», — деді. Олар: «Иә! Аллаһ та, Оның Елшісі де — ең сенімді әрі ең жақсы!», — деді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ендеше, маған жауап бермейсіңдер ме, уа, ансарлар?**», — деді. Олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз не деп жауап берейік? (Өйткені) барлық жақсылық пен барша нығмет Аллаһқа және Оның Елшісіне тиесілі», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Аллаһпен ант етемін! Сендер қаласаңдар: «Сен бізге өтірікші деп айып-**

***талған күйде келдің, ал біз саған сендік. Сен бізге көмексіз күйде келдің, ал біз саған көмек бердік. Сен бізге қудаланған күйде келдің, ал біз саған пана бердік. Сен бізге мұқтаж күйде келдің, ал біз саған қолдау көрсеттік», — деп айтар едіңдер әрі шыншыл болар едіңдер. Басқалар да бұны растар еді. Сонда, уа, ансарлар, мен сол арқылы адамдарды өзіме жақындатып, олардың Исламды қабылдауына себеп болған дүниелік игіліктерге бола ашуландыңдар ма? Мен сендердің Исламдарыңның берік екеніне сүйендім. Уа, ансарлар! Әлгі адамдар үйлеріне түйелер мен қойларды алып қайтқанда, сендердің Аллаһ Елшісімен бірге қайтуларыңа разы емессіңдер ме? Мухаммадтың жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер һижра болмағанда, мен ансарлардың бірі болар едім. Егер барлық адам бір шатқалмен, ал ансарлар басқа шатқалмен жүрсе, мен міндетті түрде ансарлармен бірге жүрер едім! Уа, Аллаһ! Ансарларды, ансарлардың балаларын және ансарлардың немерелерін рахымыңа бөле!»**, — деді. *Бұл сөздерден кейін адамдардың қатты жылағаны соншалық, олардың көз жастарынан сақалдары су болды. Олар: «Үлесіміз Аллаһтың Елшісі болғанына разымыз!», — деді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ кетіп, олар да тарады»*[1].

Екіншісі: Бадр шайқасы.

Әнастан Аллаһтың Елшісіне ﷺ Абу Суфиянның оларға қарай бет алғаны туралы хабар жеткенде, оның сахабалармен ақылдасқаны жеткізіледі. Абу Бакр сөйледі, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ одан жүзін бұрды. Содан кейін Умар сөйледі, Аллаһтың Елшісі ﷺ одан да жүзін бұрды. Содан кейін Сәғд ибн Ғубәдә тұрып: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз біздің сөзімізді естігіңіз келіп тұр! Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Егер сіз бізге теңізді кешіп өтуді бұйырсаңыз, біз оған кіреміз. Егер бізге Бәрк әл-Ғимәдқа қарай шабуды бұйырсаңыз, біз мұны істейміз*», — деді. Бұл сөздерден кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарды Бадрға жеткенше жігерлендірді. (Муслим, 1779)

Аллаһтың құлдары! Бұл — хәзрәждықтардың мырзасы Сәғд ибн Ғубәдәның (Аллаһ оған разы болсын) өмір барысында орын алған оқиғалар. Жоғарыда түсіндіргеніміздей, оның мәртебесі әус тайпасының мырзасы Сәғд ибн Муғаздың (Аллаһ оған разы болсын) мәртебесіндей еді. Аллаһ Тағала Өз Кітабында мақтаған ансарлар осындай болатын. Аллаһ Тағала былай деген:

[1] «Муснад» имам Ахмад, (3/76); Хадистің иснады жақсы. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

﴿وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلْإِيمَـٰنَ مِن قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِى صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُوا۟ وَيُؤْثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ ۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِۦ فَأُو۟لَـٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ۝٩﴾

«Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар құтылушылар» («әл-Хашр» сүресі, 9-аят)**.**

Пайғамбарымыз ﷺ олар туралы: «***Ансарларды жақсы көру — иманның белгісі, ал ансарларды жек көру — екіжүзділіктің белгісі***», — деген (әл-Бухари, 2573)**.**

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ансарларды мүминнен басқа ешкім жақсы көрмейді әрі екіжүздіден басқа ешкім жек көрмейді. Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді, ал оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді***» (әл-Бухари, 3572; Муслим, 75)**.**

Уа, Раббымыз! Ұлылық пен жомарттық Иесі! Сенің алдыңда ансарларды жақсы көретінімізге және муһәжирлерді жақсы көретінімізге куәлік береміз. Уа, Ұлылық пен жомарттық Иесі! Бізді муһәжирлермен және ансарлармен бірге, Елшімізбен ﷺ бірге Нығмет бақтарында жинауыңды сұраймыз. Осы дүниеде де, Ақыретте де бақытты болуымыз үшін бізді олардың мәнһәжін ұстанып, жолымен жүретіндерден етуіңді сұраймыз.

Уа, Аллаһ! Бізге дінімізді түсінуді нәсіп ете гөр!

Жәбир ибн АбдуЛлаһ (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Оның дініне жәрдем беру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала, осы ерлердің, ардақты сахабалардың бірі туралы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — ұлы сахаба, бану Сәләмәдан шыққан Жәбир ибн Абдуллаһ ибн Әмр ибн Харам ибн Сәғләбә. Оның куньясы — Абу Абдуллаһ. Оны Абу Абдуррахман деп те атайды. Ол — ансарлардан, хазраждықтардан, әс-Сәләми.

Ол Ғәқабадағы антқа қатысты әрі разылық антына қатысқандардың бірі болды.

Ол Бадр мен Ухудтан басқа барлық шайқасқа қатысты. Әкесі Абдуллаһ ибн Әмр (Аллаһ оған разы болсын) әпке-қарындастарының қасында

қалып, оларға қамқорлық жасауы үшін оған бұл шайқастарға қатысуға тыйым салған еді. Әкесі Ухуд шайқасында шәһид болғаннан кейін ол Аллаh Елшісімен ﷺ бірге болатын бірде-бір шайқасты қалдырмады[1].

Жәбир (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаh Елшісімен ﷺ бірге он тоғыз шайқаста соғыстым. Алайда Бадр мен Ухуд шайқастарына қатыспадым. Әкем мағаан оларға қатысуға тыйым салған еді*».

Сондай-ақ ол: «*Абдуллаh Ухуд күні өлтірілгеннен кейін, мен Аллаh Елшісімен ﷺ бірге болатын бірде-бір шайқасты қалдырмадым*», — деген (Муслим, 1813).

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Жәбир ибн Абдуллаh (Аллаh оған разы болсын) туралы әңгімеміз оның артықшылықтары мен өміріндегі айтулы оқиғалары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаh оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: оның (Аллаh оған разы болсын) Аллаh Елшісімен ﷺ бірге әл-Ғақаба түніне және Худәйбия бітіміне қатысуы.

Жәбир ибн Абдуллаh (Аллаh оған разы болсын): «*Мен әкеммен және екі нағашы ағаммен бірге Ғақабада болдым*», — деген (әл-Бухари 3678).

Ғақаба анты — ансарлардың Аллаh Елшісіне ﷺ, егер ол өздеріне қоныс аударса, оны өздерін, балаларын, әйелдері мен мал-мүлкін қорғағандай қорғайтындарына берген анты.

Кәғб ибн Мәлик (Аллаh оған разы болсын) Ғақаба антына қатысқандардың артықшылығы туралы былай деген: «*Мен Пайғамбармен ﷺ бірге Исламға адал болуға ант берген Ғақаба түнінде болдым. Бадр шайқасы адамдар арасында көбірек танымал болса да, мен Ғақабаны Бадр шайқасына айырбастамас едім*» (әл-Бухари, 3676).

Жәбир (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Худәйбия күні Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге: «**Бүгін сендер жер бетіндегі ең жақсы адамдарсыңдар**», — деді. Біздің санымыз мың төрт жүз адам еді*» (әл-Бухари, 3923; Муслим, 1856).

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/189–194).

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Худәйбия күні біз Аллаһтың Пайғамбарына шайқас алаңынан қашпайтынымызға ант бердік*»[1].

Екіншісі: оның дінді түсінуі және Аллаһ Елшісінің ﷺ сүннетін ұстануы.

Хасан ибн Мухаммад Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған разы болсын) жүніптіктен (жәнәбадан) ғұсыл алу туралы сұрады. Ол: «*Шашыңды сулап, денеңді жу*», — деп жауап берді. Әлгі адам: «*Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ қалай ғұсыл алатын?*», — деп сұрады. Ол: «*Ол басына үш уыс су құятын*», — деп жауап берді. Әлгі адам: «*Расында, мен — шашы қалың адаммын*», — деді. Ол: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ басындағы шашы сенікінен көп еді әрі өзі сенен жақсы еді!*», — деп жауап берді[2].

Мухаммад ибн Ғәббад ибн Жәғфардың Қағбаны тауаф жасап жүрген Жәбир ибн Абдуллаһ әл-Ансариден: «*Пайғамбардың ﷺ жұма күні ораза ұстауға тыйым салғанын естідің бе?*», — деп сұрағаны жеткізіледі. Ол: «*Иә! Бұған қатысты осы Үйдің Раббысымен ант етемін!*», — деп жауап берді (Муслим, 1143).

Мұсылман адамға нәпіл оразаны тек жұма күні ғана ұстауға рұқсат етілмейді. Алайда адам одан бір күн бұрын ораза ұстаған болса, оған жұма күні де ораза ұстау рұқсат етіледі.

Үшіншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны науқастанған кезінде көңілін сұрап баруы және ол туралы Аллаһтың Кітабынан аяттың түсуі.

Жәбирдің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде мен ауырып қалдым. Пайғамбар ﷺ Абу Бакрмен бірге менің көңілімді сұрау үшін жаяу келді. Мен ес-түссіз жатқандықтан, олармен сөйлесе алмадым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ дәрет алып, дәреттен қалған суды маған құйды. Мен есімді жиып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мал-мүлкіммен не істейін? Менің әпке-қарындастарым бар», — деп сұрадым*».

Сонда мұрагерлік туралы мына аят түсті:

﴿يَسْتَفْتُونَكَ قُلِ ٱللَّهُ يُفْتِيكُمْ فِي ٱلْكَلَٰلَةِۚ إِنِ ٱمْرُؤٌا۟ هَلَكَ لَيْسَ لَهُۥ وَلَدٌ وَلَهُۥٓ أُخْتٌ فَلَهَا نِصْفُ مَا تَرَكَۚ وَهُوَ يَرِثُهَآ إِن لَّمْ يَكُن لَّهَا وَلَدٌۚ فَإِن كَانَتَا ٱثْنَتَيْنِ فَلَهُمَا ٱلثُّلُثَانِ مِمَّا تَرَكَۚ وَإِن كَانُوٓا۟ إِخْوَةً رِّجَالًا وَنِسَآءً فَلِلذَّكَرِ مِثْلُ حَظِّ ٱلْأُنثَيَيْنِۗ يُبَيِّنُ ٱللَّهُ لَكُمْ أَن تَضِلُّوا۟ۗ وَٱللَّهُ بِكُلِّ شَىْءٍ عَلِيمٌ ﴿١٧٦﴾﴾

[1] «Муснад» имам Ахмад, (3/292); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

[2] Хадистің негізгі бөлігі әл-Бухариде келтірілген, (253).

«**Олар сенен үкім шығаруды сұрайды. Оларға: «Аллаһ сендерге «Кәлала» жайында пәтуа береді: Егер әке-шешесі және баласы жок біреу қайтыс болса, оның бір қыз туысы болса, сонда оған қалған мирастың жартысы тиесілі болады. Егер қыз туыстың баласы болмаса, еркек туысы оның мирасқоры болады. Егер қайтыс болған адамның қыз туысы екеу болса, екеуіне қалған мирастың үштен екісі тиесілі болады. Және мирасқорлар ер, әйелдер аралас болса, сонда бір ерге екі әйелдің үлесіндей тиеді. Аллаһ сендерге адаспауларың үшін ашық түсінік береді. Аллаһ әр нәрсені толық біледі**» («ән-Ниса» сүресі, 176-аят)»[1].

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен ауырып қалдым және менің жеті әпке-қарындасым бар еді. Сол кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ менің қасыма кіріп, бетіме су құйды. Содан кейін мен есімді жиып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мал-мүлкімнің үштен екісін әпке-қарындастарыма өсиет етіп қалдырсам болады ма?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Одан да жақсырақ істе**», — деп жауап берді. Сонда мен: «Мүмкін, жартысын қалдырармын?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Одан да жақсырақ істе**», — деп жауап берді. Содан кейін ол ﷺ мені қалдырып, шығып кетті. Кейін қайта келіп: «**Уа, Жәбир! Менің ойымша, сен бұл ауруыңнан қайтыс болмайсың. Расында, Аллаһ әпке-қарындастарыңа қанша үлес тиесілі екендігін түсіндірді. Ол оларға үштен екісі тиесілі деп үкім етті**», — деді*».

Жәбир: «*Құранның:*

﴿يَسْتَفْتُونَكَ قُلِ ٱللَّهُ يُفْتِيكُمْ فِى ٱلْكَلَٰلَةِ ۚ إِنِ ٱمْرُؤٌا۟ هَلَكَ لَيْسَ لَهُۥ وَلَدٌ وَلَهُۥٓ أُخْتٌ فَلَهَا نِصْفُ مَا تَرَكَ ۚ وَهُوَ يَرِثُهَآ إِن لَّمْ يَكُن لَّهَا وَلَدٌ ۚ فَإِن كَانَتَا ٱثْنَتَيْنِ فَلَهُمَا ٱلثُّلُثَانِ مِمَّا تَرَكَ ۚ وَإِن كَانُوٓا۟ إِخْوَةً رِّجَالًا وَنِسَآءً فَلِلذَّكَرِ مِثْلُ حَظِّ ٱلْأُنثَيَيْنِ ۗ يُبَيِّنُ ٱللَّهُ لَكُمْ أَن تَضِلُّوا۟ ۗ وَٱللَّهُ بِكُلِّ شَىْءٍ عَلِيمٌۢ ﴿١٧٦﴾﴾

«**Олар сенен үкім шығаруды сұрайды. Оларға: «Аллаһ сендерге «Кәлала» жайында пәтуа береді: Егер әке-шешесі және баласы жок біреу қайтыс болса, оның бір қыз туысы болса, сонда оған қалған мирастың жартысы тиесілі болады**», — *деген аяты мен туралы түсірілген*», — дейтін[2].

---

1 «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (6/224); «Сунан» Абу Дауд, (2886); «Муснад» имам Ахмад, (3/307); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 «Сунан» Абу Дауд, (2887); «Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (4/359); «Муснад» имам Ахмад, (3/372); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Төртіншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) ата-анасына жақсылық жасайтын.

Аллаһтың құлдары! Жәбир әкесінің көзі тірісінде оны тыңдап, оған бойсұну арқылы жақсылық жасайтын.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Әкем маған хазира (деген тағамды) дайындауды бұйырды. Мен оны дайындадым. Содан кейін ол оны Аллаһтың Елшісіне ﷺ апаруды бұйырды. Мен оны үйінде болған кезінде апарып бердім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Жәбир! Бұл не? Бұл ет пе?**», — деп сұрады. Мен: «Жоқ, бұл — хазира», — деп жауап бердім. Сонда ол оны менен алуды бұйырды. Мен әкеме қайтып келгенімде, ол: «Сен Аллаһтың Елшісін ﷺ көрдің бе?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Әкем: «Ол саған бірдеңе деді ме?», — деп сұрады. Мен: «Иә, ол: «**Уа, Жәбир! Бұл не? Бұл ет пе?**», — деп сұрады», — деп жауап бердім. Әкем: «Бәлкім, Аллаһтың Елшісі ﷺ ет қалаған шығар», — деді. Кейін әкем өзінде бар бір қойына жақындап, оны сойды. Содан кейін маған оны дайындауды бұйырды. Мен оны қуырдым. Кейін ол маған оны Аллаһ Елшісіне ﷺ апарады бұйырды және мен оны оған апардым. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ қасына келгенімде, ол өз орнында еді. Ол ﷺ: «**Уа, Жәбир! Бұл не?**», — деп сұрады. Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ әкеммен болған жайды айтып бердім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Аллаһ ансарларға, әсіресе (Жәбірдің әкесі) Абдуллаһ ибн Ғәмр мен Сәғд ибн Ғубәдәға біздің атымыздан жақсылықпен қайтарсын**», — деді*»[1].

Уа, Аллаһтың құлдары! Хадистегі дәлел — Жәбир ибн Абдуллаһтың әкесіне жақсылық жасап, оны тыңдап, оған бойсұнғаны. Бұл бізге әкесі оған Бадр мен Ухуд шайқастары кезінде әпке-қарындастарына қамқорлық жасау үшін олардың қасында қалуды бұйырған кезде, әкесін тыңдағанынан да айқын көрінеді.

Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) әкесі қайтыс болғаннан кейін де оған жақсылық жасады. Бұл оның үйленгенінен және әкесінің қарыздарын өтеуге ұмтылғанынан көрінеді. Әкесі қайтыс болар алдында оған әпке-қарындастарына қамқорлық жасауды және өзінің қарыздарын өтеуді өсиет еткен еді.

Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Ухуд шайқасының уақыты жақындағанда, түнде әкем мені шақырып: «Мен Пайғамбардың ﷺ сахабаларының арасында бірінші болып өлтірілемін деп ойлаймын. Мен өзімнен кейін Аллаһ Елшісінен ﷺ басқа сенен қымбат ешкімді қалдырмаймын. Менің қарызым бар, оны менің атымнан өте.*

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (15/487); «Мәжмәғ әз-зәуәид» (9/317); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1925) сенімді деп атаған.

Әпке-қарындастарыңа жақсы қарым-қатынас көрсет», — деген еді. Таңертең ол бірінші болып өлтірілген адам болды. Онымен бірге бір қабірге басқа бір адам да жерленді. Мен оны басқа адаммен бірге қалдырғым келмеді. Сондықтан жерленгенінен алты ай өткен соң оны қабірден қазып шығардым. Оның құлағынан басқа денесінің барлығы жерленген күніндегідей еді» (әл-Бухари, 1286).

Аллаһтың құлдары! Жәбирдің үйленгенінен де оның ата-анасына жақсылық жасағаны бізге айқын болады.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: «**Үйлендің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Ол ﷺ: «**Пәк қызға ма, әлде (бұрын) тұрмыста болған әйелге ме?**», — деп сұрады. Мен: «Бұрын тұрмыста болған әйелге», — деп жауап бердім. Ол ﷺ: «**Неге сен онымен ойнайтын, ол сенімен ойнайтын пәк қызға үйленбедің?**», — деп сұрады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әкем Ухуд күні өлтіріліп, артынан тоғыз қыз қалдырды. Мен оларға өздері секілді тәжірибесіз біреуді қосуды қаламадым. Алайда олардың шаштарын тарап, оларға қамқорлық жасайтын әйелге «үйленуді қаладым», — деп жауап бердім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен дұрыс істедің**», — деді*»[1]. Бұл — оның әкесіне жасаған жақсылығы.

Сондай-ақ Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: «**Уа, Жәбир! Үйлендің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Ол: «**Пәк қызға ма, әлде (бұрын) тұрмыста болған әйелге ме?**», — деп сұрады. Мен: «Бұрын тұрмыста болған әйелге», — деп жауап бердім. Ол: «**Неге сен онымен ойнайтын, ол сенімен ойнайтын пәк қызға үйленбедің?**», — деп сұрады. Мен: «Расында, Абдуллаһ (яғни оның әкесі) қаза тауып, қыздарды қалдырды. Мен оларға өздері секілді біреуді қосуды қаламадым. Сондықтан оларға қамқорлық жасайтын әйелге үйлендім», — деп жауап бердім. Пайғамбар ﷺ: «**Аллаһ саған береке берсін**», немесе: «**Бұл істе сен үшін жақсылық болады**», — деді*» (әл-Бухари 5052).

Аллаһтың құлдары! Жәбирдің әкесі қайтыс болғаннан кейін де оған жақсылық жасағаны әкесінің қарыздарын өтеуге ұмтылғанынан айқын болады.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «***Мен әкемнің қарызы үшін Аллаһ Елшісіне ﷺ келдім. Мен оған ұшқын секілді бардым***»[2].

---

1 «Китәб әс-сунан» әл-Бәйхәқи, (1/168); «Муснад» имам Ахмад, (3/308); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Муснад» имам Ахмад, (3/297); Хадистің иснады сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Әкем қарыздар қалдырып қайтыс болды. Мен Пайғамбарымызға ﷺ келіп: «Әкем қарыздар қалдырып қайтыс болды. Менде оларды өтеуге пальмаларда өсетін өнімнен басқа ештеңе жоқ. Алайда олардан алынатын өніммен қарыздарды өтеу үшін жылдар қажет болады. Сондықтан қарыз берушілер маған қатысты шектен шықпауы үшін менімен бірге жүріңізші», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ келіп, құрма үйінділерінің бірін айналып, Аллаһқа жалбарынды. Содан кейін басқа бір үйіндімен де солай істеді. Одан кейін оның үстіне отырып: «**Оларға өлшеп бер**», — деді. Ол оларға тиесілінің барлығын толық берді. Және одан кейін де оларға бергеніндей мөлшерде құрма қалды*» (әл-Бухари, 3387).

Бесіншісі: оның Аллаһ Елшісіне ﷺ жақындығы.

Аллаһтың құлдары! Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) сапарда да, сапарда болмаған кезінде де Аллаһ Елшісіне ﷺ өте жақын еді.

Бұл Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге сапарда болдық*», «*Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге соғыстық*», «*Мен Аллаһ Елшісін ﷺ көрдім*», «*Мен Аллаһ Елшісін ﷺ былай дегенін естідім*»… деген және сол сияқты басқа да сөздерінен айқын болады.

Сондықтан Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) бізге Аллаһ Елшісінен ﷺ мол білім сақтап қалды. Бұған мысал ретінде келесі хабарларды келтіруге болады:

1) Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс боларынан үш күн бұрын: «**Сендердің ешқайсыларың Аллаһ туралы жақсы ойда болмай өлмесін**», — дегенін естідім*» (Муслим, 2877).

2) Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Тәбукта жиырма күн болып, намазды қысқартып оқыған*»[1].

3) Жәбир (Аллаһ оған разы болсын): «*Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге қажылыққа аттандық. Бізбен бірге әйелдер мен балалар да болды*», — деген[2]. Жәбир бізге Пайғамбарымыздың ﷺ қажылығын өз көзіңмен көріп тұрғандай етіп сипаттап берді. Бұл оның Аллаһ Елшісіне ﷺ жақындығын көрсетеді.

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (6/456); «Мәуәрид әз-зәмғән», (145-бет); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (3/152); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд (345-бет); «Муснад» имам Ахмад, (3/295); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сай сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (9/227); «Муснад» Абу Яғлә, (384-бет); «Муснад» имам Ахмад, (3/292); Хадистің иснады сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

4) Жәбир (Аллаh оған разы болсын): *«Мен Пайғамбармен ﷺ, Абу Бакрмен және Умармен бірге нан мен ет жедім. Содан кейін олар намаз оқыды, бірақ дәрет алған жоқ»*, — деген[1].

5) Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаh оған және оның әкесіне разы болсын) оның Аллаh Елшісімен ﷺ бірге Нәждке дайындалған әскери жорыққа қатысқаны жеткізіледі. Аллаһтың Елшісі ﷺ кері қайтқанда, ол (да) онымен бірге болды. Түскі тынығатын уақытта олар тікенді бұталар қалың өскен бір аңғарда еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ мінген жануарынан түсті. Ал адамдар ағаштардың көлеңкесін паналауды қалап, сол тікенді бұталардың арасында жан-жаққа тарады. Аллаһтың Елшісі ﷺ (де) қылышын акацияға іліп, оның көлеңкесіне жайғасты. Аздап ұйықтағаннан кейін, кенеттен Аллаh Елшісінің ﷺ бізді шақырып жатқанын естідік. Біз оның қасына бардық. Сөйтсек, оның жанында бір бәдәуи отыр екен. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Мен ұйықтап жатқанда, мына адам қылышымды қынынан суырып, маған қарай көтерді. Мен оянғанда, қолында жалаң қылыш ұстап тұрды. Ол менен: «Сені менен кім қорғайды?», — деп сұрады. Ал мен оған үш рет: «Аллаh!», — деп жауап бердім***», — деді. Осыдан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ оны жазаламады (әл-Бухари, 2753).

6) Жәбир (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Біз Пайғамбардың ﷺ жанында отырған едік. Сонда ол ﷺ алдына мынадай сызық сызып: «**Бұл — Аллаһтың жолы**», — деді. Кейін оның оң жағына екі, сол жағына екі сызық сызды да: «**Ал бұл — шайтанның жолдары**», — деді. Содан кейін қолын ортадағы сызықтың үстіне қойып:*

﴿وَأَنَّ هَٰذَا صِرَٰطِي مُسْتَقِيمًا فَٱتَّبِعُوهُ ۖ وَلَا تَتَّبِعُوا۟ ٱلسُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَن سَبِيلِهِۦ ۚ ذَٰلِكُمْ وَصَّىٰكُم بِهِۦ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ﴿١٥٣﴾﴾

«**Күдіксіз, менің тура жолым — осы. Енді соған еріңдер. Басқа жолдарға түспеңдер, өйткені олар сендерді Аллаһтың жолынан тайдырады. Бұны сендерге Аллаh өсиет етті. Бәлкім сақтанарсыңдар…**» («әл-Әнғәм» сүресі, 153-аят), *— деген аятты оқыды*»[2].

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалар өте көп. Біз солардың біреуін ғана атап өтеміз. Бұл — оның Хандақ шайқасындағы жомарттығы.

---

1 «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (1/51); «Муснад» Абу Яғлә, (3/461); «Муснад» имам Ахмад, (3/304); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (1/345); «Муснад» имам Ахмад, (3/397); Хадис оны қуаттайтын хадистер бар болған себепті жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Ор шайқасы кезінде біз сол орды қазып жатқанымызда кетпен өтпейтіндей қатты жерге тап болдық. Сонда адамдар Пайғамбарға ﷺ келіп: «Біз ордан осындай жерге тап болдық», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мен (ол жерге) өзім түсемін**», — деді. Ол ﷺ орнынан тұрғанда, ішіне тас байлап алғаны көрінді, өйткені сол кезге дейін біз үш күн бойы ештеңе жемеген едік. Төмен түскен Пайғамбар ﷺ кетпенді алып, (сол жерді) ұрды және ол құм үйіндісіне айналды. Сонда мен Пайғамбарымыздан ﷺ: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған үйге (барып келуіме) рұқсат беріңіз», — деп сұрадым. Үйде әйеліме: «Пайғамбардың ﷺ жағдайы бұдан әрі төзуге болмайтындай екенін көріп тұрмын! Сенде бірдеңе бар ма?», — дедім. Ол: «Менде арпа мен лақ бар», — деп жауап берді. Мен лақты сойдым, ал ол арпаны тартты. Содан кейін біз етті қазанға салдық. Қамыр иленіп, қазандағы ет отқа қойылып, пісуге таяғанда, Пайғамбарға ﷺ қайтып барып, (оған): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менде кішігірім тамақ бар. Өзіңізбен бірге бір-екі адамды алып, жүрейік!», — дедім. Ол ﷺ: «Қанша тамағың бар», — деп сұрады. Мен оған жауап бердім. Ол ﷺ (менің жауабымды естіп): «**Көп әрі жақсы екен! Әйеліңе мен келгенше қазанды оттан түсірмеуін және нанды пештен шығармауын айт!**», — деді. Содан кейін ол ﷺ (адамдарға): «**Тұрыңдар!**», — деді. Муһәжирлер мен ансарлар (орындарынан) тұрды. Мен (әйеліме) қайтып келіп, (оған): «Қасірет саған! Пайғамбар ﷺ муһәжирлермен, ансарлармен және солармен бірге болғандармен келді!», — дедім. Ол: «Ал ол сенен сұрады ма?», — деді. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Пайғамбарымыз ﷺ біздің үйге келгенде адамдарға: «**Кіріңдер әрі қысылпаңдар!**», — деді. Содан кейін ол нанды үзіп, үстіне ет сала бастады. Пештен бір нәрсе алған сайын қазан мен пештің бетін жауып, ет салынған нан бөліктерін сахабаларының алдына қойып отырды. Содан кейін (қайтадан) қазаннан ет алып отырды. Ол ﷺ барлығы тойғанша нанды үзіп, етті ала берді. Содан кейін де біраз тамақ артылды. Сонда ол ﷺ әйеліме: «**Өзің де же, ал қалғанын басқаларға таратып бер. Өйткені, расында, адамдарды аштық жайлады!**», — деді*» (Әл-Бухари, 3875).

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) жомарттығының тағы бір дәлелін келтірейік.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбарға ﷺ келіп, әкемнің мойнында болған қарызды өтеуге көмек сұрадым. Пайғамбар ﷺ: «Мен сендерге келемін», — деді. Мен қайтып келіп, әйеліме: «Аллаһ Елшісімен ﷺ сөйлеспе әрі одан ештеңе сұрама», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ бізге келді. Біз оған қолымызда бар малды сойдық. Пайғамбарым ﷺ: «**Уа, Жәбир! Сендер біздің етті жақсы көретінімізді білетін***

***сияқтысыңдар»**, — деді. Пайғамбарымыз ﷺ сыртқа шыққанда, әйелім оған: «Мен және күйеуім үшін дұға етіңіз», немесе: «Біз үшін дұға етіңіз», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Аллаh! Оларға береке бер**», — деді».*

Жәбир әйеліне: «*Мен саған тыйым салмадым ба?*», — деді. Сонда оның әйелі оған: «*Аллаh Елшісі ﷺ біздің үйге келіп, біз үшін дұға етпейді деп ойлайсың ба?!*», — деп жауап берді[1].

Бұл — ұлы сахаба Жәбир ибн Абдуллаh. Әкесіне келсек, Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһтың онымен ешқандай пердесіз тікелей сөйлескенін хабарлаған. Аллаh оған: «**Сұра және Мен саған беремін**», — деді.

Жәбирдің былай баяндағаны жеткізіледі: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ мені кездестіріп: «**Уа, Жәбир! Неге сені сонша күйзелген күйде көріп тұрмын?!**», — деп сұрады. Сонда мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әкем шәһид болып қаза тапты әрі артында балалар мен қарыздар қалдырды», — деп жауап бердім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сені Аллаh Тағаланың әкеңді қалай қарсы алғаны туралы хабармен қуантайын ба?**», — деді. Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап бердім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Аллаh ешкіммен передесіз сөйлеспеген. Ал сенің әкеңе келсек, Ол оны тірілтіп, онымен ешқандай пердесіз тікелей сөйлесті. Аллаh оған: «Уа, құлым! Тіле және Мен саған тілегеніңді беремін**», — деді. Әкең: «Уа, Раббым! Мені тірілте гөр, сонда Сен үшін екі рет өлтірілген болайын», — деді. Сонда аса Жоғары Раббысы оған: «Мен өлгендердің дүниелік өмірге қайта оралмайтынына үкім еттім», — деп жауап берді», — деді»*

Сол кезде:

﴿وَلَا تَحۡسَبَنَّ ٱلَّذِينَ قُتِلُواْ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ أَمۡوَٰتَۢاۚ﴾

«**Аллаh жолында өлтірілгендерді ешбір жағдайда өлі деп санама…**», — деген аят түскен еді («Әли Имран» сүресі, 169-аят)»[2].

Пайғамбарымыз ﷺ оның Ухуд шайқасында шәһид болғаннан кейін періштелердің оны қанаттарымен жауып тұрғанын хабарлаған.

Жәбир ибн Абдуллаһтың (Аллаh оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Ухуд күні өлтіріліп, денесі бұлдірілген әкемнің денесі әкелініп, Аллаh Елшісінің ﷺ алдына қойылған кезде, мен оның бетіндегі киімді көтеру үшін жақындадым. Бірақ тайпаластарым мұны істеуіме тыйым салды. Мен тағы бір рет әрекет жасадым, бірақ*

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (3/303); Хадистің иснады сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 Әт-Тирмизи, (3010); Ибн Мәжаh, (190); «Мәсобих әз-зужәжә», (1/27); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әз-Зыләл», (602) және «әт-Тәғлиқ әр-рағибте», (2/190–191) жақсы деп атаған.

*тайпаластарым қайтадан тыйым салды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оны алып кетуді бұйырды. Осы кезде ол қатты өксіп жылаған әйелдің дауысын естіп: «**Бұл кім?**», — деп сұрады. Адамдар: «Бұл — Әмрдың қызы немесе қыз бауыры», — деп жауап берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ол неге жылап жатыр?**», немесе: «**Ол жыламасын. Сендер оны алып кеткенге дейін періштелер оны қанаттарымен жауып тұрды**», — деді»* (Муслим, 1231).

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр.

Абу Талхә әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ансарларды мүминнен басқа ешкім жақсы көрмейді әрі екіжүздіден басқа ешкім жек көрмейді. Аллаһ оларды жақсы көрген адамды жақсы көреді, ал оларды жек көрген адамды жек көреді***».

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: «***Менің сахабаларымды балағаттаған адамға Аллаһтың, періштелердің және барлық адамдардың лағынеті болады***», — деген.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі туралы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абу Талхә әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын). Ол — Зәйд ибн Сәһл ибн ән-Нәжжар әл-Әнсари әл-Хәзрәжи Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабасы әрі Бадр шайқасына қатысқандардың бірі. Ол өзінің Абу Талхә әл-Әнсари деген лақап атымен танылған.

Абу Талхә әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның Исламды қабылдауы, артықшылықтары және өміріндегі кейбір жайттар жайында болмақ.

Оның Исламды қабылдауы

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мәлик (яғни Әнастың әкесі) әйелі Умм Сулаймге (яғни Әнастың анасына): «Расында, мына адам шарапқа тыйым салып жатыр», — деп, Пайғамбарды ﷺ меңзеді. Ол жолға шығып, Шамға жетті де, сол жерде қайтыс болды. Содан кейін Абу Талхә Умм Сулаймге құда түсіп, онымен осы жайында сөйлесті. Умм Сулайм: «Аллаһпен ант етемін! Уа, Абу Талхә! Сен секілді адамға жоқ демейді. Алайда сен — кәпір адамсың, ал мен — мұсылман әйелмін. Сондықтан менің саған тұрмысқа шығуыма болмайды», — деді. Абу Талхә: «Бұл мені қызықтырмайды», — деді. Умм Сулайм: «Онда сені не қызықтырады?», — деп сұрады. Ол: «Сары мен ақ», — деп, алтын мен күмісті меңзеді. Умм Сулайм: «Расында, мен сарыны да, ақты да қаламаймын. Мен тек сенің Исламды қабылдауыңды қалаймын. Егер Исламды қабылдасаң, сол мен үшін мәхр болады әрі сенен басқа ештеңе сұрамаймын», — деді. Абу Талхә: «Маған бұл істе кім көмектесе алады?», — деп сұрады. Умм Сулайм: «Бұл істе саған Аллаһтың Елшісі көмектеседі», — деп жауап берді. Абу Талхә Пайғамбарға ﷺ қарай бет алды, сол кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабаларының арасында отыр еді. Пайғамбар ﷺ оны көргенде: «**Сендерге Абу Талхә келді. Оның екі көзінің арасында Ислам нұры жарқырап тұр**», — деді. Ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ Умм Сулаймнің айтқанын жеткізді және оған осы шартпен үйленді».*

(Әнастан жеткізуші) Сәбит былай деген: «*Біз Умм Сулайм талап еткеніндей асыл мәхр талап еткен әйел туралы естіген емеспіз. Ол мәхр ретінде Исламды қабылдауды талап етті*»[1].

---

[1] «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (4/65); «Сунан» әт-Тәялуси, (273-бет); «әл-Мужтәбә» ән-Нәсәи, (3341); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ән-Нәсәи әл-Мужтәбәға» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: ол жас кезінде де, қартайған кезінде де Аллаһтың жолында жиһад жасап, шайқас алаңында алға шығатын батыл адам болған.

Бадр шайқасы

Абу Талхә (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бадр шайқасы күні мені қалғу басқанда, қылышым қолымнан бірнеше рет түсіп кеткен еді*»[1].

Ухуд шайқасы

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Талхә Ухуд шайқасы күні Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында (садақпен) оқ атып тұрды. Ол садақпен жақсы ататын*» (Әл-Бухари, 3600; Муслим, 1811).

Хунәйн шайқасы

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Хунәйн шайқасы күні Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Кім адамды, — яғни кәпірді, — өлтірсе, соған оның олжасы тиесілі болады**», — деді. Абу Талхә сол күні жиырма адамды өлтіріп, олардың олжаларын алды*»[2].

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Абу Талхәнің әскердегі ұрандаған даусы бір жасақтан жақсы***», — деген.

Абу Талхә оның, яғни Пайғамбарымыздың ﷺ алдына тізерледі. Содан кейін қорамсағындағы жебелерін шашып: «*Менің жүзім сіздің жүзіңіздің алдында қалқан, ал менің жаным — сіздің жаныңыздың өтемі*», — деген еді[3].

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Абу Талхәнің ұрандаған даусы мүшриктерге тұтас бір жасақтан да ауыр***», — деген[4].

---

1 Әл-Бухариде хадис «қалғу» сөзі айтылмай келтірілген, (3600); «Муснад» Абу Яғлә, (3/19).

2 «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (6/306); «әл-Әхадис әл-мухтара», (4/360); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/378); «Муснад» имам Ахмад, (3/123); Абу Дауд, (2718); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

3 «Муснад» әл-Хәмиди, (2/506); «Муснад» Абу Яғлә, (7/71); «Китәб әс-сунан» Абу Усман әл-Хурасани, (2/371); «Муснад» имам Амхад, (3/261); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

4 «Әл-Әхәдису әл-мухтәра», (5/44); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/312); «Муснад» имам Ахмад, (3/203); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (407-бет); Шейх әл-Әлбәни «әс-Сахихада»: «Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Абу Талхәнің әскердегі ұрандаған даусы мың ерден жақсы***», — деген[1].

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) Абу Талхәнің «әл-Бара» («ат-Тәубә») сүресін оқып:

﴿ٱنفِرُواْ خِفَافًا وَثِقَالًا وَجَٰهِدُواْ بِأَمۡوَٰلِكُمۡ وَأَنفُسِكُمۡ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِۚ ذَٰلِكُمۡ خَيۡرٞ لَّكُمۡ إِن كُنتُمۡ تَعۡلَمُونَ﴾

«**Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығыңдар. Сондай-ақ Аллаһ жолында малдарыңмен, жандарыңмен соғысыңдар. Бұл сендер үшін хайырлы, егер білген болсаңдар**», — деген аятқа жеткенде: «*Мен Раббымның маған жас болсам да, қарт болсам да, жорыққа шығуды бұйырып тұрғанын көріп тұрған жоқпын ба? Ендеше, мені жарақтаңдар*», — дегені жеткізіледі. Оның балалары оған: «*Сіз Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге ол қайтыс болғанша соғыстыңыз. Сіз Абу Бакрмен бірге ол қайтыс болғанша соғыстыңыз әрі Умармен бірге де соғыстыңыз. Ал енді сіз үшін біз соғысамыз!*», — деді. Ол: «*Мені жарақтаңдар*», — деді. Оны жарақтады және ол теңізге шығып, қайтыс болды. Адамдар оны жерлеуге аралды тек жеті күннен кейін ғана тапты. Осы уақыт ішінде оның денесі өзгермеген еді[2].

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿۞ وَمَن يُهَاجِرۡ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِ يَجِدۡ فِي ٱلۡأَرۡضِ مُرَٰغَمٗا كَثِيرٗا وَسَعَةٗۚ وَمَن يَخۡرُجۡ مِنۢ بَيۡتِهِۦ مُهَاجِرًا إِلَى ٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ يُدۡرِكۡهُ ٱلۡمَوۡتُ فَقَدۡ وَقَعَ أَجۡرُهُۥ عَلَى ٱللَّهِۗ وَكَانَ ٱللَّهُ غَفُورٗا رَّحِيمٗا ١٠٠﴾

«**Кім Аллаһтың жолында шықса, көптеген кең қоныс және кеңшілік табады. Сондай-ақ біреу үйінен Аллаһтың және Оның Елшісіне шығып, оған өлім жетсе, оның сыйын беру Аллаһтың өзіне тән болады. Аллаһ аса Жарылқаушы, Рахымды**» («ән-Ниса» сүресі, 100-аят).

Екіншісі: оның жомарттығы.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Абу Талхә мені Аллаһ Елшісін ﷺ шақыруға жіберді. Ол оған тамақ дайындаған еді. Мен адамдармен бірге болған Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарай бет алдым. Ол маған қарағанда, мен ұялдым. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Сені Абу Талхә жіберді ме?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарға: «**Тұрыңдар!**», — деп бұйырды. Абу Талхә: «Уа,*

---

1 «Әл-Мустәдрәк ғәлә әс-сахихайн», (3/397); «Муснад әл-харис» әл-Хәйсәми, (2/927); «Хилият әл-әулия», (7/309); Хадис сенімді.

2 «Әл-Мустәдрәк ғәлә әс-сахихайн», (2/114); «Муснад» Абу Яғлә, (6/138); «әл-Әхәд уә әл-мәсәни», (3/444); «әз-Зухд» Ибн Аби Ғасым, (1/251); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1897) келтірген.

*Аллаһтың Елшісі! Мен сіз үшін бір нәрсе дайындадым», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ тамаққа қолын тигізіп, береке сұрады. Кейін ол ﷺ: «**Сахабаларымның бір тобын, он адамды, кіргізіңдер**», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жеңдер**», — деді. Олар тойғанша тамақтанып, шығып кетті. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ (қайтадан): «**Он адамды кіргіз**», — деді. Олар үйге кіргізілді де, тойғанша тамақтанып, кейін шығып кетті. Олар он адамнан кіріп-шыға берді. Ақырында кіріп, тойғанша тамақ ішпеген ешкім қалмады. Содан кейін қалған тамақ жиналғанда, оның бастапқыда қанша болса, сонша қалғаны белгілі болды»* (Муслим, 2040).

Үшіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ қоштасу қажылығында шашын алдырған кезде оған басындағы шашының жартысын берген.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ бағандарға ұсақ тастарды лақтырып, құрбандық малдарын шалғаннан кейін шаш алушы адамға басының оң жағын алдырды. Ол оның шашын қырды. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ Абу Талхә әл-Әнсариді (Аллаһ оған разы болсын) өзіне шақырып, қырылған шашын берді. Одан кейін шаш алушыға басының сол жағын алдырып: «**Қыр!**», — деді. Ол Пайғамбардың ﷺ шашын қырып болғанда, Пайғамбар шашты Абу Талхәға беріп: «**Мұны адамдардың арасында бөл**», — деді*» (Муслим, 1305).

Төртіншісі: ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ қабіріндегі ләхдті қазған адам.

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Адамдар Аллаһ Елшісіне ﷺ қабір қазбақ болған еді. Абу Убәйда ибн әл-Жәррах меккеліктер қазғандай қазатын, ал Абу Талхә мәдиналықтарға қабірді ләхдпен қазатын. Аббас екі адамды шақырып, олардың біріне: «Абу Убәйдаға бар», — деді. Ал екіншісіне: «Абу Талхәға бар», — деді де: «Уа, Аллаһ! Елшің үшін қайырлысын таңдай гөр!», — деп дұға етті. Абу Талхәні шақыруға кеткен адам оны тауып, онымен бірге келді және ол Аллаһ Елшісіне ﷺ ләхд қазды*»[1].

Бұл — Абу Талхә әл-Әнсаридің (Аллаһ оған разы болсын) ұлы артықшылығы.

Бесіншісі: оның Пайғамбар ﷺ қайтыс болғаннан кейін көп ораза ұстауы.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Абу Талхә Аллаһ Елшісінің ﷺ заманында (жиһад себепті) көп ораза ұстамайтын. Ал Пай-*

[1] «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (3/407); «Мәсобих әз-зужәж», (2/56); «Муснад» Абу Яғлә, (1/31); «Муснад» имам Ахмад, (1/8); Бұл хадис оны растайтын басқа да хадистер бар себепті сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

ғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін жолаушылықта болған немесе ауырған кездерінен басқа уақытта ораза ұстауды қалдырмайтын»[1].

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде Абу Талхә әскери жорықтарға үнемі қатысатындықтан ешқашан нәпіл ораза ұстамайтын. Алайда Пайғамбар ﷺ қайтыс болғаннан кейін, Ораза айт күні мен Құрбан айт күнін қоспағанда, оның ораза ұстамағанын ешқашан көрмедім*» (Әл-Бухари, 2673).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өмірінде орын алған айтулы оқиғалар өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың жолында малмүлік жұмсаудағы ұстанымы.

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Ансарлардың ішінде Мәдинада ең көп құрма ағашы (пальмасы) болған адам — Абу Талхә еді. Ол өзіне тиесілі дүниелердің ішінде мешіттің қарсысында орналасқан Бәйруха бағын қатты жақсы көретін. Аллаһтың Елшісі ﷺ ол жерге жиі келіп, ондағы жақсы судан ішетін.*

﴿لَن تَنَالُواْ ٱلۡبِرَّ حَتَّىٰ تُنفِقُواْ مِمَّا تُحِبُّونَۚ وَمَا تُنفِقُواْ مِن شَيۡءٖ فَإِنَّ ٱللَّهَ بِهِۦ عَلِيمٞ ٩٢﴾

«**Сүйген нәрселеріңді Аллаһтың жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар. Не берсеңдер де, Аллаһ оны толық біледі**», — *деген аят түскеннен кейін Абу Талхә Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Аллаһ Тағала:* «**Сүйген нәрселеріңді Аллаһтың жолында жұмсамайынша, әсте жақсылыққа жете алмайсыңдар**…», — *деді. Ал маған тиесілі дүниелердің ішінде бәрінен де жақсы көретінім — Бәйруха бағы. Ендеше, ол Аллаһтың разылығы үшін берілген садақа болсын. Мен оның арқасында изгілікке жетіп, Аллаһтың алдында өзіме қор жинаймын деп үміттенемін. Уа, Аллаһтың Елшісі, оны Аллаһ қалай нұсқаса, солай пайдаланыңыз», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Тамаша! Бұл мал-мүлік табыс әкеледі, міндетті түрде әкеледі! Мен сенің сөздеріңді естідім. Расында, оны туған-туыстарың мен жақындарыңа беруің керек деп санаймын**», — деді. Абу Талхә: «Уа, Ал-*

[1] «Муснад» имам Ахмад, (3/104); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сай сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

лаһтың Елшісі! Мен солай істеймін», — деді де, кейін оны туыстары мен көкесінің ұлдарының арасында бөліп берді» (Әл-Бухари, 1392).

Уа, Аллаһтың құлдары! Сахабалардың садақаны қалай бергеніне қарап, олардан үлгі алыңдар.

Екіншісі: Аллаһ Тағаланың шарапқа тыйым салуы.

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Абу Талханың үйінде адамдарға (шарап) құйып беріп тұратынмын. Ол үйінде кейбір жолдастарын жинайтын. Сол кезде бір адам келіп: «Расында, шарапқа тыйым салынды», — деді. Сонда Абу Талхә маған: «Бар да, бұл жайлы біліп кел», — деді. Мен сыртқа шығып қарадым да, жаршының: «Расында, шарапқа тыйым салынды!», — деп жариялағанын естідім де, оған бұл жайлы хабарладым. Сонда Абу Талхә: «Барып, шарапты төгіп таста», — деді. Мен барып, оны төгіп тастадым*» (Әл-Бухари, 4344).

Басқа бір риуаятта Әнас: «…*Олар: «Өзіміз көріп, сұрап алғанша күтейік», — демеді. Қайта: «Уа, Әнас, ыдысыңда қалғанын төгіп таста», — деді. Аллаһпен ант етемін, олар оған қайта оралмады*», — деген[1].

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Талхә Аллаһ Елшісінен ﷺ шарапты мұра ретінде алған жетімдер туралы сұрады. Пайғамбар ﷺ: «**Оны төгіп тастаңдар**», — деді. Абу Талхә: «Одан сірке жасасақ болады ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жоқ**», — деп жауап берді*»[2].

﴿إِنَّمَا كَانَ قَوْلَ ٱلْمُؤْمِنِينَ إِذَا دُعُوٓاْ إِلَى ٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ لِيَحْكُمَ بَيْنَهُمْ أَن يَقُولُواْ سَمِعْنَا وَأَطَعْنَاۚ وَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ٥١﴾

«**Шын мәнінде мүминдер, араларына үкім беруге шақырылғанда, олардың сөздері: «Естідік әрі бойұсындық», — деу болады. Міне, солар — құтылушылар**» («ән-Нур» сүресі, 51-аят).

Уа, Абу Талха! Аллаһ саған разы болсын! Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына Аллаһ разы болсын! Аллаһ бізді сенімен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге Нығмет бақтарында жинасын.

Үшіншісі: оның әйелі Умм Сулеймен бірге баласының қазасына сабыр етуі.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Талхәнің ұлы ауырып қалды. Абу Талхә мешітке шығып кеткенде, оның ұлы қайтыс болды. Умм Сулейм қайтыс болған баланы дайындады. Ол үй ішіне: «Абу Талхәға*

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (3/181); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Муснад» имам Ахмад, (3/119); Хадистің иснады жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

*ұлының қайтыс болғанын ешкім айтпасын», — деді. Ол үйіне қайтып келді. Онымен бірге мешітке келетін жолдастары да бар еді. Ол: «Бала не істеп жатыр?», — деп сұрады. Әйелі: «Ол бұрынғыдан жақсырақ күйде», — деп жауап берді. Ол оларға кешкі ас берді. Олар кешкі асын ішіп, адамдар кетіп қалды, ал әйелі күйеуі үшін сәнденді. Ал түннің соңында: «Уа, Абу Талхә! Егер бір адамдар әлдекімдерге бір нәрсені қарызға берсе, ал олар оны пайдаланып, кейін өздерінен оны қайтаруды талап еткенде, бұған жақтырмаушылық танытқандай болса, сен не дер едің?», — деді. Абу Талхә: «Олар әділдік танытпаған болады», — деп жауап берді. Умм Сулəйм: «Расында, сенің ұлың Берекелі әрі Аса Жоғары Аллаһтың берген қарызы еді. Расында, Аллаһ оны қайтарып алды», — деді. Абу Талхә: «Лə хаулə уə лə қууəтə иллə биллəһ», — деп, Аллаһқа мақтау айтты, ал таң атқанда Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарай бет алды. Пайғамбар ﷺ оны көргенде: «**Аллаһ сендердің осы түндеріңе береке берсін**», — деді. Осыдан кейін Умм Сулəйм Абдуллаһпен жүкті болды…»*[1].

Хадисті жеткізуші былай деген: «*Біз Пайғамбарымыздың ﷺ дұғасының берекесімен осы баланың ұрпақтарынан Аллаһтың Кітабының он хафизі шыққанын көрдік*».

Төртіншісі: Оның Ухуд шайқасындағы батылдығы, алға ұмтылуы, жанқиярлығы және Аллаһ Елшісін ﷺ қорғауы.

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Ухуд (шайқасы) күні адамдар Пайғамбарды ﷺ (қалдырып) қаша жөнелді. Оның алдында тек Абу Талхә ғана тұрып, оны өзінің (теріден жасалған) қалқанымен қорғап тұрды. Абу Талхә садақпен жақсы ататын әрі оны әрдайым қатты керіп ұстайтын. Сол күні ол өзінің екі не үш садағын сындырып алды. Жебелі қорамсағы бар қандай да бір адам өткенде, Пайғамбар ﷺ оған: «**Оларды Абу Талхәнің алдына шашып таста!**», — деген. Ал Пайғамбарымыз ﷺ (мойнын созып, жауларға) қарағаң кезде, Абу Талхә оған: «Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын! (Оларға) қарамаңыз, әйтпесе сізге жебе тиіп кетуі мүмкін. Ол сізге емес, маған тисін!», — дейтін…*» (Әл-Бухари, 3837).

Сондай-ақ Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Абу Талхә Ухуд шайқасында Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында садақпен атып тұрды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оның жебелерінің қайда тиіп жатқанын көру үшін оның арт жағынан басын көтеретін. Абу Талхә Аллаһ Елшісін ﷺ қорғап, оны кеудесімен жауып: «Осылай, уа, Аллаһтың Елшісі!*

[1] «Муснад» имам Ахмад, (3/105); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Аллаһ мені сіз үшін өтем етсін! Менің кеудем — сіздің кеудеңізге қалқан», — дейтін»[1].

Бұлар — ерлер! Сондықтан Аллаһ Тағала бізге олардың жолымен жүруді және солардай болуды бұйырды. Аллаһ Елшісінен ﷺ тәрбие алған, Исламда болуды абырой санаған әрі Аллаһ Ислам діні арқылы ұлықтаған осы адамдардың жолымен жүрген адам бақытты болады.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе ең көркем түрде қайтара гөр.

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (10/443); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/398); «Муснад» имам Ахмад, (3/105); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1896) келтірген.

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فِي بُيُوتٍ أَذِنَ ٱللَّهُ أَن تُرۡفَعَ وَيُذۡكَرَ فِيهَا ٱسۡمُهُۥ يُسَبِّحُ لَهُۥ فِيهَا بِٱلۡغُدُوِّ وَٱلۡأٓصَالِ ٣٦ رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**(Бұл нұр) Аллаһтың жоғары бағаланып, ішінде өз атының зікір етілуіне бұйырған үйлерде болады. Онда ертелі-кеш Оны дәріптейді. Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады**» («ән-Нур» сүресі, 36–37-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّمَا ٱلۡمُؤۡمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمۡ يَرۡتَابُواْ وَجَٰهَدُواْ بِأَمۡوَٰلِهِمۡ وَأَنفُسِهِمۡ فِي سَبِيلِ ٱللَّهِۚ أُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ١٥﴾

«**Шын мәнінде сондай Аллаһқа, Елшісіне иман келтірген мүминдер, сосын күдіктенбей Аллаһтың жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар — шыншылдар**» («әл-Хужурат» сүресі, 15-аят).

Аллаһтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабалары — Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші етіп таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі туралы болмақ. Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Әнас ибн Мәлик әл-Әнсари әл-Хәзрәжи әл-Бухари әл-Мәдани.

Оны Абу Хамза деп те атайтын. Сондай-ақ ол — мухаддис, Құран білгірі, көптеген хадистерді жеткізуші, имам және муфти болған.

Ол Аллаһ Елшісіне ﷺ қызмет еткен әрі сахабалардың арасында ең соңғы қайтыс болғаны еді.

Оның анасы — Умм Сулəйм (Аллаһ оған разы болсын). Пайғамбарымыз ﷺ оны Жәннатпен сүйіншілеп: «***Маған Жәннат көрсетілді әрі мен онда Абу Талхәнің әйелін көрдім…***» — деген (Муслим, 2457).

Оның бауыры — Бəро ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын). Ол ант етсе, Аллаһ оның антын орындайтын.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Шаштары ұйпа, үсті-бастарын шаң басқан, киімдері тозған, ешкім назар аудармайтын қаншама адам бар! Алайда олар Аллаһпен ант етсе, Аллаһ олардың анттарын ақтайды. Солардың бірі — Бəро ибн Мəлик***»[1].

Оның анасының күйеуі — Абу Талхə əл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһтың құлдары! Бүгін Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары мен насихаттары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

[1] «Әл-Әхәдису әл-мухтəра», (4/420); «Сунан әт-Тирмизи», (3854); Шейх әл-Әлбəни хадисті «әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкəтта», (6239) сенімді деп атаған.

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ он жыл қызмет еткен.

Аллаһтың құлдары! Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыз ﷺ һижра жасаған кезден бастап Пайғамбар ﷺ қайтыс болғанға дейін он жыл бойы оның қызметшісі болған.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келгенде, мен он жаста едім. Пайғамбар ﷺ қайтыс болғанда, мен жиырма жаста едім. Анам мені Аллаһ Елшісіне ﷺ қызмет етуге ынталандыратын*» (Муслим, 2029).

Әнастің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мен ешқашан Аллаһ Елшісінің ﷺ қолынан жұмсақ қамқаға немесе жібекке қол тигізген емеспін. Әрі Аллаһ Елшісінен ﷺ шыққан хош иістен жағымдырақ хош иісті ешқашан иіскеген емеспін*» (әл-Бухари, 3368; Муслим, 2330).

Сондай-ақ ол былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ он жыл қызмет еттім. Ол маған бірде-бір рет: «Уф!», — деген емес. Жасаған ісім туралы маған бірде-бір рет: «Неге мұны істедің?», — деген емес. Әрі жасамаған ісім туралы маған бірде-бір рет: «Неге мұны істемедің?», — деген емес*» (Әл-Бухари, 5691; Муслим, 2309).

Басқа хабарда Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың Елшісі ﷺ мінез-құлқы жағынан адамдардың ең жақсысы еді*», — деген (әл-Бухари, 5850; Муслим, 659).

Сондай-ақ Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдардың ең жақсысы, ең жомарты және ең батылы еді*», — деген[1].

Әнас өзінің Пайғамбарына ﷺ ең көркем түрде серік болды әрі ол һижра жасаған кезден бастап қайтыс болғанға дейін онымен ең көркем түрде бірге болды.

Екіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — Пайғамбарымыздың ﷺ ол үшін дұға етуі.

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) (бірде оның анасы) Умм Сулəймнің (Аллаһ оған разы болсын): «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл сенің қызметшің — Әнас. Ол үшін Аллаһқа дұға етіңіз*», — дегені жеткізіледі. Сонда (Пайғамбарымыз ﷺ): «***Уа, Аллаһ! Оның мал-мүлкі мен балаларын көбейте гөр әрі оған беретін нәрселеріңді ол үшін берекелі ете гөр!***», — деді (әл-Бухари, 5975).

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (14/384); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (9/170); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (2772); «Муснад» имам Ахмад, (3/147); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Ибн Мәжаһта» және «әл-Ируәда», (2448) сенімді деп атаған.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Анам денемнің төменгі және жоғарғы бөлігін өзінің химарымен орап, мені Аллаһтың Елшісіне ﷺ алып келді. Ол: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл — менің ұлым Әнас. Мен оны саған қызмет етуі үшін алып келдім. Ендеше, ол үшін Аллаһқа дұға ете гөр», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «Уа, Аллаһ! Оның мал-мүлкі мен балаларын көбейте гөр», — деді. Аллаһпен ант етемін, мал-мүлкім мол. Расында, бүгінде балаларым мен немерелерімнің саны жүзге жуықтады*!» (Муслим, 2481).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ Умм Сулаймнің үйіне кірді. Ол оған құрма мен май ұсынды. Пайғамбар ﷺ: «**Майларыңды қайтадан торсыққа құйыңдар, ал құрмаларыңды себетке салыңдар. Расында, мен ораза ұстап жатырмын**», — деді. Содан кейін ол (өзі үшін) үйден бір орынды таңдап, сол жерге тұрып, нәпіл намаз оқыды әрі Аллаһтан Умм Сулайм мен оның отбасына береке беруін тілеп дұға етті. Кейін Умм Сулайм: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің бір ерекше өтінішім бар», — деді. Ол ﷺ: «**Қандай?**», — деп сұрады. Ол: «Бұл сенің қызметшің Әнасқа қатысты», — деді. Сонда ол Ақыреттің игіліктерін де, осы дүниенің игіліктерін де ұмыт қалдырмастан, маған барлық игіліктерді нәсіп етуін сұрап, Аллаһқа дұға жасап: «**Уа, Аллаһ! Оған мал-мүлік пен балалар нәсіп етіп, оған береке бере гөр! (Аллаһуммә-рзуқһу мәәлән уә уәләдән уә бәрик ләһу!)**», — деді. Расында, (қазір) мен ең бай ансарлардың бірімін. Ал қызым Умәйна маған Хәжжаж Басраға келген кезге қарай менің жүз жиырмадан астам ұрпағымның жерленгенін айтты*» (Әл-Бухари, 1881).

Абул-Ғәлия Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) оның Пайғамбарға ﷺ он жыл қызмет еткенін әрі Пайғамбардың ﷺ ол үшін дұға жасағанын жеткізген. Әнастың жылына екі рет жеміс беретін бағы болған. Ол бақта миск иісі аңқыған райхан өсетін[1].

Үшіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарының бірі — оның Пайғамбарға ﷺ серік болуы әрі оған жақындығы.

Аллаһтың құлдары! Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) толық он жыл бойы Пайғамбардың ﷺ сахабасы әрі қызметшісі болды. Осы жылдар ішінде одан тура жолға бастайтын тәлім алып, сол арқылы жанын тазартты. Әрі Пайғамбарымыздың ﷺ хадистерін жаттап, жүрегін солармен толтырды. Ол Пайғамбарымызға ﷺ қатысты жағдайларды, ол туралы хабарлар, оның сырлары мен сипаттары жайында өзінен басқа ешкім білмейтін нәрселерді білді.

---

1 «Сунан» әт-Тирмизи, (2833); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «әс-Сахихада», (2241) сенімді деп атаған.

Мысалы:

1) Пайғамбарымыз ﷺ кейбір білімдерді оған арнайы үйретететін.

Әнас Пайғамбарымыздан ﷺ оның таңсәріде тоғыз әйеліне кіріп шығатынын әрі содан кейін бір рет толық жуынатынын (ғұсыл алатынын) жеткізген. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ бір күн мен бір түннің ішінде (барлық) әйелдеріне кіріп шығатын. Ал олардың саны он бір еді*».

Қатада: «*Мен Әнастан: «Оның бұған күші жететін бе еді?», — деп сұрадым. Әнас: «Біз (бір-бірімізге) оған отыз (ер адамның) күші берілгенін айтатынбыз», — деп жауап берді*», — деген.

Сәғид Қатададан Әнастың оларға (әйелдерінің саны) тоғыз болғанын айтқанын жеткізген (Әл-Бухари, 265).

2) Пайғамбарымыз ﷺ кейбір сырларын оған ғана айтатын.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Бірде мен басқа балалармен ойнап жүргенімде, Аллаһтың Елшісі ﷺ менің жаныма келді. Ол бізге сәлем беріп, мені (бір тапсырмамен) жіберді. Осы себепті анама кеш оралдым. (Үйге) келгенімде, анам: «Неге кешіктің?», — деп сұрады. Мен: «Аллаһтың Елшісі ﷺ маған бір іс тапсырды», — деп жауап бердім. Ол: «(Оған) не қажет болды?», — деп сұрады. Мен: «Бұл — құпия», — деп жауап бердім. (Сонда) ол: «Аллаһ Елшісінің ﷺ құпиясын ешбір жағдайда ешкімге ашушы болма!», — деді*».

Әнас: «*Уа, Сәбит! Аллаһпен ант етемін! Егер мен мұны біреуге айтар болсам, саған да айтып берер едім*», — деген (Муслим 2482).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Пайғамбар ﷺ маған бір құпия айтқан еді. Мен одан кейін оны ешкімге айтпадым. Умм Суләйм менен бұл жайлы сұраған еді, бірақ мен оған оны айтпадым*», — деген (Әл-Бухари, 5931; Муслим, 2482).

Уа, Аллаһтың құлдары! Адамның сырларын қалай сақтау керектігін Әнас ибн Мәликтен үйреніңдер. Қазіргі таңда, мысалы, әйел өз күйеуінің сырларын басқа әйелдерге таратуын көреміз. Тіпті бөлмеде өзі мен күйеуінің арасында болған жайттарды да басқаларға айтады. Ер адамдардың да осындай әрекет істіп жүргенін көруге болады.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ жақын болғандықтан, оның сипаттарын адамдардың ішінде ең жақсы білетін адам еді.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдардың ең жақсысы, ең жомарты және ең батылы еді…*», — деген.

3) Ол әйелдерге қатысты хижәбтің үкімі Аллаһтың Елшісіне ﷺ қашан түсірілгенін адамдардың ішінде ең жақсы білетін еді.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*…Мен хижәб туралы және оны түсіру (бұйрығының) қашан түскенін басқа адамдардың барлығынын жақсы білетінмін. Бұл алғаш рет Аллаһтың Елшісі ﷺ Зәйнаб бинт Жәһшқа үйленген кезде түсірілді. Келесі күні таңертең ол адамдарды үйлену асына шақырды. Олар тамақтанып, кейін барлығы кетіп қалды. Бірақ бірнеше адам Пайғамбардың ﷺ жанында отыра берді. Олар ұзақ уақыт отырды. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ орнынан тұрып, сыртқа шықты. Әлгі адамдар кетуі үшін мен де онымен бірге шықтым. Пайғамбарымыз ﷺ жүріп кетті, мен де жүрдім. Ақыры ол Айшаның үйінің табалдырығына келді. Содан кейін әлгі адамдар кетіп қалған шығар деп ойлап, қайтып оралды. Мен де онымен бірге оралдым. Алайда Зәйнабтың үйіне кіргенде, олардың әлі де кетпей, сол жерде отырғанын көрді. Сонда Пайғамбар ﷺ қайтадан кетіп қалды. Мен де онымен бірге кеттім. Ол ﷺ Айшаның үйінің табалдырығына жеткенде, олар кетті деп ойлап, қайтып оралды. Мен де онымен бірге оралдым. Сөйтсек, олар кетіп қалған екен. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ менің алдыма пердені түсірді. Осылайша хижәб туралы аят түсірілді*» (әл-Бухари, 4871).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Хижәб туралы аят түсірілгенде, мен әдетте кіріп жүргенімдей келдім (немесе кірдім). Сонда Пайғамбарымыз ﷺ маған: «**Артта қал, уа, балам**», — деді*».

Расында, бұл — шариғат, әдеп және дін. Бұл — ерлер мен әйелдердің бөлек болуы.

Өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Ешбір жағдайда (бөтен) әйелдердің жанына кірмеңдер!***», — деген. Ансарлардан болған бір ер адам: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Күйеуінің туыстары туралы не айтасыз?*», — деп сұрады. Бұған Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұндай туыс — өлім!***», — деді (әл-Бухари, 4934; Муслим, 1272).

Әйелдер әйелдермен, ал ерлер ерлермен болсын.

4) Ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ тіпті өлім алдындағы арпалыс кезінде де жақын болған.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісіне ﷺ ажал жеткенде, оның жалпы өсиеті: «**Намаз және қолдарың иелік еткендер! Намаз және қолдарың иелік еткендер!**», — болды. Ол мұны Аллаһ Елшісінің ﷺ кеудесі сырылдай бастап, тілімен оны әрең айтатын күйге жеткенге дейін қайталай берді*»[1].

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/59); «әл-Әхадис әл-мухтәра», (7/34); «Муснад» Абу Яғлә, (5/347); «әл-Жәмиғ әс-сағир» әс-Суюты, (375-бет); «Муснад» имам Ахмад, (3/117); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

5) Ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісіне ﷺ тіпті ол қайтыс болғаннан кейін, оны қабірге қойған кезде де жақын болған.

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) бұл жайлы не дегенін тыңдайық. Ол бізге Аллаһ Елшісіне ﷺ сахаба ретінде серік болған соңғы сәттері туралы хабарлап, былай деген: «*Пайғамбардың ﷺ жағдайы қатты ауырлап, есінен тана бастағанда, Фатыма: «Әкемнің қиналғанынай!», — деді. Сонда ол ﷺ: «**Осы күннен кейін әкең енді қайғы шекпейді**», — деді. Ол ﷺ қайтыс болғанда, Фатыма: «Уа, әкем! Ол оны (Өзіне) шақырған Раббысына жауап берді! Уа, әкем! (Енді) оның панасы Жәннат бақтары болды! Уа, әкем! Біз Жәбірейілге оның қазасын хабарлаймыз!», — деді. Ал оны жерлеген кезде Фатыма (Аллаһ оған разы болсын): «Уа, адамдар! Аллаһ Елшісін ﷺ топырақпен көміп жатқанда, көңілдерің разы болды ма?!», — деген*» (әл-Бухари, 4193).

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келген күні бүкіл қала жарқырап тұрды. Ал ол қайтыс болған күні бүкіл қаланы қараңғылық басты. Аллаһтың Елшісін ﷺ жерлеу кезінде өз жүректерімізді танымай қалғанға дейін одан қолымызды ажыратқымыз келмеді*»[1].

Уа, Әнас, Аллаһ саған разы болсын! Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларына да Аллаһ разы болсын әрі бізді олармен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге Нығмет бақтарында жинасын.

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: тілді сақтау туралы насихат.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Құл өз тілін сақтамайынша, Аллаһтан қорықпайды*», — деген[2]. Яғни, құл тілін жалғанға бой алдырудан сақтамайынша, Аллаһтан қорықпайды.

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты. Жала сөздер — адамдардың Тозақ отына етпетінен тасталуына себеп болатын нәрсе. Муғәз ибн Жәбәлдан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ оған игілік қақпаларын көрсеткеннен кейін: «***Осының бәрінің негізінде не жатқа-***

1 Әт-Тирмизи, (3618); Ибн Мәжаһ, (1631); «Муснад» имам Ахмад, (3/221); «Сахих» Ибн Хиббән, (14/601); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (386-бет); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиде» сенімді деп атаған.

2 «Әз-Зухд» Ибн Хәнбәл, (27-бет).

нын саған хабарлайын ба?», — дегені жеткізіледі. Муғәз ибн Жәбәл былай деген: «*Мен: «Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап бердім. Сонда ол қолын тіліне тигізіп: «**Мынаны тый**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз айтқан сөздеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?», — деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Анаң сенен айырылсын! Адамдарды Тозақ отына етпетінен тастауға олардың жала сөздерінен басқа не себеп болады?!**», — деп дауыстады*»[1].

Аллаһпен ант етемін! Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) шындықты айтты! Расында, құтылу — тілді тыюда.

Бір адам: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Құтылу неде?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Айтқан сөзің өзіңе қарсы айналмас үшін тіліңді тый, үйіңді өзің үшін (жеткілікті) кең деп біл және күнәларың үшін жыла***», — деп жауап берді[2].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім маған екі жағының және екі аяғының арасындағысын сақтайтынына кепілдік берсе, мен оған Жәннатқа кіретініне кепілдік беремін***», — деген (Әл-Бухари, 6109).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген адам игі сөз айтсын немесе үндемесін***» (Әл-Бухари, 5672; Муслим, 48).

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Адам баласы таңертең оянғанда, оның денесінің барлық мүшелері тілге бойсұнушылықтарын білдіріп: «Біз үшін Аллаһтан қорық! Өйткені біз тек саған ғана (тәуелдіміз). Егер сен туралықты ұстансаң, біз де тура боламыз. Ал сен қисайсаң, біз де қисаямыз», — дейді***»[3].

Адамның тілі қисайса, оның дене мүшелері де қисаяды. Ал тілі түзелсе, дене мүшелері де түзеледі.

Екіншісі: оның көзді төмен түсіру туралы насихаты.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын): «*Егер әйелге кезіксең, өтіп кеткенше көзіңді жұм*», — деген[4]. Яғни, әйелдің жанынан өтіп бара жатсаңыз, көзіңізді одан бұрыңыз, әйтпесе опат боласыз! Аллаһпен ант етемін, ол шындықы айтты. Расында, әйелдер — сынақ.

---

1 «Сунан» әт-Тирмизи, (2616); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (3973); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (20/131). Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 Әт-Тирмизи, (2406); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (17/270); «Муснад» имам Ахмад, (5/259); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде және «әс-Сахихада», (888) сенімді деп атаған.

3 Әт-Тирмизи, (2407); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әл-Мишкәтта» жақсы деп атаған.

4 «Китәб әз-зухд» Ибн Аби Ғасым, (211-бет); «әз-Зухд» Ибн Хәнбәл, (259-бет).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бұл дүниеден сақтаныңдар әрі әйелдерден сақтаныңдар. Өйткені, расында, Исраил ұрпақтарының алғашқы сынағы әйелдермен (байланысты) болды***», — деген (Муслим, 2742).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Әйел адам — әурет. Ол үйінен шыққанда, шайтан адамдардың көздерін оған бағыттай бастайды***»[1].

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, әйел шайтанның бейнесінде келіп-кетуі мүмкін. Егер сендердің біреуің өзі құмартқан әйелді көрсе, өз әйелімен қосылсын. Бұл оның жанына орнаған нәрсені кетіреді***»[2]. Бұл — азғыруға түспеу үшін қажет.

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаh Өз Кітабында бізге көзімізді сақтауды бұйырып, былай деген:

﴿قُل لِّلۡمُؤۡمِنِينَ يَغُضُّواْ مِنۡ أَبۡصَٰرِهِمۡ وَيَحۡفَظُواْ فُرُوجَهُمۡۚ ذَٰلِكَ أَزۡكَىٰ لَهُمۡۗ إِنَّ ٱللَّهَ خَبِيرُۢ بِمَا يَصۡنَعُونَ ٣٠﴾

«**Мүминдерге көздерін сақтауды және ұятты жерлерін (зинадан) қорғауды сақтауды айт. Бұл олар үшін жақсырақ. Расында, Аллаh олардың не істегендерінен хабардар**» («ән-Нур» сүресі, 30-аят).

Үшіншісі: оның бойсұнбаушылық пен күнәларға жеңіл қараудан сақтандыруы.

Әнас (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Расында, сендер өз көздеріңе қылдан да жіңішке көрінетін істерді жасайсыңдар. Ал Пайғамбардың ﷺ көзі тірісінде біз оларды өлімге апаратын күнәлардың (әл-мубиқаттардың) қатарына жатқызатынбыз*» (Әл-Бухари, 6127). Өлімге апаратын күнәлар (әл-мубиқат) — яғни опатқа ұшыратын нәрселер (әл-мухликат).

Аллаhпен ант етемін, ол шындықты айтты! Аллаh Тағала оған разы болсын! Расында, көптеген адамдар бойсұнбаушылыққа немқұрайлы қарап, соған ұрынады. Ал Пайғамбарымыз ﷺ өз ұмметін бұдан сақтандырып, былай деген: «***Кіші күнәлардан сақтаныңдар. Расында, кіші күнәлар жиналғанда адамды опат етеді. Бұл шөл далада болып, адамдарға тамақ дайындай бастаған адамның жағдайына ұқсайды: бір адам ағаштың бір бұтағын алып келді, артынан екінші біреу де***

---

1 «Сахих» Ибн Хузәйма, (3/93); «Сахих» Ибн Хиббән, (12/412); «Сунан» әт-Тирмизи, (1173); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (2/35); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (10/108). Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, «әл-Ғируәда», (273); «Сахих әл-Жәмиғте», (6690) сенімді деп атаған.

2 «Сахих» Ибн Мәжаh, (12/384); «әл-Муснад әл-мустәхиж ғәлә сахих әл-имам Муслим», (4/66); «Муснад» имам Ахмад, (3/330); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-Жәмиғте», (1940) және «әс-Сахихада», (235) сенімді деп атаған.

бұтақ әкелді. Осылайша олар от жағуға қажетті отынды жинап, от жағып, тамақ пісірді».

Адамдардың көбі немқұрайлы қарайтын осындай күнәлар жайлы айтайық:

1. **Көпқұдайшылық**. Қаншама мұсылман адам Аллаһтан басқаға жалбарынады, Аллаһтан басқадан жәрдем сұрайды, қабірлерді айналып тауаф етеді және Аллаһтан басқаға құрбандық шалады.

Ал Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ:

﴿قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ ٱلْعَٰلَمِينَ ﴿١٦٢﴾ لَا شَرِيكَ لَهُۥ ۖ وَبِذَٰلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا۠ أَوَّلُ ٱلْمُسْلِمِينَ ﴿١٦٣﴾﴾

«**«Менің намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін. Оның Серігі жоқ және мен бойұсынушылардың алғашқысымын», — деп айт**», — деген («әл-Әнғәм» сүресі, 162–163-аяттар)**.**

2. **Сиқыршылар мен көріпкелдерге бару.**

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Кімде-кім көріпкелге немесе балгерге барып, оның айтқанына сенсе, Мухаммадқа түсірілген нәрсеге күпірлік еткен болады!***»[1].

3. **Темекі шегу** — бұл көптеген адамдарды қамтыған бәле. Одан Раббымыз рахымына бөлегендерден басқа ерлер де, әйелдер де, тіпті балалар да аман қалмады.

Темекі шегу — тыйым салынған амал. Әрі оның тыйым салынғандығына дәлелдер көп. Біріншіден, бұл — жиіркенішті нәрсе, ал жиіркенішті нәрсенің барлығына тыйым салынған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَسْـَٔلُونَكَ مَاذَآ أُحِلَّ لَهُمْ ۖ قُلْ أُحِلَّ لَكُمُ ٱلطَّيِّبَٰتُ﴾

«**Олар сенен өздеріне не нәрсенің хәләл қылынғандығын сұрайды «Сендерге таза (жақсы) нәрселер хәләл қылынды», — деп айт**» («әл-Мәида» сүресі, 4-аят)**.** Бұдан жиіркенішті нәрселерге тыйым салынғаны түсініледі.

Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз Мухаммадты ﷺ сипаттап, былай деген:

---

1 «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (1/49); «әс-Сунан әл-кубра» әл-Бәйхәқи, (8/135); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (2/123); «әл-Кәбир», (10/76); «Муснад» Абу Яғлә, (9/280); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әл-жәмиғте», (5939) және «әл-Мишкәтта», (4559) сенімді деп атаған.

﴿ٱلَّذِينَ يَتَّبِعُونَ ٱلرَّسُولَ ٱلنَّبِيَّ ٱلْأُمِّيَّ ٱلَّذِي يَجِدُونَهُۥ مَكْتُوبًا عِندَهُمْ فِي ٱلتَّوْرَىٰةِ وَٱلْإِنجِيلِ يَأْمُرُهُم بِٱلْمَعْرُوفِ وَيَنْهَىٰهُمْ عَنِ ٱلْمُنكَرِ وَيُحِلُّ لَهُمُ ٱلطَّيِّبَٰتِ وَيُحَرِّمُ عَلَيْهِمُ ٱلْخَبَٰٓئِثَ وَيَضَعُ عَنْهُمْ إِصْرَهُمْ وَٱلْأَغْلَٰلَ ٱلَّتِي كَانَتْ عَلَيْهِمْ ۚ فَٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ بِهِۦ وَعَزَّرُوهُ وَنَصَرُوهُ وَٱتَّبَعُوا۟ ٱلنُّورَ ٱلَّذِىٓ أُنزِلَ مَعَهُۥٓ ۙ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ﴿١٥٧﴾﴾

«**Олар сондай жандарындағы Тәуратта және Інжілде жазулы жіберілген, сауатсыз Пайғамбарға ергендер. Ол оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыяды. Жақсы нәрселерді хәләл, жаман нәрселерді харам қылады. Олардың үстеріндегі ауыр жүктерді (түсіріп) шиелінискен нәрселерді шешеді. Енді соған (Мухаммадқа) сенгендер, олар оған құрмет етіп әрі оған көмек көрсеткендер, сондай-ақ оған түсірілген нұрға (Құран Кәрімге) ергендер, міне солар — құтылушылар**» («әл-Әғраф» сүресі, 157-аят)**.**

Жақсы нәрсенің барлығына рұқсат етілген, ал жиіркенішті нәрсенің барлығына тыйым салынған. Темекі шегу — жиіркенішті нәрсе, сондықтан оған тыйым салынған.

Екіншіден, ол адамның денсаулығына зиян келтіреді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Өзіңе зиян (келтіруге) және (жауап ретінде) зиян (келтіруге) жол берілмейді***», — деген[1].

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَقْتُلُوٓا۟ أَنفُسَكُمْ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ بِكُمْ رَحِيمًا ﴿٢٩﴾﴾

«**Және өздеріңді өлтірмеңдер. Расында, Аллаһ сендерге ерекше Мейірімді**» («ән-Нисә» сүресі, 29-аят)**.**

Үшіншіден, темекі шегу — ысырап және мал-мүлікті босқа жарату ету, сондай-ақ мал-мүлікті Аллаһқа бойсұнбауда жұмсау.

4. **Әйелдің сапарға махрамсыз шығуы.** Уа, Аллаһтың құлдары! Әйелдің махрамсыз (жақын туысынсыз) сапарға шығуына, тіпті қажылыққа баруына тыйым салынған. Ендеше, басқа сапарлар туралы не айтуға болады?

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның (бірде) Пайғамбарымыздың ﷺ адамдарға құтпа айтып тұрып: «***Ер адам жанында жақын туысы жоқ (бөтен) әйелмен ешбір жағдайда оңаша қалмасын әрі әйел тек жақын туысымен бірге ғана сапарға шық-***

[1] «Әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (2/66); «әз-Зәуәид» әл-Хәйсәми, (4/110); «әс-Сунан» әл-Бәйхәқи, (6/69); «Сунан әд-Дарақутни», (4/227); «Муснад» әш-Шәфиғи, (224-бет); Ибн Мәжаһ, (2341); «Муснад» имам Ахмад, (1/313); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан» Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», 250) сенімді деп атаған.

сын!», — дегенін естігені жеткізіледі. (Бұл сөздерді естіген) бір адам (оған): «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің әйелім қажылық (жасауға дайындалып жатыр), ал мен пәлен жорыққа қатысу үшін әскерге жазылғанмын*», — деді. Бұған Пайғамбарымыз ﷺ: «***Бар да, әйеліңмен бірге қажылық жаса***», — деп жауап берді (әл-Бухари, 2844; Муслим, 1341).

5. Сондай-ақ адамдар немқұрайлы қарайтын күнәлардың бірі — **Аллаһтың жаратылыстарын өзгерту**. Бұл әйелдерге де, ерлерге де қатысты.

Бұл беттегі түктерді кетіру арқылы жасалады. Әйелдер мен ерлердің бетіндегі түктерді кетіруге тыйым салынған. Өйткені бұл — шайтанның істерінің бірі. Әрі ол адамдарды осыған шақырады.

Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда шайтанның:

﴿فَلَيُغَيِّرُنَّ خَلْقَ ٱللَّهِ﴾

«**Сондай-ақ оларға әрине Аллаһтың жаратқанын өзгертуді бұйырамын**», — деген сөздерін келтірген («ән-Нисә» сүресі, 119-аят).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбар ﷺ беттегі түктерді алудан сақтандырып: «***Аллаһ қастарын жұлатын, Аллаһтың жаратқандарын өзгертетін әйелдерді лағынеттеді***», — деген[1].

Ерлерге келсек, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сақал өсіріңдер***», — деген (Муслим, 260).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мүшриктерден ерекшеленіңдер: сақалдарыңды өсіріңдер және мұрттарыңды қысқартыңдар***», — деген (әл-Бухари, 5553).

Басқа хадисте Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мұрттарыңды қысқартыңдар және сақалдарыңды қалдырыңдар***», — деген (әл-Бухари, 5554; Муслим, 259).

6. Сондай-ақ адамдар елемейтін күнәлардың бірі — **әйелдердің бөтен адамдардың алдында сәнденуі, ерлер мен әйелдердің араласуы және қол алысуы**.

Мұның барлығына тыйым салынған.

Уа, Аллаһтың құлдары! Аллаһтан қорқыңдар! Бұл дүниеден кететіндеріңді, Аллаһ Тағалаға қайтатындарыңды, Оның алдында тұратындарыңды әрі үлкенді-кішілі нәрсенің барлығы жайында сұралатындарыңды біліңдер.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр.

---

[1] Ибн Мәжаһ, (1989); Абу Дауд, (4169); Шейх әл-Әлбәни хадисті осы екі жинақтарда сенімді деп атаған.

Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында Мухаммадтың ﷺ сахабаларын сипаттап, былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Таңдаулы құлдар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары*», — деген.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаһ Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін ең жақсы жүрек деп тапты. Содан кейін оны Өзі үшін таңдап, Өз жолдауымен жіберді! Одан кейін Аллаһ Мухаммадтың ﷺ жүрегінен соң құлдарының жүректеріне қарап, оның сахабаларының жүректерін Өз құлдарының жүректерінің ішіндегі ең жақсы жүректер деп тапты және оларды Өз Пайғамбарына ﷺ оның діні үшін соғысатын жәрдемшілер етті*».

Мухаммадтың ﷺ сахабаларын жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Оларды мүмин адамнан басқа ешкім жақсы көрмейді әрі екіжүздіден басқа ешкім жек көрмейді. Аллаһ Тағала оларды жақсы көрген адамды жақсы көреді және оларды жек көрген адамды жек көреді.

Пайғамбарымыз ﷺ олар туралы: «***Ансарларды жақсы көру — иманның белгісі, ал ансарларды жек көру — екіжүзділіктің белгісі***», — деген (әл-Бухари, 17; Муслим, 74).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ансарларды мүминнен басқа ешкім жақсы көрмейді әрі екіжүздіден басқа ешкім жек көрмейді. Аллаһ оларды жақсы көрген адамды жақсы көреді және оларды жек көрген адамды жек көреді***» (әл-Бухари, 3572; Муслим, 75).

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — ерлер, — шыншылдар, табысқа жеткендер, шынайы мүминдер. Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған адамдар.

Мухаммадтың ﷺ сахабаларын жақсы көріп, олардың жолымен жүргендер бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ал оларды жек көріп, олардың жолынан басқа жолға ерген адам бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңда-

ған осы ерлердің бірі туралы болмақ. Ол — Убәй ибн Кәғб ибн Қайс ибн Убәйд ибн Зәйд ибн Муғәуия ибн Ғәмр ибн Мәлик ибн ән-Нәжжар. Әл-Әнсари, әл-Бухари, әл-Мәдани, әл-Бәдри (яғни Бадр шайқасын қатысушы). Оның лақап аты — Абул-Мунзир.

Ол — Құран қариларының мырзасы. Ол Пайғамбардың ﷺ көзі тірісінде Құранды жинаған әрі білімде де, амалда да жетекші болған.

Аллаһтың құлдары! Бұл Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары, өміріндегі оқиғалар мен насихаттары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ көзі тірісінде Құранды жинаған, яғни оны тікелей Аллаһ Елшісінен ﷺ үйренген.

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ заманында Құранды жинаған төрт адам болды. Олардың барлығы ансарлар еді: Убәй ибн Кәғб, Муғәз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит және Абу Зәйд*». Әнас: «Бұл Абу Зәйд кім?», — деп сұралғанда: «*Ол менің көкелерімнің бірі*», — деп жауап берді (әл-Бухари, 3599, 4717; Муслим, 2465).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Құранды төрт адамнан үйреніңдер: Абдуллаһ ибн Мәсғудтан, Абу Хузәйфа азат еткен құл Сәлимнен, Муғәз ибн Жәбәлдан және Убәй ибн Кәғбтан***» (әл-Бухари, 4713, 3548; Муслим, 2464).

Убәй (Аллаһ оған разы болсын) Құранды толығымен Аллаһ Елшісінен ﷺ жаттап алған.

Убәй ибн Кәғбтан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ адамдармен намаз оқып, (сол намазда) бір аятты өткізіп жібергені жеткізіледі. Сонда ол ﷺ: «***Менің оқуымнан кім бір нәрсе байқады?***», — деді. Убәй: «*Мен, уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз бір аятты өткізіп жібердіңіз*», — деп жауап берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған: «***Егер біреу байқаса, расында, сен байқайтыныңды білетінмін***», — деген еді[1].

Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ таң намазын оқып, бір аятты өткізіп жіберді. Ол ﷺ намазын аяқтағанда: «***Адамдардың арасында Убәй ибн Кәғб бар ма?***», — деп сұрады. Убәй: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Пәлен аят-*

[1] «Муснад» имам Ахмад, (5/142); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (2/69); «Муснад» Ғәбд ибн Хәмид (91-бет).

тың күші жойылды ма, әлде сіз оны ұмытып кеттіңіз бе?», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мен оны ұмытып кеттім***», — деп жауап берді[1].

Екіншісі: ол сахабалардың ішінде Аллаһтың Кітабына ең жақыны, тіпті қарилардың мырзасы болған.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің үмметімде өз үмметімнің мүшелеріне ең мейірімдісі — Абу Бакр. Олардың ішінде Аллаһтың дінінде ең қаталы — Умар, ең ұялшағы — Усман. Мұрагерлік мәселелерін бәрінен жақсы білетіні — Зәйд ибн Сәбит, олардың ішінде Аллаһтың Кітабын ең жақсы оқитыны — Убәй ибн Кәғб, олардың ішінде харам мен хәләлді бәрінен жақсы білетіні — Муғәз ибн Жәбәл. Расында, әрбір үмметтің өз сенімді адамы болған. Ал осы үмметтің сенімді адамы — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Құранды оқуды төрт адамнан үйреніңдер: Абдуллаһ ибн Мәсғудтан, Абу Хузәйфа азат еткен құл Сәлимнен, Убәй ибн Кәғбтан және Муғәз ибн Жәбәлдан***», — деген.

Пайғамбарымыз ﷺ Убәйға: «***Расында, Аллаһ саған (Құран) оқып беруімді бұйырды***», — деді. Сонда Убәй: «*Аллаһ сізге менің атымды атады ма?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ маған сені атады***», — деп жауап берді. Әнас: «*Убәй мұны естіп жылап жіберді*», — деген.

Басқа бір нұсқада Пайғамбарымыз ﷺ Убәйға: «***Расында, Аллаһ Тағала саған:***

﴿لَمۡ يَكُنِ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ مِنۡ أَهۡلِ ٱلۡكِتَٰبِ وَٱلۡمُشۡرِكِينَ مُنفَكِّينَ حَتَّىٰ تَأۡتِيَهُمُ ٱلۡبَيِّنَةُ ١﴾

«**Кітап иелерінен мен мүшриктерден қарсы шыққандар, өздеріне бір ашық дәлел келгенге дейін қарсылықтарынан ажырамады…», — *деген аятты оқып беруімді бұйырды оқып беруді бұйырды***», — деді. Убәй: «***Ол сізге менің атымды атады ма?***», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Сонда Убәй жылап жіберді (Әл-Бухари, 4676; Муслим, 799).

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «*Убәй біздің арамызда Құранды ең жақсы біледі*», — деген (Әл-Бухари, 4719).

Умар әл-Фаруқтың көңіліне рамазан айында мешітте жамағатпен түнгі намаз оқу Сүннетін ұстану ойы салынғанда, ол Убәй ибн Кәғбқа (Аллаһ оған разы болсын) адамдармен он бір рәкағат намаз оқуды бұйырды. Бұл — таңдаулы Пайғамбарымыздың ﷺ Сүннеті.

---

[1] «Сахих» Ибн Хузәйма, (3/73); «Муснад» имам Ахмад, (3/407); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Убәй (Аллаһ оған разы болсын) екі жүз аяттан оқитын. Ұзақ тұрудың себебінен оның артында тұрған адамдар таяққа сүйенетін әрі олар таң атардан сәл бұрын кететін[1].

Үшіншісі: оның Аллаһ Елшісінен ﷺ алған мол білімі.

Убәй ибн Кәғбтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ (менен): «**Уа, Абул-Мунзир! Аллаһтың Кітабынан өзің білетін аяттардың қайсысы ең ұлы екенін білесің бе?**», — деп сұрады. Мен:* «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі», — дедім. *Пайғамбарымыз ﷺ: «Уа, Абул-Мунзир! Аллаһтың Кітабынан өзің білетін аяттардың қайсысы ең ұлы екенін білесің бе?», — деп қайталады. Мен: «**Бұл — «Аллаһ — Одан басқа шынайы құдай жоқ. Ол — Тірі, Толық Меңгеріп Тұрушы…**», — деп айтылған аят (яғни аят әл-курси)», — дедім. Сонда Пайғамбар ﷺ мені кеудемнен (қолымен) қағып: «**Білім сені бақытты етсін, уа, Абул-Мунзир!**», — деді*» (Муслим, 810).

Оның білімі көрініс тапқан кейбір мысалдарды келтірейік

(Бірде) Сәмура ибн Жундуб: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ намаз оқығанда екі рет кідіретін*», — деген. Сонда Имран ибн Хусайн: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ бұл кідірістері есімде жоқ*», — деді. Олар Убай ибн Кәғбқа осы жайында сұрап хат жазды. Сонда Убәй оларға: «*Расында, Самура бұны есінде сақтады*», — деп жауап жазды[2].

Убәй ибн Кәғб былай деген: «*Умар ибн әл-Хаттаб менімен жүкті кезінде күйеуі қайтыс болған әйелдің жағдайы туралы таласты. Мен: «Ол босанғаннан кейін үйлен», — дедім. Баламның анасы Умм Туфәйл Умарға да, маған да: «Аллаһтың Елшісі ﷺ Субәйғә әл-Әсләмияға босанғаннан кейін тұрмысқа шығуды бұйырды», — деді*»[3].

Убәй ибн Кәғбтың әйелі Умм Туфәйл Умар ибн әл-Хаттаб пен Убәй ибн Кәғбтың таласып жатқанын естіп: «*Неге Умар ибн әл-Хаттаб Субәйғә әл-Әсләмиядан сұрамайды? Ол жүкті болған кезде күйеуі қайтыс бол-*

1 «Қияму Рамадан» әл-Әлбәни, (24-бет).

2 «Сунан әл-Бәйхәқи», (2/196); «Муснад» имам Ахмад, (5/7); Хадистің жеткізушілері сенімді, екі шейхтің жеткізушілері; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (5/2); «Муснад» имам Ахмад, (6/375); Хадис оны қуаттайтын басқа хадистерге байланысты сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хадисия».

ды. Ол бірнеше күннен кейін босанды, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ оны тұрмысқа берді», — деген еді[1].

Төртіншісі: оның Пайғамбарымыздан ﷺ білім алу үшін оған жақын болуы.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Убәй ибн Кәғб намаз оқып жатқанда сыртқа шығып: «**Уа, Убәй!**», — деді. Ол бұрылды, бірақ оған жауап бермеді. Убай намазын жылдамырақ оқып, содан кейін Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әс-саләму ғәләйкум! (Сізге сәлем!)», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уә ғәләйкум әс-сәләм! (Саған да сәлем!)**», — деп сәлем қайтарды да, кейін: «**Уа, Убәй! Мен сені шақырған кезде маған жауап беруге не кедергі болды?**», — деп сұрады.* Ол: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен намаз оқып жатқан едім», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Аллаһ маған түсіргендердің арасынан:***

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱسۡتَجِيبُواْ لِلَّهِ وَلِلرَّسُولِ إِذَا دَعَاكُمۡ لِمَا يُحۡيِيكُمۡۖ﴾

«**Уа, иман келтіргендер! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Аллаһқа және Оның Елшісіне (бойұсынып) жауап беріңдер**» («әл-Әнфәл» сүресі, 24-аят)**, — дегенді оқымадың ба?**», — деді. Ол: «Иә, уа, Аллаһтың Елшісі! Мен мұны қайта жасамаймын», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған Тауратта да, Інжілде де, Зәбурда да, Фурқанда (Құранда) да ұқсасы түсірілмеген бір сүрені үйреткенімді қалайсың ба?**», — деп сұрады. Ол: «Иә, уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп жауап берді. **Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Мен саған оны үйретпейінше, осы есіктен шықпаймын деп үміттенемін**», — деді».

Убәй (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Елшісі ﷺ менімен сөйлескенде, қолымнан ұстады. Ал мен ол әңгімесін аяқтамай тұрып есікке жетіп қалуы мүмкін деп қауіптеніп, жүрісімді баяулаттым. Есікке жақындағанымызда мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз маған қай сүрені үйретуге уәде бердіңіз?», — дедім. Ол ﷺ: «**Сен намазда не оқисың?**», — деп сұрады. Мен оған Кітаптың анасын (әл-Фатиха сүресін) оқып бердім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Аллаһ Тауратта, Інжілде, Зәбурда немесе Фурқанда осыған ұқсас сүрені түсірген емес. Бұл — маған берілген қайталанатын жеті аят**», — деді»*[2].

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (5/2); «Муснад» имам Ахмад, (6/375); Хадис оны қуаттайтын басқа хадистерге байланысты сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хадисия».

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/744); «әс-Сунан әс-суғра» әл-Бәйхәқи, (1/546); «Муснад» имам Ахмад, (2/412); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Оның өмірінде орын алған айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі айтулы оқиғалар өте көп. Солардың ішінде:

Жақсылыққа бұйыру және жамандықтан тыю

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бір күні Аллаһтың Елшісі ﷺ мінберде отырып, адамдарға құтпа айтып, содан кейін бір аятты оқыды. Менің жанымда Убәй ибн Кәғб отырған еді. Мен одан: «Уа, Убәй! Бұл аят қашан түсірілді?», — деп сұрадым. Ол менімен сөйлеспеді. Сонда мен одан қайтадан сұрадым. Ол Аллаһ Елшісі ﷺ мінберден түскенге дейін менімен сөйлеспеді. Кейін Убәй: «Жұма намазыңнан саған тигені — бос сөз ғана!», — деді. Мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып, оған бұл туралы хабарладым. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, сіз бір аятты оқыдыңыз. Менің жанымда Убәй ибн Кәғб отырған еді. Мен одан бұл аяттың қашан түсірілгенін сұрадым. Ол сіз мінберден түскенге дейін менімен сөйлеспеді. Кейін Убәй жұма намазымнан маған бос сөзден басқа ештеңе тимегенін айтты», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Убәй дұрыс айтты! Имамыңның сөйлеп жатқанын естісең, ол аяқтағанша үндеме!**», — деді*»[1].

Имамның құтпа айтып жатқанын естісеңіз, хатиб құтпасын аяқтағанша сөйлемеңіз, Аллаһтың Елшісіне ﷺ салауат айтпаңыз және «Әмин» демеңіз.

Расында, Пайғамбарымыз ﷺ құтпа кезінде жақсылыққа бұйыруға және жамандықтан тыюға, бұл міндетті болғанына қарамастан, тыйым салған. Ендеше, осы уақытта сүннет амалдарын орындауға тыйым салынатыны одан да айқын.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен, Убәй және Абу Талхә отырып, нанмен ет жедік. Содан кейін мен дәрет алуға су сұрадым. Олар: «Бізге не үшін дәрет алу керек?», — деп сұрады. Мен: «Жеген тамағымыз үшін», — деп жауап бердім. Олар: «Жақсы тағам жегеніміз үшін дәрет аламыз ба? Сенен жақсырақ болған адам мұның себебінен дәрет алмаған», — деді*»[2].

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид» (2/185); «Сахих» Ибн Хузәйма, (3/154); «Муснад» имам Ахмад, (5/198); Хадис оны қуаттайтын басқа да хадистерге байланысты сенімді; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

2 «Әл-Әхадис әл-мухтара», (3/337); «Муснад» имам Ахмад, (5/129); Хадистің иснады жақсы; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) насихаттары өте көп. Солардың ішінде:

Біріншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) ақиқатты қабылдауға ынталандырған насихаттары.

Бір адам Убәй ибн Кәғбқа (Аллаһ оған разы болсын): «Маған насихат айт әрі ол қысқа болсын», — деді. Убәй оған: «*Ақиқатты ол саған кімнен келсе де қабылда, тіпті ол саған алыс әрі жеккөрінішті адам болса да. Адасушылықты ол кімнен келсе де терiске шығар, тіпті ол сен үшін сүйікті әрі жақын адам болса да*», — деді[1].

Аллаһпен ант етемін, Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) шындықты айтты! Расында, құтылу — ақиқатты қабылдауда және адасушылықты терiске шығаруда. Сөздер мысалдар арқылы айқындалады.

Муса Пайғамбарға (оған сәлем болсын) алыстағы қаладан бір адам келіп:

﴿قَالَ يَٰمُوسَىٰٓ إِنَّ ٱلۡمَلَأَ يَأۡتَمِرُونَ بِكَ لِيَقۡتُلُوكَ فَٱخۡرُجۡ إِنِّي لَكَ مِنَ ٱلنَّٰصِحِينَ ٢٠﴾

«**Әй, Муса! Шонжарлар сені өлтіруге кеңесіп жатыр. Дереу шығып кет! Расында, мен саған қамқорларданмын**», — деді.

Ол осы алыстан келген адамның ақиқаты мен кеңесін қабылдап, Мәдиян қаласына аттанды. Ол өз оқиғасын қарияға баяндап бергенде, ол:

﴿لَا تَخَفۡ نَجَوۡتَ مِنَ ٱلۡقَوۡمِ ٱلظَّٰلِمِينَ ٢٥﴾

«**Қорықпа. Сен әділетсіз адамдардан құтылдың**», — деді («әл-Қасас» сүресі, 25-аят).

Ал оның қарама-қайшысы — Қарун еді. Халқы оған насихат айтып:

﴿لَا تَفۡرَحۡۖ إِنَّ ٱللَّهَ لَا يُحِبُّ ٱلۡفَرِحِينَ ٧٦ وَٱبۡتَغِ فِيمَآ ءَاتَىٰكَ ٱللَّهُ ٱلدَّارَ ٱلۡأٓخِرَةَۖ وَلَا تَنسَ نَصِيبَكَ مِنَ ٱلدُّنۡيَاۖ وَأَحۡسِن كَمَآ أَحۡسَنَ ٱللَّهُ إِلَيۡكَۖ وَلَا تَبۡغِ ٱلۡفَسَادَ فِي ٱلۡأَرۡضِۖ إِنَّ ٱللَّهَ لَا يُحِبُّ ٱلۡمُفۡسِدِينَ ٧٧﴾

«**Масаттанба! Расында Аллаһ масаттанатындарды жақсы көрмейді. Аллаһтың саған берген дәулетімен ақырет мекенін изде де, дүниедегі несібеңді де ұмытпа. Аллаһ саған жақсылық жасағандай, сен де жақсылық жаса. Сондай-ақ жер жүзінде бүліншілік ізденбе! Аллаһ бұзақыларды жақсы көрмейді**», — деді («әл-Қасас» сүресі, 76–77-аяттар). Ол

1 «Хилият әл-әулия», (9/121).

ақиқатты да, насихатты да қабылдамады. Сонда оның нәтижесі қандай болды? Аллаһ Тағала: «**Біз оны жерге үйімен бірге жұтқыздық**», — деді.

Ақиқат өздері жақсы көретін адамнан келмегендіктен, оны қабылдамайтын қаншама адам бар! Нәпсі қалауларын, бидғаттар мен адасушылықтарды өздері жақсы көретін адамнан келгені үшін қабылдайтын қаншама адам бар! Ақиқат — соңынан еруге лайығырақ. Ақиқаттан кейін адасушылықтан басқа ештеңе жоқ.

Екіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) білімге сай амал етуге ынталандырған насихаттары.

Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Білім алыңдар әрі соған сай амал етіңдер. Білімді адамдардың алдында онымен сәндену үшін үйренбеңдер. Мен уақыт өте келе, (адамдар) киімімен сәнденгендей, біліммен сәнденетін болады деп қорқамын*»[1].

Егер біреу дінінен бір нәрсе білсе, соған сай амал етуі керек. Өйткені білім амалға шақырады. Ол сол білімге жауап бермесе, білім одан кетіп қалады.

Үшіншісі: оның (Аллаһ оған разы болсын) Сүннетті ұстануға ынталандырған насихаттары.

Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендер тура жол мен Сүннетті ұстануларың керек. Тура жол мен Сүннетте болып, Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың еске алып, соның әсерінен Аллаһтан қорқып көздері жасқа толатын ешбір құлға Тозақ оты тимейді. Тура жол мен Сүннетте болып, Рахымдыны еске алғанда Аллаһтан қорыққандықтан терісі түршігетін кез келген құл жапырақтары қураған ағаш секілді болады. Ол осындай күйде болғанда, оған жел тиіп, ағаштан жапырақтар түскендей күнәлары түседі*».

Сондай-ақ Убәй ибн Кәғб былай деген: «*Тура жол мен Сүннетті ұстаныңдар. Өйткені, расында, егер Аллаһтың құлы тура жол мен Сүннетті ұстанып, Мейірімділікті еске алып, Аллаһтан қорыққандықтан көздерінен жас ақса, оған Тозақ оты тимейді. Егер Аллаһтың қандай да бір құлы тура жол мен Сүннетті ұстанып, Мейірімділікті еске алып, Аллаһтан қорыққандықтан терісі түршіксе, оның күнәлары қураған ағаштан құрғақ жапырақтар түскендей түседі. Яғни жел соқса, оның күнәлары жапырақтар түскендей түседі. Расында, тура жол мен Сүннеттегі ұстамдылық тура жол мен Сүннетке қайшы келудегі табандылықтан жақсырақ. Ендеше, амалдарыңа қараңдар: олардағы табандылық немесе*

[1] «Жәмиғ баян әл-ғилм уә фадлих», (2/8).

ұстамдылық пайғамбарлардың мәнһәжіне және олардың Сүннетіне сай болсын»[1].

Аллаһ Тағаладан бізді де, сіздерді де сахабалардың жолымен жүретін әһлу әс-Суннаның қатарынан қылуын сұраймыз!

1 «Әз-Зухд» Ибн Абу әл-Ғасым, (197-бет); «Хилият әл-әулия», (1/253).

Кәғб ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Аса Жоғары әрі Ұлы Аллаһ Өз Елшісінің ﷺ сахабаларын мақтап, былай деген:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾ وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلْإِيمَٰنَ مِن قَبْلِهِمْ يُحِبُّونَ مَنْ هَاجَرَ إِلَيْهِمْ وَلَا يَجِدُونَ فِى صُدُورِهِمْ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُوا۟ وَيُؤْثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمْ وَلَوْ كَانَ بِهِمْ خَصَاصَةٌ ۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفْسِهِۦ فَأُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُفْلِحُونَ ﴿٩﴾ وَٱلَّذِينَ جَآءُو مِنۢ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَٰنِنَا ٱلَّذِينَ سَبَقُونَا بِٱلْإِيمَٰنِ وَلَا تَجْعَلْ فِى قُلُوبِنَا غِلًّا لِّلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ رَبَّنَآ إِنَّكَ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ ﴿١٠﴾﴾

«Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа және Оның Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне, солар — шыншылдар. Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар — құтылушылар. Сондай олардан кейін келгендерге де (бұл олжадан беріледі). Олар: «Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген туыстарымызды жарылқай гөр! Әрі сондай иман келтіргендер үшін жүрегімізде кірбеңдік қылма. Раббымыз! Расында, Сен — өте Жұмсақ, ерекше Мейірімдісің», — дейді» («әл-Хәшр» сүресі, 8–10 — аяттар).

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — шыншылдар, олар — табысқа жеткендер, шынайы мүминдер. Оларды жақсы көріп, олардың жолымен жүрген адам бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («ат-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің Сүннетімді және менен кейінгі тура жолға басталған ізгі халифалардың Сүннетін ұстануларың керек. Оны азу тістеріңмен берік ұстаңдар***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***…Расында, менің үмметім жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың бір тобынан басқасының барлығы Тозақ Отына түседі***», — деген.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендердің қайсыларың біреуге ілесуді қаласа, қайтыс болғандарға ілессін. Өйткені тірі адам фитнадан (бүліктерден) аман екендігіне кепіл емес. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — бұл үмметтің ішінде жүректері ең тақуа болғандар, білімдері ең терең болғандар және пайдасыз нәрселермен өздерін ең аз әуре еткендер. Олар — Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ сахаба болу үшін және дінді орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Олардың артықшылығын мойындаңдар, іздерімен жүріңдер, шамаларың келгенше олардың мінездері мен дінін ұстаныңдар. Өйткені олар тура жолда болды*».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба және Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ…

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Кәғб ибн Мәлик әл-Әнсари әл-Хазражи әл-Ғәқаби. Ол Ухуд шайқасына қатысқан ұлы сахаба. Ол — Аллаһ Елшісінің ﷺ ақыны әрі сахабасы. Ол — Тәбук шайқасына шықпаған үш адамның бірі еді. Аллаһ олардың тәубелерін қабылдап, олар туралы Құран аяттарын түсірді. Ол аяттар Қайта тірілу күніне дейін оқылатын болады.

Аллаһтың құлдары! Кәғб ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның Тәбук шайқасына шықпаған кездегі тәубесі жайында

болмақ. Онда оның артықшылықтары, ұстанымдары мен насихаттары көрініс табады.

Аллаһтың құлдары! Бізге өзінің тәубесі туралы айтып берген Кәғб ибн Мәликтің сөздерін тыңдайық.

Пайғамбарымыз ﷺ әскермен Тәбукке аттанғанға дейінгі Кәғб ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) Мәдинадағы жағдайы

Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Мен Тәбук жорығынан басқа Аллаһ Елшісі ﷺ (қатысқан) ешбір әскери жорықтан қалған емеспін. Дегенмен Бадр шайқасында да онымен бірге болған жоқпын. Алайда ол кезде қалып қойғандардың ешқайсысы сөгіске ұшырамады. Ал Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге Тәбук жорығына шықпаған кездегі оқиғама келсек, расында, мен онымен бірге бұл жорыққа шықпай қалған кезімдегідей күшті әрі ауқатты болған емеспін. Аллаһпен ант етемін, бұған дейін менде ешқашан екі інген болған емес. Ал осы жорықтың кезіне қарай менде екі інген бар еді. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ (біреулерге қарсы) жорыққа аттанбақ болса, міндетті түрде өзінің шынайы ниетін жасырып, басқа жорыққа аттанбақ екенін көрсететін еді. Бұл жолы да солай болып, осылай жалғаса берді. Ақыры осы жорықтың уақыты келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл жорыққа қатты ыстықта аттанды. Онда оны алыс жол, сусыз шөл дала және көптеген жаулар күтіп тұрды. Ол мұсылмандар осы жорыққа дайындала алуы үшін істің мәнін түсіндірді. Содан кейін оларға нақты қай жаққа барғысы келетінін жариялады.* (Яғни оларға византиялықтарға қарсы жорыққа шығып, Тәбукке аттанатынын білдірді) *Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге мұсылмандардың көп болғаны соншалық, олардың санын есептеу мүмкін емес еді. Жорыққа аттанғысы келмеген аз ғана адам бұл туралы ешкім білмейді деп ойлайтын. Алайда (бұл жағдай тек) сондай адам туралы Аллаһ Тағаладан уәхи түсірілгенге дейін ғана жалғасатын. Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл жорыққа жемістер піскен, ағаштар жайлы көлеңке беріп тұрған кезде аттанды. Сол көлеңке мені де өзіне тартатын. Аллаһтың Елшісі ﷺ басқа мұсылмандармен бірге (осы жорыққа) дайындалып жатты. Мен де олармен бірге дайындалу үшін таңертен (үйден) шыға бастадым. Алайда ештеңе істеместен қайтып келіп, өзіме: «Мен мұны қаласам істей аламын», — дейтінмін. Басқалар шындап (жорыққа аттануға дайындалуды) жалғастырып жатқанда, мен осылай істеуді жалғастырдым. Ақырында Аллаһтың Елшісі ﷺ та-*

ңертең (басқа) мұсылмандармен бірге жолға шықты. Ал мен әлі ештеңе істемеген едім. Сонда мен (қайтадан) таңертең шығып, (дайындық үшін) ештеңе істеместен қайтып келдім. Мен осындай күйде жүргенде, шапшаң жүрген жорыққа қатысушылар алысқа ұзап кетіп үлгерді. Мен жолға шығып, оларды қуып жетуді ұйғардым. Әттең, осыны істей алғанымда ғой! Алайда бұл маған жазылмаған еді».

Аллаһтың Елшісі ﷺ мұсылмандармен бірге Аллаһ Тағаланың жолында Мәдинадан Тәбукке қарай аттанды.

Пайғамбарымыз ﷺ әскермен Тәбукке аттанғаннан кейін Кәғб ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) Мәдинадағы жағдайы

Кәғб былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ жорыққа аттанғаннан кейін адамдардың арасына шыққанымда, екіжүзділікпен айыпталғандар немесе Аллаһ Тағала ақтаған әлсіздерден басқа өзіме ұқсас ешкімді кездестірмейтінім мені үнемі қапаландыратын. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ мені Тәбукке жеткенге дейін есіне алмады. Сол жерде ол адамдардың арасында отырғанда: «**Кәғб ибн Мәлик не істеді?**», — деп сұрады. Сонда Бану Сәлима тайпасынан болған адам: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны екі киімі мен тәкаппарлығы ұстап қалды», — деді. Бұны естіген Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын): «Сен неткен жаман сөз айттың! Аллаһпен ант етемін, уа, Аллаһтың Елшісі! Біз ол туралы тек жақсылық қана білеміз!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ ештеңе демеді. Аллаһтың Елшісінің ﷺ Тәбуктен қайтып келе жатқанын білгенімде, мені қатты қайғы басты. Мен (өзіме): «Ертең оның ашуынан қалай құтыламын?», — деп, жалған (сылтаулар) ойлап таба бастадым. Осы істе отбасымдағы әрбір дана адамнан көмек сұрадым. Ал адамдар Аллаһ Елшісінің ﷺ Мәдинаға жақындағанын айта бастағанда, барлық жалған ойлар сейілді. Мен оның ашуынан өтірік арқылы құтыла алмайтынымды түсініп, шындықты айтуды ұйғардым».*

Пайғамбарымыз ﷺ әскермен Тәбуктен қайтып келгеннен кейін Кәғб ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) Мәдинадағы жағдайы

Кәғб былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ таңертең (Мәдинаға) қайтып келді. Ол қандай да бір сапардан оралғанда, әдетте, ең алдымен мешітке келіп, екі рәкағат намаз оқитын. Содан кейін сол жерде адамдармен бірге (біраз уақыт) отыратын. Осының барлығын жасағаннан кейін оған (Мәдинада) қалып қойған адамдар келіп, өз ақтауларын анттарымен бекітіп, ақтала бастады. Олардың саны сексеннен асқан еді. Ол олардың ақтаулары мен анттарын қабылдап, Аллаһтан оларды кешіруін тілеп дұға етті әрі олардың ішкі ойлары туралы үкім шығаруды Аллаһқа қалдырды. Содан кейін мен жақындадым. Мен сәлем бергенде, ол ﷺ ашуын жасырып тұрған адамның жымиысымен жымиды да:* «***Жақында***», — *деді. Мен жақындап, оның алдына отырдым. Ол ﷺ:* «***Сені қалып қоюға не мәжбүр етті? Сен түйелер сатып алмап па едің?***», — *деп сұрады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһпен ант етемін, егер қазір сізден басқа кез келген адамның алдында отырсам, (жалған) сылтаулар арқылы оның ашуынан құтыла алар едім деп ойлаймын. Өйткені маған шешендік дарыған. Бірақ Аллаһпен ант етемін, егер бүгін сізге өтірік айтып, сіз соған разы болсаң, Аллаһ бәрібір көп ұзамай сізді маған ашуландыратынын түсіндім. Ал егер сізге шындықты айтсам, сіз бұл үшін маған (қазір) ашуланасыз. Бірақ Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ осы үшін мені игі нәтижеге (жеткізеді) деп үміттенемін! Аллаһпен ант етемін, менің ешқандай сылтауым жоқ. Аллаһпен ант етемін, қалып қойған кезімде бұрын-соңды болмағандай күшті әрі ауқатты едім!», — дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ:* «***Мына адамға келсек, ол шындың айтты. Ендеше, тұр да, Аллаһ сен туралы шешім шығарғанша (күт)***», — *деді. (Осыдан кейін) бану Сәлима тайпасының адамдары маған қарай ұмтылып, соңымнан ерді де: «Аллаһпен ант етеміз! Бұрын сенің ешқандай күнәңді білмейтінбіз. Сен Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында басқа қалып қойғандар ақталғандай ақтала алмадың. Ал (күнәңді өтеу үшін) Аллаһ Елшісінің ﷺ сенің кешірілуіңді тілеп Аллаһқа дұға етуі жеткілікті болар еді!», — дей бастады. Аллаһпен ант етемін, олар мені кінәлай бергені соншалық, мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ қайта барып, оған айтқан сөзім шындық емес екенін айтқым келді. Содан кейін мен олардан: «Менің басымнан өткен жағдай тағы біреудің басынан өтті ме?», — деп сұрадым. Олар: «Иә, тағы екі адам сен айтқандай айтты. Оларға да саған айтылғандай айтылды», — деді. (Осыны айтып) олар маған Бадр шайқасына қатысқан екі ізгі адамның есімдерін атады. Мен: «Мен солардан үлгі алуым*

керек», — дедім. Олар маған осы екі адамның есімдерін атағаннан кейін, мен (ештеңені өзгертпеуді) ұйғардым».

Аллаһ Елшісінің ﷺ өз сахабаларын қалай тәрбиелегені туралы

Кәғб былай деген: «*Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ (Мәдинада) қалып қойғандардың бәрінің ішінен тек біз үшеуімізбен ғана сөйлесуге тыйым салды. Адамдар бізден аулақ жүре бастады* (немесе ол: «*…адамдар бізге деген қарым-қатынасын өзгертті…*», — деді). *Тіпті (мен өмір сүрген) жердің өзі маған бейтаныс болып кетті. Өйткені бұл мен бұрын білетін жер емес еді. Біз осындай жағдайда елу күн өткіздік. Менің екі жолдасыма келсек, олар бойынсұнушылық танытып, өз үйлерінде отырып жылайтын еді. Ал мен олардан жасырақ әрі күштірек едім. Сондықтан (үйден) шығып, (басқа) мұсылмандармен бірге намаздарға қатысатынмын, базарларды аралайтынмын. (Бірақ) менімен ешкім сөйлеспейтін! Аллаһтың Елшісі ﷺ намаздан кейін адамдардың арасында отырғанда, оған жақындап, сәлем беретінмін де, өзімнен: «Менің сәлеміме жауап ретінде ернін қимылдатты ма, жоқ па?», — деп сұрайтынмын. Содан кейін оның қасында намаз оқып, оған ұрлана көз салатынмын. Мен намаз оқып жатқанда, ол маған қарайтын. Ал мен оған бұрылғанда, ол менен жүзін бұратын. (Бірде) мұсылмандар тарапынан осындай жатсынуды ұзақ уақыт көргеннен кейін, мен (үйден шығып), адамдардың ішінде ең жақсы көретін немере бауырым Абу Қатаданың бағының қоршауына (жеткенше жүрдім). Мен сол қоршауға өрмелеп шығып, оған сәлем бердім. Аллаһпен ант етемін, ол менің сәлеміме жауап бермеді! Сонда мен оған: «Уа, Абу Қатада! Сенен Аллаһтың атымен сұраймын, (айтшы) менің Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ жақсы көретінімді білесің бе?», — дедім. Ол үндемеді. Мен одан қайтадан Аллаһтың атымен сұрадым, бірақ ол үнсіздігін сақтады. Мен сөзімді тағы бір рет қайталадым. Бұл жолы ол: «Аллаһ пен Оның Елшісі мұны жақсырақ біледі!», — деді. Сонда менің көздерім жасқа толды. Мен қоршаудан қайта асып, кері қайттым. (Біраз уақыт өткен соң) Мәдинаның базарымен жүріп бара жатып, кенеттен Мәдинаға сатуға азық-түлік әкелетін Шамның христиан шаруаларының бірінің: «Мені Кәғб ибн Мәликке кім апарады?», — дегенін естідім. Адамдар ол маған келіп, ғассанилердің билеушісінен хат табыстағанға дейін маған нұсқай берді. Мен хатшы едім әрі бұл хатты оқып шықтым. Онда: «Бұдан соң: расында, бізге досыңның сенен жатсына бастағаны туралы хабар жетті. Алайда Аллаһ сенің еленбей қалуыңа немесе құқықтарыңның шекте-*

луіне жол бермейді. Бізге қосыл, біз сені жұбатамыз!», — деп жазылған еді. Мен осы хатты оқып, (өзіме): «Бұл да — сынақ», — дедім. Содан кейін пешке барып, сол хатпен от тұтаттым. Аллаһтың уәхиі әлі де түспей жатты. Елу күннің қырық күні өткенде, маған күтпеген жерден Аллаһ Елшісінің ﷺ хабаршысы келіп: «Аллаһтың Елшісі ﷺ саған әйеліңе жақындамауды бұйырды!», — деді. Мен: «Мен онымен ажырасуым керек пе? Әлде басқаша әрекет етуім керек пе?», — деп сұрадым. Ол: «Жоқ. Тек одан алыста әрі оған ешбір жағдайда жақындама!», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ хабаршы арқылы екі жолдасыма да осылай істеуді бұйырды. Сонда мен әйеліме: «Ата-анаңа бар да, Аллаһ осы іс бойынша Өз шешімін шығарғанша солардың қасында бол», — дедім».

Қиындықтан кейінгі жеңілдік

Кәғб былай баяндаған: «*Мен осы күйде тағы он түн болдым. Олар аяқталғанда, адамдарға бізбен сөйлесуге тыйым салынғаннан бері елу түн өткен еді. Елуінші түн аяқталарда үйлеріміздің бірінің төбесінде таң намазын оқып, сол жерде Аллаһ Тағала атап өткен күйде отырғанымда, жаным қысылып, жер кеңдігіне қарамастан тар болып көрінген кезде, кенет Сәлғ тауына көтеріліп, бар даусымен: «Уа, Кәғб ибн Мәлик, қуан!», — деп айқайлаған адамның дауысын естідім. Мұны естігенде жеңілдіктің келгенін түсініп, сәждеге жығылдым. (Шынында да, белгілі болғандай,) таң намазы кезінде Аллаһтың Елшісі ﷺ (адамдарға) аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың тәубемізді қабыл еткенін хабарлаған екен. Осыдан кейін адамдар бізге бұл қуанышты хабарды жеткізуге асықты. (Олардың кейбірі) екі жолдасыма қарай бет алды, ал маған қарай бір атты кісі шаба жөнелді. Бірақ маған Әслəм тайпасынан шыққан басқа бір адам да асықты. Ол тауға көтерілді де, оның дауысы аттан бұрын жетті. Дауысын естіген әлгі адам осы қуанышты хабарды жеткізіп, маған келгенде, мен үстімдегі екі киімімді шешіп, оны алғыс ретінде оған кигіздім. Аллаһпен ант етемін, ол кезде менің басқа киімім жоқ еді. Сондықтан екі киімді уақытша сұрап алып, оларды кидім де, Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарай аттандым. Жолда адамдар мені топ-тобымен қарсы алып, тәубемнің (Аллаһ тарапынан қабыл етілуімен) құттықтап: «Аллаһтың тәубеңді қабыл еткені саған игілік болсын!», — деп жатты. Мешітке кіргенде, адамдардың ортасында отырған Аллаһ Елшісін ﷺ көрдім. Ал Талхə ибн Убəйдуллаһ (орнынан) тұрып, маған қарай жүгірді де, қолымды қысып, мені құттықтай бастады. Аллаһпен ант етемін, одан басқа муһəжирлердің ешқайсысы орнынан тұрған жоқ. Кәғб Талхəның бұл ісін*

*ешқашан ұмытпайды! Мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ сәлем бергеннен кейін, ол: «**Анаң сені дүниеге әкелгеннен бергі ең жақсы күніңе қуан!**», — деді. Сол кезде оның жүзі қуаныштан жарқырап тұрды. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұл сізден бе? Әлде Аллаһтан ба?», — деп сұрадым. (Бұған) ол ﷺ: «**Жоқ, бұл — Құдіретті әрі аса Ұлы Аллаһтан!**», — деп жауап берді. Аллаһ Елшісін ﷺ бір нәрсе қуантқанда, оның жүзі нұрланып, айдың бір бөлігіне ұқсайтын. Мұны бәріміз білетінбіз. Мен оның алдына отырып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Тәубемнің (қабыл етілгеніне алғыс ретінде) бүкіл мал-мүлкімді Аллаһ пен Оның Елшісі үшін кедейлерге таратып бергім келеді!», — дедім. (Бұған) Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Оның бір бөлігін өзіңе қалдыр, өйткені бұл сен үшін жақсырақ болады**», — деп жауап берді. Сонда мен: «Мен өзіме Хайбардағы үлесімді қалдырамын», — дедім. Кейін мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, Аллаһ мені тек шындықты (айтқанымның) арқасында ғана құтқарды. Тәубемнің (қабыл етілгеніне алғыс ретінде) өлгенге дейін шындықтан басқа ештеңе айтпаймын!», — дедім. Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың Елшісіне ﷺ осы сөзді айтқаннан бері Аллаһ Тағаланың мұсылмандардың біріне маған жасағанындай ұлы игілік жасағанын естіген емеспін. Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың Елшісіне ﷺ осыны айтқаннан бері осы күнге дейін бір рет те әдейі өтірік айтқан емеспін. Расында, Аллаһ Тағала мені бұдан алдағы уақытта да сақтайды деп үміттенемін! Аллаһ Тағала мынадай аяттарды түсірді:*

﴿لَّقَد تَّابَ ٱللَّهُ عَلَى ٱلنَّبِيِّ وَٱلْمُهَٰجِرِينَ وَٱلْأَنصَارِ ٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُ فِى سَاعَةِ ٱلْعُسْرَةِ مِنۢ بَعْدِ مَا كَادَ يَزِيغُ قُلُوبُ فَرِيقٍ مِّنْهُمْ ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ ۚ إِنَّهُۥ بِهِمْ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ ﴿١١٧﴾ وَعَلَى ٱلثَّلَٰثَةِ ٱلَّذِينَ خُلِّفُواْ حَتَّىٰٓ إِذَا ضَاقَتْ عَلَيْهِمُ ٱلْأَرْضُ بِمَا رَحُبَتْ وَضَاقَتْ عَلَيْهِمْ أَنفُسُهُمْ وَظَنُّوٓاْ أَن لَّا مَلْجَأَ مِنَ ٱللَّهِ إِلَّآ إِلَيْهِ ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ لِيَتُوبُوٓاْ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ هُوَ ٱلتَّوَّابُ ٱلرَّحِيمُ ﴿١١٨﴾ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَكُونُواْ مَعَ ٱلصَّٰدِقِينَ ﴿١١٩﴾﴾

«**Расында, ауыр ауыршылықтан кейін Пайғамбарға ерген муһәжірлер мен ансарлардың, Пайғамбардың тәубелерін қабыл етті. Аллаһ оларға тым Жұмсақ, өте Мейірімді болғандығынан оларың тәубелерін қабыл етті. Сондай-ақ Ол соғыстан қалған үшеуінің де тәубесін қабыл етті. Тіпті оларға жер кең бола тұра тар келген еді. Өздерінен өздері тарылып, Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін Аллаһ оларға тәубе нәсіп етті. Расында, Ол — Аллаһ, тәубені қабыл етуші, өте Мейірімді. Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар**» («әт-Тәуба» сүресі, 117–119-аяттар).

Аллаһпен ант етемін! Аллаһ мені Исламға бағыттағаннан кейін маған жасаған ең үлкен игілігі — Аллаһтың Елшісіне ﷺ шындықты айтып, оған өтірік айтпағаным болды. (Өйткені олай болғанда) өтірік айтқан-

дар құрдымға кеткендей, мен де құрдымға кетер едім. Себебі, расында, Аллаһ Тағала уәхи түсіріп, өтірік айтқандар туралы Өзінің кімге қатысты болса да айтқан сөздерінің ең ауырын айтты.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿سَيَحْلِفُونَ بِٱللَّهِ لَكُمْ إِذَا ٱنقَلَبْتُمْ إِلَيْهِمْ لِتُعْرِضُواْ عَنْهُمْ ۖ فَأَعْرِضُواْ عَنْهُمْ ۖ إِنَّهُمْ رِجْسٌ ۖ وَمَأْوَىٰهُمْ جَهَنَّمُ جَزَآءًۢ بِمَا كَانُواْ يَكْسِبُونَ ﴿٩٥﴾ يَحْلِفُونَ لَكُمْ لِتَرْضَوْاْ عَنْهُمْ ۖ فَإِن تَرْضَوْاْ عَنْهُمْ فَإِنَّ ٱللَّهَ لَا يَرْضَىٰ عَنِ ٱلْقَوْمِ ٱلْفَٰسِقِينَ ﴿٩٦﴾﴾

«**Қашан олардың жанына қайта оралсаңдар, оларды айыптаудан бет бұруларың үшін Аллаһтың атымен ант ішеді. Онда олардан бой тартыңдар. Өйткені, олар істеген істерінің өтеуі ретінде олардың паналайтын орны Тозақ болады. Олар сендердің өздерінен разы болуларың үшін ант ішеді. Егер сендер оларға разы болсаңдар да, расында, Аллаһ пасық адамдарға разы болмайды!**» («әт-Тәуба» сүресі, 95–96-аяттар)» (Әл-Бухари, 4156; Муслим, 2769).

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Раббымыз Өз Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلْمُؤْمِنِينَ رِجَالٌ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيْهِ ۖ فَمِنْهُم مَّن قَضَىٰ نَحْبَهُۥ وَمِنْهُم مَّن يَنتَظِرُ ۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبْدِيلًا ﴿٢٣﴾﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Кәғб ибн Мәлик әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын) — осы ерлердің, осы шыншылдардың бірі. Оның хадисінен біз сөзіндегі шыншылдығын, Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһқа жасаған тәубесінің шынайылығын, сынақтар кезінде дінде берік тұруындағы табандылығын көреміз.

Сондықтан Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өз Кітабында Кәғб ибн Мәлик пен оның екі жолдасы туралы бізге хабарлағаннан кейін, мүмин құлдарын үнемі шыншылдармен бірге болуға шақырып, былай деген:

﴿وَعَلَى ٱلثَّلَٰثَةِ ٱلَّذِينَ خُلِّفُواْ حَتَّىٰٓ إِذَا ضَاقَتْ عَلَيْهِمُ ٱلْأَرْضُ بِمَا رَحُبَتْ وَضَاقَتْ عَلَيْهِمْ أَنفُسُهُمْ وَظَنُّوٓاْ أَن لَّا مَلْجَأَ مِنَ ٱللَّهِ إِلَّآ إِلَيْهِ ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ لِيَتُوبُواْ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ هُوَ ٱلتَّوَّابُ ٱلرَّحِيمُ ﴿١١٨﴾ يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَكُونُواْ مَعَ ٱلصَّٰدِقِينَ ﴿١١٩﴾﴾

«**Сондай-ақ Ол соғыстан қалған үшеуінің де тәубесін қабыл етті. Тіпті оларға жер кең бола тұра тар келген еді. Өздерінен өздері тарылып, Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін**

Аллаһ оларға тәубе нәсіп етті. Расында, Ол — Аллаһ, тәубені қабыл етуші, өте Мейірімді. Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және шыншылдармен бірге болыңдар» («ат-Тәуба» сүресі, 117–119-аяттар)**.**

Уа, Аллаһтың құлдары! Мұның себебін білесіздер ме?

Біріншіден: өйткені барлық істе шыншыл болу — осы дүниеде де, Ақыретте де игілікке жетудің себебі.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَوْ صَدَقُواْ ٱللَّهَ لَكَانَ خَيْرًا لَّهُمْ ﴿٢١﴾﴾

«**Егер олар Аллаһқа шыншылдық танытса, (бұл) өздері үшін жақсырақ болар еді»** («Мухаммад» сүресі, 21-аят)**.**

Екіншіден: өйткені барлық істе шыншыл болу — Жәннатқа жетудің жолы. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Сендер шыншылдықты ұстануларың керек. Өйткені, расында, шыншылдық изгілікке жеткізеді және, расында, изгілік Жәннатқа жеткіз***еді», — деген[1].

Үшіншіден: өйткені барлық істе шыншыл болу — жанның тыныштығы. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Шыншылдық — жан тыныштығы, ал өтірік — күмән***», — деген[2].

Төртіншден: өйткені барлық істе, тіпті сауда-саттықта шыншыл болу — барлық істе берекенің болуына себеп. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Сатып алушы мен сатушы бір-бірінен айырылысқанға дейін өз таңдауында ерікті болады. Егер екеуі де шын айтып, түсіндірсе, олардың мәмілесіне береке беріледі. Ал егер олар жасырып, өтірік айтса, олардың саудасының берекесі жойылады»*** (әл-Бухари, 2079; Муслим, 1532)**.**

Бесіншіден: өйткені барлық істе шыншыл болу — осы дүниеде де, Ақыретте де құтылудың себебі.

Кәғб ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) осы дүниеде шыншылдығының арқасында құтылды.

Аллаһ Тағала былай деген:

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (1/508); «Сунан» әт-Тирмизи, (1971); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубрә», (10/195); Ибн Мәжаһ, (46); «Муснад» әш-Шәши, (2/39); «Муснад» имам Ахмад, (1/384); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан» әт-Тирмизиде және «Сахих әл-жәмиғте», (4071), сондай-ақ «Мухтәсар Муслимде», (1809) сенімді деп атаған.

2 Әт-Тирмизи, (2518); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (5/355); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Ғируәда», (12, 2074) сенімді деп атаған.

﴿قَالَ ٱللَّهُ هَٰذَا يَوۡمُ يَنفَعُ ٱلصَّٰدِقِينَ صِدۡقُهُمۡۚ لَهُمۡ جَنَّٰتٞ تَجۡرِي مِن تَحۡتِهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١١٩﴾

«Аллаһ: «Бүгін шыншылдардың шындықтары пайда беретін күн. Оларға астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтары бар. Олар онда мәңгі қалады. Аллаһ оларға разы, олар да Оған разы. Бұл — ұлы жетістік», — деді» («әл-Мәида» сүресі, 119-аят)**.**

Уа, Аллаһ! Бізге дінімізді түсінуді нәсіп ет және сөзіміз бен ісімізде шыншылдық бере гөр!

Абдуллаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Өз дінін орнықтыру үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһ оларды жақсы көретіндерді жақсы көреді әрі оларды жек көретіндерді жек көреді. Оларды мүминдерден басқа ешкім жақсы көрмейді, ал екіжүзді бидғатшыдан басқа ешкім жек көрмейді.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Өз дініне көмекші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екендігін білесіздер ме? Ол — Абдуллаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын). Ол бұрын яһуди болып, кейін Ислам дінін қабылдады. Абдуллаһ ибн Сәләм — ғалымдардың имамы әрі Пайғамбарымыздың ﷺ ерекше сахабаларының бірі. Пайғамбарымыз ﷺ оның Жәннатта екендігін айтқан.

Абдуллаh ибн Сәләм (Аллаh оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның Исламды қабылдауы мен артықшылықтары жайында болмақ.

Оның Исламды қабылдауы

Абдуллаh ибн Сәләм (Аллаh оған разы болсын) Исламды Пайғамбарымыз ﷺ Меккеден Мәдинаға муһәжир болып келгенде қабылдады.

Ол (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға келгенде, адамдар оған қарай жүгірді. Мен де солардың арасында болдым. Оның жүзін көріп, оған қарай алғанымда, бұл жүздің өтірікшінің жүзі болуы мүмкін емес екендігін түсіндім. Оның аузынан ең алғаш естігенім: «**Уа, адамдар! Сәлемдесуді (сәләмді) таратыңдар, адамдарды тамақтандырыңдар, туыстық байланыстарды сақтаңдар және түнде өзгелер ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар. Сонда Жәннатқа амандықпен кіресіңдер**», — деген сөздер болды*»[1].

Бүкіл әлем шығысынан батысына дейін Исламның сенімділік, қауіпсіздік, бейбітшілік пен амандық діні екендігін білсін. Ислам туралы түсінікті бұрмалауды көздейтін бұқаралық ақпарат құралдары көрсеткендей, ол кісі өлтіру, қирату мен жарылыстар діні емес.

Әнастан (Аллаh оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келгенде, Абдуллаh ибн Сәләм өзінің құрма бағында болғаны жеткізіледі. Абдуллаh ибн Сәләм Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп: «*Мен сенен тек Пайғамбар ғана біле алатын үш нәрсе туралы сұраймын. Егер маған олар туралы хабарласаң, саған иман келтіремін*», — деді. Әнас былай деген: «*Ол одан баланың кейде әкесіне, кейде анасына неліктен ұқсайтының, Қиямет сағатының алғашқы белгісі не болатынын және Жәннатқа кіргендердің ең алдымен неден дәм тататынын сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Мұның барлығын маған жаңа ғана Жәбірейіл хабарлады**», — деп жауап берді. Ибн Сәләм: «Ол — яһудилердің жауы ғой!», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «**Баланың ұқсастығына келсек, егер жыныстық қатынас кезінде еркектің суы әйелдің суынан бұрын шықса, бала еркекке ұқсайды. Ал әйелдің суы оның суынан бұрын шықса, бала әйелге ұқсайды. Қиямет сағатының алғашқы белгісіне келсек, (ол) адамдарды шығыстан (жиналатын жерге қарай) айдап,***

[1] «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/14); «Сунан» әд-Дәрими, (1/405); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (2/502); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (1334); «Мусәннаф Ибн Аби Шәйба», (7/257); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (5/313); «Муснад» Ахмад, (5/451); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Ғируада» (3/239), «әт-Тәғлиқ әр-рағибте», (1/214) және «әс-Сахихада», (569) сенімді деп атаған.

***батыста жинайтын от (болады). Ал Жәннат тұрғындары ең алғаш дәм тататын ас — бұқаның басы мен киттің бауырының бір бөлігі»**. Абдуллаһ ибн Сәләм иман келтіріп: «Сенің Аллаһтың Елшісі екеніңе куәлік етемін!», — деді. Содан кейін Ибн Сәләм: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Расында, яһудилер өтірікші. Егер сен олардан (мен туралы) сұрамай тұрып, олар менің Исламды қабылдағанымды біліп қойса, маған жала жаба бастайды. Ендеше, оларға адам жібер де, олардан мен туралы сұра», — деді. Сөйтіп, олар барды да, Пайғамбарымыз ﷺ (яһудилерден): «**Абдуллаһ ибн Сәләмнің араларыңдағы орны қандай?**», — деп сұрады. Олар: «Ол — біздің мырзамыз әрі мырзамыздың ұлы. Ол — арамыздағы ең білімді адам әрі арамыздағы ең білімді адамның ұлы. Ол — арамыздағы ең жақсы адам әрі арамыздағы ең жақсы адамның ұлы!», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Қалай ойлайсыңдар, егер Абдуллаһ Исламды қабылдаса, сендер де Исламды қабылдар едіңдер ме?**», — деп сұрады. (Бұған жауап ретінде) олар: «Аллаһ оны бұдан сақтасын! Ол бұлай істемейді!», — деп дауыстап жіберді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Шық, уа, Ибн Сәләм!**», — деді. Ол олардың алдына шығып: «Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және Мухаммадтың Аллаһтың елшісі екеніне куәлік етемін!», — деді. Осыдан кейін олар: «Керісінше, ол — арамыздағы ең жаман адам әрі арамыздағы ең жаман адамның ұлы! Ол — біздің наданымыз әрі надандарымыздың ұлы!», — дей бастады. Сонда Ибн Сәләм: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Саған олардың өтірікші халық екенін айтпап па едім?», — деді»[1].

Әнәс ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Аллаһтың Пайғамбары ﷺ Мәдинаға түйеге мініп келді. Адамдар биік жерлерге көтеріліп, тағатсыздана қарап: «Аллаһтың Пайғамбары келді! Аллаһтың Пайғамбары келді!», — деп жатты. Абдуллаһ ибн Сәләм оның келгені туралы хабарды өз бағында отбасына құрма жинап жатқан кезде естіді. Ол құрма салынған ыдысты өзімен бірге алып, Пайғамбарға ﷺ қарай асықты. Ол Аллаһтың Пайғамбарын ﷺ тыңдады да, содан кейін үйіне қайтты. Аллаһтың Пайғамбары ﷺ жалғыз қалғанда, Абдуллаһ ибн Сәләм келіп: «Мен сенің Аллаһтың Елшісі екеніңе және ақиқатпен келгеніңе куәлік етемін. Яһудилер менің өздерінің мырзасы әрі мырзасының ұлы екенімді, сондай-ақ өздерінің ең білімдісі әрі ең білімдісінің ұлы екенімді біледі. Олар менің Исламды қабылдағанымды білмей тұрып, олардан мен туралы сұра. Өйткені олар менің Исламды қабылдағанымды білсе, маған жала жаба бастайды», — деді. Аллаһтың Пайғамбары ﷺ оларды шақыртты. Олар оған келгенде, ол ﷺ: «**Уа, яһудилер!***

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (16/442); «Муснад» Ахмад, (3/271); «Муснад» Абу Яғлә, (6/139); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1908) келтірген.

Сендерге қасірет! Аллаһтан қорқыңдар! Өзінен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ Аллаһпен ант етемін, сендер менің Аллаһтың Елшісі екенімді әрі өздеріңе ақиқатпен келгенімді білесіңдер. Ендеше, Исламды қабылдаңдар!*», — деді. Яһудилер: «Біз мұны білмейміз», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ сөздерін үш рет қайталады да, кейін: «**Мына Абдуллаһ ибн Сәләмнің араларыңдағы орны қандай?**», — деп сұрады. Олар: «Ол — біздің мырзамыз әрі мырзамыздың ұлы. Ол — арамыздағы ең білімді адам әрі арамыздағы ең білімді адамның ұлы!», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ал егер ол Исламды қабылдаса, не дер едіңдер?**», — деп сұрады. (Бұған жауап ретінде) олар: «Аллаһ сақтасын! Ол Исламды қабылдамайды!», — деп дауыстады. Пайғамбарымыз ﷺ қайтадан: «**Ал егер ол Исламды қабылдаса, не дер едіңдер?**», — деп сұрады. Олар (қайтадан): «Аллаһ сақтасын! Ол Исламды қабылдамайды!», — деп дауыстады. Пайғамбарымыз ﷺ қайтадан: «**Ал егер ол Исламды қабылдаса, не дер едіңдер?**», — деп сұрады. Олар (қайтадан): «Аллаһ сақтасын! Ол Исламды қабылдамайды!», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Ибн Сәләм! Олардың алдына шық!**», — деді. Ол шығып: «Уа, яһудилер! Аллаһтан қорқыңдар! Өзінен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ Аллаһпен ант етемін, сендер оның Аллаһтың Елшісі екендігін әрі ақиқатпен келгенін білесіңдер!», — деді. Бұған яһудилер: «Сен өтірік айтып тұрсың!», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға кетуді бұйырды»* (Әл-Бухари, 3699).

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың кейбірін айтып өтейік:

Біріншісі: Аллаһтың Елшісі ﷺ оның (Аллаһ оған разы болсын) Жәннат тұрғындарының бірі екендігін хабарлаған.

Сәғд ибн Абу Уәққастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Мен Пайғамбардың ﷺ жер бетінде жүргендердің ішінен Абдуллаһ ибн Сәләмнен басқа біреудің Жәннат тұрғындарының (қатарына жататынын) айтқанын естіген емеспін*» (Әл-Бухари, 3601).

Имам Муслимнің нұсқасында: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ тірі әрі жер бетінде жүріп жүргендердің ішінен Абдуллаһ ибн Сәләмнен басқа біреудің Жәннат тұрғындарының қатарына жататынын айтқанын естіген емеспін*», — делінген (Муслим, 2483).

Сәғд ибн Абу Уәққастан Пайғамбарымызға ﷺ ағаш табақ әкелініп, оның содан тамақ жегені жеткізіледі. Ол тамақтанып болғаннан кейін

табақта аздаған ас қалды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Осы жақтан Жәннат тұрғындарының бірі болатын адам келеді. Ол мына асты тауысып жейді***», — деді. Хадисті жеткізуші Сәғд: «*Бауырым Умәйр дәрет алу үшін қалып қойған еді. Мен ол Умәйр болар деп ойладым*», — деген. Алайда Абдуллаһ ибн Сәләм келіп, қалған асты тауысып жеген еді[1].

Бұл — Аллаһ Елшісінің ﷺ оның Жәннатта екендігіне берген куәлігі. Егер Пайғамбарымыз ﷺ біреудің Жәннатта екеніне куәлік етсе, біз де оның Жәннатта екендігіне куәлік етеміз.

Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) өзіне өлім таяғанда Абдуллаһ ибн Сәләм туралы: «*Расында, мен Аллаһ Елшісінің ол туралы: «**Ол — Жәннаттағы он адамның оныншысы**», — деп айтқанын естідім*», — деген[2].

Бір адам былай деген: «*Мен Мәдина мешітінде бір мәжілісте отырдым. Онда сырт келбеті көркем бір қарт кісі бар еді. Ол — Абдуллаһ ибн Сәләм болатын. Ол олармен көркем түрде сөйлесе бастады. Ол орнынан тұрғанда, адамдар: «Жәннат тұрғындарының бірін көру кімге қуаныш сыйласа, сол оған қарасын…», — деді*» (Муслим, 2484).

Екіншісі: оның Аллаһ Елшісінен ﷺ алған мол білімі.

Язид ибн Ғумәйрден Муғәз ибн Жәбәлге өлім таяғанда, оған: «*Уа, Абу Абдуррахман! Бізге өсиет қалдыр*», — делінгені жеткізіледі. Ол: «*Мені отырғызыңдар*», — деді де, содан кейін: «*Расында, білім мен иман — бірбірінің қайнар көздері. Оларды іздеген адам оларды табады. Ендеше, білімді төрт адамнан іздеңдер: Уәймир Абу Дардадан, Сәлман әл-Фәрисиден, Абдуллаһ ибн Мәсғудтан және бұрын яһуди болып, кейін Исламды қабылдаған Абдуллаһ ибн Сәләмнен. Расында, мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «Расында, ол — Жәннаттағы он адамның оныншысы», — деп айтқанын естідім*», — деген еді.

Язид ибн Ғумәйрдің былай дегені жеткізіледі: «*Муғәз өлім аузында жатқанда, Язид оның бас жағына отырып жылады. Муғаз: «Сені не жылатып отыр?», — деп сұрады. Ол: «Үйренбей қалған білімім үшін жылап отырмын», — деп жауап берді. Ол: «Расында, білім жоғалып кеткен жоқ. Ендеше, оны төрт адамнан үйрен», — деп, олардың аттарын атады. Солардың арасында Абдуллаһ ибн Сәләм да бар еді. Аллаһтың Елшісі ﷺ*

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/470); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (8/326); «Муснад» имам Ахмад, (1/169); «Муснад» Абу Яғлә, (2/98); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (80-бет); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда», (1909) сенімді деп атаған.

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (16/122); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (1/177); «Сунан» әт-Тирмизи, (3804); «Муснад» Ахмад, (5/242); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6231) сенімді деп атаған.

*ол туралы: «**Расында, ол — Жәннаттағы он адамның оныншысы**», — деген»*[1].

Үшіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның берік тұтқадан ұстап, Исламды ұстанған күйде қайтыс болатынын айтып сүйіншіледі.

Абдуллаһ ибн Сәләм былай деген: «*…(Бірде) түсімде маған бір адам келді. Ол маған: «Тұр», — деп, қолымнан ұстады. Мен онымен бірге жүрдім де, сол жағымнан үлкен жолдарды көрдім. Мен солардың бірімен жүргім келді, бірақ әлгі адам маған: «Бұл жолдармен жүрме, өйткені бұлар — сол жақта болатындардың жолдары», — деді. Содан кейін мен оң жағымнан үлкен әрі түзу жолдарды көрдім. Әлгі адам маған: «Осы жолдарды ұстан», — деді. Содан кейін мені әлдебір тауға алып келіп: «Шық!», — деп бұйырды. Бірақ мен қайта-қайта көтерілуге тырысып, әр жолы бөксеммен құлап түсе бердім. Содан кейін ол мені қайтадан ертіп, ұшы аспанда, табаны жерде тұрған бір бағанаға алып келді. Оның ұшында сақина түріндегі тұтқа бар еді. Әлгі адам маған: «Мына бағанаға өрмеле», — деп бұйырды. Мен: «Ұшы аспанда тұрған мына бағанаға қалай өрмелеп шығамын?», — деп сұрадым. Сонда ол мені қолымнан ұстап, лақтырып жіберді. Сөйтсем, мен әлгі сақинадан ұстап тұр екенмін. Содан кейін ол бағананы соқты да, бағана жерге құлады. Ал мен таң атқанша сақинадан ұстап тұра бердім. Мен оянған соң Пайғамбарымызға ﷺ келіп, оған (осы түсімді) айтып бердім. Ол ﷺ мені тыңдап болған соң былай деді: «**Сол жағыңнан көрген жолдарыңа келсек, олар — сол жақта болатындардың жолдары. Оң жағыңнан көрген жолдарыңа келсек, олар — оң жақта болатындардың жолдары. Тауға келсек, ол — сен жете алмайтын шәһидтер мекені. Бағанаға келсек, ол — Ислам. Ал сақина түріндегі тұтқаға келсек, ол — Исламмен байланыс. Бұл сенің одан өлгенше ұстап тұратыныңды білдіреді**»»* (Муслим, 6383).

Әрі барлығы Аллаһтың Елшісі ﷺ хабарлағандай болды: оның Ислامы көркем болды әрі ол оны Аллаһпен ең жақсы жағдайда кездескенге дейін ұстанды.

Абдуллаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен түсімде өзімді әлдебір бақтың ішінде көрдім. Осы бақтың ортасында темір бағана тұр еді. Оның жоғарғы ұшында сақина түріндегі тұтқа бар еді. Біреу маған: «Оған көтеріл», — деді. Мен: «Бұл менің қолымнан келмейді», — деп жауап бердім. Сонда маған бір қызметші келіп, киімінің етектерін артымнан сәл көтерді. Осыдан кейін мен сол бағананың ұшына жеткенше көтеріле бердім. Сол жерде әлгі тұтқадан ұстадым да,*

[1] «Сияр әғләм ән-нубәлә», (2/418); «әт-Тәбәқат әл-кубра», (2/353).

*оянып кеттім. Расында, әлгі тұтқа қолымда қалды. Мен (осының барлығын) Пайғамбарға ﷺ айтып бердім. Ол ﷺ: «**Бақ — Ислам, бағана — Исламның тірегі, ал тұтқа — ең сенімді байланыс (әл-ғуруәтул уусқа). Бұл сенің өлгенге дейін мұсылман болып қалатыныңды (білдіреді)**», — деді»* (Әл-Бухари, 6612).

Төртіншісі: Аллаһтың алдында оған екі сауап бар.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Үш адамға екі есе сауап әзірленген: өз Пайғамбарына иман келтіріп, (содан кейін) Мухаммадқа да иман келтірген Кітап иелерінен болған адамға; Аллаһқа және қожайындарына қатысты міндеттерін орындаған құлға; сондай-ақ күні болған, онымен жыныстық қатынаста болған әрі оны тиісінше тәрбиелеп, оқытқан, содан кейін оны азат етіп, оған үйленген адамға***» (Әл-Бухари, 97).

Бесіншіден: Аллаһ ол туралы Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аятын түсірді.

Ғәуф ибн Мәликтің былай баяндағаны жеткізіледі: «*Бір күні Пайғамбар ﷺ менімен бірге Мәдинадағы яһудилердің ғибадатханасына кірді. Сол күні олардың мерекесі еді. Оларға біздің келгеніміз ұнамады. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға: «**Уа, яһудилер! Маған араларыңнан Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне әрі Мухаммадтың Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік ететін он екі ер адамды көрсетіңдер. Сонда Аллаһ осы аспанның астында тұратын барлық яһудилерді Өзінің қаһарынан құтқарады**», — деді. Олар үнсіз қалып, ешқайсысы жауап бермеді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ өз сөздерін екінші рет қайталады. Оған тағы да ешкім жауап бермеді. Үшінші рет те дәл солай болды. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сендер бас тарттыңдар. Маған иман келтірсеңдер де, келтірмесеңдер де, Аллаһпен ант етемін, мен — адамдарды жинайтын адаммын, мен — пайғамбарлардың соңғысымын және мен — таңдаулы пайғамбармын**», — деді. Содан кейін біз кетуге дайындалдық. Ғибадатханадан шығып бара жатқанымызда, артымыздан: «Мухаммад! Тоқтай тұр!», — деген дауыс естілді. Біз бұрылған кезімізде, әлгі ер кісі: «Уа, яһудилер! Мен қандай адаммын?», — деді. Олар: «Аллаһпен ант етеміз, арамызда Аллаһтың Кітабын сенен жақсы білетін әрі дінді сенен жақсы түсінетін ешкімді білмейміз. Сенің әкең мен атаң да бұған дейін дәл осындай болған», — деп жауап берді. Ол: «Ендеше, оның сендер Таураттан оқитын дәл сол Аллаһтың Пайғамбары екендігіне куәлік етемін», — деді. Олар: «Сен өтірік айтып жатырсың!», — деп дауыстап, оның сөздерін теріске шығарып, балағаттай бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Сендер өтірік айтып тұрсыңдар, әрі сендердің сөздерің қабыл етілмейді. Сендер оны жаңа***

ғана мақтаған едіңдер, ал енді ол иман келтіргенде, оны өтірікші деп атап, ол туралы осындай сөздер айтып отырсыңдар! Расында, ол туралы куәліктерің қабыл етілмейді*», — деді. Содан кейін ол жерден үшеуіміз — Аллаһтың Елшісі ﷺ, мен және Абдуллаh ибн Сәләм шықтық. Ұлы әрі Құдіретті Аллаh ол туралы мына сөздерді түсірді:*

﴿قُلۡ أَرَءَيۡتُمۡ إِن كَانَ مِنۡ عِندِ ٱللَّهِ وَكَفَرۡتُم بِهِۦ وَشَهِدَ شَاهِدٞ مِّنۢ بَنِيٓ إِسۡرَٰٓءِيلَ عَلَىٰ مِثۡلِهِۦ فَـَٔامَنَ وَٱسۡتَكۡبَرۡتُمۡۖ إِنَّ ٱللَّهَ لَا يَهۡدِي ٱلۡقَوۡمَ ٱلظَّٰلِمِينَ ١٠﴾

«**(Мухаммад) оларға: «Көрдіңдер ме? Егер де Құран Аллаһтан болып, сендер оған қарсы болсаңдар; сондай-ақ Исраил ұрпақтарынан бір куә, осы сияқты (Тәуратқа) қуә болып, кейін иман келтірсе де сендер тәкаппарландыңдар. Расында, Аллаh залымдарды тура жолға салмайды», — деп айт**» («әл-Әхқаф» сүресі, 10-аят)»[1].

Ұлы Аллаһтан, Ұлы Аршының Раббысынан, бізді сіздермен, Абдуллаh ибн Сәләммен, Пайғамбарымызбен ﷺ және Аллаh Елшісінің ﷺ сахабаларымен бірге Нығмет бақтарында жинауын сұраймыз.

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (16/119); «әл-Мустәдрәк ғәлә әс-сахихайн», (3/369); «Муснад» имам Ахмад, (6/25); Хадистің иснады Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

Ғәммар ибн Ясир (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады**» («ән-Нур» сүресі, 37-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болулары және Өз дініне көмекші болулары үшін таңдаған осы ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары.

Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһ Тағала оларды жақсы көретін адамды жақсы көреді, әрі оларды мүминдерден басқа ешкім жақсы көрмейді. Сондай-ақ Аллаһ оларды жек көретінді жек көреді әрі оларды екіжүзді мен бидғатшыдан басқа ешкім жек көрмейді.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болу және Өз дініне көмекші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Ғәммар ибн Ясир әл-Ғәнәси әл-Мәкки. Ол — бану Мәхзум азат еткен құл.

Ол — Ұлы имам, Абул-Яқзан.

Ол — Исламды алғаш қабылдағандардың бірі, Бадр шайқасына қатысушы. Оның ата-анасы Меккеде азаптаудан қайтыс болған еді.

Оның анасы — ұлы сахаба әйелдердің бірі Сумәйя (Аллаһ оған разы болсын).

Аллаһтың құлдары! Ғәммар (Аллаһ оған разы болсын) туралы әңгіміміз оның артықшылықтары мен насихаттары жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі еді. Меккенің кәпірлері оны қатты азапқа салды, ал ол мұның барлығына Аллаһ үшін сабыр етті.

Ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Исламды алғаш ашық жариялағандар жетеу еді, олар: Аллаһтың Елшісі ﷺ, Абу Бакр, Ғәммар мен оның анасы Сумәйя, Суһәйб, Биләл және Миқдәд. Аллаһ оларға разы болсын. Аллаһтың Елшісіне ﷺ келсек, Аллаһ оны пұтқа табынушылардың құдалауынан көкесінің көмегімен қорғады. Ал Абу Бакрды (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Тағала оның тайпасы арқылы қорғады. Ал қалғандарын пұтқа табынушылар азаптап, оларға темір кіреуке сауыт кигізіп, күннің аптап ыстығында қалдыратын. Пұтқа табыну-*

шылар Биләлдан (Аллаһ оған разы болсын) басқасының барлығына естігісі келген сөздерін айтқызды. Ол Аллаһтың ұлылығымен салыстырғанда өзінің көрген азаптарын болмашы деп санайтын, ал пұтқа табынушылар оған түкке тұрғысыз біреу ретінде қарайтын. Пұтқа табынушылардың балалары оның мойнына қарғыбау тағып, оны Меккенің шатқалдарында арттарынан сүйретететін. Ал ол: «(Аллаһ) Жалғыз! Жалғыз!», — деп қайталай беретін»[1].

Екіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ ол азапталып жатқанда жанынан өтіп бара жатып, оған сабыр етуді бұйырып, Жәннатпен сүйіншіледі. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Ясирдің жанұясы! Сабыр етіңдер! Расында, сендермен кездесу Жәннатта болады***», — деген[2].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ азапталып жатқан Ғәммардың отбасының жанынан өтіп бара жатып, оларға: «***Уа, Ғәммардың отбасы! Қуаныңдар! Расында, сендермен кездесу Жәннатта болады***», — деген еді[3].

Абу Убәйда ибн Мухаммад ибн Ғәммар ибн Ясирдің былай дегені жеткізіледі: «*Көпқұдайшылар Ғәммарды ұстап алып, ол олардың кейбір талаптарына келіскенге дейін азаптады. Содан кейін ол бұл жайында Пайғамбарға ﷺ шағымданды. Ол ﷺ: «**Сенің жүрегіңде не бар?**», — деп сұрады. Ғәммар: «Ол имандағы тыныштығын сақтап тұр», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Егер олар қайта келсе, (сөздеріңді) қайтала**», — деді*»[4].

Үшіншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны жақсы көруі және мақтауы.

Әмр ибн Ғәс қайтыс болар алдында қатты мазасызданды. Мұны көрген ұлы Абдуллаһ ибн Амр: «*Уа, Абу Абдуллаһ! Сізді не мазасыздандырып отыр? Аллаһтың Елшісі ﷺ сізге істерді сеніп тапсырған еді ғой*», — деп сұрады. *Ол: «Иә, балам, солай болған. Мен саған бұл туралы айтып берейін. Мұның сүйіспеншіліктен болғанын немесе оның мені өзіне жақындатқысы келгенін білмеймін. Бірақ Пайғамбар ﷺ осы дүниеден өтерде жақсы көріп кеткен екі адам туралы куәлік бере аламын. Олар — Ибн Сумәйя*

---

1 Ибн Хиббән, (15/558); «әл-Мустәдрәк» әл-Хәким, (3/320); «әс-Сунан әл-кубра» әл-Бәйхәқи, (8/209); Ибн Мәжаһ, (150); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/396); «Муснад» имам Ахмад, 1/404; Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Ибн Мәжаһта» жақсы деп атаған.

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/432); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (24/303); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Фиқһ әс-сираның» тәхқиқында сенімді деп атаған.

3 «Әт-Тәбәқат әл-кубра», (3/249).

4 «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (8/208); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (2/389); әл-Хәким: «Бұл хадис екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді, алайда олар оны келтірмеді», — деген. Әз-Зәхәби онымен келіскен.

(Ғаммар ибн Ясир) және Ибн Умм Ғәбд (Абдуллаһ ибн Масғуд)», — деп жауап берді. Осыны айтып бергеннен кейін ол мойнының бұғау салынатын жеріне қолын қойып «*Уа, Аллаһ! Сен бізге бұйырдың, ал біз орындамай қалдырдық. Сен бізге тыйым салдың, ал біз істедік. Бізге Сенің кешіріміңді күтуден басқа ештеңе қалған жоқ*», — деді де, бұл сөздерді қайтыс болғанша қайталай берді[1].

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбардың ﷺ жанында отырған едім. Ғаммар ибн Ясир кіруге рұқсат сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оған кіруге рұқсат беріңдер. Қош келдің, таза әрі тазартылған жан!**», — деді*»[2]. Бұл — Пайғамбарымыздың ﷺ Ғаммарға айтқан мақтауы.

Хузәйфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Менен кейін сахабаларымнан болған Абу Бакр мен Умарға еріңдер. Ғаммардың жолымен жүріңдер және Ибн Мәсғудтың өсиетін берік ұстаныңдар**», — деген*»[3].

Төртіншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оның иманының күшті екендігіне берген куәлігі.

Ғаммар Алидің (Аллаһ оған разы болсын) үйіне кірген кезде, Али: «*Қош келдің, таза әрі тазартылған жан! Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «Ғаммар басынан аяғына дейін иманға толы», — деп айтқанын естігенмін*», — деген[4].

Алиден Ғаммар туралы сұралғанда, Али: «*Ол дүниелік нәрселерді ұмытады, ал оған (Аллаһ туралы) еске салынса, Оны есіне алады. Иман оның естуі мен көруіне енді*», — деді де, оның дене мүшелерінен қалағандарын атап өтті[5].

Бесіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһтың Ғаммарды шайтаннан қорғағанын хабарлады. Ғәлқама былай деген: «*Абу Дарда: «Араларыңда Пайғамбардың ﷺ сөздері арқылы Аллаһ шайтаннан қорғаған адам жоқ па?», — деп, Ғаммарды меңзеді*» (Әл-Бухари, 3113).

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», 9/350; «Муснад» имам Ахмад, 4/199.

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/551); «Сунан әт-Тирмизи», (3798).

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/79); «Сунан» әт-Тирмизи, (3805); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/295); «Сунан әл-Бәйхәқи әл-кубра», (8/153); «әл-Муғжәм әл-әусәт» әт-Тәбәрани, (5/345); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

4 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/443); «Масобих әз-зужәж», (1/22); Ибн Мәжаһ, (147); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан» Ибн Мәжаһта және «әс-Сахихада», (807) сенімді деп атаған.

5 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/414).

Бір адам Абу Хурайраға: «Маған (бірдеңе) айтып бер!», — дегенде, ол: «*Араларыңда Мухаммадтың ﷺ сахабаларының ғалымы, шайтаннан құтқарылған Ғаммар ибн Ясир бола тұра, менен сұрап отырсың ба!?*», — деп жауап берді[1].

Сондықтан Ғаммар (Аллаһ оған разы болсын) екі істің бірін таңдағанда, екеуінің дұрысырақ болғанын таңдайтын.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «**Ғаммарға екі істің бірін таңдау мүмкіндігі берілген сайын, ол әрдайым екеуінің ең дұрысын таңдайды**»*»[2].

Алтыншысы: Пайғамбарымыз ﷺ оны қорғайтын әрі оның ашуын келтірген адамға ашуланатын.

Халид ибн Уәлид (Аллаһ оған разы болсын): «*Менің Ғаммар ибн Ясирмен әңгімем болды және мен оған дөрекі сөйледім. Ғаммар менің үстімнен Пайғамбарға ﷺ шағымдануға кетті*», — деген. Содан кейін Халид Пайғамбарға ﷺ келді. Бұл кезде Ғаммар Пайғамбарға ﷺ шағымданып жатқан еді. Халид Ғаммарға одан сайын дөрекілік танытты. Пайғамбар ﷺ үнсіз қалып, ештеңе айтпады. Ғаммар жылап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Көріп тұрған жоқсыз ба?», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ басын көтеріп: «***Ғаммармен жауласқан адаммен Аллаһ жауласады, ал Ғаммарды жек көргенді Аллаһ жек көреді***», — деді. Халид: «*Мен сыртқа шықтым және мен үшін Ғаммардың разылығынан сүйіктірек ештеңе жоқ еді. Мен онымен кездестім, әрі ол мені кешірді*», — деген[3].

Жетінішісі: Пайғамбарымыз ﷺ оған оны залымдар тобы өлтіретінін хабарлап, сүйіншілеген.

Абу Сәғид (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бәріміз бір-бірден күйдірілмеген кірпіш таситынбыз, ал Ғаммар (ибн Ясир) екі-екіден таситын. Мұны көрген Пайғамбар ﷺ оның үстіндегі шаңды қаға бастап: «**Залымдар тобы өлтіретін Ғаммарды Аллаһ рахымына алсын! Ол оларды Жәннатқа шақырады, ал олар оны Тозаққа шақырады!**», — деді. Ал Ғаммар: «Мұндай қиындықтардан Аллаһтың қорғауына жүгінемін!», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 436).

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/418).

2 Ибн Мәжаһ, (148); Шейх әл-Әлбәни хадисті Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (835) және «әл-Мишкәтта», (6227) сенімді деп атаған.

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/441); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/293); «Муснад» имам Ахмад, (4/89); Хадис сенімді. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Қуан, уа, Ғәммар! Сені залымдар тобы өлтіреді***», — деген[1].

Сегізіншісі: оның Аллаһ Елшісінен ﷺ үйреніп, берік ұстанған білімі.

Бір адам Умар ибн әл-Хаттабқа келіп: «Мен жүніп күйде болып, су таба алмадым», — деді. Умар оған: «*Намаз оқыма*», — деді. Ғәммар: «*Уа, мүминдердің әмірі! Сен екеуіміз бір жасақта болғанымызда, жүніп күйде қалып, су таба алмағанымыз есіңде емес пе? Сен намаз оқымадың, ал мен шаңға аунап, намаз оқыдым. Біз Пайғамбарға ﷺ келгенімізде, мен оған бұл жайлы айтып бердім. Ол ﷺ: «**Расында, саған осылай істеу жеткілікті**», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ алақандарын жерге бір рет соғып, содан кейін оларға үрледі де, беті мен екі қолын сипады*», — деді (Муслим, 368).

Абу Уәилдің былай дегені жеткізіледі: «*Ғәммар бізге құтпа айтып, қысқа әрі нұсқа сөйледі. Ол төмен түскеннен кейін біз: «Уа, Абул-Яқзан! Қысқа әрі нұсқа сөйледің. Бірақ ұзағырақ (құтпа) айтсаң ғой!», — дедік. Сонда Ғәммар: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: «**Расында, адамның намазының ұзақ болуы мен уағызының қысқа болуы оның білімдарлығын (фиқһын) айғақтайды. Ендеше, намазды ұзартып, құтпаны қысқартыңдар. Өйткені, расында, шешендіктің кейбірі — сиқыр**», — деген еді*» (Муслим 869).

Бұлар — білімде ғалым, жиһадта батыр болған сахабалар. Уа, Ғәммар! Аллаһ саған және Мухаммадтың ﷺ барлық сахабаларына разы болсын.

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның насихаттарының кейбірін келтірейік:

Бірінші: Ғәммар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Үш қасиетті жинаған адам бойына иманды жинаған болады: өзіңе әділ болуың*» — яғни адамдарға да, өзіңе де әділ болып, өзіңе немесе адамдарға жағымпазданудан аулақ болуың. «*Сәлемдесуді (сәләмді) барлық жерде тарату*», — яғни танитындарыңа да, танымайтындарыңа да сәлем беруің. «*Және кедейлікке қарамастан мұқтаждарға қаражат жұмсау*», — яғни аз болса да, өз мал-мүлкіңнен жұмсау[2].

---

1 Әт-Тирмизи, (3800); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «әс-Сахихада», (710) сенімді деп атаған.

2 Имам әл-Бухари хадисті муғәлләқ түрінде «Сәлем тарату Исламнан екендігіне қатысты» деген тарауда келтірген, (1/19).

Екінші: бір адам былай деген: «Біз Ғәммар ибн Ясирмен бірге едік. Оның жанында бір бәдәуи бар еді. Сонда (бір) ауру туралы сөз қозғалды. Бәдәуи: «Мен ешқашан ауырған емеспін», — деді. Ғәммар оған: «*Сен бізден емессің. Расында, мұсылман адам қайғы-қасіреттермен сыналады. Олар оның күнәларының өтемі болады, әрі оның күнәлары бойынан жапырақтар ағаштан түскендей түседі. Расында, кәпір де сыналады. Оның жағдайы тұсалған түйенің жағдайына ұқсайды, ол өзін қашан босататынын білмейді. Ал оны босатқанда, не үшін босатқанын білмейді*», — деді»[1].

Үшінші: ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Өлім — жеткілікті насихат. Байлық ретінде нық сенім жеткілікті және айналысатын іс ретінде құлшылық жеткілікті*»[2].

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Кімге өлім насихат ретінде жеткіліксіз болса, оған насихатшы жоқ.

Расында, сіз жаназа намазын оқып, ертең өзі үшін осы намаз оқылатынын білетін адамды; мәйітті зиратқа көтеріп апарып, ертең өзін де солай көтеріп апаратынын білетін адамды; қабірдің жанында тұрып, көп ұзамай өзі де осы қабірдің ішінде болатынын білетін адамды көресіз. Бірақ ол сонда да насихат алмайды!

Сіз оның мәйітке ілесіп жүріп, мешіттің сыртында тұрып, қайтыс болған адам үшін намаз оқымайтынын көресің. Ол тіпті Аллаһ өзіне міндеттеген намаздарды да оқымайды! Олар қайтыс болған адам жерлеп жатқанда, оларды осы жерде, қабірдің жанында көре аласыздар, олар күледі, сауда-саттық жасап тұрады, өсек айтады әрі өзіне қатысы жоқ нәрселер туралы сөйлеседі!

Ол өлімнен насихат алмайды. Ал аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ:

﴿كُلُّ نَفْسٍ ذَآئِقَةُ ٱلْمَوْتِ﴾

«**Әрбір жан өлімнің дәмін татады**», — деген.

Сондай-ақ Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне ﷺ:

﴿إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ ﴿٣٠﴾﴾

«**Расында, сен де өлесің, олар да өледі**», — деді.

Жәбірейіл (оған сәлем болсын) Елшімізге ﷺ: «***Уа, Мухаммад! Қалағаныңша өмір сүр, расында, сен өлесің***», — деген.

---

1 «Кәнз әл-ғәммәл», (8635).

2 «Әл-Муснад әш-шихәб», (2/302); «Шуғәб әл-иман» әл-Бәйхәқи, (7/353); «Китәб әз-зухд» Ибн Абу Ғасым, (176-бет); «әз-Зухд» Ибн әл-Мубәрак, (37-бет).

Көріп тұрған нәрселеріңнің ешбірі өз жарқылын сақтап қалмайды,

Аллаһ қана мәңгі, ал байлық пен балалар жоғалады.

Бір күні Хурмузды оның қазыналары құтқара алмады,

Ғәдтықтар да өлместікке ұмтылды, бірақ мәңгі болмады.

Желдер оның әмірімен соққанда, Сулейман да (мәңгі қалмады),

Ал адамдар мен жындар солардың арасында жұмыс істеуге мәжбүр еді.

Күш-қуатына бола алдарына жан-жақтан елшілер жиналған патшалар қайда?

Онда адамдар сөзсіз әкелінетін бір су айдыны бар,

Әркім оған бір күні міндетті түрде олар келгендей келеді.

Насихат ретінде өлім жеткілікті. Уа, Ғәммар! Сен шындықты айттың. Өлімнен насихат алмаған адамға насихатшы жоқ. Ал өлімнен насихат алған адам қуансын! Өйткені ол өлімнен насихат алса, ол үшін көп нәрсе азаяды, ал аз нәрсе көбейеді. Сіз оның Аллаһтың құзырындағы нәрселерге ұмтылып, Аллаһқа бойсұнбаушылықтан алыс болғанын көресіз.

Уа, Аллаһ! Бізге өлімнен бұрын шынайы тәубе етуді нәсіп ете гөр!

Абу Зарр әл-Ғифәри (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді. Оларға тек екіжүзді пен бидғатшы ғана өшпенділік танытады.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аса жоғары Аллаһ қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абу Зарр әл-Ғифәри (Аллаһ оған разы болсын). Ол — Жундуб ибн Жунәдә, Исламды алғаш қабылдағандардың бірі.

Ол Исламды төртінші болып қабылдады. Исламды қабылдағаннан кейін ол өз тайпасына қайтып, Пайғамбарымыздың ﷺ бұйрығымен со-

лардың арасында тұрды. Пайғамбарымыз ﷺ hижра жасағанда, ол да оған hижра жасап, үнемі жанында болды әрі онымен бірге жиһад жасады.

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгімеміз оның Исламды қабылдауы, артықшылықтары және насихаттары туралы болмақ.

Оның Исламды қабылдауы

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай баяндаған: «*Абу Заррға (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Өз Пайғамбарын жібергені туралы хабар жеткенде, ол бауырына: «Осы Пайғамбар тұрған аңғарға (Меккеге) бар. Өзін пайғамбармын деп, көктен хабарлар мен уәхи алатынын айтатын осы адам туралы мәлімет жина. Оның не айтатынын тыңдап, маған қайтып кел», — деді. Бауыры жолға шығып, Меккеге жетті де, Пайғамбардың ﷺ сөздерін тыңдады. Содан кейін Абу Заррға қайтып келіп: «Мен бұл адамның көркем мінезді болуға бұйыратынын көрдім. Оның айтқан сөздері өлең емес», — деді. Абу Зарр: «Бұл мәліметтер маған жеткіліксіз!», — деді де, өзімен бірге аздаған азық пен су толы торсық алып, жолға шықты. Ол Меккеге жеткенде, мешітке келіп, Пайғамбарды ﷺ іздей бастады. Оны танымаса да, ол туралы ешкімнен сұрағысы келмеді. Түн түсіп, ол жатқанда, Али оны көріп, жолаушы екенін түсінді. Абу Зарр Алиді көргенде, оның соңынан ерді. (Бірақ) олар бір-бірінен ештеңе сұрамады. Таң атқанда Абу Зарр азығы мен су толы торсығын алып, мешітке қайтып келді. Ол онда күні бойы болғанымен, Пайғамбарды ﷺ көре алмады. Түнде ол тағы да мешітте қалды. Али оның жанынан тағы да өтіп бара жатып: «Адамның өзіне пана болар жерді табатын кезі келмеді ме?», — деді де, Абу Заррды үйіне алып барды. Ол онда екінші түнін өткізді. Алғашқы кездей, олар бір-бірінен ештеңе сұрамады. Үшінші түні Али тағы да солай істеді. Абу Зарр оның үйіне келгенде, Али: «Сені мұнда не алып келгенін айтып бермейсің бе?», — деп сұрады. Абу Зарр: «Маған (іздегенімді) көрсететініңе уәде берсең, айтып беремін», — деп жауап берді. Али уәде берді, сонда ол оған барлығын айтып берді. Осыдан кейін Али: «Бұл — ақиқат, ол — Аллаһтың Елшісі. Таңертең мен қайда барсам да, артымнан ер. Егер саған қауіп төндіретін бір нәрсені байқасам, дәрет сындырып жатқандай болып тоқтаймын. Қайта жүре бастағанымда, мен кірген жерге сен де кіргенше, артымнан ер», — деді. Абу Зарр оған айтылғанды істеді. Ол Али Пайғамбарға ﷺ кіргенге дейін оның соңынан еріп, онымен бірге ішке кірді. Абу Зарр Пай-*

*ғамбардың ﷺ сөздерін тыңдап, сол жерде Исламды қабылдады. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «**Өз халқыңа қайтып бар да, оларға (осы туралы) хабарла. Менен бұйрық келгенше, солардың арасында бол**», — деді. Абу Зарр: «Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін, мен мұны олардың (яғни мүшриктердің) арасында ашық жариялаймын!», — деді. Содан кейін ол сыртқа шығып, мешітке кірді де, бар даусымен: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад Оның Елшісі екеніне куәлік етемін!», — деп жариялады. Сонда мүшріктер орындарынан тұрып, оны құлағанша ұра бастады. Сол кезде Аббас келіп, оны өз денесімен қалқалады да: «Бастарыңа қасірет түссін! Оның Ғифар тайпасынан екенін және Шамға баратын сауда жолдарың (Ғифар жері) арқылы өтетінін білмейсіңдер ме?!», — деп, Абу Заррды олардан құтқарып қалды. Келесі күні Абу Зарр тағы да солай істеді. Олар орындарынан тұрып, оны соққыға жықты. Аббас оны қорғау үшін тағы да өз денесімен жапқан еді*» (Әл-Бухари, 3648).

Муслим жеткізген риуаятта Пайғамбарымыздың ﷺ Абу Зарр Исламды қабылдағаннан кейін оған былай дегені жеткізіледі: «***Маған құрма ағаштары өсетін бір жер көрсетілді. Менің ойымша, ол — Ясриб (яғни Мәдина). Өз халқыңа мен туралы хабарлайсың ба? Бәлкім, Аллаһ сен арқылы оларға пайда берер. Бәлкім, олардың тура жолға түсуіне себепші болғаның үшін Аллаһ саған сый-сауап берер***».

Абу Зарр былай баяндаған: «*Мен Унәйсқа бардым. Ол менен «Сен не істедің?», — деп сұрады. Мен: «Исламды қабылдап, оның ақиқаттығын растадым», — деп жауап бердім. Ол: «Мен сенің дініңе қарсы емеспін. Мен де Исламды қабылдап, оның ақиқаттығын растаймын», — деді. Содан кейін біз анамызға бардық. Ол: «Мен сенің дініңе қарсы емеспін (яғни оны айыптамаймын) және мен де оны қабылдаймын», — деді. Содан кейін біз (жүктерімізді) түйелерге артып, жолға шықтық та, өз тайпаластарымыз — ғифарилықтарға келдік. Олардың жартысы Исламды қабылдады. Олардың көсемі әрі мырзасы Әймәғ ибн Рахада әл-Ғифари еді. Ал екінші жартысы: «Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға келгенде, біз де Исламды қабылдаймыз», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға келгенде, тайпаның екінші жартысы да Исламды қабылдады. Содан кейін Әслəм тайпасы келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бауырларымыз (яғни Ғифар тайпасы) Исламды қабылдады. Біз де олар қабылдаған шарттармен Исламды қабылдаймыз», — деді. Олар Исламды қабылдады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Аллаһ Тағала Ғифарды кешірсін, ал Әслəмге амандық (сәлəм) берсін», — деді*» (Муслим, 2473).

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың кейбірі:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ сәлем берген алғашқы адам.

Абу Зарр былай деп баяндаған: «*…Аллаһтың Елшісі ﷺ Қағбаға келіп, Қара тасқа қолын тигізді де, Қағбаны тауаф етті. Оның жанында сахабасы (яғни Абу Бакр) бар еді. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ намаз оқыды. Ол намазын аяқтағанда, мен Пайғамбарға ﷺ Ислам сәлемін берген алғашқы адам болдым. Мен: «Әс-сәләму ғаләйкә, йә Расулаллаһ (Уа, Аллаһтың Елшісі! Саған сәлем болсын)», — дедім. Ол: «**Уә ғаләйәкә әс-сәләму уә рахматуллаһ (Саған да сәлем және Аллаһтың рахымы болсын)**», — деп жауап берді. Содан кейін Пайғамбар ﷺ: «**Сен кімсің?**», — деп сұрады. Мен: «Ғифар тайпасынанмын…», — деп жауап бердім…*» (Муслим, 2473).

Екіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оны мақтаған.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Аспан Абу Заррдан асқан шыншыл адамға сая болған емес, жер де ондай адамды көтерген емес***», — деген[1].

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Исаның (оған сәлем болсын) кіші-пейілдігін көргісі келген адам Абу Заррға қарасын***», — деген[2].

Үшіншісі: ол — Исламды алғаш қабылдағандардың бірі.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Исламның төрттен бірі едім: менен бұрын Исламды үш адам қабылдады, ал мен төртіншісі болдым. Мен Пайғамбарға ﷺ келіп: «Уа, Аллаһ Елшісі! Саған сәлем болсын. Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Мухаммад Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік етемін», — дедім. Мен Пайғамбардың ﷺ жүзінен қуаныш көрдім. Ол: «**Сен кімсің?**», — деп сұрады. Мен: «Мен — Бану Ғифар тайпасынан шыққан Жундубпын», — деп жауап бердім*»[3].

---

1 Әт-Тирмизи, (3801); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (6/388); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахиха», (2343) сенімді деп атаған.

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (16/83); «Муснад әл-Хәрис» Зәуәид әл-Хәйсәми, (2/925); «әл-Әхәд уә әл-мәсәни», (2/230); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (2/147); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих Мәуәрид әз-зәмғанда» келтірген, (1914).

Төртіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оны жақсы көретін, сондықтан оны ізгілік пен тақуалыққа бағыттайтын. Бұл төмендегі дәлелдерден айқын көрінеді.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Абу Зарр! Расында, мен сенің әлсіз екеніңді көріп тұрмын. Мен өзіме қалағанымды саған да қалаймын. Сондықтан саған кеңесім: тіпті екі адамға да басшылық етуді мойныңа алма әрі жетімнің мал-мүлкін басқаруға кіріспе!**», — деген*» (Муслим, 1826).

Уа, мансап қуған адам! Басшылықтың Қиямет күні масқаралық пен өкінішке айналатыны есіңде ме?

Абу Зарр былай баяндаған: «*Бірде мен Пайғамбарға ﷺ: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мені (бір іске) басшы етіп тағайындайсыз ба?», — дедім. Сонда Пайғамбар ﷺ қолымен иығымнан жеңіл қақты да: «**Уа, Абу Зарр! Расында, сен әлсізсің. Ал билік — адамға сеніп тапсырылған аманат. Оны хақымен алып, өзіне жүктелген міндеттерді орындағандардан басқалардың барлығы үшін ол Қиямет күні масқаралық пен өкінішке айналады**», — деп жауап берді*» (Муслим, 1825).

Егер сен екі адамға басшы болып тағайындалсаң, Қиямет күні сенен олар туралы сұралады. Егер сен бес адамға басшы болып тағайындалсаң, Қиямет күні сенен олар туралы сұралады. Егер сен бір қауымға басшы болып тағайындалсаң, Қиямет күні сенен олар туралы сұралады.

Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын): «*Егер Ираста бір қашыр сүрініп кетсе, Қиямет күні Раббым менен: «Умар! Неліктен оларға жолды жөндеп бермедің?», — деп сұрайды*», — демеді ме?!

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбар ﷺ маған: «**Уа, Абу Зарр! Ізгі істердің ешқайсысын болмашы көрме. Тіпті ол бауырыңды жылы жүзбен қарсы алу болса да**», — деген*» (Муслим, 2626).

Сондай-ақ Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Абу Зарр! Сорпа қайнатқанда, суын молырақ құйып, көршілеріңе де қамқорлық таныт**», — деді*» (Муслим, 2625).

Осы хадистер тұрғысынан қарағанда, біздің көршілерімізге деген қарым-қатынасымыз қандай? Ендеше, әрбір көрші өз көршісіне қатысты Аллаһтан қорықсын.

Абу Зарр былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Абу Зарр! Сен ақшаның көптігін байлық деп санайсың ба?**», — деді. Мен: «Иә, уа, Аллаһтың Елшісі», — деп жауап бердім. Ол ﷺ: «**Расында, (на-**

***ғыз) байлық — жүректің байлығы, ал кедейлік — жүректің кедейлігі»**, — деді»*[1].

Абу Зарр былай деген: «*Бірде мен Пайғамбардың ﷺ артынан келе жатқанымда, ол маған: «**Уа, Абу Зарр! Саған Жәннат қазыналарының бір қазынасы туралы хабарлайын ба?**», — деді. Мен: «Әрине», — деп жауап бердім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Аллаһтан басқа ешбір күш те, қуат та жоқ (Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ)**», — деді*»[2].

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Менің сүйіктім (Пайғамбарымыз ﷺ) маған жеті нәрсені өсиет етті. Ол маған кедейлерді жақсы көріп, оларға жақын болуға ұмтылуды, осы дүниедегі жағдайы менен төмендерге қарап, менен жоғарыларға қарамауды, мені елемей, маған жаман қарым-қатынас жасайтын туыстарыммен де туыстық байланысты сақтауды, «Аллаһтан басқа ешбір күш те, қуат та жоқ (Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ)» деген сөздерді жиі айтуды, ауыр болса да ақиқатты айтуды, Аллаһтың дініне қатысты ешкімнің сөгісінен қорықпауды және адамдардан ештеңе сұрамауды өсиет етті*»[3].

Сондай-ақ Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сүйіктім маған үш нәрсені өсиет етті. Аллаһ қаласа, мен оларды ешқашан тастамаймын. Ол маған духа намазын оқуды, ұйықтар алдында үтір намазын оқуды және әр айда үш күн ораза ұстауды өсиет етті*»[4].

Бесіншісі: оның Пайғамбарымызға ﷺ жақындығы және жақсылыққа ұмтылысы.

Абу Заррдан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Қиямет күні Аллаһ сөйлеспейтін, оларға қарамайтын әрі оларды тазартпайтын үш санаттағы адам бар. Оларға жан қинайтын азап болады***», — деп үш рет қайталағаны жеткізіледі. Абу Зарр: «*Бұл адамдар зиянға ұшырады! Осы үшеуі кімдер?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ «***Мусбил*** (киімінің етегін жерге дейін түсіріп жүретін адам), ***мәннән*** (жасаған жақсылығын адамдарға міндетсінетін адам) ***және жал-***

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (5/361); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/363); «Шуғәб әл-иман» әл-Бәйхәқи, (7/290); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сахих әт-тарғиб уә әт-тәрхибте», (827) келтірген.

2 «Сахих» Ибн Хиббән, (3/101); Ибн Мәжаһ, (3825); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (6/7); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/194); «Муснад» әл-Баззар, (9/415); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан ибн Мәжаһқа» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

3 «Муснад» имам Ахмад, (5/159); «Сахих» Ибн Хиббән, (2/194); «әл-Әусәт» әт-Тәбәрани, (7/365); «әс-Сағир», (2/48); «әл-Кәбир», (2/156); Шейх әл-Әлбәни бұл хадис жайлы «әс-Сахихада»: «Оның иснады, барлық жеткізушілері сенімді», — деген (2166).

4 «Муснад» имам Ахмад, (5/173); «әс-Сунан әл-кубра» ән-Нәсәи, (2/133); «әт-Тәмхид» Ибн Абдул-Барр, (8/140); Хадистің иснады сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хадисия».

ған анттар арқылы тауарын өткізетін адам», — деп жауап берді (Муслим, 106).

Басқа бір риуаятта: «***Изарын тобықтан төмен түсіріп жүретін адам***», — деп келген.

Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбармен ﷺ бірге Мәдинадағы бір аңғарда келе жаттым. Сонда біздің алдымыздан Ухуд тауы көрінді. Пайғамбарымыз ﷺ маған: «**Уа, Абу Зарр!**», — деді. Мен: «Тыңдап тұрмын, уа, Аллаһтың Елшісі!», — дедім. Ол: «**Менде осы Ухуд тауындай алтын болып, үш күн өткен соң, қарызды өтеу үшін қалдырғанымнан басқа бір нәрсенің қалғанын қаламас едім. Аллаһтың құлдарына былай таратпай, бір динарды да қалдырғым келмес еді**», — деді де, оң жағына, сол жағына және артына нұсқады. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ алға жүріп: «**Расында, қазір мал-мүлкі көп болғандардың Қиямет күні сауабы ең аз болады. Бірақ мал-мүлкіне қатысты былай істейтіндер бұған кірмейді**», — деді де, оң жағына, сол жағына және артына нұсқады. Кейін: «**Алайда ондайлар аз**», — деді. Содан кейін маған: «**Осы жерде тұр. Мен қайтып келгенше, орныңнан қозғалма**», — деді де, өзі әрі қарай жүріп, түн қараңғылығына сіңіп кетті. Біраз уақыттан кейін мен қатты дыбыс естідім. Мен Пайғамбарға ﷺ біреу шабуыл жасады деп қорқып, оның жанына бармақ болдым. Бірақ оның: «**Мен қайтып келгенше, орныңнан қозғалма**», — деген сөзін есіме алып, ол қайтып келгенше, орнымнан қозғалмадым. Ол қайтып келгенде, мен: «Мені қорқытқан бір дыбыс естідім», — деп, нақты не естігенімді айтып бердім. Ол ﷺ: «**Сен оны шынымен естідің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Иә», — дедім. Сонда ол ﷺ: «**Бұл маған келіп: «Үмметіңнен Аллаһтан басқа ешнәрсеге құлшылық етпеген күйде қайтыс болған кез келген адам Жәннатқа кіреді**», — деген Жәбірейіл еді», — деді. Мен: «Тіпті ол зина жасаған әрі ұрлық істеген болса да ма?!», — деп сұрадым. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Тіпті ол зина жасаған әрі ұрлық істеген болса да!**», — деп жауап берді*» (Әл-Бухари, 6079).

Абу Зарр былай деген: «*Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бір адам кейбір адамдарды жақсы көреді, бірақ олардың жасаған амалдарындай амал жасай алмайды», — дедім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен, Абу Зарр, жақсы көргендеріңмен бірге боласың**», — деді. Мен: «Ал мен Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көремін», — дедім. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен, Абу Зарр, жақсы көргендеріңмен бірге боласың**», — деді*».

Хәшим: «*Пайғамбарымыз ﷺ оған: «**Сен жақсы көргендеріңмен бірге боласың**», — деп үш рет айтты*», — деген[1].

Біз Аллаһтың алдында Абу Заррды жақсы көретінімізге, Аллаһты және Оның Елшісін ﷺ жақсы көретінімізге куәлік етеміз. Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтан бізді Абу Заррмен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинауын сұраймыз.

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның насихаттары көп. Олардың кейбірін келтірейік:

Бірінші: оның ұзақ сапарға дайындалу туралы насихаттары.

Суфиян әс-Сәури бірде Абу Зарр әл-Ғифәри Қағбаның жанына тұрып: «*Уа, адамдар! Мен — Жундуб әл-Ғифаримін. Сендерге жақсылық тілейтін әрі жанашыр болған бауырларыңа келіңдер*», — дегенін баяндаған. Адамдар оның айналасына жиналғанда, ол: «*Егер сендердің бірің сапарға шыққысы келсе, өзімен бірге жолда қажетін өтеп, көздеген жеріне жетуіне көмектесетін азықты алмайды ма?*», — деп сұрады. Адамдар: «*Әрине*», — деп жауап берді. Ол: «*Ал Ақыретке сапар (яғни Қиямет күніне қарай жүріп бара жатқан жолдарың) — сендер аттанатын барлық сапарлардың ішіндегі ең ұзағы. Ендеше, осы жолда аман болуларыңа көмектесетін азық алыңдар*», — деді. Адамдар: «*Бізді амандыққа не нәрсе жеткізеді?*», — деп сұрады. Абу Зарр оларға: «*Ұлы оқиғаларға дайындалып, қажылық жасаңдар. Қайта тірілу күніндегі ұзақ жиынға дайындалып, аптап ыстық күні ораза ұстаңдар. Қабірдің жалғыздығына дайындалып, түнде екі рәкағат намаз оқыңдар. Ұлы күнде тұратыныңды ойлап, жақсы сөз айт немесе жаман сөзден тыйыл. Мал-мүлкіңнен садақа бер. Бәлкім, Қиямет күнінің азабы мен қиындықтарынан құтыларсың. Бұл дүниедегі мәжілістерің екеу болсын: Ақыретке ұмтылатын және адалға ұмтылатын мәжіліс. Ал саған зиян келтіріп, пайда әкелмейтін үшінші мәжілісті қалама. Мал-мүлкіңді де екі дирһам ет: отбасыңа адалдан жұмсайтын бір дирһам және Ақырет үшін сақтайтын бір дирһам. Саған зиян келтіріп, пайда әкелмейтін үшінші дирһамды қалама*», — деп жауап берді. Содан кейін ол даусын көтеріп: «*Уа, адамдар! Сендерді ашкөздіктерің құртты. Бірақ сендер оны ешқашан тойдыра алмайсыңдар!*» — деді»[2].

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (5/166); Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/140).

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Расында, Ақыретке сапар — азық қажет ететін ұзақ жол. Осы ұзақ жолға қамдайтын азығының ең жақсысы — тақуалық. Аса жоғары Аллаһ былай деген:

﴿وَتَزَوَّدُواْ فَإِنَّ خَيۡرَ ٱلزَّادِ ٱلتَّقۡوَىٰۚ﴾

«**Азық алыңдар. Негізінде, азықтың ең жақсысы — тақуалық**» («әл-Бақара» сүресі, 197-аят).

Ал тақуалыққа Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһқа құлшылық етіп, ізгі амалдар жасау арқылы жете аласыз.

Адам баласы!

Өміріңнен Ақыретіңе азық жина,

Аллаһ үшін тұр да, ең жақсы азықты қамда.

Дүние игілігін көптеп жинама,

Расында, мал-мүлік таусылу үшін жиналады.

Азығы бар жандарға жолдас болып,

Өзіңнің азықсыз қалуыңа разысың ба?

Екінші: оның өлімнен кейінгі өмір үшін амал жасау туралы насихаты.

Бір адам Абу Заррдың (Аллаһ оған разы болсын) үйіне кіріп, оның үйін қарап шығып: «*Абу Зарр! Заттарың қайда?*», — деп сұрады. Ол: «*Біздің бір үйіміз бар. Ең жақсы заттарымызды сонда жіберіп жатырмыз*», — деп жауап берді. Әлгі адам: «*Бірақ осында тұрғаныңда да, қандай да бір заттар керек емес пе?*», — деп сұрады. Абу Зарр: «*Бұл үйдің иесі біздің мұнда қалуымызға жол бермейді*», — деп жауап берді[1].

Уа, Адам баласы! Жол ұзақ, асу қиын, амалдар аз, ал өлім күтпеген жерден келеді.

Үшінші: оның дүниеге қызықпау туралы насихаты.

Бірде Абу Заррдың әйелі (Аллаһ оған разы болсын) оны мал-мүлкінің аздығы үшін кінәлады. Сонда ол әйеліне: «*Уа, Умм Зарр! Алдымызда ауыр әрі тік төбе бар. Одан жүгі жеңіл адамның өтуі жүгі ауыр адамға қарағанда оңай*», — деді[2].

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

1 «Сәфуәт әс-сәфуә», (1/303).

2 «Әз-Зухд» имам Ахмад, (185-бет).

Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Әрі кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар.

Оларды жақсы көріп, олардың жолымен жүргендер бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.

Аса жоғары Аллаһ былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәт бақтарын әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят).

Ал оларды жек көріп, олардың жолынан басқа жолмен жүргендер бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болады.

Аса жоғары Аллаh былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят).

Аллаhтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаh қаласа, Аллаh Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаhтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме?

Ол — Мухаммад ибн Мәсләмә ибн Халид ибн Ғәди ибн Мәждәғә. Оның куниясы — Абу Абдуллаh, сондай-ақ оны Абу Абдуррахман деп те атайтын. Ол — Әус тайпасынан шыққан ансар, ардақты сахабалардың бірі. Ол Аллаhтың Елшісімен ﷺ бірге Бадр шайқасына және басқа да шайқастарға қатысқан.

Аллаhтың құлдары! Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаh оған разы болсын) жайлы әңгіземіз оның артықәшылықтары мен өміріндегі атаулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаhтың құлдары! Оның (Аллаh оған разы болсын) артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Біріншісі: ол (Аллаh оған разы болсын) ең жақсы ансарлардың бірі.

Аллаh Тағала Өз Кітабында ансарларды мақтады. Әрі Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаh оған разы болсын) олардың алдыңғы қатарында еді.

Аса жоғары Аллаh былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلۡإِيمَٰنَ مِن قَبۡلِهِمۡ يُحِبُّونَ مَنۡ هَاجَرَ إِلَيۡهِمۡ وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمۡ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُواْ وَيُؤۡثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمۡ وَلَوۡ كَانَ بِهِمۡ خَصَاصَةٞۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفۡسِهِۦ فَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡمُفۡلِحُونَ ٩﴾

«**Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық**

бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар құтылушылар» («әл-Хәшр» сүресі, 9-аят).

Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ ансарларды жәрдемшілер деп атады.

Бір адам Әнастан (Аллаһ оған разы болсын): «*Сендер өздеріңді ансарлар деп атадыңдар ма, әлде сендерді осылай Аллаһ атады ма?*», — деп сұрады. Ол: «*Бізді осылай атаған — Аллаһ*», — деп жауап берді (Әл-Бухари, 3565).

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ өз Сүннетінде ансарларды мақтады. Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаһ оған разы болсын) олардың алдыңғы қатарында болған еді.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ансарларды жақсы көру — иманның белгісі, ал ансарларды жек көру — екіжүзділіктің белгісі***», — деген.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ансарларды мүмин адам ғана жақсы көреді және оларды екіжүзді ғана жек көреді. Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді, ал оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді***».

Ансарлар — Аллаһ Елшісі ﷺ үшін ең сүйікті адамдар. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп хабарлаған: «*Бірде ансарлардың арасынан бір әйел ұлымен бірге Аллаһтың Елшісіне ﷺ келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ онымен сөйлесті де, содан кейін екі рет: «**Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Расында, сендер мен үшін ең сүйікті адамдарсыңдар!**», — деді*» (Әл-Бухари, 3575).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Егер һижра болмаса, мен міндетті түрде ансарлардың бірі болар едім. Егер ансарлар бір аңғармен (немесе шатқалмен) жүрсе, мен міндетті түрде ансарлар жүрген аңғармен жүрер едім***» (Әл-Бухари, 6817).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Аллаһ! Ансарларды және ансарлардың балаларын кешір!***», — деген[1].

Екіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ бүліктің оған зиян тигізбейтінін хабарлаған.

Хузәйфа ибн әл-Яман былай деген: «*Мен Мухаммад ибн Мәсләмәдан басқа әрбір адамға бүліктің зияны тиюінен қорқамын. Өйткені мен Аллаһ Елшісінің ﷺ оған: «**Бүлік саған зиян тигізбейді**», — дегенін естідім*»[2].

---

1 Әл-Бухари, (4623); Муслимде: «Ансарлардың балаларының балаларын кешір», — деп қосылған (2506).

2 Абу Дауд, (4663); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйба, (7/462); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан Абу Даудта» және «әл-Мишкәтта» сенімді деп атаған, (6333).

Расында, бүлік басталғанда, ол одан аулақ болды.

Имам әз-Зәһәби «Сияр әғләм ан-нубәлә» (4/30) кітабында былай деген: «*…Ол (Аллаһ оған разы болсын) бүліктен аулақ болғандардың бірі еді. Ол түйе шайқасына да, Сыффин шайқасына да қатыспады. Алайда ол өзіне ағаш қылыш алып, Рабадаға көшті де, сонда аз уақыт тұрды*».

Үшіншісі: Умар ибн әл-Хаттабқа (Аллаһ оған разы болсын) аймақ басшыларының үстінен шағым түскенде, ол істің мән-жайын анықтау үшін Мухаммад ибн Мәсләмәні жіберетін. Яғни Умар оған күрделі мәселелерді шешуді тапсыратын.

Аллаһтың құлдары! Куфа тұрғындары Умарға (Аллаһ оған разы болсын) Сәғдтың (Аллаһ оған разы болсын) үстінен шағымданғанда, ол Сәғдты қызметінен алып, оларға Ғәммар ибн Ясирді басшы етіп тағайындады. Олар көп шағым айтып, соның ішінде оның намазды тиісті түрде жүргізбейтінін де атады. Сонда Умар оны шақыртып алды. Сәғд келгенде, Умар оған: «*Уа, Абу Исхақ! Мына адамдар сен намазды дұрыс жүргізбейді деп отыр!*», — деді. Абу Исхақ: «*Аллаһпен ант етемін! Мен олармен Аллаһтың Елшісі ﷺ намаз оқығандай намаз оқыдым және намазды қысқартқан емеспін! Құптан намазында алғашқы екі рәкағатты ұзартып, соңғы екеуін қысқартатынмын*», — деп жауап берді. Умар: «*Уа, Абу Исхақ! Мен сен туралы дәл осылай ойлаған едім!*», — деді. Содан кейін ол онымен бірге бір адамды (немесе бірнеше адамды) жіберіп, Куфа тұрғындарынан ол туралы сұрастыруды тапсырды. Қалада Сәғд туралы сұрастырылмаған бірде-бір мешіт қалмады. Барлық жерде адамдар оны жақсы сөзбен еске алды. Ақыры ол Бану Ғәбс тайпасының мешітіне кіргенде, Абу Сәғда деген атпен де белгілі Усама ибн Қатада есімді бір адам орнынан тұрып: «Бізден сұрап отырған соң айтайын: Сәғд жасақтармен бірге жорыққа шықпайтын, (соғыс олжасын) тең бөлмейтін және сот істерін шешуде әділдікті ұстанбайтын», — деді. Мұны естіген Сәғд: «*Ендеше, Аллаһпен ант етемін, мен үш нәрсе сұраймын! Уа, Аллаһ! Егер осы құлың өтірікші болса әрі ол тек өзін көрсету және атағын шығару үшін орнынан тұрса, оның өмірін ұзарт, кедейлігін соз және оны сынақтарға ұшырат!*», — деді. Мұның барлығы орындалды. Кейін әлгі адамнан жағдайы туралы сұрағанда, ол: «Мен — Сәғдтың лағнетіне ұшыраған бақытсыз қариямын!», — деп жауап беретін.

Уа, Аллаһтың құлдары! Өтірік айту мен әділетсіздік жасаудан сақ болыңыздар. Адамның үстінен жалған шағымданудан сақ болыңыздар. Сондай-ақ өзгелерге әділетсіздік жасау арқылы лауазымға ие болудан сақ болыңыздар.

Бұл адам Сәғдқа жала жауып, оған әділетсіздік жасады. Сәғд оған қарсы дұға еткенде, Аллаһ оның дұғасын қабыл етті. Өйткені Сәғд зұ-

лымдық көрген еді. Зұлым адам осы өмірде күш-қуаты бар кезде істеген істерін ешқашан ұмытпасын.

Бұл хадистегі дәлел — Мухаммад ибн Мәсләмәнің мәселенің бар-жоғын анықтауы.

Оның өмірінде орын алған атаулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі атаулы оқиғалар өте көп. Солардың бірі:

Ол Аллаһқа және Оның Елшісіне ﷺ тіл тигізген яһуди Кәғб ибн әл-Әшрафты өлтірген еді.

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ яһудилердің дұшпандығы туралы былай деген:

﴿۞ لَتَجِدَنَّ أَشَدَّ ٱلنَّاسِ عَدَٰوَةً لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱلۡيَهُودَ وَٱلَّذِينَ أَشۡرَكُواْۖ وَلَتَجِدَنَّ أَقۡرَبَهُم مَّوَدَّةً لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱلَّذِينَ قَالُوٓاْ إِنَّا نَصَٰرَىٰۚ ذَٰلِكَ بِأَنَّ مِنۡهُمۡ قِسِّيسِينَ وَرُهۡبَانٗا وَأَنَّهُمۡ لَا يَسۡتَكۡبِرُونَ ٨٢﴾

«**Әрине мүминдерге адамдардан ең қатты дұшпан түрінде яһудилерді, мүшриктерді табасың. Және Мүминдерге сүйіспеншілік тұрғысынан олардың жақынырағын: «Біз Христианбыз», — дегендерден табасың. Бұл олардың даналары, тақуаларының болуы және олардың менменсімейтіндіктері себепті**» («әл-Мәида» сүресі, 82-аят).

Кәғб ибн әл-Әшрәф яһудилердің ішінде Ислам мен мұсылмандарға бәрінен қатты дұшпандық танытатын, Аллаһтың Елшісіне ﷺ бәрінен көп жапа шектіретін әрі оған ﷺ қарсы соғысуға ашық шақыратын. Бұл яһуди Бану Надир тайпасынан еді. Ол бай, сән-салтанатта өмір сүретін әрі арабтардың арасында көріктілігімен танымал болған. Ол олардың ақыны еді. Оған мұсылмандардың жеңіске жетіп, Бадр шайқасында құрайыш ақсүйектерінің өлтірілгені туралы алғашқы хабар жеткенде, ол: «Бұл рас па? Олар — арабтардың ең құрметтілері әрі жұрттың патшалары. Аллаһпен ант етемін! Егер Мухаммад бұл қауымды жеңген болса, жердің бетінде жүргеннен гөрі жердің астында болған жақсы», — деген еді. Хабардың рас екеніне көз жеткізгенде, Аллаһтың бұл дұшпаны Аллаһ Елшісін ﷺ және мұсылмандарды келемеждеп, қорлайтын сөздерді тарата бастап, мұсылмандардың дұшпандарын мақтауға кірісті. Бірақ ол мұнымен шектелмей, құрайыштарға барып, олардың беделді адамдарының бірінің үйіне түсті. Ол Бадрда құдыққа тасталған мүшріктерді жоқтап, өлең оқи бастады. Осылайша мүшриктердің ашу-ызасын қоздырып,

олардың Пайғамбарға ﷺ деген өшпенділігін мақтап, оған қарсы соғысуға шақырды.

Яһуди Кәғб ибн әл-Әшрәф осы күйде Мәдинаға оралған соң, өлеңдерімен іріткі сала бастады. Сахабалардың әйелдеріне қырындап, оларға ұятсыз сөздерімен тіл тигізді.

Аллаһтың құлдары! Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Аллаһ пен Оның Елшісін ренжіткен Кәғб ибн әл-Әшрәфті (өлтіруді) кімге тапсыруға болады?***», — деп сұрады. Мұны естіген Мухаммад ибн Мәсләмә орнынан тұрып: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны өлтіргенімді қалайсыз ба?*», — деп сұрады. Ол: «***Иә***», — деп жауап берді. Мухаммад ибн Мәсләмә: «*Онда маған бір нәрсе айтуға рұқсат беріңіз*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Айта бер***», — деді. Осыдан кейін Мухаммад ибн Мәсләмә бірнеше адаммен бірге Кәғбқа келді. Мухаммад ибн Мәсләмә оған: «*Расында, бұл адам бізден садақа талап етіп, бізді қинап жүр. Мен сенен қарыз алуға келдім*», — деді. Кәғб: «Аллаһпен ант етемін, көп ұзамай сендер оған шыдай алмайтын боласыңдар!», — деді. Сонда Мухаммад ибн Мәсләмә: «*Бірақ біз оған ерген соң, бұл істің немен аяқталатынын көрмейінше, оны тастағымыз келмейді. Ал қазір сенен бір немесе екі уасқ (азық-түлік) қарыз алғымыз келеді*», — деді. Кәғб: «Жарайды, бірақ маған бір нәрсені кепілге қалдыруларың керек», — деді. Олар: «*Не нәрсе қалайсың?*», — деп сұрады. Кәғб: «Маған кепіл ретінде әйелдеріңді қалдырыңдар», — деді. Олар: «*Сен арабтардың ең көріктісі бола тұра, әйелдерімізді саған қалай кепілге қалдырамыз?!*», — деп қарсылық білдірді. Кәғб: «Онда кепілге ұлдарыңды қалдырыңдар», — деді. Олар: «*Біз саған кепіл ретінде ұлдарымызды қалай қалдырамыз? Кейін адамдар оларды кемсітіп: «Пәленшені бір немесе екі уасқ азыққа кепілге қойыпты!», — дейтін болады. Бұл біз үшін масқара ғой! Саған кепіл ретінде қару-жарағымызды қалдырайық*», — деді. Олар Кәғбпен Мухаммад ибн Мәсләмәнің Мухаммадқа ﷺ қатысты өзі секілді жағдайда жүрген адамдармен бірге келуіне келісті. Кәғб оларды қамалына шақырып, олардың жанына төмен түсті. Ал бұған дейін әйелі одан: «Мұндай уақытта қайда бара жатырсың?», — деп сұраған еді. Кәғб: «Ешқайда, тек Мухаммад ибн Мәсләмә мен бауырым Абу Наилә келіп тұр», — деді. Кәғбтің әйелі: «Мен қан тамып жатқандай бір дыбыс естіп тұрмын!», — деді. Ол: «Бұл — бауырым Мухаммад ибн Мәсләмә мен сүт бауырым Абу Нәилә ғана! Расында, текті адам түнгі шақыруға, тіпті өзіне соққы беру үшін шақырса да, міндетті түрде жауап беруі керек!», — деді. Ал бұған дейін Мухаммад ибн Мәсләмә жолдастарына: «*Кәғб келгенде, мен оның шашынан ұстаймын. Шашынан ұстай алғанымды көрсеңдер, тап беріп, оны шабыңдар!*», — деген еді. Қағб қылышын алып, айналасына хош иіс аңқытып, олардың жанына төмен түскенде,

Мухаммад ибн Мәсләмә: «*Мұндай хош иісті бұрын көрген емеспін!*», — деді. Кәғб: «Мен арабтардағы ең жақсы хош иістері бар әйелге үйленгенмін», — деп жауап берді. Мухаммад ибн Мәсләмә: «*Шашыңды иіскеуіме рұқсат бересің бе?*», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Сонда Мухаммад ибн Мәсләмә алдымен өзі иіскеп, кейін жолдастарына да иіскеуді ұсынды. Содан кейін тағы да: «*Шашыңды тағы бір рет иіскеуіме рұқсат бересің бе?*», — деп сұрады. Ол: «Иә», — деп жауап берді. Мухаммад ибн Мәсләмә оны қайта ұстап алуға мүмкіндік алған кезде: «*Ол сендердікі, өлтіріңдер!*», — деп дауыстады. Сөйтіп, олар оны өлтірді (әл-Бухари, 3811, Муслим, 1801).

Аллаһтың құлдары! Қылыштар Аллаһты және Оның Елшісін ﷺ қорлаған осы қылмыскер яһудидің денесін шапты. Аллаһтың дұшпаны айналасындағы яһудилерді шошытқан қатты айқай шығарып, жансыз құлады.

От жағылмаған бірде-бір қамал қалмады, яғни олардың барлығы оянып кетті. Таңертең яһудилер залым Кәғб ибн әл-Әшрәфтің өлгенін білді, әрі олардың жүректерін үрей биледі.

Осылайша Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһты және Оның Елшісін ﷺ қорлаған яһуди Кәғб ибн әл-Әшрәфті өлтірді.

Бұл оқиғадан келесі сабақтар алынады:

Біріншіден: яһудилердің Ислам мен мұсылмандарға деген өшпенділігі мен дұшпандығының көрінуі.

Кәғб ибн әл-Әшрәфтің бұл дұшпандығы оның тілімен айтқан сөздерінен және Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарсы Мекке кәпірлерінің жағына шығуынан көрінді. Қалайша олай болмасын?! Өйткені Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Құранда

﴿۞ لَتَجِدَنَّ أَشَدَّ ٱلنَّاسِ عَدَٰوَةً لِّلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱلۡيَهُودَ وَٱلَّذِينَ أَشۡرَكُواْۖ﴾

«**Сен Мүминдердің ең қатал дұшпандары яһудилер мен мүшриктер екенін міндетті түрде көресің**», — деген («әл-Мәида» сүресі, 82-аят).

Екіншіден: яһудилердің қорқақтығы.

Бұл олардың залымы Кәғб ибн әл-Әшрәф өлтірілгенде, ешқайсысының оған қарай шықпауынан көрінді. Оның даусын естігенде, ешқайсысы үйінен шықпағаны секілді, таңертең оның өлтірілгенін көргенде де, бірде-біреуі бір ауыз сөз айтпады. Олар күштің мұсылмандар жағында екенін және олардың Бадр шайқасында жақында ғана жеңіске жеткенін білетін.

Қалайша олай болмасын?! Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَأَنتُمْ أَشَدُّ رَهْبَةً فِي صُدُورِهِم مِّنَ ٱللَّهِ ۚ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ قَوْمٌ لَّا يَفْقَهُونَ ﴿١٣﴾ لَا يُقَٰتِلُونَكُمْ جَمِيعًا إِلَّا فِي قُرًى مُّحَصَّنَةٍ أَوْ مِن وَرَآءِ جُدُرٍ ۚ بَأْسُهُم بَيْنَهُمْ شَدِيدٌ ۚ تَحْسَبُهُمْ جَمِيعًا وَقُلُوبُهُمْ شَتَّىٰ ۚ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ قَوْمٌ لَّا يَعْقِلُونَ ﴿١٤﴾﴾

«Әлбетте олардың жүректерінде Аллаһтан гөрі сендерден қатты қорқу бар. Өйткені олар — түсінбейтін ел. Олар сендермен бірігіп соғыса алмайды. (Олар) тек бекіністі елді мекендерде не дуалдардың ар жағанын ғана соғысады. Олардың араларында қатты дұшпандық бар. Сен олардың бірлікте деп ойлайсың. Бірақ олардың жүректері бытыраңқы. Бұл олардың ойланбайтын қауым болғандығынан» («әл-Хәшр» сүресі, 13–14 — аяттар).

Үшіншіден: сахабалардың Аллаһтың Елшісіне ﷺ көрсеткен әдебі және оған деген сүйіспеншілігі.

Бұл Мухаммад ибн Мәсләмәнің (Аллаһ оған разы болсын) келесі ісінен көрінді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ пен Оның Елшісін ренжіткен Кәғб ибн әл-Әшрәфті (өлтіруді) кімге тапсыруға болады?***», — деп сұрағанда, Мухаммад ибн Мәсләмә орнынан тұрып: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны өлтіргенімді қалайсыз ба?*», — деп сұрады. Ол: «***Иә***», — деп жауап берді. Мухаммад ибн Мәсләмә: «*Онда маған бір нәрсе айтуға рұқсат беріңіз*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Айта бер***», — деді.

Төртіншіден: Мухаммад ибн Мәсләмәнің (Аллаһ оған разы болсын) батылдығы.

Бұл оның Кәғб ибн әл-Әшрәфты қалай өлтіргенінен көрінді: ол Кәғбтің үйіне барып, оны сол жерде өлтірді.

Бұл олардың Аллаһқа берген уәдесіне адал болған ерлер екендігін көрсетеді.

Бесіншіден: осы оқиғаны дәлел етіп, оны адамды опасыздықпен өлтіруге жол ретінде ұстанатын жастарды ескерту үшін оларға былай дейміз:

Біріншіден, Кәғб ибн әл-Әшрәфті өлтіруге бұйрық берген — Аллаһтың Елшісінің өзі ﷺ. Ол өз қалауымен сөйлемейтін, оның сөзі — оған түсірілген уәхи.

Екіншіден, Кәғб ибн әл-Әшрәф өлтірілгеннен кейін ешқандай зиян туындамады. Өйткені мұның салдарын таразылап, білген — Аллаһ Елшісінің өзі ﷺ.

Біз мұсылман қалаларында кейбір адамдарды опасыздықпен өлтіріп, мұсылмандардың қанын төгіп жүргендерге, олардың осы зиянды әрекет-

терінің салдарынан түрмеге қамау, азаптау, өлтіру және басқа да қаншама зиян келді деп айтамыз.

Біз жастарға: «Бұған мұсылмандардың күш-қуаты, осыны істеуге бұйыратын билеушісі болып, артынан зиян туындамаған жағдайдан басқа кезде мұндай істерді істеуден сақ болыңдар», — дейміз.

Расында, сіз бір адамды өлтірсеңіз, соның салдарынан жүздеген жазықсыз адам өлтіріліп, ар-намыс тапталып, түрмелер толады. Осындай әрекеттердің салдарынан қаншама зиян келді?! Ендеше, осы оқиғаны мұсылмандарды жазықсыз өлтіруге жол ретінде ұстанатын бүлікшіл жастар Аллаһтан қорықсын.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

Хубәйб ибн Ғәди (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مُّحَمَّدٞ رَّسُولُ ٱللَّهِۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلۡكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيۡنَهُمۡۖ تَرَىٰهُمۡ رُكَّعٗا سُجَّدٗا يَبۡتَغُونَ فَضۡلٗا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضۡوَٰنٗاۖ سِيمَاهُمۡ فِي وُجُوهِهِم مِّنۡ أَثَرِ ٱلسُّجُودِۚ ذَٰلِكَ مَثَلُهُمۡ فِي ٱلتَّوۡرَىٰةِۚ وَمَثَلُهُمۡ فِي ٱلۡإِنجِيلِ كَزَرۡعٍ أَخۡرَجَ شَطۡـَٔهُۥ فَـَٔازَرَهُۥ فَٱسۡتَغۡلَظَ فَٱسۡتَوَىٰ عَلَىٰ سُوقِهِۦ يُعۡجِبُ ٱلزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ ٱلۡكُفَّارَۗ وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ مِنۡهُم مَّغۡفِرَةٗ وَأَجۡرًا عَظِيمَۢا ٢٩﴾

«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатал, өзара тым мейірімді. Оларды рукуғта, сәждеде көресің. Олар Аллаһтан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәжделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар. Бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Аллаһ олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті» («әл-Фәтх» сүресі, 29-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Бұл ерлер — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар.

Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді, ал оларға екіжүзді пен бидғатшы адам ғана өшпенділік танытады.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аса жоғары Аллаһ қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Хубәйб ибн Ғәди ибн Әмир ибн Мәждәғ әл-Әнсари әл-Бадри.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Хубәйб ибн Ғәди (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгіміміз оның артықшылықтары туралы болмақ. Олардың кейбірін келтірейік:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ разы болған ансарлардың бірі. Ансарлар өздерінің муһәжир бауырларына жүректері мен үйлерін ашты.

Аллаһ олар туралы былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ تَبَوَّءُو ٱلدَّارَ وَٱلۡإِيمَٰنَ مِن قَبۡلِهِمۡ يُحِبُّونَ مَنۡ هَاجَرَ إِلَيۡهِمۡ وَلَا يَجِدُونَ فِي صُدُورِهِمۡ حَاجَةً مِّمَّآ أُوتُواْ وَيُؤۡثِرُونَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِمۡ وَلَوۡ كَانَ بِهِمۡ خَصَاصَةٞۚ وَمَن يُوقَ شُحَّ نَفۡسِهِۦ فَأُوْلَٰٓئِكَ هُمُ ٱلۡمُفۡلِحُونَ ٩﴾

«**Бұрыннан Мәдинада қоныстанған иман иелеріне де (беріледі). Олар өздеріне келгендерді жақсы көріп, оларға берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды. Сондай-ақ өздерінде таршылық бола тұра оларды өздерінен артық көреді. Әлде біреу сараңдықтан сақтанса, солар құтылушылар**» («әл-Хәшр» сүресі, 9-аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ ансарлар туралы: «***Егер һижра болмаса, мен міндетті түрде ансарлардың бірі болар едім***», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ олар туралы: «***Егер барлық адамдар бір шатқалмен, ал ансарлар басқа шатқалмен жүрсе, мен міндетті түрде ансарлармен бірге жүрер едім!***», — деген.

Бадр шайқасы кезінде Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, адамдар! Маған кеңес беріңдер!***», — дегенде, олардың көсемі орнынан тұрып: «*Аллаһпен ант етемін, уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз бізге жүгініп жатқандайсыз ғой?*», — деді. Ол ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Сонда әлгі кісі: «*Біз сізге иман келтірдік, сізге сендік және сіз әкелген нәрсенің ақиқат екендігіне куәлік еттік. Сізді тыңдап, сізге бағынуға уәде беріп, ант еттік. Уа, Аллаһтың Елшісі! Қалағаныңызды істеңіз, біз сізбен біргеміз. Сізді ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін! Егер сіз осы теңізді кешіп өтуді шешсеңіз, біз де оны сізбен бірге кешіп өтеміз, әрі ешқайсымыз бас тартпаймыз. Ертең бізбен бірге дұшпанымызға қарсы шығуыңызға қарсылығымыз жоқ. Біз соғыста табанды, шайқаста адалмыз. Бәлкім, Аллаһ біздің бойымыздан сізді қуантатын нәрсені көрсетер. Аллаһтың берекесімен бізді бастап жүріңіз!*», — деген еді[1].

Хубәйб ибн Ғәди (Аллаһ оған разы болсын) осы ансарлардың алдыңғы қатарында еді.

Екіншісі: ол Бадр шайқасына қатысып, онда өзін ең жақсы қырынан көрсетті. Ол мүшриктермен шайқасты. Олардың алдыңғы қатарында құрайыш көсемдерінің бірі Хәрис ибн Әмир болды.

Пайғамбарымыз ﷺ Бадр шайқасына қатысқандар туралы: «***Бәлкім, Аллаһ Бадр шайқасына қатысқандарға қарап: «Қалағандарыңды істеңдер, Мен сендерді кешіріп қойдым», — деген болар***», — деді.

Үшіншісі: ол өліміне санаулы сәттер қалғанда да Аллаһтың Елшісінің ﷺ Сүннетін орындауға ұмтылды.

Бәну Хәрис Хубәйбті өлтіруге жиналғанда, ол денесіндегі түктерін алып, Сүннетті орындау үшін Хәристің қыздарының бірінен ұстара сұрап алды. Ол қыз оған ұстараны берді (әл-Бухари, 3858).

Төртіншісі: ол — өлтірілер алдында екі рәкағат намаз оқуды алғаш бастаған адам.

Бұл Мекке кәпірлері Хубәйбты өлтіру үшін әл-Харамнан алып шыққанда болды. Сонда ол: «*Маған екі рәкағат намаз оқуға мүмкіндік беріңдер!*», — деді де, екі рәкағат намаз оқыды. Ол өлтірілер алдында екі рәкағат намаз оқуды алғаш бастаған адам болды (әл-Бухари, 3858).

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалар мен батылдығына келсек, әр-Ражиға күніндегі қайғылы оқиғаны тыңдайық. Осы оқи-

[1] «Әс-сират ән-нәбәуия әс-сахиха» әл-Ғәмри, (358-бет).

ғада кәпірлердің мұсылмандарға жасаған опасыздығы және Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының батылдығы көрінді. Хубәйб ибн Ғәди олардың алдынғы қатарында еді. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ барлаушы ретінде он адамнан тұратын жасақты жіберіп, оларға басшы ретінде Ғасым ибн Умар әл-Хаттабтың атасы Ғасым ибн Сабит әл-Әнсариді тағайындады. Олар Ғусфән мен Меккенің арасындағы әл-Хәдәғә деген жерге жеткенде, олар туралы хабар Хузәйл тайпасының Бану Лихиян деп аталатын бір тармағына жетті. Олар жасақтың соңынан екі жүзге жуық садақшы жіберді. Садақшылар олардың ізімен жүріп, Мәдинадан өздерімен бірге әкелген құрмаларын жеген жерді тапты. Олар: «Бұл құрмалар Ясрибтен (Мәдинадан)», — деді де, олардың ізімен жүруді жалғастырды. Ғасым мен оның серіктері қуғыншыларын көргенде, биік жерге көтерілді. Ал қуғыншылар оларды қоршап алды. Олар: «Төмен түсіп, беріліңдер! Біз ешқайсыңды өлтірмейміз деп уәде беріп, кепілдік етеміз!», — деді. Осы жасақтың басшысы болған Ғасым ибн Сәбит: «Аллаһпен ант етемін! Мен кәпірдің қорғауында қалу үшін төмен түспеймін. Уа, Аллаһ! Біз туралы Өз Пайғамбарыңа хабарла!», — деп жауап берді. Сонда олар Ғасым бастаған жасаққа қарай жебелерін атып, жеті адамды өлтірді. Олардың арасында Ғасым да бар еді. Ал қалған үш адам олардың уәдесі мен келісіміне сеніп, төмен түсті. Олар Хубәйб әл-Әнсари, Ибн Дасина және тағы бір адам еді. Садақшылар оларды қолға түсірген соң, садақтарының адырналарын шешіп, тұтқындарды байлады. Сонда үшінші тұтқын: «Бұл — алғашқы опасыздық! Аллаһпен ант етемін, мен сендермен бармаймын. Расында, олар біз үшін үлгі», — деп, өлтірілгендерді меңзеді. Олар оны сүйреп, өздерімен бірге жүруге мәжбүрлемек болды. Бірақ ол бас тартты, сонда олар оны өлтірді. Осыдан кейін олар Хубәйб пен Ибн Дасинаны алып кетіп, Меккеде құлдыққа сатып жіберді. Бұл Бадр шайқасынан кейін болған еді. Хубәйбті Бадр шайқасында өзі өлтірген Хәрис ибн Амир ибн Нәуфәл ибн Абдуманафтың ұлдары сатып алды. Сөйтіп, ол осы адамдардың қолында тұтқында қалды».*

Убайдуллаһ ибн Ғиядтың айтуынша, (Зәйнәб) бинт әл-Хәрис оған кәпірлер Хубәйбты өлтіруге жиналғанда, оның денесіндегі түктерін қыру үшін өзінен ұстараны уақытша сұрап алғанын және оған ұстара бергенін хабарлаған.

Зәйнәб былай деген: «*Содан кейін ол менің ұлымды қолына алды. Мен ұлымның оның жанына барғанын байқамай қалыппын. Оның баланы санына отырғызып алғанын көрдім және оның қолында ұстара бар еді. Мен қатты қорықтым. Хубәйб менің жүзімнен қорыққанымды байқап:*

«Мен оны өлтіремін деп қорқып тұрсың ба? Мен мұны ешқашан істемеймін!», — деді. Аллаһпен ант етемін, мен ешқашан Хубәйбтан жақсы тұтқын көрген емеспін. Аллаһпен ант етемін, бір күні оның кісендеулі күйінде қолына бір шоқ жүзім ұстап, жеп отырғанын көрдім. Ал ол кезде Меккеде жеміс жоқ еді. Бұл — Аллаһтың Хубайбқа берген игілігі еді».

Абу Хурайра былай деген: «*Адамдар Хубәйбты өлтіру үшін Харам аумағынан алып шыққанда, ол: «Маған екі рәкағат намаз оқуға мүмкіндік беріңдер!», — деді. Олар оған намаз оқуға рұқсат берді. Содан кейін ол: «Егер сендердің мені өлтірілуден қорқып тұр деп ойлап қалуларыңнан қауіптенбесем, намазымды ұзағырақ оқыр едім. Уа, Аллаһ! Олардың бәрін жой!*

Егер мен мұсылман болып өлтірілсем,

Аллаһ жолында қалай өлеріме алаңдамаймын.

Мұның барлығы — Аллаһ үшін. Егер Ол қаласа,

Паршаланған дене мүшелерінің буындарына береке дарытады», — деді.

Осыдан кейін әл-Хәристің ұлы Хубәйбті өлтірді. Хубәйб тұтқында өлім жазасына кесілген кез келген мұсылман үшін өлтірілер алдында екі рәкағат намаз оқуды үлгі етіп қалдырды. Аллаһ Тағала Ғасым ибн Сәбиттің дұғасына ол өлтірілген күні-ақ жауап берді. Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларына олар туралы және бастарынан не өткенін хабарлады. Кейін құрайыш кәпірлерінің кейбірі Ғасымның өлтірілгенін естігенде, оның денесінен өзін тануға болатын бір бөлігін алып келу үшін бірнеше адам жіберді. Өйткені Ғасым Бадр шайқасында олардың беделді адамдарының бірін өлтірген еді. Алайда Аллаһ бұлт тәрізді бір үйір сары ара жіберді. Олар Ғасымды әлгі адамдардан қорғап, олар оның денесінен ешнәрсе кесіп ала алмады» (әл-Бухари, 3045).

Зәйдті Сәфуән ибн Умәя сатып алды. Ол оны әкесі Умәя ибн Хәләфтың кегін алу үшін өлтірмек болды. Умәя ибн Хәләф Бадр шайқасында өлтірілген еді. Адамдар Зейдті өлтіру үшін Харамның сыртындағы Хиль аймағына алып шыққанда, оның жанына бір топ құрайыштықтар жиналды. Олардың арасында Абу Суфиян ибн Харб та бар еді. Абу Суфиян одан: «Уа, Зәйд! Аллаһтың атымен сұраймын! Қазір сенің орныңда Мухаммад болып, оның басы шабылғанын, ал өзіңнің отбасыңмен бірге отырғаныңды қалар едің бе?», — деп сұрады. Зәйд (Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһпен ант етемін! Өзім отбасыммен бірге болып, Мухаммадқа өзі тұрған жерде ауыртатын бір тікеннің қадалғанын да қаламаймын*», — деп жауап берді. Сонда Абу Суфиян: «Мен адамдардың ара-

сында біреуді Мухаммадтың сахабалары Мухаммадты жақсы көргендей жақсы көретін ешкімді көрмедім», — деді[1].

Осы туралы былай деп айтылған:

Құрайыштықтар бір мұсылманды тұтқынға алды,

Ол қорықпастан жендетке қарай бет алды.

Олар: «Өзің аман болып, сенің орныңа

Пайғамбар өлтірілсе, разы болар ма едің?», — деп сұрады.

Ол: «Жоқ! Мухаммадқа тікен қадалуының есебінен

Өлімнен құтылуды қаламас едім», — деді.

Иә, Аллаһпен ант етемін! Олар — Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған ерлер!

Уа, Хубәйб! Аллаһ саған разы болсын әрі бізді сенімен және Елшіміз-бен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинасын!

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Хубәйбтің (Аллаһ оған разы болсын) өлтірілу оқиғасынан алатын сабақтарымыз, насихаттарымыз бен ғибраттарымыздың кейбірін келтірейік:

Бірінші: опасыздық пен сатқындық — мұсылмандардың сипаттары емес, кәпірлер мен яһудилердің сипаттары. Бұл мүшриктердің әр-Рәжиғ күні болған оқиғада сахабаларға не істегенін айқын көрінеді. Бұл — мүшриктердің мүминдерге қатысты туыстық міндеттерді де, келісім міндеттемелерін де сақтамайтынының ең үлкен дәлелі.

Ал мұсылмандар сатқындық та, опасыздық та жасамайды. Бұл Хубәйб ибн Ғәдидің (Аллаһ оған разы болсын) Бану Хәристің қолында тұтқында болған кезде істеген ісінен көрінді. Кішкентай бала байқатпай өтіп, Хубәйбтың жанына келген еді. Хубәйб оны қолына алып, тізесіне отырғызды. Сол кезде оның қолында ұстара бар еді. Анасы баласы үшін қорыққанда, Хубәйб оған: «*Оны өлтіреді деп қорқып тұрсың ба? Мен мұны ешқашан істемеймін!*», — деді. Ол Бану Харистің біраз уақыттан кейін өзін өлтіргелі жатқанын білетін. Бұл — өз ерлерін міндеттемелерін орындауға және опасыздық жасамауға тәрбиелейтін Ислам діні.

Екінші: Аллаһқа жақын құлдардың (әулиелердің) кереметтерін растау.

[1] «Тәрих әт-Тобари», (2/79); «Сират Ибн Хишәм», (3/160).

Бұл Хубәйбтың (Аллаһ оған разы болсын) Бану Хәристің қолында тұтқында болған кезінде басынан өткен оқиғадан көрінді. Харистің қыздарының бірі былай деген: «*Аллаһпен ант етемін, мен ешқашан Хубайбтан жақсы тұтқын көрген емеспін. Аллаһпен ант етемін, бір күні оның кісендеулі күйінде қолына бір шоқ жүзім ұстап, оны жеп отырғанын көрдім. Ол кезде Меккеде жеміс жоқ еді. Бұл — Аллаһтың Хубәйбқа берген ризығы еді*».

Аллаһтың құлдары! Аллаһқа жақын құлдардың, яғни әулиелердің кереметтері Құран және Сүннетпен расталған. Алайда мүмин Аса Мейірімді Аллаһтың әулиелері мен шайтанның жақындарын ажырата білуі тиіс.

Аса Мейірімді Аллаһтың әулиелері — Аллаһқа иман келтірген, оңашада да, жұрт алдында да Одан қорқатын және Оның Елшісінің ﷺ Сүннетін ұстанатын адамдар.

Аса жоғары Аллаһ Құран Кәрімде былай деген:

﴿أَلَآ إِنَّ أَوْلِيَآءَ ٱللَّهِ لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ ۝٦٢ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ وَكَانُواْ يَتَّقُونَ ۝٦٣﴾

«**Расында, Аллаһтың әулиелеріне қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды. Олар — иман келтіріп, тақуа болғандар**» («Юнус» сүресі, 62–63-аяттар).

Аллаһтың құлдары! Егер бір адамның қолынан әдеттен тыс құбылыстар көрініс тапса және ол Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетін ұстанатын шыншыл, тақуа мүминдердің бірі болса, онда бұл — Аллаһтың кереметтерінің бірі, ал ол — Аса Мейірімді Аллаһтың әулиелерінің бірі. Ал егер ол Құран мен Сүннетке қарсы келетін алаяқтар мен өтірікшілердің бірі болса, онда бұл — оның алдауы, ал оның өзі — шайтанның жақындарының бірі.

Үшінші: кәпірлер мен мүшриктерге жалпылай қарсы дұға етуге рұқсат етілетіні.

Бұл Хубәйбтің (Аллаһ оған разы болсын) мүшриктер өзін өлтіруге шешім қабылдағанда, оларға қарсы жасаған дұғасынан көрініс табады. Ол: «*Уа, Аллаһ! Олардың барлығын бірінен соң бірін жой!*», — деп, Аллаһ Тағалаға жалбарынды.

Сондай-ақ бұл Пайғамбарымыздың ﷺ Құран қариларынан болған жетпіс адамды өлтіргендерге бір ай бойы қарсы дұға жасағанынан да көрінеді.

Төртінші: сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) өлім алдында да Аллаһ Елшісінің ﷺ Сүннетін ұстануы.

Бұл Хубайбтың (Аллаһ оған разы болсын) істеген ісінен көрініс табады. Ол мүшриктердің тұтқынында болып, кеш пен таңның арасында өзін

өлтіретінін білсе де, денедегі түктерді қыру сүннетін орындауға ұмтылып, сол үшін ұстараны сұрады. Расында, бұл — үммет тап болған жағдайларды алға тартып, мұсылмандардың мұнымен айналысуы жөн емес деп, көптеген сүннеттерге немесе тіпті міндетті амалдардың басым бөлігіне немқұрайлы қарайтындар үшін насихат.

Шын мәнінде, Сүннетті ұлықтау, Исламға толықтай кіру және Аллаһтың шариғатын орнатуға ұмтылу арасында еш қайшылық жоқ.

Аса жоғары Аллаһ:

﴿وَلَيَنصُرَنَّ ٱللَّهُ مَن يَنصُرُهُۥٓ﴾

«**Аллаһ Өзіне жәрдем бергенге міндетті түрде жәрдем береді**», — деген («әл-Хәжж» сүресі, 40-аят).

Сондай-ақ Аса жоғары Аллаһ былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ إِن تَنصُرُواْ ٱللَّهَ يَنصُرۡكُمۡ وَيُثَبِّتۡ أَقۡدَامَكُمۡ ۝٧﴾

«**Уа, иман келтіргендер! Егер Аллаһқа жәрдем етсеңдер, Ол да сендерге жәрдем етіп, табандарыңды бекем етеді**» («Мухаммад» сүресі, 7-аят).

Ал Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһқа жәрдем беру — Оның дініне жәрдем беруіміз және шариғатқа сай амал етуіміз.

Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Әрі кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады**» («ән-Нур» сүресі, 37-аят).

Бұл ерлер — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар.

Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді және оларға екіжүзді мен бидғатшы ғана өшпенділік танытады.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аса жоғары Аллаһ қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ…

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Зәйд ибн Хәриса ибн Шурәхбил ибн Кәғб ибн Абдулузза ибн ән-Нуғмән. Ол — шәһидтердің әмірі. Оның аты «әл-Әхзәб» сүресінде аталған. Аса жоғары Аллаһ Өз Кітабында сахабалардың арасынан одан басқа ешкімнің атын атамаған. Оның куниясы — Абу Усама. Ол — азат етілген құлдардың мырзасы, Исламды алғаш қабылдағандардың бірі, Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі әрі оның сүйіктісінің әкесі. Аллаһтың Елшісі ﷺ тек жақсыны ғана жақсы көретін.

Аллаһтың құлдары! Бүгінгі Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгіміміз оның үйленуі, артықшылықтары және өміріндегі айтулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның үйленуі

Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) Хадижәнің (Аллаһ оған разы болсын) азат етілген құлы еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған үйленгенде, Хәдижә оған Зәйдті сыйға тартты. Пайғамбарымыз ﷺ оны азат етіп, асырап алды. Адамдар оны Зәйд ибн Мухаммад деп атайтын. Оның туыстары Аллаһтың Елшісіне ﷺ келіп, Зәйдті қайтаруды сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ Зәйдке отбасына қайтуды немесе өзінің жанында қалуды таңдауға мүмкіндік берді. Зәйд Аллаһтың Елшісінің ﷺ жанында қалуды таңдады.

Кейін Аллаһ Тағала:

﴿ وَمَا جَعَلَ أَدْعِيَآءَكُمْ أَبْنَآءَكُمْ ذَٰلِكُمْ قَوْلُكُم بِأَفْوَٰهِكُمْ ۖ وَٱللَّهُ يَقُولُ ٱلْحَقَّ وَهُوَ يَهْدِى ٱلسَّبِيلَ ۝٤ ٱدْعُوهُمْ لِءَابَآئِهِمْ هُوَ أَقْسَطُ عِندَ ٱللَّهِ ۚ ﴾

«**…Ол сендердің асырап алған ұлдарыңды өз ұлдарың қылмады. Бұл — ауыздарыңнан шыққан сөз ғана. Аллаһ ақиқатты айтады және тура жол көрсетеді. Оларды (асырап алған балаларыңды) әкелерінің атымен атаңдар. Бұл — Аллаһтың алдында әділірек**», — деген аятты түсірді («әл-Әхзәб» сүресі, 4–5 — аяттар).

Содан кейін оны Зейд ибн Хәриса деп атай бастады. Аллаһ Тағала оған разы болсын.

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ елші етіп жіберілгенде, азат етілген құлдардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған — Зәйд ибн Хәриса еді.

Пайғамбарымыз ﷺ Зәйнәб бинт Жәхшқа (Аллаһ оған разы болсын) оны өзінің азат еткен құлы Зәйдке үйлендіру үшін барды. Бірақ ол Зәйдке тұрмысқа шығудан бас тартты. Сонда Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ мына аятты түсірді:

﴿وَمَا كَانَ لِمُؤۡمِنٖ وَلَا مُؤۡمِنَةٍ إِذَا قَضَى ٱللَّهُ وَرَسُولُهُۥٓ أَمۡرًا أَن يَكُونَ لَهُمُ ٱلۡخِيَرَةُ مِنۡ أَمۡرِهِمۡۗ وَمَن يَعۡصِ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ فَقَدۡ ضَلَّ ضَلَٰلٗا مُّبِينٗا ٣٦﴾

«**Аллаһ пен Оның Елшісі бір істі шешкенде, мүмин ер мен мүмин әйелдің сол істе таңдау еркі жоқ. Кім Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы келсе, онда ол анық адасқан болады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 36-аят).

Зәйнәб: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Оның менің күйеуім болуына разысыз ба?*», — деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Иә***», — деп жауап берді. Сонда Зәйнәб: «*Онда мен Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсы келмеймін*», — деді де, Зәйдке тұрмысқа шығуға келісті.

Аллаһтың құлдары! Зәйд оған үйленіп, онымен бірге тұрды. Аралырындағы қарым-қатынас бұзылғанда, Зейд онымен ажырасты. Оның ғиддасы (күту мерзімі) аяқталғаннан кейін, Аллаһтың Елшісі ﷺ оған Аллаһтың бұйрығымен үйленді.

Әнастан Зәйнәбтің ғиддасы (ажырасқаннан кейін әйелге жаңа некеге тұруға болмайтын мерзім) аяқталғанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ Зәйдке: «***Оған менің атымнан құда түс***», — дегені жеткізіледі. Зәйд оған келгенде, ол қамыр илеп жатқан еді. Зәйд былай деген: «*Аллаһ Елшісі ﷺ ол туралы айтқандықтан, оны көргенде оған деген құрметімнің күшейгені сонша, оған қарай алмадым. Сондықтан одан теріс бұрылып, артқа шегіндім де: «Уа, Зәйнәб! Аллаһтың Елшісі ﷺ мені саған өзінің атынан құда түсуге жіберді», — дедім. Ол: «Раббымнан қайырлысын сұрамайынша, еш жауап бермеймін», — деп жауап берді. Ол истихара намазын оқу үшін намаз оқитын орнына тұрды. Бірақ оған қатысты Құран аяттары түсірілді де, Аллаһ Елшісі ﷺ оның үйіне рұқсат сұрамай кірді*» (Муслим, 1428).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*…Зәйнәб мұны Пайғамбардың ﷺ өзге әйелдерінің алдында мақтан тұтып: «Сендерді тұрмысқа туыстарың берді, ал мені тұрмысқа жеті көктің үстінен Аса жоғары Аллаһ берді», — дейтін*» (Әл-Бухари, 6984).

Аса Жоғары Аллаһ осы оқиға туралы Құранда Қиямет күніне дейін оқылатын аяттар түсіріп, былай деген:

﴿وَإِذْ تَقُولُ لِلَّذِىٓ أَنْعَمَ ٱللَّهُ عَلَيْهِ وَأَنْعَمْتَ عَلَيْهِ أَمْسِكْ عَلَيْكَ زَوْجَكَ وَٱتَّقِ ٱللَّهَ وَتُخْفِى فِى نَفْسِكَ مَا ٱللَّهُ مُبْدِيهِ وَتَخْشَى ٱلنَّاسَ وَٱللَّهُ أَحَقُّ أَن تَخْشَىٰهُ ۖ فَلَمَّا قَضَىٰ زَيْدٌ مِّنْهَا وَطَرًا زَوَّجْنَٰكَهَا لِكَىْ لَا يَكُونَ عَلَى ٱلْمُؤْمِنِينَ حَرَجٌ فِىٓ أَزْوَٰجِ أَدْعِيَآئِهِمْ إِذَا قَضَوْا۟ مِنْهُنَّ وَطَرًا ۚ وَكَانَ أَمْرُ ٱللَّهِ مَفْعُولًا ﴿٣٧﴾ مَّا كَانَ عَلَى ٱلنَّبِىِّ مِنْ حَرَجٍ فِيمَا فَرَضَ ٱللَّهُ لَهُۥ ۖ سُنَّةَ ٱللَّهِ فِى ٱلَّذِينَ خَلَوْا۟ مِن قَبْلُ ۚ وَكَانَ أَمْرُ ٱللَّهِ قَدَرًا مَّقْدُورًا ﴿٣٨﴾ ٱلَّذِينَ يُبَلِّغُونَ رِسَٰلَٰتِ ٱللَّهِ وَيَخْشَوْنَهُۥ وَلَا يَخْشَوْنَ أَحَدًا إِلَّا ٱللَّهَ ۗ وَكَفَىٰ بِٱللَّهِ حَسِيبًا ﴿٣٩﴾ مَّا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَآ أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ وَلَٰكِن رَّسُولَ ٱللَّهِ وَخَاتَمَ ٱلنَّبِيِّـۧنَ ۗ وَكَانَ ٱللَّهُ بِكُلِّ شَىْءٍ عَلِيمًا ﴿٤٠﴾﴾

«(Мухаммад) сол уақытта өзіне Аллаһ та, сен де жақсылық жасаған берген Зәйдке: «Жұбайыңды ажыратпа және Аллаһтан қорық!», — дедің. Сен Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңілінде жасыруда едің. Сен адамдардан қорықтың. (Алайда) қорқуыңа Аллаһ көбірек лайық. Сонда одан Зәйдтің ісі біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік. Бұл — асыранды ұлдарынан босаған әйелдерді алуда бір күнә болмауы үшін жасалды. Аллаһтың әмірі міндетті түрде орындалады! Пайғамбарға Аллаһ оған парыз еткен нәрсесінде айып жоқ. Бұрын өмір сүргендерге қатысы Аллаһтың бекіткен тәртібі осындай еді. Аллаһтың әмірі — алдын ала белгіленген шешім. Сондай пайғамбарлар, Аллаһтың нұсқауларын жалғастырып, Одан қорқады да, Аллаһтан басқа ешбіреуден қорықпайды. Аллаһ есеп алушы ретінде жеткілікті. Мухаммад — сендердің ерлеріңнің ешбірінің әкесі емес, Аллаһтың Елшісі әрі пайғамбарлардың мөрі (немесе пайғамбарлардың соңғысы). Аллаһ әрбір нәрсені біледі» («әл-Әхзәб» сүресі, 37–40 — аяттар)**.**

Аллаһтың құлдары! Осы неке арқылы Аллаһ надандық дәуірінде белгілі болған бала асырап алудың бұл түріне тыйым салды.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Біріншісі: ол (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін ең сүйікті адамдардың бірі еді.

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бір жасақты жорыққа аттандырып, оған Усаманы қолбасшы етіп тағайындады. Кейбір адамдар бұл тағайындауға наразылық білдіре бастады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Егер сендер оның қолбасшы болып тағайындалуын сынасаңдар, бұл***

таңғаларлық емес. Өйткені сендер бұған дейін оның әкесінің қолбасшылығын да сынағансыңдар. Бірақ Аллаһпен ант етемін, ол қолбасшылыққа лайық еді әрі мен үшін ең сүйікті адамдардың бірі болатын. Ал мына Зәйд болса, расында, ол — әкесінен кейін мен үшін ең сүйікті адамдардың бірі!*», — деді».*

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Умар Усама ибн Зәйдке маған бөлгенінен көбірек үлес бөлді. Мен онымен осы туралы сөйлестім. Сонда ол: «Ол Аллаһ Елшісі ﷺ үшін сенен сүйіктірек еді. Оның әкесі, яғни Зәйд те, Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін сенің әкеңнен сүйіктірек еді», — деді*»[1].

Екіншісі: ол басшы болуға лайықты әрі оған қабілетті еді.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***…Аллаһпен ант етемін, ол (яғни Зәйд ибн Хәриса) қолбасшылыққа лайық еді әрі мен үшін ең сүйікті адамдардың бірі болатын***», — деген.

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ құрамында Зәйд ибн Хәриса бар әскерді аттандырған сайын, оны міндетті түрде басшы етіп тағайындайтын. Егер Зәйд Пайғамбардан ﷺ кейін де тірі болғанда, Пайғамбар ﷺ оны халифа етіп қалдырар еді*»[2].

Мәсләмә ибн әл-Ғақуағ былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге жеті шайқасқа, ал Зәйд ибн Хәрисәмен бірге тоғыз шайқасқа қатыстым. Сол шайқастарда Аллаһтың Елшісі ﷺ оны бізге басшы етіп тағайындаған еді*»[3].

Үшіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Сен — біздің бауырымыз әрі біз азат еткен құлсың***», — деген.

Әл-Баро (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Зәйдке: «****Ал саған келсек, уа, Зәйд, сен — біздің бауырымыз әрі біз азат адамсың****», — деген еді*»[4].

Абдуллаһ ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Зәйд ибн Хәриса — Аллаһтың Елшісі ﷺ азат еткен құл. Біз оны:* «**Оларды (асырап алған балаларыңды) әкелерінің атымен атаңдар.**

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (3/136).

2 «Әл-Әхәд уә әл-мәсәни» Абу Бакр әш-Шишәни, (1/196); «Муснад» имам Ахмад, (6/254); Хадистің иснады жақсы. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Сахих» Ибн Хиббән, (16/139); «әс-Сунан» әл-Бәйхәқи, (9/40); «әл-Мустәдрак» әл-Хәким, (3/241); Ол: «Хадис екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді, алайда олар оны келтірмеген», — деген.

4 «Муснад» имам Ахмад, (1/98); «Муснад» Абу Яғлә, (1/401); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйбә, (6/393); Хадистің негізі әл-Бухариде келтірілген, (2552).

Бұл — Аллаһтың алдында әділірек», — *деген аят түскенге дейін Зәйд ибн Мухаммад деп қана атайтынбыз*» (Әл-Бухари, 4504; Муслим, 2425).

Төртіншісі: Пайғамбарымых ﷺ оның Жәннатта екендігіне куәлік берді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген «***Мен Жәннатқа кіргенімде, маған бір жас қызметші қыз бұрылды. Мен: «Сен кімдікісің?», — деп сұрадым. Ол: «Мен Зәйд ибн Хәрисанікімін», — деп жауап берді***»[1].

Бесіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның шәһид болатынына куәлік берген.

Абу Катада (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ «Қолбасшылар» әскерін аттандырып: «**Сендерге Зәйд ибн Хәриса қолбасшылық етеді. Егер Зәйд өлтірілсе, қолбасшылықты Жәғфар ибн Абу Талиб қабылдасын. Ал Жәғфар да қаза тапса, Абдуллаһ ибн Рәуахә әл-Әнсари қолбасшылық етсін…**», — деді. Содан кейін олар жорыққа аттанып, онда Аллаһ қалаған уақыт болды. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ мінберге көтеріліп, жамағат намазына шақыруды бұйырды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Ізгі хабар келді. Осы шайқастағы әскерлерің туралы хабарлайын ба? Олар жол жүріп, дұшпанмен кездесті де, шайқасқа ұмтылды. Зәйд шәһид болды. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар**», — деді. Адамдар ол үшін кешірім сұрады…*»[2].

Алтыншысы: Аллаһ Өз Кітабында сахабалардың арасынан одан басқа ешкімнің атын атамаған.

Аса жоғары Аллаһ:

﴿فَلَمَّا قَضَىٰ زَيْدٌ مِّنْهَا وَطَرًا زَوَّجْنَٰكَهَا﴾

«**Сонда одан Зәйдтің ісі біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік**», — деген.

Жетіншісі: Аллаһ ол туралы Қиямет күніне дейін оқылатын Құран аятын түсірді.

Аса жоғары Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ وَمَا جَعَلَ أَدْعِيَآءَكُمْ أَبْنَآءَكُم﴾

«…**Ол сендердің асырап алған ұлдарыңды өз ұлдарың қылмады**».

Бұл аят Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) туралы түсірілді. Пайғамбарымыз ﷺ оны пайғамбарлық келмей тұрып асырап алған еді.

---

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә» әз-Зәхәби, (1/230); «Файд әл-Қадир» әл-Мунәуи, (3/521); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада» келтірген, (1859).

2 Имам Ахмад, (5/299–300); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

Адамдар оны Зәйд ибн Мухаммад деп атайтын. Аса жоғары Аллаһ оның өзгенің тегіне телінуін тоқтатуды қалап, былай деді:

﴿وَإِذْ تَقُولُ لِلَّذِىٓ أَنْعَمَ ٱللَّهُ عَلَيْهِ وَأَنْعَمْتَ عَلَيْهِ أَمْسِكْ عَلَيْكَ زَوْجَكَ وَٱتَّقِ ٱللَّهَ وَتُخْفِى فِى نَفْسِكَ مَا ٱللَّهُ مُبْدِيهِ وَتَخْشَى ٱلنَّاسَ وَٱللَّهُ أَحَقُّ أَن تَخْشَىٰهُ ۖ فَلَمَّا قَضَىٰ زَيْدٌ مِّنْهَا وَطَرًا زَوَّجْنَـٰكَهَا لِكَىْ لَا يَكُونَ عَلَى ٱلْمُؤْمِنِينَ حَرَجٌ فِىٓ أَزْوَٰجِ أَدْعِيَآئِهِمْ إِذَا قَضَوْا۟ مِنْهُنَّ وَطَرًا ۚ وَكَانَ أَمْرُ ٱللَّهِ مَفْعُولًا ﴿٣٧﴾﴾

«**(Мухаммад) сол уақытта өзіне Аллаһ та, сен де жақсылық жасаған берген Зәйдке: «Жұбайыңды ажыратпа және Аллаһтан қорық!», — дедің. Сен Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңілінде жасыруда едің. Сен адамдардан қорықтың. (Алайда) қорқуыңа Аллаһ көбірек лайық. Сонда одан Зәйдтің ісі біткен (ажыраған) кезде оны саған некелендірдік. Бұл — асыранды ұлдарынан босаған әйелдерді алуда бір күнә болмауы үшін жасалды. Аллаһтың әмірі міндетті түрде орындалады!** » («әл-Әхзәб» сүресі, 37-аят).

Сегізіншісі: Ол Муғтә шайқасында қаза тапқанда, Пайғамбарымыздың ﷺ ол үшін қайғыруы.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай хабарлаған: «*Пайғамбарымыз ﷺ: «**Зәйд (ибн Хәриса) туды алды да, қаза тапты. Содан кейін оны Жәғфар алды да, қаза тапты. Одан кейін Абдуллаһ ибн Рәуәха алды да, ол да қаза тапты**», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ осыны айтып жатқанда, көздері жасқа толы еді. Содан кейін ол: «**Ал содан кейін туды қолбасшы болып тағайындалмаған Халид ибн Уәлид алды. Оған жеңіс нәсіп етілді**», — деп жалғастырды*» (әл-Бухари, 1189).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Оның Муғтә шайқасында шәһид болуы

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ үш мың жауынгерден тұратын әскер жасақтап, оған Зәйд ибн Хәрисаны (Аллаһ оған разы болсын) әмір (қолбасшы) етіп тағайындады. Пайғамбарымыз ﷺ әскерге: «***Егер Зәйд өлтірілсе, қолбасшылықты Жәғфар қабылдасын. Ал Жәғфар да қаза тапса, Абдуллаһ ибн Рәуәха қолбасшылық етсін…***», — деді (әл-Бухари, 4013).

Аллаһтың Елшісі ﷺ оның жеке өзіне Аллаһтан қорқуды және өзімен бірге болатын мұсылмандарға жақсы қарауды өсиет етті.

Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ жолына әскер аттандырғанда, үнемі осылай істейтін. Бурайданың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ біреуді әскерге немесе жасаққа қолбасшы етіп тағайындағанда, оның жеке өзіне Аллаһтан қорқуды және өзімен бірге жорыққа шығатын мұсылмандарға жақсы қарауды өсиет ететін. Содан кейін: «**Аллаһтың атымен және Аллаһтың жолында жорыққа шығыңдар. Аллаһқа иман келтірмейтіндермен соғысыңдар. Жорыққа шығыңдар, алдамаңдар, опасыздық жасамаңдар, өлтірілгендердің (дұшпандардың) денелерін қорламаңдар және балаларды өлтірмеңдер…**», — дейтін»* (Муслим, 1731).

Мұсылмандар әскерді шығарып салып, әмірлерге сәлем беріп, әскерге: «*Аллаһ сендермен болып, сендерді қорғап, бізге аман-есен қайтарсын!*», — деген еді.

Мұсылман әскері Зәйд ибн Хәрисаның (Аллаһ оған разы болсын) басшылығымен Шамға қарай жолға шықты. Олар Мәғән деген жерге жеткенде, римдіктердің өздеріне қарсы соғысу үшін екі жүз мың жауынгер дайындағаны туралы хабар жетті.

Аллаһтың құлдары! Мұсылман әскері Мәғәнда екі түн түнеп, өзара кеңесіп, Аллаһқа сиынып, Оған тәуекел етіп, Аллаһ үшін дұшпандарына шабуыл жасау дұрыс па, әлде Аллаһтың Елшісіне ﷺ хабар жеткізетін бір адам жіберіп, оның шешімін күту дұрыс па деп ойлады.

Сонда Абдуллаһ ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) орнынан тұрып, әскерге сөз сөйлеп: «*Уа, адамдар! Аллаһпен ант етемін, сендердің қазір қаламай тұрғандарың — өздерің соған ұмтылып шыққан шәһидтік қой! Біз адамдармен күш-қуатымызға да, санымызға да сүйеніп шайқаспаймыз. Біз олармен Аллаһ бізді ардақты еткен осы дін арқылы ғана шайқасамыз. Ендеше, аттаныңдар! Расында, бұл — екі игіліктің бірі: не жеңіс, не шәһидтік*», — деді.

Адамдар: «*Аллаһпен ант етеміз, Ибн Рәуәха дұрыс айтты!*», — деді де, рухтанып, дұшпанға қарай аттанды[1].

Аллаһтың құлдары! Үш мың жауынгерден тұратын мұсылман әскері Муғтәға жетіп, сонда қос тікті де, шайқасқа дайындалды. Олар саны екі жүз мың болған рим әскеріне келіп жетті.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Худайбия бітімінен кейін Исламды қабылдағандардың бірі еді. Муғтә — оның қатысқан алғашқы шайқасы болатын. Ол былай деген: «*Мен Муғтә шайқасына қатыстым*.

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/158); «Тарих ат-Тобари», (2/150); «әс-Сират ән-нәбәуия» Ибн Хишәм, (5/24); «Зад әл-мәғәд», (3/382).

Мүшриктер (римдіктер) жақындағанда, мен оларға қарсы тұру мүмкін еместей көріністі, қаптаған адамды, жабдықтар мен қару-жарақты, аттарды, қамқа, жібек пен алтынды көрдім. Менің көргенімнен көзім тұнып қалды. Сонда Сәбит ибн Әрқам маған: «Уа, Абу Хурайра! Көп адам көріп тұрғандайсың ғой?», — деді. Мен: «Иә, Аллаһпен ант етемін», — деп жауап бердім. Ол: «Сен бізбен бірге Бадр шайқасына қатыспадың. Расында, бізге жеңіс санымыздың көптігі үшін берілмейді», — деді»[1].

Аллаһтың құлдары! Міне, Муғтәда екі әскер кездесіп, ұзақ шайқас басталды. Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) туды қолға алып, олармен теңдессіз батылдық танытып, кескілескен шайқасқа түсті. Ол өзіне найза қадалғанға дейін шайқасуын тоқтатпады. Оның қаны төгіліп, ол шәһид болды. Аллаһ Тағала оған разы болсын.

Содан кейін туды Жәғфар ибн Абу Талиб алып, шәһид болғанға дейін олармен батылдықпен шайқасты. Мен оның шәһид екеніне куәлік етемін. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар.

Содан кейін туды Абдуллаһ ибн Рәуәха алып, өзі де шәһид болғанға дейін дұшпанға табанды түрде қарсы тұрды. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар.

Содан кейін туды Халид ибн Уәлид алды. Бірақ ол тағайындалған әмірлердің қатарында болмаған еді. Ол өзін әмір етіп тағайындады да, Аллаһ ол арқылы жеңіс берді[2].

Аллаһпен ант етемін! Расында, олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған ерлер.

Аллаһпен ант етемін, олар — нағыз ерлер! Егер біз олардың жолын ұстансақ, бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты боламыз.

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

---

1 «Әл-бидәят уә ән-нихәя», (4/244); Ол оны әл-Бәйхәқиге теліген.

2 «Муснад» имам Ахмад, (5/299–300).

Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Әрі кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِ وَسَلَٰمٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ ٱلَّذِينَ ٱصۡطَفَىٰٓۗ﴾

«**Барлық мақтау Аллаһқа лайық. Және Аллаһтың таңдаулы құлдарына сәлем болсын**» («ән-Нәмл» сүресі, 59-аят).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «*Таңдаулы құлдар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары*», — деген.

Бұл ерлер — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді және оларға екіжүзді мен бидғатшы адам ғана өшпенділік танытады.

Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Хәммәд ибн Сәләмәдан Аюб әс-Сахтиянидің былай дегені жеткізіледі: «Абу Бакрды жақсы көрген адам дінін түзеген болады. Умарды жақсы көрген адам жолын нұрландырған болады. Усманды жақсы көрген адам Аллаһтың нұрымен нұрланған болады. Алиді жақсы көрген адам берік тұтқадан ұстаған болады. Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары туралы жақсы сөз айтқан адам екіжүзділіктен алыс болады*»[1].

Имам әт-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әһлу әс-сунна уә әл-жамағаның сенімі туралы былай деген: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз және олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топтың пікірін теріске шығару. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан безбейміз. Бұл — екінші топтың пікірін теріске шығару. Біз сахабаларды жек көретіндерді және олар туралы жаман сөз айтатындарды жек көреміз. Біз сахабаларды жақсы сөзбен ғана еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық*».

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме?

Ол — Усама ибн Зәйд ибн Хәриса, Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі әрі оның сүйіктісінің ұлы.

Оның әкесі — Аллаһ «әл-Әхзәб» сүресінде атын атаған Зәйд ибн Хариса (Аллаһ оған разы болсын).

Оның анасы — Пайғамбарымыздың ﷺ сүт анасы Умм Айман.

Ол Зәйд ибн Хәрисаға (Аллаһ оған разы болсын) тұрмысқа шығып, одан Усама ибн Зәйдті дүниеге әкелді. Пайғамбарымыз ﷺ тірі кезінде оған барып тұратын. Әнас былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғаннан кейін Абу Бакр Умарға: «Жүр, бізбен бірге Умм Айманға барып, Аллаһтың Елшісі ﷺ сияқты оның халін білейік», — деді. Олар оның жанына келгенде, Умм Айман жылай бастады. Олар: «Неге жылап жатырсың? Аллаһтың құзырындағы нәрсенің Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін қайырлырақ екенін білмейсің бе?», — деп сұрады. Ол: «Мен Аллаһ Тағаланың құзырындағы нәрсенің Аллаһтың Елшісі ﷺ үшін қайырлырақ екенін білмегендіктен жылап тұрған жоқпын. Көктен түсетін уахидың тоқтағаны үшін жылап тұрмын!», — деді. Бұл сөз оларға қатты әсер етіп, олар да онымен бірге жылай бастады*» (Муслим, 2454).

[1] «Әл-бидәят уә ән-нихәя», (8/13).

Аллаһтың құлдары! Усама ибн Зәйд жайлы әңгіміміз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір айтулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтарына келсек, олар өте көп. Солардың кейбірін келтірейік:

Біріншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны жақсы көруі.

Аллаһтың Елшісі ﷺ Усама ибн Зәйдті (Аллаһ оған разы болсын) қатты жақсы көретін. Бұған мынадай дәлелдер бар:

1. Пайғамбарымыздың ﷺ: «***…Бірақ Аллаһпен ант етемін, ол, яғни Зәйд ибн Хәриса, қолбасшылыққа лайық еді әрі мен үшін ең сүйікті адамдардың бірі болатын. Ал мына (Усама) болса, расында, ол әкесінен кейін, мен үшін ең сүйікті адамдардың бірі!***», — деген сөздері (Әл-Бухари, 4004).

2. Усәма ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ мені және Хасанды қолына алып: «**Уа, Аллаһ! Екеуін жақсы көр, өйткені мен оларды жақсы көремін**», — дейтін*» (Әл-Бухари, 3528).

3. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Усама — мен үшін ең сүйікті адам***», — деген.

4. Бірде Ибн Умар мешітте отырып, мешіттің бір шетінде киімін сүйретіп бара жатқан адамды көрді де: «*Оның кім екенін қараңдар. Маған жақындаса жақсы болар еді*», — деді. Бір адам: «*Уа, Абу Абдуррахман! Оны танымайсың ба? Бұл — Мухаммад ибн Усама ғой*», — деді. Сонда Ибн Умар басын иіп, қолдарымен жерді ұрды да: «*Егер Аллаһтың Елшісі ﷺ оны көрсе, міндетті түрде жақсы көрер еді*», — деді (Әл-Бухари, 3527).

5. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ Усама ибн Зәйдтің мұрнындағы сіңбірігін сүрткісі келгенін жеткізген. Айша: «*Мұны мен істейін*», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Айша! Оны жақсы көр. Расында, мен оны жақсы көремін***», — деді[1].

6. Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Усама есіктің табалдырығында сүрініп, бетін* (басқа риуятта: басын) *жарақаттап алды. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Оның қанын***

[1] «Муснад» Абдуллаһ ибн Умар, (47-бет); «Муснад» әт-Тәялуси, (249-бет); «әл-Әхәди уә әл-мәсәни», (1/325); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (1/159); «әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/689); Әл-Хәким: «Бұл хадис имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді, алайда ол оны келтірмеді», — деген және әз-Зәхәби онымен келіскен.

***сүртіңдер»**, — деді. Бірақ мен жиіркендім. Сонда ол қанды сорып алып, жерге түкіре бастады. Содан кейін: «**Егер Усама қыз болғанда, оны тұрмысқа беру үшін сәндеп, киіндірер едім**», — деді»*[1].

7. Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) бірде құрайыштықтар Бану Мәхзум тайпасынан ұрлық жасаған бір әйелдің ісіне алаңдағаны жеткізіледі. Олар: «*Ол туралы Аллаһтың Елшісімен ﷺ кім сөйлеседі? Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі Усама ибн Зәйдтен басқа бұған кімнің батылы барады?!*», — десті. Усама Аллаһ Елшісіне ﷺ әлгі әйелге араша түсіп өтініш айтты. Сонда ол ﷺ: «***Сен Аллаһ белгілеген жазалардың бірін қолданбауды өтініп, араша түсіп тұрсың ба?***», — деді. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарға уағыз айтып: «***Уа, адамдар! Расында, сендерден бұрынғыларды құрдымға ұшыратқан нәрсе — араларындағы беделді адам ұрлық жасаса, оған белгіленген жазаны қолданбай, жайына қалдыратын. Ал әлсіз адам ұрлық жасаса, оған белгіленген жазаны қолданатын. Аллаһпен ант етемін, егер Мұхаммадтың қызы Фатыма ұрлық жасаса, Мухаммад міндетті түрде оның да қолын кесер еді!***», — деді (әл-Бухари, 6406; Муслим, 1688).

Бұл хадистегі дәлел — сахабалардың Усама ибн Зәйдті Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі деп атауы. Өйткені олар оның Пайғамбарымыздың ﷺ алдындағы орнын білетін.

Екіншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ ол үшін дұға жасауы.

Мухаммад ибн Усама ибн Зәйд өз әкесі Усама ибн Зәйдтің былай дегенін жеткізген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ қатты ауырып қалғанда, мен де, адамдар да Мәдинаға түстік. Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ кірдім. Ол үнсіз болып, сөйлемеді. Аллаһтың Елшісі ﷺ қолдарын менің үстіме қойып, көтере бастады. Мен оның мен үшін дұға жасап жатқанын түсіндім*»[2].

Усама ибн Зәйдтің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ мені бір тізесіне, Хасанды екінші тізесіне отырғызып, екеуімізді құшақтайтын да: «**Уа, Аллаһ! Екеуін рахымыңа бөлей гөр. Өйткені, расында, мен оларға мейірім танытамын!**», — дейтін*» (әл-Бухари, 5657).

Үшіншісі: Пайғамбар ﷺ оны басшы етіп тағайындады, өйткені ол бұған қабілетті еді.

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бір жасақты жорыққа аттандырып, оған*

---

1 «Сахих ибн Хиббән», (15/534); «Сунан әт-Тирмизи», (3818); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6167) сенімді деп атаған.

2 «Әл-Әхәдис әл-мухтәро», (4/146); «Сунан» әт-Тирмизи, (3817); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде және «әл-Мишкәтта», (6166) сенімді деп атаған.

*Усама ибн Зәйдті қолбасшы етіп тағайындады. Кейбір адамдар бұл тағайындауға наразылық білдіре бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Егер сендер оның қолбасшы болып тағайындалуын сынасаңдар, бұл таңғаларлық емес. Өйткені сендер бұған дейін оның әкесінің қолбасшылығын да сынағансыңдар. Бірақ Аллаһпен ант етемін, ол қолбасшылыққа лайық еді әрі мен үшін ең қымбат адамдардың бірі болатын. Ал мына (Усама) болса, расында, әкесінен кейін мен үшін ең қымбат адамдардың бірі!**», — деді»* (әл-Бухари, 4004).

Аллаһтың құлдары! Пайғамбарымыз ﷺ Усаманы әскерге қолбасшы етіп тағайындағанда, оның жасы он сегізде еді. Сол әскердің құрамында Умар ибн әл-Хаттаб та болды. Сондықтан Умар ибн әл-Хаттаб Усама ибн Зәйдті кездестірген сайын: «*Уа, әмір! Әс-сәләму ғәләйкум уа рахмату-Ллаһ! Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғанда, сен менің әмірім едің*», — дейтін[1].

Пайғамбарымыз ﷺ өмірінің соңында Усама ибн Зәйдті Муғтәға жорыққа аттанатын үлкен әскерге әмір етіп тағайындады. Бірақ Пайғамбарымыз ﷺ әскер жолға шықпай тұрып қайтыс болды. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бұл бұйрығын орындады. Кейбір сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Абу Бакр әс-Сыддыққа (Аллаһ оған разы болсын) Усаманың әскерін жібермей, ұстап қалуды ұсынғанда, ол: «*Мен Аллаһ Елшісі ﷺ аттандырған әскерді ұстап қалмақпын ба?! Сендер ауыр сөз айтуға батылдандыңдар! Жаным қолында болған Аллаһпен ант етемін! Бүкіл арабтардың маған қарсы дұшпандыққа шығуы Аллаһтың Елшісі ﷺ аттандырған әскерді ұстап қалудан гөрі мен үшін сүйіктірек болар еді!*», — деп жауап берді.

Басқа бір риуаятта оның: «*Абу Бакрдың жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін! Бізді жабайы аңдар басып кетеді деп ойласам да, Аллаһтың Елшісі ﷺ бұйырғандай, Усаманы бәрібір аттандырар едім. Егер елді мекенде менен басқа ешкім қалмаса да, мен оны (бәрібір) аттандырар едім*», — дегені жеткізіледі[2].

Төртіншісі: ол туралы күмән сейілгенде, Пайғамбардың ﷺ қуануы.

Аллаһтың құлдары! Надандық дәуірінде адамдар Усаманың (Аллаһ оған разы болсын) тегіне тіл тигізетін. Өйткені оның өңі өте қара, ал әкесі Зейдтің өңі ақ еді.

Айшаның, Аллаһ оған разы болсын, былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Аллаһ Елшісі ﷺ менің жанымда болғанда, Усама ибн Зәйд пен Зәйд ибн*

1 «Сияр әғләм ән-нубәлә», (2/501).

2 Әт-Тобари, (4/45); «әл-Бидәят уә ән-Нихәя», (6/335).

Хәриса үйімде ұйықтап жатты. Маған бір ізкесуші (қаиф) келіп: «Бұл — бірі екіншісінен тараған адамдардың табандары», — деді». Бұл Пайғамбарды ﷺ қуантып, сүйсіндірді. Ол мұның барлығын Айшаға айтып берді (әл-Бухари, 3525).

Бесіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оны Фатыма бинт Қайсқа үйлендіру үшін таңдады.

Фатыма бинт Қайс (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Менің ғиддәм (күту мерзімім) аяқталғанда, мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ, Муғәуия ибн Абу Суфиян мен Абу Жәхмнің маған құда түскенін айттым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Абул-Жәхмге келсек, ол таяғын иығынан түсірмейді. Ал Муғуия болса, ешбір мал-мүлкі жоқ кедей адам. Сондықтан Усама ибн Зәйдке тұрмысқа шық**», — деді. Мен мұны қаламадым. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Усама ибн Зәйдке тұрмысқа шық**», — деп қайталады. Мен оған тұрмысқа шықтым. Аллаһ одан маған қайыр берді, әрі мен қуанышқа бөлендім*» (Муслим 1480).

Алтыншысы: оның Аллаһ Елшісінен ﷺ үйренген құлшылығын орындауға ұмтылысы.

Усама ибн Зәйдтің азат еткен құлынан бірде ол Усамамен бірге Уәди әл-Кураға барғаны жеткізіледі. Усаманың сол жерде мал-мүлкі бар еді. Ол дүйсенбі және бейсенбі күндері ораза ұстайтын. Азат етілген құлы одан: «*Қартайғаныңа қарамастан, дүйсенбі мен бейсенбі күндері неге ораза ұстайсың?*», — деп сұрады. Сонда Усама ибн Зәйд: «*Расында, Аллаһтың Пайғамбары ﷺ дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстайтын. Одан осы туралы сұрағанда, ол: «**Расында, Аллаһқа құлдарының амалдары дүйсенбі мен бейсенбі күндері ұсынылады**», — деген*», — деп жауап берді[1].

Жетіншісі: оның Пайғамбарымызға ﷺ жақындығы.

Аллаһтың құлдары! Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ өте жақын еді. Ол оның жанына кіретін, артына мінгесетін және онымен бірге отыратын. Бұған қатысты мынадай дәлелдерді кетіруге болады:

1. Усама (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ кіргенімде, ол мұңайып отырған еді. Мен одан не болғанын сұрадым. Ол: «**Жәбірейіл маған үш күннен бері келмеді**», — деп жауап берді. Сонда үйлердің арасынан иттің күшігі табылды. Пайғамбарымыз ﷺ оны өлтіруді бұйырды және оны өлтірді. Содан кейін оған Жәбірейіл (оған сәлем болсын) келді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оны көргенде қуанып:*

[1] «Сунан» Абу Дауд, (2436); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

*«**Неліктен маған келмедің?!**», — деп сұрады. Жәбірейіл: «Расында, біз ішінде ит немесе суреттер бар үйге кірмейміз», — деп жауап берді»*[1].

2. Усаманың былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Арафаттан қайтып келе жатқанда, мен оның артында мінгесіп отырдым. Пайғамбарымыз ﷺ ингенін тежей бастағаны соншалық, ингеннің құлақтары ердің алдыңғы жағына тие жаздады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, адамдар! Сабырлылық пен байсалдылықты ұстаныңдар. Расында, ізгілік түйелерді қатты айдауда емес**», — деді*»[2].

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның, Аллаһ оған разы болсын, өміріндегі елеулі оқиғалар өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Оның батылдығы және алға ұмтылуы

Усама ибн Зәйдтің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бізді Жухәйна тайпасының Хурака руына қарсы аттандырды. Біз оларға таңертең шабуыл жасадық. Мен бір ансармен бірге олардың бірін қуа жөнелдім. Біз оған таяп қалғанда, ол: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!», — деді. Мұны естіген ансар оны қууын тоқтатты. Ал мен оған найзаммен соққы беріп, өлтірдім. Мәдинаға қайтып келгенімізде, бұл Пайғамбарымызға ﷺ мәлім болды. Ол ﷺ: «**Уа, Усама! Сен оны «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» дегеннен кейін өлтірдің бе?!**», — деп сұрады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол мұны тек құтылу үшін ғана айтты ғой!», — дедім. Бірақ Пайғамбарымыз ﷺ тағы да: «**Сен оны «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» дегеннен кейін өлтірдің бе?!**», — деді. Ол бұл сөзді маған қайталай бергені соншалық, ақыры мен Исламды осы күні ғана қабылдаған болсам ғой деп өкіндім!*» (Муслим, 96).

Басқа бір риуаятта былай деп жеткізіледі: «*Пайғамбарымыз ﷺ одан: «**Қиямет күні оның «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» деген сөзіне қатысты саған кім көмектеседі?!**», — деп сұрады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол бұл сөзді біздің қаруымыздан және өлтірілуден қорыққандықтан ғана айтты ғой!», — деп жауап бердім.*

---

1 «Әл-Әхәдис әл-мухтәро», (4/134); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (4/43); «Муснад» имам Ахмад, (5/203).

2 «Сунан ән-Нәсәи әл-Мужтәбә», (3018); «Муснад» имам Ахмад, (5/201); Шейх әл-Әлбәни хадисті ән-Нәсәиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

*Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сен оның мұны жүрегімен айтқан-айтпағанын білу үшін жүрегін жарып көрдің бе?**», — деді. Ол бұл сөзді қайталай бергені сонша, мен Исламды тек осы күні ғана қабылдаған болсам ғой деп тіледім»*[1].

Оның жақсылыққа бұйыруы, жамандықтан тыюы және адамдарға насихат айтуы

Абу Зәйд Усама ибн Зәйдтің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Адамдар маған: «Неге осы адамның жанына кіріп, онымен сөйлеспейсің?!», — деп, Усман ибн Ғаффанды меңзеген еді. Мен былай жауап бердім: «Сендер мен онымен сөйлессем, міндетті түрде сендер еститіндей сөйлесуім керек деп ойлайсыңдар ма? Аллаһпен ант етемін, мен онымен оңаша сөйлестім. Бірақ өзім бастаушысы болғым келмейтін істі бастаған жоқпын. Аллаһтың Елшісінің ﷺ мына сөзін естігеннен кейін, өзіме әмір болып тағайындалған адамды адамдардың ең жақсысы деп айтпаймын: «**Қиямет күні бір адам әкелініп, Отқа тасталады. Оның ішектері сыртқа шығып, өзі солардың арасында диірмен тасын айналдыратын есек секілді айнала бастайды. Тозақтағылар оның жанына жиналып: «Уа, пәленше! Саған не болды? Сен бізді жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыймап па едің?!», — деп сұрайды. Ол: «Иә, мен сендерді жақсылыққа бұйыратынмын, бірақ өзім оны істемейтінмін. Сендерді жамандықтан тыятынмын, бірақ оны өзім істейтінмін!», — деп жауап береді**»»* (Муслим, 2989).

Аллаһтың құлдары! Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) билік иелерін жақсылыққа қалай бұйырып, жамандықтан қалай тыю керектігін Аллаһтың Елшісінен ﷺ үйренген еді.

Аллаһтың жазасынан қорыққандықтан, оның істері сөздеріне қайшы келмейтін.

Өйткені Аса жоғары Аллаһ Қасиетті Құранда былай деген:

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ لِمَ تَقُولُونَ مَا لَا تَفۡعَلُونَ ۝٢ كَبُرَ مَقۡتًا عِندَ ٱللَّهِ أَن تَقُولُواْ مَا لَا تَفۡعَلُونَ ۝٣﴾

«**Уа, иман келтіргендер! Неліктен өздерің істемейтін нәрсені айтасыңдар? Өздерің істемейтін істеріңді айту — Аллаһтың алдында зор ашуға себеп болады**» («әс-Сәфф» сүресі, 2–3 — аяттар).

Сондай-ақ ол (Аллаһ оған разы болсын) бүлік есіктерін алғаш ашқан адам болудан қорқатын.

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (5/207).

Расында, олар — «**Аллаһпен жасасқан уәделеріне адал болған ерлер. Олардың арасында өз міндеттемелерін орындап қойғандар да, әлі күтіп жүргендер де бар. Бірақ олар уәделеріне еш опасыздық жасамайды**».

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Әрі кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Аллаһ оларды Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдады. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді, ал оларға екіжүзді әрі бидғатшы адам ғана өшпенділік танытады.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб ибн Нуфәйл әл-Қурайши, әл-Ғадәуи. Ол Мекеде туып, кейін Мәдинада тұрған. Оның куниясы — Абу Абдуррахман.

Оның әкесі — әл-Фаруқ Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын). Пайғамбарымыз ﷺ ол туралы: «***Егер менен кейін пайғамбар болғанда, ол Умар ибн әл-Хаттаб болар еді***», — деген.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ ол туралы: «***Аллаһ ақиқатты Умар ибн әл-Хаттабтың тіліне және жүрегіне орнықтырды***», — деген.

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Адамдардың арасында қандай да бір оқиға болса, олар соған қатысты өз пікірлерін айтатын. Умар ибн әл-Хаттаб та өз пікірін білдіретін. Кейін сол оқиғаға қатысты Құран аяттары түсіріліп, олар Умардың айтқанымен үндес келетін*»[1].

Оның анасы — Усман ибн Мәзғун әл-Жумахидің әпкесі Зәйнәб бинт Мәзғун.

Аллаһтың құлдары! Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) жайлы әңгіметіміз оның артықшылықтары, өміріндегі айтулы оқиғалар және насихаттары жайлы болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Біріншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны мақтауы.

Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыздың ﷺ тірі кезінде біреу түс көрсе, оны Аллаһтың Елшісіне ﷺ айтып беретін. Мен де түсімде бір нәрсе көріп, оны оған айтып беруді қаладым. Аллаһ Елшісінің ﷺ тірі кезінде мен ер жеткен жас жігіт едім және мешітте жиі түнеп қалатынмын. Бірде түсімде екі періштенің мені ұстап алып, Оттың жанына апарғанын көрдім. Ол құдық секілді жан-жағынан таспен қаланған еді. Бүйірлерінде екі бағана тұрды. Оттың ішінде өзім танитын адамдар бар еді. Сонда мен: «(Бұл) оттан Аллаһтың қорғауына жүгінемін! (Әғузу би-лләхи мин-ән-нар», — деп қайталай бастадым. Содан кейін бізге басқа бір періште кездесіп, маған: «Қорықпа!», — деді. Мен бұл түсімді Хәфсаға айтып бер-*

[1] «Сахих» Ибн Хиббән, (15/318); «Сунан» әт-Тирмизи, (3682); «Муснад» имам Ахмад, (2/95); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

*дім, ал Хәфса оны Аллаһтың Елшісіне ﷺ жеткізді. Сонда ол ﷺ: «**Абдуллаһ — жақсы адам. Түнде намаз оқыса, тіпті жақсы болар еді**», — деді*». Осыдан кейін Абдуллаһ түнде аз ғана ұйықтайтын болды (әл-Бухари, 1070; Муслим, 2479).

Салимнің Ибн Умардан, ал Ибн Умардың өз әпкесі Хафсадан Пайғамбарымыздың ﷺ оған: «***Расында, Абдуллаһ — ізгі адам***», — дегені жеткізіледі (әл-Бухари, 3531).

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Мен түсімде қолымда бір бөлік қамқа бар екенін көрдім. Мен Жәннаттың қай жерін қаласам да, ол міндетті түрде сол жаққа ұшатын. Мен мұны Хафсаға айтып бердім. Хафса бұл жайлы Пайғамбарымызға ﷺ жеткізді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «Мен Абдуллаһты ізгі адам деп санаймын», — деді*» (Муслим, 2478).

Екіншісі: оның Пайғамбарымызға ﷺ жақындығы және одан пайда алуы.

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ мені иықтарымнан ұстап: «**Бұл дүниеде өзіңді бөтен елде жүрген адамдай немесе жолаушыдай ұста**», — деді*».

Осы хадисті жеткізушінің айтуынша, Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Егер сен кешке дейін өмір сүрсең, таңға дейін өмір сүремін деп күтпе. Таңға дейін өмір сүрсең, кешке дейін өмір сүремін деп күтпе. Денің сау кезде ауырған кезіңе, ал тірі кезіңде өліміңе қажет болатын нәрсені қамдап ал*» (әл-Бухари, 6053).

Ибн Умардан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Мирас етіп қалдыруға болатын мүлкі бар мұсылманның мирасын жазбай екі түн өткізуіне болмайды***» (әл-Бухари, 2587; Муслим, 1627).

Сондай-ақ Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Аллаһ Елшісінің ﷺ осы сөзін естігеннен бері өзім жазған өсиетнамасыз бір түн де өткізген емеспін*», — деген (Муслим, 1627).

Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде мен етегі тым төмен түсіп тұрған изар киіп, Аллаһ Елшісінің ﷺ жанынан өтіп бара жаттым. Ол маған: «**Уа, Абдуллаһ! Изарыңды көтер!**», — деді. Мен оны көтердім. Содан кейін ол ﷺ: «**Тағы!**», — деді. Мен оны тағы да жоғары көтердім. Содан бері оны осылай киюге тырысамын*». Бір адам Ибн Умардан: «*Қай жерге дейін (көтеру қажет)?*», — деп сұрады. Ол: «*Балтырдың орта тұсына дейін*», — деп жауап берді (Муслим, 2086).

Абдуллаһ ибн Умардан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Қиямет күні Аллаһ тәкаппарланып, киімін жерге сүйреткен адамға қарамайды***» (Әл-Бухари, 3465).

Ибн Умардың былай дегені жеткізіледі: «*Біз Аллаһ Елшісінің ﷺ бір мәжілісте жүз рет: «**Уа, Аллаһ! Мені кешіріп, тәубемді қабыл ет. Расында, Сен — тәубелерді Қабыл етуші, Мейірімдісің! (Рабби-ғфирли уә туб ғәләйя иннакә әнтә әт-тәууәбу-р-рахим)**», — деп айтқанын санадық*»[1].

Үшіншісі: ол Аллаһтан қорқып көп жылайтын.

Нәфиғ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын):*

﴿۞ أَلَمۡ يَأۡنِ لِلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَن تَخۡشَعَ قُلُوبُهُمۡ لِذِكۡرِ ٱللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ ٱلۡحَقِّ وَلَا يَكُونُواْ كَٱلَّذِينَ أُوتُواْ ٱلۡكِتَٰبَ مِن قَبۡلُ فَطَالَ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَمَدُ فَقَسَتۡ قُلُوبُهُمۡۖ وَكَثِيرٞ مِّنۡهُمۡ فَٰسِقُونَ ١٦﴾

«**Иман келтіргендердің жүректері Аллаһтың зікіріне жұмсарып, әрі түскен ақиқатқа жібімей ме? Ал енді бұрын өздеріне Кітап беріліп, сосын ұзын мерзім өткендіктен жүректері қатайғандар сияқты болмаңдар. Олардың көбі пасықтар**», — *деген аятты оқығанда, өксіп жылайтын*»[2].

Сондай-ақ Нәфиғ (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) «әл-Бақара» сүресінің соңындағы осы екі аятты оқыған сайын жылайтын. Ал: «**Көңілдеріңдегіні ашсаңдар да, жасырсаңдар да, Аллаһ сол үшін сендерден есеп алады**», — деген аятқа жеткенде: «Расында, бұл — ауыр есеп», — дейтін*»[3].

Бірде Абдуллаһ ибн Әмр және Абдуллаһ ибн Умар кездескен еді. Содан кейін Абдуллаһ ибн Умар жылаған күйі кетіп қалды. Адамдар одан: «Уа*, Абу Абдуррахман! Сені не жылатты?*», — деп сұрады. Ол Абдуллаһ ибн Әмрді меңзеп: «*Мені мына адамның айтқаны жылатты. Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Жүрегінде қыша дәнінің салмағындай тәкаппарлығы бар адам Жәннатқа кірмейді**», — дегенін естігенін айтты*», — деп жауап берді[4].

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (3/206); «Сунан» Ибн Мәжаһ, (3814); «Мусәннәф» Ибн Аби Шәйбә, (6/57); «Муснад» имам Ахмад, (2/21); «Муснад» Ғәбд ибн Хумәйд, (251-бет). Шейх әл-Әлбәни хадисті өзінің Ибн Мәжаһқа жазған ескертпесінде және «әс-Сахихада», (556) сенімді деп атаған.

2 «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/518).

3 «Сәфуәт әс-сәфуә», (1/294).

4 «Муснад» имам Ахмад, (2/164); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Абдуллаһ ибн Әмр бірде Абдуллаһ ибн Умарға: «*Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Кім амалдарын адамдар өзі туралы естісін деп жасаса, Аллаһ Өз жаратылыстарына ол туралы естіртеді, содан кейін оны қор қылып, қадірсіз етеді»**, — дегенін естідім*», — деген еді. Ол: «*Сонда Абдуллаһ ибн Умардың көздеріне жас келді*», — деген[1].

Төртншісі: оның өз әкесі Умарға тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де құрмет көрсетіп, жақсылық жасауы.

Әкесі тірі кездегі құрмет жайлы айтсақ, Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Бір кезде менің жақсы көретін әйелім болған. Бірақ ол Умарға (Аллаһ оған разы болсын) ұнамайтын. Ақыры ол маған: «Оғнымен ажырас!», — деді. Мен бас тарттым. Сонда Умар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымызға ﷺ келіп, оған болған нәрсені айтып берді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «**Онымен ажырас!**», — деді*»[2].

Әкесі өлім аузында жатқан кезде: Умар өлім аузында жатқанда «*Уа, Абдуллаһ ибн Умар! Менің қанша қарызым бар екенін қара*», — деген еді. Есептеп қарағанда, оның сексен алты мың дирһамға жуық қарызы бар екені анықталды. Умар: «*Егер Умардың әулетінің мал-мүлкі осы қарызды өтеуге жетсе, соны пайдалан. Жетпесе, Бану Ғәди ибн Кәғбтан сұра. Егер бұл қаражат та жетпесе, құрайыштықтардан сұра және өзгелерге жүгінбе. Менің қарызымды өтеп, содан кейін мүминдердің анасы Айшаға бар. Оған: «Умар саған сәлем жолдайды», — деп айт. Бірақ «мүминдердің әмірі» деме, өйткені мен енді мүминдердің әмірі емеспін. Оған Умар ибн әл-Хаттабтың өзінің екі жолдасының жанына жерленуге рұқсат сұрайтынын айт*», — деді. Ибн Умар Айшаға сәлем беріп, кіруге рұқсат сұрады. Ішке кіргенде, оның жылап отырғанын көрді. Ол оған: «*Умар ибн әл-Хаттаб саған сәлем жолдайды әрі өзінің екі жолдасының жанына жерленуге рұқсат сұрайды*», — деді. Айша: «*Бұл орынды өзім үшін сақтағым келген еді, бірақ оны оған беремін*», — деп жауап берді. Ибн Умар қайтып келгенде, Умарға: «*Абдуллаһ ибн Умар келді*», — деп хабарланды. Сонда ол: «*Мені көтеріңдер*», — деді. Бір адам оны өзіне сүйеп отырғызды. Умар: «*Қандай хабар әкелдің?*», — деп сұрады. Абдуллаһ:

«*Уа, мүминдердің әмірі! Сенің қалағаның болды*», — деп жауап берді. Умар: «*Аллаһқа мақтау болсын! Мен үшін бұдан маңызды ешнәрсе жоқ еді. Мен қайтыс болғанда, мені сол жерге апарыңдар. Айшаға сәлем беріп:*

---

1 «Муснад» имам Ахмад, (2/162); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (2/215); «Сунан» Абу Дауд, (5138); «Мусәннәф» Ибн Аби Шәйбә, (4/173); «Муснад» имам Ахмад, (2/20); Шейх әл-Әлбәни хадисті Абу Даудқа жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

«Умар ибн әл-Хаттаб кіруге рұқсат сұрайды», — деп айт. Егер ол рұқсат берсе, мені ішке кіргізіңдер. Ал рұқсат бермесе, мұсылмандардың зиратына апарып, сонда жерлеңдер», — деді» (Әл-Бухари, 3487).

Усман ибн Ғәффәнның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Сендердің араларыңда Умарды соңғы болып көрген — мен. Мен оның жанына кіргенде, басы ұлы Абдуллаһ ибн Умардың тізесінде жатқан еді. Ол: «Бетімнің бір жағын жерге тигізіп жатқыз», — деді. Ибн Умар «Менің саным мен жер бірдей емес пе?», — деп сұрады. Умар екінші не үшінші рет: «Бетімнің бір жағын жерге тигізіп жатқыз! Анаң сенен айырылсын!», — деді. Мен оның жаны шыққанға дейін: «Егер Аллаһ мені кешірмесе, маған да, анама да қасірет!..», — деп айтқанын естідім*»[1].

Әкесі қайтыс болғаннан кейін оған жақсылық жасауына келсек, Абдуллаһ ибн Динардан бірде Меккеге барар жолда бір бәдәуи Абдуллаһ ибн Умарға (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) кездескені жеткізіледі. Абдуллаһ ибн Умар оған сәлем беріп, өз есегіне мінгізді әрі өзі киіп жүрген сәлдесін берді. Ибн Динар былай деді: «*Сонда біз оған: «Аллаһ сені жөнге салсын! Бұлар азға да қанағат ететін бәдәуилер ғой!», — дедік. Абдуллаһ ибн Умар бізге: «Расында, Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) бұл адамның әкесін жақсы көретін. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Ізеттіліктің ең жоғарғы көрінісі — адамның әкесі жақсы көрген адамдармен байланысын сақтауы**», — дегенін естідім», — деп жауап берді»*[2].

Абу Бурданың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Мәдинаға келген едім. Абдуллаһ ибн Умар маған келіп: «Саған не үшін келгенімді білесің бе?», — деп сұрады. Мен: «Жоқ», — деп жауап бердім. Ол: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ: «**Кім қабірде жатқан әкесімен туыстық байланысын сақтағысы келсе, әкесінің бауырларымен қарым-қатынасын сақтасын**», — дегенін естігенмін. Менің әкем (Умар) мен сенің әкеңнің (Абу Муса әл-Әшғаридің) арасында бауырластық пен сүйіспеншілік бар еді. Мен осы байланысты сақтағым келеді», — деді*».

«Әкесінің бауырлары» деген сөздермен оның достары мен өзі жақсы көрген адамдар меңзеледі.

---

1 «Әт-Тәбәқат» Ибн Сәғд, (3/360); «Тарих әл-Мәдина» Ибн Шәйбә, (3/919); олардың иснады сенімді; «Тарих Димашқ» Ибн Ғәсәкир (13/138); «Мәнәқиб» Ибн әл-Жәузи, (231-бет); «әт-Тәрих әл-исләми», (19/44/45).

2 «Сахих әт-тәрғиб уә әт-тәрхиб», (2505).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі елеулі оқиғалар өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Оның (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) бидғат пен нәпсі қалауларына ерушілерге қатысты ұстанымы

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) бидғаттарға және нәпсі қалауларына ерушілерге қарсы күрескен. Ол: «*Әрбір бидғат — адасушылық, тіпті адамдар оны жақсы деп санаса да*», — деген[1].

Бұған мынадай мысалдар бар:

1. Ибн Умар бір адамның түшкіріп: «*Аллаһқа мақтау болсын әрі Аллаһ Елшісіне ﷺ салауат болсын*», — дегенін естіді. Сонда Ибн Умар оған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге бұлай үйреткен жоқ. Ол ﷺ: «**Сендердің бірің түшкірсе, Аллаһқа мақтау айтсын**», — деді және: «Аллаһтың Елшісіне салауат айтсын», — деген жоқ*», — деді[2]. Егер қазір біреу осылай істеп, біз оны айыптасақ, ол: «Аллаһ ұлы! Пайғамбарға салауат айтуға тыйым салынған ба?», — дер еді.

2. Мәдина тұрғындары Абдуллаһ ибн Мутығтың басшылығымен Язид ибн Муғауияны биліктен кетіру үшін оған қарсы шыққанда, Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Абдуллаһ ибн Мутығтың үйіне барды. Абдуллаһ ибн Мутығ: «*Абу Абдуррахманға жастық қойыңдар*», — деді. Абдуллаһ ибн Умар: «*Расында, мен саған отыру үшін келген жоқпын. Аллаһ Елшісінен ﷺ естіген хадисті жеткізу үшін келдім. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естідім: «**Кім (билеушіге) бағынудан бас тартса, Қиямет күні өзін ақтайтын ешбір дәлелі болмай, Аллаһқа жолығады. Ал кім (билеушіге бағынатынына) ант берместен өлсе, надандық дәуірінде өлгендер секілді өледі**»*», — деді (Муслим, 1851).

Нәфиғ былай деген: «*Мәдина тұрғындары Язид ибн Муғауияны биліктен кетіргенде, Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) қызметшілері мен балаларын жинап: «Расында, мен Пайғамбарымыздың ﷺ: «**Қиямет күні әрбір опасызға ту орнатылады**», — дегенін естідім. Біз Аллаһ пен Оның Елшісіне берген антымыздың негізінде осы адамға (Язид ибн Муғауияға) адал болуға серт бердік. Аллаһ пен Оның Елшісіне берілген ант негізінде*

---

1 «Шарх ақида әһлу-сунна уә әл-жәмәғә» әл-Ләләкәи, (126).

2 «Сунан» әт-Тирмизи, (2738); «әл-Мустәдрәк ғәлә әс-сахихайн», (4/295); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әл-Мишкәтта», (4744) және «әл-Ғируәда», (3/245) жақсы деп атаған.

бір адамға адал болуға серт беріп, содан кейін оған қарсы соғыс жариялаудан асқан опасыздықты білмеймін. Егер сендердің біріңнің оны биліктен кетіруге қатысқанын немесе осы іске серт бергенін білсем, онымен арамыздағы қарым-қатынас үзіледі!», — деді» (Әл-Бухари, 6694).

3. Адамдар Усманды (Аллаһ оған разы болсын) Бадр шайқасына қатыспағаны, Ухуд күні қашқаны және «Разылық сертіне» қатыспағаны секілді мәселелерге қатысты айыптағанда, бұл айыптауларға Абдуллаһ ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) өзі жауап беретін.

Оның жауабы имам әл-Бухари Усман ибн Уәхбтан жеткізген сахих шариғи мәтінде келген.

Ол былай деген: «*Бірде Мысырдан бір адам қажылық жасау үшін Қағбаға келіп, отырған адамдарды көрді. Ол: «Бұлар кімдер?», — деп сұрады. Оған: «Бұлар — құрайыштықтар», — деп жауап берілді. Ол: «Ал мына қарт адам кім?», — деп сұрады. Оған: «Ибн Умар», — деп жауап берді. Сонда ол оның жанына келіп: «Сенен кейбір нәрселерді сұрағым келеді. Маған олар жайлы айтып бересің бе?», — деді де, кейін: «Осы Үйдің қасиетін атап сұрайын деп жатырмын: Усман ибн Ғаффанның Ухуд шайқасы күні шайқас алаңынан қашқанын білесің бе?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — деп жауап берді. Әлгі адам: «Оның Бадр шайқасында болмағанын әрі оған қатыспағанын білесің бе?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — деп жауап берді. Әлгі адам «Оның Аллаһ разы болған серт (бәйғәт әр-Ридуан) берілген кезде болмағанын әрі сол сертті бермегенін білесің бе?», — деп сұрады. Ибн Умар: «Иә», — деп жауап берді. Сонда әлгі адам: «Аллаһ Ұлы!», — деп дауыстады. Оны тыңдап болған соң, Ибн Умар оған былай жауап берді: «Енді сен сұрағанның бәрін түсіндіріп берейін. Оның Ухуд шайқасы күні қашқанына келсек, Аллаһтың оны кешіргеніне куәлік етемін. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел:*

﴿إِنَّ ٱلَّذِينَ تَوَلَّوْاْ مِنكُمْ يَوْمَ ٱلْتَقَى ٱلْجَمْعَانِ إِنَّمَا ٱسْتَزَلَّهُمُ ٱلشَّيْطَٰنُ بِبَعْضِ مَا كَسَبُواْ ۖ وَلَقَدْ عَفَا ٱللَّهُ عَنْهُمْ ۗ إِنَّ ٱللَّهَ غَفُورٌ حَلِيمٌ ﴿١٥٥﴾﴾

«**Расында, (Ухуд соғысы күні) екі топ кездескен сәтте, сендерден бет бұрғандарды кейбір қылықтарының салдарынан шайтан тайдыра жаздады. Расында, Аллаһ оларды кешірді. Күмәнсіз, Аллаһ — аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді**» («Әли Имран» сүресі, 155-аят).

*Оның Бадр шайқасында болмауына келсек, сол кезде оның әйелі — Аллаһ Елшісінің ﷺ қызы — ауырып жатқан еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «**Расында, Бадр шайқасына қатысатындардың кез келгенімен бірдей сауап пен үлес саған да беріледі!**», — деген еді. Ал оның Аллаһ разы бол-*

ған серт берілген кезде болмауына келсек, Меккеде Усман ибн Ғаффәннан беделдірек адам табылғанда, Пайғамбар ﷺ оның орнына басқа біреуді жіберер еді. Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға Усманды жіберді. Аллаһ разы болған серт Усман Меккеге кеткеннен кейін берілді. Сонда Пайғамбар ﷺ оң қолын созып: «Бұл — Усманның қолы», — деді. Содан кейін оны екінші қолына соғып: «Бұл — Усманның атынан берілген серт», — деді».

Кейін Ибн Умар әлгі адамға: «*Ал енді бар да, айтқандарымды есіңде сақта*», — деді» (әл-Бухари, 3495).

4. Бірде бір адам Ибн Умарға келіп: «*Расында, мен сені Аллаһ үшін жақсы көремін*», — деді. Ибн Умар оған: «*Менің сені Аллаһ үшін жек көретініме куә бол!*», — деп жауап берді. Әлгі адам: «*Не үшін?!*», — деп сұрады. Ибн Умар: «*Азанды әндетіп айтатыныңжәне ол үшін ақы алатыныңүшін!*», — деп жауап берді[1].

Уа, Ибн Умар! Аллаһ саған разы болсын! Аллаһ бізді де, сіздерді де онымен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинасын!

Оның насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) насихаттары өте көп. Солардың кейбірін атап келтірейік:

1. Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Адам өзінен жоғары тұрғандарға күншілік сезініп, өзінен төмен тұрғандарды менсінбеуді және білімі үшін сыйақы алуды қоймайынша, шынайы білімді бола алмайды*»[2].

2. Сондай-ақ ол (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Егер мен күндер бойы ораза ұстап, ауыз ашпасам, түндер бойы намаз оқып, ұйықтамасам, мал-мүлкімді Аллаһ жолында үздіксіз жұмсасам да, қайтыс болатын күнімде жүрегімде Аллаһқа бағынатындарға деген сүйіспеншілік пен Оған бағынбайтындарға деген жеккөрушілік болмаса, маған мұның ешқайсысы пайда бермейді*»[3].

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Расында, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Иманның ең берік тұтқасы — Аллаһ үшін дос болу және***

---

1 «Мусәннәф» Абдурраззақ, (1/481); Онда әлгі адамның азанды әуендетіп айтып, ол үшін ақы алғандығы келтірілген; «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (12/264);

2 «Сунан әд-Дәрими», (1/100); «Мусәннәф» Ибн Аби Шәйбә, (7/117).

3 «Фәйд әл-қадир», (3/264); «Ихия ғулум әд-дин», (2/246).

Аллаһ үшін дұшпан болу, Аллаһ үшін жақсы көру және Аллаһ үшін жек көру», — деген[1].

3. Ол (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) адамдарды бұл дүниені жақсы көруден және ұзақ өмір сүремін деген үмітке берілуден сақтандырып былай деген: «*Уа, Адам баласы! Бұл дүниеде денеңмен бол, ал жүрегіңмен және ұмтылыстарыңмен одан алыста. Расында, сен (Қиямет күні) амалдарыңмен тұрасың. Ендеше, қолыңдағы нәрседен өлім кезінде алдыңнан шығатын жағдайға арнап қамданып ал. Сонда саған игілік келеді*»[2].

Яғни бұл дүние жүрегіңізде емес, қолыңызда болсын. Егер дүние қолыңызда болса, оны Аллаһ жолында олай да, былай да жұмсайсың. Ал жүрегіңізге дүниеге деген сүйіспеншілік кірсе, ол сені құртып, күйретеді. Сондықтан Ибн Умар адамды дүниеге құл болып, Ақыретті ұмытуға алып келетін ұзақ үміттерден сақтандыратын.

Ол (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Кешке дейін өмір сүрсең, таңға дейін өмір сүремін деп күтпе. Таңға дейін өмір сүрсең, кешке дейін өмір сүремін деп күтпе. Денің сау кезде ауырған кезіңе, ал тірі кезіңде өліміңе қажет болатын нәрсені қамдап ал*», — деген.

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Расында, бұл дүние ешкімге қалмайды, ешкім онда мәңгі қалмайды.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا جَعَلْنَا لِبَشَرٍ مِّن قَبْلِكَ ٱلْخُلْدَ ۖ أَفَإِيْن مِّتَّ فَهُمُ ٱلْخَٰلِدُونَ ﴿٣٤﴾﴾

«**Сенен бұрын да адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең, олар мәңгі өмір сүре ма?**» («әл-Әнбия» сүресі, 34-аят).

Жәбірейіл (оған сәлем болсын) Пайғамбарымыз Мухаммадқа ﷺ былай деген: «*Уа, Мухаммад! Қалағаныңша өмір сүр, бірақ, расында, сен өлімдісің. Қалаған адамыңды жақсы көр, бірақ, расында, одан айырыласың. Қалағаныңды істе, бірақ оның қайтарымын аласың*».

Бір ақын былай деген екен:

Көріп тұрған нәрселеріңнің ешбірі өз жарқылын сақтап қалмайды,

Аллаһ қана мәңгі, ал байлық пен балалар жоғалады.

Бір күні Хурмузды оның қазыналары құтқара алмады,

Ғәдтықтар да өлместікке ұмтылды, бірақ мәңгі болмады.

---

1 «Сахих әл-Жәмиғ», (2539); Шейх әл-Әлбәни хадисті сенімді деп атаған, «әс-Сахиха», (1728).

2 «Хилият әл-әулия», (1/306).

Желдер оның әмірімен соққанда, Сулейман де мәңгі қалмады,

Ал адамдар мен жындар солардың арасында жұмыс істеуге мәжбүр еді.

Күш-қуатына бола алдарына жан-жақтан елшілер жиналған патшалар қайда?

Онда адамдар сөзсіз әкелінетін бір су айдыны бар,

Әркім оған бір күні міндетті түрде олар келгендей келеді.

4. Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Мухаммадтың ﷺ сахабаларын мақтап, оларға еруді бұйыратын. Ол (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деген: «*Сендердің араларыңнан кім біреуге ергісі келсе, қайтыс болғандарға ерсін. Өйткені тірі адамның бүліктен аман болуына кепіл жоқ. Олар — Мухаммадтың ﷺ сахабалары. Олар — үмметте жүректері ең ізгі, білімдері ең терең және өздерін пайдасыз нәрселермен ең аз әурелеген адамдар. Аллаһ Тағала оларды Пайғамбарға ﷺ сахаба болу және дінді орнату үшін таңдады! Олардың артықшылықтарын мойындап, жолдарын берік ұстаныңдар. Өйткені, Қағбаның Раббысы Аллаһпен ант етемін, олар — тура жолда болғандар!*».

5. Ол (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) адамдарды тілдің кесірінен сақтандыратын.

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «*Аллаһтың құлы тазартуға тиіс нәрселердің ең маңыздысы — оның тілі*», — деген[1].

Аллаһпен ант етемін, ол шындықты айтты! Расында, жала сөздер адамдарды Отқа етпетінен лақтырады. Пайғамбарымыз ﷺ Муғәзға (Аллаһ оған разы болсын): «***Мынаны тый***», — деп, өз тіліне нұсқаған. Ол: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз айтқан сөздеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?*», — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Анаң сенен айырылсын! Адамдарды Отқа тілдерінен басқа не нәрсе етпетінен құлатады?!***», — деді.

Уа, Аллаһ! Бізге дүниелік несібемізді кеңейтіп, дүниеге қызықпайтын ете гөр!

1 «Әз-Зухд» Ибн Хәнбәл, (27-бет); «Тәхзиб хилият әл-әулия», (1/219).

Абдуллаh ибн Рәуәха (Аллаh оған разы болсын)

Аллаhтың құлдары! Мухаммадтың ﷺ сахабалары — Аллаh Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дінін орнатуы үшін таңдаған адамдар.

Ибн Мәсғуд (Аллаh оған разы болсын) былай деген: «*Расында, Аллаh Тағала құлдарының жүректеріне қарап, Мухаммадтың ﷺ жүрегін жүректердің ең жақсысы деп тапты. Содан кейін оны Өзі үшін таңдап, Өз жолдауымен жіберді! Одан кейін Аллаh құлдарының жүректеріне қайта қарап, оның сахабаларының жүректерін құлдарының жүректерінің ішіндегі ең жақсысы деп тапты. Осылайша, оларды Өз Пайғамбарына оның діні үшін шайқасатын жәрдемшілер етті*».

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — нағыз ерлер.

Аллаh Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаhқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Сондай-ақ Аса жоғары Аллаh былай деген:

﴿رِجَالٞ لَّا تُلۡهِيهِمۡ تِجَٰرَةٞ وَلَا بَيۡعٌ عَن ذِكۡرِ ٱللَّهِ وَإِقَامِ ٱلصَّلَوٰةِ وَإِيتَآءِ ٱلزَّكَوٰةِ يَخَافُونَ يَوۡمٗا تَتَقَلَّبُ فِيهِ ٱلۡقُلُوبُ وَٱلۡأَبۡصَٰرُ ٣٧﴾

«**Өздерін сауда-саттық Аллаһты зікір етуден, намазды орындаудан, зекет беруден тоспайтын адамдар бар. Олар жүректер мен көздер төңкерілетін (аударылатын) күннен қорқады**» («ән-Нур» сүресі, 37-аят).

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — шыншылдар.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمْ يَرْتَابُوا۟ وَجَٰهَدُوا۟ بِأَمْوَٰلِهِمْ وَأَنفُسِهِمْ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿١٥﴾﴾

«**Расында, сондай Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірген мүминдер, сосын күдіктенбей Аллаһтың жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар — шыншылдар**» («әл-Хужурат» сүресі, 15-аят).

Сондай-ақ Аса жоғары Аллаһ былай деген:

﴿لِلْفُقَرَآءِ ٱلْمُهَٰجِرِينَ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِمْ وَأَمْوَٰلِهِمْ يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِّنَ ٱللَّهِ وَرِضْوَٰنًا وَيَنصُرُونَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥٓ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّٰدِقُونَ ﴿٨﴾﴾

«**Әсіресе сондай жұрттарынан, малдарынан қуылғандар Аллаһтан мәрхамет, ризалық іздеп, Аллаһқа, Елшісіне көмек еткен пақыр муһәжирлер үшін. Міне солар — шыншылдар**» («әл-Хәшр» сүресі, 8-аят).

Мухаммадтың ﷺ сахабалары — шынайы мүминдер. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ ٱللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ ءَايَٰتُهُۥ زَادَتْهُمْ إِيمَٰنًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ ﴿٢﴾ ٱلَّذِينَ يُقِيمُونَ ٱلصَّلَوٰةَ وَمِمَّا رَزَقْنَٰهُمْ يُنفِقُونَ ﴿٣﴾ أُو۟لَٰٓئِكَ هُمُ ٱلْمُؤْمِنُونَ حَقًّا ۚ لَّهُمْ دَرَجَٰتٌ عِندَ رَبِّهِمْ وَمَغْفِرَةٌ وَرِزْقٌ كَرِيمٌ ﴿٤﴾﴾

«**Расында, мүминдер Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды да, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артылып, Раббыларына тәуекел қылады. Сондай-ақ олар намазды толық орындап, оларға берген несібеміздің тиісті орынға жұмсайды. Міне, солар — шынайы мүминдер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау, әрі көркем несібе бар**» («әл-Әнфәл» сүресі, 2–4 аяттар).

Мухаммадтың ﷺ сахабаларын жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Имам ат-Тәхәуи (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Біз Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабаларын жақсы көреміз және олардың ешқайсысын жақсы көруде шектен шықпаймыз. Бұл — бірінші топтың пікірін теріске шығару. Сондай-ақ сахабалардың ешқайсысынан безбейміз. Бұл — екінші топтың пікірін теріске шығару. Біз сахабаларды жек көретіндер-*

ді және олар туралы жаман сөз айтатындарды жек көреміз. Сондай-ақ біз сахабаларды жақсы сөзбен еске аламыз. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық. Біз олардың Аллаһ Елшісінен ﷺ кейінгі билігін мойындаймыз. Біріншісі — Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын). Бұл оның артықшылығын және бүкіл үмметтен артық көрілгенін білдіреді. Одан кейін — Умар (Аллаһ оған разы болсын). Одан кейін — Усман (Аллаһ оған разы болсын). Одан кейін — Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын). Олар — ізгі халифалар әрі тура жолға бағытталған имамдар».

Оларды жақсы көрген адамды Аллаһ жақсы көреді. Оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді. Әрі оларға екіжүзді пен бидғатшы ғана өшпенділік танытады.

Оларды жақсы көріп, олардың жолымен жүргендер бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытты болады.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿وَٱلسَّٰبِقُونَ ٱلۡأَوَّلُونَ مِنَ ٱلۡمُهَٰجِرِينَ وَٱلۡأَنصَارِ وَٱلَّذِينَ ٱتَّبَعُوهُم بِإِحۡسَٰنٖ رَّضِيَ ٱللَّهُ عَنۡهُمۡ وَرَضُواْ عَنۡهُ وَأَعَدَّ لَهُمۡ جَنَّٰتٖ تَجۡرِي تَحۡتَهَا ٱلۡأَنۡهَٰرُ خَٰلِدِينَ فِيهَآ أَبَدٗاۚ ذَٰلِكَ ٱلۡفَوۡزُ ٱلۡعَظِيمُ ١٠٠﴾

«**Мұһәжир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Аллаһ разы болды. Әрі олар да Аллаһтан разы болды. Сондай-ақ Аллаһ олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннәттәр әзірледі. Бұл — ұлы мұрат**» («әт-Тәуба» сүресі, 100-аят)**.**

Ал оларды жек көріп, олардың жолынан басқа жолмен жүргендер бұл дүниеде де, Ақыретте де бақытсыз болады.

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَن يُشَاقِقِ ٱلرَّسُولَ مِنۢ بَعۡدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ ٱلۡهُدَىٰ وَيَتَّبِعۡ غَيۡرَ سَبِيلِ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ نُوَلِّهِۦ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصۡلِهِۦ جَهَنَّمَۖ وَسَآءَتۡ مَصِيرًا ١١٥﴾

«**Ал біреу, өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүминдердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да, Тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!**» («ән-Нисә» сүресі, 115-аят)**.**

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аса жоғары Аллаһ қаласа, Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме?

Ол — Абдуллаһ ибн Рәуәха ибн Сәләбә ибн Имрий әл-Қайс. Ол — әмір, шәһид, Хәзрәж тайпасынан шыққан ансар, Бадр шайқасына қатысушы әрі ақын.

Аллаһтың құлдары! Абдуллаһ ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгімеміз оның артықшылықтары мен өміріндегі кейбір елеулі оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) артықшылықтары өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

Біріншісі: оның сапарда да, тұрғылықты жерде де құлшылыққа деген ыждағаттылығы.

Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Бірде біз Рамазан айында Пайғамбарымызбен ﷺ бірге жолға шықтық. Күннің ыстығы сонша лық, адам аптап ыстықтан басын қолымен жауып жүруге мәжбүр болатын. Арамызда Пайғамбар ﷺ мен Абдуллаһ ибн Рәуәхадан басқа ораза ұстаған ешкім жоқ еді*» (Муслим, 1122).

Ибн Абу Ләйлә былай деген: «*Бір адам Ибн Рәуәханың бұрынғы әйеліне үйленіп, оған: «Саған не үшін үйленгенімді білесің бе? Маған Абдуллаһтың өз үйінде не істейтінін айтып бер», — деді. Әйелі оған кейбір нәрселерді айтып берді. Мен оның: «Ол үйінен шығар алдында екі рәкағат намаз оқитын. Үйіне кіргенде де екі рәкағат намаз оқитын. Мұны ешқашан тастамайтын», — деген сөздерінен басқасын есімде сақтамадым*»[1].

Екіншісі: ол қатты науқастанып жатқанда да жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыюға ұмтылатын.

Нуғмән ибн Бәширдің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Абдуллаһ ибн Рәуәха есінен танып қалды. Мұны көрген қыз бауыры жылап: «Уа, асқар тауым! Уа, сондай бауырым!», — деп, оны ұлықтап, артықшылықтарын тізбелей бастады. Ол есін жиғанда: «Сен мені жоқтап не айтсаң да, менен міндетті түрде жазғыра: «Сен шынымен сондайсың ба?!», — деп сұрайтын», — деді*» (Әл-Бухари, 4019).

Бұл — салиқалы сәләфтарымыздың әдеті. Аллаһ оларға разы болсын.

Үшіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оны және оның өлеңін мақтаған еді.

[1] «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/233); «әз-Зухд» Ибн әл-Мубәрак (454-бет); «әл-Исаба» әл-Хәфиз.

Бірде Абу Хурайраны (Аллаһ оған разы болсын) адамдарға әңгіме айтып отырып, Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Расында, бауырларың еш әдепсіз сөз айтпайды***», — деп Абдуллаһ ибн Рәуәханың келесі өлеңін меңзегені жеткізіледі:

Арамызда жарқын таң атып келе жатқанда,

Аллаһтың кітабын оқитын Елшісі бар.

Ол бізге соқырлықтан кейін тура жолды көрсетті,

Айтқаны хақ деп, жүректерді нық сендірді.

Оның бүйірі төсекке тимей, түн өтіп жатады,

Мүшриктер сол шақта терең ұйқыға батады (Әл-Бухари, 1104).

Бәро ибн Ғазибтің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Одақтас тайпалардың шапқыншылығы мен ор шайқасы кезінде Аллаһ Елшісінің ﷺ қалың түкті ішін шаң басқанша ордан топырақ тасығанын көрдім. Оның топырақ тасып жүріп, Ибн Рәуәханың мына сөздерін оқығанын естідім:*

«Уа, Аллаһ! Сенсіз біз тура жолды таппас едік,

Садақа бермес, намаз да оқымас едік.

Бізге тыныштық түсір, дұшпанмен кездескенде табандарымызды бекем ет.

Расында, дұшпандар бізге шабуыл жасады,

Ал бізді бүлікке салғысы келсе, бас тартамыз!».

Әрі ол ﷺ соңғы сөздерді созып айтатын» (Әл-Бухари, 3880).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ умраны өтеу кезінде Меккеге кірді, ал Ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) оның алдында жүріп:*

«Кәпірлердің ұлдары оған жол аштық,

Бүгін біз сендерге уәхимен соққы береміз.

Бастарыңды төсектерден көтеруге мәжбүрлейміз

Әрі сүйіктілеріңді ұмыттырамыз!», — деп өлеңдетті.

*Умар: «Ибн Рәуәха! Аллаһ Елшісінің ﷺ алдында әрі Аллаһ Тағаланың қасиетті жерінде өлең оқып тұрсың ба?!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Оны жайына қалдыр, Умар! Расында, бұл өлеңдер оларға атылған жебелерден де қатты тиеді**», — деді*»[1]. Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Жаным қолында болған Аллаһпен ант ете-***

[1] «Сунан» әт-Тирмизи, (2847); «Сахих» Ибн Хузәйма, (4/199); «әл-Әхәдис әл-мухтара», (4/416); «Сунан ән-Нәсәи әл-мужтәби», (2893); «Муснад» Абу Яғлә, (6/121); Шейх

мін, оның сөздері оларға жебелердің тиюінен де ауыр», — дегені келтіріледі.

Төртіншісі: Ол ауырған кезде Пайғамбарымыз ﷺ ол үшін дұға жасаған еді. Ғубәдә ибн Сомит былай баяндаған: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Абдуллаһ ибн Рәуәханың халін білуге келді. Ол төсегінде жатып, Пайғамбарға ﷺ қарай бұрылмады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Үмметімнен кімдердің шәһидтерге жататынын білесіңдер ме?***», — деп сұрады. Адамдар: «Аллаһ жолында өлтірілген мұсылман — шәһид», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Онда үмметімнің шәһидтері аз болар еді! Аллаһ жолында өлтірілген адам — шәһид, обадан қайтыс болған адам — шәһид және құрсағындағы баласының себебінен қайтыс болған әйел де — шәһид***», — деді»[1].

Бесіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның Аллаһтың жолында шәһид болатынына куәлік берді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ «Қолбасшылар» әскерін аттандырып: «***Сендерге Зәйд ибн Хәриса қолбасшылық етеді. Егер Зәйд өлтірілсе, қолбасшыларың Жәғфар ибн Абу Талиб болады. Ал Жәғфар да өлтірілсе, Абдуллаһ ибн Рәуәха әл-Әнсари қолбасшылық етеді***», — деді. Сонда Жәғфар орнынан тұрып: «*Ата-анам сіз үшін пида болсын, уа, Аллаһтың Елшісі! Зәйдтің маған басшы болып тағайындалатынын күтпеген едім*», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аттан! Расында, сен мұның қайсысы қайырлы екенін білмейсің***», — деді. Олар аттанып, онда Аллаһ қалаған уақыт болды…

Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ мінберге көтеріліп, жамағат намазына шақыруды бұйырды. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***…Осы шайқастағы әскерлерің туралы хабарлайын ба? Олар жол жүріп, дұшпанмен кездесті де, шайқасқа ұмтылды. Зәйд шәһид болды. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар***», — деді. Адамдар ол үшін кешірім сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Содан кейін туды Жәғфар ибн Абу Талиб алды. Ол шәһид болғанға дейін жан аямай шайқасты. Мен оның шәһид екеніне куәлік етемін. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар. Содан кейін туды Абдуллаһ ибн Рәуәха алып, өзі де шәһид болғанға дейін дұшпанға табанды түрде қарсы тұрды. Ол үшін Аллаһтан кешірім сұраңдар. Содан кейін туды Халид ибн Уәлид алды***», — деді. Ол тағайындалған әмірлердің қатарында болмаған еді, бірақ өзін әмір етіп тағайындады. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ саусағын көтеріп: «***Уа, Аллаһ! Халид —***

әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде сенімді деп атаған; «Мухтәсар әш-шәмәил», (210).

[1] «Муснад» имам Ахмад, (5/323); Хадистің иснады сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Сенің қылыштарыңның бірі. Оған жеңіс бере гөр!», — деді. Сол күннен бастап адамдар Халидті «Аллаһтың қылышы» деп атай бастады. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аттанып, бауырларыңа көмектесіңдер! Ешкім қалып қоймасын!***», — деп бұйырды. Адамдар аптап ыстыққа қарамастан, жаяулары да, салттылары да түгел аттанды.

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалар өте көп. Солардың бірін атап өтейік:

Оның Муғтә шайқасында шәһид болуы

Аллаһтың құлдары! Аллаһтың Елшісі ﷺ мұсылман әскеріне Зәйд ибн Хәрисаны (Аллаһ оған разы болсын) басшы етіп тағайындады да, әскерге: «***Егер Зәйд өлтірілсе, Жәғфар ибн Абу Талиб қолбасшылық етеді. Ал Жәғфар да өлтірілсе, Абдуллаһ ибн Рәуәха қолбасшылық етеді***», — деді (Әл-Бухари, 4013).

Аллаһтың Елшісі ﷺ оның жеке өзіне Аллаһтан қорқуды және өзімен бірге болатын мұсылмандарға жақсы қарауды өсиет етті. Содан кейін: «***Аллаһтың атымен және Аллаһ жолында жорыққа шығыңдар. Аллаһқа иман келтірмейтіндермен соғысыңдар. Жорыққа шығыңдар, алдамаңдар, опасыздық жасамаңдар, өлтірілгендердің (дұшпандардың) денелерін қорламаңдар және балаларды өлтірмеңдер…***», — деді (Муслим, 1731).

Мұсылмандар әскермен қоштасып, шығарып салды. Сонда Абдуллаһ ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) жылап жіберді. Адамдар: «*Уа, Ибн Рәуәха! Сені не жылатты?*», — деп сұрады. Ол: «*Аллаһпен ант етемін! Мені жылатып тұрған дүниеге деген сүйіспеншілік те, сендерден айырылуға деген қимастық та емес. Бірақ мен Аллаһ Елшісінің ﷺ Аллаһтың Кітабынан От туралы айтылған:* «**Сендердің әрқайсың сол жерге кіресіңдер. Бұл — Раббыңның түпкілікті шешімі**», — *деген аятты оқығанын естігенмін. Ал ол жерге кіргеннен кейін қалай шығатынымды білмеймін!*», — деп жауап берді.

Аллаһтың құлдары! Мұсылмандар әскерге: «*Аллаһ сендерге жар болып, сендерді қорғап, бізге аман-есен қайтарсын!*», — деді.

Сонда Абдуллаһ ибн Рәуәха:

«*Бірақ мен Аса Мейірімділерден кешірім сұраймын,*

Кең жара ашып, қан ағызар соққыны аңсаймын.

Не менің ыстық қолымдағы жан алар найза,

Ішек пен бауырды тессе екен деп қалаймын», — деген шумақтарды оқып, өлен жолдарын: «*Қабірімнен өткен адамдар: «Аллаһ оны тура жолға салды, ол жақсы жауынгер еді», — деп еске алсын*», — деген сөзбен аяқтады[1].

Аллаһтың құлдары! Мұсылман әскері Зәйд ибн Хәрисаның (Аллаһ оған разы болсын) басшылығымен Шамға қарай жолға шықты. Олар Мәғән деген жерге жеткенде, римдіктердің өздеріне қарсы соғысу үшін екі жүз мың жауынгер дайындағаны туралы хабар жетті. Мұсылман әскері Мәғәнда екі түн түнеп: «Аллаһқа сиынып, Оған тәуекел етіп, Аллаһ үшін дұшпандарына шабуыл жасаймыз ма? Әлде Аллаһтың Елшісіне ﷺ хабар жеткізетін бір адам жіберіп, оның шешімін күтеміз бе? Ол өз тарапынан қосымша күш жібереді немесе бір нәрсені бұйырады, ал олар соны орындайды», — деп кеңесті.

Сонда Абдуллаһ ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) орнынан тұрып, әскерге сөз сөйлеп: «*Уа, адамдар! Аллаһпен ант етемін, сендердің қазір қаламай тұрғандарың — өздерің соған ұмтылып шыққан шәһидтік қой! Біз адамдармен күш-қуатымызға да, санымызға да сүйеніп шайқаспаймыз. Біз олармен Аллаһ бізді ардақты еткен осы дін арқылы ғана шайқасамыз. Ендеше, аттаныңдар! Расында, бұл — екі игіліктің бірі: не жеңіс, не шәһидтік*», — деді. Адамдар: «*Аллаһпен ант етеміз, Ибн Рәуәха дұрыс айтты!*», — деді де, рухтанып, дұшпанға қарай аттанды[2].

Аллаһтың құлдары! Міне, Муғтәда екі әскер кездесіп, шайқас басталды. Үш мың мұсылман жауынгер екі жүз мың мүшрик жауынгерге шабуыл жасады. Аллаһ Елшісінің ﷺ сүйіктісі Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) туды қолға алып, шәһид болғанға дейін шайқасты. Содан кейін туды Жәғфар ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) алып, өзі де шәһид болғанға дейін шайқасты. Содан кейін туды Аллаһтың Елшісі ﷺ тағайындаған үшінші әмір — Абдуллаһ ибн Рәуәха алды. Ол өз бойынан аздаған теңселу сезіп:

«*Жаным, ант етемін, алға аттанарсың,*

Қаламасаң, мәжбүр болып қадам басарсың.

Адамдар үн көтеріп, айқай салып жатыр,

Неліктен Жәннатқа барудан өзіңді тоқтатасың?», — деді.

Сондай-ақ ол:

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/157); «Зад әл-мәғәд», (3/382).

2 «Зад әл-мәғәд», (3/382); «Мухтасап сира» Ибн Хишәм, (215-бет).

«Жаным! Өлтірілмесең де, ақыры бір күн өлесің,

Міне, өлімнің аптабын жақыннан сезесің.

Қалағаның өзіңе берілді; сол екеуіндей істесең,

Сен де солар ұстанған тура жолмен жүресің!», — деген шумақтарды оқыды.

Содан кейін ол атынан түсті. Ибн Умар оған сүйекті ет әкеліп: «*Мынаумен бойыңа қуат жина. Саған осы нәрсе тағдыр болып жазылды*», — деді. Ол етті алып, бір тістеді. Сол кезде адамдар жақтан шайқастың гүрсілін естіп: «*Сен әлі де дүниедесің!*», — деп дауыстады. Яғни мұсылмандар мен мүшріктер арасындағы шайқас жалғасып жатыр, ал сен, уа, Ибн Рәуәха, әлі осы дүниедесің! Ол етті қолынан тастап, қылышын алды да, алға ұмтылды. Осылайша, шәһид болғанға дейін шайқасты. Аллаһ Тағала оған разы болсын[1].

Аллаһпен ант етемін, расында, олар — нағыз ерлер.

Уа, Ибн Рәуәха! Аллаһ саған разы болып, бізді сенімен және Пайғамбарымызбен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинасын!

Аллаһтың құлдары! Оның (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі — екіжүзділердің басшысы Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлулге қарсы тұруы.

Ғуруә ибн әз-Зубайрдің былай дегені жеткізіледі: «*Усама ибн Зәйд маған келесі оқиғаны хабарлаған еді. Пайғамбарымыз ﷺ Бану әл-Харис ибн әл-Хәзрәж қоныстарында тұратын Сәғд ибн Ғубәдәнің халін білуге бармақ болды. Ол үстіне Фадакта жасалған қалың маталы жабу жабылған есекке мініп, артына Усама ибн Зәйдті мінгестірді. Жолда ол жиналып отырған адамдардың жанынан өтті. Олардың арасында Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул де бар еді. Бұл Абдуллаһ ибн Убәй Исламды қабылдамай тұрған кезде болған еді. Жиналғандардың арасында мұсылмандар да, пұттарға табынатын мүшриктер де, яһудилер де болды. Абдуллаһ ибн Рәуәхә да сол жерде еді. Есек көтерген шаң жиналғандарға жеткенде, Ибн Убәй мұрнын жамылғысымен жауып: «Бізге шаң көтермеңдер», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға сәлем беріп, тоқтады да, есегінен түсті. Кейін оларды Аллаһқа шақырып, Құран оқи бастады. Сонда Абдуллаһ ибн Убәй ибн Сәлул: «Уа, адам! Егер айтқаның рас болса, одан жақсы нәрсе жоқ. Бірақ мәжілістерімізде мұнымен мазамызды алма. Өз үйіңе қайт та, саған өзі келген адамдарға бұл жайлы айтып бер», — деді. Сонда Абдуллаһ ибн Рәуәха: «Иә, уа, Аллаһтың Елшісі! Мәжілістерімізге келіп, бізге мұны айтып бер. Өйткені біз мұны жақсы көреміз!», — деді. Осыдан*

[1] «Әс-сират ән-нәбәуия», (5/30).

*кейін мұсылмандар, мүшриктер мен яһудилер бірін-бірі балағаттай бастады. Ақыры іс төбелеске ұласуға шақ қалды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды сабырға шақырып, тыныштандырды. Содан кейін есегіне мініп, жолын жалғастырды. Аллаһтың Елшісі ﷺ Сәғд ибн Ғубәдәнің жанына кіргенде: «**Уа, Сәғд! Абу Хубәбтің не айтқанын естімедің бе?**», — деп, Абдуллаһ ибн Убәйдің айтқан сөздерін жеткізді. Сәғд ибн Ғубәдә: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Оны кешіріп, кеңшілік танытыңыз! Сізге Кітапты түсірген Аллаһпен ант етемін! Аллаһ сізге осы ақиқатты берген кезде, бұл қаланың тұрғындары оны өздеріне билеуші етуге келісіп қойған еді. Аллаһ сізге берген ақиқат арқылы мұның жүзеге асуына жол бермегенде, бұл оған ұнамады. Оны өзіңіз көрген әрекетке итермелеген де — осы», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оны кешірді»* (әл-Бухари, 5899; Муслим, 1798).

Уа, Аллаһ! Мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

Сәлмән әл-Фәриси (Аллаh оған разы болсын)

Аллаh Тағала былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл ерлер — Аллаh Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған адамдар. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан, ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаh оларды жақсы көрген адамды жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Сондай-ақ Аллаh оларды жек көрген адамды жек көреді. Оларға екіжүзді әрі бидғатшы адам ғана өшпенділік танытады.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаh Тағала қаласа, Аллаh Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба болып, Оның дініне жәрдем беруі үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болады. Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Сәлмән әл-Фәриси (Аллаh оған разы болсын). Ол — Сәлмән ибн әл-Ислам, Сәлмән әл-Хайр, Абу Абдуллаh. Ол парсылардың арасынан Исламды алғаш қабылдаған адам. Ол — Пайғамбарымыздың ﷺ сахабасы әрі қызметшісі болған және одан хадистер жеткізген.

Сәлмән (Аллаһ оған разы болсын) жайлы әңгіміміз оның Исламды қабылдауы, артықшылықтары және насихаттары туралы болмақ.

Оның Исламды қабылдауы

Аллаһтың құлдары! Оның Исламды қабылдауына келсек, бұл жайлы Сәлмәннің өзі баяндағынын тыңдайық. Ол (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Асбаханның Жәйя деп аталатын ауылынан шыққан парсы едім. Менің әкем сол ауылдың басшысы болатын. Аллаһтың жаратылыстарының ішінде оған ең сүйікті болған — мен едім. Ол мені қатты жақсы көргені сонша, кішкентай қызды үйден шығармай ұстайтыны сияқты, мені де үнемі үйде ұстайтын (мен үнемі оттың жанында болатынмын). Мен Зороастризмге берілгенім соншалық, отты үнемі жағып, бір сәтке де сөндірмейтін от сақтаушыға айналдым. Әкемнің үлкен жер иелігі бар еді. Бірде ол құрылысқа алаңдап, маған: «Балам! Бүгін құрылысқа қолым тимей, жер иелігіме қарай алмай жатырмын. Сен барып, жағдайын қарап кел», — деді де, сол жерде кейбір істерді орындауды тапсырды. Мен оның жер иелігіне қарай жолға шықтым. Сонда христиан шіркеулерінің бірінің жанынан өтіп бара жатып, олардың құлшылық жасап жатқан дауыстарын естідім. Әкем мені үйде ұстағандықтан, мен адамдардың тіршілігінен хабарсыз едім. Олардың жанынан өтіп, дауыстарын естігенде, не істеп жатқандарын көру үшін ішке кірдім. Оларды көргенде, маған олардың құлшылықтары қатты ұнады. Мен де солардай болғым келіп: «Аллаһпен ант етемін, бұл — біз ұстанған діннен жақсы!», — дедім. Аллаһпен ант етемін, мен күн батқанға дейін олардың жанынан кетпедім. Әкемнің жер иелігін ұмытып, оған бармадым. Мен олардан: «Бұл дін қайдан шыққан?», — деп сұрадым. Олар: «Шамнан», — деп жауап берді. Содан кейін мен әкеме қайтып келдім. Ол мені іздетуге адамдар жіберген екен. Осылайша, мен оны барлық ісінен алаңдатып қалдым. Мен оның жанына келгенімде, ол: «Балам, сен қайда болдың? Мен саған тапсырма бермеп пе едім?», — деп сұрады. Мен: «Әке! Бүгін шіркеулерінде құлшылық жасап жатқан адамдардың жанынан өттім. Олардың дінінен көргенім маған ұнады. Аллаһпен ант етемін, мен күн батқанға дейін солардың жанында болдым», — деп жауап бердім. Ол: «Балам! Ол дінде ешбір жақсылық жоқ. Сенің дінің мен ата-бабаларыңның діні олардың дінінен жақсы», — деді. Мен: «Жоқ, Аллаһпен ант етемін! Олардың діні біздің діниізден жақсы», — дедім. Сонда ол мен үшін қорқып, қашып кетпесін деп аяғыма кісен салды да, үйіне қамап қойды. Осыдан кейін мен христиандарға бір адам арқылы: «Егер сендерге Шам-*

нан христиан саудагерлердің керуені келсе, маған хабар беріңдер», — деп айтқыздым. Оларға Шамнан христиан саудагерлердің керуені келгенде, маған хабарлады. Мен: «Олар істерін бітіріп, еліне қайтуға жиналғанда, маған хабар беріңдер», — дедім. Саудагерлер қайтуға жиналғанда, маған хабар берілді. Мен аяғымдағы темір кісенді шешіп, олармен бірге жолға шықтым. Осылайша, Шамға жеттім. Мен Шамға келгенде: «Осы діндегілердің ең жақсысы кім?», — деп сұрадым. Маған: «Шіркеудегі пәленше епископ», — деп жауап берілді. Мен оның жанына барып: «Мен сендердің діндеріңді қабылдағым келеді. Сенімен бірге болып, шіркеуіңде қызмет еткім, сенен үйреніп, сенімен бірге құлшылық жасағым келеді», — дедім. Ол маған: «Кір», — деді. Мен онымен бірге ішке кірдім. Ол жаман адам болды. Ол адамдарды садақа беруге үндейтін. Адамдар оған садақаларын жинап әкелгенде, бәрін өзіне қазына етіп жасырып, кедейлерге ештеңе бермейтін. Осылайша алтын мен күміске толы жеті үлкен құмыра жинады. Мен оның істегенін көргенде, оны қатты жек көріп кеттім. Кейін ол қайтыс болды. Христиандар оны жерлеуге жиналғанда, мен оларға: «Расында, ол жаман адам еді. Ол сендерді садақа беруге үндейтін. Ал садақаларыңды әкелгендеріңде, бәрін өзіне жасырып, кедейлерге ештеңе бермейтін», — дедім. Олар: «Мұны қайдан білесің?», — деп сұрады. Мен: «Мен сендерге оның қазыналарын көрсете аламын», — дедім. Олар: «Бізге оны көрсет», — деді. Мен оларға оның мүлік жасырған жерін көрсеттім. Олар сол жерден алтын мен күміске толы жеті үлкен құмыра алып шықты. Олар мұны көргенде: «Біз оны ешқашан жерлемейміз», — деді де, олар оны керіп, таспен атқылады. Содан кейін басқа бір адамды әкеліп, оның орнына епископ етіп қойды. Мен бес уақыт намаз оқымайтын [яғни мұсылман емес] адамдардың арасынан одан жақсы адамды көрген емеспін. Ол дүниеге бәрінен аз қызығатын. Ақыретті одан қатты аңсаған, күндіз де, түнде де құлшылыққа одан берік болған ешкімді көрмедім. Мен оны бұрын-соңды ешкімді жақсы көрмегендей қатты жақсы көрдім. Оның жанында біраз уақыт тұрдым. Оның ажалы таяғанда, мен оған: «Мен сізбен бірге болдым. Сізді бұрын-соңды ешкімді жақсы көрмегендей жақсы көрдім. Енді сізге Аллаһтың әмірінен келген нәрсе — өлім жақындады. Мені кімге аманат қылып қалдырасыз? Не бұйырасыз?», — дедім. Ол: «Балам! Аллаһпен ант етемін, бүгін мен ұстанған жолда жүрген ешкімді білмеймін. Адамдар бұзылып, діндерін бұрмалап, бұрын ұстанғандарының көп бөлігін тастады. Тек әл-Мусыл қаласында бір адам бар. Ол мен ұстанған жолды ұстанады. Соған бар», — деп жауап берді. Ол қайтыс болып, жерленгеннен кейін, мен әл-Мусыл қаласындағы әлгі адамға бардым. Мен оған: «Уа, пәлен! Пәленше өлім алдында маған сенің жаныңа баруды өсиет етті. Ол сенің де өзі ұстанған жолда екеніңді айтты», — дедім. Әлгі адам: «Менің жанымда қал», — деді. Мен оның жанында қал-

дым. Оның шынымен жақсы адам екенін әрі серігінің жолын ұстанатынын көрдім. Біраз уақыт өткеннен кейін оның да ажалы келді. Мен оған: «Уа, пәленше! Пәленше мені саған аманаттап, сенің жаныңа баруды бұйырған еді. Енді өзіңе де Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың әмірі келіп жетті. Мені кімге аманаттайсың? Не нәрсе бұйырасың?», — дедім. Ол: «Балам! Аллаһпен ант етемін, біз ұстанған жолда жүрген бір адамнан басқа ешкімді білмеймін. Ол Насыйбин деп аталатын жерде тұрады. Соған бар», — деді. Ол қайтыс болып, жерленгеннен кейін, мен оның Насыйбиндегі серігіне бардым. Оған өзім туралы және серігінің маған не бұйырғанын айтып бердім. Ол: «Жарайды, менің жанымда қал», — деді. Мен оның жанында қалып, оның да екі серігінің жолын ұстанатынын көрдім. Мен осы жақсы адамның қасында тұрдым. Аллаһпен ант етемін, біраз уақыт өткеннен кейін оның да ажалы кеджі. Ол (да) өлім аузында жатқанда, мен: «Уа, пәленше! Мен пәлен адамның жанында болдым. Ол мені пәлен адамға аманаттады. Содан кейін ол мені саған аманаттады. Ал сен мені кімге аманаттайсың? Не нәрсені бұйырасың?», — дедім. Ол: «Балам! Аллаһпен ант етемін, біз ұстанған жолда жүрген әрі саған баруды бұйыратын бір адамнан басқа ешкімді білмеймін. Ол Ғамурия деп аталатын жерде тұрады. Ол да біз ұстанған жолда. Қаласаң, соған бар. Расында, ол біздің жолымызды ұстанады», — деді. Ол қайтыс болып, жерленгеннен кейін, мен Ғамуриядағы әлгі адамға барып, өзім туралы айтып бердім. Ол маған: «Менің жанымда қал», — деді. Мен осы адамның жанында қалып, оның да серіктерінің жолын ұстанатынын көрдім. Мен еңбек етіп, мал таптым. Сөйтіп, менің сиырларым мен қойларым пайда болды. Кейін бұл адамға да Аллаһтың әмірі — өлім келіп жетті. Ол өлім аузында жатқанда, мен: «Уа, пәленше! Мен пәлен адаммен бірге болдым. Ол мені пәлен адамға аманат етті. Содан кейін ол мені пәлен адамға тапсырды. Одан кейін ол мені саған аманаттады. Ал сен маған кімнің жанында болуды өсиет етесің? Не бұйырасың?», — дедім. Ол: «Балам! Қазір өмір сүріп жатқан адамдардың арасынан біз ұстанған жолда жүрген әрі саған баруды бұйыратын ешкімді білмеймін. Бірақ Пайғамбардың келетін уақыты жетті. Ол Ибраһимнің дінімен келіп, араб жерінен шығады. Содан кейін араларында құрма ағаштары өсетін екі таулы жердің арасындағы мекенге қоныс аударады. Оның жасыру мүмкін емес белгілері бар: ол сыйлықтан жейді және садақадан жемейді. Екі жауырынының арасында пайғамбарлық мөрі болады. Егер сол жерлерге бара алсаң, бар», — деді. Кейін ол қайтыс болып, жерленді. Мен Ғамурияда Аса жоғары Аллаһ қалаған уақыт бойы қалдым. Бірде Кәлб тайпасынан [өңірінен] шыққан саудагерлердің керуені өтіп бара жатты. Мен оларға: «Мені араб жеріне алып барыңдар. Сендерге сиырларым мен қойларымды беремін», — дедім. Олар келісті. Мен оларға сиырларым мен қойларымды бердім.

*Олар мені өздерімен бірге алып кетті. Алайда біз Куро аңғарына жеткенімізде, олар маған әділетсіздік жасап, бір яһудиге құл етіп сатып жіберді. Мен соның қолында қалдым. Құрма ағаштарын көріп, серігім сипаттаған қала осы болар деп үміттендім. Бірақ көңілім әлі де орнықпады. Мен оның қолында жүргенде, оның Мәдинадан Бану Құрайза тайпасынан шыққан немере бауыры келіп, мені одан сатып алды да, өзімен бірге Мәдинаға алып кетті. Аллаһпен ант етемін, Мәдинаны көрген бойда, серігім сипаттаған жер осы екенін танып, сол жерде тұра бастадым. Аллаһ Тағала Өз Елшісін жіберді. Ол Меккеде жүрген кезде, құлдық жұмыстан қолым босамай, ол туралы ешқандай хабар естіген жоқпын. Содан кейін ол Мәдинаға қоныс аударды. Аллаһпен ант етемін, бірде мен қожайынымның құрма ағашының басында жұмыс істеп жаттым. Менің қожайыным төменде отырған еді. Сол кезде оның немере бауыры келіп, алдына тұрып: «Уа, пәлен! Аллаһ Қылә ұрпақтарын [Әус пен Хазраждан шыққан арабтарды] құрдымға ұшыратсын! Аллаһпен ант етемін, олар қазір Құбада Меккеден келген бір адамның айналасына жиналып, оны пайғамбар деп атады», — деді. Мен оның сөзін естігенде, дірілдеп кеткенім соншалық, тіпті қожайынымның үстіне құлап кете жаздадым. Мен құрма ағашынан түсіп, одан: «Не айтып тұрсың? Не айтып тұрсың?», — деп сұрай бастадым. Қожайыным қатты ашуланып, мені қатты ұрды да: «Саған мұның не қатысы бар?! Барып жұмысыңды істе!», — деді. Мен: «Ештеңе. Мен тек оның айтқанын нақтылап алғым келген еді», — дедім. Менің жинаған мүлкім бар еді. Кеш түскенде, соны алып, Аллаһтың Елшісіне ﷺ бардым. Ол Құбада еді. Мен оның жанына кіріп: «Сенің ізгі адам екеніңді, қасыңда шеттен келген мұқтаж серіктерің бар екенін естідім. Мынаны садақа үшін дайындаған едім. Бұған басқалардан гөрі сендерді лайық көрдім», — дедім де, оны Аллаһтың Елшісіне ﷺ ұсындым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабаларына: «**Жеңдер**», — деді. Ал өзі қол созбай, мен ұсынған нәрседен жемеді. Мен ішімнен: «Бұл — бірінші белгі», — дедім. Содан кейін кетіп, тағы біраз нәрсе жинадым. Бұл уақытта Аллаһтың Елшісі ﷺ Мәдинаға [қала орталығына] көшкен еді. Мен оның жанына тағы келіп: «Мен сенің садақадан жемейтініңді көрдім. Бұл — саған беретін сыйлығым», — дедім. Аллаһтың Елшісі ﷺ сыйлықтан жеді де, сахабаларына да жеуді бұйырды. Олар онымен бірге жеді. Мен ішімнен: «Бұл — екінші белгі», — дедім. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ Бәқиғ әл-Ғәрқадта [зират орналасқан жерде] болды. Ол сахабаларының бірінің жаназасына қатысып, зембіліне ерген еді. Оның үстінде екі жамылғысы бар болатын. Ол сахабаларының арасында отырды. Мен оған сәлем бердім. Содан кейін арқасына қарап, серігім айтқан пайғамбарлық мөрін көре аламын ба деп, арт жағына айналдым. Пайғамбар ﷺ менің арт жағына айналғанымды көргенде, өзіме сипатталған бір нәрсені тексергім келіп*

*тұрғанын түсінді. Сонда жамылғысын түсіріп, арқасын ашты. Мен оның пайғамбарлық мөрін көріп, таныдым да, оған құлай кетіп, сүйіп, жылай бастадым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Мұнда кел, алдыма тұр**», — деді. Уа, Ибн Аббас, мен оның алдына тұрып, бүкіл оқиғамды саған айтып бергенімдей айтып бердім».*

Ибн Аббас былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл оқиғаға таңғалып, сахабаларының да оны естуін қатты қалады. Бұдан кейін Сәлмән құлдық міндеттерінен босай алмай, Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге Бадр мен Ухуд шайқастарына қатыса алмады».*

Сәлмән сөзін былай жалғастырды: «*Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Сәлмән, қожайыныңмен өзіңді құлдықтан сатып алу туралы келісім жасас**», — деді. Мен қожайынымен оған үш жүз құрма ағашын отырғызып беру және қырық уқия төлеу жөнінде келісім жасастым. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бауырларыңа көмектесіңдер**», — деді. Сахабалар маған құрма өскіндерімен көмектесіп, біреуі отыз, екіншісі жиырма, үшіншісі он бес, төртіншісі он өскін әкелді. Әркім шамасына қарай әкеліп, ақыры үш жүз құрма ағашының өскіні жиналды. Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Сәлмән, барып, [құрма ағаштарын отырғызатын] шұңқырлар қаз. Бітірген соң мені шақыр. Оларды өз қолыммен отырғызамын**», — деді. Мен шұңқырларды қаздым, серіктерім де көмектесті. Жұмысты аяқтаған соң Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып, хабар бердім. Ол менімен бірге сол шұңқырлардың жанына барды. Біз оған өскіндерді беріп тұрдық, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ әрқайсысын өз қолымен отырғызды. Сәлмәннің жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін, бірде-бір өскін қураған жоқ! Осылайша құрмаға қатысты міндетімді орындадым да, мойнымда тек төлеуге тиіс қаражат қана қалды. Бір күні Аллаһтың Елшісіне ﷺ жорықтардың бірінен түскен, тауық жұмыртқасындай бір кесек алтын әкелінді. Ол ﷺ: «**Қожайынымен өзін сатып алу жөнінде келісім жасасқан парсының жағдайы қалай?**», — деп сұрады. Мені Аллаһтың Елшісіне ﷺ шақырды. Ол маған: «**Уа, Сәлмән, мынаны ал да, мойныңда қалған қарызыңды өте!**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі, бұл мойнымдағы [қарызды] өтеуге жетеді ме?», — деп сұрадым. Ол ﷺ: «**Мұны ал. Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ осы арқылы сенің қарызыңды өтейді**», — деп жауап берді. Мен оны алдым. Сәлмәннің жаны қолында болған Аллаһпен ант етемін, одан қырық уқия өлшеп бердім. Олардың ақысын толық өтеп, құлдықтан азат болдым. Содан кейін*

Пайғамбарызбен ﷺ бірге Хандақ шайқасына қатыстым. Одан соң онымен бірге болған бірде-бір жорықтан қалған жоқпын»[1].

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың кейбіріу келтірейік:

Біріншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны мақтауы.

Абу Хурайраның былай дегені жеткізіледі: «*Бірде біз Пайғамбардың ﷺ жанында отырғанымызда, оған «әл-Жумуғә» сүресі түсірілді. Ол сүрені оқып,* «**…Сондай-ақ олардың ішінен өздеріне әлі қосылмаған өзгелерге де…**», *— деген аятқа жеткенде, бір адам: «Уа, Аллаһтың Елшісі, олар кімдер?», — деп сұрады. Ол сұрағын екі не үш рет қайталағанша, Пайғамбар ﷺ жауап бермеді*».

Абу Хурайра: «*Сол кезде арамызда Сәлмән әл-Фәриси де бар еді*», — деген.

Ол сөзін жалғастырып: «*Пайғамбар ﷺ қолын Сәлмәнға қойып: «**Иман әс-Сурайяның маңында болса да, олардың арасынан шыққан бір адам оған қол жеткізер еді!**», — деді*», — деп жеткізді (Әл-Бухари, 4897; Муслим, 2546).

Екіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның сөздерін шындық деп атаған.

Абу Жухәйфә Уәһб ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбарымыз ﷺ Сәлмән мен Абу Дарданы бауырластырған еді. Сәлмән Абу Дардаға қонаққа келгенде, Умм Дарданың тозған киім киіп алғанын көріп: «Саған не болған?», — деп сұрады. Ол: «Бауырың Абу Дарда дүниенің (игіліктеріне) қызықпайды», — деп жауап берді. Сол кезде Абу Дарданың өзі де келіп, Сәлмәнға тамақ әкелді. Сәлмән оған: «Тамақтан», — деді. Абу Дарда: «Мен ораза ұстап жатырмын», — деп жауап берді. Сәлмән: «Сен тамақтанбайынша, мен де тамақтанбаймын!», — деді. Сонда Абу Дарда тамақтанды. Түн болғанда, Абу Дарда намазға тұрды. Сәлмән оған: «Ұйықта», — деді. Ол жатып ұйықтады. Біраздан кейін қайтадан намазға тұрғанда, Сәлмән тағы да: «Ұйықта», — деді. Түннің соңғы бөлігінде Сәлмән: «Енді тұр», — деді де, екеуі намаз оқыды. Содан кейін Сәлмән оған: «Расында, Раббыңның сенде хаққысы бар, жаныңның сенде хаққысы бар, әйеліңнің де сенде хаққысы бар. Ендеше, әрбір хаққы иесінің хаққысын бер!», — деді. Кейін Абу Дарда*

[1] «Муснад» әл-Бәззар, (6/462); «Муснад» имам Ахмад, (5/441); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (6/222); «әт-Тәбәқат әл-кубра» Ибн Сәғд, (4/79); Шейх әл-Әлбәни хадисті «әс-Силсилә әс-сахихада»: «Хадистің иснады жақсы», — деген (894).

*Пайғамбарға ﷺ барып, болған жағдайды айтып берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сәлмән шындықты айтты**», — деді».*

Үшіншісі: Пайғамбарымыз ﷺ Сәлмәнді ашуландырған адамның өз Раббысын ашуландырғанын хабарлады. Бұл Сәлмән әл-Фәрисидің Аллаһтың алдындағы мәртебесіне нұсқайды.

Ғәйз ибн Әмр әл-Музәни (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Абу Суфиян бірнеше адаммен бірге Сәлмәнға, Биләлға және Суһәйбқа келгенде, олар: «Аллаһтың қылыштары Аллаһтың жауынан алар сыбағасын алған жоқ!», — деді. Бұл Абу Суфиян Исламды қабылдағанға дейін болған еді. Сонда Абу Бакр: «Сендер Құрайыш ақсақалы әрі басшысына осындай сөздер айтасыңдар ма?!», — деді. Содан кейін ол Пайғамбарымызға ﷺ барып, болған жағдайды айтып берді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Абу Бакр, сен оларды ашуландырып қойған боларсың? Егер оларды ашуландырған болсаң, онда Раббыңды ашуландырғаның!**», — деді. Осыдан кейін Абу Бакр оларға барып: «Уа, бауырларым, мен сендерді ашуландырып қойған жоқпын ба?», — деп сұрады. Олар: «Жоқ, бауырым, Аллаһ сені кешірсін!», — деп жауап берді»* (Муслим, 2504).

Төртіншісі: оның дүниеге қызықпауы.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сәлмән ауырып қалып, Сәғд оның хәлін сұрауға келді. Оның жылап отырғанын көрген Сәғд: «Бауырым, сені не жылатып отыр? Сен Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабасы болмап па едің? Солай емес пе?», — деп сұрады. Сәлмән: «Мен бұл екі себептің ешқайсысы, дүниені қимағандықтан да, ақыреттен жиренгендіктен де жылап отырған жоқпын. Алайда Аллаһтың Елшісі ﷺ маған бір өсиет қалдырған еді. Мен соны бұзған секілдімін», — деп жауап берді. Сәғд: «Ол саған қандай өсиет қалдырды?», — деп сұрады. Сәлмән: «Ол әрбіріңе жолдағы салт атты жолаушының азығындай ғана қор жеткілікті екенін өсиет етті. Ал мен сол мөлшерден асып кеткен сияқтымын. Уа, Сәғд, сен үкім шығарғанда да, мал-мүлікті бөліп бергенде де, бір істі істеуге бел буғанда да Аллаһтан қорық!», — деді». Осы хадисті жеткізуші Сәбит: «Маған жеткен хабар бойынша, Сәлмән қолындағы қаражатынан жиырмадан сәл астам дирхемнен басқа ештеңе қалдырмаған», — деген»*[1].

Адам баласы!

Өміріңнен ақыретке азық жина,

Аллаһ үшін тұрып, ең жақсысын дайында.

---

[1] «Сунан» Ибн Мәжаһ, (4104); Шейх әл-Әлбәни оған (яғни, Ибн Мәжаһқа) жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (1715) және «әт-Тәғлиқ әр-рағибте», (4/99) хадисті сенімді деп атаған.

Бұл дүниеден тым көп мүлік жинама,

Жиналған мал түбі таусыларын ұмытпа.

Азығы бар жандарға серік болып,

Өзің азықсыз болуға келісер ме едің?

Бесіншісі: Оның Аллаһтың Елшісінен ﷺ алған білімінің молдығы.

Муғәз ибн Жәбәлдің ажалы жақындағанда, оған: «*Уа, Абу Абдуррахман, бізге өсиет қалдыр!*», — делінді. Ол: «*Мені отырғызыңдар*», — деді. Содан кейін: «*Расында, білім мен иман бір-бірінен қайнар көзі. Оларды іздеген адам оларды табады*», — деп, үш рет қайталады да, кейін: «*Білімді мына төрт адамнан іздеңдер: Абу Дардадан, Сәлмән әл-Фәрисиден, Абдуллаһ ибн Мәсғудтан және бұрын яһуди болып, кейін Исламды қабылдаған Абдуллаһ ибн Сәләмнан. Расында, мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ: «**Ол — Жәннаттағы он адамның оныншысы**», — дегенін естідім*», — деді.

Оның өсиет-насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның өсиет-насихаттары өте көп. Солардың кейбірін келтірейік:

1. Сәлмән (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Қиямет күні күнәсі ең көп болатын адамдар — Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһқа қарсы келетін сөздерді ең көп айтқандар*»[1].

Аллаһпен ант етемін, Сәлмән шындықты айтты! Расында, күнәлардың көбі тілдің кесірінен болады. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін***», — деген (әл-Бухари, 5784; Муслим, 48).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кім маған екі жақ сүйегінің арасындағысын және екі аяғының арасындағысын сақтайтынына кепілдік берсе, мен оның Жәннатқа кіретіндігіне кепілдік беремін***», — деген (әл-Бухари, 6109).

Пайғамбарымыз ﷺ Муғәз ибн Жәбәлға (Аллаһ оған разы болсын) игілік есіктерін көрсеткеннен кейін: «***Саған осының барлығын ұстап тұратын нәрсені хабарлайын ба?***», — деп сұрады. Ол: «*Әрине, уа, Аллаһтың Елшісі!*», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ тілін ұстап: «***Мынаны тый***», — деді. Муғәз былай баяндаған: «*Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі!*

[1] «Мусәннәф» Ибн Аби Шәйбә, (7/120); «Китәб әз-зухд» Ибн Абу Ғасым, (150-бет); «Хилият әл-әулия», (1/202).

*Біз айтқан сөздеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?», — деп сұрадым. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Анаң сенен айырылсын! Адамдарды тілдерімен тапқанынан басқа не нәрсе Отқа етпетінен түсіреді?!**», — деп жауап берді».*

Бір адам: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Құтылудың жолы қандай?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Тіліңді тый, үйіңде бол және күнәларың үшін жыла***», — деп жауап берді.

2. Бір адам Сәлмәнға (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «*Маған өсиет айт*», — деді. Ол: «*Сөйлеме*», — деді. Әлгі адам: «*Адамдардың арасында өмір сүрген кісі сөйлемей жүре алмайды ғой*», — деді. Сонда Сәлмән оған: «*Сөйлесең, шындықты айт немесе үндеме*», — деп жауап берді. Ол: «*Маған тағы да насихат айт*», — деді. Сәлмән: «*Ашуланба*», — деді. Әлгі адам: «*Расында, мені өзім тоқтата алмайтын ашу билейді*», — деді. Сәлмән оған: «*Ашулансаң, қолыңды да, тіліңді де тый*», — деп жауап берді. Ол: «*Тағы да насихат айт*», — деді. Сәлмән: «*Адамдармен араласпа*», — деді. Әлгі адам: «*Адамдардың арасында өмір сүрген кісі олармен араласпай жүре алмайды*», — деді. Сәлмән: «*Олармен аралассаң, шындықты айт және өзіңе сеніп тапсырылған аманатты орында*», — деп жауап берді[1].

3. Сәлмән Абу Дардаға (Аллаһ екеуіне де разы болсын) былай деп хат жазған еді: «*Расында, нәпсің қалаған нәрселерді тастамайынша, көздегеніңе жете алмайсың. Өзіңе ұнамсыз нәрселерге сабыр етпейінше, үміт еткеніңе де қол жеткізе алмайсың. Ендеше, сөзің зікірге, үнсіздігің ойлануға, ал көз салуың ғибрат алуға арналсын. Расында, дүние тіршілігі құбылып, оның шаттығы да өзгеріп отырады. Сондықтан оған алданып қалма. Мешітті өз үйіңдей көр. Әс-сәләму ғәләйкум!*»[2].

4. Сәлмән (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Кейінгі буын алдыңғы буыннан білім алып отырғанша, адамдар игілікте бола береді. Ал кейінгі буын білім алып үлгермей тұрып, алдыңғы буын дүниеден өтсе, бұл — олардың құрдымға кететін кезі*»[3].

Уа, Сәлмән! Аллаһ саған разы болсын! Ол бізді сенімен әрі Пайғамбарымызбен ﷺ бірге нығметке толы Жәннат бақтарында жинасын!

1 «Тәхзиб әл-кәләм», (11/254); «Сәфуәт әс-сәфуә», (1/549).

2 «Әл-Ғәқд әл-фәрид», (3/110).

3 «Сунан әд-Дәрими», (1/91); «әз-Зухд» имам Ахмад, (98-бет).

Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Бұл адамдар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған ерлер.

Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Оларды жақсы көргенді Аллаһ жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Оларды жек көргенді Аллаһ жек көреді. Оларға екіжүзді бидғатшыдан басқа ешкім өшпенділік танытпайды.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Әмр ибн әл-Ғәс ибн Уәил әл-Құрайши әс-Сәһми. Оның куниясы — Абу Абдуллаһ. Ғалымдар оны Абу Мухаммад деп те атайды.

Әл-Бухари: «*Пайғамбар ﷺ оны Зәт әс-Сәләсилге аттануға тиіс жасақтың басшысы етіп тағайындады*», — деген (әл-Бухари, 2362; Муслим, 2384).

Ол Мәдинада тұрған, кейін Мысырға қоныстанып, сол жерде қайтыс болған.

Аллаһтың құлдары! Әмр ибн әл-Ғәс туралы әңгіміміз оның Исламды қабылдауы, артықшылықтары және өсиет-насихаттары жайында болмақ.

Оның Исламды қабылдауы

Аллаһтың құлдары! Оның Исламды қабылдауы жайында өзінен тыңдайық. Ол өзінің Исламды қалай қабылдағанын айтып, былай баяндаған: *«Ор шайқасынан қайтқан соң, мені құрметтеп, пікіріме құлақ асатын бір топ құрайыштықты жинап, оларға: «Өздерің білесіңдер, Аллаһпен ант етемін, мен Мухаммадтың ісі кеңінен тарап, күшейіп келе жатқанын байқап отырмын. Осыған қатысты бір ойым бар. Бұған не дейсіңдер?», — дедім. Олар: «Қандай ойың бар?», — деп сұрады. Мен: «Нәжәшиге барып, одан пана сұрап, қасында қалуды жөн көрдім. Егер Мухаммад біздің халқымызды жеңсе, біз Нәжәшидің қасында қаламыз. Өйткені оның билігінде болу біз үшін Мухаммадтың билігінде болғаннан артық. Ал егер біздің қауым жеңсе, олар бізді таниды. Олардан бізге тек жақсылық келеді», — дедім. Олар: «Бұл — жақсы ой!», — деп жауап берді. Мен: «Оған тарту ететін сыйлықтар жинаңдар», — дедім. Біздің елден апарылатын сыйлықтардың ішінде оған ең ұнайтыны былғары болатын. Біз көп былғары жинап, оған аттандық. Нәжәшиге барған кезімізде, оған Әмр ибн Умәйя әд-Дәмри де келді. Оны Аллаһтың Елшісі ﷺ Жәғфар мен оның серіктеріне қатысты бір іспен жіберген еді. Ол Нәжәшиге кіріп, кейін шығып кетті. Мен серіктеріме: «Бұл — Әмр ибн Умәйя. Нәжәшиге кіріп, оны маған беруді сұрасам, ал ол қолыма берсе, басын шауып тастасам қалай болады? Сонда құрайыштықтар Мухаммадтың елшісін өлтіру арқылы олардың кегін қайтардым деп санар еді», — дедім. Содан кейін мен оның алдына кіріп, әдетімше сәждеге жығылдым. Нәжәши: «Қош келдің, досым! Өз еліңнен маған сыйлық әкелдің бе?», — деп сұрады. Мен: «Әрине, уа, патша! Саған көп былғары алып келдім», — деп, оны алдына қойдым. Ол сыйлығымды ұнатып, оны қабыл алды. Содан кейін: «Уа, патша! Сенің алдыңнан шығып кеткен бір адамды көрдім. Ол — біздің дұшпанымыздың елшісі. Оны маған бер, мен оны өлтірейін. Өйткені ол біздің ақсүйектеріміз бен ең жақсы адамдарымыздың көбін өлтірді», — дедім. Нәжәши менің сөздеріме қатты ашуланып, қолын созып, өз мұрнын ұрды. Мен ол мұрнын сындырып алды деп ойладым. Сол сәтте жер жарылып, астымнан ашыла қалса, одан қорыққанымнан соған кіріп*

кетер едім. Содан кейін: «Уа, патша! Аллаһпен ант етемін, мұның саған соншалықты ұнамайтынын білгенімде, сенен мұны сұрамас едім», — дедім. Сонда Нәжәши: «Сен менен кезінде Мусаға келген Намус (Жәбірейіл) уахи алып келетін адамның елшісін өлтіруің үшін қолыңа беруді сұрап тұрсың ба?», — деді. Мен: «Уа, патша! Ол шынымен сондай ма?», — деп сұрадым. Нәжәши: «Саған қасірет болсын, уа Әмр! Мені тыңда да, оған ер! Аллаһпен ант етемін, ол ақиқат жолында. Ол қарсыластарын міндетті түрде Муса Перғауын мен оның әскерін жеңгендей жеңеді!», — деді. Мен: «Онда Исламды қабылдағаным жөнінде саған серт берсем болады ма?», — деп сұрадым. Нәжәши: «Иә», — деп, қолын созды. Мен оған Исламды ұстануға серт бердім. Содан кейін ойым өзгерген күйде серіктеріме шығып, олардан Исламды қабылдағанымды жасырдым. Кейін мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарай жолға шықтым. Жолда Халид ибн Уәлидті кездестірдім. Бұл Меккенің алынуына аз уақыт қалғанда болған еді. Халид Меккеден келе жатқан болатын. Мен одан: «Қайда бара жатырсың, уа, Абу Сулейман?», — деп сұрадым. Ол: «Жол айқын болды. Бұл адам шын мәнінде Пайғамбар. Мен Исламды қабылдауға бара жатырмын. Қашанға дейін қасарысып жүре бермекпіз?», — деп жауап берді. Мен: «Аллаһпен ант етемін, мен де Исламды қабылдауға бара жатырмын», — дедім. Осылайша біз Пайғамбарға ﷺ келдік. Халид ибн Уәлид Пайғамбарымыздың ﷺ алдына барып, Исламды қабылдап, серт берді. Содан кейін мен жақындап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұрынғы күнәларым кешіріледі деген шартпен саған серт беремін», — дедім. Ал кейінгі күнәларым туралы айтқан жоқпын. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Уа, Әмр! Серт бер! Расында, Ислам өзіне дейінгі күнәлардың бәрін өшіреді. Һижра да өзіне дейінгі күнәлардың бәрін өшіреді***», *— деді. Мен Пайғамбарға ﷺ серт беріп, шығып кеттім»*[1].

Сондай-ақ Әмр (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһ Тағала менің жүрегіме Исламды ұялатқанда, мен Пайғамбарға ﷺ серт беру үшін келдім. Пайғамбар ﷺ маған қолын созды. Сонда мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі, күнәларым кешірілмейінше, саған серт бермеймін!», — дедім. Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Уа, Әмр, һижра өзіне дейінгі күнәларды өшіретінін білмейсің бе?! Уа, Әмр, Ислам сенің бұрынғы күнәларыңды өшіретінін білмейсің бе?!***», — деді»*[2].

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/350); «Муснад әл-хәрис зәуәид әл-Хәйсәми», (2/933); «Муснад» имам Ахмад, (4/198); Хадистің иснады жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/351); «Сунан әл-Бәйхәқи», (9/123); «Муснад әл-хәрис зәуәид әл-Хәйсәми», (2/934); «Муснад» имам Ахмад, (4/205); Хадистің иснады жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары, өте көп. Солардың кейбірін келтірейік:

Біріншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оның иманына куәлік беруі.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісінің ﷺ: «*Әл-Ғастың екі ұлы — Әмр мен Хишәм — мүминдер*», — дегені жеткізіледі[1].

Ғуқбә ибн Ғәмирден Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Адамдар Исламды қабылдады, ал Әмр ибн әл-Ғас иман келтірді!***», — дегені жеткізіледі[2].

Екіншісі: оның Исламға деген сүйіспеншілігі және Аллаһтың Елшісіне ﷺ жақын болуға ұмтылуы.

Әмр ибн әл-Ғас былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ маған: «**Заттарың мен қаруыңды алып, маған кел**», — деген тапсырмамен хабаршы жіберді. Мен оған дәрет алып жатқан кезінде келдім. Ол маған көзін көтеріп, қайта түсірді де: «**Мен сені әскердің басшысы етіп жібергім келеді. Аллаһ сені аман сақтап, олжа нәсіп етсін. Саған мал-мүліктен жақсы үлес бөлемін**», — деді. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен Исламды мал-мүлік үшін қабылдаған жоқпын. Мен Исламды оған ұмтылып, Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге болу үшін қабылдадым!», — деп жауап бердім. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа, Әмр! Ізгі адамның қолындағы ігі мал-мүлік қандай жақсы!**», — деді*»[3].

Үшіншісі: Оның Аллаһтың Елшісінен ﷺ үйренгенін берік ұстанып, соған сай амал етуге ұмтылуы.

Аллаһтың құлдары! Әмр ибн әл-Ғас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісінен ﷺ үйренгенін берік ұстанып, соған сай амал етуге барынша ұмтылған адамдардың бірі еді. Оған мына оқиғалар мысал бола алады:

---

1 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/268); «әл-Әхәд уә әл-мәсәни», (2/99); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (22/177); «Муснад» имам Ахмад, (2/304); Хадистің иснады жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 Әт-Тирмизи, (3844); «Муснад» имам Ахмад, (4/155); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (17/306); Шейх әл-Әлбәни хадисті әт-Тирмизиге жазған ескертпесінде, сондай-ақ «әс-Сахихада», (115) және «әл-Мишкәтта», (6236) жақсы деп атаған.

3 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (2/3); «әл-Муғжәм әл-Әусәт», әт-Тәбәрани, (3/292); «Муснад» Абу Яғлә, (13/321); «Муснад» әш-Шихәб, (2/259); «Муснад» имам Ахмад, (4/202); Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

1. Әмр ибн әл-Ғәс бір адамның Құраннан аят оқығанын естіп: «*Осы аятты саған кім үйретті?*», — деп сұрады. Ол: «*Аллаһтың Елшісі* ﷺ», — деп жауап берді. Ғәмр: «*Аллаһтың Елшісі* ﷺ *маған оны басқаша оқып үйреткен еді!*», — деді. Кейін олардың екеуі Аллаһтың Елшісіне ﷺ барды. Олардың бірі: «*Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына аят*», — деп, оны оқып берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Ол осылай түсірілген***», — деді. Екіншісі де: «*Уа, Аллаһтың Елшісі!*» — деп, аятты оқып берді де: «*Осылай емес пе?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Ол осылай түсірілген***», — деп жауап берді. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Расында, бұл Құран жеті қырағатпен (أحرف) түсірілген. Солардың қайсысымен оқысаңдар да, дұрыс оқыған боласыңдар. Құран жайында керіспеңдер. Өйткені Құран жайында керісу — күпірлік***», — немесе: «***Күпірліктің белгісі***», — деді[1].

2. Бірде Әмр ибн әл-Ғәс Фатыманың үйіне кіруге рұқсат сұрады. Оған рұқсат берілгенде, ол: «*Али осында ма?*», — деп сұрады. Оған: «*Жоқ*», — деп жауап берілді. Сонда ол кері қайтты. Кейін қайтадан кіруге рұқсат сұрап: «*Али осында ма?*», — деді. Олар: «*Иә*», — деп жауап берген соң, ол кірді. Али одан: «*Мені үйден таппағаныңда, кіруіңе не кедергі болды?*», — деп сұрады. Амр ибн әл-Ғәс: «*Расында, Аллаһтың Елшісі* ﷺ *бізге муғибаттың қасына кіруге тыйым салған*», — деп жауап берді[2].

Муғибат — күйеуі жанында жоқ әйел. Мұнда күйеуінің қалада болмауы емес, үйде болмауы айтылып тұр. Күйеулері жоқ үйлерге кіретін мұсылмандар Аллаһтан қорқуы қажет? Күйеулері жоқ кезде әйелдердің үйіне кірудің кесірінен қаншама отбасы бұзылды!

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ешқайсың бөтен әйелдердің қасына кірмесін!***», —деді. Ансарлардың бірі: «*Ол — күйеуінің жақын туысы болса ше?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Күйеуінің жақын туысы — опат!***», — деп жауап берді (әл-Бухари, 3934; Муслим, 2172).

Төртіншісі: оның жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыюға ұмтылуы.

1. Бір адам Абдуллаһ ибн Әмр ибн әл-Ғәспен бірге оның әкесі Әмр ибн әл-Ғәсқа келді. Әмр олардың алдына тамақ қойып: «*Тамақтан*», — деді. Ол: «*Мен ораза ұстап жатырмын*», — деп жауап берді. Әмр: «*Тамақтан. Бұл — Аллаһтың Елшісі* ﷺ *бізге ауыз ашуды бұйырып, ораза ұстау-*

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (7/150); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйбә, (6/142); «Муснад» имам Ахмад, (4/205); Хадис сенімді. «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

[2] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (8/46); «Муснад» имам Ахмад, (4/205); Хадис жеткізушілер тізбегі мен оны қуаттайтын басқа хадистердің бар болғандығына байланысты сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хадисия».

ға тыйым салған күндер», — деді. Хадисті жеткізуші имам Мәлик: «Бұл — тәшриқ күндері еді», — деген[1].

2. Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) мінберде тұрып адамдарға: «*Ал содан соң. Сендердің ұстанған жолдарың Пайғамбардың ﷺ жолына сай келмейді. Ол дүниеге ең аз қызығатын адам еді. Ал сендер дүниеге адамдардың бәрінен артық құмарсыңдар*», — деген еді[2].

Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Сендер таңдарың мен кештеріңді Аллаһтың Елшісі ﷺ қызықпаған нәрсеге құмар болып өткізіп жатырсыңдар. Сендер таңды дүниеге ұмтылуымен қарсы аласыңдар. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ оған қызықпайтын еді*»[3].

Оның өсиет-насихаттары

Аллаһтың құлдары! Оның өсиет-насихаттары өте көп, бірақ біз оның өлім төсегінде айтқан өсиетіне ғана тоқталамыз. Ендеше, отбасы мен қасында болған адамдарға насихат айтқан Әмр ибн әл-Ғәсты тыңдайық.

Әмр ибн әл-Ғәстың ажалы жақындағанда, ол жылаған еді. Оның ұлы Абдуллаһ: «*Сіз неге жылап жатырсыз? Өлімнен қорқып тұрсыз ба?*», — деп сұрады. Амр: «*Жоқ, Аллаһпен ант етемін! Бірақ одан кейін болатын нәрседен қорқып тұрмын*», — деп жауап берді. Ұлы оған: «*Сіз игілік жолында болдыңыз*», — деп, Аллаһтың Елшісінің ﷺ сахабасы болғанын және Шамдағы жеңістерін есіне сала бастады. Сонда Ғәмр: «*Сен осының бәрінен артық нәрсені — «Лә иләһә иллә-ллаһ» куәлігін — еске алмадың. Расында, мен үш кезеңнен өттім. Әр кезеңде өзімнің қандай күйде болғанымды білдім. Бастапқыда мен кәпір едім және Аллаһтың Елшісіне ﷺ ең қатал қарсыласқан адам болдым. Сол күйімде өлгенімде, міндетті түрде Отқа түсер едім. Аллаһтың Елшісіне ﷺ серт бергеннен кейін, оның алдында бәрінен қатты ұялатын болдым. Ұялғанымнан, Аллаһтың Елшісіне ﷺ көзімді толтырып қарай алмадым. Ол Аллаһқа қайтқанға дейін, өзім қалаған нәрселер жөнінде де онымен сөз таластырмадым. Егер сол кезде өлгенімде, адамдар: «Әмр бақытты болсын! Ол Исламды қабыл-*

---

1 «Сунан» әд-Дәрими, (2/38); «Шарх мәғәни әл-әсәр», (2/44); «Муснад» имам Ахмад, (4/197); Хадистің иснады екі шейхтің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (4/362); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/315); «Муснад» имам Ахмад, (4/204); Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (10/315); «Муснад» имам Ахмад, (4/204); Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

дап, игілік жолында жүрді. Сол күйінде қайтыс болды. Ол Жәннатта болады деп үміттенеміз», — дер еді. Кейін билікке ие болып, өзге де істерге араластым. Бұл менің пайдама ма, әлде зиянымa ма — білмеймін. Егер қайтыс болсам, мені дауыс салып жоқтамаңдар. Мені жерлеуге мадақ айтушы да, алау да ермесін. Изарымды мықтап байлаңдар, өйткені менің дауға түсуіме тура келеді. Мені топырақпен толық көміңдер. Өйткені оң жақ бүйірімнің топыраққа сол жақ бүйірімнен артық ақысы жоқ. Қабірімнің ішіне тақтай да, тас та қоймаңдар. Қабірімнің басында бір түйені сойып, етін үлестіруге кететін уақыттай аялдаңдар. Сендердің қасымда болғандарың маған қуаныш болсын», — деді[1].

Бұл — көп адам біле бермейтін сүннет.

Аллаһтың құлдары! Әмр ибн әл-Ғәс ажалы жақындағанда қатты мазасызданды. Мұны көрген ұлы Абдуллаһ ибн Әмр: «*Уа, Абу Абдуллаһ! Бұл не деген мазасыздық? Аллаһтың Елшісі ﷺ сізді өзіне жақын тартып, қызметтерге тағайындаған еді ғой?*», — деді.

Әмр: «Балам, солай болғаны рас. *Саған осы жайында айтып берейін: Аллаһпен ант етемін, мұның мені жақсы көргендіктен болғанын немесе жүрегімді бауырау үшін жасалғанын білмеймін. Алайда Пайғамбардың ﷺ дүниеден өтерінде екі адамды жақсы көргеніне куәлік беремін. Олар — Ибн Сумәйя мен Ибн Умм Ғәбд*», — деді. Осыны айтқан соң, Әмр қолын иегінің астындағы бұғау салынатын жерге қойды. Содан кейін: «*Уа, Аллаһ! Сен бізге бұйырдың, ал біз орындамадық. Сен тыйым салдың, ал біз тыйым салынғанды істедік. Бізге сенің кешіріміңнен басқа ештеңе жәрдем бере алмайды*», — деді де, бұл сөздерді қайтыс болғанға дейін қайталады[2].

Абдуллаһ ибн Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Менің әкем жиі: «Ажал аузында жатқан адамдарға таңғаламын. Ақыл-естері орнында, тілдері де бар. Бірақ олар неліктен өлімді сипаттап бере алмайды?», — дейтін. Оның өзінің ажалы таяғанда, ақыл-есі орнында болып, тілі сөйлеп тұрғанда, мен оған: «Әкешім! Сіз: «Ажал аузында жатқан адамдарға таңғаламын. Ақыл-естері орнында, тілдері де бар. Бірақ олар неліктен өлімді сипаттап бере алмайды?», — деуші едіңіз ғой?», — дедім. Сонда ол: «Балам! Өлімнің ауырлығы сипаттауға келмейді. Бірақ саған оның кейбірін сипаттап берейін. Аллаһпен ант етемін, Рәдуә мен Тихәмә таулары иығыма түскендей, жаным иненің көзінен*

[1] «Муснад» имам Ахмад, (4/199); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

[2] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (4/199); «Муснад» имам Ахмад, (4/199); Хадистің иснады имам Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

зорға өтіп жатқандай, ішім тікенге толып қалғандай және аспан жерге түсіп, мен екеуінің арасында қалғандаймын», — деп жауап берді»[1].

Аллаһтың құлдары! Міне, Әмр ибн әл-Ғәсқа ажалы жақындағанда, ол: «*Уа, Аллаһ! Мен ақталардай күнәсіз емеспін. Үстем түсердей күшім де жоқ. Егер мені рахымыңа алмасаң, құрдымға ұшыраушылардың қатарында боламын*», — деген еді.

Иә, Аллаһтың құлдары! Бұл — өлім және оның азабы.

Аллаһ Тағала:

﴿وَجَآءَتۡ سَكۡرَةُ ٱلۡمَوۡتِ بِٱلۡحَقِّۖ ذَٰلِكَ مَا كُنتَ مِنۡهُ تَحِيدُ ١٩﴾

«**Өлімнің жанталасы ақиқатпен келеді. Міне, сенің қашып жүргенің — осы!**», — деген («Қаф» сүресі, 19-аят).

Біздің Елшіміздің ﷺ де ажалы жеткенде, барлық күнәлары кешірілген бола тұра, қолдарын салқын суға малып, маңдайын сипап: «***Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Расында, өлімнің жанталасы бар!***», — дейтін (Әл-Бухариғ 6145).

Уа, Аллаһ, бізді бұл дүниеден иманмен озуды нәсіп ете гөр!

1 «Тәнбих әл-ғофилин», (20–21 — беттер).

Халид ибн Уәлид (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған ерлер. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбау.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз, Аллаһ Тағала қаласа, Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екендігін білесіздер ме? Ол — Халид ибн Уәлид ибн әл-Муғира әл-Қурайши әл-Мәхзуми әл-Мәкки.

Ол — Абу Сулейман. Аллаһ Тағаланың қылышы, Исламның салтты жауынгері, шайқастардың арыстаны. Ол — мырза, имам, ұлы әмір, мужәһидтердің қолбасшысы болған.

Халид ибн Уәлид Исламды қабылдағанға дейін, надандық дәуірінде Исламмен және мұсылмандармен соғысқан кәпірлер әскерінің қолбасшысы болған. Оның Ухуд шайқасында мұсылмандарға не істегені ешкім-

ге жасырын емес. Кейін ол Меккеден Мәдинаға барар жолда Исламды қабылдап, Аллаһ Тағала оның көкірегін Исламға ашты.

Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен [Эфиопиядан] шығып, Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарай жолға шығып, жолда Халид ибн Уәлидті кездестірдім. Бұл Меккенің алынуынан бұрын болған еді. Халид Меккеден келе жатқан болатын. Мен одан: «Қайда бара жатырсың, уа, Абу Сулейман?», — деп сұрадым. Ол: «Енді жол айқын болды. Бұл адам шын мәнінде Пайғамбар. Мен Исламды қабылдауға бара жатырмын. Қашанға дейін қасарысып жүре бермекпіз?», — деп жауап берді. Мен: «Аллаһпен ант етемін, мен де Исламды қабылдауға бара жатырмын», — дедім. Осылайша біз Пайғамбарымызға ﷺ келдік. Халид ибн Уәлид Пайғамбардың ﷺ алдына барып, Исламды қабылдап, серт берді*».

Ол Исламды қабылдады, әрі оның жаны да, өзі де, мал-мүлкі де Ислам мен мұсылмандарға қызмет етуге арналды.

Аллаһтың құлдары! Халид ибн Уәлид туралы әңгіміміз оның артықшылықтары мен өміріндегі айтулы оқиғалар жайында болмақ.

Оның артықшылықтары

Оның артықшылықтары өте көп.

Біріншісі: Пайғамбарымыз ﷺ оның Аллаһ Тағала кәпірлерге қарсы қынабынан суырған қылыштарының бірі екендігін хабарлаған.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Зәйд туды ұстап, қаза тапты. Одан кейін оны Жәғфар алып, қаза тапты. Содан соң оны Ибн Рәуәха алып, ол да қаза тапты***», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ бұл сөздерді айтып жатқанда, көздеріне жас толған еді. Содан кейін ол: «***Ал одан соң туды Аллаһтың қылыштарының бірі алып, Аллаһ оларға жеңіс берді***», — деп жалғастырды.

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***…Сендерге осы шайқастағы әскерлерің туралы айтып берейін бе? Олар жорыққа шығып, дұшпанмен кездесті. Осылайша, олар дұшпанға қарсы шайқасқа кірісті. Зәйд шәһид болды. Аллаһтан оның кешірілуін сұраңдар***», — деді. Адамдар ол үшін кешірім сұрады. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Содан кейін Жәғфар ибн Абу Талиб туды алып, шәһид болғанға дейін жігермен шайқасты. Мен оның шәһид екеніне куәлік беремін. Аллаһтан оның кешірілуін сұраңдар. Содан кейін туды Абдуллаһ ибн Рәуәха алып, дұшпанға табанды түрде қарсы тұрды. Ол да шәһид болды. Аллаһтан оның кешірілуін сұраңдар. Содан кейін туды Халид ибн Уәлид алды***», — де-

ді. Ол тағайындалған қолбасшылардың қатарында жоқ еді, бірақ оны өзі алды. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ саусағын көтеріп: «***Уа, Аллаһ! Халид — Сенің қылыштарыңның бірі. Оған жеңіс бере гөр!***», — деді. Сол күннен бастап Халид «Аллаһтың қылышы» деп атала бастады.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Халидке жапа шектірмеңдер. Расында, ол — Аллаһ Тағала кәпірлерге қарсы қынабынан суырған қылыштарының бірі***», — деген[1].

Аллаһтың құлдары! Абу Бакр Халид ибн Уәлидке діннен бас тартқандармен соғысуды бұйырғанда: «*Расында, мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ: «**Халид ибн Уәлид — Аллаһтың тамаша құлы әрі рулас бауырымыз, ол — Аллаһтың қылыштарының бірі. Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ оны кәпірлер мен екіжүзділерге қарсы қынабынан суырды**», — дегенін естідім*», — деген[2].

Умар ибн әл-Хаттаб Абу Убәйда ибн әл-Жәррахты Шамға басшы етіп тағайындап, Халид ибн Уәлидті қызметінен босатқанда, Халид ибн Уәлид: «*Сендерге осы үмметтің сенімді адамы жіберілді. Мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ: «**Осы үмметтің сенімді адамы — Абу Убәйда ибн әл-Жәррах**», — дегенін естідім*», — деді.

Ал Абу Убәйда: «*Мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ: «**Халид — Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың қылыштарының бірі және біздің тамаша руласымыз**», — дегенін естідім*», — деді[3].

Екіншісі: оның Аллаһтың Елшісіне ﷺ жақындығы.

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Халид ибн Уәлидтің мына оқиғаны айтып бергені жеткізіледі. Бірде ол Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге өзінің нағашы апасы Мәймунәнің үйіне барды. Мәймунә Аллаһтың Елшісіне ﷺ тікенқұйрық кесірткенің етін ұсынды. Ал ол алдына қойылған тағамның не екені айтылмайынша, оған қол соза бермейтін. Сол жерде болған әйелдердің бірі: «*Аллаһтың Елшісіне ﷺ қандай тағам ұсынғандарыңды айтыңдар. Бұл — кесіртке, уа, Аллаһтың Елшісі*», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ қолын тартты. Халид ибн Уәлид: «*Уа, Аллаһтың Елшісі, тікенқұйрықтың еті харам ба?*», — деп сұрады. Ол ﷺ: «***Жоқ. Бірақ ол менің халқымның жерінде кездеспейді. Сондықтан***

---

1 «Сахих» Ибн Хиббән, (15/565); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/349); «Муснад» әл-Бәззар, (8/294); «Муснад» Ибн Аби Ғәуф, (1/101); «әл-Муғжәм әс-сағыр» әт-Тәбәрани, (1/348).

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/337); «әл-Әхәду уә әл-мәсәни», (2/25): «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (4/103); «Муснад» имам Ахмад, (1/8); Хадис оны қуаттайтын басқа да хадистер себепті сенімді; «әл-Мәусуғәт әл-хәдисия».

3 «Мәжмәғ әз-зәуәид» (9/348); «Мусәннаф» Ибн Аби Шәйбә, (6/387); «Муснад» имам Ахмад, (4/90); Хадис оны қуаттайтын басқа да хадистер себепті сенімді.

мен одан жиіркенемін», — деді. Халид: «*Мен оны алдыма қарай жылжытып, жедім, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ маған қарап отырды*», — деген (әл-Бухари, 5046, Муслим, 1945).

Бірде Пайғамбарымыз ﷺ сусын ішіп отырғанда, Ибн Аббас оның оң жағында, ал Халид ибн Уәлид сол жағында болды. Пайғамбарымыз ﷺ Ибн Аббасқа: «***Алдымен ішуге сенің хақың бар. Қаласаң, бұл хақыңды Халидке бере аласың***», — деді. Ибн Аббас: «*Маған сізден қалған үлесімді ешкімге бермеймін*», — деп жауап берді[1].

Үшіншісі: оның Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһтан қорқуы және ақиқатқа қайтуы.

Халид ибн Уәлид (Аллаһ оған разы болсын): «*Менімен Ғаммар ибн Ясирдің арасында бір әңгіме болып, мен оған дөрекі сөйлеп қойдым. Ғаммар Пайғамбарымызға ﷺ менің үстімнен шағымдануға барды*», — деген. Ғаммар Пайғамбарға ﷺ шағымданып жатқанда, Халид те келді. Халид Ғаммарға одан бетер дөрекі сөйледі. Пайғамбарымыз ﷺ үндемей, ештеңе айтпады. Ғаммар жылап: «*Уа, Аллаһтың Елшісі, көріп тұрған жоқсыз ба?*», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ басын көтеріп: «***Ғаммарға жаулық танытқанға Аллаһ жаулық танытады. Ғаммарды жек көргенді Аллаһ жек көреді***», — деді. Халид: «*Мен шығып кеттім. Сонда мен үшін ең қалаулы нәрсе — Ғаммардың разылығын алу еді. Мен онымен кездестім және ол мені кешірді*», — деген[2].

Төртіншісі: Пайғамбарымыздың ﷺ оны мақтауы.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге жолға шықтық және Сәният-Ләфт асуына жеткенде, Халид ибн Уәлидті көрдік. Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Хурайраға: «**Бұл адамның кім екенін қара**», — деді. Абу Хурайра: «Халид ибн Уәлид», — деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Бұл — Аллаһтың қандай тамаша құлы!**», — деді*»[3].

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Халид ибн Уәлид — Аллаһтың тамаша құлы әрі біздің рулас бауырымыз. Ол — Аллаһтың қылыштарының бірі. Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ оны кәпірлер мен екіжүзділерге қарсы қынабынан суырды***», — деген.

---

1 Әт-Тирмизи, (3455); «Мусәннаф» Абдурраззақ, (4/511); «Муснад» имам Ахмад, (1/220); «Муснад» әл-Хәмиди, (1/225); Шейх әл-Әлбәни хадисті «Сунан әт-Тирмизиге» жазған ескертпесінде сенімді деп атаған.

2 «Әл-Мустәдрак ғәлә әс-сахихайн», (3/441); «Мәжмәғ әз-зәуәид», (9/293); «Муснад» имам Ахмад, (4/89); Хадис сенімді; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

3 «Муснад» имам Ахмад, (2/360); Хадис жақсы; «әл-Мәусуғат әл-хәдисия».

Бесіншісі: оның сауыттары мен әскери жарақтарын Аллаһтың жолына арнауы.

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бір адамға садақа жинауды бұйырды. Біраз уақыттан кейін ол қайтып келіп: «Ибн Жәмил, Халид ибн Уәлид және Аббас ибн Абдулмуттәлиб зекет беруден бас тартты», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ибн Жәмилге зекет беруге не кедергі? Ол кедей еді, Аллаһ пен Оның Елшісі оны байытты ғой! Халидке келсек, сендер оған әділетсіздік танытып отырсыңдар. Өйткені ол сауыттары мен әскери керек-жарағын Аллаһ жолына арнады. Ал Аббас ибн Абдулмуттәлиб — Аллаһ Елшісінің көкесі. Ол зекетін төлеп, оған тағы сонша қосуы тиіс**», — деді»* (әл-Бухари, 1399; Муслим, 983)**.**

Алтыншысы: ол әл-Ғуззәні өлтірді.

Абу Туфәйлдің былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ Меккені алған кезде, Халид ибн Уәлидті Нәхлә деген жерге жіберді. Онда әл-Ғуззә пұты болатын. Халид ибн Уәлид сол жерге келген кезде, әл-Ғуззә акация ағашы өскен төбелерде болған еді. Ол ағаштарды шауып, сол жердегі ғимаратты бұзды. Содан кейін Пайғамбарға ﷺ келіп, болған жайды хабарлады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Ол жерге қайтадан бар. Расында, сен ештеңе істемедің**», — деді. Халид қайта оралды. Оны әл-Ғуззәнің қызметшілері — оның сақшылары — көргенде, тауға қарай қашып: «Уа, Ғуззә, оны есінен тайдыр! Уа, Ғуззә, оны мерт қыл! Оны өзінің қалауынсыз жоқ қылып, өлтір!», — деп жатты. Халид оған жақындағанда, шашы жалбыраған, басына топырақ шашып тұрған жалаңаш әйелді көрді. Ол оны қылышпен ұрып өлтірді. Содан кейін Пайғамбарымызға ﷺ қайтып келіп, болған жайды хабарлады. Сонда Пайғамбар ﷺ: «**Бұл — әл-Ғуззә**», — деді»*[1].

Жетіншісі: оның әділдігі.

Ибн Ғуйәйнәдан Мухәрик ибн Абдуллаһтың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Тарик ибн Шихәбтің былай дегенін естідім: «Халид ибн Уәлидтің көкесі біздің арамыздағы бір адамды шапалақпен ұрған. Кейін жәбір көрген жақ Халидке келіп: «Уа, құрайыштықтар! Расында, Аллаһ сендердің жүздеріңе біздің жүздеріміздің артық ештеңе берген жоқ. Тек Аллаһ Өз Пайғамбарына ﷺ берген артықшылық қана бар», — деді. Халид: «Оған дәл солай қайтар», — деді. Сонда әлгі кісі өз бауырының ұлына: «Оны*

[1] «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/176); «әл-Әхәдис әл-мухтәро», (8/219); «Муснад» Абу Яғлә, (2/196).

барынша қатты шапалақпен ұр!», — деді. Ол қолын көтергенде, әлгі кісі: «Аллаһ үшін қолыңды тый!», — деді»»[1].

Сегізінші: оның у ішіп, одан зиян көрмеуі.

Халидке у әкелінгенде, ол: «*Бұл не?*», — деп сұрады. Оған: «*У*», — деп жауап берілді. Сонда ол оны ішкен еді.

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі айтулы оқиғалар өте көп. Солардың кейбірін атап өтейік:

1. Оның Аллаһтың Елшісін ﷺ қорғаудағы ұстанымы.

Абу Сәғид әл-Худридің былай дегені жеткізіледі: «*Али ибн Абу Талиб Йеменде жүргенде, Аллаһтың Елшісіне ﷺ иленген тері қапқа салынған, тазартылмаған бір кесек алтын жіберді. Пайғамбарымыз ﷺ оны төрт адамға бөліп берді. Олар — Ғуйәйнә ибн Хисн, әл-Әқрәғ ибн Хәбис және Зәйд әл-Хәйл. Төртіншісі Ғәлқама ибн Ғуләсә немесе Ғәмир ибн Туфәйл болған. Пайғамбарымыздың ﷺ сахабаларының бірі: «Бұл алтынға олардан гөрі біздің хақымыз көбірек еді!», — деді. Бұл сөз Пайғамбарымызға ﷺ жеткенде, ол: «**Сендер маған сенбейсіңдер ме? Мен — көктегі Аллаһтың сенімді адамымын. Маған көктен таңертең де, кешке де хабар келіп тұрады**», — деді. Сол кезде көздері шүңірек, шықшыттары жалпақ, маңдайы дөңес, сақалы қалың, басы тақыр, изарын түріп алған бір адам тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі, Аллаһтан қорық!», — деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Саған қасірет болсын! Жер бетіндегі адамдардың ішінде Аллаһтан ең алдымен мен қорқуға тиіс емеспін бе?!**», — деп жауап берді. Содан кейін әлгі адам кетіп қалды. Халид ибн Уәлид: «Уа, Аллаһтың Елшісі, оның басын шауып тастайын ба?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Жоқ. Өйткені ол намаз оқитын болуы мүмкін**», — деді. Халид: «Намаз оқитындардың тіліндегі сөзі мен жүрегіндегісі екі түрлі болатындары қаншама!», — деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Маған адамдардың жүректерін тексеру де, іштерін жару да бұйырылған жоқ!**», — деп жауап берді. Содан кейін Пайғамбар ﷺ оның артынан қарап: «**Расында, осы адамның ұрпағынан Аллаһтың Кітабын көп оқитын, бірақ оқығандары кеңірдектерінен аспайтын адамдар шығады. Олар діннен жебе аңды тесіп өтіп кеткеніндей шығып кетеді**», — деді»* (Муслим, 1064).

2. Оның батылдығы және алға ұмтылуы

Ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды қабылдағаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ қатысқан бірде-бір шайқастан қалған жоқ. Оның батылдығы мен әскери тәжірибесі Муғтә шайқасында айқын көрінді.

[1] «Мусаннаф» Ибн Аби Шәйба, (9/462).

Ол туды қолына алып, әскерді сапқа тұрғызды және Аллаһ оған жеңіс бергенге дейін асқан шеберлікпен шайқасты.

Ол: «*Мұғтә шайқасы күні қолымда тоғыз қылыш сынды. Қолымда тек бір йемендік қылыш қана сынбай қалды*», — деген еді (Әл-Бухари, 4017).

Уа, Аллаһ, мұсылмандарды Өз дініңе көркем түрде қайтара гөр!

Мусғәб ибн Ғумәйр (Аллаһ оған разы болсын)

Аллаһтың құлдары! Ұлы әрі аса Құдіретті Аллаһ Өзінің Кітабында былай деген:

﴿مِّنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ رِجَالٞ صَدَقُواْ مَا عَٰهَدُواْ ٱللَّهَ عَلَيۡهِۖ فَمِنۡهُم مَّن قَضَىٰ نَحۡبَهُۥ وَمِنۡهُم مَّن يَنتَظِرُۖ وَمَا بَدَّلُواْ تَبۡدِيلٗا ٢٣﴾

«**Мүминдерден, Аллаһқа деген уәделерін шындыққа шығарған ерлер бар: Олардан кейбіреуі жанын құрбан қылды. Және кейбіреуі күтуде. Олар серттерін әсте ауыстырмады**» («әл-Әхзәб» сүресі, 23-аят).

Олар — Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған ерлер. Оларды жақсы көру — дін, иман және ихсан. Ал оларды жек көру — күпірлік, екіжүзділік және бойсұнбаушылық.

Аллаһ Тағала оларды жақсы көргендерді жақсы көреді. Әрі оларды мүминдер ғана жақсы көреді. Сондай-ақ Аллаһ оларды жек көргенді жек көреді және оларға екіжүзді бидғатшыдан басқа ешкім өшпенділік танытпайды.

Аллаһтың құлдары! Бұл тақырыбымыз (Аллаһ Тағала қаласа) Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ сахаба әрі Өз дініне жәрдемші болу үшін таңдаған осы ерлердің бірі жайлы болмақ.

Уа, Аллаһтың құлдары! Оның кім екенін білесіздер ме? Ол — Мусғәб ибн Ғумәйр ибн Хәшим ибн Абдуманаф ибн Абдуддар ибн Қусай ибн

Киляб. Ол — шәһид, Исламды алғаш қабылдаған адамдардың бірі, Бадр шайқасына қатысқан құрайыштық, әл-Ғәбдәри.

Аллаһтың құлдары! Мусғәб ибн Ғумәйр (Аллаһ оған разы болсын) жайындағы әңгіміміз оның артықшылықтары мен өміріндегі айтулы оқиғалар туралы болмақ.

Оның артықшылықтары

Аллаһтың құлдары! Оның артықшылықтары өте көп. Солардың кейбіріне тоқталып өтейік.

Біріншісі: Ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдап, һижра жасағандардың бірі.

Аллаһтың құлдары! Мусғәб ибн Ғумәйр Меккеде сән-салтанатпен өмір сүріп, ең таңдаулы әшекейлерді тағынған жастардың бірі еді. Ата-анасы оны жақсы көретін. Оның анасы өте дәулетті әйел болатын. Мусғәб ең жақсы киімдерді киіп, ең жақсы хош иістерді жағатын және Хадрамауттың аяққиім киетін[1].

Аллаһтың Елшісі ﷺ Ибн Абу әл-Әрқамның «Дар әл-Арқам» деп аталатын үйінде адамдарды Исламға шақырып жүргенін естігенде, Мусғәб оның алдына кіріп, Исламды қабылдады және оған иман келтірді.

Мусғәб ибн Ғумәйр ол жерден шыққан соң, анасы мен оның руластарынан қорқып, Исламды қабылдағанын жасырды. Ол Аллаһтың Елшісінің ﷺ жиындарына жасырын барып жүрді. Бұл хабар оның анасы мен өз руластарына жеткенде, олар оны ұстап алып, қамап қойды. Осылайша ол (Аллаһ оған разы болсын) Исламды алғаш қабылдағандардың бірі болды.

Аллаһтың құлдары! Қажылық маусымында Пайғамбарымыз ﷺ ансарлардан алты адамды кездестірді. Олардың барлығы Хәзрәж тайпасынан еді. Пайғамбарымыз ﷺ оларды Исламға шақырды. Олар Исламды қабылдап, Мәдинаға оралды да, ондағы адамдарды Исламға шақырды. Ислам Мәдинада кеңінен таралып, Ислам кірмеген бірде-бір үй қалмады.

Келесі жылы олардан он екі адам келді. Олар кері қайтуға жиналғанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ олармен бірге Мусғәб ибн Ғумәйрді жіберді. Пайғамбарымыз ﷺ оған Құран оқуды, Исламды үйретуді және дінді түсіндіруді бұйырды.

[1] «Әт-Тәбәқат әл-кубра», (3/116).

Бәро (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Бізге алғаш келгендер Мусғәб ибн Ғумәйр мен Ибн Умм Мәктум еді. Олар адамдарға Құран оқуды үйрететін. Содан кейін Биләл, Сәғд және Ғәммар ибн Ясир келді. Одан соң Умар ибн әл-Хаттаб Пайғамбарымыздың ﷺ жиырма сахабасымен бірге келді. Кейін Пайғамбардың ﷺ өзі де келді. Мәдина тұрғындарының Аллаһтың Елшісінің ﷺ келуіне қуанғанындай қуанғанын бұрын көрмеппін. Тіпті күңдер де: «Аллаһтың Елшісі ﷺ келді!», — деп дауыстап жатты. Ол келмей тұрып-ақ, мен «Аса Жоғары Раббыңның есімін дәріпте…» деп басталатын сүрені және осыған ұқсас басқа да сүрелерді оқып жүрген едім*» (Әл-Бухари, 3710).

Екіншісі. Жәннатпен сүйіншіленген он адамның бірі болған Абдуррахман ибн Ғәуфтың Мусғәбті өзінен артық санауы.

Абдуррахман ибн Ғәуф ораза ұстап жүргенде, оған ас әкелінді. Сонда ол: «*Мусғәб ибн Ғумәйр қаза тапқанда, оны кебіндеуге жамылғысынан басқа ештеңе табылмады. Ал ол менен артық еді. Хамза не басқа біреу қаза тапқанда да, оны кебіндеуге жамылғысынан басқа ештеңе табылмады. Ол да менен артық еді. Мен амалдарымыздың сауабы осы дүниедеақ беріліп қойған ба деп қорқамын*», — деп, жылады да, асты сол күйі қалдырды (Әл-Бухари, 1216).

Үшіншісі. Оның сауабы толығымен Аллаһтың құзырында және ол оны Қиямет күні алады.

Хәббәб (Аллаһ оған разы болсын) науқастанып жатқанда былай баяндаған еді: «*Біз Аллаһтың дидарын қалап, Пайғамбармен ﷺ бірге һижра жасадық. Бұның сауабын Аллаһ Тағала береді. Арамызда сауабынан бұл дүниеде ештеңе алмағандар бар. Солардың бірі — Мусғәб ибн Ғумәйр. Ол Ухуд шайқасы күні қаза тапты және одан жүннен тоқылған жамылғысы ғана қалды. Біз оның басын жапсақ, аяқтары ашылып қалатын. Аяқтарын жапсақ, басы ашылып қалатын. Жамылғы кебінге жетпегендіктен, Пайғамбарымыз ﷺ жерлемес бұрын оны сол жамылғымен кебіндеп, басын жабуды, ал аяқтарын шөппен бүркеуді бұйырды. Сондайақ арамызда сауабын осы дүниеде-ақ алғандар да бар*» (Әл-Бухари, 3684).

Оның өміріндегі айтулы оқиғалар

Аллаһтың құлдары! Оның өміріндегі елеулі оқиғалар өте көп. Солардың біріне тоқталайық.

Оның Исламға шақыруы

Аллаһтың құлдары! Осы жігіт туралы жеткен оқиға — Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа шақыру ісінде өнеге болатын ең ғажап оқиғалардың бірі. Ол Меккеде аса сән-салтанатты өмір сүрген жастардың бірі еді. Соған қарамастан, Исламды алғаш қабылдағандардың қатарына қосылып, Аллаһтың Елшісінен ﷺ білім алды. Пайғамбарымыз ﷺ оны Мәдинаға жіберілетін елші етіп таңдады. Оған қаланы Исламмен көркейту, тұрғындарына Құран үйрету және Мәдинаны Аллаһтың Елшісінің ﷺ hижрасына әзірлеу тапсырылды.

Ибн Хишәм Ибн Исхақтың былай дегенін жеткізген: «Маған Убәйдуллаһ ибн Мусғәб, Абдуллаһ ибн Абу Бакр, Мухаммад ибн Әмр және ибн Хәзм келесі оқиғаны айтып берген еді. Мусғәб ибн Ғумәйр Әсғәд ибн Зурарамен бірге Бану Абдул-әшхәл мен Бану Зуфрдың қоныстарына бармақ болды. Бану Абдул-әшхәлдан шыққан Сәғд ибн Муғәз Әсғәд ибн Зурараның бөлесі еді. Олар сол жерге барып, Бану Зуфрдың Мәрәқ құдығы маңындағы бағына кірді. Бақтың ішіне жайғасқанда, Исламды қабылдаған бірнеше ер адам келіп қосылды. Ол кезде Сәғд ибн Муғәз бен Усәйд ибн Худәйр Бану Абдул-әшхәл адамдарының басшылары еді. Олардың екеуі де мүшрик болып, өз жұртының дінін ұстанатын. Бұл хабарды естігенде, Сәғд ибн Муғәз Усәйд ибн Худәйрға: «*Әкесіз қалғыр! Біздің қонысымызға әлсіздерімізді алдап-арбау үшін келген ана екеуіне бар. Оларды қуып жібер де, қонысымызға қайта келуге тыйым сал. Әсғәд ибн Зурараның бізге қандай туыс екенін өзің білесің. Сол туыстық болмағанда, бұл істі өзім-ақ тындырар едім. Ол — менің бөлем. Сондықтан мен оған қарсы шыға алмаймын*», — деді. Усәйд ибн Худәйр найзасын алып, екеуіне қарай беттеді. Оны көрген Әсғәд ибн Зурара Мусғәб ибн Ғумәйрға: «*Бұл — өз жұртының басшысы. Ол саған өзі келіп тұр. Оған Исламды жеткізуде Аллаһтың алдында шынайы бол*», — деді. Мусғәб ибн Ғумәйр: «*Егер ол отырса, мен онымен сөйлесемін*», — деді. Усәйд екеуінің алдына келіп, оларды балағаттай бастады. Содан кейін: «*Сендер біздің арамыздағы әлсіздерді алдап-арбау үшін келдіңдер ме? Тірі қалғыларың келсе, бізден аулақ кетіңдер!*», — деді. Мусғәб ибн Ғумәйр: «*Отырып, тыңдап көр. Естігенің көңіліңе қонса, қабыл аларсың. Ұнамаса, өзіңе ұнамайтын нәрседен құтыласың*», — деп жауап берді. Усәйд: «*Дұрыс айтасың*», — деді де, найзасын жерге қадап, екеуінің алдына отырды. Содан кейін Мусғәб оған Исламды түсіндіріп, Құран оқып берді. Бұл екі сахаба: «*Аллаһпен ант етеміз, Усәйд әлі тіл қатпай тұрып-ақ, жүзінің нұрланып, жадырағанынан оның Исламға бет бұрғанын аңғардық*», — деген. Содан кейін Усәйд: «*Бұл сөз неткен көркем, қандай тамаша! Осы дінге кіргісі келген адам не істейді?*», — деп сұрады. Олар: «*Ғұсыл алып тазар, содан соң*

киіміңді тазарт. Кейін ақиқат куәлігін айтып, намаз оқы», — деп жауап берді. Усәйд орнынан тұрып, ғұсыл алды, кейін киімін тазартты да, ақиқат куәлігін айтты. Содан соң екі рәкағат намаз оқып, екеуіне: «*Расында, бір адам бар. Егер ол сендерге ерсе, оның жұртынан оған қосылмайтын ешкім қалмайды. Қазір оны сендерге жіберемін. Ол — Сәғд ибн Муғәз*», — деді. Ол найзасын алып, Сәғд пен оның тайпаластарына қарай беттеді. Олар сол кезде бас қосып, кеңесіп отырған еді. Сәғд ибн Муғәздің көзі Усәйдқа түскенде, ол: «*Аллаһпен ант етемін, Усәйдтің қазіргі жүзі сендерден кеткендегідей емес*», — деді. Усәйд жиынға келіп тоқтағанда, Сәғд одан: «*Не істедің?*», — деп сұрады. Ол: «*Мен әлгі екі адаммен сөйлестім. Аллаһпен ант етемін, олардан еш жамандық көрмедім. Оларға ескерту жасағанымда, олар: «Сұрағаныңды орындаймыз», — деді. Маған Бану Хәриса адамдары Әсғәд ибн Зурараны өлтіру үшін іздеп шыққан деген хабар жетті. Олар оның сенің бөлең екенін біледі. Осылайша сені қорламақшы*», — деп жауап берді. Бұл хабарға ашуланып, алаңдаған Сәғд ибн Муғәз орнынан асығыс тұрып, қолына найза алды да: «*Аллаһпен ант етемін, ештеңе тындырмаған екенсің!*», — деді. Содан кейін Сәғд екі сахабаға қарай беттеді. Ол екеуінің алаңсыз отырғанын көргенде, Усәйдтың мұны солардың сөзін тыңдасын деп айтқанын түсінді. Ол олардың алдына келіп, балағаттай бастады да, Әсғәд ибн Зурараға: «*Уа, Абу Умама! Аллаһпен ант етемін, арамызда туыстық болмағанда, маған бұлай істеуге батылың жетпес еді! Өз қонысымызда бізге ұнамайтын нәрсені ұсынбақсың ба?*», — деді. Бұған дейін Әсғәд Мусғәбқа: «*Аллаһпен ант етемін, саған осы тайпаның басшысы келеді. Ол саған ерсе, ешкім шет қалмай, бүкіл тайпасы да ереді*», — деген еді. Мусғәб ибн Ғумәйр: «*Отырып, тыңдап көрмейсің бе? Естігенің көңіліңе қонса, қабыл аларсың. Ұнамаса, сені ұнамсыз нәрсемен мазаламаймыз*», — деді. Сәғд: «*Дұрыс айтасың*», — деді де, найзасын жерге қадап, отырды. Содан кейін Мусғәб ибн Ғумәйр оған Исламды түсіндіріп, Құран оқып берді. Мусғәб пен Әсғәд: «*Аллаһпен ант етеміз, Сәғд әлі тіл қатпай тұрып-ақ, жүзінің нұрланып, жадырағанынан оның Исламға бет бұрғанын аңғардық*», — деген. Содан соң Сәғд олардың екеуінен: «*Исламды қабылдап, осы дінге кіру үшін не істейсіңдер?*», — деп сұрады. Олар: «*Ғұсыл алып тазар, содан соң киіміңді тазарт. Кейін ақиқат куәлігін айтып, екі рәкағат намаз оқы*», — деп жауап берді. Сәғд орнынан тұрып, ғұсыл алды, кейін киімін тазартты да, ақиқат куәлігін айтты. Содан соң екі рәкағат намаз оқыды. Кейін найзасын алып, Усәйд ибн Худәйрмен бірге өз адамдарының жиынына қарай беттеді. Адамдар оны сол жерде күтіп отырған еді. Сәғдты көргенде, олар: «*Аллаһпен ант етеміз, Сәғдтың жүзі кеткендегідей емес*», — деді. Сағд олардың алдына келіп: «*Уа, Бану Абдул-әшхәл! Мені араларыңда қандай адам деп білесіңдер?*», — деп сұрады. Олар: «*Сен біздің басшымыз-*

сың. Арамызда пікір, даналық және мінез жағынан ең жақсы адамсың», — деп жауап берді. Сонда Сәғд: «*Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтіргендеріңе дейін ерлеріңмен де, әйелдеріңмен де сөйлеспеймін!*», — деді. Оқиғаны жеткізген екі сахаба: «*Аллаһпен ант етеміз, сол күні кеш батқанда Бану Абдул-әшхәлдің қонысында Исламды қабылдамаған бірде-бір ер де, әйел де қалмады*», — деген. Әсғәд пен Мусғәб ибн Ғумәйр Әсғәд ибн Зурараның үйіне оралып, Мәдинада адамдарды Исламға шақыруды жалғастырды. Ақырында ансарлардың қоныстарының бәрінде Исламды қабылдаған ерлер мен әйелдер болды. Бұдан тек Бану Умәйя ибн Зәйдтің үйі ғана тыс қалды»[1].

Аллаһтың құлдары! Міне, бұл — Исламға шақырған жас жігіт Мусғәб ибн Ғумәйр (Аллаһ оған разы болсын). Аллаһтың Елшісі ﷺ оны Ислам Мәдина тұрғындарының жүрегіне жетіп, шаңырақтарына орныққсын деп таңдады. Ол бұл маңызды істі неткен табыспен атқарды! Оның берекелі шақыруының нәтижесі бір жылдың ішінде-ақ көрінді. Ибн Исхақ атаған қоныстарды есептемегенде, Ислам кірмеген бірде-бір шаңырақ қалмады. Кей шаңырақтағы адамдардың бір бөлігі, басқа біріндегі адамдардың барлығы иман келтірді. Бұл жалпы сахабалардың артықшылығын және Аллаһ Тағалаға қалай шақыруды білген осы берекелі шақырушының артықшылығын көрсетеді.

Бұл оқиға Әсғәд ибн Зурараның да артықшылығын, оның қандай тамаша жәрдемші әрі кеңесші болғанын көрсетеді. Оның Мусғәбқа айтқан сөздерің тыңдаңыздар. Ол: «*Бұл — өз тайпасының басшысы. Ол саған өзі келіп тұр. Оған Исламды жеткізуде Аллаһтың алдында шынайы бол*», — деді.

Мусғәбтің шынайылығы мен берекелі еңбегінің өтеуі ретінде оның шақыруымен екі кісі иман келтірді. Кейін екеуі де өз тайпаларының Исламды қабылдауына себеп болды. Олардың бірі — Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын). Ол қайтыс болғанда, Аса Мейірімді Аллаһтың Аршысы сілкінді. Екіншісі — Усәйд ибн Худәйр. Оның Құран оқуын тыңдау үшін періштелер түскен еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған: «***Оқуыңды жалғастырғаныңда, таңертең адамдар оларды көрер еді. Олар адамдардан жасырынбас еді!***», — деген (Муслим, 796).

Мұның барлығы Мусғәб пен Әсғәд ибн Зурараның амал таразысына қойылады. Аллаһ Тағала олардың екеуіне де разы болсын. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болғаныңнан да жақсырақ***», — деген (әл-Бухари, 2783).

---

1 «Әр-Рауд әл-унф мәғә сират Ибн Хишәм», (2/186–187).

Екіншісі: Оның (Аллаһ оған разы болсын) достық пен қатыссыздық мәселесіндегі ұстанымы

Аллаһтың құлдары! Ибн Исхақ былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ тұтқындарды алып келіп, сахабаларына бөліп бергенде: «**Оларға жақсы қараңдар**», — деді*»[1].

Тұтқындардың арасында Абу Ғәзиз ибн Ғумәйр ибн Хәшим де болды. Ол Мусғәб ибн Ғумәйрмен бір әке, бір анадан туған еді. Абу Ғәзиз былай деген: «*Ансарлардың бірі мені тұтқындап жатқанда, қасымнан бауырым Мусғәб ибн Ғумәйр өтті. Ол ансарға: «Оны мықтап ұста. Оның анасы дәулетті әйел. Бәлкім, саған құн төлеп, оны босатып алар!», — деді*».

Сондай-ақ ол былай деген: «*Мені Бадрдан алып келе жатқанда, бір топ ансардың арасында болдым. Олар түскі не кешкі асқа отырғанда, маған нан беріп, өздері құрма жейтін. Олар Пайғамбардың ﷺ тұтқындарға жақсы қарау туралы өсиетін осылай орындады. Біреуінің қолына бір үзім нан түссе, дереу орнынан тұрып, оны маған беретін. Мен қысылып, нанды олардың біріне қайтарып беретінмін. Ал ол нанға қол да тигізбестен, оны қайтадан маған ұсынатын*».

Ибн Хишәм былай деген: «*Абу Ғәзиз Бадр шайқасында Нәдр ибн әл-Хәристен кейін мүшриктердің туын ұстаған еді. Бауыры Мусғәб оны тұтқындаған Абул-Юсрға осы сөздерді айтқанда, Абу Ғәзиз: «Бауырым! Мен туралы берер кеңесің осы ма?», — деді. Мусғәб Абул-Юсрды меңзеп: «Ол маған сенен де жақын бауыр», — деп жауап берді. Оның анасы құрайыштық тұтқын үшін төленген ең үлкен құнның қанша екенін сұрады. Оған: «Төрт мың дирхам», — деді. Сонда ол төрт мың дирхам жіберіп, ұлын босатып алды*»[2].

Аллаһтың құлдары! Мусғәбтің (Аллаһ оған разы болсын): «*Ол маған сенен де жақын бауыр*», — деген сөзі — нағыз ақиқат. Расында, иманға негізделген бауырластық туыстық бауырластықтан жоғары. Дін арқылы орнаған байланыс туыстық байланыстан жоғары тұрады.

Үшіншісі. Ухуд шайқасындағы батылдығы және Аллаһтың оны шәһидтікпен құрметтеуі

Аллаһтың құлдары! Ухуд шайқасында Мусғәб ибн Ғумәйр (Аллаһ оған разы болсын) қаза тапқанша Аллаһтың Елшісінің ﷺ қасында оны қорғап шайқасты. Ибн Қомиә әл-Ләйси оны Аллаһтың Елшісі ﷺ деп ой-

---

1 «Мәжмәғ әз-зәуәид», (6/86); «әл-Муғжәм әс-сағыр» әт-Тәбәрани, (1/250); «әл-Муғжәм әл-кәбир» әт-Тәбәрани, (22/393).

2 «Сирәт ибн Хишәм мәғә әр-рауд әл-унф», (3/54).

лап, өлтірді. Содан кейін ол құрайыштықтарға оралып: «Мен Мухаммадты өлтірдім», — деді. Мусғәб қаза тапқан соң, Аллаһтың Елшісі ﷺ туды Али ибн Абу Талибке (Аллаһ оған разы болсын) тапсырды[1].

Аллаһтың құлдары! Мусғәб ибн Ғумәйрдің (Аллаһ оған разы болсын) өміріндегі осы айтулы оқиғалардан бірнеше сабақ аламыз.

Біріншіден. Аллаһқа шақырудың маңызы

Аллаһтың құлдары! Мусғәб ибн Ғумәйр Мәдинада бар ісін адамдарды Аллаһқа шақыруға арнады. Тіпті бақ ішінде отырғанда да осы іспен айналысты. Құран мен Сүннетте Аллаһқа шақырудың артықшылығын көрсететін дәлелдер бар.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَنْ أَحْسَنُ قَوْلًا مِّمَّن دَعَآ إِلَى ٱللَّهِ وَعَمِلَ صَٰلِحًا وَقَالَ إِنَّنِى مِنَ ٱلْمُسْلِمِينَ ﴿٣٣﴾﴾

«**Аллаһқа шақырып, ізгі амал істеп, «Расында, мен мұсылмандардың бірімін», — деген адамның сөзінен кімнің сөзі көркем?**» («Фуссыләт» сүресі, 33-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болғаныңнан да жақсырақ***», — деген.

Екіншіден. Шынайы ықылас Аллаһқа шақыру ісінің жемісті болуына себеп болады

Усәйд ибн Худәйрдің келе жатқанын көргенде, Әсғәд ибн Зурара (Аллаһ оған разы болсын) Мусғәб ибн Ғумәйрға: «*Бұл — өз тайпасының басшысы. Ол саған өзі келіп тұр. Оған Исламды жеткізуде Аллаһ алдында шынайы бол*», — деген еді.

Мусғәб Аллаһқа шақыруда шынайы болғандықтан, Усәйд (Аллаһ оған разы болсын) иман келтірді.

Үшіншіден. Даналық пен жұмсақтық шақыру ісінің нәтижелі болуына себеп болады.

Мұны Мусғәбтің Усәйд ибн Худәйр мен Сәғд ибн Муғәзға айтқан сөзінен байқаймыз. Мусғәб оларға: «*Отырып, тыңдап көрмейсің бе? Естігенің көңіліңе қонса, қабыл аларсың. Ұнамаса, сені мазаламаймыз*», — деді.

Төртіншіден. Білім алуға ынталандыру

Аллаһ Тағала былай деген

[1] «Сияр әғләм ән-нубәлә», (1/148).

﴿قُلْ هَٰذِهِۦ سَبِيلِىٓ أَدْعُوٓا۟ إِلَى ٱللَّهِ ۚ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا۠ وَمَنِ ٱتَّبَعَنِى ۖ وَسُبْحَٰنَ ٱللَّهِ وَمَآ أَنَا۠ مِنَ ٱلْمُشْرِكِينَ ﴿١٠٨﴾﴾

«**Менің жолым осы. Аллаһ жаққа шақырамын. Мен және маған ергендер, ашық дәлел үстінде. Аллаһты пәктеймін. Сондай-ақ серік қосушылардан емеспін», — деп айт**» («Юсуф» сүресі, 108-аят).

Уа, Аллаһ! Бізге ақиқатты ақиқат күйінде көрсетіп, оған еруді нәсіп ете гөр. Сондай-ақ бізге адасуды адасу күйінде көрсетіп, одан аулақ болуды нәсіп ете гөр!

МАЗМҰНЫ

Автордың кіріспесі.....3
Сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) қадір-қасиеті.....7
1. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын).....28
2. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) 45
3. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) 57
4. Абу Бакр әс-Сыддық (Аллаһ оған разы болсын) 73
1. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) 86
2. Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) 98
Усман ибн Ғәффән (Аллаһ оған разы болсын).....138
Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын).....168
Абдуррахман ибн Ғәуф (Аллаһ оған разы болсын).....203
Сәғд ибн Абу Уәққас (Аллаһ оған разы болсын).....210
Абу Убәйда ибн әл-Жәррах (Аллаһ оған разы болсын) 219
Зубәйр ибн әл-Ғәууәм (Аллаһ оған разы болсын).....228
Тәлха ибн Убәйдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) 236
Сәғид ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) 244
Хамза ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын) 251
Аббас ибн Абдулмутталиб (Аллаһ оған разы болсын).....259
АбдуЛлаһ ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) ..268

Биләл ибн Рабах (Аллаһ оған разы болсын) 279
Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) 285
Муғәуия ибн Абу Суфиян (Аллаһ оған разы болсын) 293
Абдуллаһ ибн Мәсғуд (Аллаһ оған разы болсын) 303
Жәғфар ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) 324
Хузәйфа ибн әл-Яман (Аллаһ оған разы болсын) 335
Муғәз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) 355
Абу Дарда (Аллаһ оған разы болсын) 375
Сәғд ибн Муғәз (Аллаһ оған разы болсын) 383
Сәғд ибн Ғубәдә (Аллаһ оған разы болсын) 392
Жәбир ибн АбдуЛлаһ (Аллаһ оған разы болсын) 400
Абу Талхә әл-Әнсари (Аллаһ оған разы болсын) 411
Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) 420
Убәй ибн Кәғб (Аллаһ оған разы болсын) 432
Кәғб ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) 442
Абдуллаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын) 453
Ғәммар ибн Ясир (Аллаһ оған разы болсын) 461
Абу Зарр әл-Ғифәри (Аллаһ оған разы болсын) 469
Мухаммад ибн Мәсләмә (Аллаһ оған разы болсын) 478
Хубәйб ибн Ғәди (Аллаһ оған разы болсын) 487
Зәйд ибн Хәриса (Аллаһ оған разы болсын) 495
Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) 504
Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) 513
Абдуллаһ ибн Рәуәха (Аллаһ оған разы болсын) 524
Сәлмән әл-Фәриси (Аллаһ оған разы болсын) 534
Әмр ибн әл-Ғәс (Аллаһ оған разы болсын) 544
Халид ибн Уәлид (Аллаһ оған разы болсын) 552
Мусғәб ибн Ғумәйр (Аллаһ оған разы болсын) 559



رجال صدقوا ما عاهدوا الله عليه

حبهم دين و إيمان و إحسان وبغضهم كفر ونفاق وطغيان

تمت الترجمة باللغة القازاقية بإشراف

د. هيثم سرحان

(غفر الله له)



http://www.alsarhaan.com